

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ


**ТАҢДАМАЛЫ
СӨЗДЕР**

VI

2010-2011

Н. Ә. НАЗАРБАЕВ

ТАҢДАМАЛЫ СӨЗДЕР



Н. Ә. НАЗАРБАЕВ

**ТАҢДАМАЛЫ
СӨЗДЕР**

**VI том
2010–2011**

Астана – 2014

УДК 342.61
ББК 67.400.6
Н 17

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша жарық көрді

Н 17 Назарбаев Н. Ә.

Таңдамалы сөздер.

– Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2014.

ISBN 978–601–277–183–1

Т. VI. – 2010–2011 жж. – 636 б.

ISBN 978–601–277–194–7

Көп томдық «Н. Ә. Назарбаев. Таңдамалы сөздер» басылымының алтыншы томына Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2010–2011 жылдардағы жұртшылық алдында сөйлеген өзекті сөздері енгізіліп отыр.

Бұл кезең Қазақстан қоғамы үшін тәуелсіздіктің 20 жылдығы аясында өтгі және еліміздің жүрген жолын пайымдау, өзіміздің жетістіктеріміз бен мүмкіндіктерімізді саликалы сарапқа салу, ағымдағы ахуалды талдау және одан әрі даму бағыттарын айқындау уақыты болды.

УДК 342.61
ББК 67.400.6

ISBN 978–601–277–194–7 (Т. VI)
ISBN 978–601–277–183–1

© Назарбаев Н. Ә., 2014
© «Сарыарқа» баспасы, 2014

БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ 20 ЖЫЛЫ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Тандамалы сөздерінің» алтыншы томының мазмұнын құраған 2010–2011 жылдар Қазақстан үшін тәуелсіздіктің 20 жылдығының аясында өтті және ішкі саяси өмірде де, сондай-ақ сыртқы саяси өмірде де көптеген ірі оқиғаларға толы болды.

Қазақстан қоғамы үшін бұл кезең жүріп өткен жолды ой елегіне салудың, елдің жетістіктері мен мүмкіндіктерін саралап сараптаудың, қазіргі ахуалды талдау мен одан әрі даму бағыттарын айқындаудың кезеңіне айналды.

* * *

Сыртқы саясат өрісінде Қазақстанның тәуелсіздіктің 20 жылы ішіндегі табыстарын тамаша танытқан жарқын оқиға біздің еліміздің Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі болды.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы атқаратын миссиясын қалай пайымдайтынын Президент

Н. Ә. Назарбаев 2010 жылғы 14 қаңтарда Қазақстанның осы ұйымның төрағалығына кірісуіне байланысты өткен ЕҚЫҰ Тұрақты кеңесінің мәжілісіне қатысушыларға арналған бейнеүндеуінде баяндап берді.

«Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымындағы төрағалықтың мәртебелі миссиясын Қазақстан аса зор жауапкершілік сезімімен қабылдайды. Біздің еліміз төрағалықты қазіргі заман тарихының аса бір күрделі кезеңінде қолына алып отыр.

Дүниежүзілік қаржы-экономикалық дағдарыстың салдарынан әлемнің жаһандық құрылымында тектоникалық өзгерістер орын алуда, бұл үдеріс әлі де аяғына жеткен жоқ. Жаппай қырып-жою қаруын таратпау режимінің дағдаруы, терроризм, гуманитарлық және экологиялық апаттар, аштық, кедейшілік, түрлі індеттер, энергетика ресурстарының азаюы, ұлтаралық және дінаралық қақтығыстар – міне, бүгінгі адамзат өркениеті душар болып отырған осындай қатерлердің тізімін одан әрі жалғастыра беруге болады. Бұлармен күрес жүргізу ЕҚЫҰ сияқты қызмет аясы көпқырлы және беделді институттардың бар күш-жігерін жұмсауын қажет етеді.

...ЕҚЫҰ болашағын айқындайтын мәселе мынадай: ұйым ХХІ ғасыр әлемінің саналуандығын мойындайтын құрылым ретінде бой көрсете ала ма, әлде «Венадан шығысқа қарай» кеңістіктен

дәстүрлі Батыс дараланып тұратын, блоктарға жіктелген ұйым болып қала бере ме?» – деп мәлімдеді Н. Ә. Назарбаев.

Бұл орайда Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының ахуалы мен келешектілігіне байланысты алаңдаушылығын Қазақстан басшысы бұдан әлдеқайда ертерек айтқандығын еске салған артық болмайды. Мысалы, ЕҚЫҰ-ның «Мәдениетаралық, дінаралық және этносаралық түсіністік» тақырыбымен Алматыда 2006 жылдың маусымында өткен кеңесінде Елбасымыз Қазақстан ЕҚЫҰ-ның белсенді қатысушысы ретінде күрделі кезеңді бастан өткеріп жатқан Ұйымның болашағы үшін жоғары жауапкершілік сезінетінін атап айтқан еді. Осыған байланысты Президент ЕҚЫҰ-ның ұйымдық құрылымы мен қызметінің мазмұнын, жаңа тәуелсіз мемлекеттердің мүдделерін ескере отырып, оны барлық қатысушы елдердің мүдделеріне сай келетіндей етіп түзетуге шақырған болатын.

Ұйымның қызметінде қордаланып қалған елеулі проблемаларды, сондай-ақ ЕҚЫҰ-ның қатысушы елдері жоғары деңгейде 1999 жылы Ыстамбұл қаласында 1999 жылғы соңғы саммиттен бері 11 жылдан астам уақыт өткелі бірге бас қоспағанын ойға ала келіп, Қазақстан ЕҚЫҰ төрағалығы лауазымына кірісе салысымен ең алдыңғы қатардағы міндеттердің бірі ретінде ЕҚЫҰ саммитін өткізу мәселесін шешуді мақсат етіп қойды. Бұл жөнінде «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық

өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында 2010 жылғы 29 қаңтарда Президент: «Мен саммитте ЕҚЫҰ-ның жауапкершілігі аймағында қауіпсіздіктің көкейкесті проблемаларын, Ауғанстандағы жағдайды және төзімділік мәселелерін талқылауды ұсындым. Біздің ЕҚЫҰ-дағы төрағалығымыз бүкіл әлем халықтарының қауіпсіздігін дамыту мен өркендетуге бағытталатын болады», деп мәлімдеді.

2010 жылдың 1–2 желтоқсанында өткен ЕҚЫҰ-ның Астана саммиті 56 қатысушы мемлекеттен және БҰҰ, НАТО, ТМД және басқаларын қосқанда ұйымның 12 әріптес-мемлекетінен 2,5 мыңнан астам делегаттардың басын қосты. Оның жұмысын көрсетуге әлемдік БАҚ-тардың 1,5 мыңнан астам өкілдері келді.

Н. Ә. Назарбаевтың саммит жұмысына салған беттен бейресми, мүдделі және іскерлік ауан бере білуі осындай іс-шараларда жиі кездесетін жалаңдық пен нәтижесіз найзаласудан бас тартуға, сөйтіп әңгімені нақты мәселелерді талқылау мен оларды шешудің нақты жолдарын іздеудің сындарлы арнасына бұруға мүмкіндік ашты. Бұл орайда Балқан түбегіндегі, Днестр маңы мен Кавказдағы сияқты созылмалы даулардың төңірегіндегі ахуалды қарастыру кезінде Президент «шағын істер» тактикасы мен мәселенің түйінін бірден шешіп тастауға ұмтылудан бас тартуды ұстанды, өйткені мұның бәрі нәтижеге сөреде емес, мәреде

ғана жетуге мүмкіндік беретін ұзақ әрі көп тер төгетін үдеріс екенін жақсы түсінді.

Қорытынды құжатты келісу барысында қызба-қызу түрде басталып кеткен пікірталас Қазақстан басшысы үшін күтпеген жай болған жоқ. Бір-біріне атымен кереғар ұстанымдардың арасынан кемесін жартастарға соқтырмай алып өтетін тәжірибелі теңізшідей қимылдап, таласқа шыққандарды дер кезінде сабасына түсіре біліп, Н. Ә. Назарбаев Астана декларациясынан өз көрінісін тапқан бәтуаға қол жеткізе алды.

Саммиттің негізгі қорытындыларын және Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы төрағалығын тұтастай бағалай келгенде, олардың мәнін былайша түйіндеуге болады.

Бәрінен бұрын біздің еліміздің Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалығы Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы табыстарын тануды көрнекі түрде көрсетіп шыққан және елдің халықаралық беделін анағұрлым арттырған ірі дипломатиялық жеңіс болғанын атап айту керек.

Қазақстанның ЕҚЫҰ төрағасы лауазымындағы қызметінің басты нәтижесі – біздің елімізге осы ұйымның дамуына жаңаша серпін қоса алғандығы. Еуропа мен Солтүстік Американың барлық елдерін қамтитын, қауіпсіздік жөніндегі жалғыз құрылым болып табылатын ЕҚЫҰ ендігі жерде Шығыс пен Батыс мемлекеттері арасындағы басты

ұнқатысу алаңына айналуға нақты мүмкіндікке қол жеткізді. Халықаралық саяси сөздік қорына «Астана рухы» деген ұғым сенімді түрде енді, ол ұғым өзара сенім, келісім, тағаттылық және әртүрлілік бірлігі қағидаттарына негізделген әлемдік тәртіпке жаппай ұмтылудың жаңа символына айналды.

Н. Ә. Назарбаевтың өзі Астана саммитін Қазақстанның сыртқы саясатының салтанаты және Қазақстан жолының табыстылығын жаһандық мойындаудың белгісі деп сипаттады.

Сонымен қатар, мемлекет басшысы Қазақстанның басқа да іргелі мемлекетаралық құрылымдардың қызметіне қатысуына назарын әлсіреткен жоқ.

2010–2011 жылдарда Қазақстан халықаралық аренадағы өзінің тұғырларын нығайту жөнінде күш-жігер жұмсауын жалғастыра отырып, Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) және Ислам конференциясы ұйымы (ИКҰ) сияқты беделді халықаралық ұйымдарды басқарды, мұның өзі Қазақстанның өңірлік және жаһандық ауқымдағы рөлін арттыруға, ынтымақтастықты көпжақты пішімде кеңейтуге мүмкіндік берді.

Қазақстанның ШЫҰ-дағы төрағалығының негізгі қорытындыларын Н. Ә. Назарбаев 2011 жылы 15 маусымда Қазақстанның елордасында Ұйымның 10 жылдығына арнап өткізілген ШЫҰ Мемлекет басшылары кеңесінің мерейтойлық отырысында шығарды. ШЫҰ-ны одан әрі дамытудың

басымдықтары жайында айта келіп, Қазақстан Президенті «игілікті бес іс» идеясын ұсынды, олардың қатарында Аумақтық және өңірлік дауларды реттеу жөніндегі кеңес құру, Су-азық-түлік комитетін тағайындау, басқа да істер бар.

ИКҰ төрағасы лауазымында қазақстандық тарап ислам әлемі елдерін жаңғыртуға қатысты бірқатар бастамалар көтерді. Ең алдымен бұлар – Умманың экономикасы белді 10 елінің үнқатысу алаңын, Халықаралық инновациялық орталықты, Ислам даму банкінің жанынан Шағын және орта бизнес қорын, сондай-ақ штаб-пәтері Қазақстанда орналасатындай етіп Ұйымға мүше елдердің өңірлік қоры мен азық-түлік пулын құру жөніндегі бастамалар. Бұл ұсыныстарын мемлекет басшысы VII Дүниежүзілік ислам экономикалық форумының және 2011 жылдың маусымында Астана қаласында ұйымдастырылған ИКҰ Сыртқы істер министрлері кеңесінің 38-ші сессиясында жария етті.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің одан әрі институттандырылуы да Қазақстанның белсенді қатысуымен жүзеге асты. АӨСШК-нің тарихында тұңғыш рет 2010 жылдың маусымында болған III саммиті Қазақстаннан тыс жерде – Түркияда өткізілді. Оған қоса, Ұйымның қатары Вьетнам және Ирак сияқты жаңа мүшелермен толықты, Бангладеш байқаушы ел ретінде қосылды.

Қазақстан ядролық қауіпсіздік мәселелерінде де дәстүрлі түрде белсенді рөл атқарумен болды.

Қазақстан басшысының Вашингтондағы Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммитте, ядролық энергияны қауіпсіз және инновациялықпен пайдалану мәселелері бойынша Киевтегі саммитте, Нью-Йоркте БҰҰ Бас Ассамблеясының 66-шы сессиясының аясында ядролық қауіпсіздік жөніндегі жоғары деңгейдегі кездесуде, Астанадағы «Ядролық қарусыз әлем үшін» халықаралық форумында сөйлеген сөздерінде әлемдік қоғамдастық тарапынан жоғары бағаға ие болған ұсыныстардың тұтас қатары жасалды. Олардың арасында Ядролық қаруды баршаға ортақ тікелей және көлбеу таратпау жөнінде жаңа шарт дайындау, ядролық қарусыз аймақтардың құқықтық мәртебесін реттеу, Таяу Шығыста ядролық қарусыз аймақ құру, Ядролық отынның халықаралық банкі мен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі оқу орталығын құру бар.

Бұл ыңғайдан алып қарағанда БҰҰ бас хатшысы Пан Ги Мунның 2010 жылдың сәуірінде Қазақстанға жасаған тұңғыш ресми сапарының мәні ерекше болды. Бұрынғы Семей ядролық полигонының орнына барып қайтқан БҰҰ басшысы Қазақстанға Орталық Азияда ядролық қарудан ада аймақ құру жөніндегі шарт бойынша кепілдіктер беруді жақтады және сондай аймақты Таяу Шығыста құру жұмысын жандандыруды ұсынды.

Осылайша, Қазақстан ядролық қарусыздану және таратпаудың жаһандық үдерісінде көш-басшы мемлекет ретіндегі орнын бекіте түсті.

2010–2011 жылдар аралығында ТМД кеңістігіндегі ықпалдастық үдерістері қағидатты түрде жаңа деңгейге көтерілді. Бұл істе Қазақстанның, Ресей мен Беларусьтің Кедендік одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістігін құру басым бағыт күйінде қала берді.

2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап бірыңғай кеден тарифі, ал 1 шілдеден бірыңғай кеден кодексі іске қосылғаны белгілі. Осы үдерістерді жалғастыра отырып, 2011 жылдың желтоқсанында үш елдің президенттері Бірыңғай экономикалық кеңістік қалыптастыру және оның қызметін 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастау жөніндегі декларацияға қол қойды.

Бұл шешімдер Н. Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың 10 жылдық мерейтойы аясында бөлекше мәнге ие болды.

* * *

2008–2009 жылдардағы әлемдік экономикалық дағдарыстың салдарларын табысты еңсере отырып, Қазақстан одан кейінгі 2 жылдың ішінде, әлемдік экономикадағы дағдарыстық құбылыстардың сақталып тұрғанына қарамастан, рецессияны

еңсере білді және іс жүзінде экономиканың барлық дерлік салаларында оңды қарқынға ауысты.

«Біздің экономикамыз дағдарыстан шығынсыз шығып келеді. Біз жұмыссыздықты азайттық, инфляцияны төмендеттік, тұрғындарымыз үшін өте қажетті «Жол картасын» жүзеге асыру бойынша қыруар жұмыс атқардық. Жаңа басталған 2010 жылы бізді күрделілігі қазіргіден кем түспейтін мәселелер күтіп тұр. Бұл жыл Қазақстанның қарышты дамудың орнықты траекториясына шығу жылы болуға тиіс», – деді Президент Үкіметтің қаңтар айында өткен мәжілісінде.

Дағдарыстан кейінгі даму жағдайындағы іс-қимылдың барынша нақпа-нақ ырғағы мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Қазақстан – 2030» стратегиясы аясында дайындалған Қазақстанның 2020 жылға дейінгі дамуының Стратегиялық жоспарында бейнеленді.

Стратегиялық жоспардың негізгі қағидаларын Президент 2010 жылдың 29 қаңтарында Парламентте «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында жария етті.

Жолдауда Н. Ә. Назарбаев таяу онжылдықтағы орнықты және теңгерімді даму жеделдетілген әртараптандырудың, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың есебінен болатынын, бұл үшін ел экономикасын дағдарыстан

кейінгі дамуға дайындау, үдемелі индустрияландыру мен инфрақұрылымды дамыту есебінен экономиканың орнықты өсуін қамтамасыз ету, адам капиталының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатымен болашаққа белсенді инвестиция салу, қазақстандықтарды сапалы әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету, этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайту, ұлттық қауіпсіздікті күшейту, халықаралық қатынастарды одан әрі дамыту сияқты міндеттерді шешу қажет екендігін қадап көрсетті.

Стратегиялық даму жоспарын жүзеге асыру мақсатында Үкімет Үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын дайындап, бекітті. Басым бағыттар ретінде экономиканың 12 саласы айқындалды: металлургия, мұнай өңдеу және химия өнеркәсібі, аграрлық-өнеркәсіптік кешен, машина құрылысы, құрылыс индустриясы, көлік және телекоммуникация инфрақұрылымы және басқалар айқындалды. Бағдарламаны екі 5 жылдық жоспарлар аясында екі кезеңде жүзеге асыру белгіленген.

Одан кейін, Индустрияландырудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың жайын ұдайы бақылауда ұстай отырып, Президент Үкіметтің есебін тұрақты негізде тыңдап тұрды, сондай-ақ бағдарламаның мақсаттарын орындау-

ға шетел инвестицияларын тарту үшін әртүрлі форумдарға, оның ішінде «Қазақстан: дағдарыстан кейінгі жаңғырту кезеңіндегі инвестициялық мүмкіндіктер» тақырыбындағы IV қазақстандық инвестициялық саммитке, минералдық ресурстар мен металлургия жөніндегі I қазақстандық халықаралық конгреске, III Астана экономикалық форумына, Президент жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің XXIII мәжілісіне қатысты.

2011 жылғы 28 қаңтарда жария етілген «Болашақтың іргесін бірге қалайық!» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауында мемлекет басшысы экономиканың үдемелі индустрияландыру бағдарламасын дамыта келіп, жеделдетілген әлеуметтік жаңғырту идеясын ұсынды.

Орнықты әлеуметтік дамудың негізі және инновациялардың басты қозғаушы күші адам капиталы болып табылатынын барынша айқын пайымдай отырып, Президент білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, адамдардың жұмыспен қамтылуы салаларын сапалы дамытудың, тұрғындарды таза ауыз сумен қамтамасыз етудің міндеттерін алға қойды.

«2010 жылдың қаңтарында ел халқына Жолдауымда мен Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын жария еттім. Қазірдің өзінде оны жүзеге асырудың алғашқы жылының нақты

қорытындылары бар. Бұл экономиканың нақтылы секторының есебінен экономикалық өсуде елеулі құрылымдық өзгерістердің басталуы.

...Біз өзіміздің индустрияландыру және экономиканы технологиялық тұрғыдан дамыту жөніндегі жоспарларымызды нақпа-нақ айқындап алдық. Біздің бағдарламаларымыздың басты мақсаты – халықтың әл-ауқатын нығайту. Сондықтан да мен биылғы Жолдауда біздің азаматтарымыздың өмір сапасын жақсартуға бағытталған әлеуметтік жаңғырту мәселелеріне ерекше назар аударып тұрмын», – деп мәлімдеді өз Жолдауында Н. Ә. Назарбаев.

Бұл ыңғайда Қазақстан астанасында жоғары оқу орындарының жаңа буынының – Назарбаев университеті ашылуының нышандық мәні бөлекше болды. Оның басқа отандық ЖОО-лардан қағидатты айырмашылығы бастан-аяқ жоғары білім берудің батыстық стандарттары бойынша ұйымдастырылғандығы. Егер бұдан бұрын біздің талантты жастарымыз халықаралық деңгейдегі білімді тек шетелден ғана алып келген болса, мұнан былай ондай білімге енді Қазақстанда да қол жетеді. Өзінің «Ғылым мен білімнің инновациялық индустриясы – Қазақстанның ХХІ ғасырдағы стратегиялық ресурсы» деп аталған дәрісін мемлекет басшысы тап осы Назарбаев университетінде оқуы тіпті де кездейсоқтық емес.

Тұтастай алғанда Қазақстан өз тәуелсіздігінің 20 жылдығына қомақты әлеуметтік-экономика-

лық көрсеткіштермен келді. Мұның өзі дұрыс таңдалған стратегияның және оны жүзеге асырудың жүйелі іс-шараларының тікелей нәтижесі болып табылды.

* * *

Реті солай келіп, 2010–2011 жылдардағы ішкі саяси оқиғалар Қазақстан қоғамына демократия қағидағтарына адалдықтың елеулі емтиханына айналды.

2010 жылдың желтоқсанында Өскеменде өткен Қазақстан жұртшылығының республикалық форумының нәтижесі бойынша елдің көрнекті қоғам қайраткерлерінің үлкен тобы Тұңғыш Президенттің өкілеттілігін 2020 жылға дейін ұзарту жөнінде референдум ұйымдастырған орынды болады деген бастама көтерді. Ұсыныстың мәні халықаралық беделі биік, тәжірибелі де көреген мемлекет басшысы тұрған кезде жаңадан президенттік сайлау өткізіп, сыртқы түршілдікке салынудың жөні жоқ, оның орнына, кезекті сайлауды күтіп жатпай-ақ, Тұңғыш Президенттің өкілеттілігін барынша қысқа да прагматикалық жолмен референдум арқылы ұзарту керек дегенге саятын.

Бұл идея қазақстандықтар тарапынан кеңінен қолдауға ие болды. Бір айдың ішінде оны жақтап 5 млн-нан астам азамат қол қойды, мұның өзі ел сайлаушыларының жартысынан астамы еді. Біраз уақыттан кейін ұсынысты Парламент қолдады,

сөйтіп оны Конституцияға референдум өткізу мәселелері жөнінде түзетулер мен толықтырулар енгізу туралы заңнамалық бастама түрінде ресімдеді.

Алайда қалыптасқан осы жағдайда Президент өзінің жарлығымен депутаттардың заңнамалық бастамасын қабылдамай тастады. Парламент бәрібір заңды қабылдаған кезде Н. Ә. Назарбаев Конституциялық кеңеске жүгінді, ол заңнамалық норманы Негізгі заңға сәйкес келмейді деп таныды.

Конституциялық кеңестің қорытындысын алған соң мемлекет басшысы Қазақстан халқына үндеу арнады, онда референдум туралы бастамаға қолдау білдірген барша қазақстандықтарға өзінің терең алғыс сезімін білдіре келіп, сонымен бірге өзі Президент және Конституция кепілі ретінде саясаткерлердің келер буындарына теріс бағдар беретін орын аларлық оқиға жасай алмайтынын және жасағысы келмейтінін түсіндірді: «Біз бұл жайтты жай «қабылдау немесе бас тарту» ретінде емес, өмірдің өзі ұсынған демократияның тарихи тағылымы деп ұғынғанмыз жөн. Бұл – Елбасы мен халықтың Ата заңға адалдығын бағамдататын тағылым».

Н. Ә. Назарбаев осы қағидаттық негізде, өзінің өкілеттілігі 2 жылға азайтылатынына қарамастан, мерзімінен ерте президенттік сайлау өткізуді ұсынды. Осы арқылы мемлекет бас-

шысы Қазақстан халқының тәуелсіздіктің таңсәрі шағында қабылдаған таңдауына – дамудың демократиялық жолына, өзінің тағдырын өзі шешу мен еркін білдіру бостандығына деген адалдығын танытты.

Бұл орайда Н. Ә. Назарбаевтың өз ұстанымын дәл осылайша берік әрі кесімді түрде танытқан тағы бір жағдайын еске түсіруге болады. Әңгіме 2010 жылдың көктемінде парламентшілердің Қазақстанның Тұңғыш Президентіне Елбасы мәртебесін беру туралы бастама көтергені жайында болып отыр.

Осыған орай мемлекет басшысы баспасөз бетінде Қазақстан азаматтарына, ел Парламентіне, «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының Саяси кеңесіне Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы заңнамаға түзетулер мен толықтырулар енгізу туралы заңдарға қол қоймауға байланысты үндеу арнады.

«Баршаңыз білесіздер, менің алдыма Тұңғыш Президент – Елбасы туралы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы еліміздің Парламенті қабылдаған заңдар келіп түсті.

Ең әуелі, маған заңды тұрғыдан Елбасы деген ресми мәртебе белгілегені үшін депутаттарға зор алғыс айтамын. Осы мәртебені қабылдау туралы тілек айтып, 10 мыңдаған хат жолдаған отандастарыма – көп ұлтты Қазақстанның азаматтарына шын жүректен ризашылық білдіремін.

Бұл ыстық ықыласты маған деген қалтқысыз

сенімнің көрінісі деп бағалаймын. Мұны тарих үшін тым қысқа уақыт аралығында, тәуелсіздік жылдарында мүмкін еместі жүзеге асырған – мызғымас шекарасы халықаралық деңгейде мойындалған, байтақ Астанасы көкпен таласып бой көтерген, күйреген әкімшілік жүйені өзгертіп, өтпелі кезеңде күйзелістен аман шыққан, әлемдік тәжірибеге сүйене отырып нарықтық экономиканың өзіндік қазақстандық үлгісін қалыптастырған еліміздің ерен еңбегінің еленуі деп білемін...

Тәуелсіздік жылдары біз сіздермен бірге өркеніетті әлемнің өлшемі мен дәстүрлеріне сәйкес еркін, зайырлы, құқықтық мемлекет құрудамыз. Біз осы жолда қол жеткізген табыстарымыз арқылы жетекші халықаралық ұйымдар мен интеграциялық құрылымдардың зор құрметіне ие болдық.

Жоғарыда айтылған жағдайларға байланысты, құрметті Сенат және Мәжіліс депутаттары, маған жіберілген заңдарға қол қоюдан бас тарту жөніндегі ұстанымымды дұрыс түсінулеріңізді өтінемін», – делінген үндеу мәтінінде.

Алайда, осындайлық кесімді қарсылық көрсетілгеніне қарамастан, өз дегеніне табан тіреп тұрып алған және өз өкілеттілігін пайдалана білген Парламент Н. Ә. Назарбаевқа Елбасы мәртебесін беру жөнінде бірауыздан шешім қабылдады.

Сөйтіп жүргенде 2011 жылғы 11 ақпанда Н. Ә. Назарбаевтың төрағалық етуімен «Нұр

Отан» Халықтық-демократиялық партиясының XIII съезі өтіп, онда Елбасы алдағы сайлауға Президент қызметіне кандидат болып ұсынылды.

2011 жылы 3 сәуірде өткен кезектен тыс президенттік сайлау Н. Ә. Назарбаевтың айқын жеңісімен аяқталды. Орталық сайлау комиссиясы жария еткен түпкілікті қорытындыға сәйкес іс басындағы Президент сайлауға қатысқан азаматтардың дауысының 95,55 %-ын алды.

2011 жылдың 8 сәуірінде Н. Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына ресми түрде кірісті.

Осы жағдаятты, сондай-ақ елдің алдында тұрған жаңғыртушылық міндеттерді ескере келгенде, Парламенттің және жергілікті өкілетті органдардың депутаттық корпусын жаңадан сайлау қажеттігі жайында мәселе туындады. Соған байланысты 2012 жылғы 15 қаңтарға Мәжіліс пен мәслихаттарға кезектен тыс сайлау белгіленді.

Бұл кезеңде елдің ішкі саяси өміріндегі одан басқа тағы бір маңызды оқиға Қазақстан Республикасы Конституциясының 15 жылдығы болды. «Конституция – мемлекеттің демократиялық дамуының негізі» деген тақырыпта өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзінде Н. Ә. Назарбаев Қазақстанның соңғы 15 жылдың ішіндегі жетістіктерінің баршасы Конституция іс-әрекетінің және оның арқауында қабылданған заңнаманың нақты нәтижесі екен-

дігін атап айтты. Осының арқасында, деп қадап көрсетті Елбасы, Қазақстан ТМД елдерінің ішінде кеңестен кейінгі кеңістікте ұқсастығы жоқ салық және зейнет реформаларының алдымен жүргізуге, ұлттық экономикаға 100 млрд доллардан артық тікелей шетелдік инвестициялар тартуға, ІЖӨ-нің көлемін 2 есе арттыруға, соның ішінде жан басына шаққанда ІЖӨ-ні 700 доллардан 8 мың долларға жеткізуге, яғни 11 есе көбейтуге мүмкіндік алды.

15 жылдық мерейтойын Қазақстан халқы Ассамблеясы да атап өтті. 2010 жылғы 20 қазанда «Қазақстан халқы Ассамблеясы: сенім, дәстүр, ашықтық, төзімділік» тақырыбымен өткен XVI сессияны аша отырып, Н. Ә. Назарбаев Ассамблеяның Қазақстан қоғамындағы алатын бөлекше орны мен атқаратын рөлін атап көрсетті, Ассамблеяның алдына ұлттық бірлікті нығайту жөнінде жаңа міндеттер қойды.

2011 жылдың қаңтарының аяғы мен ақпанының басында Қазақстан жерінде өткен VII қысқы Азия ойындары ел өміріндегі бөлек белеске айналды. «Мақсат бірлігі – рух бірлігі» ұранымен ұйымдас-тырылған жарыстар екі қалада – Астана мен Алма-тыда қатар өтті.

Ойындар басталуының салтанатты рәсiмiнде сөйлеген сөзiнде мемлекет басшысы барлық қатысушылар мен қонақтарға қолдауы үшін алғыс айта келiп, Қазақстан ТМД елдерi мен мұсылман

әлемінің ішінен мұндай құрлықтық форумды өткізіп отырған алғашқы ел екендігін атап көрсетті. Қысқы Азия ойындары Олимпия ойындарынан кейінгі екінші ірі жарыс болып табылады, деп қадап айтты Президент, бұған дейін оны ұйымдастыруға Азияның экономикалық тұрғыдан қуатты үш елінің – Жапонияның, Қытайдың және Оңтүстік Кореяның ғана шамасы келген еді. Енді сол қатарға Қазақстан да қосылды.

VII қысқы Азия ойындарының қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы 32 алтын, 21 күміс және 17 қола медальмен жалпы командалық бірінші орынға ие болды.

2011 жылдың 25 мамырында өткен Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайын да Қазақстан өңіріндегі елеулі қоғамдық оқиғалар қатарында атауға болады. Құрылтайға жақын және алыс 35 шет елден 700-ден астам адам жиналды. Құрылтайда сөйлеген сөзінде Н. Ә. Назарбаев тәуелсіздіктің 20 жылдық мерейтойы қандастарымыздың тарихи Отанына бет бұрған ұлы көшінің 20 жылдығымен тұспа-тұс келетінін мақтанышпен айтты. Қазақстан өз отандастарын елге оралту жөнінде мақсатты мемлекеттік саясат жүргізіп отырған әлемдегі үш елдің бірі екендігі белгілі.

2011 жылдың шымылдық жабар тұсында қазақстандықтар ел тәуелсіздігінің 20 жылдығын жалпыұлттық өрлеу жағдайында мерекеледі.

Отандастарымызды осы айтулы датамен құт-

тықтай келіп Елбасы: «Біз қиын жолдан өттік. Ауыртпалықтар мен табыстар топтастырған, ортақ тағдыр біріктірген бүгінгі ұлы күнге уақыттың таңдауы бізге түсті және біз өзіміздің тарихи мүмкіндігімізді жүзеге асырдық деген сеніммен келіп отырмыз», – деп мәлімдеді.

Қазақстандықтардың егемен даму кезеңіндегі жетістіктерін айта отырып, Н. Ә. Назарбаев ұлттың назарын тағы да келер күндерге бұрды, жаһандық архитектуроникадағы барған сайын үдей түскен өзгерістердің және содан туындайтын жаңа тәуекелдер мен қатерлердің ауанында әлемдік өркениеттің координаттар жүйесінде өз орнымызды табу, «плюстер» мен «минустардың» бәрін ескере келіп, өз шама-шарқымызды сыни тұрғыдан бағалау, бүгінгі жаһанданған әлемде ұлттық мүдделер тұрғысынан келешегі бар даму тұжырымдарын ойластырып шығару жөнінен жаңа міндеттер алда тұрғанын айрықша атап көрсетті.

«Осы жолда біз тәуелсіздіктің жалғыз тірегі бірлік екенін ешуақытта ұмытпауымыз керек. Бізге қазақтың бірлігі, жалпы еліміздің бірлігі қажет», – деді сөзінің қорытындысында Президент.

Осылайша Қазақстан Республикасы өзінің егемен тарихының үшінші онжылдығына аяқ басты.

**Қазақстан Республикасының
ЕҚЫҰ төрағалығына кірісуіне байланысты**

БЕЙНЕҮНДЕУІ

Астана қаласы,
2010 жылғы 14 қаңтар

**Мәртебелі қауым!
Құрметті ханымдар мен мырзалар!**

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымындағы төрағалықтың мәртебелі миссиясын Қазақстан аса зор жауапкершілік сезімімен қабылдайды. Біздің еліміз төрағалықты қазіргі заман тарихының аса күрделі бір кезеңінде қолына алып отыр.

Дүниежүзілік қаржы-экономикалық дағдарыстың салдарынан әлемнің жаһандық құрылымында тектоникалық өзгерістер орын алуда, бұл үдеріс әлі де аяғына жеткен жоқ. Жаппай қырып-жою қаруын таратпау режимінің дағдаруы, терроризм, гуманитарлық және экологиялық апаттар, аштық, кедейшілік, түрлі індеттер, энергетика ресурстарының азаюы, ұлтаралық және дінаралық қақтығыстар – міне, бүгінгі адамзат өркениеті душар болып отырған осындай қатерлердің тізімін одан әрі жалғастыра беруге болады. Бұлармен күрес жүргізу ЕҚЫҰ сияқты қызмет аясы көпқырлы және беделді институттардың бар күш-жігерін жұмсауын қажет етеді.

Сөз жоқ, әлемдік ахуал ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуші ел ретінде Қазақстанның алдында тұрған сынақты күрделендіре түседі. Алайда бүгінде ЕҚЫҰ алдындағы шешілуі тиіс ең өзекті түйткілдер біздің еліміздің сыртқы саясатының күн тәртібінде әрдайым орын алуда.

Қазақстан тәуелсіздігін алған сәттен бастап өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға нақты үлесін қосып келеді.

Семей ядролық полигонының жабылуы, қуаты жөнінен әлемдегі төртінші зымырандық-ядролық арсеналдан бас тарту және оның инфрақұрылымын толықтай жою еліміз үшін тарихи шешім болғаны белгілі.

Таяуда Қазақстанның бастамасы бойынша БҰҰ Бас Ассамблеясы 29 тамызды Ядролық сынақтарға қарсы әрекеттің халықаралық күні ретінде жариялау туралы қарар қабылдады.

Қазақстан өңірлік және бүкіләлемдік экономикалық үдерістерге жауапты қатысушы ретінде өз рөлін толық сезінеді.

Әлемдік нарыққа көмірсутегі шикізаттарының күннен күнге көбірек шығара отырып, біздің еліміз дүние жүзінің, соның ішінде Еуропаның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қомақты үлес қосуда.

Астық және өзге де азық-түлік түрлерінің ірі экспорттаушысы ретінде Қазақстан БҰҰ-ның Аштықтың алдын алу және әлемдегі азық-түлік қауіпсіздігі түйткілдерін шешу бағытындағы Мыңжылдық мақсаттарын орындауға белсене атсалысуда.

Қазақстанның Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін шақыру жөніндегі бастамасы қазіргі уақытта Азия құрлығындағы ынтымақтастық пен қауіпсіздіктің көпқырлы бірегей құралына айналды.

Бүгінгі таңда ЕҚЫҰ-ның Азиядағы өзіндік баламасындай болған бұл форум әлемдік ішкі жалпы өнім өндірісінің үштен бірін қамтамасыз ететін, жалпы тұрғындарының саны 3 млрд адамды құрайтын елдердің басын қосуда.

Қазақстан үшін Орталық Азияның тұрақты дамуы – аса маңызды басымдықтың бірі. Еліміздің экономикасының дамуы бүкіл өңірге оң ықпалын тигізуде.

ЕҚЫҰ-ның өзге де мемлекеттерімен бірге Қазақстан қазіргі әлемдік құрылымның түйінді мәселелерінде Шығыс пен Батыстың арасын түсіністік арқылы жақындастыруға бағытталған ұмтылыстарды жан-жақты қолдайды.

Біздің еліміз сан алуан ұлттар мен діндер өкілдерінің мекені болуымен ерекшеленеді. Қазақстанда 140 этнос пен 40-тан астам конфессия өкілдері бір шаңырақ астында тату тұрады.

Біздің этносаралық және дінаралық келісім жөніндегі өнегелі үлгіміз – сан алуан конфессиялардың өзара іс-қимылының бүкіләлемдік үдерісіне Қазақстанның қосқан нақты үлесі. Менің бастамам бойынша 2003 жылдан бері Астанада конфессияаралық үнқатысудың бірегей форумына жан бітірген Әлемдік және дәстүрлі діндер көш-басшыларының 3 съезі болып өтті.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Keң географиялық ауқымын, қатысушы-мемлекеттердің өзара әрекеттестігі тәжірибесі мен жақсы жолға қойылған жұмыс тәсілдерін ескере отырып, біз ЕҚЫҰ-ны халықаралық ынтымақтас-тық пен қауіпсіздіктің маңызды тетіктерінің бірі деп санаймыз. Ұйым Ванкуверден Владивостокқа

дейінгі ұланғайыр кеңістіктегі қауіпсіздік архитектурасына қолдау көрсетуде маңызды рөл атқарды және атқарып келеді.

Сонымен қатар ЕҚЫҰ-ның оңды тарихи ресурсының да өз шегі бар. Бүгінгі таңда сенімге сызат түсіретін және бітпейтін де қоймайтын қандай да бір «қызыл шектер», «нөлдік сомамен ойнау» тәжірибелерін жалғастыруға жол беруге болмайды.

Халықаралық ұйымдардың қызметтерінің тиімділігін жаһандық жаңа қатерлерге сәйкестендіріп, арттыру мәселесі алдыңғы қатарға шыға бастады. Нақ осындай міндет үнқатысудың бірегей алаңы саналатын, Жер шарының 3 құрлығындағы 56 мемлекетті біріктіретін ЕҚЫҰ-ның да алдында тұр.

ЕҚЫҰ болашағын айқындайтын мәселе мынадай: ұйым ХХІ ғасыр әлемінің саналуандығын мойындайтын құрылым ретінде бой көрсете ала ма, әлде «Венадан шығысқа қарай» кеңістіктен дәстүрлі Батыс дараланып тұратын, блоктарға жіктелген ұйым болып қала бере ме?

Әлемдік демократиялық қоғамдастыққа 20 жылдай уақыт бойы кірігіп келе жатсақ та, ЕҚЫҰ-дағы кейбір әріптестеріміздің санасы әлі «бұрынғы кеңестік республикалар» туралы жаңсақ түсініктерден арыла қойған жоқ.

Осы ретте ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің көрсеткен сенімі Қазақстан үшін ерекше мәнге ие.

Демократиялық қоғам орнату – халқымыздың саналы таңдауы, сондықтан біз еліміздің одан әрі саяси әртараптандырылу бағыты мен қазақстандықтардың өмір сүру сапасын одан әрі арттыруды жалғастырамыз.

ЕҚЫҰ төрағалығы біздің елімізде тек сыртқы саяси табыс қана емес, жалпыұлттық ауқымдағы құндылық ретінде қабылданады.

ЕҚЫҰ-да қалыптасқан дәстүрге сәйкес, біз төрағалық ететін елдің мазмұнды сәйкестенуін білдіретін Іс басындағы төрағалық ұранын жария етеміз.

Қазақстандық төрағалықтың ұраны төрт «Т» – «траст» (сенім), «традишин» (дәстүр), «транспаренси» (транспаренттік) және «толеранс» (төзімділік) болады.

Біріншісі, бір-бірімізге деген бізге аса қажетті сенімді білдіреді.

Екіншісі, ЕҚЫҰ-ның негізгі қағидаттары мен құндылықтарынан тұрады.

Үшіншісі – халықаралық қарым-қатынастарда «қосарланған стандарт» пен «жіктеу шектерінен» азат, барынша ашықтық пен транспаренттік. Қауіпсіздікке төнетін қауіп пен қатерлерді еңсеруде сындарлы ынтымақтастыққа ұмтылу.

Ал, төртіншісі – бүгінгі әлемде барған сайын маңызы артып отырған мәдениеттер және өркениеттер арасындағы үнқатысуды нығайту жөніндегі жаһандық үрдістің көрінісі.

ЕҚЫҰ-ның негізгі міндеттерінің бірі ретінде Қазақстан Ұйымды дамыту мәселесінің негізі болып табылатын бәтуаға келер кеңістікті кеңейтуді қарастырады. ЕҚЫҰ саммитінің 10 жылдан бергі уақыттағы үзілісі Ұйымның консенсустық негізі дағдарыс жағдайында болмаса да, тоқырау ахуалында тұрғанын аңғартады.

Осыған байланысты біз ЕҚЫҰ-ға мүше елдерді 2010 жылы жоғары деңгейдегі кездесуді ұйымдастыру туралы Қазақстанның бастамасын қолдауға шақырамыз.

ЕҚЫҰ елдері басшыларының кездесуі Хельсинки Қорытынды актісінің 35 жылдығын, Париж хартиясының 20 жылдығын және II дүниежүзілік соғыстың аяқталуының 65 жылдығын атап өту мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Саммит үшін ЕҚЫҰ-ның жауапкершілігі аймағындағы қауіпсіздіктің көкейкесті проблемалары, Ауғанстандағы жағдай және толеранттылық мәселелері мазмұнды толықтыру бола алар еді.

Нақ бүгін ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің көшбасшылары саяси ерік-жігер танытып, өз халықтарының алдында тұрған күрделі де түйінді мәселелерге жауап беретін уақыт келді.

Саммит ЕҚЫҰ-ның осы заманғы қауіп-қатерлердің алдын алуға бейімделуіне қуатты қарқын беріп қана қоймай, сонымен қатар біздің халықтарымыздың осы Ұйымға деген сенімі мен құрметін де арттыра түседі.

Түптеп келгенде, өздерін сайлаған халықтардың игілігі мен өркендеуі жолындағы ынтымақтастық пен қауіпсіздікті нығайтуға күш салу – мемлекет және үкімет басшыларының тікелей міндеті.

Сонымен қатар, ЕҚЫҰ бүгінде ештеңемен алмастырылмайтын Ұйым болып табылады. Оның тоқырауы немесе жойылып кетуі еуро-атлантикалық кеңістіктегі өте қауіпті қуыс кеңістіктің пайда болуына әкеліп соқтырар еді.

Осы ретте Хельсинки Қорытынды актісіне қол қойылған 1 тамызды – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы күні деп жариялау туралы ұсынысты қарауды ұсынамын.

Төрағалықтың басымдығына қатысты Қазақстан ЕҚЫҰ-ның барлық 3 «себеті» арасында оңтайлы тепе-теңдікті сақтауға көңіл бөлуге тырысатынын атап өткім келеді. Осындай ұстаным мәселелерді кешенді қарастыруға, қазіргі заманғы сыртқы қауіп-қатерлердің пайда болуына лайықты қарсы тұрып қана қоймай, олардың шығу көздерін табуға да мүмкіндіктер туғызады.

Сөз соңында Қазақстан Іс басындағы төраға ретінде ЕҚЫҰ-ның негізгі қағидаттары мен құндылықтарын берік ұстанатынын атап айтқым келеді.

Біз Ұйымға мүше барша елдердің мүдделеріне өзара тиімді шешімдерді табу ниетіндеміз.

Қазақ халқында «Бірлік болмай – тірлік болмас» деген даналық сөз бар.

Біздің еліміз ХХІ ғасырдағы ЕҚЫҰ-ны оның ауқымындағы барша халықтар үшін демократияның, тұрақтылық пен өркендеудің бірыңғай кеңістігі ретінде қарастырады.

**«Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық
өрлеу – қазақстанның жаңа мүмкіндіктері»
атты Қазақстан халқына**

ЖОЛДАУЫ

Астана қаласы,
2010 жылғы 29 қаңтар

Құрметті қазақстандықтар!

Ел тарихының ХХІ ғасырдағы аса бір күрделі кезеңі аяқталып келеді. Дүние жүзінің экономикасын тұралатқан жаһандық дағдарыс дауылы әлі басыла қойған жоқ. Алайда ол өзінің алғашқы алапат қуатынан айырылды. Біз тастүйін дайын болғандықтан, оның салдары біздің еліміз үшін соншалықты ауырға соққан жоқ.

Дағдарысқа дейінгі кезеңде біз Қытай, Үндістан және өзге де экономикасы қарыштап алға басқан мемлекеттер қатарында дамудың жоғары деңгейіне көтерілдік. Өйткені біз оған қалай қол жеткізуге болатынын білдік.

Бәрін дұрыс жоспарлап, сауатты түрде іске асырғандықтан, біздің дамуымыз сәтті болды.

Біз жасампаздыққа жұмыла кіріскендіктен, дамудың даңғыл жолына түстік.

Толағай табыстарымен дүние жүзін мойындатқан Қазақстанның әлеуеті артып, экономикасы серпінді бола түсті.

Дамуымыздың маңызды алғышартына айналған қазақстандық бірліктің өнегелі үлгісі дүние жүзіндегі мемлекет басшылары мен конфессия жетекшілерінен лайықты бағасын алды.

Осылайша Қазақстан қуатты да табысты мемлекетке айналып, өзінің бастамалары арқылы жоғары халықаралық беделге ие болды.

Жасампаздық қуатымен дүние жүзінде даңқы артқан Қазақстан әлемді өз жетістіктерімен таң қалдырды.

Сондықтан Қазақстанға Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық ету мәртебелі миссиясы сеніп тапсырылды.

Біз жаңа онжылдығымызды әлемдік деңгейдегі осындай абыройлы тарихи оқиғамен бастадық.

Мен біздің алдағы барша жетістіктеріміз де осындай жарқын болады деп сенемін.

Менің басты мақсатым – еліміздің алдағы онжылдықтағы экономикалық өрлеуін қамтамасыз етіп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашу. Бүгінгі Жолдауым осыған арналған. «Қазақстан – 2030» стратегиясын орындай отырып, біз алғашқы онжылдыққа бағдарлама жасап, оны тәмамдадық. Ендігі мақсат – осы Стратегияның келесі онжылдығына қарай қадам басу.

1. 2010 Стратегиялық жоспарын іске асыру – ел дамуының аса маңызды шебі

1997 жылы «Қазақстан – 2030» стратегиясын қабылдап, біз елдің ұзақ мерзімді күн тәртібін, басты мақсаттар мен басымдықтарын қалыптастырдық, кейін олар 2010 жылға дейінгі Стратегиялық жоспарда қисынды түрде дамытылды.

Сөйтіп, біз қалай жоспарласақ, солай өмір сүрдік және мынадай нәтижелерге қол жеткіздік.

2000 жылмен салыстырғанда 2008 жылы-ақ, жоспарланғанынан 2 жыл бұрын, біз республика ІЖӨ-сінің көлемін 2 еселедік және мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін тиімді орындадық. Орташа айлық жалақы 5 есеге, ал зейнетақының орташа мөлшері 3 есеге өсті.

Өмір сүрудің ең төменгі деңгейінен аз табысы бар халықтың үлесі 4 есеге (50 %-дан 12 %-ға дейін) азайды.

Халық денсаулығының негізгі көрсеткіштері жақсарды. Күтілетін өмір ұзақтығы 65-тен

68 жасқа дейін ұлғайды. Ана өлімі 2 есеге азайды, бала туу 1,5 есеге өсті.

10 жылда 652 мектеп және 463 денсаулық сақтау нысаны салынды.

Бүгінде бізде әлемдік деңгейдегі медициналық орталықтар – Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы және Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы бар.

Биылғы жылы Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығын іске қосамыз. Барлық облыстарда қазақстандықтарға медициналық қызмет көрсету жақсаруда.

Осының арқасында біз өзіміздің мыңдаған азаматтарымыздың өмірін сақтап қаламыз!

Біздің жетістіктерімізді мойындай отырып, БҰҰ өзінің 2009 жылғы Баяндамасында Қазақстанды адам әлеуетінің жоғары деңгейі бар елдер санатына қосты. Бұл – біздің өскен әл-ауқатымыздың даусыз дәлелі! 10 жылда 350 мың отбасы – бұл шамамен 1,2 млн адам – тұрғын үйге ие болды. 32 мың шақырым жолдар салынды және жөнделді, бұл Қазақстанның барлық жолдарының үштен бірі. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын қалтқысыз басшылыққа ала отырып, біз ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығына белгіленген барлық міндеттердің үдесінен шықтық.

2. Дағдарыс кезеңі – дұрыс шешімдер қабылдау уақыты

Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарысы экономиканың өсу қарқынына ықпал етті, бірақ біздің дамуымызды тоқтатқан жоқ. Жинақталған экономикалық әлеует соңғы 3 жылдың аса қиын дағдарыстық шайқасында бізге тұрлаулылықты қамтамасыз етті.

Біз еліміздің қаржы жүйесін қорғап, жүйе құраушы банктерді сақтап қалдық.

Біз шағын және орта бизнесті қиыншылықта қалдырмадық.

Ұлттық және трансұлттық компаниялардың мемлекеттік сатып алуларындағы «қазақстандық үлестің» болмаған өсіміне қол жеткіздік.

Аграрлық-өнеркәсіптік кешенге бұрын-соңды болмаған көмек көрсеттік.

Мемлекет үлестік құрылысты аяқтау жөніндегі барлық шығындарды өз мойнына алды.

«Жол картасы – 2009» бағдарламасын табысты іске асырудың арқасында ел өңірлерінде ТКШ-ны қайта құрылымдау жөнінде 862 жоба іске асырылып, 737 шақырым электр желісі, 1029 шақырым сумен жабдықтау желілері, 284 шақырым жылу трассасы, автожолдар, жүздеген мектептер мен ауруханалар, мәдениет пен спорт нысандары жөнделді.

Әр ауылға дейін жеткен мұндай аса маңызды жұмысты біз тұңғыш рет жүргіздік. Халық бізге риза – біз жақсы жұмыс атқардық.

Барлығы да менің бақылауыммен, жедел, жария атқарылды.

Біз рецессияға жол бермедік, өйткені не істеу керектігін білдік және мұны жедел істедік.

Ұлы Джавахарлал Неру бір кездері былай деген екен: «Табыс кім батыл қимылдаса, соның үлесіне жиі түседі». Ал біз батыл қимылдадық.

2009 жылы экономиканың артуы 1,1 %-ды, өнеркәсіпте 1,7 %-ды құрады. Біз оң өсу қарқыны бар елдердің «серіппелі тобына» қосылдық.

Ұлттық қордың жалпы халықаралық резервтері мен активтері бүгіннің өзінде 50 млрд доллардан асып түсіп, соңғы 10 жылда 25 еседен астамға өсті.

Өткен жылы біз Қор қаржысының бір бөлігін жұмсадық, ал бүгінде Қордың көлемі өткен жылдың желтоқсанындағыдан көп екенін атап өту маңызды.

Қордың арқасында біз дағдарысқа қарсы шараларды жүргізіп қана қойған жоқпыз, сонымен бірге мемлекетке, бізге қиын болған кезде, сатуға мәжбүр болған маңызды активтерді қайтардық. Бұл – Екібастұз МАЭС-1, «Богатырь» көмір кеніші, Қашағандағы біздің үлесіміз, «Маңғыстау-мұнайгаз» және барлық 3 мұнай өңдеу зауыты.

Жұмыссыздық деңгейі 6,3 %-ды құрады, ал бұл дағдарысқа дейінгі кездегіден төмен.

Жұмыспен қамту стратегиясының тиімді іске асырылуының арқасында елде 400 мыңнан астам жұмыс орындары ашылды.

Біз төтеп бердік. Енді біз 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясын орындауға кірісеміз.

3. 2020 Стратегиялық жоспары – көшбасшылыққа қазақстандық жол

Бізге мыналарды атқару керек:

1. Экономиканы дағдарыстан кейінгі дамуға әзірлеу;

2. Жедел индустрияландыру және инфрақұрылымды дамыту есебінен экономиканың тұрақты өсуіне қол жеткізу;

3. Адам капиталының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін болашаққа белсенді инвестициялау;

4. Қазақстандықтарды сапалы әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету;

5. Ұлтаралық келісімді нығайту, ұлттық қауіпсіздікті арттыру, халықаралық қарым-қатынасты одан әрі дамыту.

3.1. Экономиканы әртараптандыру – табыс кілті

Таяудағы онжылдықта тұрлаулы да теңдестірілген даму жедел әртараптандыру және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Еңбек өнімділігінің кешенді артуы аса маңызды міндет болып табылады.

Қазақстанда, егер тұтастай экономика бойынша қарайтын болсақ, бір қызметкер жылына 17 мың доллардың өнімін өндіреді екен. Дамыған елдерде бұл көрсеткіш 90 мың доллардан асып түседі.

Бұдан шығатын қорытынды өте түсінікті – бізге жағдайды түзету – өнімділікті арттырып, инновацияларды ендіру керек.

Басқарудың барлық деңгейінің жұмысына баға беру мен жаңағы өлшемдер бойынша қаржылай қолдау көрсету және бақылау Үкіметтің басты міндеті болады.

Инновациялар ғана еңбек өнімділігінің шұғыл артуына жеткізеді.

Менің тапсырмам бойынша Үкімет Үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын және Елді индустрияландырудың егжей-тегжейлі картасын әзірледі.

Бұл құжат – таяудағы 5 жылда біз нені, қайда және қашан салатынымыздың толық іс-қимыл жоспары.

Бүгінде әңгіме инвестицияларының жалпы көлемі 6,5 трлн теңгелік 162 жобаны іске асыру туралы болып отыр, ал бұл ел ІЖӨ-сінің 40 %-дан астамы, олар бізге таяудағы 3 жылда ғана 200 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын тікелей ашуға мүмкіндік береді.

Алдағы 5 жылда қуатты газ-химиясы кешенін, минералдық тыңайтқыштар өндіру жөніндегі зауыттарды, бірқатар ірі электр-энергетикалық

стансаларды – Балқаш ЖЭС-ін, Мойнақ СЭС-ін, Екібастұз МАЭС-2-нің жаңа блогын және басқа көптеген кәсіпорындар пайдалануға берілетін болады.

2014 жылға қарай біз барлық 3 мұнай өңдеу зауытын реконструкциялаймыз және бүкіл мұнай өнімдерінің түр-түрі бойынша ішкі қажеттілігімізді толық қамтамасыз ете аламыз.

Әр өңірдегі әрбір индустриялық жоба жергілікті биліктің ғана емес, сонымен бірге жұртшылықтың да айрықша бақылауына алынуы керек. Бұл жұмыс таяудағы онжылдықта бүкіл еліміздің жалпыұлттық міндетіне айналуы тиіс.

Тек осылай ғана біз әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына ене аламыз.

«Нұр Отан» ХДП үшін 2020 Бағдарламасын орындау жұмыстың басты өзегіне айналуы тиіс. Бұл істен ешкім сыртта тұрмауы керек, өйткені, тек осылай жасау арқылы ғана біз Қазақстанның жаңа экономикалық өрлеуін қамтамасыз етеміз.

Бағдарламаны жүзеге асыру жөнінде Премьер-министр бастаған бірыңғай басқару орталығы (штабы) және облыстарда әкімдер басқаратын орталықтар құрылады. Біз 2009 жылы «Жол картасы» бағдарламасы бойынша қалай жұмыс істесек, солай жұмыс істеуге тиіспіз.

Министрлер, әкімдер барлық ағымдағы мәселелердің шешілуі үшін жауапты болады. Олар барлық ресурстарды жұмылдырады да.

Индустриялық даму – біздің жаңа онжылдықтағы мүмкіншілігіміз, ел дамуы үшін жаңа мүмкіндіктер.

Қазақстан табысты индустриялық держава болады – мен бұған әбден сенімдімін.

Әртараптандырудың басқа бір маңызды сегменті аграрлық-өнеркәсіптік кешенді дамыту болып табылады. Оның дамуы негізгі 3 бағыт бойынша жүруі керек.

Біріншіден, негізгі салмақ еңбек өнімділігінің артуына түсірілуі тиіс.

Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі ең төмені және жылына бір жұмыс істеушіге 3 мың доллар шамасында келеді. Ал дамыған елдерде бұл көрсеткіш 50–70 мың долларды құрайды екен.

Ауыл үшін өсу перспективасы міне осында. Сондықтан біздің міндетіміз – 2014 жылға қарай аграрлық-өнеркәсіптік кешенде өнімділікті кем дегенде 2 есе арттыру.

Бұл күрделі міндетті аграрлық-индустриялық әртараптандыру ғана, яғни ауылшаруашылық шикізатын қайта өңдеуді шұғыл арттыру, жаңа құрал-жабдықтар, жаңа технологиялар мен ауыл шаруашылығына жаңаша көзқарас шеше алатын жағдайда. Әлемдік тәжірибені пайдалану, оны біздің ауыл шаруашылығымызға жедел ендіру керек.

Екіншіден, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

2014 жылға қарай азық-түлік тауарлары ішкі нарығының 80 %-дан астамын отандық тағам өнімдері құрауы тиіс. Бізде бұл үшін мүмкіндіктер бар.

Үшіншіден, экспорттық әлеуетті іске асыру, бірінші кезекте бұл Кеден одағы, Орталық Азия, Кавказ бен Таяу Шығыс елдерінің байтақ базары.

Біз қазірдің өзінде «Жетіген – Қорғас» және «Өзен – Түрікменстанмен мемлекеттік шекара» теміржол желілерін салып жатырмыз, олар іс жүзінде біздің өнімдерге Қытай мен Парсы шығанағы елдерінің нарық кеңістігіне жол ашады. Біз салуға кірісетін «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» автожолы – тауарлар үшін маңызды магистраль.

«Болашақтың экономикасы» секторларына жеке тоқталғым келеді. Нәтижелі де тиімді қызмет ететін ұлттық инновациялық жүйе оның негізі болуы тиіс.

Бізде қазірдің өзінде бұл бағыттағы әзірліктер бар. Біз одан әрі ілгері кетеміз. Жаңа университеттің аясында Астанада 3 жаңа ғылыми орталық құрылатын болады.

Өмір туралы ғылымдар орталығы органдарды көшіру, жасанды жүрек және өкпе, бағаналы жасуша және ұзақ жасау медицинасы саласында әлемдік жетекші ғылыми орталықтармен бірлескен әзірліктер жүргізеді.

Энергетикалық зерттеулер орталығы қайталанба энергетика, жоғары қуат физикасы мен техникасы мәселелерімен айналысатын болады.

Пәнаралық аспаптық орталық инжиниринг орталығы, зертханалық база және конструкторлық бюро болып табылады.

Барлық 3 орталық биылғы жылы құрылатын болады.

Үкіметке біздің индустрияның 2010 жылғы басымдықтарын ескере отырып, елдің ғылыми технологиялық дамуының 2020 жылға дейінгі салааралық жоспарын әзірлеуді тапсырамын.

Сондай-ақ, «Ғылым туралы» жаңа заңның әзірленуін жеделдету қажет.

Бұл біздің болашақ дамуымыз үшін маңызды.

3.2. Сауатты сауда саясаты – экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне қолдау

Қазақстан ТМД-дағы интеграциялық үдерістердің белсенді қатысушысы болып табылады. 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген Ресеймен және Беларусьпен Кеден одағының құрылуы – қазақстандық барлық интеграциялық бастамалардың серіппелілігі.

Үшел интеграциясының келесі кезеңі 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап Бірыңғай экономикалық кеңістіктің қалыптастырылуы болады. Бұл капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы қамтамасыз етілетін интеграцияның әлдеқайда жоғары деңгейі. ТМД-дағы өңірлік экономикалық бірлестіктерге қолдау білдіре отырып, Үкімет Қазақстанның экономикалық даму басымдықта-

рына сай келетін жағдайларда Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру үдерісін жандандыруы тиіс.

Қазірдің өзінде біздің кәсіпкерлерге жаңа мүмкіндіктердің пайда болуын дұрыс бағалау, жаңа нарық кеңістігіне шығу жөніндегі тиімді стратегияларды әзірлеумен байыпты айналысу, бәсекелестік артықшылықтарды өсіре түсу маңызды.

Әрине, айтылып жүргеніндей, «бәсеке жоқ жерде ұйқың жақсы, бірақ та өмірің нашар». Ал қазақстандықтар жақсырақ өмір сүрмек және өз жоспарларын жүзеге асыруға кедергі келтіретіндерге жол бермеу ниетінде.

3.3. Инвестициялар тарту

Әртараптандыру жөніндегі біздің жоспарларымызды іске асыру үшін бір ғана мемлекеттік ресурстар жеткіліксіз болатыны анық. Оның негізгі көзі тікелей шетелдік инвестициялар болуы тиіс.

Менің халықаралық сапарларым барысындағы негізгі мәселелердің бірі Қазақстанға инвестициялау мәселесі болды. Көптеген мемлекеттер біздің экономикаға ресурстар салудың мәні бар деп біледі.

Бүгінде Қытайдан, Оңтүстік Кореядан, Біріккен Араб Әмірліктерінен, сондай-ақ франциялық, италиялық, ресейлік компаниялардан 20 млрд доллар көлемінде инвестициялар тарту туралы мәселелер шешілді.

Бұл қаражат шикізаттық емес секторға жұмсалып, индустриялық бағдарламаның, инфрақұрылым мен бірлескен кәсіпорындардың ондаған нысандарын іске қосуды қамтамасыз етеді.

«Батыс Қытай – Батыс Еуропа» автомагистраліне 3 млрд долларға жуық көлемінде және елдің батысынан оңтүстігіне қарай тартылатын газ құбырына 2 млрд доллар инвестициялар тарту мәселелері шешілді.

Мұның бәрі – шикізаттық сектордың инвестицияларынан басқасы, ал ол 10 млрд доллардан астамды құрайды. Көріп отырсыздар, бұл Бағдарламаны қаржылай және материалдық ресурстармен қамтамасыз ету жөнінде орасан зор жұмыс жүргізілді.

Біз Қазақстанда өңірімізде жұмыс істеуге дайын инвесторлар үшін барынша тартымды жағдай жасауға тиіспіз.

Индустриялық даму басымдықтарын ескергенде, арнаулы экономикалық аймақтар мен индустриялық парктердің қызмет етуіне жаңа көзқарас қажет. Үкіметке арнаулы экономикалық аймақтар туралы жаңа заң жобасын әзірлеуді тапсырамын.

Жеке меншік инвестицияларды тарту жөнінен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігі орасан зор әлеуетке ие болып отыр.

Біз Қазақстанда бұл тетікті іске қостық, бірақ та ол озық әлемдік практикаға сәйкес жетілдіруді талап етеді.

Үкіметке бірінші жартыжылдықта концессиялар туралы заңнамаға тиісті өзгерістер енгізуді тапсырамын. Жобалық қаржыландыру қағида-тын ендіру мақсатында біздің заңнамада ерекше құқықтық мәртебесі бар арнаулы жобалық ұйымдар құру мүмкіндігін көздеу керек.

3.4. Кәсіпкерлік – жаңа экономиканың қозғаушы күші

Әртараптандырудың өзегі кәсіпкерлік болады.

Біз тәуекелдерді өз мойнына алуға, жаңа нарық кеңістіктерін игеруге, инновациялар ендіруге дайын қуатты кәсіпкерлер табын көргіміз келеді.

Нақ осы кәсіпкерлер экономиканы жаңғырту-дың қозғаушы күші болып табылады.

Осыған байланысты Үкіметке 2010 жылдан бастап өңірлерде кәсіпкерлікті дамыту жөнінде бірыңғай бюджеттік бағдарлама енгізілуін қамтамасыз етуді тапсырамын.

Оны «Бизнестің жол картасы – 2020» деп атауды ұсынамын.

Бұл бағдарламаның мақсаты өңірлерде кәсіпкерліктің, бәрінен бұрын шағын және орта бизнестің жаңа тобын дамыту есебінен тұрақты жұмыс орындарын ашу болады.

Бұл бағдарлама қаражатын пайдалану мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылуы тиіс:

– несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау;

– шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру;

– бизнес жүргізуге сервистік қолдау білдіру;

– кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру, жастар практикасы және әлеуметтік жұмыс орындары.

«Бизнестің жол картасы – 2020» кәсіпкерлер үшін де, сол секілді банктер мен инвесторлар үшін де шикізаттық емес жобаларды қаржыландыру жөнінен жаңа мүмкіндіктер ашады.

Үкімет әкімдермен бірлесіп 3 жылдық бюджет аясында әр өңірдің экономикалық әлеуетін есептеулерге негізделген жылдар бойынша бөлшектелген қаржыландырудың жалпы лимитін әзірлеуі тиіс. Бұл қаражат өңірлерге беріледі.

Әкімдер бағдарлама бойынша қаржыландырылатын шағын және орта бизнес жобалары үшін толық жауапты болады.

Үкіметке ӘКК-ні жергілікті атқарушы органдарға беруді тапсырамын, олар іс жүзінде бизнесті дамыту жөніндегі өңірлік корпорациялар болады.

3.5. Отандық тауарлар – 2020 Жоспарын жүзеге асырудың табыстылық индикаторы

Біздің шикізаттық емес экспорттаушыларды қолдау индустрияландырудың шешуші бағыты болуға тиіс.

Қазақстан өнеркәсібі экспорттық нарықтарға отандық брендтердің кең ауқымды тізбегімен қоса ұсынылуы керек.

Сондықтан Үкіметтің міндеті – экспорттаушыларға негізгі құралдарды сатып алуды қаржыландыруды, экспортқа сервистік қолдау көрсетуді, экспорттаушыларға гранттар мен экспорттық саудалық қаржыландыруды қарастыратын біртұтас қолдау жүйесін жасау.

3.6. Өңірлердің дамуы – елдің дамуы

Өңірлік даму реформаларынсыз біз жедел әртараптандыруға қол жеткізе алмаймыз. Сондықтан бізге экономикалық өсу орталықтарын қалыптастыруды бастау қажет. Қазақстанның батысында мұнай-газ секторын, химия өнеркәсібін, жабдықтар өндірісі мен көліктік қуаттарды дамыту керек.

Орталықта, солтүстікте, оңтүстік пен шығыста – кен-металлургия кешені, атом, химия өнеркәсібі және аграрлық индустрия дамытылуы тиіс.

Ішкі сұраныс базасындағы секторларды дәстүрлі индустриялар жанынан, сондай-ақ қуатты кадрлық әлеуеті бар Алматы мен Астана қалаларында дамыту қажет.

Жоғары экспорттық әлеуеті бар шикізаттық емес сектор мен АӨК-ні елдің солтүстік және оңтүстік өңірлерінде дамыту орынды.

Болашақ экономикасының секторы Алматы мен Астанада дамуы тиіс.

Біздің елордамыз, экономикасы бәсекеге қабілетті, ел азаматтары мен туристер үшін

тартымды қала – Астананы одан әрі дамытуға айрықша маңыз берілетін болады.

Жаңа өңірлік саясат – 2020 Стратегиялық жоспарының аса маңызды бөлігі.

Үкіметке облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесе отырып, өңірлердегі инвестициялық саясат мәселелерін мұқият пысықтауды тапсырамын.

3.7. 2020 Стратегиялық жоспарын іске асырудың базалық шарттары

Экономиканы жаһандық ауқымда қалпына келтіруге дайындау және оның сыртқы сынақтарға тұрақтылығын арттыру үшін біртұтас үш тұғырлы міндетті шешу қажет болады:

біріншіден, бизнес-ахуалды елеулі жақсарту;

екіншіден, қаржы жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

үшіншіден, сенімді құқықтық орта қалыптастыруды жалғастыру.

Үкіметке 2011 жылы бизнесті тіркеуге және бизнесті жүргізуге байланысты операциялық шығындарды 30 %-ға, ал 2015 жылы тағы да 30 %-ға қысқартуды тапсырамын.

Онжылдықтың соңында шағын және орта бизнестің ІЖӨ-дегі үлесі 40 %-ға дейін көтерілуі тиіс.

2020 жылы Қазақстан бизнес-ахуалы ең қолайлы деген 50 елдің қатарына енуі керек.

Қаржы жүйесінің тұрақтылығы мен орнықтылығын қамтамасыз етудің маңызы зор.

Отандық қор нарығын жұмыс істеуге мәжбүрлеп, ол 2020 жылы ТМД мен Орталық Азиядағы ислам банкингінің өңірлік орталығына айналуы және Азиядағы жетекші қаржы орталықтарының ондығына енуі тиіс.

Отандық қаржы жүйесіндегі реттеулер дағдарыстан кейінгі әлемнің сынақтары мен қатерлеріне сайма-сай болуы керек. Қаржылық реттеуші банк секторының сыртқы міндеттемелері үлесінің оның міндеттемелерінің жиынтық көлемінде төмендеуін қамтамасыз етуі тиіс.

Бұл ретте сыртқы қарыздардың басым бөлігі тиімді де бәсекеге қабілетті өндірістер құруға бағытталуы керек.

Банктерді ашық немесе жасырын мүдделестірілген құрылымдардан аулақ ұстау қажет. Банктердің тек қана банк қызметімен айналысуын және олардың қызметінің барынша мөлдір болуын қатаң бақылауға алу керек.

Біз банктердің дағдарыс кезінде аман қалуына көмектестік, енді банктер экономикаға оның дағдарыстан кейінгі қалпына келуі мен дамуына жігерлі түрде жәрдемдесуі тиіс.

Дағдарыс жағдайында Ұлттық қор біз үшін өзіндік бір «қауіпсіздік көпшігіне» айналды. Оның ендігі міндеті – тұрақтылық пен өркендеудің кепілі болу.

Үкімет бюджеттің шикізаттық емес кірістер әлеуетін ұлғайтумен байыпты айналысуы тиіс.

Осы онжылдықтың соңында бюджеттің мұнайлық емес тапшылығы ІЖӨ-нің 3 %-нан аспауы керек. Одан кейінде оны нөлге дейін жеткізу қажет.

Үстіміздегі жылдан бастап республикалық бюджетке кепілді трансферт абсолюттік мөлшерде – 8 млрд доллар көлемінде бекітілетін болады.

Бұл трансферт ең алдымен индустрияландыруды жүзеге асыру мақсаттарына бағытталуы тиіс.

Бюджетке Ұлттық қордан ешқандай қарыздар, өзге де ешқандай қосымша трансферттер болмайды.

Осы көзқарастарды ескере келгенде, Ұлттық қордың активтері 2020 жылға қарай 90 млрд долларға дейін өсуі тиіс, мұның өзі ІЖӨ-нің 30 %-дан кем емес мөлшерін құрайды.

Үкіметке үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында Ұлттық қорды қалыптастыру мен пайдаланудың жаңа тұжырымдамасын маған бекітуге ұсынуды тапсырамын.

Тұтастай алғанда 2020 жылға қарай біз экономиканы жеделдете әртараптандырудың төмендегідей негізгі нәтижелеріне қол жеткізуге тиіспіз.

ІЖӨ-дегі өңдеу өнеркәсібінің үлесі 13 %-дан кем емес мөлшерін құрауы тиіс.

Экспорттың жалпы көлемінде шикізаттық емес экспорттың үлесі 27-ден 45 %-ға дейін ұлғаюы тиіс.

Еңбек өнімділігі өңдеу өнеркәсібінде 2 есе, ауыл шаруашылығында кем дегенде 4 есе артуы керек.

ІЖӨ-нің энергия сыйымдылығы 25 %-дан кем емес мөлшерде төмендеуі тиіс. Кәсіпорындардың инновациялық активтерінің үлесі 4-тен 20 %-ға дейін өсуі керек. 2015 жылдың өзінде-ақ аграрлық саланың экспорттық әлеуеті 4-тен 8 %-ға дейін ұлғайып, құрылыстың ішкі қажеттіліктерінің 80 %-ы қазақстандық құрылыс материалдарымен қамтамасыз етілуі тиіс.

Үкіметтің, барлық деңгейлердегі әкімдердің алдында тұрған нақты міндеттер, міне, осындай. Біз сұрайтындар да, міне, осылар. Сондықтан барлық компаниялар мен кәсіпорындар басшыларының жауапкершіліктерін арттыру қажет. Бұл жаһандық мәселе, мемлекеттілік мәселесі, тәуелсіздік мәселесі.

5 жылда Үкімет металлургия өнімдерінің өндірісі мен экспортының 2 еселенуін, химия өнімдері өндірісінің 3 еселенуін қамтамасыз етуі керек. 2015 жылға қарай бюджет кірістері, шикізатқа тәуелділікті төмендете отырып, жаңа жобалар есебінен 300–400 млрд теңгеге өсіп шығуы тиіс.

4. Адам – елдің басты байлығы

Елді жаңғырту стратегиясының асырудың табыстылығы, ең алдымен, қазақстандықтардың біліміне, әлеуметтік болмысы және көңіл-күйлеріне байланысты.

4.1. Білім беру

2020 жылға қарай қалалық, сол секілді ауылдық жерлердегі барлық балалар мектеп жасына дейінгі тәрбие беру және оқытумен қамтылатын болады. Бізде мемлекеттік-жекеменшік әріптестігінің зор әлеуеті бар. Жеке меншік отбасылық балабақшалар мен шағын орталықтар – мемлекеттік мекемелерге балама.

Үкіметке әкімдермен бірлесіп үстіміздегі жылдың бірінші жартысында-ақ балаларды мектеп жасына дейінгі оқытумен және тәрбиемен қамтамасыз етуді арттыруға бағытталған «Балапан» арнайы бағдарламасын әзірлеп, іске асыруға кірісуді тапсырамын.

2020 жылға қарай орта білім беруде 12 жылдық оқыту моделінің табысты жұмыс істеуі үшін Үкімет барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс.

Кәсіптік және техникалық білім беру кәсіби стандарттарға негізделіп, қатаң түрде экономиканың қажеттіліктерімен өзара байланыстырылуы керек.

Жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс. Елдегі ЖОО-лар әлемнің жетекші университеттерінің рейтингіне енуге ұмтылулары керек.

2015 жылға қарай Ұлттық инновациялық жүйе толыққанды жұмыс істеп, 2020 жылға қарай елде

енгізілетін талдаулар, патенттер мен дайын технологиялар түрінде өз нәтижелерін беруге тиіс.

Білім беру саласында Астана қаласында құрылып жатқан бірегей оқу орындары – «Жаңа халықаралық университет», «Арнаулы қор» және қазірдің өзінде табысты жұмыс істеп жатқан «Зияткерлік мектептер» секілді жобалар ерекше басымдыққа ие болмақ.

Мен олардың менің есімімді алуына келісімімді бердім.

Олардың отандық білім беру жүйесінің тұстаушысы болып, осы заманғы оқу бағдарламаларын кейіннен оларды бүкіл республика бойынша енгізетіндей етіп әзірлеу мен байқап көру жөніндегі басты алаңға айналуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасау қажет.

Осы оқу орындарының толыққанды жұмыс істеуі үшін Үкіметке үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында тиісті заң жобасын әзірлеуді және Парламентке енгізуді тапсырамын.

4.2. Денсаулық сақтау

Халық денсаулығы – Қазақстанның өзінің стратегиялық мақсаттарына жетудегі табысының ажырамас құрамдас бөлігі.

Бүгін біз медициналық қызметке нәтижелерге бағдарланған қаржыландыру мен ақы төлеу жүйесін енгізуді дайындаудамыз. Дәрі-дәрмекпен

қамтамасыз етудің тиімді жүйесі үшін барлық қажетті арқаулық жағдайларды жасадық.

Дәрілердің 50 %-ы біздің елімізде шығарылатын болады.

Білім беру мен денсаулық сақтау салаларындағы мемлекеттік кәсіпорындардың қызмет мәселелері жөніндегі республиканың заңнамалық актілеріне түзетулер енгізуді жеделдету қажет.

Саламатты өмір салты мен адамның өз денсаулығы үшін ынтымақты жауапкершілігі қағидаты – міне, осылар денсаулық саласындағы және халықтың күнделікті тұрмысындағы мемлекеттік саясаттың ең басты мәселесі болуы тиіс.

2011 жылғы Азия ойындары үшін біз дайындап жатқан спорттық инфрақұрылымдар өңірлерді Астана мен Алматыдан қалып қоймауға итермелей отырып, бұқаралық дене шынықтыру-спорттық қозғалысын дамыту үшін қажетті алғышарттар жасайтын болады.

Туризм және спорт министрлігі әкімдермен бірге елде бұқаралық спортты дамыту үшін бірлескен іс-шараларды анықтап, оларды нақты іске айналдыруы тиіс.

Қазақстандықтардың 30 %-ға дейіні бұқаралық спортқа тартылуы керек.

Осындай жағдайда ғана біз дамуды көре аламыз.

Бұл бүкіл Үкіметтің міндеті де.

Денсаулық сақтау нысандарын салу және жабдықтау, кадрларды даярлау, саламатты өмір салты жөніндегі мемлекеттік шаралар кешені 2020 жылға қарай ана мен бала өлімін 2 есе төмендетіп, жалпы өлімді 30 %-ға азайтып, туберкулезбен ауыруды 20 %-ға қысқартуы тиіс.

Бұл ретте өмір сүрудің күтілетін ұзақтығы 72 жасқа дейін ұлғаяды. Осынау құрғақ сандардың артында біздің азаматтарымыздың аман алып қалынған мыңдаған өмірлері тұр. Бұл өте маңызды мақсат. Біз оған міндетті түрде қол жеткізуіміз керек!

4.3. Өмір сапасын жақсарту және әлеуметтік қорғау

Алда тұрған онжылдықтың аса маңызды міндеті – Қазақстанның барлық азаматтарының өмір сапасы мен деңгейін жақсарту, әлеуметтік тұрақтылық пен қорғалуды нығайту. Ел халқы санының 2020 жылы 10 %-ға өсуі үшін мемлекет барлық қажетті жағдайларды жасайтын болады.

Біздің мемлекеттік әлеуметтік саясатымыздағы басты басымдық халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету болып табылады.

Сондықтан мен 2020 жылға қарай жұмыссыздық деңгейі 5 %-дан, ал табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 8 %-дан аспайтын болсын деген міндет қоямын.

Әлеуметтік қызметтер тек мұқтаж адамдарға көрсетіліп, қазіргі заманғы стандарттар мен Қазақстандағы өмір деңгейіне сәйкес болуы керек.

2015 жылға қарай арқаулық зейнетақы төлемдері ең төменгі күнкөріс деңгейі көлемінің 60 %-ы деңгейіне дейін өсіріліп, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшері 2010 жылмен салыстырғанда 1,2 есе арттырылуы тиіс.

Біз өз іс-әрекетімізде дәйектілікті ұстанамыз. Өткен жылы зейнетақылар, шәкіртақылар, бюджет саласы қызметкерлерінің еңбекақылары 25 %-ға өсірілді. Әлеуметтік жәрдемақылар орта есеппен 9 %-ға артты.

Республикалық бюджетте үстіміздегі жылы да зейнетақыларды 1 қаңтардан бастап, ал шәкіртақылар мен бюджеттегілер еңбекақыларын 1 шілдеден бастап 25 %-ға өсіру қарастырылған.

Өткен жылғы экономика өсімінің оң серпінін шәкіртақылар мен бюджеттегілердің жалақыларын 3 ай бұрын – 2010 жылдың сәуірінен бастап өсіруге мүмкіндік береді деп есептеймін. Үкіметке осы үшін қажетті шаралар қабылдауды тапсырамын.

4.4. Ардагерлерге қамқорлық

Үстіміздегі жылы біз Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығын атап өтеміз. Бұл біздің ортақ тарихымыздағы маңызды дата.

Әрбір соғысқа қатысушы мен соғыс мүгедегіне бюджеттен 65 мың теңге мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы төленетін болады.

Сол сияқты соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектеріне теңестірілген, Ұлы Отан соғысы уақытында қаза тапқан әскери қызметшілердің ата-аналары мен жұбайлары, қаза болған соғыс мүгедектері мен оларға теңестірілген мүгедектердің жұбайлары, соғыс жылдарындағы тыл еңбеккерлері де материалдық қолдаусыз қалмайды.

Оның сыртында Жеңістің 65 жылдығын кеңінен мейрамдауға байланысты соғысқа қатысушылар мен мүгедектерінің жеңілдікпен жол жүрулері үшін 383 млн теңге қарастырылған.

Бұл біздің әкелеріміз бен аталарымызға олардың жанқиярлық күресі мен жеңісі үшін, олардың біздерге бейбіт өмірді қамтамасыз еткендері үшін көрсетілген құрмет.

4.5. Тұрғын үй-коммуналдық сектор саласындағы саясат

Дағдарыс сабақтары тұрғын үй құрылысын дамыту саясатын жетілдіруді талап етеді. Ол үшін тұрғын үй құрылыс салымдары жүйесінде зор әлеует бар деп есептеймін. Азаматтардың, Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің, мемлекет пен құрылыс компанияларының тең құқылы әріптестігі қағидатын пайдалану қажет.

Ол нені білдіреді?

Азаматтар тұрғын үй құнының бір бөлігін Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінде жинайды да, қымбатқа түспейтін ипотекалық несие алу мүмкіндігіне ие болады.

Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі, түпкі нәтижесінде тапсырыс беруші ретінде көріне отырып, азаматтардың тұрғын үй жөніндегі қалауларының пулын қалыптастырады, құрылыс инвесторлары мен тұрғын үй құрылысын қаржыландыруға дайын екінші деңгейлі банктерді іздеуді жүзеге асырады.

Мемлекет жергілікті атқарушы органдар атынан жер телімдерін бөлуді және инженерлік коммуникациялар тартуды қамтамасыз етеді.

Осылайша, азаматтар өз тұрғын үйлерінің құрылысына толық құқылы қатыса алады. Төлем қабілеттілікке сұраныс та, құрылыстың бақылануы да қамтамасыз етіледі. Үкіметке 2010 жылы «Жол картасы – 2009» жоспары бойынша басталған тұрғын үй-коммуналдық сектор нысандарын қайта жаңғыртуды жалғастыруды, ал 2011 жылы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты кең ауқымды жаңғыртудың 2020 жылға дейінгі жоспарын жасауды тапсырамын.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымдарын жаңғырту өзіндік пайдалану шығындарын төмендетумен және ресурс сақтаушы технологиялар енгізумен қоса жүруге тиіс.

Ауылдық жерлерді құбырлы сумен қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыру қажет. Шағын қалаларда халықтың 100 %-ы үшін сапалы су қолжетімді болуы тиіс.

5. Ішкі саяси тұрақтылық – 2020 Стратегиялық жоспарын іске асырудың сенімді іргетасы

Ішкі саяси сала мен ұлттық қауіпсіздіктің 2020 жылға дейінгі негізгі мақсаттары қоғамда келісім мен тұрақтылықты сақтау, ел қауіпсіздігін нығайту болып қала береді.

Жаңа онжылдықта біз өзіміздің экономикалық жоспарларымыздың табыстарын дәйекті саяси жаңғырту арқылы бекемдеп, саяси жүйемізді жетілдіруді жалғастырамыз. Және мұнда құқықтық реформа маңызды рөл атқаратын болады.

Біз құқық қорғау жүйесін реформалау бойынша байыпты жұмыс жүргізуге тиіспіз. Бүгінде, өкінішке қарай, біздің барлығымызға тиімсіз басқарудан, құқық қорғау органдары функцияларындағы жанжалдан, тиісті кадрлық жұмыстың болмауынан, сондай-ақ ел құқық қорғау жүйесі қызметінде мөлдірлік пен бақылаудың жоқтығынан туындаған проблемалар анық көрінеді.

Бұл сектор өткен жүйенің көптеген кем-кетіктерін сақтап қалған. Біздің жүйемізде жазалау

айыптары 5 %-дан аз болса, түзеу жұмыстары – 0,4 %-ды, қоғамдық жұмыстар 0 %-ды құрайды.

Жазалаудың негізгі түрі бас бостандығынан айыру болып қалып отыр. Ешкім қамау орындарынан босағандарды оңалтумен айналыспайды.

Осының салдарынан олар қылмыскерлер қатарын толықтыруда.

Мен реформалардың бірнеше жалпы бағыттарын бөліп көрсетер едім.

Бәрінен бұрын, құқық қорғау жүйесін оңтайландырып, әрбір мемлекеттік органның нақты құзыретін түзу керек.

Біздің заңдарымызды ізгілендіріп, олардың сапасын арттыру қажет.

Құқық қорғау жүйесінің қызметінде екпін ішківедомстволық мүддеден азаматтардың құқы мен мемлекеттің мүддесін қорғауға қарай ауыстырылуы тиіс.

Бізге парламенттік және қоғамдық қатал бақылауды қамтамасыз ету керек болады, сондықтан әрбір құқық қорғау органының қызметінде есептілік пен бағалау жүйесін жетілдіру талап етіледі.

Нәтижеліліктің өлшемі сандық көрсеткіштер емес, азаматтардың, заңды тұлғалар мен шетел инвесторларының сенімін арттырудың индикаторы болатын жұмыс сапасы болуы тиіс.

Басқаша айтқанда, жаңа онжылдықта бізге демократиялық мемлекеттегі құқық қорғау қыз-

метінің жоғары халықаралық стандарттарына сәйкес келетін жаңа құқық қорғау жүйесі қажет. Менің тапсырмам бойынша, тиісті құжат жобасы дайындалды.

Сондықтан Президент Әкімшілігіне, Үкіметке, Жоғарғы сотқа, құқық қорғау органдарына құқықтық кеңістікті жетілдіру бойынша жүйелік жұмысқа шұғыл кірісуді тапсырамын.

Сондай-ақ осы жылдың өзінде құқық қорғау жүйелерін реформалау жөніндегі заң жобасын Парламентке енгізуді тапсырамын.

Құрметті қазақстандықтар!

Елімізде азаматтық қоғам институттарын одан әрі қолдауға бағытталған саяси жаңғырту жалғаса береді.

Бүгінде біздің ынтымақтастығымыз ортақ табысымыздың міндетті шарты бола түсуде. Осы он жылдықта алдымызда бірлесіп атқаратын ауқымды істер тұр.

Мен Үкіметке Қазақстанның 2020 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының негізгі ережелерін түсіндіру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары мен үкіметтік емес ұйымдарға қолдау көрсетуге 1 млрд теңге бөлуді тапсырамын. Бұл мемлекеттік тапсырыс аясында жүзеге асырылуы тиіс.

Өткен жылы мен осы мінберден еліміздің барлық саяси күштеріне дағдарыстың қиын кезеңінде

елімізге және қоғамға қолдау көрсету үшін партияаралық үнқатысуды орнықтыруды және бірігуді ұсынған едім.

Менің бастамам қолдау тауып, 7 саяси партия Экономикалық дағдарыс жағдайында әлеуметтік және саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету туралы меморандумды бірлесе әзірлеп, оған қол қойды. Бұған үлкен ризашылығымды білдіремін.

Бұл – мәні зор елеулі оқиға. Біз осы кезеңдегі саяси риториканың байыпты, ал сынның көп жағдайда сындарлы екенін көріп отырмыз.

Бұл біз өмір сүріп, балаларымыз өсіп келе жатқан елімізде бейбітшілікті, тыныштық пен келісімді сақтаудың жалпыұлттық құндылыққа айналғанын білдіреді.

Енді партияаралық үнқатысудан нақты іс-қимылға көшетін кез келді. Өйткені, түптеп келгенде, кез келген партия болсын, қоғамдық ұйым болсын барша қазақстандықтардың мүддесі үшін жұмыс істейді емес пе? Сондықтан мен барлық саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерге елдің дамуы мен ұлттық бірліктің тиімді жолдарын іздестіруге септесетін өзара іс-қимылдың жаңа үлгісін әзірлеуді ұсынамын.

Бұл іс жүзінде барлық саяси күштерді Отан игілігі үшін жұмысқа жұмылдыратын болады. «Нұр Отан» партиясы бұл істе біріктіруші рөл атқаруы тиіс.

Құрметті қазақстандықтар!

Болашаққа белгіленген ұланғайыр міндеттерді біріктіруші ұлттық стратегиясыз жүзеге асыру мүмкін емес.

Егер біз табысқа жеткіміз келсе, онда біздің әрқайсымыз мынадай қағидаттарды негізге алуға міндеттіміз:

Бірінші – бәрінен бұрын ойлайтынымыз біздің Отанымыз, тәуелсіз Қазақстан!

Екінші – мемлекет және әр азамат ел ішінде, сондай-ақ оның сыртында қоғамдағы тұрақтылық пен қазақстандықтардың игілігіне кері әсерін тигізуі ықтимал кез келген қадамдардан бас тартуы тиіс.

Үшінші – экономикалық өрлеу – әркімге қатысты іс. Бұл – басым әлеуметтік мәселелерді шешудің, бүкіл қоғам мен әрбір қазақстандықтың берекеттілігінің кілті.

Төртінші – өңірлік және әлемдік нарыққа кірігу – дамудың аса маңызды шарты.

6. Сыртқы саясат

Қазақстанның сыртқы саяси бағыты Сыртқы саясат тұжырымдамасына негізделетін болады.

Ұлттық мүдделерді қамтамасыз етуге, елдің халықаралық беделін арттырып, ұлттық, өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған белсенді, прагматикалық және теңдестірілген сыртқы саясат жүргізілетін болады.

Қазақстан халықаралық қатынастардың жаңа архитектурасын және әлемдік сауда-қаржы жүйесінің сұлбасын қалыптастыру кезінде жаһандық шешімдер қабылдау үдерістеріне қатысу ниетінде.

Қазақстан барлық қазіргі бар ұжымдық қауіпсіздік жүйелері арасындағы стратегиялық ұнқатысуды жолға қоюға белсенді жәрдемдесетін болады.

Қазақстан өңірлік және жалпыәлемдік экономикалық үдерістердің жауапты қатысушысы ретіндегі өзінің рөлін толық сезіне отырып, оны өз тәуелсіздігінің барлық жылдары бойында мінсіз орындап келеді.

Сондықтан әлемнің жетекші елдерінің көшбасшылары мен беделді халықаралық ұйымдардың басшылары – экономикалықтан гуманитарлыққа дейінгілердің бәрі – өздерін Қазақстанның досы санайды.

Біз мұны мақтаныш етуге тиіспіз.

Қазақстанның жоғары халықаралық беделі біздің елімізге Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төраға болуға мүмкіндік берді.

Бұл – біз үшін үлкен абырой.

Бұл – ЕҚЫҰ-ға адамзаттың жаңа тарихындағы аса күрделі кезеңде төрағалық етудің аса жоғары жауапкершілігі.

ЕҚЫҰ оған қатысушылардың бірегей географиялық құрамымен – ал бұл үш құрлықта

орналасқан 56 мемлекет, мемлекеттердің өзара ықпалдасуының бай тәжірибесімен халықаралық қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың шешуші тетіктерінің бірі болып табылады.

Біз ЕҚЫҰ-ға төрағалыққа қатысты өзіміздің ұстанымдарымызды белгілеп алдық.

Сондықтан бұл туралы егжей-тегжейлі айтпай-ақ қояйын.

Қауіпсіздік жөніндегі аса ықпалды ұйымға қазақстандық төрағалық мынадай ұранмен өтетін болады: «Сенім. Дәстүр. Ашықтық. Төзімділік».

Біз көптеген көкейкесті мәселелерді шешу жолдарын бірлесе іздеп, ықтимал дағдарысты жағдайлардың алдын алу үшін бірлескен тетіктерді әзірлейтін боламыз.

Біз қауіпсіздіктің негіз қалаушы мәселелері бойынша, сондай-ақ Ұйымның өзін дамыту мәселелері бойынша консенсустық алаңды кеңейту және нығайту ниетіндеміз.

Біз ЕҚЫҰ ХХІ ғасырдағы әлемнің көпқырлылығын танитын құрылым болуы үшін бәрін де жасайтын боламыз.

ЕҚЫҰ-ға мүше көптеген мемлекеттер Қазақстанның жоспарларына, сонымен қатар, үстіміздегі жылы Астанада ЕҚЫҰ-ның саммитін өткізу туралы менің ұсынысыма қолдау білдірді.

Мен саммитте ЕҚЫҰ-ның жауапкершілігі аймағында қауіпсіздіктің көкейкесті

проблемаларын, Ауғанстандағы жағдайды және төзімділік мәселелерін талқылауды ұсындым.

Біздің ЕҚЫҰ-дағы төрағалығымыз бүкіл әлем халықтарының қауіпсіздігін дамыту мен өркендетуге бағытталады болады.

Құрметті қазақстандықтар! Құрметті Парламент депутаттары!

Көріп отырғандарыңыздай, біз елімізді дамытудың жаңа кезеңіне дайынбыз. Ауқымы жөнінен осындай күрделі де ұланғайыр міндеттерді біз бұған дейін шешкен емеспіз.

Біз өзіміздің барлық мүмкіндіктерімізді егжей-тегжейлі сараптап, 10 жыл бұрынға есептеп қойдық.

2020 жылға дейінгі даму бағдарламасы сіздерге таратып беріледі және баспасөзде жарияланады. Біз не, қашан, қалай жасалатынын және құрылатынын іс жүзінде айлар бойынша білеміз. Және, ең бастысы, жоғарыда айтылғанындай, біздің барлық іс-қимылдарымыз қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілген.

Біз алдымызда қандай қиындықтар тұрғанын білеміз. Әлемдік дағдарыс әлі аяқталған жоқ, бірақ оның өткір кезеңі артта қалды. Өткен жылдағыдай, шарасыздық жағдайлар біздің жоспарларымызға қандай да бір өзгерістер енгізуі мүмкін, бірақ мен біздің басты бағытымыз жалғастырылатынын ескертемін.

Біздің бағдарламамыздың мәні мен маңызы осында.

Әркім сапалы медициналық қызметке қолжетімділік алады.

Балалар бақшасынан бастап университетке дейінгі сапалы білім бүкіл еліміз бойынша әр отбасына қолжетімді болады.

Елімізде тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсетудің сапасы айтарлықтай жақсарады.

Зейнеткерлер, мүгедектер мен аз қамтамасыз етілген отбасылар сенімді қорғалатын болады.

Жастар – біздің болашағымыздың негізі – өз болашағын құрудың жаңа мүмкіндіктеріне қол жеткізеді.

Бұл – сіздердің әрқайсыларыңыздың алдынан, сіздердің отбасыларыңыздың алдынан, біздің еліміздің алдынан ашылатын жаңа мүмкіндіктер.

2030 жылға дейінгі Даму стратегиясында айқындалған біздің стратегиялық мақсаттарымызға қол жеткізу жолында жұмыла отырып, біз өзіміздің миссиямызды табысты орындаудамыз – тәуелсіз, өркендеген, саяси тұрақты Қазақстанды құрамыз.

Біз бүкіл қоғамды, партияның барлық мүшелерін алдағы онжылдық міндеттерін түсіндіру мен іске асыруға жұмылдырып, іс жүзінде бұл жұмысқа жетекшілік ететін және оны өзінің бағдарламасы жасайтын «Нұр Отан» партиясының мүшелеріне үлкен үміт артамыз.

Қымбатты менің отандастарым!

Өзімнің сіздерге арнаған сөзімді аяқтай келе, былай дегім келеді: біз бірлесіп Қазақстанды табысқа жетуші жасай алдық және бірлесіп оны өркендеуші жасай аламыз.

Қымбатты менің отандастарым!

Халқымызда «Ынтымақты елде бақ тұрар» деген дана сөз бар.

Біз қазығы берік, мемлекеттігі бекем, төрт құбыласы сай Қазақ елінің айбынын асырып, атағын әлемге әйгіледік.

Біз толайым табыстарға қол жеткізіп, биік белестерді бағындырдық, алайда алар асуымыз әлі де алда.

Біз сияқты халқының саны аз, экономикасы даму үстіндегі елге технология ауадай қажет. Сонда ғана әлемнің алып мемлекеттері мен төңірегіміздегі елдер бізбен санасады.

Бұл бағдарламаның түпкі мақсаты – еліміздің тәуелсіздігін баянды ету, қазақтың ұлт болып өркендеуіне жол ашу, оның тілі мен мәдениетінің кең құлаш жаюына мүмкіндік туғызу.

Келер ұрпақтың жүзін жарқын ететін бұл мақсатқа біз асқан табандылықпен ел бірлігін сақтай отырып қана қол жеткізе аламыз.

Мен осы күндері Қазақстанның бүкіл аумақтарынан мыңдаған хаттар мен жеделхаттар

аламын. Әсіресе, Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төраға болуына және атқарып жатқан жұмысыма байланысты көптеген хаттар келуде. Халықтың көңіл-күйін сіздер түсіну үшін соның біреуін оқып берейін:

«Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы, қазақ бүгін Еуропаның төріне шықты. Бұл – бүкіл қазақ халқының қуанышы мен мақтанышы. 85 мыңнан астам халқы бар шекараның шебінде, елдің ең шетінде жатқан біз үшін қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың маңызы ерекше. Бұл – халықтың ең басты мақсаты мен мұраты. Қазақ қашан қарт Еуропаның төріне шықпақ түгілі, есігінен бұрынсоңды сығалап көріп еді? Өзіңізге, қазағымызға осы биік мәртебеде абырой берсін.

Бұл жақта еліміз – аман, жұртымыз – тыныш, ең бастысы – балаларымыздың ұйқысы бұзылған жоқ. Аузымызда – тәубеміз, қолымызда – қауғамыз, халқымыздың ынтымақ-бірлігі қалыптасты. Берекеміз кіріп, ел тірлігі күннен-күнге ілгері басуда. Даламыз – дәнге, өрісіміз – малға, үй-ішіміз – жанға толды. Барлық ісіңізге Алла жар болсын. Райымбек ауданының құрметті азаматы Совет Оразаев».

Еліміздің оңтүстігі мен солтүстігінен, батысы мен шығысынан келіп жатқан осындай мыңдаған қолдау хаттар біздің халқымыздың кеңдігі мен шыдамдылығын, сауаттылығы мен мол түсінігін,

дүниеде болып жатқан оқиғаларды, ішкі және сыртқы жағдайды қарап, дұрыс аңғарып отырғандығын білдіреді.

Сондықтан дәл осындай санамен, біліммен және табаңдылықпен осы бағдарламаны орындауға қол жеткізуіміз керек. Ол жалғыз Президенттің немесе Парламент пен Үкіметтің ғана шаруасы емес.

Біз болашағымыздың жарқын болғанын көргіміз келеді. Олай болса, осы іске жеңді түріп кірісуіміз керек.

Ендеше, құрметті ағайын, ынтымағы жарасқан еліміздің бағын асыратын, мерейін тасытатын үлкен істе баршаңызға сәттілік тілеймін.

Ядролық қауіпсіздік жөніндегі
жаһандық саммитте

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

АҚШ, Вашингтон қаласы,
2010 жылғы 13 сәуір

Құрметті әріптестер!

Ядролық сынақтардың сорақы сұмдығын барынша көріп білген, Семей ядролық полигонын жапқан және әлемдегі төртінші зымырандық-ядролық әлеуеттен өз еркімен бас тартқан Қазақстан МАГАТЭ-мен тығыз ынтымақтастықта ядролық қатерді таратпау және азайтудың жаһандық үдерісінің табанды жақтаушысы болып табылады.

Нақ сондықтан бүгін Қазақстан халықаралық қоғамдастыққа бірқатар қағидаттық маңызды шараларды ұсынады.

Біріншіден, біздің еліміз уранның ірі өндірушісі ретінде әрі жоғары байытылған уранды төмен байытылған түріне қайта өңдеу мүмкіндігіне ие бола отырып, бейбіт ядролық энергетиканы дамытуға өз үлесін қосу ниетінде. Осы мақсатта Қазақстан өз аумағында Халықаралық ядролық отын банкін орналастыруға әзір.

Екіншіден, біз ядролық қарусыз аймақтар үшін, қатысушы елдердің қауіпсіздігіне теріс кепілдіктерді қоса алғанда, халықаралық-құқықтық нормалар қабылдау қажет деп санаймыз.

Біз жаңа ядролық қарусыз аймақтар қалыптастыруды, соның ішінде Таяу Шығыста қалыптастыруды жақтаймыз.

Орталық Азия аймағы аясында Қазақстан ядролық қауіпсіздікті нығайту, ядролық материалдардың таралуына жол бермеу және ядролық терроризммен күрес жөнінде өңірлік іс-қимыл жоспарын әзірлеуге бастамашы болды. Осы тәжірибені әлемнің басқа өңірлеріне де тарату орынды болар еді.

Үшіншіден, біз Әскери мақсатта бөлшектенетін материалдарды өндіруге тыйым салу туралы шартты жедел қабылдау қажеттігіне сенімдіміз.

Төртіншіден, біз Ядролық сынақтарға баршаны қамтитын тыйым салу туралы шарттың іс-әрекетке

кірісуі тәуелді болатын барлық мемлекеттерді оны ратификациялауға шақырамыз және Президент Барак Обаманың аталған шартты Сенаттың бекітуіне ұсыну шешімін құптаймыз. Ядролық қатерді және ядролық терроризмні болдырмау саласындағы екіұштылық пен тұрақсыздық ахуалын мынадай факторлар туындатады:

– елдер арасында әсіресе соғыс және бейбітшілік, ядролық қарусыздану немесе жалпы қарусыздану мәселелерінде жаһандық сенімнің жоқтығы;

– қолдағы ядролық қаруларды және оларды өндіру үшін жарайтын материалдарды сақтау, қаттау, тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында проблемалар бар;

– мемлекетаралық кооперацияның әсіресе жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесінде жүйелік әлсіздік көріністері байқалады.

«Ядролық клубқа» де-факто ядролық қаруы бар мемлекеттерді қосып, оның жаңа пішімін заңдастыратын уақыт жетті. Бұл елдер түрлі жақтарда болмауы тиіс. Осы клуб және оның әрбір мүшесі өзіне тек қана БҰҰ Қауіпсіздік кеңесімен келісе отырып әрекет ету міндеттемесін алуы тиіс.

Ал ядролық шамшылдыққа салынатын елдер олардан толық бас тартуға міндетті. Мұның өтеуіне олар Қауіпсіздік кеңесі қуаттайтын, бүкіл «Ядролық клубтан» оларға ядролық қаруды қолданбау және шабуыл жағдайында қорғау кепілін

алуы тиіс. Бұл үдеріске біріккісі келмейтін елдерге қатысты БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі санкциялар мен мәжбүрлеуге дейінгі шешуші шаралар қолдануы тиіс.

Таратпау және ядролық терроризм жәйттерімен күрес саласындағы барлық халықаралық актілерге сараптамалық талдау жүргізіп, бір ғана бағдарламалық-стратегиялық құжатқа – ядролық қаруды баршаға ортақ көлбеу және тіктеп таратпау және жою туралы жаңа әмбебап шартқа келтіру қажет. Мұндай құжат «қосалқы стандарттарды» қолданбауға және оны бұзушыларға санкциялардың нақты тетіктеріне кепілдік беруі тиіс.

Сонымен қатар біз МАГАТЭ-ның барлық талаптарын сақтау негізінде ЯҚТШ-ның мүшесі болып табылатын әрбір мемлекеттің бейбіт ядролық энергетиканы дамытуға және пайдалануға деген заңды да ажырағысыз құқығына қолдау білдіреміз. Мұнда монополиялық көзқарастар мен қосалқы стандарттар болмауы тиіс.

Ханымдар мен мырзалар!

Соңғы күндері біздер ядролық таратпау, қарусыздану және қауіпсіздік саласында айқын прогресті байқап отырмыз. АҚШ-тың жаңа Ядролық доктринасы қабылданды. Біз президенттер Барак Обама мен Дмитрий Медведевті стратегиялық шабуыл қарулары бойынша серпінді келісімге қол қойғаны үшін шын ниетпен құттықтауға тиіспіз.

Бұл тарихи қадам баршамыздан қолдау табуы және үлгі болуы керек. Барлық ядролық державалардың ядролық арсеналдарды қысқартуы жөніндегі бұл жұмыс жер бетіндегі бейбітшілік үшін оларды толық жойғанға дейін тоқталмауы тиіс. Осы саммиттегі пікірталас барысы үлкен үміт туғызады. Жаһандық саммиттің шешімдерін іске асыруға қосқан біздің үлесіміз осы жылдың маусымында Астанада Ядролық терроризммен күрес жөніндегі жаһандық бастама конференциясын өткізу ұсынысы болып табылады.

Жаһандану жағдайында терроризм ұйымдар құрылуын және жұмыс істеуін жалғастыруда екендігін ескеру қажет. Олар жаһандық коммуникация желілерін пайдалануда, ал кейде идеологиялық жақындығы немесе кәдімгі сыбайластық негізінде белгілі бір мемлекеттік режимдердің қолдауына арқа сүйейді. Мұның өзі халықаралық терроризмге тиісті инфрақұрылымдар құрып, қаржы және басқа ресурстарды шоғырландыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты аталған конференцияда қарсы әрекет шаралары мен тетіктерін әзірлеу мәселесін оның БҰҰ басшылығындағы арнаулы орган құрып, кейіннен Бас Ассамблеяның қарауына шығаруға дейін кең тәртіп-аралық және ведомствоаралық қойылысында талқылауды ұсынамыз.

Бүгінде Баршаға ортақ ядролық қарусыз әлем декларациясын болашақта қабылдау туралы

мәселені талқылауды бастайтын уақыт жетті. Біздің саммит шешімдерін өрістетуге мемлекеттер көшбасшыларының қолында тұр және біздің әрқайсымыз бөлшектенген атом әлемді бөлшектеніп жүрмеуі үшін жауапкершіліктің өз үлесін мойнына алады.

IX Еуразия медиа-форумында
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
2010 жылғы 27 сәуір

**Құрметті форумға қатысушылар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Баршаңызды Еуразия медиа-форумының ашылуымен құттықтаймын!

Осымен 9-шы рет өткізіліп отырған медиа-форум игі дәстүрге айналды. Форумда адамзатты алаңдатар жаһандық ауқымдағы өзекті мәселелер үзбей талқыланып келеді. Салиқалы, сындарлы мұндай сұхбат орнының Қазақстанда қалыптасуы

кездейсоқ емес. Батыс пен Шығысты тоғыстыратын қазақ жері бүгінде бейбітшілік белдеуіне айналды. Өркениетті ұнқатысудың өзіндік моделі орныққан қазақ елінде әлемдік діндер мен дәстүрлі конфессиялардың 3 құрылтайы өтті.

Татулықты ту еткен еліміз дүние жүзіне ізгіліктің өнегесі болуда. Қазақстан ТМД мемлекеттері арасында тұңғыш рет Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуде. Халқымызда бағзыдан жеткен «Жол – жүрсе өнеді» деген даналық сөз бар. Жолдың өнуі үшін нақты қадам керек.

Біз ядролық арсеналдан өз еркімен бас тартқан тұңғыш мемлекет ретінде қашанда жаһандық қауіпсіздіктің табанды жақтаушысы болып келдік. Бұл орайда таяуда елімізге келген БҰҰ бас хатшысы Пан Ги Мунның «Ядролық қаруға ие барлық елдерді Қазақстанның жолымен жүруге шақырамын» деген мәлімдемесі көп жайтты аңғартады. Біздің бұл бағыттағы белсенді шараларымыз одан әрі жалғаса береді.

Құрметті форумға қатысушылар! Ханымдар мен мырзалар!

Бүгінде жаһандық БАҚ-тың назары Қазақстан мен Орталық Азияға ауып тұр.

Небәрі 18 жыл бұрын біздің өңір әлемге беймәлім шет аймақ еді. Ал қазір Орталық Азия –

әлемдік экономика, қауіпсіздіктің аймақтық және жаһандық жүйесінің аса маңызды бөлігі.

Тарихта тұңғыш рет Орталық Азиядағы мемлекет – Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымын басқаруда. Біз осынау мәртебелі міндетті Ұйымға мүше барлық мемлекеттер қолданған нақты мақсат шеңберінде іске асырамыз.

Біздің төрағалығымыздың ұраны төрт Т – «траст» (сенім), «традишн» (дәстүр), «транспаренси» (ашықтық), «толеранс» (төзімділік).

Біз ЕҚЫҰ, Ванкуверден Владивостокқа дейінгі кеңістікті қамтитындықтан, қауіпсіз әлемнің жаңа сұлбасын қалыптастыруға барынша атсалысуы тиіс деп есептейміз.

Өздеріңізге мәлім, біз Астанада ЕҚЫҰ саммитін өткізуді ұсындық. Бұл идея мүше мемлекеттер тарапынан қолдау тапты. Біз осы қолдау үшін өзіміздің серіктестерімізге ризамыз. Мұндай жиын, міне, 10 жылдан бері өткізілген жоқ. Қазір бәріміз жоғары деңгейдегі кездесудің күн тәртібін әзірлеуге кірісіп жатырмыз. Басқосуда ЕҚЫҰ-ның жауапкершілігі аумағындағы қауіпсіздіктің ең көкейкесті мәселелері Ауғанстандағы ахуалды, сондай-ақ жатсынбаушылық жайын талқылау керек.

Астанада мемлекет басшыларының саммитін өткізу жаңа тарихи жағдайда «Хельсинки рухын» жаңғыртуға бағытталған маңызды оқиғаға айналды.

Бүгінде Ұйым ХХІ ғасырдың аса күрделі шарттарына бейімделуі керек.

«Қырғи қабақ соғыс» дәуірінде өмірге келген ЕҚЫҰ дамудың жаңа деңгейіне көтерілуге, әскери-саяси және гуманитарлық өлшемнен экономика мен экология мәселелеріне дейінгі қазіргі заманғы қауіпсіздіктің күллі жүйесін қамтамасыз ететін барынша тиімді құрылымға айналуға қабілетті.

Бұған Ұйымға мүше барлық мемлекеттің күш-жігерін біріктіру арқылы қол жеткізе аламыз.

Қазақстан ЕҚЫҰ төрағасы ретінде ұжымдық мақсат пен ортақ мүдде жолында әрекет етуге дайын. Соның ішінде осы Ұйымның өзге де аймақтық құрылымдарымен байланысты және ықпалдастықты жандандыру арқылы да.

Қазақстан еуропалық тәжірибеге, атап айтқанда, ЕҚЫҰ-ның нақты іс-қимылына сүйене отырып, қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың жаңа үлгілері мен құрылымдарын іздейді әрі құрады.

Бұлардың бірегейі – Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі. Бұл кеңес серпінді түрде дамып, Азия құрлығында барған сайын танымал бола түсуде. Бүгінде АӨСШК мақсаты ЕҚЫҰ-ның мүддесімен сәйкес Азиядағы ұжымдық қауіпсіздіктің жаңа үлгісіне айнала алады.

Алдағы 2011 жылы Қазақстан Ислам конференциясы ұйымына төрағалық етеді.

Қазақстан мұсылман тұрғыны басым зайырлы мемлекет ретінде ислам және христиан өркениеттерінің жақындасуына ықпал етеді.

Сондықтан біз ЕҚЫҰ мен ИКҰ арасындағы үнқатысудың жаңдануына күш саламыз.

Бүгінде біздің тәжірибеміз Батыс пен Шығыс елдері үшін тартымды. Кейбір түсініктерге қарамастан, Батыс пен Шығыс кең ауқымды үнқатысу үшін Әлемдік және дәстүрлі діндердің съездерінде, сондай-ақ Еуразия медиа-форумы сияқты сындарлы жиындарда тұрақты түрде қазақ жерінде бас қосады.

Құрметті форумға қатысушылар!

Әрбір дәуірдің өзінің басты міндеттері болады. Ал оларды шешу адамзаттың ілгерілеуін қамтамасыз етеді. ХХІ ғасырда әлем түрлі сынақтарды бастан кешіруде.

Технологиялық прогресс жаһандық қауіпсіздіктің осал тұсын көрсетті. Әлемге жаңа қатер төнуде. Көптеген мемлекеттер өрши түскен кедейлік, қайыршылық және кесел атауларын жоюда дәрменсіз. Жер бетіндегі аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы теңсіздік күшейе түсуде.

Жаһандық қаржы дағдарысы жағдайды ушықтыра түсті.

Халықаралық еңбек ұжымының мәліметі бойынша өткен жылы әлемдегі жұмыссыздар саны

212 млн-ға жетті. Бұл 2007 жылмен салыстырғанда, шектен тыс өсім. 2 жыл бұрын жұмыссыздар саны 34 млн еді. Бүгінде бірқатар мемлекеттерге банкроттыққа ұшырау қаупі төніп тұр. Өз елінен тыс жерлерде нәпақа іздеуге тырысатын заңсыз мигранттар көбейіп келеді.

Мұның өзі олардың барған жерінде әлеуметтік қиындықтар туғызуда. Қазір әлемнің 40 мемлекеті қарулы қақтығыстарға тартылған. Әлеуметтік түйткілдерді шешуге арналған қаржы қару мен әскери бағдарламаларға жұмсалуда.

Ядролық қарудың бақылаусыз «жайылуы» халықаралық терроршыларға жайлы болып тұр. «Лас бомбаларды» қолдану қаупі күшейе түсті.

Қайсыбір проблемалар қоршаған ортаның нашарлауымен – климаттың жылынуымен, қазба байлықтың сарқылуымен, топырақтың құнарлылығын жоғалтуымен және ауыз су тапшылығымен тікелей байланысты. Планетада алдын ала болжауға келмейтін табиғи апаттар болуда. Гаити, Чили және Қытайдағы зілзала орасан зор адам шығыны мен ғимараттардың қирауына әкеп соқты. Күні кеше Исландияда жанартаудың атқылауы барлық халықаралық әуе сапарларының қаңтарылуына әкеліп соққанына куә болдық.

Қазірешбір мемлекет, тіпті ең мықты ел қауіп атаулыны жеке-дара жоя алмайды. Сондықтан жаһандық қауіпсіздікті нығайту мәселесінде халықаралық ынтымақтастыққа балама жоқ.

Осы тұрғыдан алғанда Вашингтонда Ядролық қауіпсіздік бойынша жаһандық саммиттің өткізілуі үлкен мәнге ие. 60 жылдан астам уақыт ішінде тұңғыш рет әлемнің 47 мемлекеті мен халықаралық аса ірі ұйымдардың жетекшілері тұңғыш рет бас қосты. АҚШ Президенті Барак Обаманың шақыруымен мен Вашингтон саммитіне қатыстым.

Өздеріңіз де білесіздер, Қазақстан ядролық қаруды таратпау үдерісіне өлшеусіз үлес қосты. Біз өз аумағында ядролық полигонды жапқан тұңғыш ел атандық.

Сынақтардан 1,5 млн-нан астам қазақстандық зардап шекті.

Қазақ жерінде сыналған ядролық зарядтардың жалпы қуаты Хиросимаға тасталған бомбаның 2,5 мыңына пара-пар. Дәл осы Семей полигоны жабылған соң өзге елдер бізден үлгі ала бастады. Невада, Муруроа атолы, Жаңа Жер және Лобнор көліндегі аса ірі өзге ірі полигондардың үні өшті.

Қазақстан зор ядролық қаруға ие болудан бас тартып, әлемдік ядролық державалардан қауіпсіздік кепілдігін алды. Біз Вашингтон саммитінде ядролық қаруды таратпау жүйесін нығайтудың жаңа ұсыныстарын енгіздік. Әлемдегі жетекші мемлекеттердің басшылары мұны жоғары бағалады.

Біріншіден, біз ядролық қарусыздану саласында жаңа халықаралық құжаттарды әзірлеп, қол

қоюды ұсындық. Атап айтқанда, бұлар халықаралық ядролық қаруды көлденең және тікелей таратпау, сондай-ақ ыдыратушы материалдарды әскери мақсатта өндіруге тыйым салу жөніндегі жалпыға ортақ шарттар.

Мен, сонымен қатар, жаһандық қоғамдас­тықтың Ядролық қарусыз әлем жөніндегі жалпыға ортақ декларациясын қабылдау жөнінде бастама көтердім. Қазір біз БҰҰ аясында ядролық қаруға толық тыйым салатын жалпыға ортақ жаңа Жаһандық шартқа қол қоюды ұсынып отырмыз.

Екіншіден, біз ядролық энергетика саласындағы бағдарламаларға халықаралық бақылауды күшейтуді жақтадық. Біз барлық елдердің ядролық энергетикалық зерттеу жүргізуге бірдей қықысы бар деп есептейміз. Сонымен қатар, ешкім де бейбіт және әскери ядролық бағдарламалар арасындағы шектен аспауы тиіс.

Қазақстан тағы да өз аумағында МАГАТЭ аясында Халықаралық ядролық отын банкі орналас­тыруға дайын екенін растады. Бұған бізде қажетті инфрақұрылым мен мамандар бар. Біз оның сенімді қорғанысын қамтамасыз ете аламыз.

Үшіншіден, біз жаңа ядролық қарусыз аймақтарды, соның ішінде Таяу Шығыста, құруға шақырдық. Мұндай аймақтардағы барлық елдерге әлемдегі ядролық державалар тарапынан қауіпсіздіктің берік кепілі мен бейбіт атом сала­сындағы жеңілдіктер беру аса маңызды.

Төртіншіден, Вашингтон жаһандық саммитінің миссиясын іске асыруда Қазақстанның үлесі биылғы маусымда Астанада Ядролық терроризммен күрес жөніндегі жаһандық бастама конференциясының өткізілуі болмақ.

Жалпы алғанда, ядролық қауіпсіздік мәселелері бойынша қазақстандық бастамалар осындай.

Біз оларды жүзеге асыруда БҰҰ, МАГАТЭ, Ядролық жеткізушілер тобы және Ядролық терроризммен күрес жөніндегі жаһандық бастамаға қатысушы мемлекеттермен жұмыс істеу ниетіндеміз. Мен Еуразия медиа-форумына қатысушыларды осы ұсыныстар мен идеяларды жаһандық қоғамдастыққа және өз елдеріндегі саясаткерлерге жеткізуге шақырамын.

Құрметті форумға қатысушылар!

Бүгінде Орталық Азиядағы барлық мемлекеттер Еуразиядағы қауіпсіздік пен бейбітшілік жолындағы өзінің зор жауапкершілігін толық ұғынуы тиіс. Бұл жерде әңгіме бірінші кезекте аймақтағы әрбір елде берік бейбітшілік пен тыныштық, тұрақты даму қажеттілігі жөнінде. Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап жаһандық қоғамдастықтың жауапты мүшесі болуға мүдделі екенін паш етті.

«Экономикалық өсім арқылы демократияландыру» реформалар стратегиясы арқасында

140 этнос тұрып жатқан біздің елімізде саяси тұрақтылық, этностық және конфессияаралық келісім нығая түсуде. Қазақстан осы жылдары өзінің стратегиялық мақсаттарын жүзеге асырып, дамып келеді. 1997 жылы «Қазақстан – 2030» стратегиясы қабылданды. Бұл құжатта ұзақ мерзімді межені, басты мақсат пен елдің дамуының басымдықтарын айқындадық.

Жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығында ІЖӨ көлемі мен өнеркәсіп өнімін өндіруді мерзімінен бұрын 2 есе ұлғайттық.

Ауыл шаруашылығы өндірісі 1,5 есе өсті. Тұрғындардың табысы 14 есе көбейді. Біз басқару саласы және жүйеде тиімді реформалар жүргізіп, жас мемлекеттің іргетасын нығайттық.

Мемлекет небәрі 10 жылда өзінің жаңа елордасы – Астана қаласын тұрғызды. Кең байтақ даланың ортасында жаңа шаһар бой көтерді. Қазақстандықтар оны мақтаныш тұтады. Ал меймандар таңданысын жасырмайды. Қазақстан өзге елдер секілді жаһандық қаржы дағдарысы әкелген ауыр сынақтан өтті.

Біз дағдарысқа қарсы толыққанды бағдарламаны сәтті түрде іске асырдық. Елімізде бірде-бір ірі кәсіпорын жабылған жоқ, жұмыс орындарын қысқартуға жол бермедік.

Керісінше, біз тек былтырдың өзінде 400 мың жаңа жұмыс орнын ашып, жұмыссыздықты

азайттық. Банк саласы, орта және шағын кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы, құрылыс мемлекеттен қомақты жәрдем алды.

Біз халықаралық қаржы ұйымдарынан көмек сұрамай, Ұлттық қордың қаржысын пайдалану арқылы және тек өз күшімізге сене отырып, жаһандық дағдарыстың қиын сынынан өттік. Біздің экономикамыз 2009 жылды оң өсіммен аяқтады. Міне, қазір осы үрдіс нығаюда. Бірінші тоқсанның нәтижесі бойынша, ІЖӨ 6,6 %-ға, экспорт 60 %-ға, өнеркәсіп және сауда 11,5 %-ға өсті.

Дер кезінде қолға алынған шаралардың арқасында отандық банктердің қарыздарын қайта құрылымдау аяқталды. Банк жүйесі толығымен тұрақтанды. Еске түсірсек, кеңес дәуірінде Қазақстан одақтас 15 республиканың ішінде 12–13 орындарда еді. Қазір біз өзгелер мойындаған көшбасшымыз. ІЖӨ өсу қарқыны, оның көлемі және жан басына шаққандағы шетелдік инвестиция мөлшері сияқты көрсеткіштер бойынша біз ТМД-дағы барлық мемлекеттерден озық тұрмыз.

Қазір Қазақстанның ІЖӨ-сі Орталық Азиядағы елдердің барлығының экономикасынан артық. Қазақстан өз күшіне сенімді. Әр аймақтағы басқа елдерді қолдауға дайын.

Биыл Индустриялық-инновациялық дамудың 2020 жылға дейінгі жаңа бағдарламасын іске асыруға кірістік. Бұл Қазақстан үшін маңызды өміршең жоба. Биылғы жылдың өзінде құны

5 млрд долларлық 140-тан астам жоба аяқталды. Сонымен қатар бір мезгілде 26 млрд долларлық 47 жаңа жобаны іске асыру қолға алынады. Осы жоспарлардың орындалуы болашақта қазақстандық экономиканың көлемін едәуір ұлғайтып, азаматтардың тұрмысын жақсартуға мүмкіндік береді. Бүгінде Қазақстанда ең қолайлы инвестициялық ахуал қалыптасты.

Инвесторлар үшін біздің еліміз – ТМД, Кедендік одақ, Каспий өңірі және Орталық Азияның экономикалық кеңістігіне апаратын сенімді көпір.

Экономикадағы оң өзгерістер қазақстандықтардың тұрмыс деңгейінің серпінді өсуімен астасады. Біз бұл арада тұрмысы аса жоғары қоғам құру жолында әлі көптеген проблемалардың бар екенін білеміз. Міне, біздің даму жоспарларымыз осыған бағытталған. Сол себепті, біз ең алдымен қазақстандық білім беру мен денсаулық сақтау жүйелерін дамыту міндетін шешіп, құқықтық реформаны жүргіземіз. Қазір әлемдік қоғамдастықта қазақстандық даму жолы туралы айтатын болды.

Бізді сыйлайды, өйткені күшті экономикасы бар және халықаралық қоғамдастықтағы берік ұстанымға ие аймақтық державаны құрдық. Біз бұл мәртебені бағалаймыз. Оны нығайту үшін ең батыл қадамдар жасаймыз. Біздің тәжірибеміз әлемдегі көптеген транзиттік мемлекеттерге үлгі бола

алады. Медиа-форумға қатысушылардың талайы елімізде бірнеше рет болып, Қазақстанның даму қарқынын көзбен көрген. Осы арада, жайлы Алматыда тұрып, көлікпен небәрі бірнеше сағаттық жерде, көрші Қырғызстанда, мүлдем басқа ахуалдың қалыптасқанын көзге елестету қиын. Бірнеше күн бұрын күллі дүние Қырғызстандағы қайғылы оқиғаларға куә болды. Өкінішке қарай, қан төгілді, жазықсыз ондаған адам қаза тапты. Біз Қырғызстан халқымен бірге аза тұтамыз.

5 жыл ішінде бұл елде екі ірі саяси дағдарыс орын алды. Бұлар, егер халықтың тұрмысы жақсармаса, қоғамның қауіпсіздігі, этностық және конфессияаралық келісім мәселелері шешілмесе, апаттан қашып құтылу мүмкін еместігін дәлелдеді. 2005 жылы сіздердің форумдарыңыздың мінберінен сөйлегенде, сол кезде Қырғызстанда болған оқиғаға түсініктеме бере келе, ұлы Абайдың сөзін келтіргенмін. Соны тағы қайталағым келеді. «...кедей адамдар бір-біріне жақсылық тілей ме? Кедейлік көп болса, еңбегі соғұрлым арзан болмақ. Олардың бір-біріне деген көрінбейтін өшпенділігі біртіндеп ашық, ымырасыз жаулыққа апарады. Олар өшігеді, соттасады, партияларға бөлінеді, қарсыласынан басым түсу үшін ықпалды жақтастарын сатып алады, шеншекпенге таласады».

Бұған бірдеңе алып-қосу қиын. Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуші ел ретінде Қырғызстанның дағдарыстан тез шығуы үшін белсенді әрекет етуде. Біз бұдан былай да қажетті гуманитарлық және экономикалық көмекті көрсете береміз.

Сонымен қатар, мен Қырғызстандағы барлық саяси күштерді, күллі халықты тезірек бейбітшілікті қамтамасыз етуге, тұрақтылықты, тәртіпті және заңдылықты қалпына келтіруге тағы да шақырамын. Бұларсыз инвестиция да жоқ, даму да мүмкін емес.

Осы оқиғалар аймақтағы елдердің ортақ дамуы және ортақ қауіпсіздігі жолындағы экономикалық интеграциясы жөніндегі қазақстандық бастамалардың көкейкестілігін тағы да растайды.

Құрметті достар!

100 жыл бұрын азат журналистиканың басты қағидасы қалыптасты: «Түсініктеме еркін, бірақ деректер қасиетті». Бұқаралық ақпарат құралдарының болашақ қоғамды құрудағы ролі теңдессіз.

Мен форумдағы пікірталас барысында айтылған түсініктемелер мен пайымдаулар нақты деректерге сүйеніп, еркін де қызықты, пайдалы да сындарлы болатынына сенемін.

Мен сіздердің баршаңызға табыстар тілеймін.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығы
мен Отан қорғаушылар күніне арналған
салтанатты жиналыста

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2010 жылғы 7 мамыр

**Ардақты ардагерлер!
Сардарлар мен сарбаздар!**

Бүгінгі Отан қорғаушылар күні және алда келе
жатқан Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерекесі құтты
болсын!

Мен бүгін осы мерекеге орай елге еңбегі сіңген
жандарға мемлекеттік марапаттарды тапсырғалы
тұрмын. Жоғары марапат иелерін қуанышта-
рымен құттықтаймын!

Ұлы Жеңістің 65 жылдығының құрметіне менің арнайы жарлығыммен арнайы мерекелік медаль тағайындалғанын білесіздер. Онымен бүгінге дейін ардагерлер, көптеген тұлғалар марапатталды.

Екінші дүниежүзілік соғыста біздің ержүрек отандастарымыз жауынгер бабаларының даңқты жолын лайықты жалғастыра білді. Олар қазақтың қайсар, рухы биік, батыр халық екенін дүние жүзіне дәлелдеп берді. Арын – байрақ, намысын найза еткен ерлердің қаһармандығы аңызға айналды.

Қазақстан Ұлы Жеңіске зор үлес қосты. 500-ден астам қазақстандық жауынгер Кеңес Одағының Батыры атанды. Талғат Бигелдинов, Рақымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Хиуаз Доспанова сынды қазақтың батыр ұл-қыздарының ерліктері ұрпақ жадында өшпестей із қалдырды.

Жасанған жауды біз жұмылған бірлігімізбен жеңдік. Қанқұйлы соғыс жылдарында бүгінгі Қазақстан халқының мызғымас бірлігі қалыптасты. Аласапыран заманда тағдыр тоғыстырған ұлт өкілдері қазақ жерінде бір отбасының баласындай бауырласа түсті.

Біз ел басына түскен зұлмат жылдардың зілдей салмағын жан-жүрегімізбен сезініп өстік.

Сондықтан біз адамзат баласына орны толмас қайғы-қасірет әкелген сұм соғыстың жер бетінде енді қайталанбауын тілейміз.

Қымбатты соғыс және еңбек ардагерлері! Генералдар мен офицерлер!

Бүгін біз Отан қорғаушылар күнін атап өтудеміз. Осыдан 18 жыл бұрын мен тәуелсіз Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы жарлыққа қол қойған болатынмын.

2 күннен кейін Қазақстан Ұлы Жеңістің 65 жылдығын мерекелейді.

Екі мерекенің бірінен кейін бірінің келуінің елеулі нышандық мәні бар. Бұл Ұлы Отан соғысы жеңімпаздарының әскери дәстүрлері мен Отан қорғаушылардың қазіргі ұрпақтарының арасында сабақтастықтың барын білдіреді.

Бүгін жоғары мемлекеттік наградаларды тапсыра отырып, біз Отанымызды гитлерлік басқыншылардан қорғағандарға құрмет көрсетеміз. Сондай-ақ азаматтарымыздың өмір сүріп, еңбек етіп, өз болашағын сенімді қалыптастыруы үшін біздің Отанымыздың бейбіт кездегі тыныштығын күзететіндерге құрмет көрсетеміз.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс бізге сансыз қайғы-қасіреттің, құрбандықтар мен тауқыметтің арқасында келді. Біз құрбан болғандарды қастерлеп зердемізде сақтаймыз.

Ұлы Жеңіс мерекесіне және Отан қорғаушылар күніне байланысты менің ең ыстық әрі шын жүректен шыққан құттықтауларымды қабыл алыңыздар.

Содан бері 65 жыл өтті, алайда біздің халықтырымыздың өз Отанын және бүкіл Еуропаны фашистік басқыншылықтан азат ету жөнінде сол кезде жасаған ерлігінің ұлылығы жылдар өткен сайын көмескіленбек емес.

Ақыр аяғында, 1945 жылы тап кеңестік әскерлер Гитлерге қарсы коалициямен бірге II жаһандық соғыс-тың қаралы парақтарын жауып, бүкіл планетаның тағдырын шешті.

Қазақстанның даңқты ұлдары мен қыздары өзге республикалардың өкілдерімен бірге қатерлі жауды талқандауға атсалысты.

Біздің жерлестеріміз – қазақстандықтар шайқастардың бәріне де – Брест қамалын қорғауға, Мәскеу мен Ленинградты қорғауға, Сталинград пен Курск шайқастарына, Ресейдің, Украинаның, Белоруссияның, Молдавияның, Балтық маңының, Шығыс және Орталық Еуропаның аумақтарын азат етуге және Берлиндегі Рейхстагтың үстіне Жеңіс туын тігуге дейін қатысты.

Сол кезде тыл болған Қазақстанда үлкенкішілердің барлығы да – колхозшылар, жұмысшылар, қызметшілер, резервтегілер, әйелдер, қарттар мен балалар – біздің ортақ Жеңісіміздің қуатты қозғалысына қатысты. 10 оқтың 9-ы Қазақстанның қорғасынынан құйылды.

Қазақстан мен қазақстандықтар мың-мыңдаған жас мамандарды, эвакуацияға жіберілген және күштеп қоныс аударылған азаматтарды, бала-

ларды, жараланған жауынгерлерді туыстарындай қабылдады, жүздеген ұйымдар мен зауыттарды орналастырды.

Сіздердің барлықтарыңызға – ардагерлерге: майдангерлерге, тыл еңбеккерлеріне, партизандық қозғалысқа қатысушыларға, сондай-ақ жазықсыз қуғын-сүргінге қоныс аударудың ауыртпалығын бастан өткендерге, қатыгез соғыстан кейін елді қалпына келтіргендердің баршасына басымызды иеміз.

Сіздердің ерліктеріңіз, қымбатты біздің ардагерлеріміз, барлық болашақ ұрпақтар үшін теңдесі жоқ ерліктің, қайсарлықтың, жанкештіліктің, мұқалмас жігер мен өмірлік күштің үлгісі болып қала береді.

Қазіргі кезде өткен соғыстың «балама тарихтары» пайда болуда, деректер мен оқиғалар бұрмалануда, фашизм мен оның идеологтарының, соның ішінде қазіргі идеологтарының өлім әкелетін қаупі жасанды түрде жұмсартылуда.

Біз өмір сүріп жатқан жаһанның тым нәзік әрі тым осал екенін білеміз, сондықтан біздің өркениетке бірігуі қажет.

Біз өзіміздің ортақ Ұлы Жеңісіміз туралы шындықты сақтау ісінде барлық халықтармен бірге болып келдік, бірге болып жүрміз және бірге бола береміз.

Өткенін есте ұстап, болашақ алдындағы өзінің жауапкершілігін сезіне отырып, Қазақстан

ядролық қарудан бас тартты әрі бүгінде жаһандық қарусыздану үшін күрестің алдыңғы сапында келеді.

Тұтастай алғанда, біздің 1945 жылғы Жеңісіміз бүкіл адамзаттың 100, 200 жылдығы және алдағы жүздеген жылдардағы өмірін алдын ала айқындап берді.

Сол Ұлы Жеңіс болашаққа үмітімізді оятты, бостандық пен теңдік, ар мен абырой, бейбітшілік пен бақыт сияқты негізгі құндылықтарды жаңаша түсіндіріп берді.

Жеңіс барлық халықтар үшін осы құндылықтарға ұмтылыс пен қозғалысты қайтып кері кетпестей етті.

Ал мұның өзі тек Жаратушымыз ғана беретін жоғары әділеттіліктің, жоғары күш пен жоғары ақыл-ойдың басты көрінісі.

Баршаңызды тағы да мерекемен құттықтаймын!

Құрметті ардагерлер, өздеріңіздің бізге және бүкіл планетаға жасаған еңбектеріңіздің барлығы үшін шынайы алғысымызды қабыл алыңыздар!

Сіздерге мықты денсаулық, ұзақ өмір, бейбітшілік пен игілік, жақсылық, жақындарыңыздың махаббаты мен қамқорлығын тілеймін!

Бүгін сіздерге Отанымыздың наградаларын тапсыру мен үшін бөлекше есе қуаныш.

Бүгін біз 18 жылдығын атап өтіп отырған тәуелсіз Қазақстанның Қарулы Күштері аға ұрпақтардың даңқты әскери дәстүрлерін мұра етіп алды.

Біздің Жеңістеріміздің тарихы қазіргі жастарымызда, болашақ ұрпақтардың барлығында отансүйгіштік, халықтардың берік достығы сезімін тәрбиелеуде басты үлгі болуы үшін барлығын да жасау біздің ортақ борышымыз.

Бүгін біз наградаларды олардың әкелері мен аталары соғыс жылдарында қорғап қалған асыл мұраттар мен құндылықтарда тәрбиеленген жеңімпаздар ұрпақтарының лайықты ізбасарларына табыс етеміз.

**Қымбатты ардагерлер!
Қазақстан Қарулы Күштерінің әскери
қызметшілері!**

Менің жарлығыма сәйкес 356 адам мемлекеттік наградаларға ие болды. Өкінішке қарай, олардың арасында қайтыс болғаннан кейін марапатталғандар да бар.

Бүгінгі күнгі жауынгерлер әскери тапсырмаларды орындай отырып, құқықтық тәртіпті күзете жүріп бейбіт кезде де ерлік көрсетуде. Олар тәуелсіз Қазақстанның қорғаныс қабілетін нығайтуға үлкен үлес қосуда.

**Құрметті қазақстандықтар!
Қымбатты ардагерлер!**

Сіздерді тағы да Ұлы Жеңістің мерейтойымен құттықтаймын!

**Керей мен Жәнібек хандардың
ескерткішінің салтанатты ашылуында**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2010 жылғы 1 маусым

**Ардақты астаналықтар!
Қадірлі қала қонақтары!**

Бүгін асқақ Астанамыз тағы бір тағылымы мол сәулет туындысымен толыға түсті.

Біз Елордамыздың төрінде ұлысымызды ұйыстырған Керей мен Жәнібек хандардың еңселі ескерткішін ашып отырмыз. Бұл – тұғырлы тарихымызға, елдік дәстүрімізге, мызғымас мемлекеттігімізге арналған мәңгілік белгі.

Баршаңыз білесіздер, Керей мен Жәнібек хандар қасиетті Қозыбасы жерінде «Қазақ» деп аталатын хандықтың алғашқы қадасын қақты. Алтын Орданың заңды мұрагері ретінде Шу мен Сырдың арасында бой көтерген қазақ ордасы уақыт өте келе ұланғайыр далаға иелік етті. Бұл елордамызда Керей мен Жәнібек хандарға жасалып отырған құрметтің алғашқысы емес. Астананың сол жағалауында олардың атын иеленген үлкен көше бар.

Мен еліміздің бүгінгі мен болашағын жалғап тұрған Астанамыздың өткен тарихымызбен терең астасуына ерекше мән беріп келемін. Сондықтан, елордамыз жаңа көшіп келгенде, Есілдің жағасынан азаттық жолында шәйіт болған Кенесары ханның ескерткішін орнаттым. Астананың 10 жылдығына орай елордамыздың бас алаңында зәулім «Қазақ елі» монументі бой көтерді.

Астана көшелеріне ұлы тұлғаларымыз бен тарихи қалаларымыздың аттары берілді. Осының бәрі біздің ата-баба аманатына адалдығымыз бен ұрпақтар сабақтастығының жарқын көрінісі.

Тарихта Керей мен Жәнібек хандардың аттары қашанда қатар аталады. Екі ханның елге еткен еңбегі мен ерлігі бірдей бағалы. Сондықтан ұлы тұлғаларды бөліп-жармай, ескерткішті екеуіне бірге қойып отыр-мыз. Алаш жұртының алғашқы хандары Керей мен Жәнібекке арналған бұл

ескерткіштің осы жерде бой көтеруінің астарында үлкен мән бар. Бүгінде тәуелсіздігіміздің бой-тұмарына, елдігіміздің рәмізіне айналған асқақ Астананың алғашқы кірпіші осында қаланды.

Алғашқы ордамыз бастапқыда осы жерге орналасып, маңайына мемлекеттік маңызды мекемелер қоныс тепті.

Сондықтан біз тұңғыш хандарымыздың тұғырлы белгісін Тұңғыш Президенттің мұражайы саябағында, Астана қаласының Әкімдігі ғимаратының маңында орналастыруды жөн деп таптық. Жалпы, ескерткішті орнатуға тек сәулетшілер ғана емес, белгілі тарихшы-ғалымдар да үлкен үлес қосты. Кейіпкерлердің сыртқы келбеттерінің сол дәуірге мейлінше сай келуіне баса көңіл бөлінді.

Ескерткіште еркіндік алып, жаңа орданың іргесін тіктеген хандарымыз ұлыстың байрағын мығым ұстап тұр.

Бұл – Сүйінбай ақын айтқандай, «бөрілі байрақ» көтерген даңқты бабалардың «мәңгі ел орнату» аңсарының көрінісі. Расында Керей мен Жәнібек тіккен сол киелі Ту жығылған жоқ. Ол Қазақстанның тәуелсіздік алуымен бірге аспан астында қалықтаған қырандай шырқау биікке көтеріле түсті. Сондықтан біз тәуелсіздіктің көк байрағын берік ұстап, егемендігімізді көзіміздің қарашығындай қорғауға тиіспіз.

«Еркіндік қайда болса – елдік сонда» дейді халық даналығы. Қазақта «Егемен болмай – ел

болмас» деген сөз бар. Түптеп келгенде, Керей мен Жәнібек тұсында тарих сахнасына шыққан «қазақ» деген сөз «егемен, еншісін алған еркін ел» деген мағына береді.

Бабаларымыздың ұлыстың атына таңған азаттық аңсарын ақиқатқа айналдыру біздің ұрпақтың маңда-йына жазылыпты.

Бүгінде егемен еліміз айдай әлемге танылған айдынды мемлекетке айналды. Берекелі бірлігі мерекелі тірлігімен ұштасқан Қазақстан дамудың даңғыл жолына түсті. Еліміз батыстың беделді ұйымына жетекшілік етіп, халқымыз бұрын-соңды болмаған табысқа қол жеткізді.

Құрметті қазақстандықтар, астаналықтар!

Бүгін біз қазақ мемлекеттілігінің бастауында тұрған екі ұлы тұлғаға ескерткіш ашып отырмыз.

XV ғасырдың екінші жартысында біздің бабаларымыз тарихта алғаш рет өзінің төл мемлекеті – Қазақ хандығын құру үшін Керей мен Жәнібек туының астында бастарын қосты.

Біздің халқымыздың еркіндікті ұнататын мінезін сипаттайтын «қазақтар» деген өзіндік атауы тап сол кезде бекіді.

Біз өз бабаларымыздың мұрасын есте ұстаймыз әрі қастерлейміз. Біз қазақ мемлекеттігінің негізін қалаушылар Керей мен Жәнібектің халқымыздың тарихындағы үлесін лайықты бағалаймыз.

Бүгін осы ескерткішті өзіміздің терең құрметіміз бен алғысымыздың белгісі ретінде ашып отырмыз. Ол үшін ерекше, рәміздік мәні бар орын таңдап алынды. Осы жерде 1997 жылдың желтоқсанында тәуелсіз Қазақстан Республикасы жаңа астанасының жүрегі соға бастады.

Тәуелсіз мемлекетті, халықаралық қауымдастықтың құрметті мүшесін құру мен дамытудың тарихи миссиясы тап осы қазіргі ұрпақтың маңдайына жазылыпты.

Бүгінде біз өз мемлекеттігімізді нығайтып, экономикамызды дамытып, жаңа Қазақстанның халықаралық танылуын ұлғайтудамыз.

Қоғамның бірлігі, біздің достығымыз бен ынтымағымыз табыстарымыздың басты шарты болып келді, қазір де солай және бола да береді.

Еуразияның алып дала кеңістігінің ортасында біздің Астанамыз өсіп, нығаюда. Біз өз бабаларымыз бастаған ұлы жасампаздық миссияны жалғастыру үстіндеміз.

Бүгінде біздің еліміз өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуда маңызды рөл атқарады. Биыл Қазақстан беделді ЕҚЫҰ ұйымына жетекшілік етті, ал келесі жылы біз Ислам конференциясы ұйымының төрағасы қызметіне кірісеміз. Қазақстан жері әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының съездерінде конфессияаралық ұнқатысудың құтты мекені болып алды.

Қоғамдағы келісім мен өзара іс-қимылдағы біздің тәжірибеміз бүгінде әлемде жоғары қызығушылық танытуда.

Құрметті қазақстандықтар, астана тұрғындары!

Қазақстанның жаңа елордасы жыл өткен сайын жаңа архитектуралық ансамбльдермен, ғимараттармен, ескерткіштермен көркейе түсуде.

Монументтік өнерде тарихи тұлғаларға арналған ескерткіштер ерекше орын алады.

Астанада қазірдің өзінде Кенесарының тамаша ескерткіші, қазақтың үш биіне арналған ескерткіш, басқа да монументтер бар.

Осылардың бәрі де азаматтарымыздың, әсіресе жастарымыздың бойында Отанға деген патриоттық және махаббат сезімді қалыптастыруға, біздің тарихи зердемізді шыңдауға бағытталған.

Барлық қазақстандықтарды жаңа тамаша ескерткіштің ашылуымен құттықтаймын!

Сіздерге жаңа табыстар, бейбіт өмір және барлық қазақстандықтардың отбасыларына игіліктер тілеймін!

Құрметті қауым!

Ұлы бабаларымызды ұлықтау – ұлыстың ұйытқысына айналған іргелі ұлт ретінде өркен жаюымызға бағытталған ауқымды шара.

Тарихи таныммен ұрпақ өседі, ұлттық сана қалыптасады. Кешегімізге көрсетілген құрмет келешегіміздің жарқын болуына жол ашады. Сондықтан, өскелең ұрпақ өткенін танып, болашағын бағамдау үшін, мұндай ескерткіштер аса қажет.

Ендеше ұлы хандарымызға арналған еңселі ескерткіш құтты болсын! Астанамыздың абыройы асқақтай берсін! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміз еңселі болсын!

Бабаларымыздың әруақтары баршамызды қолдап жүрсін!

**Қазақстан Республикасының Тұңғыш
Президенті – Елбасы заңнамалық актілеріне
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
заңдарға қол қойылмауына байланысты**

ҮНДЕУІ

Астана қаласы,
2010 жылғы 4 маусым

**Қымбатты қазақстандықтар!
Құрметті Сенат және Мәжіліс депутаттары!
Қадірлі «Нұр Отан» Халықтық-
демократиялық партиясындағы серіктерім!**

Баршаңыз білесіздер, менің алдыма Тұңғыш Президент – Елбасы туралы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы еліміздің Парламенті қабылдаған заңдар келіп түсті.

Ең әуелі, маған заңды тұрғыдан Елбасы деген ресми мәртебе белгілегені үшін депутаттарға зор

алғыс айтамын. Осы мәртебені қабылдау туралы тілек айтып, 10 мыңдаған хат жолдаған отандастарыма – көп ұлтты Қазақстанның азаматтарына шын жүректен ризашылық білдіремін.

Еліміздегі тұрақтылықты одан әрі нығайту мақсатында Парламент аталған шешімді бірауыздан қабылдады.

Бұл ыстық ықыласты маған деген қалтқысыз сенімнің көрінісі деп бағалаймын. Мұны тарих үшін тым қысқа уақыт аралығында, тәуелсіздік жылдарында мүмкін еместі жүзеге асырған, мызғымас шекарасы халықаралық деңгейде мойындалған, байтақ Астанасы көкпен таласып бой көтерген, күйреген әкімшілік жүйені өзгертіп, өтпелі кезеңде күйзелістен аман шыққан, әлемдік тәжірибеге сүйене отырып нарықтық экономиканың өзіндік қазақстандық үлгісін қалыптастырған еліміздің ерен еңбегінің еленуі деп білемін.

Біз саяси тұрақтылықты сақтап, азаматтық әлем мен толеранттылықты, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді басты ғұмырлық құндылық ретінде ұлықтап, нығайтып келеміз.

Біздің еліміз ұстанған айқын бағытымен, экономикалық реформалардың қарқыны және тиімділігімен, өзара әріптестікке және ауқымды ықпалдастыққа негізделген серіктестікке ұмтылысымен, ізгілікке құштарлығымен әлемдік қауымдастықтан лайықты орын алды.

Біздің ядролық қарудан бас тарту және жаһандық жаппай қарусыздану жөніндегі бастамаларымызды барлық елдер, Біріккен Ұлттар Ұйымы қызу қолдап, оны планетаның қауіпсіздігі жолындағы күрестің көшбасшылары қатарындағы Қазақстанның әлемдік серпілісі ретінде таныды.

Мен күрделі кезеңде елдің көшін бастау құрметіне ие болдым. Сонда сіздердің нақты қолдауларыңызды, ынта-жігерлеріңізді, қажыр-қайраттарыңызды әрдайым айқын сезіндім.

Бұл – орасан бақыт. Бұдан өзге маған ештеңе қажет емес. Бойдағы қуат, білік пен тәжірибе мүмкіндік берсе, мен халқым жүктеген қастерлі міндетті орындау мақсатында әлі де қажымай қызмет ете беремін.

Ең бастысы – күрделі кезеңде биліктің бастамаларын халықтың қапысыз түсінуі мен оны қалтқысыз қолдауы. Мысалы, жаһандық қаржы дағдарысынан біз жаңа идеялар арқылы тың жоспарлар жасап, шынығып шығып келеміз.

Қымбатты отандастар!

Тек тұрақты және гүлденген ел ғана өзге мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың жауапкершілігі мол лайықты әріптес бола алады. Біз осыған қол жеткіздік.

Қазір біз 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын және Қазақстанның инновациялық-технологиялық даму бағдарламасын жүзеге асыруға

кірістік. Елді индустрияландырудың картасы әзірленді.

Жалпы алғанда, экономиканы технологиямен жабдықтандырып, оны инновациялық дамудың арнасына бағыттау, сапалы жаңа өндіріс орындары мен ғылыми орталықтар ашу, адам мүмкіншілігінің сапасын көтеру сияқты ұланғайыр міндеттер белгіленді.

Ойға алған істердің барлығының орындаларына менің сенімім кәміл. Алайда тек тұрақты елде ғана азаматтардың тең құқық пен мүмкіншілікпен, лайықты жұмыспен, әрбір отбасының молшылық және жарқын болашақпен қамтамасыз етіле алатынын есте сақтаған абзал.

Біз сондықтан жақсылыққа бел алған дәуірге деген халықтың сенімі нығая түсуі үшін бәрін жасауға тиіспіз.

Біз бірге осылай жұмыла түссек, кез келген қиындықты еңсеретінімізге кәміл сенемін.

Мен қоғамдық пікірде берік қалыптасқан «Елбасы» мәртебесін заңдастыру туралы Парламенттің шешімін түсіністікпен қабылдаймын.

Әлеуметтік зерттеулер бүгінде Қазақстан халқының басым көпшілігі осы идеяны қолдайтынын көрсетіп берді. Сондықтан мен еңбегімді бағалап, қолдау білдіргендері үшін қазақстандықтарға шынайы алғысымды білдіремін.

Сонымен қатар мен Елбасы мәртебесін тек заңдармен, декреттермен немесе өзге де құқықтық актілермен белгілеуге болмайды деп есептеймін.

Мемлекет басшысына қосымша өкілеттіктер беру туралы мұндай тәжірибелер әлемдік қолданыста аз емес.

Біздің таяудағы тарихымызда мұндай жағдай бұрын болған, мен онда реформаларды пәрменді жүргізу үшін қосымша өкілеттіктер сұраған едім. Ол уақытта бұл біздің еліміздің посткеңестік кезеңдегі күйзелістен шығуында шешуші фактор болды.

Егер болашақта елдің дамуы мен азаматтардың қауіпсіздігіне, мемлекеттің тұтастығы мен ұлттың мүддесіне қатер төндіретін алмағайып заман туса, мен қосымша өкілеттіктер сұраймын және қажетті дәлелдер арқылы халықтың қолдауына толық ие боларыма күмәнім жоқ.

Баршаңыз білесіздер, маған қарата айтылған барлық мадаққа, менің жеке тұлғамды айрықша ұлықтайтын ұсыныстарға мен үзілді-кесілді тыйым салып келемін. Мен іс басындағы Президент ретінде осы мәселе төңірегіндегі теңгеге бейне таңбалау, түрлі атақтар сияқты бекершілікке әрдайым қарсы болдым.

Мен әрқашан түрлі мақтау мен мадақтан биік тұруға тырысамын және осы ұстанымымда қала беремін.

Президенттің ар-намысын және дербес құқығын қорғау туралы ұсынылып отырған мәселе жөнінде. Бұлар ел Конституциясында, Президент, Тұңғыш Президент туралы заңдар мен өзге де заңнамалық актілерде шешімін тапқан.

Менің отбасымның мүшелері туралы. Олар, өзге азаматтар сияқты, таңдаған мамандықтары бойынша еңбек етуге немесе қоғамдық-саяси қызметтер атқаруға және бизнеспен айналысуға құқылы.

Сонымен қатар, барша қазақстандықтар сияқты, ел азаматтарын теңестіретін бұлжымас Заңға бағынуы тиіс.

Бұрынғы күйеу балам, үш немеремнің әкесі Р. Әлиевтің шектен шығу арқылы тек өз отбасын, балаларын, мені ғана емес, тұтас елді сатып кетуі – маған және менің отбасыма орасан қасірет болды.

Бұл жағдайды мен және туыстарым қайыспай қарсы алып, оған шығарылған соттың шешімін әділ үкім ретінде қабылдадық. Басқаша болуы мүмкін емес еді. Бұл тек менің жақындарыма ғана емес, мемлекетіміздегі билік басында жүрген барша азаматтар үшін қатаң сабақ болды.

Тәуелсіздік жылдары біз сіздермен бірге өркеніетті әлемнің өлшемі мен дәстүрлеріне сәйкес еркін, зайырлы, құқықтық мемлекет құрудамыз.

Біз осы жолда қол жеткізген табыстарымыз арқылы жетекші халықаралық ұйымдар мен интеграциялық құрылымдардың зор құрметіне ие болдық.

Баршаңыз білесіздер, Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының төрағасы болып табылады, өңірлік бірқатар ұйымдарға басшылық жасауда.

Біз осы сенімнің үдесінен шығып, абыройлы міндетті лайықты атқаруға тиіспіз.

Жоғарыда айтылған жағдайларға байланысты, құрметті Сенат және Мәжіліс депутаттары, маған жіберілген заңдарға қол қоюдан бас тарту жөніндегі ұстанымымды дұрыс түсінулеріңізді өтінемін.

**Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің
XXIII пленарлық отырысында**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
2010 жылғы 4 маусым

Ханымдар мен мырзалар!

Мемлекет еңбек ресурстарының сапасын арттыру үшін көп күш-жігер жұмсауда.

Соңғы 5 жылда білім беруді дамытуға мемлекеттік бюджеттен 2,5 трлн теңгедей бөлінді.

Осы жылдарда «Болашақ» бағдарламасы бойынша 6 мыңнан астам мектеп бітіруші білім алды.

Қазірдің өзінде менің бастамам бойынша зияткерлік мектептер жұмыс істей бастады. Биыл Астанада жаңа халықаралық университет алғашқы студенттерін қабылдайды.

Жақында біз Болон үдерісіне қатысушы атандық, мұның өзі қазақстандықтардың еуропалық білімге қолжетімділігін ұлғайтып, студенттер мен оқытушылардың ұтқырлы бола түсуіне ықпал етеді.

Кәсіптік-техникалық білім беру саласында ірі кәсіпорындардың арқауында кадрлар даярлайтын 23 оқу орталықтары құрылды.

Дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру барысында біз 100 мың маманның даярлануы мен қайта даярлықтан өтуін қамтамасыз еттік. Көптеген қазақстандықтар тап осы жаңа мамандықтар алуының арқасында жұмысын сақтап қалды.

2011 жылдан бастап «Бизнестің жол картасы – 2020»-ның шеңберінде оның маңызды үш құрамдас бөлігін: кадрлар даярлау, кәсіби біліктілікті арттыру және жастар тағылымдамасын жүзеге асыру басталады.

Тартылған жұмыс күші сапасын жақсарту және қазақстандық үлесті ұлғайту бағытындағы жұмыстың жүргізілуі бірінші жыл еместігін және мұнда жетістіктер бар екенін сіздер білесіздер. Мәселен, біліктілігі жоғары мамандарды әкелуде жағдай жақсарды, олардың үлесі 68 %-ға жетті.

Соңғы 5 жылда Қазақстан қарқынды экономикалық өсімге қол жеткізді және әлемдік экономикалық дағдарыстың өзіне қысымын сезінді.

Еліміз алдын-ала қабылданған ықпалды іс-шаралары мен резервіне орай дағдарысқа рецессиясыз тойтарыс берді.

Отандық қаржы жүйесінің жұмысы толықтай қалпына келтірілді.

Отандық оқу орындарындағы оқыту сапасы негізгі проблемаға айналғандығы жасырын емес, яғни мұның өзі, ең алдымен халықаралық стандартқа, не болмаса жұмыс берушілердің талабына сәйкес келмейді.

Орта және жоғары білім саласында бағдарламаны орындау үшін эталондық оқу орындары құрылуда.

Бұл – зияткерлік мектептер, жаңа халықаралық университет. Олардың оң тәжірибесі мен инновациялары кейіннен бүкіл жүйеге таратылатын болады.

Жекелей алғанда, Астанадағы халықаралық университетіміз әлемдік деңгейдегі белгілі шетелдік университеттермен бірлесіп, инженер, ғылыми-жаратылыстану, медицина және бизнес бойынша мамандар дайындайды.

Күні ертең олар сіздердің кәсіпорындарыңызға жұмыс істеуге барады.

Сондықтан Кеңестің барлық мүшелерін осы университеттің Қорын қаржылай қолдауға шақы-

рамын, ол әлемнің осы секілді жетекші университеттеріне ұқсас етіп құрылуда. Бір құптарлығы, бұл оқу орнында зияткерлік мектептерді бітірген ең дарынды балалар білім алады.

Құрметті Кеңес мүшелері мен шақырылған қонақтар!

Бүгін мен Кеңес пен әрбір инвестордың назарын төмендегі 7 шешуші мәселе мен міндетті шешуге аударғым келеді.

Біріншіден. Жұмыс орындарының айтарлықтай ұлғайтылуы талап етіледі. Бұл орайда, қазақстандық орта буын менеджерлермен, білікті жұмысшылармен еңбек келісіміне қол қойғанда шетелдік жұмыс күшін тартуда тепе-теңдік арақатынас 90 %-дан 10 %-нан кем болмауы тиіс. Жоғарғы буынның менеджерлері бойынша қазіргі кезеңде бұл көрсеткішті 70 %-да 30 % деңгейінде белгілеуге болады.

Екіншіден. Экономика талабына орай кадрларды даярлау және қайта дайындау жөнінде озық аймақаралық орталықтар құрылуы тиіс. Мамандар біліктілігін сертификаттаудың салалық жүйесін енгізген жөн. Сондай-ақ барлық салалардағы сирек мамандықтарды игеруге гранттық стипендиялар тізімін ұлғайтудың берері мол.

Үшіншіден. Жоғары және кәсіптік-техникалық оқу орындарында маман дайындаудағы оқу

бағдарламасын өзгерту қажет. Халықаралық стандарттарды енгізетін уақыт жетті. Сіздер, құрметті инвесторлар, оқытудың әлемдік стандартына көшу бойынша, нормативті құқықтық негіздерді әзірлеуде және олардың материалдық-техникалық базасын нығайтуда қазақстандық жоғары және арнаулы орта білім оқу орындарына ықпал етуге қабілеттісіздер.

Төртінші. Қазақстанда жұмыс істейтін шетелдік компаниялардың тапсырысы бойынша түрлі салаларға арналған орта техникалық мамандар даярлау тәжірибесін ұлғайтқан жөн.

Бесінші. Біздің кәсіпорындардағы менеджерлер мен мамандардың технологиялық жағынан үздік шетелдік ірі компанияларда еңбек тәжірибесінен өткенін қалар едім.

Алтыншы. Сондай-ақ серіктесе отырып, Үдемелі индустрия-инновациялық даму бағдарламасының шеңберінде барлық салалардың ғылыми кадрлары мен инженерлік-техникалық мамандарын ұтымды қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жолға қою қажет.

Жетінші. Қазақстанның еңбек нарығында қазіргі және келешектегі маман қажеттілігінің тұрақты мониторингі жүйесін құратын уақыт жетті. Ол еңбек нарығы дамуының халықаралық бағыттарын ескере отырып, ел халқының ішкі еңбек миграциясы үшін қажетті ынта беруі тиіс.

Келтірілген талаптардың бәрін мен бір мезгілде Үкіметке, барлық министрліктер мен ведомстволарға арнап айтып отырмын. Жұмыла жұмыс істеу керек. Бізде өзінше ойлай білетін, елді жаңғырту міндеттерін тиісінше қабылдауға қабілетті кадрларды қажет етпейтін салалар жоқ.

Үдемелі индустрия-инновациялық бағдарлама тек биылдың өзінде 150 тарта зауыттар мен кәсіпорындарды өмірге әкелетінін сіздер білесіздер. Алайда бұл жаңа кәсіпорындар елдегі жұмыс істеп тұрған өндірістік кәсіпорындардың 2 %-дан да азын құрайды.

Мәселе туындайды – Қазақстан өнеркәсібінің қалған орасан бөлігін кім, қалай және қашан жаңартпақ?

Үдемелі индустриялық-инновациялық бағдарламаның шеңберінде біз еліміздің барлық жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарын жеделдете жаңғырту жөнінде арнайы іс-шаралар әзірлеуіміз керек деп есептеймін.

Үкіметке қысқа мерзімде Қазақстандағы барлық ірі және ауқымды кәсіпорындардың негізгі өндірістік қорларын жаңартудың тиімділігіне толық аудит жүргізуді тапсырамын.

Соның қорытындылары бойынша нақтылы іс-шараларға кірісу керек.

Ол үшін, мәселен, активтерді үдемелі жаңғыртудың жақсы жобасына ашық конкурс жариялауға болады. Оның қорытындыларын шығару

үшін әлемнің таңдаулы мамандарынан беделді тәуелсіз комиссия құруға болады. Конкурста жеңіп шыққан жобалар осы кәсіпорындардың әрқайсысында практикалық жүзеге асыруға ұсынылады. Егер активтің меншік иесі жеңімпаз болып шықпаса, онда кәсіпорынның қазіргі иесі жаңғыртуды жоба авторымен әлдебір бірлесе иелену немесе жаңашылдарды ынталандырудың басқа әдісін қолданып жүргізуі тиіс.

Үкімет инвесторлармен және кәсіпкерлер бірлестіктерімен күш қоса отырып, кәсіпорындарды жаңартудың осындай жеделдетілген нысанын ынталандырудың құқықтық және экономикалық құралдарын әзірлеуі керек. Бүгінгі уақыт талқысы осындай, біз бәсекелестіктің нарықтық заңдары жұмыс істеп кеткенге дейін күте алмаймыз.

Екінші жағынан, жабдықтарды өзімізге әкеле отырып, біз сондай-ақ технологиялардың сапасына да назар аударуға тиіспіз.

Жақында ғана Мексика шығанағында болған апат жөнінде айтсақ та болады. Әлем апаттық, орны толмас шығынның пайдаланылудағы жабдықтардағы ақаудың кесірінен кеткенін білді. Сонда «BP» компаниясының бұдан бұрын жариялаған, мақтанарлық сапасы мен қауіпсіздігі қайда қалған?!

Ал мұндайға біздер жабық теңіз жағдайында жол бере алмаймыз!

Осы залда қатысып отырғандардың бәрінің де өз меншіктерінің тиімді басқарылуының арттырылуына және өз активтерінің уақтылы жаңғыртылуына шынайы мүдделілігі бізден кем емес болар деп пайымдаймын.

Сіздердің әрқайсыңызға шын жүректен табыстар тілеймін. Себебі жеңіске деген жақсы мүмкіндіктер тап осы сіздерде, осы өнеркәсіптік активтердің қазіргі иелерінде ғой. Біз сіздердің ұсыныстарыңызды және Қазақстанды жаңғыртуға ықпалдарыңызды күтеміз.

Шетел инвесторларының кеңесі отырысын толығымен осы тақырыпқа арнауға болар еді.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары
кеңесінің III саммитінде

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Түркия Республикасы,
Ыстамбұл қаласы,
2010 жылғы 8 маусым

**Жоғары Мәртебелілер!
Құрметті мемлекет және үкімет
басшылары, халықаралық ұйымдардың
жетекшілері!
Ханымдар мен мырзалар!**

Өткен жылдар ішінде Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту мәселесі жөніндегі беделді форумға айналып, жалпы өңірлік үнқатысудың маңызды тетігі ретінде қалыптасты.

Форумның институттану кезеңі аяқталғанын ризашылықпен атап өтуге болады.

АӨСШК қабылдаған маңызды құжаттар біздің форумның уақыт көшіне ілесе алатынын танытып отыр. Бүгінгі таңда бүкіл әлем қазіргі заманғы сынақтар мен қатерлерге төтеп берудің тиімді жолдарын қарастырып жатқаны белгілі.

Қағидаттар декларациясы, Алматы актісі, Сенім шаралары тізімдемесі, Рәсім ережелері, сондай-ақ Артықшылықтар мен иммунитеттер конвенциясы сияқты құжаттар АӨСШК қызметінің барлық бағыттары бойынша нақты ықпалдасу үшін кең ауқымды құқықтық негіз қалыптастыруда.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің басым бағыттарын дамыту жолында айтарлықтай ілгерілеу бар. 5 жыл бойы жүргізілген келіссөздер нәтижесінде әскери-саяси өлшемдегі мәселелерді талқылауды бастау жөніндегі уағдаластыққа қол жеткізілді.

АӨСШК-нің үйлестіруші және тең үйлестіруші елдерінің көлік дәлізін дамыту, есірткі трафигімен күрес, төтенше жағдайларды басқару сияқты жекелеген сенім шараларын жүзеге асыру барысындағы қызметін атап айтқым келеді.

Қазақстанда АӨСШК-нің халықаралық Хатшылығы табысты жұмыс істеуде. 2 саммит өткізілді, министрлер деңгейінде 3 кездесу болды. Халықаралық және өңірлік ұйымдармен және форумдармен байланыстар орнатылды. Азиядағы

өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі БҰҰ Бас Ассамблеясы жанындағы бақылаушы мәртебесіне ие болды.

Кеңесіміз болашақта Азиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі толыққанды ұйымға айналу бағыты бойынша дамып келеді.

АӨСШК-ге Вьетнам мен Ирактың мүше болып кіруімен, ал Бангладештің бақылаушы мәртебесін иеленуімен құттықтаймын. Енді біздің форум Азия құрлығының 90 %-ын және Жер шары тұрғындарының тең жартысын құрайтын 22 мемлекеттің басын қосып отыр.

Форумға қатысушылар құрамының кеңеюіне және оның халықаралық беделінің артуына орай жалпы көпшіліктің қарауына АӨСШК Хатшылығы басшысының мәртебесін Атқарушы директор деңгейінен Бас хатшы деңгейіне көтеру туралы ұсыныс енгіземін.

Жоғары Мәртебелілер!

Ядролық қауіп-қатер адамзат үшін ең күрделі түйткілдердің бірі болып отыр.

Ядролық қару-жарақтан өз еркімен бас тартқан Қазақстан бүгінгі таңда халықаралық қауіпсіздікті нығайту жолындағы іс-әрекетін одан әрі жалғастыруда.

Үстіміздегі жылғы сәуір айында Вашингтонда өткен ядролық қауіпсіздік жөніндегі Жаһандық

саммитте мен жалпыға ортақ тіке және көлбеу ядролық қаруды таратпау жөнінде жаңа әмбебап Шарт әзірлеу, ядролық қарусыз аймақтардың құқықтық мәртебесін реттеу, Ядролық отынның халықаралық банкін жасау, сондай-ақ ядролық қауіпсіздік орталығын құру туралы ұсыныс енгізген едім.

Қазақстан екі ядролық держава – Үндістан мен Пәкстан арасындағы жақындасуды қолдайды. Біз сондай-ақ Таяу Шығыста ядролық қарусыз аймақ құру бағытындағы жұмыстар оңтайлы шешімін табар деп үміттенеміз.

Иран ядролық бағдарламасы төңірегінде қалыптасып отырған жағдайды тек қана дипломатиялық жолмен шешкен жөн деп есептейміз.

Осы орайда Иран, Түркия және Бразилия арасындағы уран алмасу бойынша уағдаластық назар аударарлық қадам болып табылады. Сонымен бірге Солтүстік және Оңтүстік Корея арасындағы қатынастардың қайтадан ушығуы айтарлықтай алаңдаушылық туғызуда. Біз екі тарапты да ұстамдылыққа және Корея түбегіндегі ахуалды шиеленістірмеуге шақырамыз.

Қалыптасқан жағдайға орай әскери-саяси бағыттағы үнқатысуды дамыту аса маңызды. АӨСШК-нің қолында өзара қарым-қатынастардың басты бағыттарын айқындайтын Сенім шаралары тізімдемесі бар.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің әлеуетін, соның ішінде сенім шаралары тәрізді мүмкіндіктерін өткен аптада Жерорта теңізінің шығыс жағалауында орын алғандай жанжалды жағдайлардың алдын алу мақсатында тиімді пайдалануға болады.

Осы мінбеден аталған жанжалға қатысы бар барлық тараптарды сындарлы үнқатысуға шақырамын. Мұнсыз өңірдегі қауіпсіздік пен тұрақтылық жөнінде сөз қозғаудың өзі қиын.

Құрметті достар!

Ауғанстанның орнықты әрі тұрақты дамуына бәріміз де бір кісідей мүдделіміз.

Бейбіт, тәуелсіз және өркендеген Ауған мемлекетінің қайта жаңғыруы жолында заңсыз есірткі мен қару-жарақ айналымына, терроризмге және діни экстремизмге қарсы күрес жүргізу басты шарт болып табылады.

Қазақстан әлемдік қоғамдастықтың ауғандық есірткі желісімен күресіне үлкен мән береді.

Біз Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығын аштық. АӨСШК осы орталықпен тығыз ынтымақтастық орнатуы керек деп ойлаймын.

Біз Ауғанстанды бейбіт өмір аясында дамуына қайтару жолында кешенді іс-шараларды жүзеге асыруды жөн санаймыз.

Іске асырылып жатқан білім беру бағдарламасына сәйкес Қазақстанның оқу орындарында

1 мыңдай ауған жастарының білім алуы үшін 50 млн доллар бөлініп отыр.

Құрметті форумға қатысушылар және қонақтар!

Экономикалық өлшем АӨСШК қызметінің басым бағыттары санатына кіреді және жаһандық дағдарыс жағдайында оның өзектілігі арта түсуде.

Қазір Азия әлемдік экономиканың «локомотивіне» айнала бастады және әлемдік қаржы жүйесінің дағдарыстан кейінгі пішін үйлесімі осында айқындалып отыр. Бүгінгі таңда АӨСШК-ге мүше мемлекеттер әлемдік ішкі жалпы өнімінің (ІЖӨ) үштен бірін қамтамасыз етіп отырғаны, менің ойымша, жаһандық дағдарыс тиісті валюта-қаржы жүйесіне сүйенген жаһандық экономиканың жаңа сұлбасы сәулетін құруға ерекше мүмкіндік беріп отыр.

Дүниежүзілік қаржы дағдарысының әлі аяқтала қоймағанын, ал болашағы бұлыңғыр екенін қазіргі Еуропадағы экономикалық ахуал көрсетіп отыр.

Өткен жылдың сәуір айында Боаода өткен Азия форумында мен индустриясы дамыған мемлекеттер кіретін «Азиялық жиырмалық» бірлестігін құру жөнінде бастама көтерген едім. Саясаттағы және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі өзара іс-қимыл мен сенім шараларын, сонымен

қатар қаржы-валюта саласына қатысты бастамаларды біздің Кеңестің аясында қолдануға болар еді.

Қазақстан өңірлік және жалпы әлемдік экономикалық үдерістердегі өзінің рөлін сезіне отырып, көне замандардан бері Шығыс пен Батысты ұштастыратын Ұлы Жібек жолын жаңғыртуға кірісуде. Көлік және энергетикалық инфрақұрылымдарды дамыту, жаңа теміржол, автомобиль және құбыр желісі маршруттарын тарту Қазақстанның өңірлік ықпалдастыққа және жаһандық энергетикалық қауіпсіздікке қосқан нақты үлесі болып саналады.

Қазақстан астық және басқа да азық-түлік түрлерін экспорттаушы ірі мемлекет ретінде БҰҰ-ның Аштықты жою және әлемдегі азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін шешу саласындағы мыңжылдық мақсаттарын орындауға өз үлесін қосуда. Бүгінде көптеген мемлекеттер өңірдегі көршілерімен күш біріктіру қажеттігін сезініп отыр. Мен экономикалық байланыстарды дамытуға деген ортақ мүдделер өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің басты факторы боларына сенімдімін.

Әйтсе де, жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыстың салдары әлемді сілкіндіріп, Азияның кейбір елдерінде әлеуметтік түйткілдерді ушықтырып отыр.

Қырғызстандағы күрделі әрі тұрақсыз жағдай әлі сақталуда. Қазақстан қырғыз тарапының

билікті заңға сәйкестендіру жолында атқарып жатқан іс-шараларын қолдайды.

Біз Қырғыз Республикасында конституциялық тәртіп орнап, шешім қабылдайтын мемлекеттік органдардың қалыптасуына мүдделіміз.

Қазақстан өз тарапынан Қырғызстанға байланысты ішкі жағдайдың шиеленіспеуіне, елдің экономикалық құлдырауына жол бермеу бағытында тиісті шаралар атқарып келеді.

Бұл елдегі болған жағдайдың төркіні қырғыз еліндегі күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешілмеуінде жатыр.

Қазақстан халықаралық қоғамдастықты Қырғызстанға халықаралық көмек көрсетудің кең ауқымды жоспарын жасауға шақырады. Сонымен қатар көрсетілетін көмектің нақты және тиімді болуы үшін бұл елде тиімді билік жүйесі орнауы қажет.

Құрметті мемлекет және үкімет басшылары!

Қазақстан биылғы жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық міндетін атқаруда. Біздің ЕҚЫҰ-дағы төрағалығымыз Шығыс пен Батыс арасындағы қатынастардың жаңа кезеңіне жол ашады, «Ванкуверден Владивостокқа дейінгі» ұланғайыр кеңістікте өзара сенімді нығайтуға септігін тигізеді деп сенеміз. Сондықтан мен 2010 жылы ЕҚЫҰ мемлекеттері

басшыларының саммитін шақыру туралы бастама көтерген едім.

Қазақстан Іс басындағы төраға ретінде ЕҚЫҰ-АӨСШК форумын құруды ұсынды.

Бұл екі ұйымның ынтымақтастығы мен өзара іс-қимылы Құрлықтың қауіпсіздік тұғырнамасын қалыптастыруға жол ашуы тиіс.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі мен Шанхай ынтымақтастық ұйымы жалпы азиялық ынтымақтастық идеясының нақты іске асқан туындылары ретінде бір-бірімен тығыз байланыс орнатуы тиіс.

АӨСШК мұсылман елдерімен, ең алдымен, көпжақты форматта Ислам конференциясы ұйымымен ынтымақтастықты кеңейтуі тиіс деп санаймын.

Құрметті достар!

Қазақстан АӨСШК-дегі өзінің төрағалық мандатын Түркияға тапсырайын деп отыр.

Азиялық ынтымақтастық жолында сенім шараларын құру ісіндегі аса күрделі үдерістерді одан әрі дамыту үшін Түркияның ерекше тарихи, саяси және мәдени тәжірибесі бар екенін атап айтқым келеді.

Осы орайда Түркия Республикасы Кеңес жұмысын дамытып, нығайтуға айтарлықтай серпін беретініне сенімдімін.

Бұл ретте, Түркия төрағалығының «Азиядағы саясат пен қауіпсіздік жөніндегі кеңейтілген үнқатысу: қауіпсіздіктің кооперативтік ұстанымдарын әзірлеудің кілті» атты тақырыбының маңыздылығын атап өткім келеді.

Түркия Кеңестің төрағасы ретінде Азиядағы бөлінбейтін кооперативтік қауіпсіздік тұжырымдамасын кеңейтілген үнқатысу арқылы ілгерілету үшін мақсатты түрде жұмыс істейді деп кәміл сенемін.

Төрағалық тізгінін тапсырар алдында Жаладдин Румидің «Бір шырақ басқа шырақты тұтатқанда жарығын жоғалтпас» деген қанатты сөзін еске салғым келеді.

Сіздердің жаңа мәртебелеріңізге толағай табыс тілей отырып, АӨСШК-дегі төрағалық тізгінін Президент Абдулла Гүл мырзаға тапсырамын!

**ЕҚЫҰ-ның толеранттылық пен кемсітпеушілік
жөніндегі жоғары деңгейлі конференциясында**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2010 жылғы 29 маусым

**Құрметті конференцияға қатысушылар!
Ханымдар мен мырзалар!
Қазақстанның елордасы – асқақ Астанаға
келген қадамдарыңыз құтты болсын!**

Қонақжай қазақ даласы бауырмалдығымен
бағзыдан бейбіт өмірдің берекелі бесігі болған.

Мейірімділік мәдениетінің мәйегіне, дәстүрінің
діңгегіне айналған халқымыз қашанда ізгілік
жолын ұстанып, татулықты ту еткен. Сондықтан

тағдыр тоғыстырған түрлі этнос және дін өкілдері қазақ жерінен пана тапқан.

Бүгінде бейбітшіліктің белдеуіне айналған Қазақстанда 140 этнос және 46 конфессия өкілдері өзара түсіністікпен өмір сүруде.

Сондықтан толеранттық тақырыбындағы осындай іргелі басқосудың ұлтаралық келісім мен дінаралық түсіністікті бағдар еткен Қазақстанда өтуінің мәні зор деп білемін.

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Әлемде өткен ғасырдың соңғы және жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығында болған оқиғалар төзімділік деген ұғымның өзіне және, де ең бастысы, ЕҚЫҰ кеңістігіндегі нақты саясатқа күрделі өзгерістер әкелді.

Әрі бұл кездейсоқ емес, себебі этносаралық, мәдени, діни және өркениетті өзара іс-әрекеттердің жағдайлары өзгерді.

Екі іргелі ілгерілеушілікті атап өтуге болады, олар толеранттылық саясаты үшін барған сайын күрделі контексттің негізінде жатыр.

Мұның алғашқысына Еуропа құрлығының тарихында халықтардың ұлы көші болған сонау замандардан кейін соңғы жылдары әлемнің басқа аймақтарындағы миллиондаған тұрғындардың жаппай көшкен факторын жатқызуға болады. Бұл миллиондар жаңа жерге өздерінің мәдениетін,

дінін және құндылықтарын ала барды. Осыдан 20 шақты жыл ғана бұрын қайсыбір академиялық проблема болған бұл мәселе қазір нақтылыққа айналып отыр.

Осындай жағдайда бұрыннан қалыптасқан таптаурындылық, соның ішінде саяси ұстанымдылықтың ескі ережелерінің күл талқаны шықты.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі еуропалық өркениеттің жетістігі болған толеранттылық пен шыдамдылық бүгінгі күні белсенді талқылаудың өзегіне айналып отыр.

Біз қазіргі Еуропада саяси құндылықтарға баламалы көзқарастардың бар екенін көріп отырмыз.

Бұл саяси қағидат ретінде қарастырылатын төзімділікке түңілушілік көзқарас танытатын ұлтшыл және барынша оңшыл партиялардың халықтардың арасында өсіп отырғанынан көрінеді.

Сондай-ақ миграциялық саясаттың осыдан 20 жыл бұрынғымен салыстырғанда талаптарының қатайып, кедергілерінің көбейіп, тілдік және мәдени кедергілерінің арта түскені – сайып келгенде төзімділік өлшемдерін іс жүзінде қатты өзгертіп жіберді.

Ең соңғысы ретінде Еуропа құрлығындағы діндік біртектіліктің іс жүзінде адамдарды, өкінішке орай, байланыстыратын емес, айыратын белгіге айналып отырғанын айту керек.

Сондықтан діндік төзімділік тұрмыстық қана емес, саяси факторға да айналып отыр.

Біз көптеген әлеуметтік, этносаралық, аумақтық кикілжіңдер, сырттай алғанда, дінаралық кикілжің ретінде басталатынын көріп жүрміз.

Осының бәрі Еуропа елдеріндегі төзімділік түсінігінің өзгеруіне ықпал етпей қала алмайды. Соның ішінде осы толеранттылықтың шегін түсінуге де ықпал етпей қала алмайды.

Басқа қырынан қарағанда, ЕҚЫҰ жауапкершілік аймағының еуропалық бөлігінде біз күрделілігі мен драмасы кем түспейтін үдерістердің болып жатқанын көріп отырмыз.

Ұзақ уақыт бойы тоталитарлық басқару жүйесінің тетіктері Балтық теңізі мен Памир тауы арасындағы орасан үлкен аумақта этносаралық және дінаралық проблемалардың жинақталуын тудырды.

Сонымен бірге әділеттілік үшін айтар болсақ, қатаң бақылаулар біраз уақытқа дейін кикілжіңдердің сыртқа шығуына, соның ішінде қарулы қақтығыс түрінде атылуына мүмкіндік бермеді.

Бұл «тоталитарлық төзімділік» деп атайтын құбылыс еді. Халықтарды олардың атамекендерінен күштеп көшіру. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының аяғында-ақ өз әлсіздігін таныта бастады.

Өткен 20 жылда этностық салада және діни толеранттылық саласында көптеген проблемалар жинақталып қалды.

Осының кесірі мыңдаған адамдардың көз жұмуына әкеліп соқты.

Бүгінгі күні мәселені шешетін ескі тетіктердің жойылуы, жаңаша реттеу жағдайындағы тәжірибенің аздығы, этностық құрамның күрделілігі, азаматтық қоғамның әлсіздігі – осының бәрі ЕҚЫҰ-ның еуразиялық бөлігіндегі төзімділік мәселелерін өте өткір етіп отыр.

Айтылған жайттардың бәрін биылғы көктемде Қырғызстанда болған оқиғалардың барысында айқын көрдік, олар трагедиямен – жүздеген адамдардың қаза болуымен, мыңдаған адамдардың жарақат алып, далада қалуымен, жүздеген мың босқындардың пайда болуымен аяқталды.

Біз Қырғызстанда өткен референдум елдегі тұрақтылықтың негізін қалап, халықтың тыныш әрі бейбіт өмірге деген үмітін ақтайды деп үміттенеміз.

Болған барлық оқиғалардың өзегі – халықтың кедейлігі мен қоғамда тағаттылықтың жоқтығы.

Ханымдар мен мырзалар!

Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуші ел ретінде Ұйымның барлық кеңістігінде толеранттылық пен этносаралық татулық және конфессияаралық ілгерілету идеясына үлес қоспақ ниетте.

ЕҚЫҰ-ның кейбір елдеріне белгілерін бейімдеуге болатын төзімділіктің қазақстандық үлгісінің ерекшеліктері қандай еді?

Біріншіден, біздің модельдің өзегіне қазақ халқының сан ғасырлық тарихында қалыптасқан төзімділік, шыдамдылық, қонақжайлылық, өзге халықтарға, мәдениеттер мен діндерге деген құрмет сияқты қасиеттері алынды.

Екіншіден, тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанда төзімділік саяси мәдениеттің нормасы ғана емес, жалпы мемлекеттік саясаттың өзекті қағидаты болды. ЕҚЫҰ кеңістігінде Қазақстанда тұңғыш рет айрықша қоғамдық институт құрылды. Қазақстан халқы Ассамблеясы деп аталатын бұл институт қазір түрлі этностық топтар мен діни конфессиялардың мүдделерін тоғыстыратын табысты үнқатысу алаңына айналды.

Үшіншіден, төзімділіктің қазақстандық саясаты алғашқы кезден-ақ ішкі өлшемдермен қатар сыртқы өлшемдерді де ескеріп отырады.

Осындай жағдайлардың арқасында Қазақстанның төзімділік мәселесі жөніндегі саясаты айналмайтын бірізді, болжамды және «екі түрлі стандарттан» ада.

Сондықтан да ЕҚЫҰ-ның көптеген елдері Қазақстанның «қиын түйінді кикілжіңдерді» шешуге араағайын болуын қалайды.

Төртіншіден, Қазақстан өркениетаралық үнқатысулардың белсенді жақтаушысына айналып отыр.

Біздің еліміз мұсылман әлемі мен Батыстың арасындағы үнқатысудың дамуына жан-жақты жағдай жасайды және Өркениеттер альянсының достары тобының мүшесі болып табылады.

2008 жылы біздің еліміздің бастамашылығымен Астанада сыртқы істер министрлерінің «Ортақ әлем: әртүрлілік арқылы прогреске» атты форумы өткізілді.

Сондай-ақ 3 рет болып өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізудің бастамашысы да Қазақстан болғанын сіздер білесіздер.

Қазақстанның өркениетаралық үнқатысуды нығайтуға қосқан маңызды нақтылы үлесін ескере отырып, БҰҰ 2010 жылды Халықаралық мәдениеттердің жақындасуы жылы деп жариялау туралы біздің ұсынысымызды белсенді қолдады.

Бүгінгі күні ЕҚЫҰ жауапкершілігі аумағында мәдени, өркениет және дінаралық үнқатысуларды өткізудің қажеттілігі өте зор.

Біз ЕҚЫҰ-ның үшінші гуманитарлық сәбеті туралы айтқанда, оның сайлау үдерістерін ғана есепке алмай, жоғарыда айтылған мәселелерді қарастыру қажеттілігін де ескеруіміз керек.

Біз гуманитарлық сипаттағы аса өткір проблемалармен бетпе-бет келгенімізде, басымдықтар төңірегінде мықтап ойлануымыз қажет. ЕҚЫҰ-ның іс-әрекетінде гуманитарлық мәселелер

өте маңызды және проблематиканы бір мәселенің төңірегінде ғана шектемеуіміз керек деп ойлаймыз. Сонымен бірге түрлі аймақтардағы төзімділік ісінің оң тәжірибелерін үйреніп, оны таратуды қажет деп санаймыз.

Сондай-ақ бүгінгі күні ЕҚЫҰ-ның далалық миссияларына ыждаһатты тексерістер жасайтын уақыт келді деп санаймыз.

Әрине, олар экологиядан бастап гендерлік саясатқа дейін көптеген бағыттарда пайдалы әрекеттер жасап келді. Сонымен бірге олар этносаралық және дінаралық төзімділік істеріне де көңіл аударып, оларды өз әрекеттерінің өзекті мәселесіне айналдырса, құба-құп болар еді.

Өйткені мұндағы мәселенің мәні бөлекше, ол адам өмірінің қауіпсіздігіне қатер төндіретіні айқын. Егер ЕҚЫҰ-ның далалық миссиялары осы мәселелерді шешуде қосымша күш ретінде атсалысса, онда ол ұйымның еуразиялық әлемде атқарған зор маңызды ісі болар еді.

Сондай-ақ ЕҚЫҰ-ның өзіндегі таптаурындарды да еңсеру керек.

ЕҚЫҰ қатарына енетін елдердегі тілдік, миграциялық, діндік, мәдени, білім беру саясатындағы өзгерістер ұжымдық деңгейде қажетті деңгейде танылмаған.

Меніңше, біз бәріміз бірге отырып, соңғы бірнеше жылдардағы төзімділік саясатында болған өзгерістерді саралап, мен шартты түрде: «ЕҚЫҰ:

жаңа онжылдықтағы төзімділік» деп атаған ортақ құжат қабылдауымыз керек.

Біз осы мәселені ЕҚЫҰ-ның алдымызда болатын саммитінің күн тәртібіне енгізуді ұсынамыз.

Толеранттылық пен өзара түсіністікті қамтамасыз ету, әрине, қалыпты экономикалық интеграциядан бастау алады.

Мен сондай-ақ біздің елдеріміздің Еуразиялық экономикалық интеграциясы мәселелерімен шындап шұғылдануын ұсынғым келеді. ЕҚЫҰ жауапкершілігі азиялық және еуропалық бөліктерінің тығыз экономикалық интеграциясы – болашақ өркендеудің кілті әрі біздің елдеріміздің арасындағы саяси үнқатысудың негізі.

Мен бұл тақырып ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлері кеңесінің алдағы отырысында да талқыланатын болады деп үміттенемін.

Сенім, дәстүр және ашықтықпен бірге тағаттылықтың – Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығының басты бағыты екенін сіздер білесіздер.

Осы орайда біз екі институционалдық ұсынысты қарауды орынды деп есептейміз.

Біріншіден, біз ЕҚЫҰ-ның Толеранттылық және кемсітпеушілік мәселелері жөніндегі орталығын құруымыз қажет. Орталық Азия – тұрғындары күрделі этностық картина құратын аймақ. Мұнда ғасырлар бойы әртүрлі халықтар тұрып келе жатыр.

Қырғызстанда болған кикілжіңдердің ең үлкен зардабы сол, ол аймақта тұратын халықтардың арасына бір-біріне деген сенімсіздіктің дәнін сеуіп кетті. Бұл аймақтағы тұрақтылыққа қарсы зиянды әрекет, ол ЕҚЫҰ -ға мүше барлық елдерге де қатерін тигізуі мүмкін. Шын мәнінде, алдыңғы шебі көрші Ауғанстанда өтетін халықаралық терроризммен және экстремизммен күрестің майданы әлсіреп барады.

Өңірдегі берекесіздік пен тұрақтылықтың бұзылуы есірткінің заңсыз айналымының, қару мен адамдарды саудалайтындардың жолын ашады.

Екіншіден, ЕҚЫҰ-ның этносаралық және дін-аралық төзімділік проблематикасы жөніндегі рөлін күшейту мәселелерін қарастыруы керек.

Мен түрлі этностар мен діни бірлестіктердің арасындағы үнқатысулардың жан-жақты дамуына, кикілжіңдердің алдын алуға, жаңадан пайда болған шиеленістерді шешуге мұндай институттың қабілеті әбден жететініне сенемін.

Бұл, сөз жоқ, бүкіл Ұйымның беделі мен тиімділігін арттыруға септесетін болады.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Біздің конференциямыз толеранттылықты, кемсітпеушілікті және төзбеушіліктің барлық нысандарымен күресті ілгерілету үшін жаңа прогресшіл идеялардың үдеткіші болатынына сенемін.

Бұл өмірлік маңызды саладағы оң тәжірибе мен практикалық ізденіс-жобалар Ванкуверден Владивостокқа дейінгі ауқымды кеңістіктегі барлық елдердің ортақ игілігіне айналуы тиіс.

Әлемдегі барлық халықтарда да өшпенділікті өшпенділікпен емес, өшпенділікті өшірумен ғана тоқтатуға болады деген даналық бар.

Конференция жұмысына табыс тілеймін!

**Минералды ресурстар мен металлургия
жөніндегі**

I қазақстандық халықаралық конгресте

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2010 жылғы 30 маусым

**Құрметті форумға қатысушылар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Минералдық ресурстар мен металлургияның өзекті мәселелері талқыланатын бүгінгі конгресс жұмысының еліміз үшін маңызы зор. Баршаңызды форум жұмысының ашылуымен құттықтаймын.

Біз бүгінде индустрияланудың бесжылдығына аяқ бастық. Жауапты кезеңде тау-кен кешені

алдына жоғары технологиялық және бәсекеге қабілетті өнім өндірісін 2008 жылғы деңгейден 2 есеге арттыру міндеті қойылып отыр. Оны ойдағыдай орындауға қажетті жағдайдың бәрі жасалуда.

Тау-кен саласы елімізде экономиканың басым бөлігін құрайды. Metallургия секторы ғылыми-техникалық жағынан бұрыннан әлеуетті.

Бірақ бұған тоқмейілсуге болмайды. Біз инновацияны барынша дамытып, жаңа технологияларға иек артуымыз қажет.

Біз шикізаттық емес өндірісті дамытуға мән беруіміз керек. Сонымен бірге ресурсты сақтауды, металды қайта пайдалану арқылы кірісті арттыруды, минералдық шикізатты кешенді түрде пайдалануды ұмытпағанымыз абзал.

Минералдық ресурстар мен metallургия саласы алдында осындай келелі міндеттерден туындайтын кешенді мәселелер тұр.

Түптеп келгенде, сала елдегі үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың алдыңғы сапында болуы қажет.

Бұл сіздерден үлкен жауапкершілік пен ізденісті, қажырлы еңбекті талап етеді.

Құрметті форумға қатысушылар!

Мен сіздердің форумыңызға қатысып отырғаныма және қазір біздің жаңа елордамыз Астанада metallургтеріміз дайындалып жатқан үлкен

мерекенің қарсаңында өздеріңізбен дидарласып отырғаныма қуаныштымын. 1960 жылы 2 шілдеде халық «Қазақстан Магниткасы» деп атап кеткен Қарағанды металлургия комбинаты жұмыс істей бастады.

Мен барлық қазақстандық металлургтерді осы тамаша дата – металлургия ту ұстаушы кәсіпорының 50 жылдығымен құттықтағым келеді.

Конгрестің өз жұмысын күрделі жаһандық экономикалық дағдарыстан кейінгі алғашқы біршама тыныш жылда бастап жатқаны құптарлық.

Әлемдік тау-кен металлургия саласы сол дағдарыстың ықпалынан құтылып кете алмақ түгілі, қайта қаржы секторымен бірге одан басқаларға қарағанда қаттырақ зардап шекті.

2008 жылы экономикалық құлдыраудың ең асқынған шығында саланың аса ірі 40 компанияларының жалпы капиталдандырылуы 64 %-ға қысқарды.

Соның салдарынан компаниялардың қатан дағдарысқа қарсы шаралар қабылдап, негізінен шығындарды азайтып, бұрын жария етілген ауқымды жобаларын кейінге ысырып қоюларына тура келді.

Алайда біз Қазақстанда бұған жол бермедік. Біздің елімізде жұмыс істеген компаниялар үдемелі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруларын жалғастыра бергенін мақтанышпен атап өткен жөн. Жұмыс орындарының қысқартылуына

жол бермедік. Бүгінде біз атқарған ол жұмыс кеңінен белгілі.

Жақында Павлодар қаласында Қазақстан электролиз зауытының екінші кезегін және «Алтынтау» алтын айыру фабрикасын іске қостық, Өскеменде мыс өндірісі іске қосылуға әзірленуде, Павлодар мен Ақтауда құбыр өндіру жөніндегі жаңа зауыттар пайда болды, Ақтөбеде темірді тікелей қалпына келтіру жөніндегі зауыт салынатын болады және көптеген басқалар.

Елдегі бұл саланың арта түсіп отырған қуаты жаһандық нарықтардың негізгі екі бағыты бойынша дамуда.

Біріншіден, металлургия өнімдеріне сұраныспен баға өсуде. Биылғы жылы болатты тұтынудың әлемдік ауқымы, сарапшылардың болжамынша, 2007 жылғы дағдарысқа дейінгі көрсеткіштерден асып түседі. Келесі бесжылдықтың барысында алюминий мен басқа да түсті металдарға сұраныс жыл сайын 4%-ға артып отырады деп күтілуде. Тұтасымен алғанда, талдау жасаушылардың бәрі де барлық негізгі металдарға алдағы кезде бағалардың өсетіндігін құптай мақұлдауда.

Екіншіден, сұраныспен бір мезгілде талап та артады. Жоғары технологиялардың қауырт дамуы, ғарыштық бағдарламаларды іске асыру, ядролық ренессанс, машина жасау, құрылыс индустриясы таңғажайып сапалық сипаттамалары бар өнімді

талап етеді. Сондықтан металдар сапасының стандарттары өсуде, ерекше қасиеттері бар жаңа жоғары технологиялы сұранысқа ие болуда, сирек металдарды тұтыну артуда. Осының бәрі бізді едәуір жоғары қосымша құны бар инновациялық өнімдерді өндіруге мәжбүрлейді.

Қазақстанның алдында тұрған бірінші кезектегі міндет экономиканы шикізаттықтан өңдеу өнеркәсібіне және әрі қарай одан да жоғары шептерге көшіру болып табылады. Бұл үдерісте жетекші рөлдердің бірі тау-кен металлургия кешеніне беріледі.

Биыл үдемелі индустрияландыру бесжылдығы мәре алды. Арнайы жасалған Индустрияландыру картасына енгізілген жобаларды іске асыру металлургия өнімдерін ішкі тұтынудың күрт артуына алып келеді. Бұл жағдайда сұраныс номенклатурасы өте кең. Осыған байланысты индустриялық-инновациялық даму бағдарламасында тау-кен металлургиясы кешенінің өнім өндірісі көлемін 2008 жылдың деңгейінен 2 есе өсіру міндеті қойылған.

Бағдарламада болат шығаруды жылына 10 млн тоннаға, ферроқұрамды жылына 440 мың тоннаға, алюминийді 250 мың тоннаға дейін арттыру сияқты, тағы басқа да ірі жобалар бар. Бұдан өзге, жоғары шекті өнім, соның ішінде сирек металдар ішкі саласында өнім өндіретін бірқатар орташа кәсіпорындар пайда болады.

Мені қазір ғана көрмеде хабардар етті, біздің 2015 жылға қарай 70 тоннадан астам алтын өндіріп, осы құнды металды ірі өндірушілердің біріне айналу мүмкіндігіміз бар екен.

Белгіленген міндеттерге қол жеткізу үшін бізде қажетті ресурстардың бәрі де бар. Тек оларды сапалы пайдалану керек.

Дамудың қазіргі кезеңінің басты қағидаттарының бірі нәтижеге қол жеткізу шикізатты өндірудің экстенсивті өсімі арқылы жасалмауы тиіс деген ережелік қағидат болып отыр.

Ол үшін, біріншіден, минералдық шикізатты кешенді пайдалануға ұмтылу қажет. Барланған пайдалы қазбаларға бай кеніштер барған сайын азая түсуде, сондықтан оларды байыту технологияларын жасауға ден қою керек. Бұдан басқа, елде тау-кен металлургиясы кешенінің 20 млрд тоннадан астам техногендік қалдықтары бар. Оларды металлургияның дербес шикізат базасы ретінде қарастыру керек.

10 ірі отандық металлургиялық компаниялар Қазақстанда өндірілетін барлық электр қуатының 30 %-ын тұтынады. Сондықтан, энергияны үнемдеу саласындағы елеусіз дерлік табыстардың өзі елдің энергия жүйесі үшін үлкен маңызы бар екені анық. Демек, энергия үнемдейтін өндірістің жаңа технологияларын қолдану керек.

Жиналып қалған 20 млрд тонна қалдықтардың үштен бір бөлігінен астамы залалды. Бұл

жағымсыз рекордқа тау-кен өндіру өнеркәсібі мен металлургия елеулі үлес қосты. Алайда бұдан былай олай жалғастыра беруге болмайды. Экономика мен экологияның арасынан тепе-теңдік табу қажет. Мексика шығанағындағы апат – осының айқын мысалы. Біз табиғатқа теріс әсерді барынша азайтып, болашақ ұрпақтардың қамын ойлауға ұмтылуға тиістіміз. Мұның бәрі саладағы технологиялық ілгерілеусіз мүмкін емес. Бүгінде инновациялардың, жаңа технологиялардың дамуы өзекті қажеттілік болып отыр.

Қазақстанда металлургиялық сектордың ғылыми-техникалық базасы дәстүрлі түрде мықты және біз оны дамытуды жалғастыра беруіміз керек. Осыған байланысты Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының аясында Шығыс Қазақстан облысында Металлургия орталығын құру туралы шешім қабылданды. Оның жұмысы саланың кәсіпорындарын технологиялық жаңартуға, отандық ғылым мен технологияларды дамытуға, озық жасалымдарды өндіріске енгізуге бағытталатын болады.

Астанада жақын күндерде ашылған жаңа халықаралық университет те өзінің инжиниринг және энергетика орталықтары арқылы бұл жұмысқа өз үлесін қосып, сала үшін инновациялардың генераторы болатындығына сенемін.

Сонымен бірге, өз технологияларымыздың дамуы шет елдермен технологиялық интеграциямен байланыста жүргізілуі тиіс. Алғашқы кезекте, КСРО-ның тарауымен үзіліп қалған ғылыми байланыстарды қалпына келтіру қажет. Біздің ғалымдарымыздың бірлескен жетістіктерін еске алыңыздар. Мәселен, Қазақстан металлургия және байыту институты мен Мәскеу құрыш және қорытпалар зауыты әзірлеген сұйық ваннада балқыту технологиясы. Алғаш рет бұл технология Қазақстанда, Балқаш мыс қорыту зауытында енгізілген болатын.

Бүгінде ғылымның дамуы өнеркәсіппен тығыз байланыста жүргізілуі тиіс. Бұл уақыт талабы.

Тау-кен металлургия индустриясының көшбасшылары белгіленген міндеттерді жүзеге асыруға белсене атсалысып, салааралық ғылыми-технологиялық жоспар мен басқа да инновациялық бағдарламаларды жасауға қатысып, ғылыми-зерттеу орталықтарының құрылтайшысы ретінде көрінуі керек. Отандық ғалымдар мен инженерлердің ұлттық металлургиялық алыптармен әріптестігі бүкіл саланың жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін болады.

Құрметті достар!

Инвесторларды қызықтыратын басты мәселелердің бірі шикізат базасы болып табылады.

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды шикізатпен қамтамасыз ету үшін қазба байлықтарын пайдалану құқын берген кезде, сондай-ақ жаңа индустриялық жобаларға қолдау үшін Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының барлық талаптары орындалуы тиіс. Бұған технологиялар да, қазақстандық қамту да, экология да, сондай-ақ бірқатар басқа жайлар жатады.

Үкіметте Индустрияландыру картасы жобаларының ресурстық базасына жасалған талдау бар. Бүгінде ел шикізат ресурстарын басқару саласында арнайы Елдің минералдық-шикізат кешенін дамыту бағдарламасы әзірленуде. Оған қазба байлықтарын пайдалану құқықтарын беруге мораторийді кешенді әрі жан-жақты талдаудың нәтижелері мен үдемелі индустрияландырудың міндеттерін ескере отырып, оны алып тастаудың зардаптары кіретін болады.

Мен кеніштерді игеруге беруге мораторийлер енгіздім, себебі кезінде кеніштерді көптеп сатып алды, бірақ қаржы салу жөніндегі келісімдік шарттарды ешкім орындамайды. Келісімдердің шарттарын орындамағаны үшін біз ол кеніштерді тартып алып, оларды игеруге қаржы салатындарға ұсынатын боламыз.

Сөзімнің соңында Қазақстан тау-кен металлургия саласының келешегі барлық қатысушылардың трансформацияға, инновацияларға ашықтық,

шешімдер қабылдаудағы икемділік қабілетіне байланысты екенін атап айтқым келеді.

Қазақстанның бай табиғи ресурстардың иесі бола отырып, сапалық секіріс жасап, әлемдік көшбасшылардың қатарына енуі үшін барлық мүмкіндіктері бар. Бірақ ол ресурстардың қайтып қалпына келмейтінін, сондықтан біздің еліміз бен болашақ ұрпақтардың келешегі оларды біздің қалай пайдаланатындығымызға байланысты болатынын есте ұстауымыз қажет.

Баршаңызға табыстар тілеймін!

«Дағдарыстан кейінгі орнықты даму» атты
ІІІ Астана экономикалық форумында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2010 жылғы 1 шілде

**Құрметті форумға қатысушылар!
Қымбатты қонақтар!
Еуразия кеңістігінде Шығыс пен Батысты
жалғап жатқан әсем Астанаға қош
келдіңіздер!**

Баршаңызды бүгінгі маңызды шара – ІІІ Астана экономикалық форумының ашылуымен құттықтаймын.

Тарихи Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Қазақстанда ғаламдық экономика және

қаржы мәселелерін талқылау игі дәстүрге айналып келеді.

Ханымдар мен мырзалар!

2 жыл бұрын Еуразияның қақ төрінде біз сіздермен бірге ұлттық экономикалардың проблемалары мен болашағы туралы өте маңызды әңгімені бастап едік. Терең рецессияның аса қиын жылдарында біз сіздермен бірге дағдарыс құбылыстарын жеңудің оңтайлы шешімдерін іздестіріп, тапқан болатынбыз.

Бүгін осы залда әлемнің 70 елінен қонақтар қатысып отыр. Бұл өңірлік және әлемдік экономиканың болашағы туралы кең көлемді үнқатысудың көкейкестілігін білдіреді.

Нобель сыйлығы лауреаттарының қатысуы біздің форумымыздың дәстүріне айналды, олар белгілі әлемдік көшбасшылармен, саясаткерлермен, халықаралық ұйымдардың жеткешілерімен және практиктермен көкейкесті проблемаларды талқылау пікірталасына әр береді. Мен бізбен бірге осы форумға қатысып отырған Нобель сыйлығының лауреаттары Роберт Манделлдің, Финн Кидландтың есімдерін ризашылықпен атаймын.

Осымен үшінші рет өтіп отырған бұл форум дағдарыстан кейінгі әлемдік дамудағы экономикалық даму теңгерімсіздіктерін еңсеру бағытында неғұрлым ойлы ұсыныстар айтылатын алаңға айнала бастады.

Бүгінгі таңда бізге экономикалық және саяси тұрақтылықтың өзара байланыстылығын жаңаша және қайтадан бір байыптау қажет болып отыр.

Біз саяси жүйесі тұрақсыз елдерде дағдарыстың экономикаға әсері едәуір залалдырақ екенін көрдік. Экономикасы тұрақсыз елдерде саяси турбуленттіліктің өршуі, ал кейбіреулерінде ақыр соңында гуманитарлық апат пен экономиканың қаңтарылуына алып келген толық саяси күйреу байқалды.

Қазақстан өз тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап тұрақтылық пен қауіпсіздікті аса маңызды мемлекеттік саясаттың деңгейіне көтерді.

Осы жолғы дағдарыс адамзат қауымы үшін өте үлкен сын болды. Бірақ дер кезінде шаралар қабылданып, экономикалық жаңғыртулардың жүйелі сипатқа ие болуының нәтижесінде біз дағдарыс ахуалынан бірте-бірте шығып келеміз. Қазақстан өткен жыл қорытындысында рецессияға жол берген жоқ. Экономикалық өсімді сақтап қала алды. Ал үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша 8 %-дық өсімге қол жеткізді. Қазақстанда жұмыссыздыққа жол берілмей, қайта оны төмендетудің, қаржы және құрылыс салаларын сауықтырудың сәті түсті. Осыған сай мемлекет өзінің әлеуметтік міндеттемелерін орындай алды. Үстіміздегі жылдың 1 қаңтарынан зейнетақы 25 %-ға өссе, 1 сәуірден бастап бюджет қызметкерлерінің жалақысы да осындай деңгейге көтерілді.

Қазақстан қауырт даму кезінде масаттанып кетпей, мұнай кірістерінің бір бөлігін Ұлттық қорда сақтап отырды, ол экономиканы тұрақтандыруда шешуші рөл атқарды. Ол ол ма, дағдарыс кезінде біз алдын алуға жұмыс істеп, ауқымды Үдемелі индустриялық-инновациялық бағдарламаны іске асыруға кірістік. Біздің жоспарларымызда ол экономиканың дағдарысты кезеңнен кейінгі тұрақты өсімінің негізі болуы көздейді.

Бүгінде әлемдегі бірде-бір елдің оқшаулана дами алмайтыны айқын. Сондықтан біз үшін әлемдік экономика мен оны қайта құрудың мәселелері өте маңызды.

Жаһандық экономикалық жүйе әлі де өте әлсіз, әлем дағдарыстан кейінгі дамуға арналған жаңа модельді іздестіру үстінде. Сондықтан тап осы қазір ойынның ортақ ережелерін тұжырымдап, жаһандық деңгейдегі экономикалық дамудың басты қағидаттарын ойластыру маңызды.

Соңғы 20 жылда әлем қатты өзгерді.

Қанеки, өткен жүзжылдықтың 90-шы жылдарын еске түсірейікші. Сол кезеңнің бағыты – нарықтық экономиканың дамуы мен өзі реттеу болатын. Бүгін болса түбегейлі түрдегі қарама-қарсы үдеріс – мемлекеттің тарапынан реттеудің күшейтілуі жүруде.

Қазіргі әлемдік құрылымға ықпал етуші геосаяси жүйелердің жаңа жағдайларға қарай бет алғаны байқалады.

Осыдан 20 жыл бұрынғы КСРО-ның тарауымен екі полярлы әлемнің бір полярлы жүйеге көшкендігі айқындалса, ал бүгінгі күні бір полярлы әлем көп полярлы жүйеге бағыт ала бастады. Біз сіздермен бірге ірі құрлықтық бірлестіктердің қалыптасу үдерістерінің белсенді қатысушылары болатын күн де онша алыс емес. Әзірге экономика мен қаржы жүйесінің дағдарыстан кейінгі дамуында едәуір үлкен белгісіздік бар.

Әлемнің болашақ даму бағыттары жөнінде қазіргі күні әртүрлі болжамдар жасалып жатқанымен, дағдарыстан кейінгі әлемнің нақты бейнесін анық білдіретін бүтін бір картина қалыптаса қоймаған.

Экологиялық, климаттық проблемалардың ушығуы, теңсіздік пен азық-түлік қауіпсіздігі сияқты мәселелер жағдайды одан әрі қоюлата түсіп отырғандай.

Басқа сөзбен айтқанда, дағдарыстан кейінгі дамудың жаһандық күн тәртібінде әлемді құрудың жаңа моделі тұр.

Құрметті делегаттар!

Бүгінгі Астана форумында қазіргі заманның неғұрлым күрделі мәселелерін талқылау жоспарланған. Ол мәселелер барлық экономикалық және саяси алаңдардың пікірталас тақырыбы болып табылады.

Алда өтетін «Үлкен жиырмалық» (G-20) саммитіне нақты ұсыныспен шығу жалпы ортақ іске қосылатын үлес ретінде бұл форумның өзіндік мақсаты болып табылады. Соның ішінде қазір жаһандық сипатқа ие болып отырған 5 мәселеге басым түрде назар аудару керек.

Бірінші. Қаржы рыноктарын реформалау.

Бүгінде сарапшылар мен саясатшылардың назары туынды қаржы құралдары мен тұтас қаржы нарығын реттеу мәселелеріне, сондай-ақ корпоративті басқару мен салық жеңілдіктеріне бағытталған.

Соңғы G-8 және G-20 саммиттерінің басты тақырыбы да осы мәселелер болып табылады, себебі қаржы нарықтарының тұрақтылығын реттеу және қолдау жөніндегі ұлттық деңгейде қабылданған шаралар енді жеткіліксіз.

Жаңа қаржы сұлбалық сәулетін құратын уақыт келіп жетті. Оның өзегі Қаржы нарықтарын реттеу мен қадағалаудың жаһандық жүйесі болуы тиіс. Мен жаһандық экономика үшін жаңа жаһандық валюта керек дегенді қуаттауымды жалғастыра беремін. Астана экономикалық форумындағы келесі кездесуді тап осы тақырыпқа арнау керек.

Оның әлемдік валюта жүйесінің кінәратты бұрмалануынан, «бос» ресурстардың саудагерлік ағындарынан, дамыған елдердің тұтынуын дамушы елдердің несиелендіруінен қашуға мүмкіндік беретін институттануы туралы ойлау керек.

Қаржы институттары иелерінің олар қабылдайтын шешімдер үшін жауапкершілігін арттыру қажет.

Резервтік валютаның рөлі және бұл ретте ұлттық валюталарды пайдаланудың барабарлығы төңірегінде де пікірталастар аз болып отырған жоқ.

Мен бұл туралы өткен экономикалық форумда айтқанмын және оны бұрынғысынша көкейкесті деп есептеймін. G-8 және G-20-ны қоса алғанда, барлық әлемдік форумдардағы талқылаулар ескі проблемаларға қатысты, дағдарыстың пайда болуының түбірлі мәселелері көтерілмейді, барлық экономикалық проблемалардың тамыры – қазіргі әлемдік валюта жүйесінің тиімсіздігі талқыланбайды, оны ешкім бақыламайды және ол демократиялық емес.

Едәуір тұрақты макроэкономиканы құру үшін бірыңғай ұлтүстілік валютаны енгізу қажет етіледі. Кез келген ірі әлемдік валютаны ұлтүстілік валютаға айналдыру туралы ұсыныстардың бәрі де бұл проблеманы шешпейді.

Екінші. Экологиялық қауіпсіздік.

Мексика шығанағында жақында болған апат – бұл, егер біз экономикалық өсімнің соңында жүріп экология мен климаттың мәселелерін ескермейтін болсақ, бізді күтіп тұрған сол қайғылы зардаптар туралы ескерту.

Әлем жаңа, экологиялық қауіпсіз технологияларға, оларды тез алмасуға және қалпына келетін

қуат көздерін едәуір кеңірек пайдалануға мұқтаж. Осыған байланысты Қазақстан БҰҰ АТМЭӘК-нің саммитінде Еуропа мен Азияның арасында «жасыл белдеу» деп аталатын жаңа экологиялық декларация құру туралы бастамамен шықты. Бұл экологиялық қауіпсіздік пен «жасыл экономиканың» қалыптасуы үдерістерін жақындастырып, жылдамдатуға мүмкіндік береді.

Үшінші. Азық-түлік қауіпсіздігі мен бағалардың тұрақтылығы.

Қаржы нарығындағы ахуалдың тереңдеуінің тұсында сарапшылардың азық-түлік дағдарысының мүмкін екендігі туралы ескертулері дамыған елдерде тиісінше қабылданбады. Алайда дамушы елдерде адамдар, ең алдымен халықтың кедей топтары, азық-түлікке бағаның күрт секірісінің зардаптарын нақты сезінді.

2050 жылға қарай сарапшылар әлем халқының 9–12 млрд адамға дейін ұлғаюын болжауда, ең үлкен өсім – дамушы елдерде.

Өсіп бара жатқанхалықты азық-түлікпен және сумен қамтамасыз ету жаңа шешімдер мен технологияларды талап етеді. Әрі ол шешімдерді бүгіннің өзінде іздеу керек.

Төртінші. Кедейшілік пен елдердің арасындағы теңсіздікті төмендету.

Кез келген ел халқының әл-ауқатының өсуі едәуір тұрақты қоғам мен күшті экономиканы

құру үшін керек. Алайда теңсіздіктің төмендеуі ел ішіндегі ғана емес, дамушы елдерге көңіл бөліне отырып, еларалық деңгейде де жүргізілуі тиіс.

Бесінші. Бұдан әрі қарайғы интеграция қажет.

Өткен онжылдықтардағы интеграция түрлі құрлықтар арасында болып жатты. Еуразияның ішкі қуатын пайдаланудан біздің алдымыздан үлкен мүмкіндіктер ашылуда. Қазақстан, Ресей және Беларусь арасындағы Кедендік одақ пен Бірыңғай экономикалық кеңістік табысты бірлесудің жарқын мысалы болып табылады.

Қазақстан жүзеге асырып жатқан интеграциялық бастамалар, мемлекеттің ішінде жасалған тұрақтылық пен толеранттылық моделі Қазақстанды ЕҚЫҰ сияқты осыншама беделді ұйымның төрағасы ретінде таңдап алуына себеп болды.

Сондықтан мен бүгін сіздерге осы Ұйымның шеңберінде экономика мен дағдарыстан кейінгі даму саласындағы өз пайымдауларымды ұсынғым келеді.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы төрағалығының шешуші қағидаттарының бірі ұйымның барлық 3 «себетін» біркелкі толтыру болып отыр.

Бүгінгі күнгі қолданыстағы Бонн декларациясы мен Маастрихт стратегиясы оның екінші «себеті» экономикалық-экологиялық өлшемдердің басты құралдары болып табылады. Олардың көп

қағидаттары бұрынғысынша көкейкесті, алайда бүгінде әлем тағы да жол айырығында тұрғандықтан, жаңаша зейін қоюды тілейді.

Бұдан былайғы дамудың белгісіздігі, болып жатқан климат өзгерістері, өсім тұрақтылығының шешілмеген мәселелері мен теңсіздіктің күшейе түсуі – шешілу жолдары осы кезге дейін табыла қоймаған жаһандық сын-қатерлер.

Көптеген мемлекеттер G-8, G-20, ШЫҰ, АӨСШҚ, Ислам экономикалық конференциясы сияқты түрлі интеграциялық нысандарға қатыса отырып, дағдарыстан кейінгі даму мәселелерін күн тәртібінің шешушісі ретінде белсенді талқылауда. Дағдарыстан кейінгі әлем мәселесі ЕҚЫҰ аясында тіпті факультативтік деңгейде талқыланып көрмеген. ЕҚЫҰ аясында жаңа құжатты әзірлеуге кірісу қажет, оны шартты түрде «Маастрихт-плюс» деп атауға болады. Ол өзгерген әлемнің дағдарыстан кейінгі қазіргі бейнесін көрсетуі және оның мақсаты – орташа және ұзақ мерзімдік келешектің өзіндік жолбасшысына айналуы болуы тиіс. Біз оны осы жылдың соңында Астанада өткізуге өзіміз бастамашылық танытып отырған ЕҚЫҰ мемлекеттері басшыларының саммитінде талқылауды ұсынамыз.

Әрине, бұл бір күннің мәселесі емес. Ол үшін ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің ынтасы мен қолдауы қажет.

Бүгін мен сондай-ақ ЕҚЫҰ-ның «екінші себетін» нақты әрі мазмұнды толтыру қазақстандық бастамасымен шығып отырмын. Толық ауқымдағы еуразиялық интеграция идеясын жүзеге асыруға тап осы ұйымның қабілетті екендігіне сенемін.

Еуропа мен Азиядағы ынтымақтастық тарихи тұрғыда сауда мен адамдардың құрлық ішінде еркін қозғалысы түрінде қалыптасқан. Жібек жолы Қиыр Шығыс пен Батыс Еуропаны, құрлықтың солтүстік және оңтүстік бөліктерін жалғап жатыр.

Алайда «темір шымылдық» кезеңінде байланыстың мұндай жүйесі үзіліп кеткенімен, жаңа мыңжылдық басталысымен Еуропа мен Азиядағы тікелей сауда маршруттарын қалыптастыру үдерісі қайта қарқын алуда. Бүгінгі күні Еуразия құрлығы әлемдік өнімнің жартысынан астамын береді, мұнда әлем халықтарының 2/3 бөлігі тұрып жатыр. Алдағы онжылдықта бұл құрлықтың маңызы тек арта түсетін болады.

Сонымен бірге, еуразиялық кеңістіктегі интеграциялық үдерістер негізінен бөлек-бөлек, кейде бір-бірімен бәсекелес өңірлік блоктарға топтасады. Бұл Еуропа мен Азияның өзара іс-қимылының әлеуетін толық пайдалануға мүмкіндік бермейді.

Мен – Еуразия кеңістігіндегі терең әрі дәйекті интеграциялық үдерістердің сенімді жақтаушысымын. Еуразия құрлығының интеграциялық

қағидаттары мен бағыттарын негіздейтін бірыңғай құжатты жасау қажет деп есептеймін.

Менің пайымдауымша назар аударуға лайықты жеті бағытты атауға болады.

Бірінші. Сауда мен шекаралардың ашықтығын дамыта түсу.

Сауданың одан әрі дамуы, біз қазір Кедендік одақтың аясында жасап жатқанымыздай, тауарлардың қозғалысы мен қызмет көрсетуді едәуір арзан әрі жылдам ету үшін қосымша реформаларды талап етеді.

Біз сауда ағынын реттеудің өңірлік сүйеушілікті болдырмайтын бірыңғай және әділ ережесін ойластыруға тиіспіз.

Екінші. Көлік және коммуникациялық инфрақұрылымдарды дамыту.

Еуропа мен Азияны жалғастыратын ортақ көлік және коммуникациялар инфрақұрылымының дамуы қажет. Біз транзакциялық шығындарды елеулі қысқартуға мүмкіндік беретін жаңа логистикалық және ақпараттық технологияларды, стандарттарды қолданатын жаһандық көліктік-коммуникациялық тораптарды қалыптастыруға тиіспіз.

Үшінші. Өзара инвестициялар мен технологиялар алмасуын ынталандыру.

Елеулі инвестициялық ағындарды генерациялау мен қайта бағыттаусыз ауқымды интеграция

мүмкін емес, құрлықтың ішінде қолайлы инвестициялық ахуал жасау қажет.

Төртінші. Капиталдың жалпы нарығы.

Еуропа және Азия қаржы нарықтарының интеграциясы, қаржылай реттеуді жетілдіру мен үйлестіру, тәуекелді менеджментке бірыңғай көзқарастар құрлықтағы сауда және инвестициялық ағындарға қолайлы ахуал туғызатын тұрақты қаржы жүйесін түзуге мүмкіндік береді.

Бесінші. Тұрақты және жаңа энергия көздері, таза энергетика.

Құрлықтық энергетикалық байланысты ойластыру қажет. Осы орайда балама энергетика мен энергия тиімділігін ілгерілету, сондай-ақ елдердің арасында тәжірибе және ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен алмасу жаңа идеологияға айналуы тиіс.

Алтыншы. Адам ресурстарын дамыту мен алмасу.

Еуразия елдерінің миграциялық саясатын үйлестіріп әрі оңайлатып, сондай-ақ зияткерлік әлеует пен білім алмасу жөніндегі ықпалдастықты жолға қою қажет.

Жетінші. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы өмір деңгейін теңестіру.

Азия елдері халықтарының күрт өсуі азық-түлікке сұраныстың өсе түсуіне алып келді, мұның өзі тұрмыс жағдайына теріс әсер етеді. Азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы ықпалдастықтың күшеюі

Еуразияның өсіп отырған халқын қамтамасыз етудегі сенімділікті арттырады.

Осылайша, мен ЕҚЫҰ-ның 2010 жылғы экономикалық-экологиялық өлшемінің күн тәртібінде Еуразияның дағдарыстан кейінгі интеграциясы мәселесі маңызды орын алуы тиіс деп есептеймін.

Бұл орайдағы біздің ортақ міндетіміз – бұл жұмысқа Азия елдерін мүмкіндігінше барынша көп тарту.

Қазақстан құрлықтың жүрек тұсына орналаса отырып, еуразиялық интеграцияның бастамашысы әрі үйлестірушісі бола алады.

Табысты интеграция тек елдердің арасындағы ынтымақтастықты нығайтуды ғана емес, сонымен бірге келісілген ішкі реформаларды жүргізуді де талап етеді.

Егер әр ел бұған өз үлесін қосатын болса, Еуразиялық интеграция сөзсіз жүзеге асады.

Астана экономикалық форумына қатысушылар менің бастамаларымды қолдайды және осы жылдың соңында алдағы тұрған саммитте қабылдануы мүмкін болуы үшін мен оны ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдердің талқылауына ұсынып отырған Еуразиялық интеграцияның декларациясын әзірлеуге өз үлесін қосады деп үміттенемін.

Бұдан әрі осы Декларацияны жүзеге асыру жөнінде көкейкесті шешімдерді әзірлеу үшін мен Астана экономикалық форумының алаңқайын пайдалануды ұсынамын.

Еуропа мен Азияның интеграциясы тек Еуропа құрлығының ғана емес, сонымен бірге дағдарыстан кейінгі жаңа әлемнің де экономикалық дамуы мен әлеуметтік игілігіне оң ықпал ете отырып, ауқымды синергетикалық тиімділік беретінін тағы да атап айтқым келеді.

Бүгін форумда тамаша идеялар айтылып, көптеген ілгерішіл шешімдердің ресімделетініне сенемін, олар әлемдік және ұлттық ауқымда өзара бірлесе іс-қимыл жасаудың арқауы ретінде қызмет ететін болады.

Сіздердің баршаңызды мен келесі жылдың мамырында өткізуді ұсынып отырған IV Астана экономикалық форумына шақырамын.

Барлығыңызға табыс пен игілік тілеймін.

Қазақстан Магниткасының 50 жылдығына
арналған салтанатты жиналыста

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Қарағанды облысы,
Теміртау қаласы,
2010 жылғы 2 шілде

**Ардақты ағайын!
Қымбатты қарағандылықтар!**

Баршаңызды Қазақстан Магниткасының
50 жылдық мерейлі тойымен құттықтаймын!

Тарихи мәні зор сол оқиға бүгінгідей көз
алдымда. Бұдан жарты ғасыр бұрын елімізде
бұрын-соңды болмаған өнеркәсіп алыбы дүни-
еге келді. Сарыарқа төсіндегі сол тұстағы шағын

Теміртау қаласы қайнаған өндіріс ошағына айналды. Осында тұңғыш шойын қорытпасы алынды.

Қазақстан Магниткасы – халық бірлігі мен жасампаздығының жарқын үлгісі. Мұнда алуан түрлі ұлт өкілдері жұмыла еңбек етті. Бірлігі жарасқан халық Теміртауды татулық бесігіне айналдырды.

Қара металлургияның қара шаңырағы болған Магнитка арқылы Қазақстан кеңестік кеңістіктегі алып индустриялық елге айналды.

1990-шы жылдардың еліміз үшін күрделі кезең болғанын баршаңыз білесіздер.

Кеңес Одағы ыдырап, қалыптасқан экономикалық жүйенің бұзылуынан комбинат қиын жағдайда қалды. Сол тұста тығырықтан шығар жалғыз жол – шетелден инвестиция тарту еді.

Дер кезінде қуатты инвестор таба алғанымыздың арқасында біз комбинатты аман сақтап қалдық.

Бұл – біздің металлургтердің және «ArcelorMittal Теміртау» компаниясы басшылығының жемісті жұмысының нәтижесі.

Біз дағдарыс салдарын дабырмен емес, сабырмен еңсердік. Менің тапсырмам бойынша азаматтардың әлеуметтік қорғалуы қамтамасыз етілді.

Қазір дағдарыстан дамуға бет түзедік. Еліміз экономикалық өрлеудің жаңа белесіне аяқ басты.

Менің тапсырмам бойынша 2020 жылға дейінгі Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы қолға алынды. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы жасалып, жүзеге асырыла бастады. Бұл бағдарламада металлургия саласы басым бағыттардың бірі ретінде қарастырылған.

Құрметті жерлестер! Қымбатты достар!

Бүгін біз еліміз үшін өте маңызды оқиғаны атап өтеміз. 50 жыл бұрын алғашқы шойынды балқыту тек Қарағанды металлургия комбинатының өмірге келуі болып қана қойған жоқ. Іс жүзінде бұл Қазақстанның бүкіл қара металлургиясының дүниеге келген күні.

Бұл жерде 50 жыл бұрын не болып еді? Шағын елді мекен, палаталық қалашық пен бүкілодақтық екпінді құрылысқа келген мен сияқты мыңдаған жас адамдар болды. Біздің қолдарымызбен небәрі 2 жылдың ішінде алғашқы домна тұрғызылып, өндіріске қосылды. Бұл құрылысшылардың, монтаждаушылардың, реттеушілердің, металлургтердің алып ұжымының нағыз еңбектегі ерлігі болды.

Сол бір шын мәніндегі тарихи балқымаға өзімнің де қатысқанымды мен өте мақтан етемін. Кезінде металлург мамандығын таңдағанымды мақтан тұтамын.

Бұл жерде мінез шыңдалды, бұл жерде мен өте маңызды өмірлік тәжірибе алдым, жаңа сенімді достар таптым.

Олег Тищенко, Александр Коркин, Николай Давыдов, Олег Сосковец, Владимир Кац, Махмуд Ақбиев, Арғын Жүнісов сияқты тамаша адамдармен бірге жұмыс істегеніме қуаныштымын.

Жолдастарымның арасында төртінші домна пешінің горнында бірге тұрғандар маған айрықша қымбат, мен олармен бірге оқыдым, жұмыс істедім. Олар Қабидолла Сәрекенов, Владимир Колбаса, Төлеутай Сүлейменов.

50 жылда Қазақстан Магниткасының көп нәрсені бастан өткеруіне тура келді.

Табысты дамудың алғашқы онжылдықтары КСРО тарағаннан кейінгі 1990-шы жылдардың аса қиын уақытымен алмасты, ол кезде комбинаттың өзінің өмір сүру мәселесі күн тәртібінде тұрды.

Осындай аса ауыр экономикалық жағдайда кәсіпорын үшін шетелдік инвесторды табу қажет болды. Өзге жол болған жоқ.

Әрине, көптеген, соның ішінде экспортқа да қатысты да проблемалар болды, себебі ол кезде комбинаттың өнімі үшін шетелдік базарлар қолжетімсіз еді.

Алайда Қармет металының жоғары сапалылығын көп ұзамай әлемдік өнеркәсіп қауымдастығы мойындады. Және мұнда металлургтердің,

«ArcelorMittal Теміртау» компаниясы басшылығының шүбәсіз еңбегі бар.

Өткен жылдарда комбинаттың дамуына жүздеген миллион доллар жұмсалды. Соның арқасында өндіріс жаңғыртылып, қазіргі заманғы жабдықтармен, ең жаңа технологиялармен қамтамасыз етілді. Болатты үздіксіз құю, ыстықтай мырыштау және қалайылау, сортты прокат өндірісі іске қосылды.

2015 жылға дейін жаңа қосымша қуаттар пайда болады. Стратегиялық жоспар бойынша кәсіпорындарда болат өндіру көлемін жылына 6 млн тоннаға жеткізу көзделген. Биылдың өзінде комбинаттың дамуына тағы да 400 млн доллар құйылатын болады.

Және бұл «Arcelor Mittal Темиртауды» дамыту мен жаңғырту жөніндегі үлкен жобаны жүзеге асырудың басы ғана.

Бір сөзбен айтқанда, комбинат бұрынғысынша елдің қара металлургиясының көшбасшысы болып қала береді.

Сіздердің даңқты кәсіпорындарыңыз Қазақстанның 2020 жылға дейінгі Үдемелі индустриялық-инновациялық даму стратегиясына лайықты үлесін қосады деп сенемін.

Сіздердің ұйымшыл және ынтымақшыл ұжымдарыңыз, жарты ғасырлық тәжірибе мен Қарметкомбинаттың игі жұмыс дәстүрлері – соның кепілі.

Бүгінде өндірістің жаңғыртылуымен қатар комбинаттың әлеуметтік саласының дамуына да, бүкіл Теміртаудың дамуына да елеулі қаржы инвестицияланып отырғанын атап өткім келеді.

Сіздердің қалаларыңыздың қалай өзгеріп, жақсара түскенін өздеріңіз де айқын көріп жүрсіздер.

Осында, комбинаттың құрылысында, бірлескен жасампаз еңбектің арқасында халықтар достығының жоғары мұраттары шындалды. Түрлі ұлттар адамдарының достығы мен ықпалдастығының сол рухы комбинатта осы кезге дейін сақталып келеді. Бұл сіздердің кәсіпорындарыңыздың тағы бір тамаша жетістігі, оны үкілей сақтап, нығайтқан жөн.

Барлық кезде де нағыз, осы сөздің жоғары мағынасындағы интернационализм адамдар үлкен міндеттерді жүзеге асыру бойынша жұмыс істеп, ұлы мақсатты өмірде іске асыруда бірлесе жұмыс істейтін жерде өмірге келетініне кәміл сенемін.

Бүгінде көп ұлтты Қазақстанның халқында осындай ұлы арман бар, осындай нағыз ауқымды мақсат бар.

Біз қуатты әрі серпінді дамитын мемлекет құрамыз, жалпыұлттық асыл мұраттарға негізделген жаңа қоғам жасадамыз.

Біз сіздермен бірге татулық пен келісім салтанат құрған елде өмір сүрудеміз. Біздің күшіміз осында.

Соңғы бірнеше жылдың оңай болмағанын сіздер білесіздер – әлемдік экономикалық дағдарыстың ықпалы әсер етті. Бірақ біз төтеп бердік. Бұрынғы жылдары жинақталған экономикалық әлеуетіміздің арқасында, қабылданған дағдарысқа қарсы шаралардың арқасында төтеп бердік. Атап айтқанда, ұлттық және трансұлттық компаниялардың мемлекеттік сатып алуларында «қазақстандық қамтуды» ұлғайтуға қол жеткізе алдық. Бұл отандық тауар өндірушілер үшін нақты қолдау болды.

Ал «Жол картасы» бағдарламасын іске асыру халықтың жұмыспен қамтылуын сақтап қалуға көмектесті. «Картаның» арқасында жергілікті жолдар, білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет нысандары жөнделді. Өзге елдерде жалақы мен әлеуметтік төлемдерді қысқартқан кезде, біз зейнетақыларды, бюджетшілерге еңбекақыны, стипендияларды, әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттырдық.

Біздің еліміздің экономикада, әлеуметтік салада, қоғамда татулық пен келісімді сақтауда қол жеткізгендері халықаралық аяда кеңінен танылды. Қазақстанның қазір ЕҚЫҰ сияқты беделді ұйымның төрағасы лауазымын иеленіп отыруы кездейсоқ емес.

Дағдарыстың зардаптарын жеңе отырып, біз одан әрі ілгерілеуді бастадық. Үдемелі индустрия-

лық-инновациялық даму бағдарламасы осыған бағытталған. Ол біздегі бар табиғи, экономикалық, адами әлеуеттердің барлығын белсендірек етуді көздейді. Ең бастысы – адамдардағы бастамашылықты, сіздер мен біздердің өміріміздегі батыл өзгерістерге шынайы қызығушылықты ояту. Менің тапсыруым бойынша «Бизнестің жол картасы – 2020» тап сол себепті әзірленді. Оны жүзеге асыру қазірдің өзінде басталды.

Қазіргі қолданыстағы жұмыс орындары сақталып, жаңа тұрақты жұмыс орындары құрылатын болады.

Бағдарламаның нағыз қатысушылары үшін экономиканың басым секторлары аграрлық-өнеркәсіп кешені, өнеркәсіп өнімін, құрылыс материалдарын өндіру, жеңіл өнеркәсіп болып табылады.

«Бизнестің жол картасы – 2020»-ның екінші басымдығы тау-кен өндірісі өнеркәсібі мен металлургия саласындағы техникалық қызмет көрсету, денсаулық сақтау мен білім беру саласындағы қызмет, сондай-ақ халыққа арналған қызметтің басқа да түрлері болады.

2010 жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасын жүзеге асыруға республикалық бюджетте 30 млрд теңге көзделген. Бұл қаржы жаңа бизнес бастамалар мен экспортқа бағдарланған өндірістерге қолдау көрсетуге жұмсалады.

Құрметті теміртаулықтар!

Мен бүгін қаланың біздің Магниткамыздың мерейтойына лайықты деп есептеуге болатын жаңа нысандарын аралап көремін. Сіздердің қуанышты сезімдеріңізді бөлісемін.

Жаңа өндірістер мен әлеуметтік нысандар құрылысының тек сіздердің қалаларыңыз үшін ғана емес, сонымен бірге бүкіл ел үшін де үлкен маңызы бар.

Бүгінде бүкіл Қазақстанда құрылыс салынуда, әрі бұл біздің мемлекетіміздің қуатты әлеуеті мен ұлт рухы мықтылығының басты куәсі болып табылады.

Қазақстанда өмірдің барлық салаларының серпінді дамуы адамдардың өз Отанының болашағына, әрбір отбасының болашағына сенімін нығайтады.

Мен Теміртаудың бұдан да әсем әрі өмір сүріп, тынығу үшін қолайлы болатынына сенемін, бұл жерде жаңа өндірістік және әлеуметтік нысандар пайда болады. Бұл қаланың болашағы жарқын болатыны күмәнсіз.

Бүгін осы салтанатқа Ресейден, Украинадан, Польшадан, Чехиядан, Босниядан, Израильден қонақтар қатысып отырғаны қуанышты.

Қазақстан Магниткасы жарты ғасыр өткеннен кейін де өзінің «магниттік» қасиетін сақтап қалып, бұрынғысынша түрлі елдерден түрлі ұлттардың адамдарын өзіне «тартуда».

КСРО тарағаннан кейін біреулер Қазақстаннан кетіп қалды, бірақ бұрынғысынша біздің елімізді де, осы комбинатты да өз туғанындай көреді. Өткен жылдарда Теміртаудың өзге бауырлас қалалармен тығыз байланыстары орнады.

Бүгінде осы достық байланыстар Қазақстанның халықаралық ынтымақтастығын нығайтуға көмектесуде.

Осы мерейтойға келгендердің бәріне рахмет.

Мен Теміртаудың өзім үшін – еңбектегі Отаным, ал Магнитка – мәреден аттанған жерім екенін әрдайым айтып жүремін. Бұл менің отбасым үшін де туған қаласы.

Теміртауды ешбір әсірелеусіз-ақ біздің жастығымыздың, біздің жұмысшылық абыройымыз бен даңқымыздың қаласы деп атауға болады.

Менімен бірге бұл сөздерді менің көптеген замандастарым, әріптестерім, жас кездегі достарым да қайталай алады.

Бұл адамдарды шын мәнінде «құрыш ұрпақ» деп атауға болады. Олардың тек комбинатты тұрғызып, металл қорытқаны үшін ғана олай демейміз. Олар құрыш мінезді, қайыспас ерік күші мен мақсатқа ұмтылушылығы бар адамдардың ұрпағы. Барлық қиындықтарға қарамастан, тап осы қасиеттер олардың ең күрделі міндеттерді шешіп, кез келген шыңдарды бағындыруына мүмкіндік берді. Олар үшін әрдайым басты

нәрсе жанға жайлылық пен өмірдің рахаты емес, өздерінің таңдап алған ісі, жұмысы болды.

Өздерінің өмірлік жолын таңдап жатқан біздің жастарымызға мен сеніммен кеңес бере аламын: біздің ұрпағымыздан үлгі алыңдар. Олардың қажырлы еңбекпен, ұдайы оқумен, биік мақсаттарға ұмтылыспен толыққан өмірлерін үлгі етіңдер. Сонда сендер көп нәрсеге қол жеткізіп, ең бастысы, өз Отаныңа үлкен пайда әкелесіңдер.

Бүгінде қазақстандықтардың жаңа ұрпақтары «құрыш ұрпақтардан» эстафетаны қабылдап алуда. Ел өзінің индустриялық дамуының инновациялық, жоғары технологиялық кезеңіне енуде. Біз жаңа металлургиялық кәсіпорындар ашып, өнімдердің жаңа қайта бөлістерін игерудеміз. Жарты ғасыр бұрын басталған ұлы іс жалғасын табуда.

Сіздерді Қазақстан Магниткасының 50 жылдығымен және Теміртаудың жақындап қалған 65 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздерге және сіздердің отбасыларыңызға денсаулық, бақыт, береке мен игіліктер тілеймін!

**ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер Сыртқы істер
министрлері кеңесінің 2010 жылғы 3 тамызда
Ұйымның VII саммитін
2010 жылдың 1–2 желтоқсаны күндері Астана
қаласында өткізу туралы шешім қабылдауына
байланысты**

МӘЛІМДЕМЕСІ

Астана қаласы,
2010 жылғы 5 тамыз

Құрметті қазақстандықтар!

Осы жылдың 3 тамызында Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына қатысушы мемлекеттердің Сыртқы істер министрлер кеңесі осы ірі халықаралық ұйымның саммитін 2010 жылдың 1–2 желтоқсанында Астанада өткізу туралы тарихи шешім қабылдады.

Бұл шешім – қазақстандық толайым табыстардың абыройлы айғағы! Бүгінде Қазақстан ғаламдық қауіпсіздіктің ұйытқысына, татулық пен тұрақтылықтың кепіліне, бейбітшіліктің берекелі белдеуіне айналды.

Төрткүл дүниеге төрелік айтқан Қазақ елі Азия және ТМД мемлекеттері арасында тұңғыш рет беделді ұйымның саммитін өткізеді.

Қазақ елі бұрын-соңды мұндай биікке жеткен емес.

Баршаңыз білесіздер, беделді ұйымның алқалы жиыны 11 жылдан бері өтпеген еді.

Қазіргідей күрделі кезеңде бәтуалы басқосу – ұйым үшін де аса маңызды оқиға болып саналады.

Құрметті қазақстандықтар!

Саммит өткізуді қазақстандық төрағалықтың басты басымдығы ретінде менің ЕҚЫҰ-ның Тұрақты кеңесіне қаңтар айында жасаған бейнеүндеуімде атап айтқаным мәлім.

Қабылданған шешім Қазақстан халқының тәуелсіздік жылдары ішінде қол жеткізген табыстарына халықаралық қоғамдастықтың жоғары құрметінің белгісі болып табылады.

Біз бұдан біздің еліміздің ЕҚЫҰ-ның Іс басындағы төрағасы қызметіндегі күш-жігеріне кең ауқымды қолдауды көреміз.

Ұйымды басқара отырып, Қазақстан еуропалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бүгінде құрлықтық шеңбер ауқымынан асып кеткен деген тезисті белсенді түрде ұсынумен келеді.

Соның нәтижесіндей, бүгіннің өзінде-ақ халықаралық қоғамдастық еуро-атлантикалық және еуразиялық қауіпсіздік категорияларын пайдалануда.

ЕҚЫҰ төрағалығына кірісе отырып, біз Ұйымның жаңа қауіп-қатерлерге, бірінші кезекте, терроризм мен есірткі тасымалына қарсы тұрудағы рөлін нығайту жөніндегі өз ниетімізді мәлімдеген болатынбыз. Осыған байланысты біз Ауғанстандағы жағдайды бейбіт реттеу жөніндегі күш-жігердің белсенділігін арттыруды қазақстандық негізгі басымдықтардың бірі ретінде ұсындық.

Біз ЕҚЫҰ бойынша әріптестеріміздің назарын Орталық Азиядағы қауіпсіздік проблемаларына аударуға ұмтылған кезде, ешкім де Қырғызстандағы терең саяси дағдарысқа болжау жасай алған жоқ. Осы елде орын алған қайғылы оқиғалар кең көлемді өңірдің тұрақтылығы үшін нағыз ескерту белгісіне айналды. Ол ЕҚЫҰ, басқа да халықаралық ұйымдар мен бүкіл әлем жұртшылығы тарапынан тиімді шаралар қабылдауды талап етті.

Біз экономикалық ынтымақтастықты дамытудағы, экологиялық проблемаларды, әсіресе Арал проблемасын шешудегі ЕҚЫҰ-ның рөлін күшейту мақсатын қойдық.

ЕҚЫҰ-ның саммитін Астанада өткізу туралы шешім – күрделі кезеңді бастан өткеріп жатқан Ұймының өзі үшін де үлкен жетістік екендігін айрықша атап өткім келеді. Бізге еуро-атлантикалық және еуразиялық кеңістікте барлық үш өлшемде де сақталып отырған және жаңадан туындайтын қатерлерге қатысты бірлескен қадамдарды қалыптастыру міндеті тұр. Астана саммиті стратегиялық бағыттар мен ЕҚЫҰ дамуының «жол картасын» белгілеп беруді көздейді.

Астанада ЕҚЫҰ саммитін өткізу туралы шешімнің тарихи күнге сәйкес келуінің терең символдық мәні бар деп есептеймін. Осыдан 35 жыл бұрын, 1975 жылдың 1 тамызында, Хельсинки Қорытынды актісіне қол қойылды.

Жоғары дәрежелі кездесудің біздің Ұйымды қазіргі өмір шындығына бейімдеуге жағдай жасайтынына сенімім мол. Ол әлем жұртшылығына ЕҚЫҰ-ның «Хельсинкиден Астанаға дейінгі» табысты эволюциясын паш ететін болады.

Алдағы тұрған форумның Қазақстан үшін ерекше маңызды екенін айрықша атап айтқым келеді.

Астанада халықаралық өмірдегі ең басты саяси оқиғалардың бірін өткізу фактісі біздің еліміздің әлем алдындағы беделін көтеріп қана қоймайды. Астана саммиті Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және демократиялық дамуына серпін беріп, қазақстандықтардың бірлігі мен

патриотизмін бұрынғыдан бетер нығайта түсетін болады.

Бүкіл кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте осындай ауқымдағы алғашқы халықаралық форум – ЕҚЫҰ саммитінің өткізілуі – бұл зор абырой ғана емес, сонымен бірге үлкен жауапкершілік. Ендігі жерде оны дайындау мен ең жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өткізуді қамтамасыз етудің маңызы зор.

Біз үшін біздің қоғамымыздың – толеранттылық, дәстүрлерді құрметтеу, сенім мен өзара түсіністік тәрізді басты құндылықтарын паш етудің бірегей мүмкіндігі тұр.

Құрметті қазақстандықтар!

Бұл шешім біздің бағыт-бағдарымыз бен ұстанған жолымыздың дұрыс екенін тағы бір мәрте дәлелдеп берді.

Сонымен қатар, мәртебелі ұйымның саммитін өткізу баршамызға абыройлы міндет пен ерекше жауапкершілік жүктейді.

Ендеше, осы жолда баршаңызға мол табыс тілеймін!

Қазақстан Республикасы Конституциясының
15 жылдығына арналған «Конституция –
мемлекеттің демократиялық дамуының негізі»
атты халықаралық ғылыми-практикалық
конференциясында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2010 жылғы 27 тамыз

**Құрметті конференцияға қатысушылар!
Қадірлі қонақтар!**

Қазақстан халқы осыдан 15 жыл бұрын тарихи
таңдау жасап, бағыт-бағдарын, жүрер жолын
айқындады.

Еліміз 1995 жылы өзінің талғам-талқысынан
өткен басты құжатын – төл Конституциясын
жүрек қалауымен қабылдады.

Жасампаздықтың жаңылмас жарғысы болған Конституция біздің барша жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды.

Қастерлі құндылығымыздың қағидаттарын бұлжытпай орындаудың нәтижесінде біз қысқа мерзімде мызғымыс мемлекеттігімізді орнатып, тәуелсіздігімізді тұғырлы еттік.

Ата заң тәуелсіздігіміз бен тұтастығымыздың кепілі ретінде біздің бірлігімізді бекемдеп, елдегі тұрақтылық пен татулықтың берік тұтқасы болды.

Конституция – мемлекеттік биліктің қайнар көзі – халықтың өзі екенін айқындады.

Жаңа Конституция қабылдау арқылы Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты.

Осы мерейлі межеге биыл 15 жыл толып отыр.

Бүгінгі конференцияның осы айрықша мереке қарсаңында өткізілуі оның маңызын арттыра түседі деп есептеймін.

Құрметті конференцияға қатысушылар! Қымбатты шетелдік қонақтар!

Бүгінгі мерейтойдың біздің халқымыз үшін зор маңызы бар. Негізгі заңды қабылдау жөніндегі бүкілхалықтық референдум жаңа елдің негізгі қағидаттары мен құндылықтарын бекіткен Қазақстан халқы бірлігінің бірегей тарихи актісіне айналды.

Әрине, біздің Конституцияға әлемдегі бағзы конституциялар секілді ғасырлық мерейтойларға

әлі алыс, бірақ та орындалған міндеттердің ауқымы жағынан біздің Негізгі заңды олармен салыстыруға әбден болады.

Біздің Отанымыздың 15 жылдағы барлық жетістіктері – Конституцияның және соның негізінде қабылданған заңнаманың іс-әрекетінің нақты нәтижесі.

Негізгі заңда барша қазақстандықтарға түсінікті де етене ортақ құндылықтар нақты заң тілімен баяндалған.

Бұл 140 этнос пен 46 діни қауымдастық келісім мен достықта өмір сүріп отырған Қазақстан жерінің киелілігі, қол сұғылмастығы және біртұтастығы.

Бұл – жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діні мен басқа белгілері бойынша азаматтарды кемсітушілікке қатаң тыйым.

Осы негізде басты конституциялық қағидаттар – бейбітшілік пен тұрақтылық, бүкіл халық игілігі жолындағы экономикалық даму қамтамасыз етіледі.

Француз ойшылы Шарль Монтень «ең жақсы мемлекеттік құрылым – халықты тұтас бірлік ретінде сақтай алған құрылым» екенін атап өткен.

Халықтың бірлігі – ең алдымен мемлекеттік институттардың бірлігі.

Бұл мақсатқа Конституцияның арқасында қол жеткізілді.

Қазақстанда халықтың барынша басым қолдауы жағдайында күшті президенттік билік орнықты.

Мемлекеттің қалыптасуы, әлеуметтік, экономикалық және саяси жаңғырту жағдайында жоғары биліктің әлсіз болуға құқы жоқ.

Мұны посткеңестік кеңістіктегі көптеген елдердің сәтсіз мемлекеттік құрылыс тәжірибесі көрсетіп берді.

Қазақстанда конституциялық дамудың 15 жылында бірде-бір саяси дағдарыс болған емес. Барлық мәселелер біртұтас мемлекеттік билік тармақтарының өзара ықпалдастығы жөніндегі қатаң конституциялық қағидаттар негізінде шешілді.

Конституциялық заңдылықты қамтамасыз етуде Конституциялық кеңес маңызды рөл атқарады. Оның қызметі – қазақстандық заңнаманың Негізгі заңның рухы мен қарпіне сәйкестігінің сенімді кепілі.

Конституция қоғамның демократиялық әлеуеті өсуінің сенімді негізі болды. Қазақстанда 2600-ден астам бұқаралық ақпарат құралдары, 18 мыңнан аса үкіметтік емес ұйымдар ойдағыдай дамып отыр.

Біздің газеттер мен журналдар, ағылшын, әзірбайжан, неміс, корей, украин, ұйғыр, өзбек, дүнген, татар тілдерін қоса алғанда, 11 тілде шығады, ал театрларда 6 тілде өнер көрсетіледі. Олардың бәрін толықтай мемлекет қаржыландырады. Мұндай тәжірибе әлемде еш жерде жоқ. Бұл

мемлекеттің ізгі ниеті. Бұл – көп ұлтты халыққа, оның тілдері, діндері мен мәдени қажеттіліктеріне жасалатын қамқорлық.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – маңызды конституциялық орган, ол Парламентке 9 депутат сайлайды.

Биылғы жылы ол да 15 жылдық мерейтойын атап өтеді. Оның табысты тәжірибесін әлемде кеңінен зерттеуде.

Бұл тәжірибе – тілдерді, мәдениеттерді өркендету, қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, ұлтаралық келісімді нығайту жөніндегі үлкен де сан қырлы жұмыс.

Бұл – 200-ден астам этностық мектептер, 195 жексенбілік тіл орталықтары.

Конституцияда бекітілген мемлекеттің зайырлы сипаты – қоғамда толеранттылықты нығайтудың маңызды шарты. Біздің бастамамыз бойынша Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының үш съезі ойдағыдай өтті.

Негізгі заң – елдің экономикалық өмірін реттейтін бүкіл заңнамалық арқаудың өзекті ұстыны.

Қазақстан ТМД-да бірінші болып салық, зейнетақы реформасын жүргізді, олардың посткеңестік кеңістікте баламалары жоқ.

«Цифрлар әлемді басқармайды, бірақ та ол қалай басқаратынын көрсетеді» дейтін сөз бар. Сондықтан да барынша объективті мәліметті қызыл сөз емес, фактілер мен цифрлар береді.

Ұлттық экономикаға 100 млрд доллардан астам тікелей шетелдік инвестиция тартылды.

Жаңа ХХІ ғасырдың алғашқы 7 жылында ғана ІЖӨ көлемі 2 еселеніп, өнеркәсіп өнімдерін шығару 2 есеге және ауылшаруашылық өнімдерін шығару 1,5 есеге ұлғайды. Бұл ретте жан басына келетін ІЖӨ 15 жылда 700 доллардан 8 мың долларға дейін, яғни 11 есе ұлғайды.

Тіпті көптеген елдерде даму қарқынын тежеген әлемдік дағдарыс жағдайында қазақстандық экономиканың оң серпінділігі жоғалған жоқ.

Қазір бізде қуатты экономикалық өсу жалғасуда. Бірінші жартыжылдықтың қорытындылары бойынша біз ІЖӨ көлемін 8 % ұлғайттық, басқа макроэкономикалық көрсеткіштер де өсуде.

Біздің мемлекеттің әлеуметтік сипаты туралы конституциялық қағидат жаһандық дағдарыс салдарына қарсы күрестің қиын уақытында барынша толығынан көрінді.

Ең бастысы, адамдарға көмек көрсетілді.

Дағдарысқа қарсы бағдарлама аясында өткен жылы ғана 400 мыңнан астам жаңа жұмыс орындары ашылды. Дағдарыстың ең шырқау кезінде біз жұмыссыздықты азайттық. Осы жылдың аяғына дейін тағы да 200 мың жаңа жұмыс орындары ашылатын болады.

Бүкіл еліміз бойынша жүздеген жаңа кәсіп-орындар, мектептер, ЖОО-лар, ауруханалар мен

басқа да әлеуметтік нысандар ашылды, жолдар жөнделді.

Тұтастай алғанда, 1996 жылмен салыстырғанда халықтың табыс деңгейі 14 есе артты.

Бала туу 4 есе ұлғайып, орташа өмір ұзақтығы өсті.

Негізгі заңды қатаң басшылыққа алу біздің елімізге жаңа келешек көкжиегін ашып береді.

Биылғы жылы қазақстандықтар 2020 жылға дейінгі жаңа онжылдықтың стратегиялық жоспарын орындауға кірісті.

Үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

Оны іске асыру аясында биылғы жылы ғана 140-тан астам бәсекеге қабілетті жаңа өнеркәсіп орындары іске қосылады.

Біз құқықтық жүйені жетілдіреміз. Менің жарлығыма сәйкес құқық қорғау органдарын реформалау жөніндегі міндеттер анықталды. Реформаның басты мақсаты – қылмыстық саясатты ізгілендіру, қылмыссыздандыру.

Негізгі заң Қазақстанның сыртқы саясатының басты қағидаттарын – теңдестірушілікті, салиқалылықты, көпвекторлықты орнықтырды.

Біздің еліміз әлемде бірінші болып және бір өзі атом қаруынан бас тартты, әлемдегі аса ірі Семей полигонын жауып, жаһандық ядролық үнқатысудың белсенді қатысушысына айналды.

Қазақстан бүгінде БҰҰ-ға арнаулы Ядролық қарусыз әлем туралы декларация қабылдауды ұсынып отыр. Екі күннен кейін, 29 тамызда, әлем алғаш рет біздің бастамамыз бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы бекіткен Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күнін кеңінен атап өтеді.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін шақыру жөніндегі біздің бастамамыз халықаралық қатынастардың тиімді институтына айналды.

Биылғы жылы ЕҚЫҰ-ға басшылық етіп отырған Қазақстан Еуразиялық қауіпсіздіктің құрлықтың тұғырнамасы идеясын ұсынды.

Өздеріңіз білесіздер, 1–2 желтоқсанда Астанада ЕҚЫҰ мемлекеттері басшыларының саммиті болады. Оны өткізу туралы бірауызды шешім – ЕҚЫҰ-ға қазақстандық төрағалықтың табыстылығының дәлелі.

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Қазақстан Конституциясы – заң әрпімен өрнектелген жалпыұлттық идея. Ол біздің ата-бабаларымыздың талай ұрпақтарының азаттық және өз тағдырын өзі айқындау мүмкіндігі туралы, билік барша халықтың мүддесіне қызмет ететін мемлекет құру туралы, бүкіл әлемге белгілі әрі құрметтелетін тәуелсіз ел болу туралы армандарының осы заманғы құқықтық түсініктерін бейнеледі.

Нақ сондықтан да біз міне енді екінші жыл қатарынан Конституция күнінде салтанатты парад және бүкіл еліміз бойынша бұқаралық патриоттық акциялар өткіземіз.

Жиырма шақты мемлекеттің өкілдерін жинаған бұл халықаралық конференция Қазақстандағы конституциялық құрылыстың табысты тәжірибесіне басқа елдердің жіті назарын танытады.

Біздің елімізге қызығушылықтарыңыз үшін, көнференцияның жұмысына қатысқандарыңыз үшін сіздерге ризашылық білдіреміз.

Осы залда Конституция жобасын жасау жөніндегі күрделі жұмыста маған көмектескен ғалымдар отыр. Мен қазақстандық конституционализмнің қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосқан сіздерге терең ризашылығымды білдіремін.

Құрметті қазақстандықтар! Құрметті достар!

Біз жыл сайын Конституция күнін Негізгі заңға деген құрмет үшін ғана емес, ең алдымен, өзімізге деген құрмет үшін атап өтеміз. Біз, Қазақстан халқы, өз басымыздан өткеріп, өзіміз анықтаған өмір ережелері мен нормалары үшін атап өтеміз.

Конституция бойынша, заң бойынша өмір сүру – жай ғана қажеттілік пен азаматтық міндеттілік емес. Бұл – азат адамдардың артықшылығы. Өз құқықтарының бағасын біліп, басқалардың

да осы құқықтарын мойындайтын адамдардың артықшылығы.

Осындай жағдайда ғана біз – жеке азаматтар емеспіз – Қазақстан халқымыз, тұрғындар емеспіз – қоғамбыз, азаматтық қоғамбыз. Географиялық кеңістік емеспіз, бізді біріктіретін елміз.

Конституция күнінде біз Атажұрт алдындағы жауапкершілігіміздің қандайлық зор екенін айрықша ұғынамыз. Және, ең алдымен, мемлекеттің қызметінде тұратындардың жауапкершілігін ұғынамыз. Елдің мемлекеттік машинасын жұмыс жағдайында ұстап тұруға, оның босаңсуына, тығылуына немесе бос айналымдарда жұмыс істеуіне жол бермеуге және, ақыр аяғында, осынау күрделі де қымбат тұратын машинаның шұғыл саяси бұрылыстарда ауып қалмауына кепілдік беруге тиістілердің жауапкершілігін ұғынамыз.

Ал біздің әрқайсымыз не үшін қызмет етіп жүргенімізді айқын сезінеміз. Біздің азаматтардың азаттығы мен қадір-қасиеті шын мәнінде елдің ұлттық қауіпсіздігінің мәселесі екендігін сезінеміз. Бұл тамаша датаның мәні осында жатыр.

Мен сіздерді алдағы мерекемен – Қазақстан Республикасы Конституциясының 15 жылдығымен құттықтаймын.

Конференцияның барлық қатысушыларына табысты да жемісті жұмыс тілеймін!

**Қазақстан Республикасы Парламенті
төртінші шақырылымы IV сессиясының
ашылуында**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2010 жылғы 1 қыркүйек

**Қайырлы таң, құрметті Парламент
депутаттары!
Ханымдар мен мырзалар!**

Қазақстан Республикасы Конституциясының
59-шы бабына сәйкес төртінші шақырылымдағы
Парламенттің IV сессиясын ашық деп жариялай-
мын.

Құрметті Парламент депутаттары!

Сіздерді Парламенттің кезекті сессиясының ашылуымен құттықтаймын.

Біз 30 тамыз күні мемлекеттік ұлық мерекеміз – Конституцияның 15 жылдық тойын атап өттік.

Конституция қабылдау арқылы Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты.

Жасампаз істерімен дүние жүзіне танымал әлеуетті елге айналды.

Біздің ұстанған бағытымыздың дұрыс екенін уақыт өзі дәлелдеп берді.

Біз биыл ТМД және Азия елдері арасында тұңғыш рет Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына жетекшілік етудеміз.

Өздеріңіз білесіздер, таяуда елімізде осы беделді ұйымға мүше мемлекет басшыларының саммиті өтеді.

Бұл – біздің еліміз үшін зор мәртебе, сонымен қатар үлкен жауапкершілік жүктейтін айрықша ауқымды шара болмақ.

Ел экономикасы қарқынды дамып, біз дағдарыстан кейінгі кезеңге батыл қадам бастық.

Бұл ретте болашаққа бағытталған бірқатар іргелі бағдарламалар қабылданды.

Атап айтқанда, Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуының 2010–2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

Елімізде «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы қолға алынды. Бұл бағдарлама бойынша кәсіпкерлік секторды сауықтыру және бизнес бастамаларын қолдау, аграрлық-өнеркәсіп саласын қаржымен қамтамасыз ету шаралары жүзеге асырылуда.

Таяу онжылдықты қамтитын еліміздің дамуының Стратегиялық жоспарын жүзеге асыруға нақты кірістік.

Сонымен қатар Беларусь және Ресей мемлекеттерімен бірге Кедендік одаққа мүше болып кірдік.

Бұл орайда, Парламент жоғары заң шығарушы орган ретінде еліміздің өсіп-өркендеуі жолында пәрменді жұмыс жасауда.

Мызғымас мемлекеттігіміздің Бас бағдарына айналған Ата заң аясында көптеген заңдар қабылдануда.

Өткен сессия бәрімізге оңай болған жоқ. Бізге қауырт жұмыс істеуге тура келді. Оның үстіне, дағдарыстан өту кезеңінде көп шаралар қолға алынды. Халықтың әл-ауқаты жақсарды. Осының барлығы біздің бірігіп істеген жұмысымыздың нәтижесі деп білемін. Халықтың біздің қызметімізге ризашылығы зор екені белгілі.

Мен жемісті еңбектеріңіз үшін баршаңызға өз ризашылығымды білдіргім келеді.

Парламенттің алдағы уақытта да абырой биігінен көрініп, ел үмітін ақтай беретініне кәміл сенемін.

Құрметті депутаттар!

Үшінші сессияның қорытындылары заң шығарушылық жұмыс сапасының артқанын көрсетіп отыр. Барлығы 148 заң қабылданды.

Елдің құқықтық базасы құқық қорғау органдарын реформалауға, қылмыспен және сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейтуге бағытталған заңдармен нығайды.

Қаржы және экономикалық, бюджет және тариф саясаты, салық саласы туралы нормалар жетілдірілді.

Энергияны үнемдеуді, су ресурстарын ұтымды пайдалануды ынталандыру үшін заңнамалық негіздер жасалды.

Жаңа заңнаманың үлкен блогы азаматтардың жекелеген санаттарына қолдау көрсетуге және халықты тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемімен қамтамасыз етуге бағытталған.

Парламент Қазақстан қол қойған 35-тен астам халықаралық құжаттарды ратификациялады.

Қазақстан, Ресей және Беларусь Кедендік одағының құқықтық негізі қалыптастырылды.

Бірыңғай Кедендік кодекс пен үш елдің Бірыңғай экономикалық кеңістігін құруға жол ашатын басқа да заңнамалық актілер қабылданды. 3 мемлекет те интеграцияның келесі кезеңі – Бірыңғай экономикалық кеңістікке көшу жөніндегі заңнамалық базаны жасау үшін белсенді жұмыс істеуде.

Біздің нарығымызды кеңейту жөніндегі осы маңызды құжаттармен салиқалы жұмыс істегені үшін мен Сенат пен Мәжілістің депутаттарына алғыс айтқым келеді, бұл индустриялық бағдарламаны жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Біз өндіретін тауарлардың үлкен нарығы болуы тиіс – біз сіздермен бірге оны жасаймыз.

Құрметті депутаттар!

Дағдарысқа қарсы бағдарламаның және дер кезінде қабылданған заңдардың арқасында экономика өсу белесіне көтерілді. Бірінші жарты жылдықтың қорытындылары бойынша ІЖӨ 8 %-дан астамға өсті. Өнеркәсіп өндірісі 11 %, ауыл шаруашылығы 3 %-дан астамға ұлғайды. Өңдеу өнеркәсібінде өсім 18,3 %, тау-кен өндіру өнеркәсібінде – 6,3 % құрады. Машина жасау саласында, химия және тамақ өнеркәсібінде оңды серпіліс байқалуда. Биыл тұтыну сұранысы ұлғайды. Бөлшек сауданың көлемі 13,1 % өсті. Шағын және орта кәсіпкерліктің субъектілері өнім шығаруды 6,1 % арттырды.

Елдің халықаралық резервтері 53 млрд доллардан асып түсті. Бұл осы жылдың басындағымен салыстырғанда 5,7 млрд долларға көп.

Кәсіпкерлерге қуатты мемлекеттік қолдау көрсетілді.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы сөреден аттанды. Банктерге кәсіпкерлерден жаңа

бизнес-бастамаларға қолдау көрсетуге жалпы құны 225 млрд теңгелік 517 тапсырыс түсті.

Бізде банк жүйесі тұрақтанып келе жатқандықтан, қарыздарды, соның ішінде БТА Банктің қарыздарын, қайта құрылымдау аяқталып келеді. Біздің банктеріміз бизнесті едәуір белсендірек кредиттендіре бастайды деп үміттенейік. Оның үстіне, банктерде өтімділік қаржылары бар.

Биылғы жылы аграрлық-өнеркәсіп кешенін қолдауға республикалық бюджеттен 220 млрд теңге бөлінді. Бұл өткен жылғымен салыстырғанда 2 есе көп. Ағымдағы жылы тек көктемгі дала және жиын-терін жұмыстарына 96 млрд теңгеден астам бөлінді.

Биылғы жылы құрғақшылық пен ауа райының ыстықтығынан Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарының астықты алқаптарының бір бөлігі шығымсыз қалды.

Менің елдің негізгі егін өсіретін өңірлерінде болып қайтқанымды білесіздер, қатты алаңдауға себеп жоқ деп есептеймін. Елде астық жеткілікті, бізде нан болады, өткен жылдың қорын ескерсек, экспорттық әлеует те өткен жылғы деңгейде сақталады. Біз нан мен ұнға тұрақты ішкі бағаларды демеп тұратын боламыз.

Өткен кезеңде 45,5 мыңнан астам үлескерлердің проблемалары шешілді. 353 нысан толық салынып бітті.

Мен сондай-ақ Үкіметке теріс пиғылды құрылыс салушылар ұрлаған қаржыларды қайтарып алу үдерісін жеделдетуді және бұл жұмысты жеріне жеткізуді тапсырдым.

Тағы да атап айтамын, бұл мәселенің шешімі мемлекеттің тікелей міндеті емес, біздің игілікті еркіміз болып табылады.

Әлемдік дағдарыс жағдайында мемлекет қазақстандықтардың алдындағы өзінің барлық әлеуметтік міндеттемелерін толық көлемде орындап шықты. 2008–2010 жылдары зейнетақылар мен бюджеттік ұйымдардағы жалақының мөлшері орта есеппен 62 % жоғарылатылды.

Биылғы жылы Елдің дамуының 2020 жылға дейінгі стратегиялық жоспары қабылданды. Үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарлама бекітілді. Қазақстанды индустрияландыру картасының аясында жалпы инвестициясының көлемі 381 млрд теңгелік 72 жаңа өндірістер қатарға қосылды. 25 мыңнан астам жұмыс орындары құрылатын болады.

Қазақстанның халықаралық экономикалық кеңіс-тікке кірігу үдерісі сапалық жаңа деңгейге шықты.

1 қаңтардан бастап Қазақстан, Ресей, Беларусьтің Кедендік одағы жұмыс істей бастады. Бүгінде бірыңғай кедендік тариф пен тарифтік емес реттеудің ортақ шаралары қолданылуда. Ішкі шекараларда тауарларды кедендік ресімдеу

алынып тасталды. Кедендік одақтың арқасында қазақстандық өндірушілердің нарық әлеуеті 10 еседен астам, 170 млн адамға дейін дерлік өсті. Бұл біздің экономикамызды ырықтандыру үшін маңызды ынталандыру.

Құрметті депутаттар, Үкімет мүшелері!

Біз жаһандық дағдарыс толқынын табысты еңсердік. Бірақ бұл бізді жайбарақаттыққа салмауы керек.

Әлемдік экономикадағы ахуал қалай болатыны белгісіз күйінде қалуда. Толыққанды қалпына келу әлі бола қойған жоқ. Бүгінде сарапшылар қауымдастығы дағдарыстың жаңа толқыны болуы мүмкін дегенді айтуда. Сондықтан әртүрлі сценарийлерге дайын тұруымыз керек. Шығындарды арттырумен әуестенбей, әсіресе өңірлік деңгейде мемлекеттік қаржыларға ұқыппен қарау керек.

Парламент пен Үкімет даму бағдарламаларына бағытталатын бюджеттік қаржылардың тиімді жұмсалуды қадағалауы қажет.

Көп мәселелерді қаржыландыруды арттырмай-ақ шешуге болады.

Мүмкіндік табылатын жерлерде мемлекеттік шығындарды қысқарту керек. Қаржылар үнемделіп, резервтер жасалсын.

Бизнес-климат жақсартылып, мемлекеттік-жеке серіктестік дамытылсын.

Осы сессияның барысындағы заң шығарушылықтың басты міндеті – 2020 жылға дейінгі даму стратегиялық жоспарын құқықтық қамтамасыз ету.

Заң шығарушылық жұмыстың мына бағыттарын жандандыру қажет.

Бірінші. Рұқсат беру жүйесін жетілдіру, тексерілетін нысандарға талаптар белгілейтін нормативті-құқықтық актілер қабылдау саласында мемлекеттік органдардың құзыреті туралы заң жобалары жедел қаралуды талап етеді.

Бизнеске әкімшілік салмақты азайтып, рұқсат беру рәсімдерін, соның ішінде лицензиялауды, сертификаттау мен тіркеуді оңайлату керек.

Банктер мен қаржы ұйымдары қызметінің тәуекелін азайту бөлігін реттейтін заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізген жөн.

Екінші. «Индустриялық саясат туралы» заңның жобасын, «Ғылым туралы», «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіру және айналымын мемлекеттік реттеу туралы», «Арнайы экономикалық аймақтар туралы» заңдардың жаңа редакциясын қарау күтіп тұр.

Шаруа (фермер) қожалықтарының қызметі туралы, электр энергетикасы саласында жұмыс істейтін ұйымдар туралы заңнаманы жетілдіру қажет.

Жобалық қаржыландыру және мемлекеттік-жеке серіктестік туралы заңның қабылдануы-

ның зор маңызы бар. Ол жаңа қаржылық бастамаларды жүзеге асыруға бағытталған.

Сауда қызметінің дамуына бағытталған заң қабылдау керек.

Мемлекеттік монополияға жатқызылған қызметті реттеу және бақылаудың құқықтық арқауын жетілдіру қажет.

Бұл заң жобаларының ішіндегі бірқатары Парламентке қазірдің өзінде енгізілген.

Үкіметке қалғандарын әзірлеуді жеделдетіп, оларды осы жылдың соңына дейін Мәжіліске енгізуді тапсырамын.

Үшінші. Үкімет жаңа халықаралық университеттің мәртебесі туралы заңның жобасын әзірледі және ол жақында сіздердің қарауларыңызға енгізіледі. Ол қазақстандық білім берудің деңгейін көтеруге, инновациялық оқу бағдарламалары мен ғылыми жобаларды енгізуге қызмет етеді.

Парламентте мемлекеттік денсаулық сақтау кәсіпорындарының корпоративті басқарудың элементтерін енгізуі туралы заңның жобасы жатыр. Оның қабылдануы медициналық мекемелердің қызметіне мемлекеттік бақылауды күшейтіп, емделушілердің құқын қорғауды қамтамасыз етеді.

«Халықтың көші-қоны туралы» және «Қазақстан Республикасының азаматтарды тұрғылықты мекенжайы бойынша тіркеу мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы» заңдардың жобаларын қабылдау қажет.

Төртінші. Өздеріңіз білетіндей, мен осыдан екі апта бұрын құқық қорғау және сот жүйелерінің тиімділігін арттыру туралы жарлық шығардым. Оның басты мақсаты – қылмыстық саясатты ізгілендіру, қылмыссыздандыру.

Үкімет «Құқық қорғау қызметі туралы» және прокуратура органдарының қызметін жетілдіру туралы заң жобаларын әзірлеуді аяқтап келеді. Олар таяу уақытта Парламентке енгізілетін болады.

Ішкі істер органдарының қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмысының заңдық негіздерін күшейту қажет.

Ұйымдасқан қылмысқа қарсы іс-әрекет туралы заңнаманы қатаңдатып, заңды тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігін енгізген жөн.

Заңсыз жолмен алынған табыстарды заңдастырумен (жылыстатумен) және терроризмді қаржыландырумен күрестің құқықтық нормаларын нығайту керек.

Тағы бір мәселе – қылмыстық жазаларды ізгілендіру.

Қылмыстарды, әсіресе экономика саласындағы үлкен қоғамдық қауіптілігі жоқ қылмыстарды криминалданудан арылтуға бағытталған заң жобасы әзірленетін болады.

Рейдерлікке сенімді құқықтық бөгесін қойып, бизнесті тексеруші құрылымдардың қысымынан заңнамалық арашалау қажет.

Заң шығарушылықтың үлкен блогы қылмыстың алдын алумен, әлеуметтік бейімделу жүйесін реформалаумен және жазасын өтеген, әсіресе босап жатқан адамдарды оңалтумен байланысты. Біз әзірге мұнымен айналысқан емеспіз. Өзге елдердің тәжірибесін ескере отырып, бұл жұмыспен дұрыстап айналысу керек.

Бесінші. Зияткерлік меншік құқығы туралы біздің заңдарымызды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру қажет.

Бұдан басқа, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің маңызды құралы ретінде нотариат туралы заңнаманы жаңартқан жөн.

Парламентті сондай-ақ ағымдағы жылдың бюджетіне өзгерістер енгізу және, биыл менің Жолдауымда қойылған міндеттерді ескере отырып, әзірленген 2011 жылдың бюджетін қабылдау күтіп тұр.

Құрметті депутаттар!

Сіздер білетіндей, 1–2 желтоқсанда Астанада ЕҚЫҰ мемлекеттері басшыларының саммиті өтеді.

Астана саммитінің жаһандық маңызы бар. Қазақстанға ЕҚЫҰ-ға қатысушы 55 мемлекеттің

басшылары келеді. Біздің елімізге бүкіл әлемнің назары ауады!

Мұндай деңгейдегі жаһандық форумның өткізілуі Қазақстанның тек қана әлемдегі беделін арттырып қоймайды. Бұл елдің дамуына серпін беріп, қазақстандықтардың бірлігі мен отансүйгіштігін одан да әрі нығайта түседі. Біз саммитке әзірлік жөніндегі барлық мәселелерді шешеміз деп сенемін.

Парламент те, Үкімет те, барлық мемлекеттік органдар да бұл жауапкершілікті сезінуі тиіс. Біз оны жақсы деңгейде өткізуге тиіспіз.

Біздің бүкіл әлемге қонақжайлығымызды, ашықтығымыз бен жауаптылығымызды көрсетіндігімізге сенемін.

Қымбатты қазақстандықтар! Құрметті депутаттар!

2011 жылы Қазақстан тәуелсіздіктің 20 жылдық мерейтойын атап өтеді.

Екі онжылдық бұрынғы лезде тұтас ғасырлардың ауқымына сыймайтын көптеген нақты істер мен жасампаздықтарды сығымдап жіберді.

Алда тұрған мерейтой Отанымыздың тағдырына жаны ашитын адамдардың бәріне де қымбат. Тәуелсіздіктің 20 жылдығын мерекелеу – тек қана ресми іс-шаралар емес. Оны лайықты қарсы алу – әрбір қазақстандықтың патриоттық борышы!

Миллиондаған азаматтардың өздерінің азаматтық белсенділігін танытуы, жаңа индустриялық Қазақстанды құруға қатысуға ұмтылысы, іспен айналысуы, елдің дамуында өз орнын табуы маңызды.

Депутаттар жергілікті жерлерге барғанда осы желіні жүргізеді және қазақстандықтар арасында тиісті түсіндіру жұмыстарын жүргізеді деп үміттенемін. Осы жылдарда не істелгенін және алда не істелуі керектігін айтып отырады деп үміттенемін. Бүгінде өмір мен тағдыр – барлығы да әрбір адамның қолында. Осы әлемдегі өз орныңды тауып, елдің өсіп-өркендеуі, өз отбасыларының өсіп-өркендеуі үшін бәрін де істеуі керек.

Таяу уақытта жаңа ірі өндірістер, жолдар, әлеуметтік нысандар іске қосылатын болады. Үкімет, жергілікті билік органдары барлық талап білдірушілерді жұмыспен қамтамасыз етуге, мамандық алуларына, әсіресе жастардың мамандық алуларына көмектесуге ұмтылулары тиіс.

Шағын істер – әрбір қала мен ауылды, әрбір көше мен ауланы абаттандыру туралы да ұмытуға болмайды. Әрбір елді мекен қазіргісінен тазарақ, әдемірек, абаттандырылған, өмір сүру, жұмыс істеу және демалу үшін қолайлырақ бола түсуі тиіс.

Келесі, 2011 жылды тұтасымен «Тәуелсіздікке 20 жыл» ұранының аясында, тап осындай орайда өткізуге тиіспіз.

Миллиондаған қазақстандықтардың ел мерей-тойына әзірленуге патриоттық қатысуы тап осыдан көрінуі тиіс.

Қазақстан тәуелсіздіктің үшінші онжылдығына лайықты енуі үшін бізге алда әлі көп нәрсе істеу керек болады.

Құрметті отандастарым!

Бүгінгі айтылған ойлар біздің ұрпақтың заман талабына сай болуына жағдай жасауға бағытталған.

Иығымызға уақыт артқан жүк жеңіл емес. Жұлдызымыз оңынан туып, еліміз өркениет жолындағы ұлы көштен қалмай келеді.

Талай ұлттың осы дүбірлі додада шаң қауып, тарих сахнасынан шығып қалғанын баршаңыз білесіздер. Оны біз ұмытпауымыз керек.

Біз жан-жақты дамыған, еркіндікті, бейбіт өмірді дәріптейтін, өзге елдер өнеге тұтып, санасатын іргелі мемлекет құруымыз қажет. Біз бұл абыройлы істі атқарып та жатырмыз.

Ендеше, еліміздің қарыштап өркендеуі үшін үлкен жауапкершілікпен аянбай жұмыс істеуіміз қажет.

Қазақстан халқы Ассамблеясының
«Қазақстан халқы Ассамблеясы: Сенім. Дәстүр.
Ашықтық. Төзімділік» атты XVI сессиясында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2010 жылғы 20 қазан

**Қадірлі отандастар!
Құрметті қонақтар!**

Еліміздегі татулық пен тұрақтылықтың алтын арқауына айналған Қазақстан халқы Ассамблеясына биыл 15 жыл толды.

Осыдан 15 жыл бұрын іргесі қаланған Ассамблея өркениетті әлемге өзінің өміршеңдігін дәлелдеп берді.

Қоғамдық келісімнің кепілі болған Ассамблея еліміздегі тұтастықтың тұтқасына, бірліктің діңгегіне, достықтың дәнекеріне айналды.

Ендеше, баршаңызды осы құтты шаңырақтың 15 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Баршаңыз білесіздер, өзара сенімге негізделген түсіністік пен тағаттылық – тәуелсіздікпен тұтас ұғымдар.

Тағдыр табыстырған, тарих тоғыстырған түрлі этнос өкілдері азаттықтың арайлы таңында ортақ Отанымыздың іргесін бірге қаласты.

Ынтымақты ырысқа, алуандықты байлыққа балаған біз бірліктің қазақстандық бірегей үлгісін қалыптастырдық.

Бұл – «Біз, Қазақстан халқы...» деп басталатын, Ассамблеямен тұстас өмірге келген келелі Конституциямызда берік көрініс тапты.

Біздің дұрыс жол таңдап, ізгілік пен сенімге негізделген парасатты саясат жүргізгенімізді сарауақыттың өзі дәлелдеп берді.

Бейбітшіліктің белдеуі болған қазақ жерінде бабалар аңсаған «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» орнады.

Өнегелі ізгі бастамаларымен жаһандық бейбітшілікке зор ықпал еткен Қазақстанның тағылымды тәжірибелері әлем жұртшылығына үлгі болды.

Бағзы мен бүгінді жалғаған қазақ жері адамзаттық ауқымдағы игі істердің ұлағатты ұйытқысына айналды.

Мәдениет пен руханияттың алқалы ордасындай асқақ Астанамызда әлемнің дінбасылары үш мәрте бас қосып, бәтуалы байламға келді.

Тұрақтылық пен тыныштық салтанат құрған Қазақстанның дәулеті мен сәулеті келісіп, әлеуеті мен қуаты еселеп артты.

Ел экономикасы қарыштап өрлеп, дамудың индустриялық-инновациялық бағытына түстік.

Әрине, бұл жетістіктер бізге өздігінен, оңай келген жоқ.

Еліміздің татулық пен тұрақтылықтың берекелі бекетіне айналуына Қазақстан халқы Ассамблеясы үлкен үлес қосып келеді.

Мен осы мерейлі күні биік мінбеден баршаңызға зор алғыс айтамын!

Құрметті сессияға қатысушылар! Қымбатты қонақтар!

Бүгін Ассамблея жұмысына бірнеше ондаған елден келген қонақтар, Бүкіләлемдік рухани мәдениет форумына қатысушылар қатысып отыр.

Олар елордамызға біз жыл сайын 18 қазанда атап өтетін Рухани келісім күнінде келді.

1992 жылы сол күні Алматыда халықаралық, этносаралық және конфессияаралық қатынастарда жалпыадамзаттық құндылықтарды басымдық деп жария еткен Бірінші халықаралық рухани келісім конгресі болып өтті.

Рухани мәдениет форумы Астанада Қазақстанның ұсынысы бойынша БҰҰ Халықаралық мәдениеттер жақындасуының жылы деп жариялаған 2010 жылы өтіп отырғаны бір ғанибет.

Мен ең алдымен біздің барлық шетелдік қонақтарымызға форум жұмысына қатысқаны үшін ризашылығымды білдіріп, осында жиналып отырған баршаны Қазақстан халқы Ассамблеясының 15 жылдық мерейтойымен құттықтағым келеді!

Біздің Ассамблеяның тарихы – біздің тұрақтылығымыздың тарихы. Бұл бейбітшіліктің, келісім мен жасампаздықтың 15 жылы.

Біз бұл сессияны ЕҚЫҰ-ға біздің төрағалығымыздың «Сенім, дәстүр, ашықтық және төзімділік» дейтін ортақ ұранымен өткізіп отыруымыз кездейсоқтық емес.

Өткен 15 жылда орасан зор жұмыс жүргізілді.

Біз күн өткен сайын адамдар арасындағы сенімді нығайта бердік.

Біз Отан тағдыры үшін ортақ жауапкершіліктің жаңа дәстүрін қалыптастырдық.

Біз этносаралық және конфессияаралық қатынастарда ашықтықты қамтамасыз еттік.

Төзімділік Қазақстанды табысты да сенімді дамытудың маңызды факторына айналды.

Бұл қағидаттар біздің еліміздің ішкі де, сыртқы да саясатының рухын бейнелейді.

Құрметті Ассамблея мүшелері!

1992 жылғы желтоқсанда, Қазақстан халықтарының бірінші форумында, өзіміздің тарихымызда алғаш рет біздің көп ұлтты Отанымызда ұлтаралық келісімді нығайтуға бағытталған жаңа қоғамдық институт құруды ұсынған едім.

Ассамблеяның құрылуы ақиқат сәті болды.

Жалпыхалықтық ерік-жігер туғызған Ассамблея беделді конституциялық органға айналды. Алғашқы күннен бастап ол еліміз бен халқымыздың алдында жауапкершілік танытты.

1995 жылы Ассамблея бүкілхалықтық референдумда еліміздің Негізгі заңының қабылдануына қолдау білдірді.

Бүгінде Конституция мен Қазақстан халқы Ассамблеясы жай ғана құрдастар емес. Бұлар тұрақтылықтың, жаңғырту мен өркендеудің іргетасына айналған екі ұлы құндылық. Ассамблеяны құру арқылы біз ұлттық бірліктің дербес жолын таптық.

Бұл жолда қазірдің өзінде көп іс атқарылды.

Біріншіден, этносаралық және конфессияаралық теңдіктің құқықтық арқауы жасалды.

Ол діни наным еркіндігі туралы, тілдер туралы, қоғамдық бірлестіктер, Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы заңдар жүйесін қамтиды.

Бізде этностар құқығын шектейтін бірде-бір заң жоқ.

Екіншіден, Ассамблея жұмысы стратегиялық жоспарлау негізінде түзілген.

2010 жылға дейінгі кезеңге арналған Ассамблеяны дамыту стратегиясы табысты іске асырылды.

Биылғы жылы Қазақстанды дамытудың 2020 жылға дейінгі стратегиялық жоспарының құрамдас бөлігі ретіндегі Ел бірлігі доктринасы қабылданды.

Үшіншіден, мемлекеттің этносаралық саладағы саясатының негізіне «саналуандықтағы бірлік» қағидаты алынған.

Мұның өзі тіл саясатында барынша айшықты көрінді.

Бәрінен бұрын мемлекеттік тілде оқытатын мектептер желісі кеңейіп келеді. Қазір мұндай мектептер 4 мың дерлік, бұл 90-шы жылдар басындағыдан 2 есе көп. Барлық тілек білдірушілер үшін қазақ тілін оқытатын 100-ден аса орталықтың жұмысы жолға қойылды.

Қазақ тілді БАҚ-тарға жан-жақты қолдау көрсетілуде. Тәуелсіздік жылдарында қазақ тіліндегі баспалық басылымдар 7 есе көбейді.

Этностар тілдері мен мәдениеттерін мемлекеттік қолдаудың тиімді жүйесі ойдағыдай жұмыс істеуде.

88 мектепте оқу өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізіледі.

108 мектепте 22 этностың тілдері дербес пән ретінде оқытылады.

30 этностың тілдерін оқып-үйренудің 190 лингвистикалық орталығы жұмыс істейді.

Елімізде 15 тілде 35 баспалық басылым шығады.

Телеарналар эфирінде 11 тілдегі хабарлар беріледі.

14 орыс, өзбек театрлары, сондай-ақ ТМД-дағы бірден-бір ұйғыр, корей және неміс театрлары жұмыс істейді.

Төртіншіден, біз этносаралық қатынастардың қаржылық және материалдық базасын нығайттық.

Тек соңғы 9 жылда ұлттық театрларды мемлекеттік қолдаудың көлемі 4,5 есе дерлік өсіп, 2010 жылы 374 млн теңгені құрады.

Бесіншіден, Ассамблеяның инфрақұрылымы кеңейтілді.

Егер Ассамблеяның бірінші сессиясына баржоғы 40 ұлттық-мәдени орталық қатысса, бүгінде еліміздің барлық өңірлерінде 820 этномәдени бірлестік табысты жұмыс істеуде.

Олардың игілігіне Астанада Бейбітшілік және келісім сарайы, 10 облыс орталығындағы Достық үйлері берілген.

Алтыншыдан, Отан тағдыры үшін ортақ жауапкершілік қазақстандықтардың ұлттық бірлігінің іргетасы болды.

Біз «Бір ел – бір тағдыр» қағидатын іске асырдық.

Барлық этностар «Қазақстан – 2030» стратегиясын іске асыруға белсене қатысуда.

Бүгінде біз Жедел индустрияландыру бағдарламасының, Қазақстанды 2020 жылға дейін дамыту стратегиялық жоспарының жаңа міндеттерін бірлесе шешудеміз.

Біз еліміздің Парламенті мен мәслихаттарында барлық этностардың өкілдері болуын қамтамасыз еттік.

Қазақстан халқы Ассамблеясы Мәжілістің 9 депутатын сайлайды, олар нағыз «достық елшілеріне» айналды.

Парламентте барлығы 30 этностың, ал мәслихаттарда – 32 этностың өкілдері жұмыс істейді.

Жетіншіден, біздің мемлекетіміздің зайырлы сипаты жағдайында діни саналуандылық халқымыз төзімділігінің шынайы белгісіне айналды.

Қазақстанда діни тұрғыдағы қақтығыстар ешқашан болған емес.

Біздің Астана әлемге жаһандық дінаралық үнқатысудың орталығы ретінде белгілі.

Біз Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін 3 мәрте өткіздік.

Осылайша Қазақстанда қазіргі кезде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің тиімді жүйесі қалыптасқан.

Құрметті достар!

Біздің Ассамблеяның тарихы халық пен елдің шынайы қуаты неде екенін көрсетеді.

Мынадай танымдық мысал келтірейін.

Осы жылғы көктемде судың бөгетті бұзуы салдарынан Алматы облысындағы Қызылағаш ауылы күйреді. Адамдар опат болды, жүздеген отбасылар баспанасыз қалды. Бұл қасіреттің ауыртпалығы әрбір қазақстандықтың қабырғасын қайыстырды. Бүкіл елімізде адамдар қызылағаштықтар үшін киім-кешек, азық-түлік, ақша жинай бастады. Тек Ассамблея мүшелері өз қалталарынан 47 млн теңге қосты.

Бұл қаражатқа ауылда балалардың спорт мектебі, тұрмыстық қызмет үйі салынды. Қысқа мерзімде кент толықтай қалпына келтірілді.

Оның тұрғындары маған жолдаған хаттарында көрсетілген көмек үшін ризашылықтарын білдіріп, барша қазақстандықтардың өздерімен бірге қайғырып-мұңайғандығын атап өтуде.

Біздің азаматтар Шығыс Қазақстанда су тасқынынан зардап шеккендерге дәл осылай көмек көрсетті.

Өздеріңіз білесіздер, биылғы жылы бүкіл әлемде осындай апаттардан жүздеген мың адамдар зардап шекті.

Олардың басым көпшілігі осы күнге дейін қарапайым алғашқы қажеттілік заттарының

жетіспеушілігінен қиындық көруде. Су, электр жарығы, азық-түлік жоқ.

Біздің елімізде көмек дер кезінде көрсетілді, ал елді мекендер қалпына келтіріліп қана қойған жоқ. Олар жаңа тұрпатқа ие болды. Бұл халық бірлігі көрінісінің жарқын өнегесі.

Тағы бір басқа мысал келтірейін.

Орыс тілді израильдіктер федерациясының төрайымы, Израиль Кнессетінің депутаты Софа Ландвер өз хатында көптеген елдерде «бұрыннан бар тікелей қазақ диаспорасымен қатар қазақстандық диаспора да пайда болып» үлгергеніне назар аударыпты. Оны Қазақстаннан Израильге, Германияға, Ұлыбританияға, Ресейге, Түркияға және басқа елдерге барған барынша әрқилы этностық топтардың өкілдері қалыптастыруда.

Мен жыл сайын біздің шетелдік отандастарымыздан – қазақстандықтардан мыңдаған хат аламын. Олар Қазақстанда ана тілін оқып-үйренуге, өз мәдениеті мен дәстүрлерін сақтауға барлық жағдайдың жасалғаны үшін қазақ халқына ризашылықтарын білдіреді.

Құрметті Ассамблеяға қатысушылар!

Тұрақтылық пен келісім – күн сайынғы үлкен жұмыс, оны жылдан жылға, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп жалғастыру қажет.

Келісім мен бірлікті, қандай бір этносқа қатыстылығына қарамастан, әрбір қазақстандық

сақтауы керек. Бұл баршаға және әркімге қажет. Өйткені біздің Отанымыздың мызғымай тұруы, әрбір қазақстандықтың аман-саулығы мен болашағы осыған байланысты.

Әрбір халық өз елінде тыныштық сақтауға жауапкершілікті өзі мойнына алады.

Өкінішке орай, этносаралық және дінаралық қатынастардың шиеленісуіне байланысты алаңдаушылық бүгінде планетаның көптеген өңірлерін қамтып отыр. Әлемде діни төзбеушіліктің артуы байқалып отыр. Бұл діни қасиетті заттарды өзара жария түрде келеке етуден көрініс беруде. Қасиетті кітаптарды өртеуден, храмдар мен молаларды қорлаудан, қандай дін дұрысырақ деген даулардан көрініс беруде. Осының бәрі, өкінішке орай, жоғалмапты, керісінше, әлемді бүгін де дүрліктіруде.

Кейбір елдерде ұлттық бірізділікті сақтаудың радикалды әдістері барған сайын жиі пайдаланылуда.

Жаһандануға деген мұндай көзқарас тіпті ең дамыған еуропалық елдерде көптеген этностық мигранттар мен азшылықтың мүдделерін қозғап отыр.

Өзара реніштер көбейіп, этносаралық алыстаушылық пен адамдардың бір-біріне сенбеушілігі өсе түсуде.

Азия мен Африка елдерінен мономәдениетті және моноконфессиялы Еуропаға тартқан

көші-қон арнасы мұндағы мұсылман тұрғындардың 7 млн адамнан 40 млн адамға дейін өсуіне жеткізді.

Осы азшылықпен өзара қарым-қатынас проблемасы батысеуропалық елдер күн тәртібінің аса маңызды мәселесіне айналуда.

Ал америкалықтар үшін бұған дейін беймәлім болып келген флоридалық пастордың Құранның 200 данасын өртеймін деген мәлімдемесі күтпеген оқиға болды.

Мұндай мәлімдеулер мұсылман әлемінде әсіресе теріс, жауап көзқарасты туындатуда.

Мұндай өркениетті жіктеліс үлкен шиеленіске соқтыруы мүмкін.

Батыста және мұсылман Шығысында барлық саламатты ойдың күштерін екі тараптағы да экстремистік көріністерді бейтараптандыру үшін біріктіру міндеті өзекті бола түсуде. Оның үстіне қазір ксенофобияны, этностық экстремизм мен шовинизмді ашық пайдаланушылардың саяси ықпалы артуының үрдісін көрмеу мүмкін емес. Кейбір елдерде олар парламенттегі өкілдіктерінің болуына қол жеткізіп, үкіметке кіріп отыр.

Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарысы осы заманғы жаһандық проблемаларды қиындатып жіберді.

Бүгінде 1 млрд-қа жуық адам аштықтан зардап шегуде. Жыл сайын ашығудан 5 млн-ға дейін балалар опат болуда. 200 млн-нан астам адам жұмыссыз жүр.

Қайыршылық жағдайында төзімділік төбе көрсетпейді. Соның салдарынан жыл сайын бүкіл әлемде 30-ға жуық жаңа қарулы қақтығыстар туындайды.

Өкінішке орай, этносаралық жанжалдар ТМД елдерінде де орын алуда. Атап айтқанда, бұл Днестр маңы, Кавказ, Орталық Азия.

Біздің көршіміз – Қырғызстанның қайғылы тәжірибесі мұны қуаттайды.

Саяси дағдарыс жағдайында этностық тұрғыдағы қақтығыстарға арандатушылық болды. Бұл қиын салдарға – биліксіздікке, бейберекетсіздікке, иесіздерді тонаушылыққа, зорлыққа, адам өлтіруге соқтырды. Ғасырлар бойы бір жерде бейбіт жағдайда бірге тұрған мыңдаған адамдар зардап шекті.

Біз бейбіт өмірді этносаралық жанжалдардың ақылға сыймайтын қатыгездігінен бөліп тұратын шектеудің қандайлық шетін екенін барған сайын өткір сезіне түстік.

Қазір Қырғызстанда мемлекеттік институттарды қалпына келтіру үдерісі жүріп жатыр.

Қазақстандықтар бұл елден жеткен әрбір игі хабарды үмітпен естіп білуде.

Мен Қырғызстан халқына өз елдерін қайта түлетуде даналық, төзімділік тілегім келеді!

Біз осы заманғы дүниеден сенім мен төзімділік дағдарысын көріп отырмыз. Сондықтан да биылғы жылы Еуропадағы қауіпсіздік және

ынтымақтастық ұйымын басқарған Қазақстан этносаралық және дінаралық төзімділік идеясын белсенді түрде ілгерілетіп келеді.

Биылғы жылы қазақстандық төзімділік пен келісім моделінің тұсаукесері Копенгагенде, Венада, Женевада, Нью-Йоркте болған ірі форумдарда өтті.

Астанада Толеранттылық және кемсітпеушілік жөнінде конференция өткізілді.

БҰҰ бас хатшысы Пан Ги Мун біздің елімізге сапары барысында Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысымен де егжей-тегжейлі танысқан болатын. Ол Ассамблея қағидаттары БҰҰ қағидаттарымен толық мәнінде үйлесетінін атап өтті.

Конфуций адамды парасатқа үш жол жеткізетінін айтқан екен: еліктеу жолы – ең жеңіл жол, ой сарабы жолы – ең ізгі жол, өз тәжірибеңнің жолы – ең ауыр жол.

Қоғам, ел туралы да осыны айтуға болады.

Соңдықтан елдің басты жетістігі бейбітшілік пен келісім болып табылады дегенде, бұл тізбелейтін жай ақиқат емес. Бұл тұрақсыз әлемдегі айтулы табыс. Бұл өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға біз қосқан сүбелі үлес.

Құрметті Ассамблея мүшелері!

Бүгінде біздің алдымызда ұлттық бірлікті нығайтумен байланысты бірқатар жаңа міндеттер тұр.

Бірінші. Жақында Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына аяқ басады.

Алдағы мерейтой Қазақстан тарихында айтулы оқиға болып, мемлекеттілікті нығайтуы, халықты патриоттық құндылықтар төңірегіне топтастыруы тиіс.

Шынайы патриотизм дауыс көтере сөйлеген сөздерден емес, нақты істер мен жауапты қимыл-әрекеттерден көрінуі керек.

Қазақстандық патриотизмнің өлшемі ел игілігі үшін жасалатын өндірістік және шығармашылық еңбек болуы тиіс екеніне мен сенімдімін.

Біздің жақын жылдардағы басты міндетіміз Қазақстанды Серпінді индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру болады.

Экономиканы инновациялық жаңғырту, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеті – бұл болашақта елдің мызғымастығы мәселесі.

Бұл – тәуелсіздіктің синонимі.

Бұл – көптеген ондаған жылдар бұрынға арналған ұлттық күн тәртібінің мәселесі.

Бұл міндетті қойылған мерзімде орындасақ – демек, елдің орнықты дамуын қамтамасыз етіп, барлық азаматтардың әл-ауқатын арттыра аламыз.

Міне, нақ осындай ойлармен және істермен біз тәуелсіздіктің 20 жылдығын қарсы алып, жаңа ғасырдағы жолымызды жалғастыруға тиіспіз.

Қазіргі кезде Үкімет тәуелсіздіктің 20 жылдығына Жалпыұлттық дайындық жоспарын жасап жатыр. Ассамблея оны дайындауға белсене қатысуы тиіс.

Ассамблеяға сондай-ақ Қазақстанның табыстарын насихаттау, таяудағы онжылдыққа арналған міндеттерді түсіндіру жүктеледі. Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп білім беру мекемелерінде – балалар бақшасынан бастап ЖОО-ларға дейін – Қазақстандағы этносаралық қатынастардың тарихы туралы, патриотизм туралы арнайы бағдарламаларды жасап, енгізу керек. Қазақстандағы көпэтносты қоғамның қалыптасу тарихын жазу жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

Бірінші мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнін ел этностары достығын жаппай көрсету мерекесіне айналдыру керек.

Ассамблеяға Мәдениет министрлігімен бірлесіп, жастар үшін біздің қоғамымыздағы төзімділік пен келісім тақырыбын ашып көрсететін көркем фильмдер сериясын жасау қажет.

Қазақстан халқы Ассамблеясының құзырымен ұлттық театрлар фестивалін ұйымдастыру керек.

Телевизияда жаңа Қазақстанның қалыптасуына үлес қосқан түрлі этностардың көрнекті өкілдері туралы әңгімелейтін хабарлар циклы шығуы тиіс.

Екінші. Мемлекеттік тілді дамыту маңызды басымдық болып қала береді.

Біздің мақсатымыз – мемлекеттік тілді Қазақстанның барлық азаматтарының меңгеруіне қол жеткізу. Бірақ басқа этностардың құқықтарына қысым көрсетілмеуі тиіс. Түрлі қарым-қабілет, адамның жасы, мүмкіндіктері – осының барлығы ескерілгені жөн.

Жақында менің тапсырмам бойынша қазақ тілінде хабар тарататын «Балапан» балалар телеарнасы ашылды. Кезекте – «Мәдениет» және «Білім» телеарналарын құру міндеті тұр.

Қазіргі кезде Тілдерді пайдалану мен дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жасалып жатыр. Оның жобасын Ассамблея мүшелерінің, қоғамдық бірлестіктердің қатысуымен мұқият талқылау қажет.

Үшінші. Қазақстан халқының этностық және мәдени саналуандығы мен төлтумалығын сақтауға байланысты жаңа қадамдар іздеген жөн.

Ассамблея Хатшылығына, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорына Астана әкімдігімен бірлесіп, Астанада этностық ауыл құру жөнінде ұсыныс жасап енгізуді тапсырамын.

Жақында Қазақстан Ұлттарының театры құрылды. Бұл бастаманы қолдау қажет. Үкіметке осы театрға ықпал ету тетігін қарастыруды тапсырамын.

Қазіргі кезде сондай-ақ этносаралық қатынас мәселелеріне арналған ғылыми зерттеулер жүйесін дамыту да маңызды. Біздің төзімділік

моделімізді ортақ түсіну мен жетілдірудің жаңа тетіктерін жасау мақсатында бұл мәселеде терең де жүйелі көзқарас қажет.

Ассамблея Хатшылығына осы мәселелермен нақты айналысатын құрылымдардың жұмысын саралау керек. Олардың әлеуетін біріктіріп, Еуразия университетінің жанынан Этносаралық қатынастарды зерттеу орталығын құру қажет деп есептеймін.

Төртінші. Біздің төзімділік тәжірибемізді шетелдерде одан әрі белсенді ілгерілету маңызды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы құзырымен Орталық Азиядағы төзімділік мәселелері бойынша Азаматтық форум өткізуді, оған өңір елдерінің ҮЕҰ, БАҚ, өнер және мәдениет қайраткерлерін қатыстыруды ұсынамын.

Қазақстанның 2011 жылы ШЫҰ мен Ислам конференциясы ұйымындағы төрағалықтарын қатысушы елдер жұртшылығын біздің конфессияаралық келісім тәжірибемізбен кеңінен таныстыру үшін пайдалану қажет.

Өздеріңіз білетіндей, жақында Ыстамбұлда өткен Түркі тілдес мемлекеттер саммитінде Астана түркі әлемінің 2012 жылғы мәдени астанасы деп жарияланды. Бізге аталған халықаралық акцияны өткізу тұжырымдамасын мұқият дайындау керек.

Бесінші. ЕҚЫҰ-ның алдағы Астана саммитіне байланысты ауқымды жұмыстар күтіп тұр.

Әлемдегі жаңа тәуелсіз елдердің ешқайсысы бұған дейін өзінде осындай жаһандық ауқымдағы форумды қабылдауға құқықты болып көрген емес.

Бізге әлемнің 55 мемлекетінің, ірі халықаралық ұйымдардың делегациялары келеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы саммитті дайындау мен өткізуге барынша белсене қатысуы тиіс.

Біз қонақжай қожайын болуымыз керек.

Қонақтарды лайықты қарсы алуын, біздің саналуандығымызды көрсетуіміз, этномәдени бірлестіктеріміздің, Ассамблеяның өзінің жұмыс тәжірибесін таныстыруымыз керек.

Мен қазірдің өзінде әлем тарихына еніп келе жатқан Астана рухы ұғымы саналуандықтағы сенім, келісім, төзімділік және бірлік қағидаттарына негізделген әлем орнықтырудағы жалпыға ортақ ұмтылыстың символы болатынына сенімдімін.

Құрметті достар!

Қазақстан жолының ең бір қиын кезеңдерінде әрқашан сіздерден қолдау таптым, менің қымбатты серіктестерім мен достарым!

Мен Ассамблеяны құрудың бастауында тұрғандардың барлығына ерекше ризашылығымды білдіремін.

Маған жаңа мемлекет құруға, реформалар жүргізуге, экономиканы дамытуға, халықтың

тұрмысын жақсартуға көмектескендерге ризашылығымды білдіремін.

Менің тапсырмам бойынша қоғамдық награда – «Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» алтын медалі» белгіленді.

Бүгін мен біздің қоғамымызда бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз ету ісіне айтарлықтай үлес қосқан қазақстандықтарға осы медальді тапсыру туралы шешімге қол қойдым.

Осы награданың алғашқы иегерлерін шын жүректен құттықтаймын!

Қадірлі әлеумет!

Біз мыңжылдықтар тоғысында бабалар аңсарын шындыққа айналдырып, тәуелсіз мемлекет құрдық.

Кешегі Төле, Қазыбек, Әйтеке билер көксеген, Абылай хан армандаған, Абай тілеген абат күнге жетіп, барша қазақтың басын біріктірдік. Осылайша еншісі бөлінбеген біртұтас елдікке қол жеткіздік.

Жердің киесін, елдің иесін таныттық.

Елімізді мекен еткен барша этнос өкілдерінің жауапкершілігін алып, ұлыстың ұйытқысына айналдық.

Күйреген алып Кеңес Одағының қирандысынан аман шығып, айдай әлемге танымал егемен ел атандық.

Біз тарих үшін тым қысқа саналатын тәуелсіздік жылдарында биік белестерді бағындырып, асқар асулардан өттік.

Бауыры бүтін бірлігімізбен еңселі елдігімізді еселеп, мызғымас мемлекетімізді бекемдей түстік.

Дүниені дүрліктірген, әлемді тұралатқан жаһандық дағдарыс дауылдарына төтеп бердік. Қиындықтарды еңсере жүріп ширадық, шыңдала түсіп, асқар шыңдарға ұмтылдық.

Осылайша «қазақ ел бола алмайды» деген баз-бір сәуегейлердің болжамдарын жоққа шығардық.

Қазір айтуға ғана жеңіл, мұның бәрі бізге өзді-гінен келмегенін баршаңыз білесіздер.

Бүгінгі күнге жету үшін біз аянбай тер төгіп, тізе қосып, бірге еңбек еттік.

Тығырыққа тірейтін түйінді мәселелер бойынша тиімді шешімдер қабылдап, оларды пәрменді іске асыра білдік.

Осы жолда мемлекетіміздің мерейін өсірген, елді қарқынды даму жолына жетелеген – біздің айнымас ауызбіршілігіміз.

Дана халқымызда «Бірлігі жоқ ел – тозар, бірлігі бар ел – озар» деген ұлағатты сөз бар.

Біз тыныштық арқылы тұрақтылыққа, татулық арқылы тұтастыққа қол жеткіздік.

Ардақты ағайын!

Біздің баршамыздың Отанымыз бір! Ол – тәуелсіз Қазақстан! Ол біздің ең қымбат, ең асыл құндылығымыз!

Отаны жоқ адам – тамырсыз, тұрлаусыз қаңбақ сияқты. «Отан – оттан ыстық» деген, туған жердің топырағы да, тауы мен даласы да қымбат.

Отанның аптап ыстығы мен аязды суығы да жанға жайлы. Оның көнеден жеткен терең тарихы мен абыз тілі түсінген жанға сырлы шежіре шертеді.

Отанды қастерлеу – елдігіміздің тірегі.

Біз отаншыл болуға, жас ұрпақтың санасына отаншылдық ұғымын берік орнықтыруға тиіспіз.

Біле-білсек, Отанды сүю – біздің перзенттік парызымыз, қарыс қадам үшін жанын қиған бабалардың асыл аманатына адалдығымыз!

Алдымызда әлі талай асқар асулар бар, алмағайып заманына сай құбылып тұрған ғалам бар. Біз соның бәріне төтеп беріп, ортақ Отанымызды көзіміздің қарашығындай сақтауға тиіспіз. Ол үшін бізге ең әуелі ынтымақ пен береке-бірлік керек.

Еңдеше, тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміз аман, мемлекеттігіміз мәңгі, береке-бірлігіміз баянды болсын, ағайын!

ЕҚЫҰ-НЫҢ VII САММИТІНДЕ
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2010 жылғы 1 желтоқсан

**Құрметті мемлекет және үкімет
басшылары, делегация жетекшілері!
Ханымдар мен мырзалар!**

Қазақстан халқы атынан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммитіне жиналған мәртебелі меймандарды ыстық ықыласпен қарсы алғанымға қуаныштымын.

Тәуелсіздігін таяуда алған мемлекеттердің ішінде Қазақстан тұңғыш рет осы маңызды халықаралық форумды ұйымдастырып отыр.

Мен біздің елімізге сенім білдіргендеріңіз үшін барша әріптестеріме, сіздерге зор алғыс айтамын.

Жоғары мәртебелі ханымдар мен мырзалар!

Ханымдар мен мырзалар!

Біз Астанаға саламатты ой-ниеттің салтанаты жолында біздің халықтарымыздың қауіпсіз болашағына қарай бірлескен ілгерілеуімізді жалғастыру үшін жиналып отырмыз.

Бұл жол бұдан 35 жыл бұрын басталған болатын.

Алғашында Хельсинки үдерісі «Атлантикадан Оралға дейінгі» жалпы еуропалық үй тұғырнама-сына арқа сүйей отырып дамыған еді.

ЕҚЫҰ құрылғаннан бастап еуропалық қауіпсіздік қағидаттары «Ванкуверден Владивостокқа дейінгі» кеңістікте орнықты.

Қазір үшінші кезең басталып отыр. Біз «Мұхиттан Мұхитқа дейінгі» әлдеқайда ауқымды координаттарда қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың жаңа деңгейіне көше бастаймыз. Әңгіме төрт мұхиттың – Атлант мұхитынан Тынық мұхитына дейінгі және Солтүстік Мұзды мұхиттан Үнді мұхитына дейінгі шекарада біртұтас қауіпсіздік кеңістігін қалыптастыру туралы болып отыр.

Астана саммиті Ыстамбұлдан кейін 11 жылға үзіліп қалған жоғары деңгейде кездесулер өткізу дәстүрін қалпына келтіреді.

Ал мұның өзі Ұйымды дәуірлету белгісі.

Біз бүгін Астанада Еуро-Атлантикалық және Еуразиялық біртұтас және ажырағысыз қауіпсіздік қауымдастығын қалыптастыруды бастап береміз.

Бұл жолғы саммит алғаш рет көп ретте Хельсинки Қорытынды актісінің қағидалары мен қағидағтары арқасында тәуелсіз болған жаңа елде өтіп отыр.

Мен мемлекеттер мен халықтардың даму жолын еркін таңдау құқығын, егемендігі мен аумақтық тұтастығын айтып отырмын.

Біз әлемнің демократия ешқашан болмаған бөлігінде оны қалыптастырып отырмыз.

Қазақстандағы тұрақтылық – бұл, ең алдымен, сенімді экономикалық өсу.

Біз кедейшілік өзіміздің жас демократиямызды кемсітпеуі үшін алдымен экономиканы дамыттық.

Барлық 140 этностың 46 конфессияның төзімділігі, татулығы мен келісімі Қазақстан қоғамының берік іргетасына айналды.

Біз бірегей институт – Қазақстан халқы Ассамблеясын құрдық.

Біз батыс құндылықтары мен шығыс дәстүрлерінің жымдасуын жүзеге асыра алдық.

Біздің халқымыз «қырғи қабақ соғыстың» қатал салқынын өз басынан кешті. Бұл, ең алдымен, Семей ядролық полигоны.

Оны жабу туралы менің жарлығым мен ядролық қарудан бас тарту жалпыеуропалық үдеріске Қазақстан қосқан бірінші кезектегі үлес болды.

Бүгін біз сондай-ақ ЕҚЫҰ бойынша әріптестерімізді Жалпыға ортақ ядролық қарусыз әлем декларациясын қабылдау жөніндегі біздің бастамамызға қолдау білдіруге шақырамыз.

Жоғары мәртебелілер! Ханымдар мен мырзалар!

Біздің саммиттің бірегейлігі оның Еуразия кіндігінде, Еуропаның географиялық шекарасынан мыңдаған шақырым шалғайда өтіп отырғанында.

Біздіңше, бұл, ең алдымен, еуропалық қауіпсіздіктің өзгерген парадигмасын бейнелейді.

XXI ғасырдың басында Еуропа құрлығындағы тұрақтылықтың ең қауіпті қатерлері мен сынақтарының көздері одан тыс жерде қалып отыр.

Ауғанстандағы проблемалық түйінге ЕҚЫҰ-ға қатысушы 43 мемлекет тартылған.

Біз Ауғанстандағы жағдайды кешенді реттеу стратегиясын әзірледі, экономиканы және бейбіт өмірді қалпына келтіруді жақтаймыз.

Қырғызстандағы өткір саяси дағдарыс Орталық Азиядағы жаңа жанжалдардың жеделдеткіші бола алар еді.

Біз АҚШ-тың, Ресейдің және басқа әріптестеріміздің көшбасшыларымен бірге жанжалды ушықтыруға жол бермеу және бұл елдегі

тұрақтылық үшін ЕҚЫҰ-ның барлық құралдарын тиімді пайдаландық.

Қазір есірткі транзитінің, жасырын көші-қонның, адам саудасының, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын тарату қатерінің негізгі көздері Еуропадан тыс орналасқан.

Еуропаның энергетикалық және экономикалық қауіпсіздігінің көптеген қырлары бүгінде дүниенің басқа бөліктеріндегі ахуалға байланысты болып отыр.

Мұны жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс та көрсетіп берді.

Еуразиялық қауіпсіздік – бұл метафора емес, бұл қатал геосаяси факт.

Сондықтан Астанадағы саммит – жаһандық қауіпсіздіктегі ЕҚЫҰ перспективаларын талдау үшін жақсы мүмкіндік.

Біздіңше, ЕҚЫҰ-ның алдағы онжылдыққа басты міндеті – қайшылықтарды рет-ретімен шешу, сенім мен интеграцияны, соның ішінде қазіргі бар мемлекетаралық бірлестіктер аясындағы интеграцияны нығайту.

«Шығыс – Батыс» жүйесі бойынша – бұл, бір жағынан, Еуропалық Одақ пен НАТО-ның, екінші жағынан – ЕурАзЭҚ пен ҰҚШҰ арасындағы өзара іс-қимылды жолға қою.

Осылайша өткен ғасырда қалыптасқан трансатлантикалық интеграция орынды түрде трансевразиялық интеграциямен толығы мүмкін.

Осыған байланысты Қазақстан Ресей мен НАТО-ның өзара қатынасындағы ілгерілеушілікті құптайды.

Сондай-ақ Президент Дмитрий Медведевтің еуропалық қауіпсіздік жөніндегі жаңа ұсынысы назар аударуға тұрарлық.

«Солтүстік – Оңтүстік» жүйесі бойынша ЕҚЫҰ-ның бірқатар азиялық интеграциялық құрылымдармен өзара тығыз қарым-қатынасын орнату өзекті болып көрінеді.

Бірінші кезекте, Қазақстанның бастамасы бойынша құрылған АӨСШК-мен қарым-қатынас орнату керек.

Қазақстан еуразиялық қауіпсіздіктің байланыстырушы буыны болуға әзір.

Біз 2011 жылы ИКҰ-ға төрағалығымызды бүкіл Еуразия кеңістігінде сенімді нығайту үшін пайдаланбақпыз.

Біз сондай-ақ Еуразиялық қауіпсіздік туралы баршаны қамтитын келісім жөніндегі мәселені әзірлей бастауды ұсынамыз.

Құрметті әріптестер!

Бірнеше аптадан кейін біздің еліміз ЕҚЫҰ-ға төрағалық миссиясын аяқтайды.

Біз Ұйымды дағдарыстан шығару міндетін қойған едік.

Мен біздің күш-жігерімізді әріптестеріміз лайықты бағалайды деп сенемін.

Ұйымды жаңғырту үдерісі – ұзақ мерзімді перспективаға есептелген біздің ортақ міндетіміз.

Болашақта ЕҚЫҰ-ға жетекшілік ететін елдерді белсенділікті бәсеңдетпеуге шақырамын.

ЕҚЫҰ-да гуманитарлық өлшемдер – демократиялық институттарды, тәуелсіз БАҚ-тарды дамыту, адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау жөнінде көп тәжірибе жинақталған. Бұл біздің дамуымыздың аса маңызды шарты.

Сонымен қатар осы заманғы сынақтар мен қатерлерге лайықты жауап үшін ЕҚЫҰ-ны дамыту үдерісінде мазмұнды да құрылымдық өзгерістер қажет болып көрінеді.

Біз ЕҚЫҰ-ның себеттері мен институттары санын ұлғайтуды ұсынамыз.

Бірінші. Экономикалық прагматизм – ХХ ғасырдағы қауіпсіздік жүйесінің өзегі.

Осыған байланысты экономиканы тұрақтандыру жөніндегі Еуропалық Одақтың күш-жігері қолдануға лайық.

Үлкен «Сегіздік» пен «Жиырмалық» жаһандық қаржы дағдарысын еңсеру проблемаларын талқылауда. Бірақ әзірге әлемдік экономика мен валюта жүйесінің жаңа сұлбасын іздестіру баяу жүруде.

Сондықтан ЕҚЫҰ-ның экономикалық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі күш-жігері басымдылық болып, қаржы-экономикалық қауіпсіздік жеке себет ретінде бөліне алар еді.

Жаһандық экономика жаңа сападағы әлемдік резервтік валютаны қажетсінеді. Бұл мәселе айрықша назар аударуға лайық.

Біз сондай-ақ ЕҚЫҰ-ның Маастрихт стратегиясын «Маастрихт-плюс» құжатымен толықтыруды ұсынамыз. Онда кесілген валюта-қаржы саясатының, экономикалық ынтымақтастық пен интеграцияның қағидаттарын бейнелеуге болар еді.

ЕҚЫҰ құрылымын энергетикалық қауіпсіздік және экономикалық өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестермен толықтырған орынды.

Қоршаған ортаны қорғау саласында ЕҚЫҰ-ның Экологиялық форумын құру ұсынылады. Ол, мәселен, Арал теңізінің тартылуы немесе бұрынғы Семей полигонының аумағын түлету секілді бірқатар проблемаларды шешуге жәрдемдесе алар еді.

Су проблемаларын құқықтық реттеу мақсатында су тапшылығын тартып отырған елдер үшін «Су және құқық» бағдарламасын әзірлеу өзекті болар еді.

Екінші. Қарусыздану және таратпау саласында жаңа келісім-шарт нормаларын әзірлеу жөніндегі жұмысты жалғастыру маңызды.

Оның нәтижелі болуы үшін ЕҚЫҰ-ның арнаулы форумын құру орынды болып көрінеді.

Қазақстан трансшекаралық қылмысқа, есірткі трафигіне және жасырын көші-қонға қарсы күресті үйлестіру үшін ЕҚЫҰ елдері министрлері деңгейінде Кеңес қалыптастыруды ұсынады.

Үшінші. Бүгінде ЕҚЫҰ кеңістігінде сенімсіздік «сызаттары» ең алдымен жекелеген елдердің ішінде көрініс беруде.

Содан кейін ғана ол өңірлік және жаһандық ахуалға келеңсіз ықпал етеді.

Мұндай деңгейдегі көріністерге діни қасиетті заттар мен орындарды және басқаларын көпшілік алдында масқаралау әрекеттерін жатқызуға болады.

АҚШ-тың діни төзімділікті нығайту мәселесі бойынша ұстанымы баяндалған Президент Барак Обаманың Каирдағы сөзі ЕҚЫҰ-ның нақты қадамдарында жалғасын тапқаны орынды.

Біз конфессияаралық төзімділікті жеке өлшемге бөліп шығаруды ұсынамыз.

Бүгінде адал да ашық конфессияаралық үнқатысу қажет.

Оны ұйымдастыру үшін ЕҚЫҰ Қазақстанның бастамасы бойынша өткізіліп келе жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің алаңын пайдалана алар еді.

Христиандық пен ислам, иудаизм мен буддизм жауласу емес, әлемді жарату үшін жаратылғанына біз сенеміз.

Сондай-ақ «Жаңа онжылдықтағы төзімділікке» құжаттын бірлесе әзірлеуді ұсынғым келеді.

Төртінші. Әлемді тігіренткен жаһандық қаржы дағдарысы, аймақтық жанжалдар мен басқа да

сынақтар көп ретте күтпеген жағдайға айналып отыр.

Мұның өзі болашақты көру «оптикасы» кінәратты болғанын білдіреді.

ЕҚЫҰ-да жеке өлшем санатында қауіпсіздіктің түрлі проблемаларын болжау жөніндегі жұмысты жолға қою пайдалы болар еді деп санаймын. Алғашқы қадам ретінде ЕҚЫҰ-ның Қауіпсіздік институтын белгілеуді ұсынамын, ол Астанада орналасар еді.

Бесінші. Сенім мен өзара түсіністікті нығайтуға ЕҚЫҰ-ның құрылымдарын Ұйым жауапкершіліктің бүкіл аймағы бойынша бірқалыпты орналастыру жәрдемдесе алар еді.

Бұл үдерісті түрлі елдердегі, соның ішінде ЕҚЫҰ-ның азиялық бөлігінде валюта-қаржы, дін-аралық және болжау-талдау өлшемдері бойынша жаңа институттарды құрудан бастауға болар еді.

Біз бұл ұсынысты «Корфу үдерісі» аясында талқылауды ұсынамыз.

ЕҚЫҰ-ны іргелі өзгертудің барлық бағыттары ЕҚЫҰ-ның Астана декларациясында көрініс табады деген үміттемін.

Құрметті саммитке қатысушылар!

Бүгін Еуразияның жүрегінде, байырғы қазақ жерінде мыңжылдықтар бойы адамзат тарихын жасаған ұлы халықтардың үнқатысуы басталды.

Саммитке ұсынылып отырған Астана декларациясы мен Іс жоспарының жобалары Ұйымның барлық мүшелері тарапынан қолдау табады деп сенемін. Бұл біздің халықтарымыздың қауіпсіздігі мен өркендеу ісіне қосылған үлкен үлес болар еді.

Алып Еуразия құрлығын сенім, дәстүр, ашықтық және төзімділік сынды жалпы құндылықтарға негізделген ортақ кеңістікке айналдыру өз қолымызда. Біздің саммиттің тарихи маңызы мен атқарар жүгі де осында деп білемін.

Назарбаев университеттегі «Ғылым мен білімнің инновациялық индустриясы – Қазақстанның ХХІ ғасырдағы стратегиялық ресурсы» тақырыбында оқыған

ДӘРІСІ

Астана қаласы,
2010 жылғы 7 желтоқсан

**Құрметті университет ұжымы!
Қымбатты оқытушылар мен студенттер!**

Еліміздегі әлемдік деңгейдегі тұңғыш оқу орнында сіздермен қайта жүздескеніме қуаныштымын.

Мұндай маңдайалды оқу ордасының алғашқы студенттері атанған өздеріңді тағы да құттықтаймын.

Ең әуелі, ыстық ықыласпен қарсы алған шетелдік құрметті қонақтарымызды сіздерге таныстырығым келеді. Олар аса көрнекті саясаткерлер, менің қадірлі достарым – Герхард Шредер, Романо Проди, Александр Квасьяневский, Альфред Гузенбауэр, Марселино Агирре Орейа. Жоғарыда аталған тұлғалардың есімдері бүкіл дүние жүзіне кеңінен танымал екенін білесіздер.

Құрметті қонақтар!

Мен елдеріңіз бен тұтас Еуропалық Одақтың Қазақстанмен арадағы қарым-қатынастарының дамуына қосқан орасан үлестеріңіз үшін сіздерге зор алғыс айтамын.

Мен, сонымен қатар, жаңа университеттің дамуына және әлеуетінің артуына қаржылай көмек көрсеткен баршаға өзімнің ризашылығымды білдіремін.

Аттарын атап айтар болсақ, олар – «Еуразиялық корпорация», «Қазақмыс», «Қазкоммерцбанк» сияқты еліміздегі ірі кәсіпорындар мен Р. Т. Сәрсенов, Ө. Е. Шөкеев, Б. Д. Өтемұратов сынды азаматтар.

Бүгін осындай құрметті қонақтардың біздің арамызда болуы – Астананың жаңа университетінің мәртебесі мен деңгейін көрсетеді.

**Құрметті студенттер!
Оқытушылар мен қызметкерлер!
Ханымдар мен мырзалар!**

Жаңа университеттің Қазақстан аса ірі халық-аралық құрылым – ЕҚЫҰ-ға жетекшілік еткен 2010 жылы ашылуының нышандық мәні бар.

Қазір ғана біздің елімізде жаһандық саммит өтіп, оған 4 құрлық – Еуропадан, Азиядан, Америка мен Австралиядан ЕҚЫҰ-қа мүше елдер мен серіктестері – 75 ресми делегация қатысқан болатын. Біз 5 мыңнан астам қонақ, қазақстандық және халықаралық БАҚ-тың 1,5 мың өкілін қабылдадық.

Астанадағы саммит дәуірлік ауқымдағы оқиғаға айналды. ЕҚЫҰ-ның Астаналық декларациясы қабылданды. Бұл Еуроатлантика және Еуразия қауіпсіздігі бірыңғай және бөлінбес қауымдастығы қалыптасуының жаңа кезеңі болуы мүмкін.

Енді «Хельсинки рухы» ұғымы «Астана рухы» ұғымы феноменімен толықты.

Астана саммитінің табысы – ЕҚЫҰ-ның барлық мүшелерінің табысы әрі, әрине, біздің Отанымыз – тәуелсіз Қазақстанның да табысы.

Біз оған бүкіл ел болып әзірлендік. Саммиттің ұйымдастырылғаны үшін маған менің әріптестерім және мемлекеттер мен үкіметтердің басшылары айтқан алғыс сөздер біздің бүкіл халқымызға арналды.

Бұл тарихи форумды лайықты өткізгеніміз үшін мен барлық қазақстандықтарға ризамын.

ЕҚЫҰ-ның аса маңызды қағидаттарының бірі мемлекеттердің білім беру мен ғылым саласындағы өзара кең іс-қимылы болып табылады. Сондықтан АҚШ-тың, Еуропа мен Азияның аса ірі әлемдік білім беру орталықтарының ықпал етуімен Астана жаңа университетінің құрылуы біздің өз әріптестерімізбен интеграцияны, ықпалдастықты нығайтуға ұмтылысымызды көрсетеді.

Біз бұл университетті осыдан жарты жыл бұрын аштық, онда келешекте 4 мыңнан астам студент оқитын болады. Бүгінде оның аудиторияларында 484 студент оқуда.

Сіздердің барлығыңыз да оқуға түсу емтихандарының күрделі марафонынан өттіңіздер, өз ой өрістеріңізді көрсеттіңіздер. Студенттердің жартысы – «Алтын белгі» медалінің иегерлері, сондай-ақ халықаралық және республикалық олимпиадалардың жүлдегерлері. Алғашқы іріктеуге біздің еліміздің барлық өңірлері тартылған.

Осыдан 5 жыл бұрын мен Астанада жаһандық деңгейдегі жаңа университет ашуды ұсынып едім. Қазіргі заманғы оқу корпустары мен зертханалар салынды. Алғашқы кезектегі құрылыстың жалпы аумағы 122 мың шаршы метрді құрады. ЖОО-ның профессорлық және зертханалық құрамы қалыптастырылды. Қазақстанның Премьер-министрі жетекшілік ететін Директорлар кеңесі жұмыс істейді. ЖОО-ның 2012 жылға дейінгі даму стратегиясы айқындалды.

Мен Астана жаңа университетінің серіктеріне айналған әлемдік жетекші ғылыми-білім беру орталықтарының басшыларына ризамын.

Олар Лондонның, Гарвардтың, Дьюктің, Карнеги-Меллонның, Питсбургтің, Пенсильванияның, Сингапурдың, Беркли ұлттық зертханасының университеттері.

Солардың тәжірибесін ескере отырып, біз өз жаңа университетімізді қалыптастырамыз.

Мен профессорлар мен оқытушыларды қарсы аламын. Осы жерде Астанада жұмыс істеуге шақыруға үн қатқан шетелдік мамандарға айрықша алғыс айтамын.

Жаңа университет – біздің білім беруіміздің көшбасшысы. Сіздер оның біртұтас, алғашқы командасысыздар. Оның ғылым мен білім мұхитындағы жолы қандай болатындығы сіздерге байланысты.

Қымбатты достар!

Біз бүгіннің өзінде Астана жаңа университетінің тарихындағы алғашқы парақты жаздық.

Оның жоғары миссиясының мәнін түсіну үшін әлемдік деңгейдегі осы оқыту және ғылыми орталықты құру туралы идеямның қалай өмірге келгені туралы естеріңізге сала кеткім келеді.

Осыдан 5 жылдай бұрын Қазақстанның әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына енуіне қол жеткізу міндетін қойдым. Оның шешуші тұтқала-

рының бірін мен білім беру мен ғылым саласындағы терең өзгерістерден көремін.

Бұл ең алдымен 5 стратегиялық міндетті шешумен байланысты.

Бірінші. Даму қарқынына ие болып отырған Қазақстанға қазіргі заманғы білімі бар, сауатты шешімдер қабылдауға және орындауға қабілетті мамандар керек.

1992 жылдан бастап біз жыл сайын «Болашақ» бағдарламасы бойынша жүздеген жас қазақстандықтарды шетелдік ЖОО-ларға оқуға жіберіп жүрміз.

Осы уақытта 20 мыңнан астам жас мамандар даярланды.

Бүгінде көптеген «болашақтық» түлектер экономиканың, мемлекеттік басқарудың, басқа да салалардың жауапты учаскелерінде еңбек етуде.

Ондаған мың жас қазақстандықтар шет елдерде өз беттерінше білім алуда.

Дегенмен мұның бәрі де білім алу импорты.

Бүгінде бізге халықаралық деңгейдегі кәсіби-лерді өз бетімізше даярлауға қабілетті өзіміздің ғылым және білім индустриямыз қажет.

Екінші. Біздің білім беру жүйеміз үшін ХХІ ғасыр жоғары оқу орнының эталоны қажет.

Алдыңғы жылдарда мемлекет білім берудің бүкіл жүйесін дамыту үшін көп нәрсе істеді. Біздің алдымызда қазір де білім беру жүйесінің түрін

өзгертіп, оны уақыттың ең соны талаптарына бейімдеу міндеті тұр.

Менің тапсырмам бойынша «Балапан» бағдарламасы қабылданды, ол балаларды мектепке дейінгі білім берумен толық қамтуға бағытталған. Біз 650-ден астам жаңа жалпы білім беру мектептерін тұрғыздық. Бүкіл ел бойынша дарынды балаларға арналған, жаратылыстану-математикалық циклды тереңдетіп оқытатын болашақтың 20 зияткерлік мектептерін құру бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Оларда қазірдің өзінде сіздердің әлеуетті абитуриенттеріңіз білім алуда. Қазақстандық білім беруді қаржыландыру қазірдің өзінде бірнеше жыл бойы елдің ІЖӨ көлемінің 4 %-дайын құрайды. Осыншама қаржыны әлемдегі елдердің бәрі бірдей сала алмайды.

ЮНЕСКО-ның мәліметтері бойынша, 2009 жылы Қазақстан білім беруді дамыту индексі бойынша әлемдегі 129 елдің арасынан бірінші орын алды.

Кәсіби даярлық саласында интенсивті өзгерістер үдерісі жүріп жатыр. Елдің барлық ЖОО-ларының базалары нығайтылды.

Жаңа университеттің құрылуы – қазақстандық ЖОО-лардың әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциясындағы жаңа баспалдақ.

Үшінші. Қазақстанға тек қана ғалымдар әзірлейтін ғана емес, сонымен бірге келешегі бар

инновациялық салаларға жаңа технологиялар да қажет.

Көптеген елдердің жоғары білім беруінің қазіргі жүйесі не болғаны немесе қазірдің өзінде не істелгені туралы білімді игеруге негізделген. Бұл Қазақстанның көптеген ЖОО-ларына да тән. Мұнда іргеліліктің маңызды сәті бар.

Алайда оқытудың практикалық жағы тек екінші дәрежелі рөл атқарады. Келісерсіздер, бұл тұрғыдан келгенде, студент теорияны кемінде 5 жыл оқып, тек содан кейін ғана практикалық машықтарды меңгеруі керек. Оған 2–3, әйтпесе одан да көп жыл кетеді.

Көп елдердің ғылыми-техникалық прогрестен ұдайы артта қалып қоюының себебі осында емес пе екен?

Бүгінде университеттік жүйеде теориялық және практикалық құрамдастықты үйлестірудің сәті түскен елдер табысты болып саналады.

«Ақпараттық өркениет» тұжырымдамасы авторларының бірі Элвин Тоффлер «тек білім жиынтығын оқытып қана қоймай, оларды қолдана білуді де үйрету керектігі» туралы жазған болатын.

Жаңа университетті құру арқылы біз инновациялық білім беруге қарай шешуші қадам жасаймыз.

Төртінші. Қазіргі әлемде білім беру қызметін көрсету – экономиканың тез дамып келе жатқан сегменті.

АҚШ-та, мәселен, оны «100-миллиардтық бизнес» деп атайды. Ол ұлттық жиынтық өнімнің 3 %-ға жуығын құрайды – бұл 7 млрд долларға жуық.

Австралияда білім беру бюджет үшін табыс деңгейі бойынша көмір өндіру мен туризмді ғана алға салып, үшінші орында тұр. Бұл ел соның ішінде Тынық мұхиты өңірі мен Оңтүстік Азияның өзге елдеріне білім беру қызметін экспорттау арқылы жылына 3 млрд доллардан астам табады.

Қазақстан осындай тәжірибені пайдаланып, біздің өңіріміздегі, ТМД мен тұтасымен Еуразиядағы білім беру мен ғылыми жаңалықтар экспортының орталығына айналуы тиіс.

Бесінші. Жаңа университет біздің астанамызды Еуразияның аса ірі ғылыми-білім беру орталығына айналдырады.

Бұл оқу орнының құрылуы – аса маңызды ұлттық жоба, оған жеке өзім қамқорлық жасайтын боламын.

Мен оның елордамыздың, барлық біздің мемлекетіміз бен қоғамымыздың дамуына жүйелі ықпалын тигізетініне сенемін. Сондықтан жаңа университет айрықша мәртебені иеленіп, арнайы заңнамалық актінің негізінде жұмыс істейтін болады.

Университет менің есіміммен аталуына мен алғаш рет келісім бердім.

Бұл оның қалыптасуы мен дамуы үшін барлық мемлекеттік құрылымдардың, ЖОО басшылығы мен ұжымының жауапкершілігін арттыру үшін жасалды.

Жаңа университетті құрудың барлық қырлары – Қазақстан үшін және, әсіресе, біздің жастарымыз үшін ашылып жатқан жаңа мүмкіндіктердің мәнін құрайды.

Біздің ортақ міндетіміз – оны білім беру мен ғылыми зерттеулердің әлемдік деңгейіне алып шығу.

Құрметті студенттер мен оқытушылар! Ханымдар мен мырзалар!

Бүгінде жаһандық прогрестің парадигмасы мен пішіні тез өзгеруде. Әлем постиндустриялық кезеңге көшуде.

Белгілі футуролог Брюс Стерлингтің айтуы бойынша, онда «болашақ прогресс сөзінің синонимі болудан қалады», себебі бүгіннің өзінде басталуда.

Және бұл жаңа дәуірде ел игілігін қазба байлықтарының бар екендігі немесе дамыған өнеркәсіптік база құрамайды.

Сарапшылардың есептеуінше, ең табысты дейтін мемлекеттердің ұлттық байлығының жалпы көлемінде шамамен 15 % материалдық құндылықтарға, 15–20 % табиғат ресурстарына тиесілі екен, ал 65 %-ы – адам капиталы.

Адамдар өздерінің білімдерімен және машықтарымен дамудың базалық ресурсын қалыптастырады.

Тұтас бірқатар мемлекеттердің – Жапонияның, Финляндияның, Оңтүстік Кореяның, Сингапурдың, Бразилияның және басқалардың көшбасшылық экономикалық дамуында тап осы қадам шешуші мәнге ие болды.

Білім прогрестің қозғаушы күшіне, жаңа өмірлік игіліктердің көзіне айналып барады. Экономикада мүлде жаңа салалар мен секторлар пайда болуда.

Осы бағыттардан қалыс қалу әрі, оның үстіне, оларды елемеу стратегиялық қателік болып шығар еді. Сондықтан біз қазір Қазақстан экономикасын инновациялы-технологиялық тұғырға көшіру жөніндегі міндетті жеделдете шешудеміз.

Тап осындай стратегия Қазақстанға соңғы онжылдықтардағы ең қиын әлемдік дағдарысқа төтеп беруге көмектесті, біздің экономикамыздың жаңа өрлеуін қамтамасыз етуде.

Біз мемлекетті басқарудың сыртқы экономикалық және қаржылық жағдайларға жедел режимде әрекет ете алуға қабілетті, өз мүмкіндіктерімізді сыни бағалай алатын, қазіргі заманның күрделі сын-қатерлеріне бейімделе алатын жүйесін құрдық.

Қазіргі кезде елімізде жалпы сомасы 50 млрд долларға жуық тартатын индустриялық жобалар жүзеге асырылуда.

Тек биылғы жылдың өзінде 150-ден астам өнер-кәсіптік нысандар іске қосылатын болады. Өңірлерді есептесек, бұл жүздеген нысандар.

Индустрияландырудың жалпыұлттық және өңірлік картасына 7,2 трлн теңгенің 230-дан астам жобасы енгізілген.

Елдің инновациялық инфрақұрылымына қазірдің өзінде 5 даму институты мен 9 технопарк кіреді.

Көліктік машина жасау мен тау-кен металлургия жабдықтарының 2 конструкторлық бюросы құрылды, келесі жылы тағы 3-і пайда болады.

Бұл жаңа кәсіпорындарда, институттар мен конструкторлық бюроларда жаңа университеттің көптеген болашақ түлектерінің жұмыс істеуін күтіп тұр. Оның үстіне, алғаш іріктелген студенттердің көпшілігі жылдық базалық курстан кейін инженерлік мамандықтарға оқуды жоспарлауда. Мұны дұрыс таңдау деп есептеймін.

Біздің экономикамызға постиндустриялық формацияның кадрлары қажет.

Уақыт тез өтеді. Сондықтан Үкімет жаңа университеттің түлектерін еңбекке орналастырудың айқын схемасы туралы мәселені қазірдің өзінде шешуі керек.

Біз үдемелі индустрияландырудың аясында құрып жатқан әлеуетті жұмыс берушілермен – инновациялы кәсіпорындармен жұмыс істеуіміз

керек. Бәрін де – заңнамалық кепілдіктерді, жеңілдіктерді, еңбекке лайықты ақы төлеуді, тұрғын үймен қамтамасыз етуді ескеру керек. Жаңа университеттің бірде-бір бітірушісі назардан тыс қалмауы тиіс. Бұл мәселені Президент Әкімшілігі қадағалайтын болады.

Постиндустриялық ұштаған – білім беру, ғылым, инновациялар – бұлар Қазақстан сол бойынша жаңа тұрақты әрі іркіліссіз дамуға өтетін көпір.

Біз 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған жаңа Білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасын қабылдадық. Оның мақсаты – кез келген қазақстандықтың білімнің кең жүйесіне және кәсіби біліктілікке қол жеткізуі үшін қажетті жағдайлар жасау. Оның кез келген жасында қайта даярлықтан өтуі немесе жаңа мамандықты меңгере алуы үшін жағдайлар жасау.

Сарапшылар мынадай деректер келтіреді. Америкалық компанияларда қызметкерлерді оқытуға жұмсалған әрбір 35 мың доллар 1 млн доллар пайда әкеледі. АҚШ-та өз қызметкерлерін оқытуға жыл сайын 30 млрд доллар, Францияда – 30 млрд долларға дейін, Ұлыбританияда – 40 млрд долларға дейін жұмсалады. Олардың бұдан қаншама пайда алатынын есептеп шығару қиын емес.

Американың жетекші фирмалары өз есебінен өз қызметкерлерінің үштен бірінен бастап 90 %-ға дейінін оқытады.

Ең болмағанда бір ірі қазақстандық компания осындай сандарды келтіре алады ма?

Менің бұған күмәнім бар. Ал мұның өзі, келісіңіздерші, біздің ұлттық байлығымызды арттырудың маңызды ресурсы.

Мемлекеттік деңгейде компанияларды қызметкерлерінің үздіксіз білім алуына қаржы салуға міндеттейтін және ынталандыратын шешімдер ойластырып, қабылдау керек деп есептеймін.

Үкімет бұл мәселені жеріне жеткізе ойластыруы керек.

Бұл мәселе жөнінде сіздердің, бүгінгі студенттердің, алдында кездейсоқ айтып тұрған жоқпын. Ертең, университетті бітіргеннен кейін, сіздердің көпшілігіңіз өндірістің ұйымдастырушысы бола-сыздар, өз компанияларыңызды құрасыздар. Бізге Қазақстан қоғамында үздіксіз білім алуға бөлекше құрметпен қарауды қалыптастыру маңызды. Бүгінде бұл жай ғана тұлға мәртебесінің мәселесі емес. Білім алу – жеке адамның да, тұтасымен елдің де құндылығы әрі табысының арқауы.

Мен жаңа университет жаңа элитаны – ХХІ ғасырда Қазақстанның бейнесін өзгертетін ғалымдар мен мамандарды даярлауда серпіліс жасайды деп сенемін.

Оның құрылымы қазіргі заманғы ғылымның дамуының мынадай келешегі бар салаларын қамтитыны кездейсоқ емес.

Біріншіден, бұл физиканың жоғары энергиялар саласындағы Энергетикалық зерттеулер, энергияны үнемдеу технологиялары және қалпына келіп отыратын энергиялық ресурстар орталығы.

Бұл бағыт бойынша әлемде үлкен жұмыс жүргізілуде. Мәселен, Францияда ғалымдар ИТЭР (ITER) термоядролық реакторын құруда. Бұл жобаға біз де қатысудамыз. Ол қазіргі бар АЭС-терге қарағанда едәуір қуатты – термоядролық электр стансаларын салуға мүмкіндік береді.

Америкалық «NuRegion» компаниясы қазірдің өзінде қуаты шағын атом стансаларын шығаруды жолға қоюда. Олар өнеркәсіптік компаниялар мен шағын елді мекендер үшін автономды қуат көзі болмақ.

Қазір Сахара шөлінде қуаттылығы 100 гигаваттық алып күн электр стансасын салудың жобасы талқылануда. Ол бірден Еуропаның бірнеше елін электр қуатымен қамтамасыз ете алады.

Жапон компаниялары әлемдегі алғашқы күн көзінен қуат алатын кемені жасаудың басталғаны туралы жария етті.

Қазақстан үшін ең келешегі барлары жел, күн, жылу және геотермальдық, сондай-ақ биоэнергетика саласындағы жасалымдар.

Бізде ең жаңа отын элементтерін, жарықтың энергия үнемдейтін қуат көздерін, жоғары өткізгіштер жасаудың мүмкіндіктері бар.

Екіншіден, жаңа университетте Өмір туралы ғылымдар орталығы құрылған. Оның аясында трансплантология, жасанды жүрек пен өкпені енгізудің өте жаңа технологиялары саласында зерттеулер жүргізілетін болады. Адамның геномын зерттеудің, ағзаны жасарту, адамның тірі тіндерін өндіру, гендік дәрілер жасау жөніндегі зерттеулердің зор маңызы бар.

Қазіргі заманғы медицинада онкологиялық аурулармен күрестің ұтымды әдісі – радиохирургияның проблемалары көкейкесті екенін сіздер білесіздер.

Аурулар мен патологияларды жатырдағы кезеңнің өзінде емдеуге мүмкіндік беретін ұрыққа тән хирургияны енгізуге қажеттілік мол. Бұл біздің елімізде ана мен бала өлімін азайтып, бала тууды арттыру үшін маңызды.

«Болашақтың госпиталі» жаңа медициналық технологияларды енгізудің алаңқайына айналады. Мен оны бүкіл қазақстандық медицина жүйесін дамытудың локомотиві ретінде қарастырамын. Ол Қазақстанда алдыңғы қатарлы емдеу әдістері мен жаңа медициналық технологияларды енгізудің үлгісі болуға тиіс.

Үшіншіден, жаңа университеттің жанынан Пәнаралық аспаптық орталық құрылған.

Бұл инновациялардың негізгі арқауы. Оның таңғажайып жабдықтары, зияткерлік әлеуеті

ғылыми кадрларды даярлауды қағидатты жаңа негізде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Мамандардың айтуынша, әлемде жыл сайын теориялық білімдердің 5 %-ы, практикалық білімдердің 20 %-ы жаңарып отырады.

Аристотельдің заманында ғылым әлемінің кітабында тек алғашқы парақтар ғана толтырылған болатын, сондықтан білімнің бүкіл жиынтығы бір адамға қолжетімді еді.

Біздің заманымызда, ХХІ ғасырда, ғалым аяқталмаған көптеген тараулар мен парақтардың арасынан өзінің бірнеше жаңа сөзін жаза алатынын таңдауы тиіс.

Кезінде австриялық жазушы-футуролог Роберт Юнг болашақтың мектептері мен университеттерінде барлық лекциялар мен практикалық сабақтардың кемінде үштен бірі «күтілетін дағдарыстар мен сол күрделі проблемаларды мүмкін болатын әлеуетті шешімдеріне арналуы тиіс екендігін» айтқан болатын.

Мен бүгінде практикалық сабақтар оқыту уақытының кем дегенде 2/3 бөлігін құрауы тиіс деп ойлаймын. Тек осылай ғана прогреске ілесіп отыруға, тіпті оны басып озуға болады.

Аспаптық орталықтың аясында бірқатар – хеометрика, инфрақызыл спектрометрия, биокерамика, өсудің биоширату және басқа да зертханалар құрылуда. Оларда металдардың, диэлектриктердің, полимерлердің, жартылай өткізгіштердің,

сондай-ақ нанотехнологиялардың құрылымдары мен қасиеттері саласында зерттеулер жүргізілетін болады. Әлемдік тәжірибе олардың келешегі барлығын аңғартады.

Австралияда Свинберн университетінің мамандары бір дискіде 10 терабайт ақпарат сақтауға қабілетті технология жасап шығарды. Бұл стандартты DVD-дискісінің сыйымдылығымен салыстырғанда ондаған мың есе көп.

Массачусетс технологиялық институтында қалыптан тыс берік бетон жасалды, ол жүздеген жылдар бойы қызмет ететін болады.

Тұтасымен алғанда, нанотехнологиялардың әлемдік нарығының таяу жылдардағы көлемін сарапшылар 4 трлн долларға бағалап отыр.

Осындай зерттеулерді Қазақстанда да жүргізу керек. Біз соңынан қуып жетіп отырушы болуға тиіс емеспіз.

Мен мұнда біздің жас ғалымдарымызға, қазіргі студенттерге үлкен үміт артамын.

Университет дамыған сайын ғылыми зерттеулердің басқа да салалары қамтылатын болады. Мұнда жаңа орталықтар мен мектептер пайда болады.

Қазіргі кезде біз Қазақстан ғылымының арқаулық негіздерін күшейтудеміз.

«Ғылым туралы» жаңа заң жобасы әзірленді. Зерттеулерді қаржыландырудың үш деңгейлі –

арқаулық, гранттық және бағдарламалық-мақсатты жүйесі қалыптастырылуда.

2014 жылға қарай ғылымға арналған бюджеттік қаржының көлемі ІЖӨ-нің 1 % деңгейіне дейін көбейтіледі.

Ғылыми басымдықтарды айқындау жөніндегі Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның рөлі артуда.

Менің тапсырмам бойынша Қазақстанда әлемдік стандарттар бойынша жабдықталған ашық үлгідегі 5 зертхана салынып, жұмыс істеуде, оған кез келген жаңашыл келіп, өз зерттеулерін жеріне жеткізе алады.

Еліміздің жетекші ЖОО-ларының жандарынан инженерлік бейіндегі 15 зертхана жұмыс істеуде.

Алдыңғы қатарлы базасы мен үлкен мүмкіндіктері бар Астананың жаңа университетінің құрылуы Қазақстанның ғылыми әлеуетін арттырады.

Бұл экономиканы жаңғыртып, Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Бұл аса ірі еуразиялық білім беру орталығы болу үшін үлкен тарихи мүмкіндік.

Қымбатты достар!

Бүгін мен өзімнің есіміммен аталатын университеттің студенттеріне алғаш рет қайырылып отырмын.

Бүгінгі мүмкіндіктер – шешуші мүмкіндіктер. Басқа уақыт болмайды – әлем интеграцияланып, қайтып оралмастай өзгеруде. Сіздердің барлығыңызға өздеріңіз мейлінше толық пайдалануға тиісті тамаша мүмкіндік беріліп отыр.

Мұндай трансұлттық әлемде өзіңді жоғалтып алмау үшін үлкен рухани тұтастық қажет.

Сіздер Қазақстанның болашақ зиялы элитасы болып табыласыздар. Сіздердің қасиетті міндеттеріңіз – өздеріңіз туып-өскен және өмір сүріп жатқан елдің игілігіне еңбек ету. Сіздердің бүгінгі басты міндеттеріңіз – лайықты білім алу.

Біздің халқымыз үшін білімді болу қашанда ең жоғары моральға сай келетін айрықша құндылық саналып келген.

Ұлы Абай өсиет еткендей, «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айында бір өзіңнен өзің есеп ал!»

Егер Астананың жаңа университеті елдің ЖОО-лары үшін ұстанар үлгі болуы тиіс десек, онда әрбір студент те өздерінің барлық әріптестері үшін үлгі болуға тиіс.

Өткен ғасырдың 30-шы жылдарының өзінде америкалық психолог Г. Леман «Адамның жасы және жетістіктер» деп аталатын кітап шығарып еді. Онда ол ерекше жаңалықтар ашу үшін адамның қай жасы мейлінше қолайлы екендігін талдап-таразылады. Сөйтсе, ең жақсы, дара идея-

лар мен еңбектер 25–30 жастағылардың басына көбірек келеді екен.

Ньютон шексіз шағын шамаларды есептеп, 24 жасында тартылыс заңын ашты.

Линней 24 жасында өсімдіктерді жіктеу жүйесін жасады.

Менделеев 35 жасында мерзімділік заңын ашты.

Лобачевский 24 жасында евклидтік емес геометрияның жасалғаны туралы мәлімдеді.

Бүгінде өзге елдердің көптеген қазіргі заманғы Нобель сыйлығы лауреаттарының жастығына тек қана сүйсінуге болады.

Алайда осы орайда, мәселен, Шоқан Уәлихановтың өзінің 30 жылдық жарқын да таңғажайып өмірінде Орталық Азия мен Батыс Қытайдың географиясы, тарихы, мәдениеті мен этнографиясы жөніндегі зерттеулердің тұтас томдарын қалдырғанын есте ұстау керек.

Бұл босағада оқитындардың көпшілігі біздің ғылымымыздың мақтанышына айналып, Қазақстанның даңқын әлемге жаятынына сенемін.

Білім – ұлы күш. Ол танымалдыққа, даңққа, молшылық пен игілікке жол ашады.

Ғылымға қызмет ету – ең алдымен адамдарға қызмет ету, өз зерттеулеріңді халыққа және қоғамға арнау.

Пушкиннің әйгілі «данышпандық пен зұлымдықтың» бастары бірікпейді» дейтін жолын еске түсіріңіздер.

Ұлы жаңалықтар – пәк ақыл-ой мен мейірбан жүректің ісі. Нағыз қуаныш ізгі істер жасау мүмкіндігі мен жасай білуге байланысты, ал бақытсыздық пен жарамсыздық шығармашылыққа қабілетсіздіктен тамыр тартады.

Сіздер, жастар, мұны әрдайым есте ұстауларыңыз керек.

Қай кезде де элитаның басты міндеті уақыт пен қоғам алға қойған мәселелерге жауап беру болып келген.

Және тағы бір маңызды мәселе туралы.

Қазіргі заманда адамның табысты болуы мықты денсаулықтың иесі, төзімді әрі күшті болу дегенді білдіреді.

Жаңа университеттің жанынан қазіргі заманғы спорт ғимараттары салынған, оларда жуырда Азия ойындарының жарыстары өтетін болады. Бұл ЖОО студенттерінің, оқытушылары мен қызметкерлерінің денсаулығы мен денесінің бабын шыңдау үшін тамаша база.

Әлем университеттердің өздерінің спорт командаларымен де даңқты екені белгілі. Бұл назар аударарлық тәжірибе.

Сіздер шетелдік серіктестеріңіздің спорттық жетістіктеріне де ұмтылуларыңыз керек. Жаңа университет ел студенттерінің спорттық қозғалысына және әлемдік Универсиадаларға белсене қатысуы тиіс.

Жаңа ЖОО-ның күнделікті жұмысында біздің бәріміз шешу керек болатын міндеттер, міне, осындай.

Қымбатты достар!

Біздің кездесуіміз еліміздің ең басты мерекесі – Тәуелсіздік күні қарсаңында өтуде.

Сіздердің, бірінші курстықтардың, көбі – тәуелсіздіктің құрдастарысыздар.

Біз Тәуелсіздіктің 20-шы жылына тұрақты, қуатты, өзгерістерге бейім және бүкіл әлемге қадірлі ел ретінде қадам басқалы отырмыз.

Сіздер біздің Отанымызды одан әрі нығайтып, оны жаңа жеңістер мен жетістіктерге бастауға тиістісіздер.

Біздің ұлттық тарихымыздың мән-мағынасы о бастан-ақ жүйе қалыптастыратын үш міндеттен – ұтымды әрі қуатты мемлекет, бірыңғай толерантты қоғам және инновациялы экономика құрудан тұрады.

Қазақстанның дамуы мен табысты болуының басты шарты – біздің көп ұлтты халқымыздың бірлігі мен татулығы.

Талапты да талантты жас достарым!

Біз тәуелсіздік алған сәттен бастап алдымызға биік мақсаттар қойдық.

Тәуелсіздіктің төл құрдастары ретінде сіздер қол жеткізген жетістіктерімізге куә болып келесіздер.

Біз ел тәуелсіздігін нығайтып, мемлекетті орнықтырдық. Қараөткелдің бойына әсем Астана тұрғызып, елордада халықаралық деңгейдегі университет аштық.

Мұның бәрі тәуелсіздікпен бірге жүзеге асып келеді. Сондықтан біз қолда бар алтынның қадірін біліп, тәуелсіздігімізді айрықша ұлықтауға тиіспіз.

Мен Лев Гумилев айтқан Еуразия кеңістігінде мың жыл бұрын дәуірлеген пассионарлық құбылыс қазақ жеріне қайта оралды деп білемін. Қарапайым тілмен айтқанда, мың жылда келетін бақ құсы Қазақ еліне қайта қонды!

Кезінде әлемдік өркениеттің ошағы ретінде дүниеге жарық жұлдыздар берген Ұлы дала бүгінде қайта жаңғыру үстінде.

Азаттықпен бірге халқымыздың рухы көтеріліп, еліміздің еркін тынысы ашылды.

Ұлы Жібек жолында Батыс пен Шығысты жалғаған қазақ даласы қазір Еуропа мен Азияны байланыстыруда.

Біз әл-Фараби аңсаған ізгілік қаласын салып, парасатты қоғам орнатудамыз.

Көнеден жеткен «Күн шығыстан туады» деген астарлы, әдемі сөз бар.

Бұл – рас сөз.

Қазіргі уақыт адамзат биігін білекпен емес, біліммен бағындырудың заманы.

Бүгінде әлем Қазақстанды жаһандық қауіпсіздіктің табанды жақтаушысы ретінде мойындады.

Мен әлемдік бейбітшіліктің ұйытқысы болған Қазақстанның болашақтың ғылымына жол ашарына сенемін. Еліміз таяу болашақта тың идеялар тоғысқан қайнарға айналады және ғылым саласында Нобель сыйлығының лауреаттарын шығарады деп үміттенемін.

Бәйтерек тамырын тереңге тартқан сайын жапырақтарын көкке жайған алып ағашқа айнала түседі. Сендердің қуат алар алтын тамырларың – киелі туған топырақтарың, қасиетті Қазақстан. Осыны ұмытпаңдар!

Дана халқымызда «Асыл – тастан, ақыл – жастан» деген мақал бар. Жастары білімді елдің жүзі жарық, болашағы жарқын.

Елін шын сүйетін жандар қашанда ерен істерді атқаруға қабілетті болады. Туған Отанымызды мақтаныш етумен бірге, оның мақтан тұтар ұландары болуға ұмтылу – сіздердің перзенттік парызыңыз. Сіздер әлемдік деңгейдегі оқу орнының шәкірттері ретінде қазақстандық барша жастарға үлгі болуларыңыз керек.

Жетістіктерге бастар ұлы жолда баршаңызға сәттіліктер тілеймін.

Қазақстан Республикасының
Тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты
жиналыста

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2010 жылғы 15 желтоқсан

Қымбатты отандастар!

Азаттықтың арайлы таңынан бері тәу етер киемізге айналған Тәуелсіздік күні – біздің ең ұлық мерекеміз.

Баршаңызды осы «ақ түйенің қарны жарылған», бар игілігіміздің бастауы болған Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын!

Тәуелсіздікпен бірге біз елдік дәстүр мен мемлекеттік мәдениетті жаңғырттық.

Осылайша, төрткүл дүниені ат тұяғымен дүбірлеткен даңқты бабалардың «Мәңгілік ел» мұратын қайта жалғадық.

Тегеуріні берік, тепкісі қатты заманда тең жарымынан айырылған халқымыз ана тілінен, қасиетті дінінен көз жазып қала жаздады.

Дегенмен соның бәрі халқымыздың рухын жасыта алған жоқ, азаттыққа деген аңсарын жеңе алмады.

Арманда кеткен арыстардың асыл мұратына біз мыңжылдықтар тоғысында қол жеткіздік. Айымыз оңынан туып, Тәңір тілекті берді. Төрт құбыламыз теңеліп, төбедегі келді. Алаштың айбыны асып, күн сөнгенше азат болды. Қырандай қомданып, тұғырына қайта қонды!

Тәуелсіздік – тәуменді жұртқа тәуекел берді. Азат еліміз атағы б құрлыққа жайылған абат елге айналып, жаһандық қауіпсіздіктің алтын белдеуіне баланды.

Біз осылайша тарихта есесі кеткен еңсегей елдің еңсесін тіктедік.

Сөйтіп қазақ деген халықтың абыройын асырып, атын әлемге таныттық.

Алға тартқан озады, кейін кеткен тозады.

Біз жылдан-жылға жаңарып, жаңғырып келеміз.

Қазақ «Елу жылда ел жаңа» дейді.

Біз 20 жылға жетер-жетпес уақытта 100 жылға бергісіз жолды артта қалдырдық.

Астанада 56 елдің басшылары мен халықаралық беделді ұйым өкілдерінің басын қосқан саммит – соның айшықты айғағы.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының келелі кеңесі еліміз ғана емес, әлем жұртшылығы үшін елеулі оқиға болды.

Қазақ қазақ болғалы мұндай биік мәртебеге жетіп көрген емес!

Халқымыздың бұл ұлы жиынға берген бағасын, қуанышының жиынтығын «Қазақ» газетінің бас редакторы Қоғабай Сәрсекеевтің мына сөздері жеткізсе керек: «Еш заманда, еш ғасырда ежелгі ғұн-түркі заманынан бері қазақтың бұл сайын даласы мұндай жиынды көрмеген. Алтын Орданы құрған Бату ханнан бастап 71 хан пешенесіне де осындай барша адамзат мүддесін көздеп, Астана саммитіндегідей абыройлы кеңес өткізу бұйырмапты. О заман басқа, бүгінгі заман бөлек. Енді тәуелсіз қазақ халқы осындай ұлы мәртебеге ие болды», – деп жазды ол.

Біз келесі жылы құрамына 57 мемлекет кіретін Ислам конференциясы ұйымына басшылық жасаймыз.

Бұл орайда қазақ елінің танымалдығы артқан сайын оның тәуелсіздігі орныға түсерін ұмытпауымыз керек.

**Қымбатты қазақстандықтар!
Құрметті салтанатты жиналысқа
қатысушылар!**

Тәуелсіздіктің әр жылы – бұл жаңа Қазақстан тарихындағы тұтас дәуір.

Біздің еліміз үшін тәуелсіздіктің 19 жылы нақ осындай болды.

Астанада ЕҚЫҰ-ның XXI ғасырдағы тұңғыш саммиті өтті. 11 жыл бойы бірде-бір ел Ұйымның жоғары форумын жинай алмады. Қазақстан мұны жасай алды! Астана саммиті ЕҚЫҰ-ның барлық елдері үшін біріктіруші табыс болды.

Бұдан 19 жыл бұрын ешкім де Қазақстанның елордасы Астана атақты «Хельсинки рухының» лайықты мұрагері болатынын ойлай да алған жоқ. Бүгінде бұл іске асты. Біз ЕҚЫҰ-ға төрағалық аясында өзіміздің іс-қимыл бағдарламамызды орындадық.

Тұңғыш рет ЕҚЫҰ-ның еуразиялық векторы белгіленді, мұның өзі бүкіл Еуразиядағы қауіпсіздікті әлдеқайда берік етеді. Бұл дегеніміз біздің еліміздің және оның әрбір азаматының қауіпсіздігі алдын ала ұзақ жылдарға берік болды дегенді білдіреді.

Астана саммиті – бүкіл Қазақстанның жұлдызды сағаты.

Осынау күндері мен өзімнің шетелдік әріптестерімнен көптеген хат-хабарлар алдым, олар

саммитті тамаша ұйымдастырғанымыз үшін алғыс айтуда.

Мәселен, Франция Президенті Николя Саркози былай деп атап өтеді: «Мен Сіздің еліңіз ЕҚЫҰ-ға төрағалық барысында атқарған жұмыстың сапасын және Сіздің тікелей қатысуыңызды жоғары бағалаймын. Бұдан былай бұл Ұйымның шешуші даталарының бірі болатын Астана саммиті табысты аяқталды».

Бұл сөздер бүкіл біздің халқымызға арналған.

Маған еліміздің азаматтары да хат жазады.

Еліміз бен оның елордасы үшін, біздің бастамаларымыздың батылдығы мен жоғары жауапкершілігі үшін мақтаныштары туралы жазады.

Шығыс Қазақстан облысынан бір топ соғыс және еңбек ардагерлерінің хатында былай делінген: «Саммит өтіп жатқан күндерде біз көптеген мемлекеттердің көшбасшылары біздің елордамыздың әсемдігіне және Қазақстан халқының қонақжайлылығына таңырқағанын мақтанышпен қарап отырдық».

Мен барша қазақстандықтарға жылы сөздері үшін, мақтаныштары үшін, қуаныштары үшін, біздің жеңістеріміз үшін шын жүректен алғыс айтамын!

Қымбатты отандастар!

Әлемдік тәжірибе кемелденген мемлекет құру үшін 40–50 жыл қажет екенін көрсетеді.

Біз қазірдің өзінде еліміздің өркендеуіне жеткізетін жолымыздың қиын жартысын өттік.

Барлық тағдырлы шешімдер бізге оңайға түскен жоқ.

Естеріңізге түсіріңіздерші, біздің идеяларымыз бен жоспарларымызға күмәнданғандар мен оларды нақты емес және іске аспайды деп бізді айыптағандар қанша болып еді.

Әрдайым солай болып келген.

Экономиканы нарық арнасына көшіру, елдің ядролық қарусыз мәртебесі, елорданы ауыстыру, «Қазақстан – 2030» стратегиясын қабылдау, Ұлттық қор құру туралы және басқа шешімдер қабылдаған кезде де солай болған.

Біз Кеден одағын құрған кезде және Астанада ЕҚЫҰ саммитін өткізу туралы идеяны ұсынған кезде де дәл осыларды естігенбіз.

Қазір енді Тарихтың төрелігі айқын болып отыр – бұлар біздің Отанымыздың игілігі жолындағы дұрыс шешімдер болды. Олар халықты топтастырды. Олар, кез келген қиындықтар мен тосқауылдарға қарамастан, ең қиын міндеттерді батыл шешуге үйретті.

Мен әрдайым міндеттер ұлтты қанаттандыруы тиіс деп санап келдім және санаймын да! Ұлы мақсаттарды өзінің алдына ұлы халық қана қоя алады!

Тәуелсіздік бізді, қазақстандықтарды, туған жеріміздің өркендеуіне қол жеткізудің өршіл

табандылығына ие осындай ұлы халыққа айналдырды.

Құрметті қазақстандықтар!

Өркенді Қазақстанды құру – бұл бірден 2 ғасырдың, 2 мыңжылдықтың жаһандық сынағына лайықты жауап.

Біз күрделі XX ғасырдың аяғында дербес ел болдық, әлем картасында бұл ғасырда барлық осы заманғы мемлекеттердің үштен екісі дерлік пайда болды.

XXI ғасыр жаңа қатерлер әкелді. Ең үлкен сынақ әлемдік дағдарыс болды.

Осындай жағдайда бірнеше ел ғана сынаққа төтеп берді. Біздің Қазақстан да осы қатарда болды!

Тәуелсіздік – бұл, ең алдымен, елдің экономикалық орнықтылығы.

Біз өз болашағымыздың тарихы болған «Қазақстан – 2030» стратегиясын қабылдадық және ойдағыдай іске асырамыз.

Ұлттың ұлы мақсаты ғана ұлтқа жаңа жетістіктерге лайықты жетуге мүмкіндік береді.

Бүгінде Қазақстан сенімді өсу қарқынына ие болуда. 2010 жылдың 9 айында ІЖӨ 7,5 % өсті. Өнеркәсіп өндірісі 10,5 % артты. Жүз шамалы жаңа кәсіпорындар ашылды.

Жаңа ғасырдың 10 жылында жан басына шаққандағы ІЖӨ көлемі 7 еседен астамға өсіп, 8 мың доллардан асып түсті.

2000 жылдан бастап біздің экономикаға 110 млрд долларға жуық тікелей шетелдік инвестициялар тартылды. Ал тұтастай осы кезеңде негізгі капиталға инвестициялар 200 млрд доллардан астамды құрады.

Осы онжылдықта зейнетақылар көлемі 6 еседен астамға өсті.

Қазақстанның тұрғын үй қоры 30 млн шаршы метрге ұлғайды.

Қазақстандықтардың 330 мың отбасы жаңа пәтерлерге ие болды.

Орташа айлық жалақы 5,5 есе ұлғайды.

Өткен жылы Қазақстан халықтың әл-ауқат деңгейі бойынша жаһандық рейтингте 50-ші орын алды.

10 жылда білім беру мен денсаулық сақтауға кететін шығындар 8 еседен астамға өсті. Біз 700-ден астам мектептер мен 450 жуық денсаулық сақтау нысандарын салдық.

Биылғы жылы үздік әлемдік ғылыми-ағарту орталықтары үлгісінде және солардың жәрдемдесу жағдайында құрылған Астананың жаңа университеті ашылды.

Бала туу 1,5 есеге, халықтың табиғи өсімі 3 есеге артты.

Осы онжылдықта біз халықтың 1,5 млн адамға өсуін қамтамасыз еттік.

Құрметті қазақстандықтар!

Тәуелсіздігіміздің кезекті жылдығын атап өте отырып, біз бірқатар елдер үшін азаттық алу ішкі тұрақсыздыққа, азамат соғыстарының және көршілермен қақтығыстардың өршуіне айналғанын ұмытпауға тиіспіз.

Біз елімізде Қазақстан халқы Ассамблеясы өзегіне айналған бейбітшілік пен келісімнің кірігуші моделін құрдық.

Біздің тәуелсіздіктің жолы – барлық 140 этностың ортақ Отанымыздың тағдыры үшін жауапкершілік жолы.

Достық пен келісім дәстүрлерін қазақстандықтардың болашақ ұрпақтарына дарыту бізге маңызды.

1 мамырды – Қазақстан халқының бірлігі мерекесін жаңа түрпатта атап өту қажет деп санаймын. Бұл күні елордада, облыс орталықтары мен қалаларда бұқаралық шерулер өткізу керек. 1 мамырға Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясын өткізуді белгілеу қисынды болар еді.

Президент Әкімшілігіне халық Ассамблеясының және «Нұр Отан» партиясының басшылығымен бірлесіп, Қазақстан халқының бірлігі күнін мерекелеудің жаңа тұғырнамасын әзірлеуді және бекітуге ұсынуды тапсырамын.

Әлемдік тәжірибе табысты тәуелсіздік тарихы – бұл жалпыұлттық партиялардың күшті саяси көшбасшылығының тарихы екенін көрсетеді. Нақ осы ниеттестер командалары азат ұлттардың басында тұрып кезең-кезеңмен жаңғыртуды жүргізді. Жапонияда, Сингапурда, Малайзияда, Оңтүстік Кореяда, Түркияда және басқа серпінді елдерде осылай болған.

Франциядағы, Испаниядағы, Италиядағы, Финляндиядағы және басқаларындағы еуропалық демократияның тәжірибелері де осыны дәлелдейді.

XXI ғасырда мемлекет пен саяси көшбасшылықтың рөлі бұрынғыдан да салмақты бола түсті. Сондықтан Қазақстанды нығайтудағы ерекше миссия «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясына тиесілі.

Бүгінде «Нұр Отан» Еуропа мен Азиядағы жетекші елдердің ірі партияларының жолымен дамып келеді. «Нұр Отан» партиясы – бұл шешімдерді іске асыруға қабілетті күшті саяси ерік-жігердің қуатты көзі, елді дамытудың ірілендіруші векторы.

Құрметті қазақстандықтар!

Тәуелсіздік уақыты стратегиялық әріптестік пен экономикалық интеграцияның ұзақ мерзімді жүйесін қалыптастыратын идеяларды іске асырудың дәуіріне айналды.

2010 жылы Қазақстанның, Беларусьтің және Ресейдің Кедендік одағы жұмыс істей бастады.

Үш елдің Бірыңғай экономикалық кеңістігін қалыптастыру туралы басты құжаттар қабылданды.

Біз Брестен Владивостокқа дейінгі, Мурманскіден Шымкентке дейінгі ұлан-асыр аумақта көлік тасымалдарының бірыңғай тарифтерін пайдаланатын боламыз. Кедендік одақ жұмысының бірінші жартыжылдығы ғана біздің елдеріміз арасындағы тауар айналымын 38 % ұлғайтты.

Тауарлардың, капиталдың, жұмыс күшінің қозғалысы үшін кедергілер болмайды.

Бұл біз үшін – теңіз көлігінің әлемдік жолдарына шыға алмайтын мемлекет үшін өте маңызды.

Осының бәрі туралы мен бұдан 16 жыл бұрын, Еуразиялық Одақты құру идеясын ұсынғанда, айтқанмын.

Планетаның болашағы – бұл Еуропалық Одақ секілді күшті интеграциялық бірлестіктер уақыты.

Экономикалық интеграция Қазақстанның тәуелсіздігін, территориялық тұтастығын, біздің сыртқы саясатымыздың көпвекторлылығын шектемейді. Керісінше, елді нығайтады және индустриялық саясатты жүзеге асырудың жаңа мүмкіндіктерін береді.

Тәуелсіз Қазақстан 2 мыңжылдық тоғысының төтенше қиын шебін абыроймен еңсерді.

XXI ғасырдың қиын онжылдығы артта қалды!

Біз өз жолымызды таптық, бұл жол бізді біртұтас та күшті осы заманғы ұлт жасады.

Бұл біздің тәуелсіздігіміздің 19 жылының ең басты қорытындысы.

Ардақты ағайын!

Тәуелсіздікке қол жеткізу де, оны баянды ету де оңай емес. Тәуелсіздікті нығайту үшін өткелі қиын, өкпегі көп бұралаң жолдардан өтуге тура келеді.

Бұған тарлан тарихтан талай мысал табуға болады. Миллиондаған халқы болса да, мемлекетсіз, табан тірер Отансыз жүрген ұлттар дүниеде аз емес.

Баршаңыз білесіздер, екінші жаһандық соғыстан кейін көптеген елдер өз егемендіктерін жария етті. Туған топырақтарында еркін өмір орнату мақсатында болашаққа үмітпен қарап, үлкен жоспарлар жасады. Ал іс жүзінде берілген тарихи мүмкіндікті барлығы бірдей пайдалана білген жоқ.

Ендеше, азаттық алумен іс бітпейді екен. Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін заманға сай амалың болуы керек екен.

Біз тәуелсіздігінен айрылып қалған елдердің тағдырынан тиісті қорытынды шығарып, тағылымы мол сабақ алдық.

Ел бірлігін басты байлыққа балап, саяси тұрақтылықты экономикалық жетістіктермен ұштас-

тыра білдік. Осылайша Қазақстан шын мәнінде азат елге, айдынды мемлекетке айналды.

Іргемізді бекемдеп, байтақ шекарамызды халықаралық құжаттармен мызғымастай етіп бекіттік.

Ашық аспанымызды қас қақпай күзететін айбарлы армиямызды құрып, келелі Конституцияны басшылыққа алдық.

Қарышты экономикалық өрлеу арқылы Қазақстан дәулетіне сәулеті сай қабырғалы ел болды.

Біз ұлттық рухы берік, саяси жүйесі тұрақты, экономикалық әлеуеті мықты, бәсекеге қабілетті, халықаралық беделі зор қуатты мемлекет құрдық.

Өркениеттер қақтығысы өршіп тұрған тұста төрінде татулық пен тұрақтылық орныққан Отанымызды ынтымақ ұясына – жерұйық мекенге айналдырдық.

Әлемдегі үш елдің бірі болып, жер бетіне тарыдай шашырап кеткен қаңдастарымызды атамекенге жинадық.

Есідің ен бойына ел қондырып, сайын Сарыарқа төріне сәулетті Астананы салдық. Астана рухы күллі әлемге бейбітшілік пен келісімнің кілтін ұсынды. Осында әлемдік діндер өкілдерінің басын қосқан 3 бірдей съезд өткіздік. Ізгілік пен бейбітшілік шаһарына баланған еңселі елордамыз енді «Түркі әлемінің астанасы» атанып отыр.

Біз тәуелсіздікпен бірге тілімізді түлеттік, дінімізді өркендеттік, тамырымызды жалғап, салт-дәстүрімізді жаңғырттық. Ұлттық жаңғыруды жүзеге асырып, жаңа құндылықтар қалыптастырдық. Ғасырлар қойнауынан асылдарымызды аршып алдық.

Халқымыздың әл-ауқаты артып, саны өсті. Ұлысты ұйыстырушы ұлтымыздың жауапкершілігі артып, бүкіл елді біріктіруші қызметін бекемдей түсті.

Өркенді өзгерістерді жүзеге асырған біз осы жылдары дамудың қазақстандық дәстүрін қалыптастырдық.

Біз осылай қазығы берік, мемлекеттігі бекем қазақ елінің айбынын асырдық.

Осының барлығы тәу етер тәуелсіздіктің арқасы!

Тәуелсіздіктің 19 жылы – тарихымыздың тағылымды беттерін толықтыра түсетін тұтас бір тарау.

Болмысы бөлек қазақстандық үлгіні қалыптастыру үшін біз өз жолымызбен жүрдік. Түрлі «кеңесшілердің» айтқанын емес, халқымызға қанық, бағыты анық даңғыл жолды таңдадық. Болашақта да солай болуы тиіс.

Уақыт – бәріне әділ төреші. Бастамаларымызға бастапқыда күдікпен қарағандар болғанымен, біздің дұрыс жол таңдағанымызды уақыттың өзі тайға таңба басқандай етіп көрсетіп берді.

Қадірлі әлеумет!

Біздің баға жетпес байлығымыз – бабалардан өсиет боп қалған, халқымызға қасиет боп қонған береке-бірлігіміз.

Құнды қазынамыз – тарих табыстырып, тағдыр тоғыстырған халқымыз.

Атқарылып жатқан қыруар жұмыстардың бәрі де халықтың игілігі үшін жасалуда.

Сондықтан біз тәуелсіздігімізді көзіміздің қарашығындай сақтап, берекелі бірлігімізді бекемдей түскеніміз жөн.

Қазақта «Бетеге кетсе – бел қалар, бектер кетсе – ел қалар, берекең кетсе – нең қалар?!» деген қанатты сөз бар.

Ынтымақ кеткен жерден – ырыс, бірлік кеткен жерден – береке кетеді. Ен даланы еркін жайлаған еліміз бостандық жолында басын бәйгеге байлаған.

Әйтсе де, олар ешқашан бас еркіндігін баянды елдіктен жоғары қоймаған. Мемлекеттік жоқ жерде бостандықтың болмайтынын жақсы білген. Сондықтан бәрінен мемлекет мүддесін биік санаған.

Соңғы кездері біз отаншылдық сезімі туралы жиі айтамыз. Шын мәнінде отаншылдық – тәуелсіздікті құрметтеу, мемлекетті қастерлеу, өз Отаныңды қалтқысыз сүйу деген сөз. Табаңды тұлғалар тәрбиелеу арқылы ғана ел тәуелсіздігінің баянды болатынын ұмытпайық, ағайын.

Қымбатты қазақстандықтар!

Алдымызда айтулы межелер бар. Шешімін табуды күтіп тұрған өзекті мәселелер әлі де аз емес. Жаңа ғана айтқанымдай, күн сайын, ай сайын құбылатын заманға сай амалың болуы керек.

Бүгін мереке болған соң жетістіктерімізді айтуымыз дұрыс, бірақ төрт құбыла түгел болған заман болмаған. Жетістіктерімізге сын көзбен қарап, сабыр сақтайтын есті ел болайық. Біз бәрін тындырдық деп мақтану орынсыз.

«Қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын» заман әлі алда. Оған жеткізер амал – бірлік және еңбек. Бұл мәселелер туралы келесі халыққа Жолдауда айтылады.

Алдымыздағы 2011 жыл – тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы.

Бұл – ең әуелі біздің жасампаз тарихымыздың бетбұрысты белесі. Біз тәуелсіздігіміздің 20 жылдығын атап өту шараларын ертеңнен бастап еліміздің барлық өңірлерінде бастауымыз керек.

Бұл – біз үшін тек мерейтойлық оқиға ғана емес, жетістігімізді де, кемшілігімізді де саралайтын, болашақты бағдарлайтын кез. Осылайша мемлекеттігімізді орнықтыру жолындағы алғашқы асуды бағындырып, жаңа кезеңге қадам басатын жол.

Ендеше, тәуелсиз елдігімізді мәңгі ету жолындағы абыройлы белесте баршаңызға толайым табыстар тілеймін!

Тәуелсиздігіміз тұғырлы, мемлекеттігіміз ғұмырлы болсын!

Мереке құтты болсын, ағайын!

**«Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты
Қазақстан халқына**

ЖОЛДАУЫ

Астана қаласы,
2011 жылғы 28 қаңтар

**Қадірлі отандастар!
Құрметті депутаттар мен Үкімет мүшелері!
Ханымдар мен мырзалар!**

Биыл – біз үшін ерекше қастерлі жыл. Біз ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына қадам бастық. Бодан жұртты бүгінгідей бостан күнге жеткізген бұл жолда біз биік белестерді бағындырдық.

Естеріңізде болар, 1997 жылғы халыққа алғашқы Жолдауымда мен былай деген едім: «2030 жылы

біздің ұрпақтарымыз бұдан былай әлемдік оқиғалардың қалтарысында қалып қоймайтын елде өмір сүретін болады».

Осы сөздерге кезінде күмән келтіргендер аз болған жоқ. Дегенмен діттеген бұл межеге біз 33 жылда емес, бір мүшел жаста жеттік!

Күні кеше Астанада 56 елдің басшылары мен халықаралық ұйым өкілдерінің басын қосқан саммит – соның айшықты айғағы.

Жұлдызымызды жарқырата түскен бұл мерейлі белестен бұрын да біз біршама биіктерді бағындырдық.

Біз талайлы заманда тарыдай шашылып кеткен қандастарын атамекенге жинаған әлемдегі үш елдің бірі болдық. Осы жылдары шет елдерден 800 мыңнан астам отандасымыз келіп, халық саны 1,5 млн артты.

Біз Сарыарқаның сайын даласына сәулеті мен дәулеті келіскен Астана салдық. Есілдің жағасына серпінді дамуымыздың символы болған еңселі Елорда қондырдық.

Халқы тату-тәтті, саясаты сарабал елдің ғана қазынасы қыруар, болашағы баянды болады.

Қазақстанның халықаралық резерві бүгінде 60 млрд долларға жуық қаржыны құрайды.

Ырыс – ынтымаққа жолығады, дәулет – бірлікпен толығады.

Тәуелсіздік жылдарында ел экономикасына 120 млрд доллардан астам шетелдік инвестиция

тартылды. Сонымен қатар біз әлемнің 126 еліне 200-ден астам өнім түрін шығарамыз.

Бүгінде ұлттық дәулетіміздің 1/3 бөлігі шағын және орта бизнестен құралады.

Ауыл шаруашылығы саласы да дамып келеді.

Ішкі жалпы өнім өсімі 2010 жылы 7 %, өнеркәсіп өндірісі – 10 %, өңдеу өнеркәсібі 19 % мөлшерді құрады.

Орташа айлық жалақы 2007 жылғы 53 мыңнан 2010 жылы 80 мың теңгеге дейін артты.

Ұлттық әл-ауқат деңгейі жөнінен әлем мемлекеттерінің рейтингінде Қазақстан өткен жылы 26 сатыға ілгерілеп, 110 ел арасынан 50-ші орынға көтерілді.

Біздегі орташа айлық жалақы 5,5 есеге, зейнетақының орташа көлемі 4 есеге көбейді.

Біз дүниені дүрбелеңге салған дағдарыстан демікпей шығып, дамудың даңғыл жолына батыл бет бұрдық.

Алдымызға ұланғайыр мақсаттар қойдық және оларға қысқа мерзімде қол жеткіздік.

Тәуелсіздік жылдарында 500-ге жуық жаңа денсаулық сақтау нысандары салынды. Медицина мекемелерінің материалдық-техникалық базасы айтарлықтай жақсарды.

Еліміз білім беру ісін дамытуда 129 елдің арасында көш бастаушылар қатарында келеді. Өткен онжылдықта білімге бөлінетін қаражат 10 есе көбейді. Осы жылдары 750 жаңа мектеп салынды.

Сонымен қатар, 5 302 мектепке дейінгі мекемелер, 1 117 балабақша мен 4 185 орталық ашылды. Астанада ғылым мен білім индустриясының жаңа ғасырдағы орталығы болатын университет ашылды.

Біз осылайша аз жылда абыройы артқан айдынды елге, қуатты ұлтқа айналдық.

Осының бәрі жұртымызды жаһандық ауқымда ойлауға баулу мақсатында жасалуда.

1. Жеделдетілген экономикалық жаңғырту – Үдемелі-индустриялық-инновациялық бағдар- ламаның жалғасы

1991 жылдың желтоқсанында, өзіміздің стратегиялық мақсатымыз ретінде орнықтылық пен табысқа жетуді таңдап ала отырып, біз әр жаңа кезеңнің дамуына жаңа бағдарламалар жасап, алға жылжыдық. Біз кеуделі міндеттерге ұмтылып, оларға қол жеткіздік.

Ел ілгерілеуінің шоғырланған көрсеткішін ғана келтірейін. 1994 жылы жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім 700 доллардан сәл ғана асатын. 2011 жылдың 1 қарашасына қарай бұл көрсеткіш 12 еседен артық өсіп, 9 мың доллардан асып түсті. Біз бұл деңгейге тек 2015 жылы ғана жетеміз деп есептеп едік.

Әлемдік тәжірибе тәуелсіздіктің алғашқы 20 жылында мұндай нәтижеге ешқандай ел қол жеткізе алмағанын көрсетеді. Мысалы, егемен дамудың алғашқы 20 жылында жан басына

шаққандағы ішкі жалпы өнім Оңтүстік Кореяда 3 есе, Малайзияда – 2 есе, Сингапурда – 4 есе, Венгрияда – 5 есе, Польшада 4 есе өскен.

2010 жылдың қаңтарында ел халқына Жолдауымда мен Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын жария еттім. Қазірдің өзінде оны жүзеге асырудың алғашқы жылының нақты қорытындылары бар. Біз 152 кәсіпорынды іске қостық, 24 мыңға жуық қазақстандықты тұрақты жұмыспен қамтамасыз еттік. Бүкіл ел бойынша барлығы 800-ге жуық әртүрлі өндіріс орны құрылды. Біз химия және жеңіл өнеркәсіпті белсенді түрде қалпына келтіру мен дамыту үдерісін бастадық, ауылшаруашылық өнімдерін өңдеуде серпіліс жасадық. 2014 жылға дейін жалпы құны 8,1 трлн теңгені құрайтын 294 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. 161 мың тұрақты жұмыс орны және 207 мың құрылыс уақытына есептелген жұмыс орны құрылады. Алғашқы индустриялық бесжылдықтың алғашқы жылының басты қорытындысы – экономиканың нақтылы секторының есебінен экономикалық өсуде елеулі құрылымдық өзгерістердің басталуы.

Таяу онжылдықтағы Стратегиялық жоспардың мақсаттарын тағы да еске салып өтейін.

2020 жылға қарай біз мынандай көрсеткіштерге қол жеткізуге тиіспіз.

Ішкі жалпы өнім өсуі кемінде 30 % болады.

Өңдеуші салалардағы өсім игеруші салалар деңгейінен асып түседі немесе соған жетеді.

Ұлттық қордың активтері ІЖӨ-нің кемінде 30 % құрайды.

Экономиканың шикізаттық емес секторына салынатын отандық және шетелдік инвестиция кемінде 30 %-ға артады.

Ішкі жалпы өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі 40 % құрайды.

Халықтың саны 18 млн адамға жақындайды.

Білікті мамандардың үлесі 40 % құрайды.

Жұмыссыздық деңгейі 5 %-ға дейін төмендейді.

Ауыл шаруашылығындағы еңбектің өнімділігі 2014 жылға қарай 2 есе, ал 2020 жылға қарай 4 есе өседі. Аграрлық секторда етті мал шаруашылығын дамыту жөнінде бұрын-соңды болып көрмеген жоба жүзеге асырылады. 2016 жылдың өзінде ет экспорты 60 мың тоннаға жетеді, мұның құны 4 млн тонна бидай экспортына тең. Мемлекет бұл мақсатқа 130 млрд теңгелік несие ресурстарын бөледі. Бұл ауылдық жерлерде 20 мыңнан астам жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді, 100 мыңнан астам ауыл тұрғындарының кіріс көзіне айналады. Мұның өзі малдың барлық түрінің асыл түліктері мен тұқымдарының бас санын көбейтуге мүмкіндік береді. Бұлардың барлығы сабақтас салаларда – ауылшаруашылық машина жасауда, химия және тамақ өнеркәсібінде, жемшөп өндірісінде, техника жөндеуде өндірісті

ұлғайтуға қозғау салады. Үкімет, барлық өңірлердің әкімдері селодағы индустрияландырудың осынау маңызды бөлігімен айналысуға тиіс.

Біздің экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігі қуат шығындарын азайтуды қамтамасыз ететін тиімді технологияларға негізделуі керек. Шикізаттық емес секторларды дамыту мақсатында Үкіметке қуат тиімділігінің кешенді жоспарын жасап, бекітуді тапсырамын.

Индустрияландыру өңірлік саясаттың жаңа парадигмасын қалыптастырады. Үкімет әкімдермен бірлесе отырып Өңірлерді дамыту бағдарламасын жасап, бекітуі керек.

Мұның барлығы – біздің саналған-сараланған жоспарларымыз. Біз әлі жол басында тұрмыз. Егер жақсырақ, дәулеттірек өмір сүргіміз келсе, біз осы жұмысты атқаруға тиіспіз.

Мен бизнес қуатты болса, мемлекет те қуатты деген қағидатты жақтаушымын. Біз алғаш рет «Мемлекеттік бақылау мен қадағалау туралы» Заң қабылдадық. Бақылау жүргізудің бүкіл мемлекеттік органдар үшін ортақ қағидаттары мен тәртібі белгіленген. Бұл бизнеске әкімшілік қысымды бұрынғыдан да азайта түсу үшін жасалды.

Құқық қорғау жүйесін реформалау аясында қазірдің өзінде 16 заң қабылданды. Меншікті қорғаудың құқықтық тетіктері енгізілді, үлкен қоғамдық қауіп төндірмейтін қылмыстар бо-

йынша қылмыстық заңдылықты ізгілендіру жүргізілді, бостандығынан айырумен байланысты болмайтын, сондай-ақ қамауға алуға балама жазаларды қолданудың аясы кеңейтілді. Осының арқасында биылғы жылдың өзінде ауырлығы азын-аулақ және орташа қылмыстары үшін сотталған 2 мыңға жуық адам бостандықтан айыру орындарынан шығарылады. Құқық қорғау органдары аппараттарының саны 15 %-ға қысқартылды. Олардың құрылымдары оңтайландырылды. Құқық қорғау органдарына тән емес қызметтер жеке секторға берілді.

Сот жүйесінде елеулі өзгерістер жасалуда.

Сыбайлас жемқорлықпен бітіспес күрес жүріп жатыр. Қазіргі таңда, халықаралық сарапшылардың бағасы бойынша, Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы ең тиімділердің бірі деп танылған. Тек 2 жылдың ішінде қылмыстық жауапкершілікке 40-тан астам республикалық деңгейдегі жетекші, облыстық және қалалық ауқымдағы 250-ден астам лауазымды тұлғалар тартылды, олардың арасында 39 әкім мен олардың орынбасарлары бар. Қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау министрлерінің, статистика жөніндегі агенттік төрайымының, төтенше жағдайлар және қорғаныс вице-министрлерінің, «Қазақстан темір жолы» компаниясы басқарма төрағасының, «ҚазМұнайГаз», «Қазатомөнеркәсіп»

компаниялары президенттерінің үстінен қылмыстық іс қозғалып, жауапкершілікке тартылды.

3 жылдың ішінде біздің еліміз әлемдік сыбайластықпен күрес рейтингіндегі көрсеткішін бірден 45 сатыға жақсартты. Осы индекс бойынша біз бүкіл ТМД-да үздік тұғырда тұрмыз. Бұл жұмыс ымырасыздықпен жалғастырылады.

Дүниежүзілік банктің 2010 жылғы баяндамасында Қазақстан бизнес мүддесі үшін реформа жүргізуде көшбасшы деп танылған. Бизнеске неғұрлым қолайлы ахуал жасау жөніндегі әлемдік рейтингте Қазақстан 183 елдің арасынан 59-шы орынды иеленеді. Тұтастай алғанда мемлекеттік органдардың шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне негізсіз араласу фактілері тыйылды деуге жақын қалды.

Өткен жылы Қазақстан, Ресей мен Беларусьтің Кедендік одағы жұмысын бастады.

2010 жылдың 10 айының нәтижесінің өзінде Ресеймен және Беларусьпен сауданың көлемі 38 %-ға өсті. Қазақстандық өнімдердің Кедендік одақ елдеріне экспорты 52,4 %-ға артты. Бюджетке құйылатын кедендік баждың өсімі 25 % болды. Осының бәрі Кедендік одақтың біздің елдеріміздің экономикалық міндеттерін шешетін өте прагматикалық әрі нақты жоба екенін ап-анық көрсетеді.

Біз Бірыңғай экономикалық кеңістік құру ісінде барынша ілгеріледік. Ол кеңістік қазақстандық

өндірушілер үшін өнім өткізудің байтақ базарын ашады. Бұл бәсекеге шыдас беретін тауарлар шығару мен қызмет көрсету үшін біздің бизнесімізді ынталандырады.

2. Әлеуметтік жаңғырту – жаңа әлеуметтік саясат

Біз өзіміздің индустрияландыру және экономиканы технологиялық тұрғыдан дамыту жөніндегі жоспарларымызды нақпа-нақ айқындап алдық. Біздің бағдарламаларымыздың басты мақсаты – халықтың әл-ауқатын нығайту. Сондықтан да мен биылғы Жолдауда әлеуметтік жаңғырту мәселелеріне ерекше назар аударып тұрмын.

Мен үш аса маңызды мемлекеттік бағдарламаларды – білім беру, денсаулық сақтау және тілдерді дамыту бағдарламаларын бекіттім. Үкіметке әкімдермен бірлесе отырып биылғы 1 мамырға дейін мынандай қағидатты түрде жаңа бағдарламаларды, яғни:

жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясын;

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту;

халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бағдарламаларын жасап, қабылдауды тапсырамын.

Бұл бағдарламалар елдің миллиондаған қарапайым адамдарының күнбе-күнгі мәселелерін

шешуге бағытталған. Олар қазақстандықтардың өмір сапасын жақсартады.

Жаңа әлеуметтік саясаттың басты қырларына нақтырақ тоқталып өтпекпін.

2.1. Білім беру

Біз білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз.

Бүгінде мектептерді компьютерлендіру толықтай аяқталды. Орта білім берудің 12 жылдық моделі енгізілуде.

«Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс.

Біз кәсіптік және техникалық білім берудің мазмұнын толық жаңартпақ ниеттеміз.

Бүгінде дамыған елдерде 1 млн тұрғынға 1-ден 6 жоғары оқу орнына дейін келеді.

Қазақстанда барлығы 149 жоғары оқу орны бар.

200 ғылыми кеңестер кандидаттар мен докторларды қалыптан құйғандай етіп жасап шығарып жатыр. 60 кандидаттың біреуі және 37 доктордың біреуі ғана ғылымға барады. Осы жылдан бастап ол кеңестердің жұмыстары тоқтатылады. Бұдан былай магистрлар мен PhD докторлар дайындалатын болады.

Біз университеттік білім беру мен ғылымды дамытудың жаңа деңгейін қамтамасыз етуге міндеттіміз.

Бүгінде жаңа Назарбаев университеті арқасында нарық сұранысына бағдарланған жоғары оқу орнының инновациялық моделі қалыптастырылуда. Ол барлық қазақстандық ЖОО-лар үшін үлгі болуы керек.

Менің тапсырмам бойынша бүкіл елде ашылып жатқан 20 зияткерлік мектептер дарынды балаларды үздік ЖОО-лар үшін дайындаудың негізгі арқауына айналатын болады.

Үкіметке мыналарды тапсырамын:

– ЖОО-лардың инновациялық қызметке көшу тетігін қалыптастыру;

– білім берудің сапасын арттыру және қолжетімділігін кеңейту үшін білім беруге қолдау көрсетудің жаңа қаржылық-экономикалық құралдарын енгізу;

– техникалық және жоғары білім берудің деңгейлері үшін бүгінде «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» ипотекалық құрылыста жүзеге асырып отырғанға ұқсас жинақтау жүйесін әзірлеу.

Қазақстандықтарда мемлекеттен пайыздық бонустар ала отырып балаларын оқытуға қаржы жинаудың жаңа мүмкіндіктері пайда болуға тиіс.

– бизнес-қауымдастықтар мен жұмыс берушілер өкілдерін қатыстыра отырып Кәсіптік-техникалық кадрларды дайындау жөніндегі ұлттық кеңесті құру.

Білім беру жүйесіндегі барлық жұмыс мынандай нәтижелерге қол жеткізуге бағытталуы тиіс.

Мектепке дейінгі білім берумен және тәрби-
мен қамтылған балалардың үлесі 2015 жылға
қарай 74 %, 2020 жылға қарай 100 % құрайтын
болады. Менің тапсырмам бойынша қабылданған
«Балапан» бағдарламасын жүзеге асыру нәтиже-
сінде тек 2010 жылы ғана 35 балабақша, 1534 ми-
ни-орталық, 137 жеке меншік балабақшалар
салынды. Бұрын жекешелендіріліп кеткен мек-
теп жасына дейінгі мекемелерді қайтару есебінен
172 балабақша ашылды. Балаларды мектепке де-
йінгі ұйымдармен қамту 30-дан 55 %-ға дейін өсті.

2020 жылға қарай біз оқытудың 12 жылдық
моделіне толықтай көшетін боламыз. Ол үшін
біз 2015 жылға қарай республикалық бюджет
қаржысы есебінен кемінде 200 мектеп салып,
осынша мектепті жергілікті бюджет есебінен
тұрғызамыз.

2015 жылға қарай білім беру ұйымдарының
50 % электронды оқытуды пайдаланып, 2020 жыл-
ға қарай оның саны 90 %-ға дейін артады.

2020 жылға қарай халықаралық стандарттар
бойынша тәуелсіз ұлттық аккредитациялаудан
өткен ЖОО-лар үлесі 30 % құрайтын болады.
Инновациялық қызметті жүзеге асыратын және
ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске
енгізетін жобалардың үлесі 5 %-ға дейін артады.
Кемінде 2 жоғары оқу орны үздік әлемдік универ-
ситеттер рейтингінде аталатын болады.

Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс.

2.2. Денсаулық сақтау

Осы жылдар бойына біз қазақстандықтардың денсаулығын жақсарту үшін қажет нәрсенің бәрін жасадық.

Денсаулық сақтауды қаржыландыру 2002 жылғы ІЖӨ-нің 1,9 %-ы 2010 жылы 3,2 %-на дейін ұлғайды.

Бүгінде бүкіл ел көлемінде тұңғыш рет медицинаның ең бір күрделі бағыттары бойынша операциялар жасалуда.

Жетекші шетелдік клиникалармен байланысы бар 150 телемедицина орталықтары құрылды.

Осыдан 20 жыл бұрын бізге ол тек арман ғана болатын.

Жүргізілген жұмыс нәтижесі ретінде бала туудың 25 %-ға көбейгенін, адам өлімінің 11 %-ға төмендеп, халықтың табиғи өсімінің 1,7 есе артқанын атап өтуге болады.

2013 жылы Біртұтас ұлттық денсаулық сақтау жүйесін енгізу аяқталады.

Біз аурудың алдын алуға шындап кірісіп, бас тапқы медициналық-санитарлық жәрдемнің сапасын арттыруымыз керек.

Халықаралық бағалаулар бойынша, негізгі науқас түрлерімен ауыратын тұрғындардың

5 %-ы денсаулық сақтаудың барлық қызметтерінің 70 %-ын ғана пайдаланады.

Профилактикалық жұмыстарды сауатты ұйымдастырған жағдайда ерте сатыда-ақ аурулардың алдын алуға болады. Сондықтан Қазақстанда халықтың мақсатты топтарының денсаулық жағдайын бақылаудың ұлттық бағдарламалары кешенін енгізу қажет. Бірінші кезекте, олар – балалар, жасөспірімдер, бала туу жасындағы әйелдер. Ауыл тұрғындары үшін медициналық көмектің қолжетімділігін кеңейтуге айрықша назар аудару қажет.

Өткен жылы жаңа әлеуметтік жоба – мамандандырылған емдеу-диагностикалық екі «Денсаулық» пойызы жұмысын бастады. Олар еліміздің ең шалғай түкпірлерінде ондаған мың адамдардың денсаулықтарын тексеріп, ем жасады. Қазақстан үшін көліктік медицина өте көкейкесті, сондықтан біз оны дамытатын боламыз. Биылғы жылы тағы бір пойыз жіберілетін болады. Жұмылғыш медициналық кешендер-автоклиникалар санын 50 бірлікке дейін жеткізу қажет. Оларды шығару Қазақстанда жүзеге асырылуға тиіс.

Үкіметке 2015 жылға дейін санитарлық авиация мұқтажы үшін кемінде 16 тікұшақ ұйымдастыруды қамтамасыз етуді тапсырамын.

Сол сияқты жол бойындағы медициналық-құтқару пункттерін құру мәселесін жеделдете қарастыруды да тапсырамын. Оларды республи-

калық маңыздағы жолдардың апаттық қауіпті учаскелерінде орналастыру қажет.

Төтенше медициналық жәрдем қызметі көп салалы жұмылғыш және аэрожұмылғыш госпитальдармен жарақтандырылуы тиіс.

Бұл шаралардың біздің мыңдаған азаматтарымыздың өмірін құтқарып қалатынына сенімім мол.

Қымыстық-атқару жүйесіндегі туберкулез бен ВИЧ-аурулары және одан болатын өлім деңгейін төмендетуге мұқият назар аудару қажет.

Осы міндеттерді орындау нәтижесінде 2015 жылға қарай қазақстандықтардың өмір жасының күтілетін ұзақтығы 70 жасқа дейін, ал 2020 жылға қарай 72 жасқа дейін ұлғаятын болады.

Саламатты өмір салтын насихаттап, барлық жерде салынған спорт базаларын пайдалану керек.

2015 жылға қарай 350 дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік пункттер және емханалар салынатын болады.

2.3. Тілдерді дамыту

Көп тілді және көп конфессиялы қоғамдағы бейбітшілік пен келісім – сіздер мен біздің еңбегіміз, құрметті қазақстандықтар.

Қазақстандықтардың өзіміз өмір сүріп, елімізді жақсылықтарға бастап бара жатқан туған жерге атауын берген мемлекеттік қазақ тілін құрметпен

және лайықты оқып-үйрене бастағандығын атап өтудің өзі қуанышты. Бүгінде мемлекеттік тілді еркін меңгерген ересек тұрғындардың үлесі басым көпшілікті құрайды. Бұл тәуелсіздіктің орасан зор жетістігі.

Біздің міндетіміз – 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын 80 %-ға дейін жеткізу. Ал 2020 жылға қарай олар кемінде 95 % құрауы тиіс. Енді 10 жылдан кейін мектеп бітірушілердің 100 %-ы мемлекеттік тілді біліп шығатын болады. Ол үшін біз бәрін де жасап жатырмыз.

Біз сол сияқты орыс тілін және өзге де қазақстандық этностар тілін дамытатын боламыз.

Мен қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тілді білу – әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін әрдайым айтып келемін. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 % құрауы тиіс деп есептеймін.

2.4. Жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясы

2 жыл ішінде дағдарысқа қарсы «Жол картасы» шеңберінде біз халықты еңбекпен қамтамасыз етіп, жұмыссыздықты азайттық және қалаларымыз бен селоларымыздағы инфрақұрылымдарды жақсарттық. Бұл бағдарламалар қазақстандықтардың кең қолдауы мен разылығына ие болды.

Бүгінде, жаңа экономика білікті кадрлардың жаңа генерациясын талап ететін болғандықтан еңбек рыногының тиімділігін арттыру қажет. Өзін өзі еңбекпен қамтып отырған тұрғындар – біздің экономикамыздың зор кадрлар резерві.

Жаңа кәсіпорындарды біз оларда қазақстандықтардың жұмыс істеуі үшін салып жатырмыз. Олар оған дайындалуы керек. Жаңа мамандықтарға үйренулері қажет.

Үкіметке облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп, 2011 жылдың 1 мамырына дейін халықты еңбекпен қамту жөнінен қағидатты түрде жаңа бағдарлама әзірлеуді тапсырамын.

Үкімет бизнес-қауымдастықпен бірлесіп индустриялық нысандарда жұмыс істегісі келетіндер үшін тегін кәсіптік оқу ұсынуы керек. Әрбір қазақстандықтың елді ауқымды индустрияландыруға қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет.

Кезінде мен дағдарысқа қарсы «Жол картасы» бағдарламасы әрбір қазақстандықтың отбасына дейін жететін болсын деген міндет қойдым. Ол табысты жүзеге асырылды. Осы тәжірибені пайдалана отырып, қазіргі уақытта жұмысты индустрияландыру шынымен де бүкілхалықтық сипат алып, әрбір қазақстандықтың ісі болатындай етіп құру қажет. Өз өмірлерін ауылмен байланыстырғандар үшін Үкімет жергілікті билік

органдарымен бірлесіп, селолық кәсіпкерлікті дамыту жөнінен шаралар кешенін әзірлеуге тиіс.

Өткен жылы селолық аумақтарды дамыту бағдарламасы аяқталды. Енді бұл жұмыстар Елдің 2020 жылға дейінгі аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамдық схемасы шеңберінде одан әрі жалғасатын болады. Даму әлеуеті жоғары елді мекендерде селолық инфрақұрылымдар дамытылып, суаратын суларға, микрокредиттеу бағдарламалары мен табиғи гранттарға қолжетімділік кеңейтіліп, кәсіпкерлік дағдыларына үйрету ұйымдастырылады.

Қазірдің өзінде микрокредиттік ұйымдар қызметінің құқықтық негізі бар. Бүгінде рыноктағы олардың саны 1,2 мыңдай және олар халыққа сомасы 16 млрд теңге болатын 110 мың несиелер берді. Дегенмен олар негізінен айтарлықтай жоғары мөлшерлеменен тұтынушылық мақсаттарға жұмсалуда. Ахуалды өзгертіп, тұтынуға емес, еңбекпен қамту жағына басымдық беру керек. Сондықтан Үкіметке қаржы реттеушілермен бірігіп, шұғыл түрде тиісті заң жобасы мен кешенді шаралар жасауды тапсырамын. Үстіміздегі жылы қосымша 3 млрд теңге қарастырылсын. 2012–2015 жылдары бұл қаржыландыру жыл сайын 10–15 млрд теңгеге көбейтілсін. Мемлекеттік желі бойынша берілген микронесиелердің барлық 100 %-ы тек өз ісін ұйымдастыруға ғана жұмсалуды тиіс.

Жоғарыда айтылған мал шаруашылығын дамыту бағдарламаларын жүзеге асыру ондаған мың ауыл тұрғындарына жұмыс тауып береді.

Сондықтан атқарушы биліктің барлық деңгейлері мен «Нұр Отан» партиясынан үлкен түсіндіру жұмыстары талап етіледі.

Үкіметке алдағы жылдан мотивациялы ақшалай төлемдерге көшуді тапсырамын. Басты мәселе – масылдықты еңсеру. Жұмыссызға жұмыссыз болғаны үшін емес, мамандық алу үшін грант берілетін болады.

Кедейшілік проблемаларын мемлекеттік жәрдемақы есебінен жұмсарту емес, шешу керек. Мемлекет тек амалсыздан еңбекке қабілетсіздер мен аз қамтамасыз етілгендерге ғана көмектесетін болады.

2.5. ТКШ-ны жаңғырту

Азаматтардың өмір сапасының озық көрсеткіші – тұрғын үй жайлылығының деңгейі.

Соңғы 10 жылда тұрғын үй қоры 30 млн шаршы метрге ұлғайды. Бұл бүгінде 1 млн-нан астам азамат жаңа пәтерлерде тұрады дегенді білдіреді. Бұл – біздің тұрғын үй саясатымыздың маңызды нәтижесі.

Көптеген жылдар бойы коммуналды сектор қалған-құтқанды бөлу қағидаты бойынша қаржыландырылып келді. Соның салдарынан 2008 жылға

қарай коммуникациялардың 72 %-ы жөндеуді немесе ауыстыруды қажетсінді.

«Жол картасы» аясында біз 2009 және 2010 жылдары ТКШ нысандарын жөндеу бойынша үлкен жұмыс жүргіздік.

Бұл жұмысты жалғастыру қажет. Сумен, жылумен, электр және газбен қамтамасыз ету жүйелеріне кең ауқымды жаңғырту жүргізіп, сондай-ақ тұрғын үй қатынасының оңтайлы моделін құруды қамтамасыз ету қажет. Күрделі жөндеуді қажет ететін нысандардың үлесі 32 %-ы 2015 жылға қарай 22 %-ға төмендеуі тиіс. Жаңғыртылған жүйелердің ұзындығы 2015 жылға қарай ел бойынша тұтастай алғанда 31 мыңнан астам шақырымды құрайтын болады.

Мемлекет халықаралық қаржы институттары мен біздің банктерімізді тарта отырып, жеке инвесторларға, кәсіпорындар мен азаматтарға тұрғын үйлер мен коммуналдық нысандарды жөндеу және реконструкциялау үшін қаржыландырудың бірлескен арнайы тетіктерін ұсынады.

ТКШ-ны жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру жыл сайын 10 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Тұтастай алғанда, оны жүзеге асыруға 1,5 млн адам – көппәтерлі тұрғын үйлердің тұрғындары қатысады.

Үкіметке ортақ мүлікті жөндеу мен қалпына келтіруге қаржы жинақтауды ынталандыру мен

қосыла қаржыландырудың тетігін жасауды тапсырамын.

Біз тек осылай еткенде ғана тұрғын үй жағдайын жақсартып, азаматтардың өз мүлкін сақтауға жауапкершілігін жоғарылата аламыз.

2.6. Сапалы ауыз су

Қазақстандықтарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселелері – халықтың денсаулығын жақсартудың аса маңызды міндеті, сондықтан бұл біздің басымдығымыз болады.

Сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша жұмыс 8 жыл бұрын басталған болатын және оның оң нәтижелері бар.

Орталықтандырылған сумен қамтамасыз етуге қолжетімділік ауылды елді мекендерде 41 %-ға дейін, қалаларда 72 %-ға дейін өсті.

Тасымалды суды пайдаланатын адамдар саны 4 есе азайды.

Сонымен бірге, сумен қамтамасыз ету жүйелерін жақсартуды қажет ететін ауылдар да әлі аз емес.

Қалалардағы сумен қамтамасыз ету жүйелерінің 60 %-ының тозығы жеткен.

Орташа алғанда республика бойынша ауыз суға қолжетімділік деңгейі 2020 жылға қарай 98 % құрауы тиіс, ал судың сапасы белгіленген барлық санитарлық нормаларға сай болуы керек.

Үкіметке жеке капиталды су шаруашылығы секторына барынша молынан тарту үшін ынталандырудың тиімді жолдарын қарастыруды тапсырамын.

Жерасты суларының әлеуетін кеңінен пайдаланып, сумен қамтамасыз етудің жаңа нысандарын салу кезінде жүйелі қадамдар жасау керек.

2020 жылға қарай сумен қамтамасыз етудің орталық желісіне қолжетімділік қалаларда 100 % құрауы тиіс. Ал ауылды жерлерде 2 есе артып, 80 %-ға дейін жетуі қажет.

2.7. Табыстардың артуы – өмірдің жаңа сапасы

Үстіміздегі жылы біз зейнетақылар мен стипендиялар көлемін, бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбекақыларын 30 %-ға өсіреміз. 2 жыл қатарынан біз оларды 25 %-ға ұлғайтып келдік. «Нұр Отан» партиясының Халықтық тұғырнамасында жоспарланғанындай, 2012 жылға қарай зейнетақылардың, бюджеттік ұйымдар еңбекақыларының және стипендиялардың орташа көлемі 2008 жылмен салыстырғанда 2 есе өседі. Біз бұған уәде бердік, біз мұны орындадық.

Менің тапсырмам бойынша 3 жылдық бюджетте сіздерге айтқан индустриялық-инновациялық, сондай-ақ әлеуметтік бағдарламаларды қаржылай қамтамасыз ету қарастырылған. Енді барлығы Үкімет пен жергілікті билік органдары-

ның бұл міндеттерді қалай орындайтынына, бұл жұмыстың қалай ұйымдастырылатынына байланысты болмақ.

Бұл – таяудағы онжылдықта жасалуы тиіс жұмыстың ең аз деген мөлшері. Біз бұл жоспарларды артығымен орындауға ұмтылуға тиіспіз. Онжылдықтың басты әлеуметтік мақсаты, міне, осында.

Қымбатты қазақстандықтар!

Менің жарлығыммен 2011 жыл Тәуелсіздіктің 20 жылдығының жылы деп жарияланды. Мемлекеттік комиссия құрылып, шараның Жалпыұлттық жоспары бекітілді. Бұл – жалпыхалықтық іс.

Үкіметке оны жүзеге асыруда инвесторлардың, бизнес-қауымдастықтарының, қазақстандықтардың күшін біріктіруді тапсырамын.

«Бейбітшілік пен жасампаздықтың 20 жылы» – біздің мерейтойымыздың ұраны осы.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан жолының – бостандық, бірлік, тұрақтылық, өркендеу секілді арқаулық құндылықтары қалыптастырылды.

Қымбатты қазақстандықтар! Құрметті депутаттар!

Мен үшін және бәріміз үшін Президенттің өкілеттігін 2020 жылға дейін ұзарту бойынша референдум өткізу жөніндегі жалпыхалықтық

бастамаға байланысты әжептәуір саяси коллизия қалыптасып отыр.

Мен референдумды қолдап, өздерінің қолдарын қойған барлық қазақстандықтарға, сондай-ақ акция бастамашыларына шынайы ризашылығымды білдіремін.

Халықтың еркін білдіруі толқынында қаңтардың ортасына қарай Орталық сайлау комиссиясы 5 млн астам адамның қол қойғанын жариялады. Санаулы күндер ішінде референдум туралы бастама іс жүзінде бүкілхалықтық қозғалысқа айналды. Осы акция барысында «Нұр Отан» партиясы демократиялық күштердің «Қазақстан – 2020» қоғамдық коалициясын құрды.

Халықтық бастама қазақстандықтардың өшпейтін азаматтық белсенділігін көрсетті. Ол елдің саяси, интеллектуалдық өмірін жандандыра түсті. Бұл даму мен прогрестің үлкен әлеуеті барлығын айғақтап берді.

Сіздер осы мәселе бойынша барлық жағдаяттарды жақсы білесіздер. Мен өзімнің жарлығыммен Парламенттің референдум өткізу туралы ұсынысын қабылдамай тастадым. Өйткені 2012 жылғы президенттік сайлауға қатысуға дайындалып жүрген едім. Парламент, өзінің конституциялық өкілеттігін пайдаланып, Конституцияға өзгеріс енгізу туралы Заң қабылдады. Мен заңды Конституциялық кеңеске жолдадым, ол оның конституциялығын айқындауы тиіс. Тек осыдан кейін

шешім қабылданатын болады. Ол Конституция мен біздің заңдарымызға сәйкес келуі және халқымыздың ұзақ мерзімді мүддесін ескеруі тиіс.

Қалай болғанда да, халықтың еркі – бәрінен жоғары. Солай дей тұра, мен сыртқы саясатта біз бүкіл әлемдегі инвесторларға, бизнес-қауымдастықтарға міндеттемелеріміздің тұрақтылығын қамтамасыз ететіндігімізді мәлімдеймін.

Біздің саясатымыз барлық әріптестеріміздің үміттері мен күткендеріне сәйкесетін болады.

Қазақстан Ресей, Қазақстан және Беларусь Кедендік одағын жедел де тиімді дамыту ұстанымында қалады.

Біз ТМД елдерімен ынтымақтастығымызды дамытатын боламыз.

Біз еуропалық әріптестерімізге бірлесіп, көпжақты немесе екіжақты пішінде «Қазақстан – ЕО: 2020» энергетикалық хартиясын жасап, қабылдауды ұсынамыз. Бұл Еуропа нарығына энергия ресурстарын жеткізу, құбыр тарту жүйесін дамыту тұрақтылығына кепілдікті қамтамасыз етеді.

Біз осы жылы Алматыда Ауғанстан бойынша арнайы донорлық конференция өткізуге бастамашылық танытпақпыз.

Бұдан бұрын мен Каспийдегі Тұрақтылық пактісін қабылдау идеясын ұсынғанмын. Бұл халықаралық құжат Орталық Азия мен Кавказдың барлық кең байтақ өңірінде тұрақтылықтың берік іргетасын қалай алады.

Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалығы шеңберінде бастаған жанжалдарды реттеу жөніндегі жұмысын жалғастырады.

Біз жаһандық ядролық қауіпсіздік саласында көшбасшы болып қалып отырмыз.

Қазақстан БҰҰ-ға Жалпыға ортақ ядросыз әлем декларациясын қабылдауды ұсынады.

Сондай-ақ Қырғызстанға көмектің мемлекетаралық бағдарламасын жасап, қабылдау маңызды деп санаймын.

Үстіміздегі жылы Қазақстан Ислам конференциясы ұйымына жетекшілік етеді. Біз Батыспен Ислам әлемі үнқатысуын нығайту бойынша бастама көтердік. ИКҰ-ға төрағалық Қазақстанның сыртқы саясатының азиялық векторын күшейтуі тиіс.

Үстіміздегі жылдың шілдесінде Астанада Шанхай ынтымақтастық ұйымының мерейтойлық саммиті өтеді. ШЫҰ біздің белсенді қатысуымызбен құрылған болатын және біз оның нығаюы үшін барлық қажетті нәрсені жасауға тиіспіз.

Мұның барлығы Қазақстанның өңірлік және жаһандық тұрақтылықты нығайтуға қосқан маңызды үлесі болады.

Қадірлі қауым!

Қымбатты қазақстандықтар!

Таяуда Елбасы өкілеттігін ұзарту үшін бүкілхалықтық референдум өткізу туралы бастама

көтерілгенін баршаңыз білесіздер. Бастамаға үкіметтік емес ұйымдар мен жекелеген азаматтар, зиялы қауым өкілдері мен Парламент депутаттары қолдау білдіруде.

Мен елдің бұл ыстық ықыласын тәуелсіздікті нығайту, мемлекетті орнықтыру ісіне берген бағасы деп білемін.

Отанды қалтқысыз сүю – оның суығына шыдап, ыстығына күйоді талап етеді.

Менің ғұмырым ел тағдырымен еншілес. Маған сираттың көпіріндей қылпылдаған кезеңде тәуелсіздік алып, мемлекет құру ісі сеніп тапсырылды. Сондықтан мен сенімге серт беріп, бар жауапкершілікті мойныма алдым.

Күрмеуі қиын түрлі тағдырлы шешімдерді жүрегімнен өткізіп қабылдадым.

Мен 20 жылдан бері бар күш-жігерім мен білік тәжірибемді аямай, халқыма қалтқысыз қызмет етіп келемін. Осы жылдары мәртебемізді көтеріп, мерейімізді асырған барша жетістіктеріміз – біздің ортақ табысымыз. Сондықтан бастамашы азаматтар мен тілекші болған барша қазақстандықтарға ризашылық білдіремін!

Мен үшін қашанда мемлекет мүддесі мен ел игілігі жолында қызмет атқарудан артық бақыт болған емес.

Алдымызда атқарылар қыруар істер бар. Бұл жолда біздің ең басты құндылығымыз – берекелі бірлігіміз.

Мен ауызбіршіліктен айнымайтын ақжүрек жұртымның қуатты ұлтқа, шуақты ұлысқа айналарына кәміл сенемін.

Халқымызда «Бақ берерде елге ырыс қонады, ұстанған жолы дұрыс болады» деген даналық сөз бар.

Біз бүгінгі Жолдау арқылы мерейлі белестегі атқарған істерімізді қорытындылап, болашаққа бағдар жасадық.

Баршаңызға ел игілігі, мемлекет мүддесі жолындағы абыройлы істерде мол табыс тілеймін!

Мерекелі күндерге жеткізген берекелі тірлігіміз баянды болсын, ағайын!

**VII қысқы Азия ойындарын
салтанатты ашу рәсімінде**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2011 жылғы 30 қаңтар

**Құрметті қонақтар!
Қымбатты спортшылар!
Қадірлі жанкүйер қауым!**

Қазақстан халқы атынан VII қысқы Азия ойындарына жиналған баршаңызды ыстық ықыласпен қарсы алғанымға қуаныштымын.

Әлем халқының тең жартысы мекендейтін Азия құрлығындағы бұл дүбірлі жарыс – биылғы жылдың ең үлкен спорт мерекесі.

Біз мұндай құрлықтық шараны ТМД және мұсылман елдері арасында тұңғыш рет өткізіп отырмыз.

Бұл жасампаз шараның Қазақ жерінде өтуі – елімізге көрсетілген құрмет пен сенімнің жарқын айғағы деп білемін.

Бұл Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдық мерекесінің беташар оқиғасы болады.

Менің шақыруымды қабыл алып, байрақты бәсекенің ашылуына келген мәртебелі меймандарға ризашылық білдіремін.

Азия олимпиадалық кеңесінің президенті Ахмад әл-Фахад әл-Сабах мырзаға және Халықаралық олимпиадалық комитеттің президенті Жак Рогге мырзаға алғыс айтамын.

Олимпиадалық ойындар бүгінде елдер мен халықтар арасындағы достықтың алтын арқауына айналды.

Байырғы байтақ мекенде бізді Азиада рухы жақындастыра түседі деп сенемін.

Бұл біздің «Мақсаты бірдің – рухы бір» деген ортақ ұранымызда көрініс тапқан. Шығыс пен Батысты жалғаған ұланғайыр Қазақ жеріндегі Азиада ойындары Астана мен Алматыда қатар өткізіледі.

Еуразиядағы ізгілік пен бейбітшіліктің бесігіне баланған Астанада бүгін олимпиада алауы тұтанып отыр.

Елордамызда қысқа уақыт аралығында халық-аралық деңгейдегі ірі спорт кешендері пайдалануға берілді.

Өздеріңіз көріп отырған, 30 мың адамға арналып салынған осы «Астана Арена» стадионы соның жарқын айғағы.

Ал Алматыдағы «Медеу» мен «Шымбұлақта» әлемдік талай рекордтар дүниеге келгенін баршаңыз білесіздер. Мен осы Азиада ойындарында да көптеген рекордтар жаңарады деп сенемін.

Қымбатты достар!

Спортта шекара жоқ, ол халықтарды біріктіреді.

Биылғы жылы Қазақстанда өтіп отырған қысқы Азия ойындарының тарихында бірінші рет оған қатысушылардың саны 27 елден асты.

Мыңға тарта спортшылар спорттың 11 түрінен медальдерді сарапқа салады.

Қысқы Азия ойындарымен біз Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған шаралар бетін ашамыз.

Жаңа ғана Азия олимпиадалық кеңесінің жалауы көтерілді, спортшылар мен төрешілер ант қабылдады.

Мен әділ күресте ең лайықтылардың жеңіске жетуіне тілек білдіремін.

Жанкүйерлерге қызықты көріністер мен жаңа әсерлі сезім тілеймін.

Азиаданың ізгі алауы мәңгі достықтың белгісіне айналсын.

Қадірлі қауым!

VII қысқы Азия ойындарын салтанатты түрде ашық деп жариялаймын!

Қазақстан халқына

ҮНДЕУІ

Астана қаласы,
2011 жылғы 31 қаңтар

**Құрметті қазақстандықтар!
Қымбатты отандастар!**

Бүгін, 2011 жылғы 31 қаңтар күні, Конституциялық кеңес Ата заңымызға Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің өкілеттігін республикалық референдум арқылы ұзартуды қарастыратын өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заңның құқықтық тағдыры туралы шешімін шығарды.

Парламент депутаттары бұл заңды референдумды қолдау жөніндегі үндеуге қолдарын қойған 5 млн-нан астам қазақстандықтың қалауын басшылыққа ала отырып қабылдаған болатын.

Бұл бастаманы мен өз жарлығыммен қабылдамай тастадым.

Алайда Парламент конституциялық құқығын пайдаланып, аталған заңды қабылдады.

Конституциялық кеңес Парламент қабылдаған шешімді қарап, Заңды Конституцияға сәйкес келмейді деп таныды. Мұнымен Конституциялық кеңес осы мәселеде республикалық референдум өткізу мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Мен қабылданған шешіммен келісемін.

Осылайша, күрделі саяси ахуал қалыптасты. Бұл мені мемлекет басшысы ретінде тарихи жауапкершіліктің бар жүгін мойныма алып, референдумның тағдыры туралы шешім қабылдауға міндеттейді.

Қымбатты отандастар!

Мен бүкілхалықтық сенім білдіргені үшін барша қазақстандықтарға шынайы ризашылығымды білдіремін.

Бастамашы топқа, депутаттарға және «Қазақстан – 2020» демократиялық күштердің бүкілхалықтық коалициясына алғыс айтамын.

Бұл – экономикалық даму және елімізді әлеуметтік жаңғыртудағы бағдарымызға бүкіл-

халықтық қуатты қолдау мен сенімнің айқын айғағы.

Мен үшін өз халқымның қалтқысыз қолдауынан артық биік баға болмайды.

Бастамашы топтың осы ұсыныс арқылы Елбасы өкілеттігін 10 жылға ұзарту ғана емес, еліміздің өркендеуі және қоғамдық тұрақтылықты нығайту бағытындағы іргелі істерді жалғастыруды көздегеніне сенемін.

Бір жағынан, мен сайлаушылардың басым көпшілігін құрайтын бүкілхалықтық бастаманы кері қайтара алмаймын. Мәселенің екінші қыры, мен Елбасы және Конституцияның кепілі ретінде болашақ саясаткерлерге жаңылыс бағыт сілтейтін іске жол бере алмаймын. Сондықтан, мені халық дұрыс түсінеді деп сенемін.

Біз бұл жайтты жай «қабылдау немесе бас тарту» ретінде емес, өмірдің өзі ұсынған демократияның тарихи тағылымы деп қабылдағанмыз жөн. Бұл – Елбасы мен халықтың Ата заңға адалдығын бағамдайтын тағылымды дәріс.

Демократиялық жолмен сайланған Тұңғыш Президент ретінде еліміздің биік мүдделерін басшылыққа ала отырып, мен референдум өткізбеу туралы шешім қабылдадым. Жұртшылықты бөлетін «референдум әлде сайлау» деген таңдаудың орнына мен халқымыздың еркі мен демократиялық қағидаттарға адалдығын ескеретін және бізді біріктіретін жолды ұсынамын.

Мен, өкілеттігімнің 2 жылға қысқаратынына қарамастан, мерзімінен бұрын Президент сайлауын өткізу туралы ұсыныс енгіземін. Тиісті Заң Парламентке ұсынылады.

Қадірлі қазақстандықтар!

Сіздердің қолдауларыңыз мен үшін мемлекет пен халық мүддесі жолында қашанда сенім мен шындықтан айнымай қызмет етуге күш беретін бастау болады.

Алдымызда әлі атқарылатын қыруар істер бар.

Біз индустриялық-инновациялық және әлеуметтік жаңғырту бағдарламаларын батыл іске асырудамыз.

Бірге кеңесе отырып ойға алған жоспарларымызды іске асырамыз және Отанымызды өркендете түсеміз деп кәміл сенемін.

Біз кемел келешегіміздің берік іргесін бірге қалаймыз!

«Нұр Отан» Халықтық-демократиялық
партиясының XIII съезінде

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2011 жылғы 11 ақпан

**Құрметті съезге қатысушылар мен
қонақтар!
Менің партиялас серіктерім!
Қадірлі достар!**

«Нұр Отан» партиясының съезі біз үшін қастерлі меже – ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында өтуде.

Осыдан 20 жыл бұрын біз дербес даму жолына түстік. Бұл жол шын мәнінде ел тарихындағы жаңа

дәуірдің бастауына – жасампаздық пен қарышты дамудың даңғылына айналды. Біз алға биік мақсаттар қойып, оларға қол жеткізе алатынымызды ең әуелі өзімізге және өзгеге дәлелдей білдік. Қазақстанның бұл бірегей жолы қоғамдық келісім мен халқымыздың бірлігі, болашаққа деген берік сенімі нәтижесінде жүзеге асты.

Біздің жеңісті де жемісті жолымыздың негізінде қашанда басты құндылығымыз – Тәуелсіздік тұрды. Біз оның 20 жылдық мерейтойын лайықты қарсы алуға тиіспіз. Сондықтан «Нұр Отанның» алдында тәуелсіздік мерейтойын өткізу ісіне белсене қатысу міндеті тұр.

Бүгінгі съезд партия тарихындағы айрықша биік белес боларына сенемін. Өйткені біз тұтас 10 жылға арналған ұзақ мерзімді жаңа партиялық бағдарламаны қабылдағалы отырмыз.

«Отандастар» республикалық акциясы барысында 2 млн-нан астам ел азаматы өз пікірлерін жолдады. Олар шын мәнінде жаңа бағдарламаның өмірге келуіне үлкен үлес қосты.

Тарихқа көз жүгіртсек, елді жаңғырту ісі саяси партиялардың жауапкершілігіне жүктелген сәттер аз болмаған.

Мысалы, Жапонияның Либерал-демократиялық партиясы аграрлық елді қазіргі заманғы қуатты державаға айналдырды.

Германияда Христиан-демократиялық одақ Христиан-социалдық одақпен бірлесіп, үлгі боларлық әлеуметтік мемлекет құрды.

Біз Шарль де Голльдің ұран тастауы арқылы құрылған партия жүргізген жаңғыртуды ұмытпаймыз.

Жаңа дәуірге бастайтын реформаларды табысты жүзеге асыру ісі біздің партиямызға өркенді өзгерістер көшбасшысына айналуға мүмкіндік береді.

Сондықтан «Нұр Отан» партиясы елді жаңғырту ісіне жетекшілік етуге тиіс.

Құрметті әріптестер!

Сіздерге Президенттің өкілеттігін ұзарту туралы референдум өткізу бастамасына байланысты оқиғалардың қалай өрбігені белгілі.

5 млн астам қазақстандықтарды біріктірген осы идея төңірегінде «Қазақстан-2020» демократиялық күштерінің қоғамдық коалициясы қалыптасты. Аталған бастаманы қолдаған барлық қазақстандықтарға шынайы ризашылығымды білдіремін. Мен үшін ел Президенті ретінде халықтың сенімі бәрінен де жоғары.

Тек еліміздің жоғары мүдделерін басшылыққа алған мен референдумның орнына мерзімінен бұрын президенттік сайлау өткізу туралы шешім қабылдадым. Және бұл қадамға менің өкілеттік мерзімім 2 жылға дерлік қысқаратынына қарамастан бардым.

Қоғамда аталған шешім дұрыс және оң қабылданды.

Бүгін «Нұр Отан» партиясының жоғары органы менің кандидатурамды ел Президенті қызметіне ұсынды. Бұл шешімді мен жүргізіп отырған бағытыма қолдаудың көрінісі деп қарастырамын. Осы үшін өзімнің серіктестеріме айрықша алғысымды жеткізгім келеді.

Әркез айтып келдім және тағы да мәлімдеймін: егер оған халықтың еркі болса, мен елім үшін жұмыс істеуге дайынмын. Сондықтан алдағы сайлауда президенттікке баламалы түрде түсуге өзімнің келісімімді беремін. Қазақстан халқы жүргізіліп келе жатқан бағытты қолдайды деп сенемін. Бұл басталған істі жалғастырып, қазақстандықтардың өмірін қазіргіден де жақсартуға, сөйтіп, ел игілігі үшін жұмыс істеуге мүмкіндік бермек. Ал «Нұр Отан» партиясы мен оның төңірегіне топтасқан Демократиялық күштердің коалициясы жүргізіліп келе жатқан саясатқа кең қолдауды қамтамасыз етеді. Бәріміз бірге жеңіске жететінімізге сенімдімін!

Қымбатты қазақстандықтар!

Бүгін біз менің 2005 жылғы сайлауалды бағдарламамда алға қойған барлық міндеттер орындалды деп сенімді түрде мәлімдей аламыз.

Біз 7 жылда атқарамыз деп жоспарлаған жұмыстарымызға мерзімінен бұрын, 5 жыл ішінде қол жеткіздік!

Біріншіден, қазақстандықтардың әл-ауқатының сапалы өсіміне қол жеткіздік. Бір қазақстандықтың ІЖӨ көлемінің қазіргі көрсеткіші 9 мың доллар болса, біз бұған тек 2012 жылы ғана жетеміз деп есептеген едік. Осы көрсеткіш бойынша Қазақстан әлем елдерінің үштен бірінің қатарында тұр!

Еңбекақының, зейнетақы мен жәрдемақының орташа айлық өсім көрсеткішіне жоспарланғаннан 2 жыл бұрын қол жеткіздік.

Және мұның барлығы, әлемдік дағдарыспен байланысты қиындықтарға қарамастан, мүмкін болды.

Екіншіден, мен осыдан 5 жыл бұрын уәде бергенімдей, біздің экономикамыз жыл сайын орташа есеппен 7–8 % өсіп отырды.

Үшіншіден, ауылды көтерудің ауқымды бағдарламасы жүзеге асырылды. Қазақстан ұн экспорты жөнінен әлемде бірінші орынға шықса, бидай экспорты бойынша жетінші орын алады.

Төртіншіден, инфрақұрылым жедел дамыды.

Жаңа электр тарату желілері мен энергетика нысандары салынды. Елдің оңтүстігіндегі қуат көзі тапшы өңірлерді электрмен қамтамасыз ету ұлғая түсті.

Біз құрлықтық және трансқұрлықтық магистральдер салып жатырмыз. Бұл – «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомобиль жолы, Парсы шығанағына шығуға мүмкіндік беретін «Қорғас –

Жетіген» және «Қазақстан – Түрікменстан – Иран» темір жолы.

Бесіншіден, шағын және орта бизнестің ІЖӨ-дегі үлесі қазірдің өзінде кем дегенде 30 %-ды құрайды.

Біз кәсіпкерлерді қолдаудың кешенді шараларын қабылдадық.

Жекеменшікті қорғаудың құқықтық тетіктері күшейтілді. Барлық мемлекеттік органдар үшін шаруашылық субъектілерін тексерудің біртұтас қағидаттары бекітілген заң қабылданды. Жеке бизнес қызметіне негізсіз араласудың жауапкершілігі күшейтілді. Мемлекеттік лицензиялаудың барлық жүйесін оңтайландыру жөніндегі жұмыстар да табысты жүргізілуде. Бизнесмендерге көрсетілетін мемлекеттік қызмет электронды пішінге ауыстырылуда. Экономиканың барлық салаларында қазақстандық мазмұнды арттыру мәселелері менің жеке бақылауымда тұр.

Мұның барлығы бизнеске әкімшілік қысымды барынша төмендету үшін жасалып жатыр.

Қазірдің өзінде Қазақстан аса қолайлы бизнес-ахуал көрсеткіші бойынша әлемде 59-шы орын алады.

Алтыншыдан, «Жүз мектеп, жүз аурухана» бағдарламасы табысты аяқталып келеді.

Қазақстан білім беруді реформалау бойынша әлемдік рейтингте көш бастап келеді. Халық

денсаулығының түйінді көрсеткіштері түбірінен жақсару үстінде.

Жетіншіден, демократиялық реформалар бағдарламасы жүзеге асырылды.

Сайлау және сайлану құқығы, партиялар құру, діни сенім-наным еркіндігіне құқық, сөз бостандығы мен басқа да мәселелерге құқық секілді жалпыадамзаттық құндылықтар табысты жүзеге асырылуда.

Парламенттің өкілеттігі кеңейтіліп, Үкіметтің депутаттар алдындағы есептілігі күшейтілді және құқық қорғау органдарын реформалау табысты жүргізілді.

Жергілікті өзін-өзі басқару туралы жаңа заң қабылданып, сайлау, партиялар, БАҚ туралы заңнамалар жаңартылды.

Осылайша 2005 жылғы қыркүйекте «Нұр Отан» партиясының сайлауалды форумында берген уәделерінің барлығы мерзімінен бұрын орындалды!

Тәуелсіздік жылдарында біз ел алдына қойған барлық міндеттерге толықтай қол жеткіздік. Бұған нақты цифрлар айғақ бола алады.

1994 жылдан бері ай сайынғы номиналды еңбекақы көлемі 45 есе өсті.

10 жылда табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз тұрғындардың үлесі 4 еседен астамға кеміді.

Зейнетақының орташа көлемі 6 есе өсті.

ТМД-ның еш жерінде зейнетақымен қамтамасыз етудің Қазақстандағыдай жүйесі жоқ. Бізде 13 зейнетақы қоры жұмыс істейді. Оларда 2,3 трлн теңге жинақталған.

Менің тапсырмам бойынша 2011 жылдың 1 қаңтарынан зейнетақы көлемдері 30 %-ға көбейтілді.

1 шілдеден бастап бюджет саласы қызметкерлерінің еңбекақысы да 30 %-ға өсетін болады.

1991 жылы жеке автокөлік иелері 800 мың шамасында болса, 2010 жылы 2,5 млн-ға жуықтады.

Өткен онжылдықта 750-ге жуық жаңа мектеп салынды. Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен толықтай қамтуға бағытталған «Балапан» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Тек өткен жылы ғана 90 мыңнан астам бала жаңа балалар бақшасына барды.

Ең қиын жылдары біз «Болашақ» бағдарламасын жүзеге асыра бастадық. Оның аясында қазірдің өзінде 3,3 мыңнан астам маман білім алса, бүгінде әлемнің үздік жоғары оқу орындарында 2,7 мыңнан астам жас қазақстандық оқып жүр.

Қазіргі кезде ондаған мың қазақстандық отбасылары балаларын шетелде оқуға өз беттерінше жіберуде. Бұл – әл-ауқат өскенінің маңызды көрсеткіші.

Өткен онжылдықта денсаулық сақтау саласы шығындары 10 есеге ұлғайтылды.

Соның нәтижесінде Қазақстандағы демографиялық ахуал жақсарды. Тұрғындардың табиғи өсімі 3 есеге жуық артты. Біздің 800 мың шамасындағы отандасымыз Отанына оралып, «Нұрлы көш» бағдарламасы аясында орналасу үшін көмек алды.

Қазақстан Ұлттық қорды қоса алғандағы сомасы 63 млрд долларды құрайтын халықаралық резерв деңгейі бойынша 50 мемлекеттің қатарына кірді.

Шағын және орта бизнесте 700 мыңға жуық шаруашылық субъектісі өкілдік етсе, оларда 2,5 млн-нан астам адам жұмыс істейді.

Экономикаға 122 млрд доллар шетел инвестициясы тартылды. Ұлттық әл-ауқат деңгейі бойынша жаһандық рейтингте Қазақстан өткен жылы 50-ші орын алды.

Еліміз үшін аса маңызды Үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. Тек 2010 жылы ғана жалпы құны 800 млрд теңгеден асатын 152 жаңа нысан қатарға қосылды.

1995 жылы экспорт көлемі 5,3 млрд долларды құраса, ал 2010 жылы 60 млрд долларға жуықтады. Бұл – өсім 11 еседен астам көп деген сөз.

Ресей, Қазақстан және Беларусьтің қатысуымен құрылған Кедендік одақ бізге тұрғындары 170 млн адам шамасындағы және қосарланған ІЖӨ-сі 1,4 трлн доллар болатын байтақ нарық ашты.

Біз жаңа елорда – Астананы тұрғыздық. Бұл – біздің тәуелсіздігіміздің ең жарқын беті және көмескіленбейтін символы.

Бүгінде Қазақстан – бүкіл Орталық Азияның тартылыс орталығы.

Біз ТМД мен Балтық маңы мемлекеттерінен алғаш болып ЕҚЫҰ-ға төрағалық миссиясын лайықты орындап шықтық. 11 жылғы үзілістен кейін осы ұйымға қатысушы Мемлекеттер басшыларының саммитін табысты өткіздік. ЕҚЫҰ-ның Астана декларациясы тұңғыш рет «Еуразиялық қауіпсіздік» және «Астана рухы» ұғымдарын айқындады.

Осылайша тәуелсіз даму жылдарында біз жаңа мемлекет, жаңа қоғам құрып, қазақстандықтардың жаһанданған дүниеде өмір сүріп, жұмыс істей алатын жаңа ұрпағын тәрбиеледік.

Біздің экономикадағы және әлеуметтік дамудағы табыстарымыз, сыртқы саясаттағы – ЕҚЫҰ саммиті, Азиада өткізу – патриотизм деңгейін жоғары көтеріп, барлығымызды біріктіре түсті. Осы күндерде барлық қазақстандықтарды біздің ортақ Отанымыз үшін ұлы мақтаныш сезімі биледі.

Құрметті қазақстандықтар!

Біз қол жеткен табыстарымызға тоқмейілсу ниетінен аулақпыз.

Менің бұдан арғы жолымызды қалай бағдарлайтыным «Қазақстан – 2030» стратегиясында, еліміздің 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясы жоспарында және жаңа Жолдауымда мазмұндалған. Міне, мұның өзі болашақтың іс-қимыл бағдарламасы болып табылады.

Жолдауда мен жаңа әлеуметтік саясатты жүзеге асыруды ұсындым. Жоғары табыс, мықты денсаулық, жайлы баспана, белсенді еңбек бағдары – осылар бәсекеге қабілетті адамның жиынтығы. Мен әр қазақстандықты осындай сипатта көргім келеді.

Біздің алдымызда бірқатар шешуші басымдықтар тұр.

Бірінші. Қазақстандықтар өмірінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету.

Алдағы онжылдықта біз жұмыссыздық деңгейін 5 %-ға дейін төмендетеміз.

2014 жылға қарай сомасы 8,1 трлн теңгелік 294 инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жоспарлануда. 100 мыңдаған жаңа тұрақты жұмыс орындары құрылатын болады.

Жаңа еңбекпен қамту стратегиясының басты мақсаты – азаматтардың табыстарын арттыру болуы тиіс. Қазақстандықтар – жаңа бағдарламаға қатысушылар оқуға және жаңа кәсіптер меңгеруге дайын тұрулары керек. Өздерін өздері жұмыспен қамтып жүргендерді еңбекке орналастырудың мәні осында.

Индустрияландыру картасы мен «Бизнестің жол картасы – 2020» жобаларының негізінде кеңейіп келе жатқан индустриялық секторға қажетті мамандықтарды анықтау бойынша жұмыстарды жалғастыру қажет. Оқыту бағдарламалары мамандықтардың осындай тізіміне байланып болуы тиіс. Мемлекет тегін оқытуды, оқитын жерге дейінгі жолақыны және оқитындарға стипендия төлеуді қаржыландыратын болады.

Жұмыс істеп, жақсы тұру үшін бұдан артық не керек? Мұндай бағдарлама әлемнің еш жерінде жоқ!

Біз сондай-ақ ауыл кәсіпкерлігін дамытатын боламыз. Бұл міндетті шешудің негізі – жеке шағын бизнес ұйымдастыруға бағдарланған микронесиелеу.

Егер еңбекпен қамтудың жаңа бағдарламасына қатысушылар тұрғын жерлерінде жұмысқа тұра алмаса, Үкімет кейін олардың нақты бір кәсіпорынға жұмысқа орналасуын қамтамасыз ететіндей «экономикалық өсім нүктелеріне» қоныс аударуына ықпал жасаулары тиіс.

Азаматтардың осындай санаттары үшін арзан жалдық тұрғын үй құрылысы тетігін ойластырып, оны жеңілдікпен ұсыну жағын қарастыру қажет.

Үкіметке үстіміздегі жылы қанатқақты режимде еңбекпен қамту бағдарламасын іске қосып, кем дегенде 50 мың адамды қамтуды тапсырамын.

Республикалық бюджетте оны жүзеге асыруды қаржылай қамтамасыз етуді қарастыру қажет.

2015 жылға қарай бағдарламаға қатысушылар саны шамамен 1,5 млн адамды құрауы тиіс. Нәтижесінде кедейшілік деңгейі 6 %-ға азаюы керек.

Үкіметке, облыс әкімдеріне отандық және шетелдік компаниялармен олардың осы бағдарламаға қатысуы және жаңа жұмыс орындарын құруы үшін жұмыстар жүргізу қажет.

2020 жылға қарай әлеуметтік көмек көрсетудің бастапқы деңгейі өмір сүрудің ең төменгі көрсеткішінен 100 %-ға жоғарылайды.

Арқаулық зейнетақы төлемінің көлемі өмір сүрудің ең төменгі көрсеткішінің 60 % деңгейіне жеткізілетін болады.

Біз жалдамалы жұмысшылардың 100 %-ын, жұмыспен өзін өзі қамтамасыз ететін халықтың 40 %-ын жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамтуға қол жеткізетін боламыз.

Сондай-ақ мен Үкіметке алғаш рет халық арасында «Самұрық-Қазына» қорына кіретін ұлттық компаниялар акцияларын орналастыру бағдарламасын жасауды тапсырамын.

Осы жылдың аяғына дейін-ақ қор рыноктарына «Самұрық-Энерго» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Қазпошта» АҚ акцияларын орналастыруды қамтамасыз ету қажет.

Келесі кезеңдегі 2012–2013 жылдары қор рыноктарына «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Қазақстан темір

жолы» ҰК» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» АҚ акцияларын шығару керек.

Үкіметке бұл жұмысқа Қазақстанда жұмыс істейтін барлық шетел компанияларын қосу қажет. Бұл – олардың біздің азаматтарымыздың алдындағы парызы.

«Халықтық IPO» жүздеген мың қарапайым қазақстандықтарға ірі кәсіпорындардың акцияларын иеленуге, сондай-ақ инвестициялаудың жаңа құралы мен жинақталған қаржыны көбейтуге мүмкіндік туғызады. Акциялардың жекешелендірудің елең-алаңындағыдай бай қалың қалталыларға емес, нақты қарапайым қазақстандықтарға сатылуын бақылау керек.

Екінші. Қолжетімді және сапалы білім алуға жағдай туғызылуы тиіс.

2016 жылға қарай білім беруге жұмсалатын шығын ІЖӨ-нің 5 %-на дейін жоғарылатылатын болады. Таяудағы 5 жыл бедерінде 20 интеллектуалды мектепті қоса алғанда, бүкіл еліміз бойынша 400 жаңа мектеп салынады. Бұл мектептерде 12 жылдық білім беруге көшудің арқауы құрылады.

Біз техникалық және кәсіби білім берудің тиімді жүйесін қалыптастырамыз.

Жоғары білім деңгейін әлемдік стандарттарға дейін жеткізу қажет.

Біз мемлекеттік тілге оқытудың жетекші жүйесін құрамыз. Қазақстан азаматтарының барлығы дерлік қазақ тілін меңгеретін болады.

Ақыр аяғында, біз педагог мәртебесін жоғарылатамыз. Олардың 20 %-ы кәсібилігін жоғарылата алса, кейбірі бұл үдерістен жетекші әлемдік білім беру орталықтарында өтетін болады.

Үшінші. Қазақстандықтар денсаулығын нығайтуға, медициналық қызметке қолжетімділік пен сапаны арттыру.

Тәуелсіздік жылдарында заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған 500-дей жаңа денсаулық сақтау нысандары салынды.

2015 жылға қарай тағы да 350 дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік пункттер мен емханалар тұрғызылатын болады.

2013 жылға қарай алғашқы медициналық-санитарлық көмектің сапасын жоғарылататын Денсаулық сақтаудың біртұтас ұлттық жүйесі қалыптастырылатын болады.

Біз Астанада еліміздегі барлық медицина мекемелеріне үлгі болатын болашақтың госпиталін құрамыз. Ол ұлттық денсаулық сақтау жүйесіне жетекші халықаралық тәжірибенің трансфертін қамтамасыз етеді.

Осының нәтижесінде 2020 жылға қарай өмірдің орташа ұзақтығы 72 және одан да көп жасқа ұзарады. Ана мен бала өлімі 2 есеге төмендейді. Жалпы өлім 30 %-ға қысқарады. Қазақстан халқының саны 18 млн адамға жақындайды.

Төртінші. Қазақстандықтардың тұрғын үй және тұрмыстық жағдайларын жақсарту. Тұрғын үй

құрылысы бағдарламасы арқасында 1 млн-ға жуық қазақстандықтар жаңа пәтерлер мен үйлерде тұрады.

Дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру бізге 2009–2010 жылдары жыл сайын 6,4 млн шаршы метр шамасында жаңа тұрғын үйлерді іске қосу көлемін сақтауға мүмкіндік берді.

Дегенмен коммерциялық құрылыс қарқынының төмендеуі мен дағдарысқа қарсы бағдарламаның аяқталуы тұрғын үй құрылысын құлдырауға әкелуі мүмкін. Біз ондайға жол бермеуге тиіспіз.

Сондықтан Үкіметке тұрғын үй құрылысын қолдау және ипотеканы ынталандыру жөнінен шаралар кешенін әзірлеуді тапсырамын.

Жергілікті атқару органдары тұрғын үй құрылыс жинақтары аясында қымбатқа түспейтін құрылыстар жүргізуді қамтамасыз етуі керек.

Сол сияқты тұрғын үй салуды қаржыландыру үшін екінші деңгейлі банктердің қор жинауы да қажет. Ол үшін мемлекет құрылыс кезеңі мен тұрғын үйлерді сатудың басында екінші деңгейлі банктерге мақсатты депозиттер орналастыруы керек. Ондай жағдайда эконом-кластағы тұрғын үйлерді қаржыландыру банктерге қаржы орналастырудың міндетті шарты болуы тиіс.

Жеке меншік тұрғын үйлер салу үшін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдар құрылысын дамытуды қамтамасыз ету қажет. Бұл

бағытта жеке меншік инвесторларды тарту үшін қажетті жағдайлар жасаудың маңызы зор.

2011 жылы тұрғын үй құрылысын қолдауға шамамен 75 млрд теңге қарастыру керек.

Осы шаралардың бәрі жыл сайын 6 млн шаршы метр тұрғын үй салуды қамтамасыз етеді.

Біз тұрғын үй-коммуналдық қызмет сапасын арттыратын боламыз. Ауылдық елді мекендердің 80 %-ы және шағын қалалардың 100 %-ы орталықтандырылған таза ауыз суға қол жеткізеді.

2015 жылға қарай республиканың телекоммуникация желісі 100 % цифрландырылып, барлық үйлерде Интернет желісіне, мультимедиалық қызметтің кең көлемді ауқымы мен цифрлы теледидарға қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

2015 жылға қарай әлеуметтік маңызды мемлекеттік қызметтердің кем дегенде 50 %-ы электронды түрде көрсетілетін болады.

Бесінші. Экономиканың сапалы өсуі және әлемнің неғұрлым экономикалық қабілетті елдерінің қатарына ену.

Өткен жылы кәсіпкерлікті дамытудың «Бизнесстің жол картасы – 2020» бағдарламасы бастау алды.

Осы бағдарлама шеңберінде кредиттерінің жалпы құны 101,2 млрд теңге тұратын 225 өтініш субсидиялауға қолдау тапты.

30 жоба бойынша кепілдіктер беріліп, бизнестің 129 субъектісіне қажетті инфрақұрылымдар жүргізілді.

Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарында индустриялық аймақтарды ұйымдастыру жөнінен жұмыстар қазірдің өзінде басталды, 1 175 кәсіпорынға сервистік қолдау көрсетілді. Бағдарламаға қатысушы кәсіпорындарда жұмыс істейтіндердің жалпы көлемі 20 мың адамды құрайды.

Қосымша 8 мыңға жуық жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру жоспарланып отыр.

Бұл бірінші жыл үшін жақсы нәтиже. Қарқынды бәсеңсітуге болмайды.

Үкіметке, Ұлттық банкке және Қаржы қадағалау агенттігіне дағдарыстан кейінгі қалпына келу бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын.

Бұл міндетті шешуге 2 тұрғыдан келу қажет.

Біріншіден, бәсекеге қабілетті кәсіпорындардың сауығуына көмек көрсету керек.

Бүгінде «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасында кәсіпорындарды сауықтырудың кейбір тетіктері қарастырылған.

Несиелер бойынша межелік сатыны 3-тен 4,5 млрд теңгеге дейін ұлғайту қажет.

Жаңа бағдарламада борыштары 4,5 млрд теңгеден асатын кәсіпорындарға мемлекеттік қолдау көрсетуді қарастыру керек.

Екіншіден, бұл – қаржы жүйесін сауықтыру.

Дағдарыс кезінде банктердің несиелік портфелі айтарлықтай нашарлады. Банктер әлі нақты секторды кредиттеуге кіріскен жоқ, ал ол экономиканың өсуіне кедергі келтіруде.

Стресті активтер қорының әлеуетін іске қосу қажет. Бұл арада екіжақты іс-қимыл болуы тиіс. Банктер шығындарды мойындауға барып, жұмыс істемейтін активтерді Стресті активтер қорына беруі керек. Мұндай мүмкіндікті тек биыл ғана беру керек. Бұл уақытша шара.

Осының бәрі кәсіпорындар мен қаржы ұйымдарын өсу стратегиясына көшуге көмектесетін болады.

Біз әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына ену жөніндегі өзіміздің мақсатымызды бір сәтке де ұмытпауға тиіспіз. Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының орындалуы оған жағдай жасауы керек.

ІЖӨ өсімі 30 %-дан кем болмауы тиіс.

Ұлттық қор активтері ІЖӨ-нің кем дегенде 30 %-ын құрайтын болады.

Өндеу салаларындағы өсім өндіруші салалардың деңгейінен артатын болады немесе соған жетеді.

1 400 шақырымға жуық жаңа теміржол желілері, 16 мың шақырымға жуық республикалық маңыздағы автомобиль жолдары салынып, бәсекеге қабілетті әуе тасымалы рыногы құрылатын болады.

Біз экономикамыздың аграрлық саласының, атап айтқанда, етті мал шаруашылығының өнімділігін арттырамыз.

2016 жылдың өзінде ет экспорты 60 мың тоннаны құрайтын болады, ал ол 4 млн тонна астық экспортына тең.

Мұның өзі ауылда 20 мыңнан астам жұмыс орындарын құруға жағдай жасап, 100 мыңнан астам ауылдықтар табыс көздеріне қол жеткізетін күн келеді.

Алтыншыдан. Одан әрі саяси жаңғыру, қоғамда бейбітшілік пен тыныштықты, қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Біз саяси жүйені жаңғыртуды жоспарлы түрде жүзеге асыратын боламыз. Бұл – Парламенттің, оған есеп беретін Үкіметтің өкілеттіктерін ұлғайту, саяси партиялар мен жергілікті билік органдарының, сот жүйесінің рөлін нығайту.

Қарапайым адамдардың алдындағы менмендік, өркөкіректік, кеудемсоқтық – жекелеген шенеуніктердің ең бір «бейкүнә» әдеттері. Мұндай сорақылықпен, күрес жүргізуге партияның күш-қауқары жетпей ме?! Оның ішінде өз арасында да күресуі тиіс!

Сондықтан біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте, шенеуніктер мен жұмыс берушілердің өрескел қылықтарынан азаматтардың құқықтарын қорғауда партия мен бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін арттыратын боламыз.

Саяси күрес қисыны кейде қатаң бәсекелестікті туындатады. Бұл түсінікті. Бәсекелестік партияны шынықтырады, тоқмейілсуге және босаңсуға жол бермейді.

Бірақ біздің тәуелсіздігімізді нығайтуда және халықтың әл-ауқатына қол жеткізуде Қазақстандағы барлық партиялар бірге болуға тиіс.

Бұл жалпыәлемдік дәстүр.

Дәл осындай бәсекелестікке үйрену қажет, тек сонда ғана демократия дамитын болады.

Біз еліміздің төңірегіндегі қайнаған оқиғалар ахуалында өмір сүріп отырмыз. Сондықтан біздің ортақ борышымыз, Қазақстанды сүйетін әрбір адамның борышы – халықтың бірлігі мен елдегі тұрақтылықты сақтау. Барлық азаматтарды, барлық саяси күштерді осыны әркез есте ұстауға шақырамын.

Менің президенттігіме ғана емес, сонымен бірге біздің елімізге деген сенімнің тарихи актісіне айналуы үшін мен сайлау өткізу жөнінде шешім қабылдадым.

Бұл сайлаудың еркін және әділ болуы үшін біз қолдан келгеннің бәрін жасаймыз.

Біз бүкіл әлемге прогресті, біздің халқымыздың өркендеуі мен күш-қуатын көрсететін боламыз.

Бүкіл Орталық Азия өңіріндегі үлгілі ел ретінде әлемдік қауымдастықта маңызды да жауапты рөл атқаратын Қазақстанның өскелең әлеуеті

мен жасампаз миссиясын бүкіл әлем көретін болады.

Сайлау қорытындысында Мәжіліс міндетті түрде кемінде 2 партиядан тұратын 2012 жылғы Парламент сайлауы да дәл осылайша өтуі тиіс.

Біз басталған реформаны одан әрі тереңдете отырып, құқық қорғау жүйесін нығайтатын боламыз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту қажет. Өткен жылы алдындағы жылға қарағанда пара алу жағдайлары 28 %-ға көп анықталды.

800-ден астам сыбайлас жемқорлар сотқа берілді, олардың арасында жоғары лауазымды шенеуніктер де бар.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстардан келген 3,7 млрд теңге шығын кері қайтарылды.

Жетіншіден. Біз жауапты да белсенді сыртқы саясат жүргізу ісін одан әрі жалғастырып, мемлекеттің қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігін нығайтатын боламыз.

Біз мәңгі достық туралы келісімнің негізінде Ресеймен стратегиялық қарым-қатынастарды жан-жақты дамыта түсетін боламыз.

Қытай және Орталық Азия мемлекеттерімен арадағы сенім мен ынтымақтастық одан әрі тереңдеп, АҚШ және Еуропалық Одақпен арадағы сындарлы қарым-қатынастар кеңейе түспек.

Биылғы жылы біз Ислам конференциясы ұйымын басқаратын боламыз.

Қазақстан ШЫҰ, АӨСШК, ЕурАзЭҚ сияқты өңірлік бірлестіктердің жұмысына да белсенді атсалыса береді.

Елдің қорғаныс қабілетін нығайту үшін армияны қару-жарақ пен әскери техниканың озық үлгілерімен жарақтандыру жалғасын таппақ. Біздің сарбаздарымыз бен офицерлеріміздің лайықты қызмет атқаруы үшін барлық жағдайлар жасалатын болады.

Құрметті қазақстандықтар!

Партия форумы мінберінен біздің балаларымызға, қазақстандықтардың жас буынына үн қатқым келеді!

Сендердің біразың тәуелсіздік жылдарында өсіп-жетілдіңдер. Тәуелсіздік құрдастары 2020 жылы 30 жасқа толады.

Сендер басқа өмірді көрген жоқсыңдар, бірақ тәуелсіздік пен табыстарымыздың бізге оңайлықпен келмегенін сендер білуге тиіссіңдер.

Қазір сендер үлкен өмірге қадам жасап отырсыңдар. Ата-аналарың мен Отан алдында өздеріңнің міндеттемелерің бар екенін сезінуге тиіссіңдер. Сендердің өмір жолдарыңды айқындайтын міндеттер сонымен бірге нағыз азаматтың борышы мен құқы да болып табылады.

Мен сендерді, ең алдымен, қалыптасқан тұлғалар, тамаша кәсіпқойлар және шынайы патриоттар тұрғысында көремін.

Бұл формуланы мен бүкіл өз өмірім бойына жинақтадым. Ол маған әрқашанда көмектесті. Мен оны әмбебап қағида санаймын.

Тұлға болу дегеніміз – жауапты болу деген сөз. Ол үшін ағынмен малти бермей, белсенді болу қажет.

Кәсіпқой болу деген сөз – өзің шынымен де айналысқың келген өмірлік істі таңдай білу. Және оның өзін жақсы тұрғыда жүзеге асыру керек. Кәсіп дегеніміз – табысты өмірдің негізі.

Патриот болу – өз Отаныңды шын жүректен сүю, өзіңе және өз халқыңа сеніп, қоғамға қызмет ету.

Бірақ өзіңнің тарихыңды, ана тіліңді, шығу тегіңді білмей нағыз патриот бола алмайсың.

Біздің бәріміз сендерді мақтаныш тұтатындай болайық!

Ата-аналарға айрықша сөз арнағым келеді!

Балаларды тәрбиелеу – сіздердің айрықша азаматтық борыштарыңыз. «Баланың бас ұстазы – ата-ана» дегенді халқымыз тегін айтпаған ғой.

Бүгінде ана мен балаға қолдау жасауда мемлекет орасан зор күш-жігер жұмсап отыр. Ұлт болашағына салынған ең сенімді, ең қайырымды инвестициялар.

Осы «Болашақ қазақстандықты» толыққанды тұлға ретінде тәрбиелеу – мемлекеттің жастар саясатының мақсаты және сонымен бірге ата-аналардың міндеті.

Баланың айқын азаматтық ұстанымы болып, әлеуметтік белсенді, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген жоғары білімді маман болуы шарт.

Жаңа буын өзгерістерден қаймықпай, керісінше, өршіл, серпінді жобаларды ұсынуы тиіс.

Партия жас қазақстандықтар арасындағы жұмысты кеңінен жүргізуі керек. Елдің жастарын біріктіріп, «Жас ұлан» біртұтас қозғалысын құру қажет.

Партияға «Жас қыран» деген атау бере отырып, жастар ұйымдарының жаңа жүйесін құру жөніндегі мәселені пысықтауға тапсырамын.

Мен Қазақстанның тек бай қойнауымен ғана емес, сонымен бірге, Отанның және бүкіл әлемнің игілігіне бағытталған парасатты рухымен, мәдениетімен, өршілдігімен де атын шығарғанын қалаймын.

Жас қазақстандықтар осы жоғары мақсаттар үшін өмір сүріп, білім алып, еңбек етуі тиіс!

Сендер өз армандарың мен жоспарларыңды жүзеге асырып, өз болашақтарыңды құруларың үшін барлық жағдайларды жасадық.

Алдағы сайлау біздің болашағымызды таңдау болып табылады.

Мен оған сендер – жас қазақстандықтар, бірегей, біртұтас командамен, менімен бірлесіп жаңа шыңдарды бағындырады деген сеніммен барып отырмын.

Мен сендерге сенемін!

Құрметті әріптестер!

Бүгін «Нұр Отанның» XIII съезінде біз Қазақстанның одан әрі даму векторын айқындаймыз.

Сіздер елдің алдында тұрған міндеттерді шенеуніктік емес, қарапайым, түсінікті тілмен әрбір қазақстандыққа жеткізуге тиіссіздер. Олар әркімнің де қарапайым арқаулық құндылықтарына қатысты. Ол – тұрғын үй, денсаулық, білім, отбасы, жұмыс.

Даму мен өркендеудің басты мақсаттары да осылар. Біздің жұмысымыздың негізгі бағыттары да дәл осылар болуға тиіс.

XXI ғасырда инновациялар дамудың синониміне айналып отыр. Сондықтан өзгерістерге барынша бейімделе білген адам ғана табысқа жетпек.

Бүгін мен партияның алдына жаңа өршіл міндеттер қоямын. 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын лайықты орындау үшін елдің алдағы 20 жылдағы болашағын жобалау және мақсаттарды белгілеп алу қажет.

Қазақстанның әрбір өңірі, экономиканың әрбір саласы тыңғылықты жұмыстар жүргізіп, ең перспективалы және жүзеге асатындай инновациялық жобаларды ұсынуы тиіс.

Айталық, олардың энергетика, көлік, машина жасау, металлургия, құрылыс, агроиндустрия, мұнай-химия, білім беру, медицина, ғылым салалары болуы мүмкін.

Осыған дейін болмаған, бірақ 20 жылдан кейін болатындарды құруды белгілеу қажет. Мұнымен, бірінші кезекте, әрбір министр мен шенеунік айналысуға тиіс. Яғни, саланың 20 жылдан кейін қандай болатынының толық бейнесін жобалау қажет. Мұның өзі Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойын атап өтудің озық тәсілі болмақ.

Біз өзіміздің күш-жігерімізді нақтылы серпінді инновацияларға шоғырландырамыз. Оларды жүзеге асыру «Нұр Отан» партиясының таяу 20 жылдағы стратегиялық бағдарламасының негізіне айналады.

Осы арқылы біз болашақ ұрпақтың тәуелсіздіктің 40 жылдығын ондаған тамаша инновациялар табысты жүзеге асқан елде атап өтулері үшін стратегиялық іргетас қалайтын боламыз.

Біз жалпыұлттық «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» ұранын көтердік. Олай болса, тәуелсіздік мерейтойы қарсаңында халықпен бірлесе отырып, осынау өршіл жобаны жүзеге асыруға кірісейік!

Өз болашағымызды бірлесіп құрайық!

Қазақстан, тек қана алға!

Қымбатты қанаттастарым!

«Нұр Отан» партиясының XIII съезі партия дамуындағы жаңа кезеңге бетбұрыс бастауы болады деп сенемін.

Біз жаңа бағдарлама қабылдау арқылы ел дамуының алдағы онжылдығында бас партия атқаратын басты міндеттерді айқындаймыз.

Бүгін біз қабылдаған жаңа идеологиялық тұғырнама рухын еліміздің барша азаматтары мен партия мүшелері толық сезінуге тиіс.

Біздің партияның күш-қуаты – бірлікте. Біз берік бірлігіміздің арқасында ұланғайыр жетістікке қол жеткіздік.

Алдағы уақытта ауызбірлігімізді нығайта түсек, бұдан да биік белестерді бағындыра береріміз анық.

Экономиканы ауқымды жаңғырту мен қоғамды жаңартуға қатысу – партия үшін үлкен саяси сынақ болғалы тұр. Партияның болашақ тағдыры мен еліміздің кемел келешегі «Нұр Отанның» салиқалы бағытына байланысты болмақ.

Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!

Қазақстан Республикасы Президентінің
қызметіне кірісуіне байланысты салтанатты
ұлықтау рәсімінде

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2011 жылғы 8 сәуір

**Қымбатты отандастар!
Мәртебелі меймандар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Бүгін елдің ақжолтай сенімін, абыройлы аманатын арқалаған мен үшін ерекше тебіреніске толы айрықша айшықты күн.

Қазақстан халқы Президент сайлауы арқылы бүгінін байыптайтын, болашағын бекемдейтін тарихи таңдау жасады. Сондықтан маған тағдырын табыстап, ақ киізге қайтадан көтерген, ел

тізгінін сеніп ұстатқан ардақты халқыма ақжарма алғысымды айтамын.

Біздің жарқын жеңісіміз көшіміздің түзу, көкжиегіміздің шуақты, бағытымыздың дұрыс екенін тағы бір айғақтай түсті. Елдің тілегімен өткен, тағылымы тарихымызға енген сайлаудың нәтижесі – төккен тер, еткен еңбектің бағасы деп білемін.

Тәуелсіздік жылдарында мен халқымның бақытты өмірі, баянды болашағы үшін бар қажыр-қайратыммен еңбек етіп келемін.

Тағдыры тұтас, тілегі ұқсас Қазақстан халқы осы кезеңде ғасырлық мәні бар ғаламат табыстарға қол жеткізіп отыр.

Біз Алтай мен Атырау, Арқа мен Алатау арасындағы ұланғайыр далада бірлігі бекем, ұлысы ұйысқан, қуатты мемлекет құрдық. Құбылған заманда құбыласынан жаңылмаған Қазақстан дамудың өзіндік даңғыл жолына түсті. Аз уақытта айбыны асқан алаш жұрты әлеуеті асқан, дәулеті тасқан, іргесі берік, беделі зор айдынды елге айналды. Батыс пен Шығысты жалғаған еліміз өркениеттер үндестігінің жерұйық бесігі саналды.

Есідің бойындағы еңселі елордамыз Еуразиядағы байсалды тұрақтылықтың алтын арқауына балаңды. Ізгілік нұрын шашқан Астана рухы күллі әлемге бейбітшілік пен келісімнің киелі кілтін ұсынды.

Биыл ел тәуелсіздігінің 20 жылдығын атап өтетін Қазақстан осылайша жасампаз жаңа дәуірге қадам басты.

Осының бәрі біздің ұрпақтың маңдайына жазылған, пешенесіне бұйырған айрықша бақ екенін сезінуіміз керек. Дегенмен алдымызда алмағайып заман бар, ұлан асу, белес бар. Ендеше, біз болдық деп босаңсымаймыз, толдық деп тасымаймыз. Тұрақтылық пен татулыққа негізделген сарабал жолымызды табанды түрде жалғастыра береміз.

**Құрметті қазақстандықтар!
Құрметті менің отандастарым!**

Сіздер мені Қазақстан Республикасының Президенті етіп сайлап, тағы да аса жоғары сенім көрсеттіңіздер.

Мен үшін тәуелсіздіктің 20 жылдығында Мемлекет басшылығына бүкіл халықтың атынан сайланып, ғажайып көп ұлтты Отанымның басшысы миссиясын жалғастыру – үлкен абырой. Мен барлық қазақстандықтарға өткен сайлауда шынайы қолдау көрсеткендері үшін ақ жүректен шыққан ризашылығымды білдіремін. Бұл – бүгінде туған Қазақстанымыз қол жеткізген осындай табысты мемлекет құру жолындағы біздің ортақ еңбегімізге берілген ең үздік баға.

Мен еліміздің бүкіл әлемдегі біздің барлық ақ ниетті достарымызға шын жүректен ризамын. Өздеріңіз білетіндей, мен қазірдің өзінде Ресей, Қытай, ТМД мен Еуроодақ, басқа да көптеген елдер басшыларынан көптеген құттықтаулар

алдым және бұл құттықтаулар түсуін жалғастыруда. Мен оларды ризашылықпен қабылдаудамын, өйткені оларда қазақстандықтардың таңдауына ғана емес, сондай-ақ біздің стратегиялық бағытымызға да шынайы қолдаулар бар.

Еліміздің барлық түкпірлеріндегі қазақстандықтардан да мыңдаған құттықтаулар түсіп жатыр. Мен барлық отандастарыма осы құттықтауларда айтылған жылы сөздері мен ізгі тілектері үшін ризамын. Мен де барлығыңа соны, маған тілеген ізгілік пен бақытты тілеймін.

Бүгінде Қазақстан бүкіл әлемге халық бірлігі мен мемлекеттік биліктің қуатын көрсетіп отыр. Өткен сайлау, сарапшылардың есептеуінше, ұйымдастырылуы мен демократиялылығы жағынан қазіргі Қазақстан тарихындағы ғана емес, сондай-ақ, бүкіл Орталық Азиядағы ең озығы болды. Тұрақтылық пен өркендеу бағытына дауыс бере отырып, әр қазақстандық өзінің болашағы үшін, өз отбасының болашағы үшін, елі үшін, Отаны үшін дауыс берді!

Құрметті қазақстандықтар!

Бүгінде мен 1991 жылдың желтоқсанында алғашқы бүкілхалықтық сайлаудан кейін халыққа адалдығым туралы ант беріп, жоғары президенттік биліктің регалиясын қабылдағанымды есіме аламын.

Сол кезде біздің алдымызда мүлдем басқа міндеттер тұрды. Біз ыдыраған супердержаваның қирандыларында қалған едік. Бізді, бірінші кезекте, халықты қайтсек тамақтандырамыз деген мәселелер толғандырды. Өндірістің құлдырауын, инфляцияны қалай тоқтату керек? Адамдарға жалақы мен зейнетақыны уақтылы төлеу үшін ақшаны қайдан табу керек? Өз жерімізді қауіп-қатерлер мен сынақтарға толы күрделі әлемде қалай сақтаймыз? Бізде не өзіміздің валютамыз, не стратегиялық қорларымыз, не өзіміздің жалаңаш қалған шекараларымызды қорғайтын әскеріміз болған жоқ.

Бүгінде осының барлығы бұдан бар-жоғы 20 жыл бұрын ғана болғанын елестету қиын. Сол жылдары мен үшін күн тәртібінде экономика және тек қана экономика тұрды. Адамдардың қанағат тұтар қарапайым өмір деңгейін қамтамасыз ету үшін қаржы табу басты мәселе болды. Ашығын айтқанда, сол тұста әңгіме кәдімгі жан сақтау туралы болды. Кеңес Одағының қирауы үдемелі тығырық пен түңілушілікке алып келді.

Оған тек әл-ауқатты жоғарылатуды, демек – экономикалық өсім мен осы мақсат төңірегінде тұтасуды ғана қарсы қоюға болатын еді. Нақ халық сенімі, Отанымыздың болашағына деген халықтың терең сенімі бізге барлық қиындықтарға қарсы жүруге күш берді.

Сөйтіп, біз экономикалық коллапсты еңсеріп, жаһандық қазіргі әлемге интеграцияланған тиімді экономика құрдық.

Біз қуатты әлеуметтік бағдарланған дағдарысқа қарсы шараларымыздың арқасында енді ғана болып өткен аса ауыр жаһандық дағдарыстан кейінгі әлемдік қаржы және экономикалық дағдарыс қатерлеріне қарсы тұра білдік. Және бұл көптеген мемлекеттер өздерінің әлеуметтік міндеттемелерін тоқтатқан немесе қысқартқан кезеңде болды.

Біз үдемелі индустриялық және инновациялық дамуға басымдық бердік. Бүкіл Қазақстан бойынша жаңа өндірістер және жаңа жұмыс орындары құрылды.

Бүгінде біз әлемдегі барынша дамыған бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру жөніндегі белгіленген мақсатқа сенімді түрде қадам басып келеміз. Бірқатар көрсеткіштер бойынша біз қазірдің өзінде әлем елдерінің алғашқы елулігіне ендік. Мәселен, халықаралық резервтер деңгейі бойынша. Ұлттық қормен бірге, олар 69 млрд долларға жетті.

Біз кәсіпкерлік табына қолдау көрсетіп, оны экономиканы дамытудың нақты және тиімді қатысушысына айналдырдық. Біз 2020 жылға қарай шағын және орта бизнес үлесі ел ІЖӨ-сінің кем дегенде 40 %-ын құрайтын болады деп есептейміз. Бүгінде бізде бәсекеге қабілеттіліктің, кәсіпкерлік-

тің және еңбек өнімділігінің өсімі үшін барлық алғышарттар бар.

Біз «халықтық капитализм» негізін құру жолында ілгері басып келеміз. Бұл үдерістің бірінші кезеңі «халықтық IPO» болады. Олар активтерді жоғары сапалы жекешелендіру үдерісінің бастауына жол салады. Бұл орта таптың перспективаларын жақсартып, оның елді одан әрі дамытуға деген қызығушылығын жоғарылатады.

Біз жаңа тікелей және портфельді шетелдік инвестицияларды тарту үшін ашық экономика саясатын дамытамыз. Біз шетелдік және жергілікті инвесторларға индустрияландыруға қатысу үшін теңдей жағдай жасау ниетіндеміз.

Бүгінде біз дағдарыстан кейінгі экономикалық өсімнің 7 %-ын қамтамасыз етіп, әлеуметтік даму мен қазақстандықтардың өмір сапасын жоғарылатуға шешімді бетбұрыс жасадық.

Біз білім беруді қазақстандықтардың бәсекеге қабілеттілігінің басты факторы ретінде дамытамыз. Бізде қағидатты жаңа үлгідегі мектептер желісі – Зияткерлік мектептер құрылуда. Біз Астанада Халықаралық университет – әлемдегі жетекші ғылыми-білім беру орталықтарының профессорлары жұмыс істейтін тамаша ғылым орталығын аштық.

Біз денсаулық сақтау жүйесін ХХІ ғасырдағы халықаралық стандарттарға бейімдей отырып жетілдірудеміз.

Өткен жылдың қорытындылары бойынша жан басына шаққандағы ІЖӨ деңгейі 9 мың долларға жетті.

Біз айналадағы ортаны қорғауға ерекше назар аударып келеміз.

Елдің кіндігінде Еуразияның інжу-маржанына айналған жаңа елорда салынды. Астана ұлттық рухымыздың тереңіне бойлап, кеңдігіне құлаш ұрды. Барлық қазақстандықтар үшін ол жаңарудың, халықтың өз күшіне сенімінің, алған асуларымыз үшін мақтанышымыздың символына айналды.

Мен елімізді қашанда қазіргі заманғы және қуатты мемлекет, алдыңғы қатарлы державалардың теңдей әріптесі көрдім. Сондықтан біз ашық экономикалы және демократиялы саяси жүйедегі Қазақстанды құрудамыз. Біздің реформалардың ырғақтылығы демократия жүздеген жылдар бойы жетілген кез келген дамыған мемлекеттерге карағанда анағұрлым жоғары.

Біз қоғамды одан әрі демократияландыру жұмыстарын жалғастыратын боламыз.

Біз Парламенттің өкілеттігі мен Үкіметтің жауапкершілігін ұлғайту, сайлау үдерісін жетілдіру жөнінен неғұрлым оңтайлы шешімдер табуға тиіспіз.

Билікті орталықсыздандыру және өкілеттіктерді өңірлерге беру жөнінен безбенделген шешімдер табу қажет.

Біз саяси мәдениетті дамытуымыз керек.

Өткен президент сайлауында алғаш рет «қара пиар» болған жоқ. Ол қатаң шиеленістерсіз, тыныш жағдайда өтті. Ол барлық алдағы сайлау науқандары үшін үлгі болуға тиіс. Тек сондай жағдайда ғана бізде шынайы демократия мен ықпалды көппартиялылық дамитын болады.

Біз жауапкершілікті және еркін БАҚ-тар жүйесін дамытатын боламыз.

Менің міндетім – баршаның заң алдындағы тепе-теңдігін қамтамасыз ету.

Мен сот жүйесінің тиімділігін одан әрі қамтамасыз ету жөнінен жаңа қадамдарға бармақ ойдамын.

Біздің ортақ міндетіміз – сыбайлас жемқорлыққа қарсы ымырасыз күресті жалғастыру. Біз сыбайлас жемқорлықты жою жөніндегі шараларды тек қылмыстық қудалау арқылы ғана емес, сонымен бірге заңдардағы құқықтық саңылауларды жою арқылы да күшейтетін боламыз.

Біз жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен меншігін тиісінше қорғауды қамтамасыз етеміз.

Осы және өзге де реформалар таяу онжылдықта Қазақстанның экономикадағы да, халықтың әл-ауқатын арттырудағы да сенімді табыстарды қамтамасыз етеді.

Бүгінде Қазақстан әлемдік қоғамдастықтың жауапты қатысушысына айналды.

Біз Семей сынақ полигонын жаптық, ядролық қарудан батыл түрде бас тарттық. Біз бүгінде жаһандық антиядролық қозғалыстың алғашқы қатарында келеміз.

Біз өзіміздің көршілерімізбен, одақтастарымызбен және әріптестерімізбен АӨСШҚ, ШЫҰ, ҰҚШҰ сияқты өңірлік қауіпсіздік пен қызметтестіктің жаңа тетіктерін құрдық.

Өткен жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы мен ЕҚЫҰ-ның Астанадағы саммиті табысты өтті.

Әлемде осындай қысқа мерзімде осынша табыстарға қол жеткізген басқа ел жоқ!

Мен біздің тәуелсіздігіміздің елең-алаңында осыдан 20 жыл бұрын алға қойған мақсаттар мен міндеттер орындалды және асыра орындалды деп мақтанышпен айта аламын.

Мен жаңа ұлттың және әлем халықтарының отбасына лайықты енген біздің Қазақстан сияқты ұлы елдің басшысы болудың аса зор құрметінің маған тигені үшін тағдырыма ризамын!

Қымбатты достар!

20 жылда біз елді өзгерттік, қазақстандықтардың өмірін жақсарттық. Бірақ әлем бір орында тұрып қалған жоқ. Елдер мен халықтардың алдында жаңа, бұрынғыдан да гөрі күрделі сынақтар бой көтеріп отыр.

4 тағдыршешті ұғым ХХІ ғасырдағы Қазақстан табысының кілті болып табылады. Олар – жаңғыру, халықтың әл-ауқаты, инновациялар, интеграция. Менің сайлауалды бағдарламамның мағынасы мен елді 2020 жылға дейін дамытудың Стратегиялық жоспарының мәні де дәл осында.

Жаңғыру – менің мемлекеттік саясатымның басты өзегі.

Халықтың әл-ауқаты – ел дамуының негізгі шарты.

Инновациялар мен ғылыми жаңалықтар ХХІ ғасырда Болашаққа деген секірісті айқындайтын болады.

Қазақстан батыл инновациялар өмірге жолдама алып, ғылыми зертханалар мен қазіргі заманғы өндірістерде тән мен қанға ие болатын елге айналуы тиіс.

Ол үшін біздің бүгіннен-ақ «жүз абсолютті инновацияларды» іздеуге кірісуіміз қажет. Біз олардан неғұрлым келешекті он жобаны іріктеп алып, оларды таяудағы 20 жылда жүзеге асыруға назар аударатын боламыз. Осының бәрі Қазақстанның қуатты алға жылжуы үшін тірек болуға тиіс. Бұл елдің дамуын айқындайтын ұлттық инновациялық тапты қалыптастырудың кілті.

Үшінші онжылдықтың басына таман біз Қазақстанның әлемдегі индустриялық дамыған елдердің қатарына қосылуы үшін барлық жағдайларды жасайтын боламыз. Осы арқылы біз тарихи

«Қазақстан–2030» стратегиясын салтанатты түрде аяқтаймыз. Біз одан арғы онжылдықтарға, біздің балаларымыз бен немерелеріміз орындайтындай және біздің олар үшін осындай қуатты базаны құрғанымызды еске түсіретіндей, бұрынғыдан да гөрі асқақ жоспарларды әзірлеуге кірісеміз.

Интеграция мен бүкіл әлемге ашықтық – біздің саналы таңдауымыз.

Ресеймен және Беларусьпен бірлесіп, біз Кедендік одақты дамытамыз, таяу жылдарда Еуразиялық экономикалық одақты қалыптастыру үшін жұмыс істейміз.

Біз Қытай Халық Республикасымен өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейтуге ниеттіміз.

Қазақстан Америка Құрама Штаттарымен және Еуропалық Одақ елдерімен стратегиялық әріптестікті нығайтуды көздейді.

Біз өзіміздің орталықазиялық көршілерімізбен және түркі елдерімен неғұрлым тығыз өзара ынтымақтастықта боламыз.

Қазақстанның биылғы Ислам конференциясы ұйымына төрағалығы аясында біз мұсылман әлемімен ықпалдастықты кеңейте түспек ниеттеміз.

Орталық Азиядағы қауіпсіздік жүйесінің тиімділігін арттыру Қазақстанның ЕҚЫҰ, АӨСШК, ШЫҰ және ҰҚШҰ қызметіне белсенді қатысуымен, сондай-ақ НАТО-мен әріптестікті кеңейтумен байланысты.

Қымбатты достар!

Мен Қазақстан ұлтының тұрақтылық пен өркендеу жолын табысты жалғастыратынына сенемін.

Біздің болашақ жеңістеріміздің ұлттың ары мен ожданын құрап, еліміздің қуатын арттыратынына сенімім мол.

Бүгінде Қазақстан өз алдына жоғары мақсаттар қойып, оларға қол жеткізуге қабілетті, өршілдігі күшті мақсаткер ел.

Біз оны дәлелдедік.

Біз оны тағы да дәлелдейміз.

Мен Қазақстан халқына сенемін, еліме сенемін!

Құрметті халайық, қадірменді қонақтар! Ықылас білдірген ардақты әлеумет!

Халқымызда «Көп тілегі – киелі, жұрттың сөзі – уәлі» деген дана сөз бар.

Мен жаңа ғана Қазақстан Президенті ретінде ата-бабаларымыздан қалған ақ киіздің үстінде тұрып, салтанатты түрде ант бердім. Менің айнымас антым – аманатқа адалдықтың, сенімге серттің белгісі! Ақжүрек жұртымның қалтқысыз сенімі қашанда маған орасан зор жауапкершілік жүгін міндеттейді. Мен үшін ел үмітін ақтағаннан, жұрт сенімін сақтағаннан асқан бақыт жоқ.

Менің сайлаудағы бүгінгі жеңісім – халқымның ынтымақ-бірлігінің мәуелі жемісі.

Халқымның қолдауы маған сарқылмас күш-жігер береді.

Біздің бағдарымыз – айқын, ендеше, болашағымыз – жарқын! Біз кемел келешегіміздің берік іргесін бірге қалаймыз!

Баршаңыз білесіздер, біз тәуелсіздік жылдарында бар игілікті істі жарқын болашақ үшін жасаудамыз. Сондықтан сайлауда болашағымыз – жастардың белсенді түрде маған дауыс бергені мені ерекше тебірентеді.

Таяуда мен Нарғыз Иманғазы деген астаналық бүлдіршін ақын қыздың жыр жолдарын тыңдадым. Онда былай деп жазылған:

Тәуелсіздік, атың қандай киелі!

Сені қорғау – әр қазақтың парызы,

Әр қазақтың сен деп соғар жүрегі!

Тәуелсіздік – қандай ғажап бұл ұғым!

Осындай тәуелсіздіктің қадірін жете сезінетін отаншыл, мемлекетшіл жастардың өсіп келе жатқаны мені қуанышқа бөлейді.

Біздің тамырын тереңге тартқан мәңгілік ұлы мұратымыз бар. Ол – тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтап, елдігімізді тұғырлы, мемлекетімізді ғұмырлы ету!

Елімді төрткүл дүниеде терезесі тең еңселі жұртқа, абыройы асқан айбынды елге айналдыру – менің өмірлік өршіл мұратым. Сондықтан мен, күш-қуатым барда, тәжірибем барда, тілегі

бір елдің тірегі болып қызмет ете беруге қашанда дайынмын.

Әрбір қазақстандықтарға, әр отбасыға, әрқайсыларыңызға шын жүрегіммен құрмет, ақ ниетіммен зор денсаулық тілеймін. Ел-жұртымыз аман болсын, әр жанұяда бақыт пен береке орнықсын.

Баршаңызға зор рахметімді айтамын!

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тәуелсіз
Қазақстан: бейбітшіліктің, келісімнің және
жасампаздықтың 20 жылы» атты
XVII сессиясында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2011 жылғы 18 сәуір

**Құрметті Ассамблея мүшелері!
Қымбатты сессия меймандары!**

Сіздерді Қазақстан халқы Ассамблеясы 17-ші сессиясының ашылуымен шын жүректен құттықтаймын!

Тарихи кезеңнің бастауында ашылған бұл сессияның маңызы айрықша.

Таяуда елімізде кезектен тыс Президент сайлауының өткені баршаңызға мәлім. Ұлысты

ұйыстыра түскен бұл сайлауда халық маған, осы отырған бәріңізге тағы да тағдырын сеніп тапсырды. Бізге тапсырды. Ел бірлігін көрсетіп, әлем алдында бедел алдық.

Сайлау кезінде Ассамблея мүшелері мен этномәдени топтардың өкілдері қалтқысыз қолдау білдірді. Сондықтан Ассамблеяның мүшелеріне және барша Қазақстан халқына шынайы ризашылығымды білдіруге рұқсат етіңіздер!

Қадірлі қауым!

Бүгінгі алқалы басқосу ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында өтуде. Тәуелсіздік алған тұста біз таңдауы қиын жолайырықта тұрдық. Біз сол күрделі кезеңде өміршең жолға түсіп, берекелі болашағымызды бекем бірлікпен байланыстырдық.

Тату елге тыныштық орнайды, бейбіт елде ғана береке болады деген. Біздің дұрыс жол таңдап, ізгілік пен сенімге негізделген парасатты саясат жүргізгенімізді сара уақыттың өзі дәлелдеп берді.

Біз 100 жылға татитын 20 жылда ортақ жауапкершілік жолын жүріп өттік, биік белестерді бірге бағындыра білдік. Бауыры бүтін бірлігімізбен елдікті еселеп, мызғымас мемлекетімізді бекемдей түстік. Тұрақтылықтың бірегей үлгісін танытып, дамудың қазақстандық жолын айқындадық.

Мұның бәрі бізге өздігінен оңай келген жоқ. Осы жылдары татулықтың тұтқасы, бірліктің

бесігі болған Ассамблея еліміздің дамуына зор үлесін қосты, қосып та келеді.

Қымбатты қазақстандықтар! Құрметті әлеумет!

Қазақстанды, қазақты достықтың киелі шаңырағына теңесек, түрлі этностар оның алтын арайлы уықтары іспетті.

Бұл ретте байтақ мекенде баршамызды біріктіре түсетін ортақ құндылықтар бар.

Ол – біздің талайлы тағдырымызды тұтастыратын шежірелі тарихымыз.

Ол – біздің байтақ мәдени мұрамыз бен қазығы берік мемлекеттік тіліміз.

Біздің жасампаз тарихымызды елдің әрбір азаматы мақтан етуге тиіс.

Сондықтан біз тамырын тереңге тартып, тәуелсіздікпен бірге мәуесін жайған тарихи танымды ұрпақ санасына сіңіруіміз қажет.

Ел бірлігін еселейтін бұл құндылықтар отаншылдық сезімін орнықтырады. Сонда тәуелсіздігіміз мәңгі, ұлысымыз ырысты болады.

Бұл ретте тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы біз үшін мерейлі меже ғана емес, болашаққа бағдар болатын байыпты белес.

Еңсе тіктеген еліміздің алдында ұлан асу, биік белестер тұр. Сондықтан, бүгінгі сессияда өзекті мәселелер талқыланып, келелі ойлар айтылады деп сенемін.

Еліміз аман, тәуелсіздігіміз тұғырлы, мемлекеттігіміз мәңгі болсын, ағайын!

Баршаңызға бірлік пен береке тілеймін!

**Құрметті сессияға қатысушылар!
Қымбатты қазақстандықтар!**

Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясы тұңғыш рет 1 мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күні қарсаңында өтіп отыр.

Биыл біз 1 мамырды алғаш рет жаңа пішінде атап өтетін боламыз. Өткен жылы, Тәуелсіздік күнін тойлаған кезде, менің осындай тапсырма бергенімді сіздер білесіздер.

Бүкіл Қазақстан бойынша бұқаралық шерулер, патриоттық акциялар өтеді.

Көктемгі 1 мамыр мерекесі біздің еліміздің барлық этностарын бұрынғыдан да гөрі жақындастыра түсуге тиіс.

Бұл – 20 жыл ішінде құрылған біздің ортақ үйіміз – туған Қазақстанымыздың ең басты мерекелерінің бірі. Біз оның берік қабырғасын тұрғыздық. Біздің шаңырағымыз берік нығайтылды. Біздің терезелеріміз мөлдір. Біздің үйіміздің есіктері бүкіл әлемдегі барлық достар үшін кеңінен ашық. Біз өзіміздің өте айрықша, тату-тәтті қазақстандық отбасын құрдық.

Мен сіздерді алдағы мерекемен, біздің мерекемізбен құттықтаймын, қымбатты отандастар.

Қымбатты қазақстандықтар!

Таяуда ғана кезектен тыс президенттік сайлау табысты өтті. Ол біздің ұлттық бірлігіміздің салтанатына айналды.

Онда Қазақстан халқы Ассамблеясы маңызды рөл атқарды.

Дәл осы ҚХА-ның өткен сессиясында Президент өкілеттігін ұзарту туралы бастаманың алғаш рет көтерілгенін еске түсірейік. Рас, осы мінберден оны 2030 жылға дейін ұзарту да ұсынылды. Бірақ біз үшін бәрі әлі алда.

Менің сайлау штабымда ҚХА-ның және өңірлік ассамблеялардың, іс жүзінде барлық этномәдени бірлестіктердің мыңдаған өкілдері жұмыс істеді. Мен біздің ортақ тағдыршешті жеңісімізге баға жетпес үлес қосқан баршаға алғысымды білдіремін!

Сайлау қорытындысы – Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығының заңды қорытындысы.

Президенттік сайлаудан кейін маған түрлі ұлттардан тұратын біздің азаматтарымыздан ондаған мың құттықтаулар келіп түсті және әлі де келіп түсуде. Мен күн сайын бірде-бірін жібермей, ыждағаттылықпен оқыған әр жолдың астарында біздің халқымыздың бірлігінің мызғымастығына деген берік сенімділік, еліміз бен біздің балаларымыздың табысты болашағына деген терең сенім жатыр.

Мен жолдауларыңдағы жылылық үшін, тілектер мен жеделхаттар үшін барлық қазақстандықтарға шын жүректен алғысымды айтамын!

Қымбатты достар!

Тәуелсіздіктің 20 жылдық тарихы – тұрақтылықтың, Қазақстан халқының достығы мен келісімінің тарихы.

Осы жылдар ішінде этносаралық және конфессияаралық теңдіктің тиімді құқықтық арқауы құрылды. Оны дін, тілдер еркіндігі туралы, Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы заңдар құрайды.

Өткен жылы қабылданған Ел бірлігі доктринасы маңызды қадам болды.

Конституциялық мәртебеге ие халық Ассамблеясы біздің еліміздегі ұлтаралық келісімнің арқаулық институтына айналды. Оның құрамына 820 этномәдени бірлестіктер кіреді. Астанада, Бейбітшілік пен келісім сарайында, этномәдени орталықтар үшін барлық жағдайлар жасалған.

Еліміздің әр өңірінен, ұлтының қандай екендігіне қарамастан, мемлекеттік тілде еркін сөйлейтін жас қазақстандықтарды көру мені қуанышқа бөлейді.

Біз бүкіл этностар өкілдерінің өзінің тілін, мәдениетін сақтауы үшін барлық жағдайларды жасадық.

108 мектепте 22 этностың тілі дербес пән ретінде оқытылады, ал 88 мектепте оқу өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізіледі.

Елдің түрлі өңірлерінде 33 мамандандырылған мектеп балаларды қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқыта отырып, үш тұғырлы тіл қағидаты бойынша жұмыс істейді.

Тек этностық БАҚ-тарға қолдау көрсетіп, этноаралық қарым-қатынастарды жазып көрсету үшін ғана 2005 жылдан бастап қаржыландыру 4 еседен астамға ұлғайтылды.

Ұлттық театрларға мемлекеттік қолдау көрсету көлемі соңғы 2 жылда 30 %-ға дерлік өсіп, шамамен 500 млн теңгені құрайтын болды.

Этномәдени бірлестіктерге қаржылық қолдау көрсету 2010 жылы 100 млн теңгені құрады.

Наурызда мен Алматыда жаңа Достық үйін аштым. Ол әншейін үй емес. Ол 19 этномәдени орталықтар мен мемлекеттік және ана тілдерін оқып үйрену жөніндегі 9 жексенбілік мектеп орналасқан нағыз Достық сарайы.

Біздің тәуелсіздігіміздің тарихы – барлық этностар достығының шежіресі.

Біздің еліміздің құрылысына Қазақстанда өмір сүріп жатқан барлық этностық топтардың өкілдері бірі қалмай атсалысуда.

Бүгінде Ассамблеядан сайланған депутаттар біздің Парламенттің ажырамас бөлігіне айналды.

Ең бір сан түрлі этностардың азаматтары біздің Қазақстанның даңқын бүкіл әлемге асқақтата отырып, мемлекеттік қызметте, бизнесте, ғылым мен білім беру саласында еңбек етеді, өз таланттарын спорт пен өнерде паш етеді.

Астана мен Алматыда салтанатты жағдайда өткен VII қысқы Азия ойындарында қазақтар, орыстар, украиндар, корейлер, немістер, татарлар және ұйғырлар чемпион болды, олар біздің еліміздің даңқын асырды.

Зауыттар мен фабрикаларда, алқаптарда көп ұлтты ұжымдар еңбек етіп, еліміздің байлығын бірлесе нығайтуда.

Бұл Қазақстан халқының достығының, топтасқандығының, патриотизмінің көрнекі көрсеткіші!

Біз жас астанамызды көп этносты еуразиялық мегаполис ретінде дамытудамыз. Мұнда мешіттердің мұнаралары мен храмдардың күмбездері бейбіт қатар көршілік етуде. Қазақстандықтарды және біздің бүкіл шетелдік қонақтарымызды Астананың алуан бейнелілігі, оның айрықша толеранттылық рухы таңдандырады. Осы сипаттарды қазақстандық барлық қалалар үлгі ретінде алуда.

Мен өзім бүкіл ел бойынша ондаған Достық үйлерін, монументті кешендерді, саябақтарды, бейбітшілік пен келісім скверлерін, мешіттерді, храмдарды аштым. Ол қазақстандықтар үшін әркезде де нағыз мереке.

Адамдар өздерінің тілдері мен мәдениетін еркін дамыту, өз отбасы мен бүкіл Қазақстан игілігі үшін еңбек ету мүмкіндігінің болғаны үшін, өз балаларының болашағына сенімділігі үшін және әсіресе біздің ортақ үйіміздегі тұрақтылық пен бейбітшілік үшін әркезде де маған алғыстарын білдірді.

Қазақстанның табыстары әркезде де біздің шетелдік отандастарымыздың басты назарында.

Бүгінде олардың көбі өздерінің нағыз Отанына оралуда. Олар тек осында ғана өз әлеуетін жүзеге асырып, өздері туған елге пайда келтіре алатынын түсінеді. Тек соңғы 5 жылда ғана түрлі себептермен өзге елдерге қоныс аударған ондаған мың отандастарымыз қайтып оралды. Мен оралмандар туралы айтып отырған жоқпын, ол бөлек әңгіме. Мен 44 мыңнан астам орыстар, 5 мыңға жуық немістер туралы айтып отырмын.

Тіпті, шет елдерде қалғандардың да көпшілігі Қазақстан туралы, өзінің Отаны туралы ең бір жылы естеліктерді сақтап қалған. Интернет желісінен бұл тақырыпқа мыңдаған хабарламаларды табуға болады.

Мәселен, Иркутскіден Марина былай деп жазады: «Менің отбасым 1995 жылы толық құрамда Петропавлдан көшті. Қазір Ресейде тұрамыз, өмір әлдеқашан қалыпқа түсті, бірақ жан тыныштығы қалай болмаса, әлі де сол күйі жоқ. Мен Қазақстанға қайта ораламын. Мен оны

100 % білемін. Ресейде жақсы болса да, бірақ үйде одан да жақсырақ».

Өздерін әлі де қазақстандық сезініп жүрген мұндай адамдар мыңдап саналады.

Біз отандастарымыздың Отанымен, қазақстандық достарымен және туыстарымен рухани байланыстарын жоғалтпауы үшін мүмкін дегеннің бәрін жасаймыз. Біздің жолдарымыз бен есіктеріміз олар үшін әрқашан ашық.

20 жыл бойына біз ең бір сан алуан діндерді ұстанатын қазақстандықтардың өздерінің рухани дәстүрлерін алаңсыз жалғастыруы үшін күш-жігер жұмсадық.

Тәуелсіздіктің 20 жылында Қазақстан аумағында жұмыс істейтін діни қауымдастықтар саны 700-ден 4,5 мыңға дейін өсті.

Мен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі жұмысына қатысқан біздің заманымыздың әйгілі рухани қайраткерлерімен талай рет сөйлестім. Олардың сөздері бірауыздан шығады: «Қазақстан – мұсылмандар, православиеліктер, католиктер, протестанттар, буддистер, иудейлер келісіммен өмір сүріп жатқан әлемдегі бірден-бір ел. Бұл олар бірге жиналып, өздерінің бүкіл проблемалары туралы айта алатын бірден-бір орын».

Біз достықтың тамаша моделін құрдық және оны сыртқы қатерлерден сақтай да білуге тиіспіз.

Жанжалдар қайдан шығады?

Өнегесіздік пен іштарлықтан шығады.

Егер Қасиетті кітаптарды оқыр болсақ, дәстүрлі конфессиялардың бірде-бірі зорлық-зомбылықты уағыздамайды.

Қазақстанда наным негізіне ешкім көз алартпайды, өсиеттерді бұрмалауға талпынбайды.

Таңғаларлығы, әлемдік және дәстүрлі діндердің бірде-бірі Ұлы далада, біздің жерімізде пайда болмаса да, бірақ шынайы бейбіт рух дәл осы жерден өзіне нағыз мекен тапты.

Қазақстан бүкіл әлемге прогресшіл интеграциялық бастамалар дәстүрлі түрде таралып жатқан айрықша ел, мұнда саммиттер мен ізгі ниетті кездесулер өтеді.

Бүгінде біздің елімізде, қай ұлтқа жататынына қарамастан, азаматтар құқықтарының нағыз тепе-теңдігінің қамтамасыз етілгеніне қазақстандықтардың 85 %-дан астамы сенімді. Халықтың 75 %-ы бізде түрлі этностардың өздерінің тілі мен мәдениетін сақтауы үшін барлық жағдайлардың жасалғанын атап көрсетеді. Қоғамдық келісімнің мұндай көрсеткішін сіздер қазіргі заманғы әлемде өте аз табасыздар!

Еліміздің түрлі өңірлеріндегі кездесулерде қазақстандықтар, әсіресе біздің жас азаматтарымыз, олар өздері ел үшін не істей алар еді деген сауалды маған өте жиі қояды.

Мен әрқашанда біздің ортақ үйіміздегі бейбітшілік пен келісімді біз және біздің буын сақтағандай сақтаңдар, бір-біріңді сыйлаңдар, шыдамды

болыңдар, өзара түсіністікті нығайтыңдар, білім алып, Отан игілігі үшін адал еңбек етіңдер деп жауап беремін!

Біздің бәріміз әртүрліміз, Жердегі адамдар сыртқы түрі, шашы мен көзінің түсі бойынша әртүрлі. Егер адамдар шыдамды болмаса, бір-бірін түсінбесе, онда біздің әлеміміз не болар еді? Сондықтан келісімде, бейбітшілікте, өзара түсіністікте, шыдамдылықта үлкен проблема – біздің өркениетті сақтау проблемасы тұр.

Ұлтаралық бейбітшілік пен келісім бізге көктен түсе қалған нәрсе емес. Ол мемлекет пен біздің бәріміздің күн сайынғы саясатымыз бен тәжірибеміздің нәтижесі. Біздің алдымызда әлі де көптеген істер тұр.

Бірінші. Біздің жалпыұлттық бірлігімізді нығайту жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет.

Осы жұмыстардың ортасында Қазақстан халқы Ассамблеясы болуға тиіс.

Ассамблея Хатшылығы ҚХА-ның 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясының жобасын әзірледі. Бұл құжатта біз төмендегі ең басты сауалға жауап беруге тиіспіз: ХХІ ғасырдың күрделі жағдайында біздің толеранттылық моделін нығайту жөніндегі барлық жұмыстарымыздың мәні неде? Бұл жерде де өзіміз экономикалық және әлеуметтік жаңғыру мәселелерінде қолданып жүргендерге сәйкес инновациялық көзқарас қажет.

20 жыл ішінде біз тәуелсіздік жағдайында өсіп шыққан қазақстандықтардың алғашқы буынын тәрбиеледік. Оларды елдің және халықтың игілігіне орасан күш-жігермен жұмыс істейтін патриоттар, белсенді және толерантты азаматтар етіп тәрбиеледік. Жас сайлаушылардың басым көпшілігі Қазақстанды дамытудың стратегиялық жоспарларына және мемлекет басшысы ретінде маған қолдау көрсетті.

Біз Отанның толерантты патриоттарының болашақ буынын тәрбиелеу үшін одан әрі жұмыс жүргізетін боламыз. Бұл біздің ортақ міндетіміз. Бұл Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің басты мағынасына айналуға тиіс.

Біз өзіміздің этномәдени орталықтарды, этностық БАҚ-тарды, театрлар мен ұжымдарды құрып, оларға қолдау көрсету мен дамытуды мақтан үшін жасап жатпағанымызды түсінуіміз керек. Ассамблеяның бүкіл инфрақұрылымы қазақстандықтардың, ең алдымен, біздің жастарымыздың бойында ортақ үйіміздегі бейбітшілік пен келісімге деген жоғары жауапкершілік сезімін тәрбиелеу үшін жұмыс істеуге тиіс. Бұл жүйе әрбір қазақстандықтың – оның саналы өмір сүруінің бірінші күнінен бастап өмірінің барлық жақтарына бойлап енуі керек.

Бір сауал қоймақпын: Ассамблея балаларға мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын қабылдауға қатыса ма? – Жоқ!

Ассамблея мамандары мектептердің тарих бойынша оқулықтарына толеранттылық, оларда қазақстандық этностар достығының көп қырлы тарихының көрініс табуы тұрғысында сараптама жасай ма? – Тағы да жоқ!

Бұл ұсақ-түйек емес! «Еркіндік тек заңдарға ғана тәуелді болудан тұрады» деп, Вольтердің өзі айтып кеткен. Яғни, заңдарда олардың бәрі де жазылған. Егер біреулер ұмытар болса, оған жан бітіру керек. Өйткені Заң – билік пен халық арасындағы келісім-шарт. Оны біз қабылдадық, біздің Конституция жалпыхалықтық референдумда қабылданды. Сондықтан бұл мәселелерде біз өте қазымыр болуға тиіспіз.

Ассамблея құрылымында жүздеген мың адам бар. Мемлекет қаржыландыруы жылдан-жылға өсе түсуде. ҚХА қызметіндегі салтанатты-қолданбалы қиғаштықтан бас тарту қажет. Өз ресурстарымызды этносаралық және конфессияаралық салалардың бүкіл ауқымын қамтитындай етіп бөлу керек. Ең бір шағын мәселе де назардан тыс қалмауы тиіс.

Қоғамдағы бейбітшілік пен келісім – қазақстандық ұлттық идеяның басты өзегі.

Бұл идеология бүкіл мемлекеттік органдардың, үлкен және кіші Ассамблеялардың, этномәдени орталықтардың белсенді, ырғақты жұмысына арқа сүйеуі тиіс.

Сіздер осы жылдар бойына менің қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді нығайтудың барлық мәселелерімен жеке айналысып келе жатқанымды білесіздер, өйткені ол бүкіл бастаулардың басы, онсыз ештеңе де – экономикалық өсім де, әл-ауқат та, бірлік те болмайды.

Бұл мәселе сол сияқты әрбір министрдің, әрбір әкімнің, компаниялар мен кәсіпорындардың әрбір басшысының басты назарында болуға тиіс. Тек осылайша ғана біз Қазақстандағы берік тұрақтылықты қамтамасыз ете аламыз.

Осы тұрғыда Ассамблея Хатшылығына Президент Әкімшілігімен бірлесіп Стратегия жобасын мұқият талдап, әзірлеуді, оны Ассамблея Кеңесінде талқылап, менің бекітуіме ұсынуды тапсырамын.

Екінші. Бүгінде бүкіл Қазақстан халқы жаңғырту, инновациялық индустрияландыру және болашаққа технологиялық секіріс жасау идеясының төңірегіне топтасқан. Кеше біз атқарушы билікпен арнайы кеңес өткіздік, мен өздері тыңдап, болашақтағы және бүгінгі міндеттерді білуі үшін Ассамблеяның көптеген мүшелерін шақырдым.

Қазақстанның этномәдени орталықтары оған барынша белсенді атсалыса алады және атсалысуға тиіс.

Алматы облысының Үштөбе қаласында жыл бойына жабық топырақта ең жаңа технологиялар бойынша көкөніс өнімдерін өсіру жөнінен ерекше

жобаны жүзеге асырып жатқан Қазақстан корейлері қауымдастығының тәжірибесі қызғылықты. Жобаның қуаты – 150 тонна көкөніс, жылыжай алаңы – 1600 шаршы метр. Бірінші жылыжай қазірдің өзінде өнім беруде, тағы сондай екеуі биыл салынатын болады. Оның сыртында жоба шеңберінде оқу орталығы құрылған, онда кешенде жұмыс істейтін мамандар даярланады.

Осындай және басқа да игілікті істермен өзгелер де айналыса алады. Әкімдіктер бизнес, ауыл шаруашылығы, индустрия саласындағы осындай бастамаларға қолдау көрсетуі керек.

Бұл басқа да этномәдени бірлестіктер тарапынан дамытуды қажет ететін жақсы мысал.

Инаугурация кезіндегі сөзімде мен «жүз абсолюттік инновацияларды», яғни Қазақстанда әлі болмаған, бірақ болатын дүниелерді іріктеуді бастауды ұсындым.

Айрықша идеялар мен жобалардың авторларын бүкіл әлем бойынша іздеп, Қазақстанға жұмысқа шақыру үшін Ассамблеяның халықаралық байланыстарын іске қосу қажет. Ең бастысы, ең алдымен өзіміздегілерге қолдау көрсету керек. Ондайлар бізде бар.

Халық Ассамблеясы біздің бүкілхалықтық құрылыстарда белсенді жұмыстар жүргізуге тиіс. Ол – «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» жолы. 2700 шақырымы тек Қазақстан арқылы, 6 тығыз қоныстанған облыстар арқылы өтеді. Онда қазір

50 мың адам жұмыс істейді. Ол – бүгінде біз Парсы шығанағына дейін тартып жатқан темір жол. Және басқа да жобалар.

Биылғы жылы индустрияландыру бағдарламасы бойынша тағы да 192 нысан іске қосылады. Солардың бәрінен де өзіңді кәдеге жарататындай орын табуға болады.

Бұл жерлерге этномәдени шығармашылық топтардың, ансамбльдердің, театрлардың, белгілі адамдардың баруын ұйымдастыру қажет.

Қазақстандағы түрлі этностардың тілдерінде шығатын бүкіл БАҚ-тар да осындай жұмыстарға бағыт ұстануы тиіс.

Яғни, мен тағы да қайталап айтқым келеді, индустрияландыру, ресурстарға тәуелділіктен кету – бұл болашақ, бұл келешек. Біз бұған егер оны бүкілхалықтық идея жасасақ, қол жеткіземіз. Әркім осымен өмір сүруі тиіс, сонда жоспарларымызды жүзеге асырамыз.

Бұл жұмысты «Нұр Отан» партиясымен, Мәдениет, Байланыс және ақпарат министрліктерімен бірлесіп жүргізуіміз керек.

Үшінші. Біз Ассамблеяның өз жұмысын тұрақты жетілдіріп отыруға тиіспіз.

Ол елді дамытудың шешуші мәселелерін жасау үшін азаматтық қоғамның жетекші жұмылдырушы күші мәртебесінде нығаюы тиіс.

Этносаралық және конфессияаралық қатынастардың барлық қырларын зерттеудің қуатты орталығын құру қажет. Бұл – ғылым, және өте салмақты ғылым. Әркім ұлтаралық қатынастың маманы болуға тырысады, әркім осы мәселе бойынша пікір айтқысы келеді. Қолы таза еместердің оған бас сұғуларына болмайды. Адамдар арасындағы қарым-қатынас – өте нәзік материя, оның үстіне, әңгіме этносаралық, дінаралық қарым-қатынас туралы болған кезде.

Бізде соңғы жылдары ондаған адам осы аса көкейкесті тақырып бойынша ғылыми дәрежелер алды. Ешкімді де ренжіткім келмейді, осы мәселелер бойынша бір топқа жинауға болатын нағыз мамандар саусақпен санарлық! Олар жоқ десек те болады.

Этносаралық және конфессияаралық қатынастарды ғылыми зерттеу саласы аса үлкен назар аударуды талап етеді. Мен еліміздегі діни істер туралы ерекше айтқым келеді. Біз мына мәселеге мән беруіміз керек, мұсылмандар, православиелік христиандар бірлестіктері Қазақстанға ойлары мүлдем бөтен түрлі діни секталар мен ұйымдардың кіруінен сақтайтын біздің діни қатынастарымыздың басты қорғаушылары болулары тиіс.

Білім және ғылым министріне осы мәселені жеке бақылауына алуды тапсырамын.

Төртінші. Басым бағыттардың бірі барлық этностар өкілдерінің қазақ тілін меңгеруіне ықпал ету болып қала береді.

Біз 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгерген қазақстандықтар саны 80 %-ға жетсін, ал 2020 жылға қарай одан да көп болсын деген мақсат қойдық. 10 жылдан кейін мектептеріміздің түлектері қазақ тілінде 100 % сөйлейтін болуы тиіс.

Барлық азаматтардың қазақ тілін білуі – әншейін бір ұран емес, бұл – олар еліміздің тарихын, ерте дәуірден бастап бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының тарихын, мәдениетін, дәстүрін білетін болады деген сөз. Бұл барлық қазақстандықтардың бұрынғыдан да жақындасуына жетелеп, біздің арамыздағы сенімді күн сайын, жыл сайын нығайта түсетін болады.

Ассамблея жұмысының мақсаты, міне, осында.

Ұлы Абай басқа халықтың тілі мен мәдениетін білу адамды сол халықпен тең ететінін айтқан. Бұл жерде әңгіме тек қазақ тілі туралы ғана емес, жалпы тілдер туралы. Тілді білсең, сол халықпен тең боласың. Қандай терең сөздер! Яғни, бұл барлығы араласқан, бүкіл әлем бір-бірімен қатынасқа түскен бүгінгі жаһандық дүниеде қажеттілік болса, ол біз үшін және біздің балаларымыз үшін де ашық.

Біз сондай-ақ барлық этностық топтардың мәдениетін, дәстүрлерін, салттарын, тілдерін

сақтап дамыту бойынша, біздің бай ортақ тарихи-мәдени мұрамызды сақтау бойынша жұмыстарды жалғастыруға тиіспіз.

Бұл ел ішіндегі тұрақтылық, бейбітшілік пен келісім, оның өркендеуі мәңгілік болуы үшін қажет.

Бесінші. Мәдени-ақпараттық сала арқылы толеранттылыққа тәрбиелеу жөніндегі жұмысты күшейту қажет.

Мен қазақстандықтарға түрлі этностардан өкілдік ететін отандастарымыздың өмірлері мен тағдырлары туралы жаңа көркем фильмдер қызығушылық тудырады ғой деп ойлаймын.

Бұл жұмыс табысты жүргізіліп жатыр және оны жалғастыру керек.

«Қазақфильм» киностудиясында түрлі халықтарды – немістерді, корейлерді, поляктарды, чешендерді, күрдтерді және басқаларды Қазақстанға күштеп депортациялайтын қасіретті кезең туралы әңгімелейтін «Жерұйық» атты жаңа көркем фильм түсірілді.

Ассамблея жұмысын БАҚ-тарда кеңірек көрсету керек. Мен орыс театрларында қазақ драматургтерінің, ал қазақ театрларында орыс драматургтерінің пьесалары қойылатынын білемін. Мұндайды да ынталандыру керек.

Ассамблеяға өзінің жеке газетін шығару мәселесін қарастырып, веб-сайтын жаңғырту қажет.

Түрлі этностар өкілдерін, біздің этномәдени бірлестіктер мен олардың жұмысын көрсететін арнайы телехабарлар керек.

Мұны республикалық, сондай-ақ жергілікті телеарналарда жасауға болады. Кедергі көріп тұрған жоқпын.

Алтыншы. Менің тапсырмам бойынша Ассамблея тәуелсіздік мерейтойын мерекелеу шеңберінде кең ауқымды бағдарлама дайындады.

Мамыр айы «Бірлік» ұранымен өтетін болады, ал жылдың соңындағы 20 жұлдызды күннің бірі, біз айтып жүргендей, «Келісім» ұраны арқылы өтетін болады.

1 мамыр – бірліктің ерекше мерекесі. Мамырда тұтас ай бойы жақындасудың барлық жаңа жолдарын байқап көру керек. Жұмыс істеу қажет. Егер барлық облыстарда тереңінен ойластырса, өте қызықты жұмыс жүргізуге болады.

Сонымен бір мезгілде, әлеуметтік жаңғырту мәселелері де Ассамблеяның басты назарында болуы тиіс.

Біз 20 жылдықты мерекелеу жөніндегі комиссия жасаған өзіміздің бағдарламамызда тек тойлар мен концерттер өткізіп қана қоймаймыз, әр адам 20 жылдықтың рөлін сезінетіндей, осы жылдары не алғанын білетіндей бағыттар енгіземіз дедік.

Бұл жерде әңгіме жаңа мектептер мен ауруханалар салу, тұрғын үй бағдарламасы, қалалар

мен ауылдарды таза ауыз сумен қамтамасыз ету, аумақтарды көгалдандыру, барлық елді мекендердің тазалығы туралы болып отыр – осының барлығы жұмыстардың маңызды учаскелері. Осы жұмыстардың барлығы қазірдің өзінде басталып кетті және Қазақстан халқы Ассамблеясы жергілікті жерлердегі осы жұмыстарға белсенді қатысып, халық алдында үлкен ұпай жинайтынына сенімдімін.

Келіңіздер, қолдауға нақты мұқтаждардың барлығына жәрдем қолымызды созайық.

Барлық қазақстандықтардың нағыз бауырласлығы осылайша ғана беки түсетін болады.

Адамдар қаза тапқан Қызылағашта, жан ауыртар қасіретті әр қазақстандық жүрегімен сезінген Шығыс Қазақстан облысында осылай болды. Барлығы үн қатты, адамдар соңғы сайлаудағыдай бірлік танытты. Бұл жақсылықтың нышаны, яғни біз ешкімді жеке қалдырмай, бір отбасы, бұл біздің үйіміз деген тұрғыда тәрбиелеп, текке жұмыс істемейтінімізді көрсеттік.

Ассамблея мүшелері ғана 47 млн теңгелік жеке қаржыларын салды. Бұл соншалықты үлкен қаржы да емес шығар, бірақ осы фактінің өзі маңызды.

Қазір мұндай қолдау тасқыннан зардап шегіп жатқан Батыс Қазақстан облысының тұрғындарына қажет.

Мұның бәрін «Нұр Отан» партиясымен бірлесіп жасау керек және ол еліміздің ең шалғайдағы бұрыштарына, әр азаматқа жетуі тиіс.

Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығын шын мәнінде осылайша атап өтеміз.

Құрметті сессияға қатысушылар!

Біздің дамуымыздың 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясында, халыққа менің Жолдауымда, инаугурация салтанатындағы сөзімде алдағы онжылдыққа арналған барлық міндеттер егжей-тегжейлі мазмұндалған. Ал кеше Үкіметте бүгінгі күннің нақты міндеттері белгіленді. Қазақстанның ХХІ жүзжылдықтағы табысы мен тағдыры оларды шешуге байланысты болмақ.

Алдағы онжылдық сындарлы болатыны туралы осы жылдың алғашқы айлары оқиғаларының барысы нақты айтып отыр.

Таяу Шығыс елдеріндегі жаппай наразылық қозғалыстары бәсеңдер емес және жаңа елдерді қамтуда.

Күні кеше экономикасы табысты елдер ондаған жылдарға артқа лақтырылып тасталды.

Әлемдік дағдарыстан жалаңаштанған гуманитарлық проблемаларды азық-түлікке бағаның өсуі, артып отырған есірткі трафигі, терроризм толықтыруда.

Көптеген мемлекеттер үстіне ауқымды аштық қатері төніп тұр. Бүгінде шамамен 1 млрд адам

аштықтан зардап шегіп отыр. Жыл сайын тек аштықтан ғана 5 млн-ға жуық адам ажал құшады.

Қайғы-қасірет тыныштық пен болашаққа деген сенімін жоғалтқан миллиондаған отбасыларына келіп жатыр.

Бұл – бұрынғы жетістіктерінің барлығы жоққа айналған тұтас елдер мен халықтардың қасіреті! Мен оны іздеп алысқа барудың қажеті жоқ, біз оны өзіміздің көршілерімізден көріп, біліп отырмыз ғой деп ойлаймын.

Бұл – адамзат тарихының қасіретті парағы. Көрнекті ағылшын жазушысы Хаксли былай деген болатын: «Адамдардың тарих қателігінен үйренбегені – тарихтың ең басты сабағы».

Келіңіздер, біз бұл тарихты біле отырып, үйіміздегі тыныштыққа қуанайық және бәріміз бірігіп, осы тыныштықты сақтайтын болайық.

Әлемдік экономиканың перспективалары еуроаймақтың бірқатар елдеріндегі созылмалы дағдарыспен күрделене түсуде. Еуроодақтың көптеген елдерінде мультикультуризм саясатының құлауы ашық мойындалуда. Олар қазірдің өзінде көпұлттылық пен көпмәдениеттіліктен бас тартуда.

Сонымен бір мезгілде, бүкіл әлем бойынша дінаралық қарама-қайшылық шиеленісе түсіп отыр. Құранды көпшілік алдында келеке ету мұсылман қоғамында әділетті наразылық туғызды. Жауап ретінде фанаттар Ауғанстандағы БҰҰ

миссиясында жұмыс істейтін жазықсыз жандардың қанын төкті.

Әлемнің көптеген өңірлері табиғи апаттардың тегеурінін бастан кешті. Ондаған мың адам опат болса, сұрапыл материалдық шығын келді.

Жапониядағы – әлемнің екінші экономикасындағы жер сілкінісі мен цунами жаһандық экономикалық дамуға қатер төндіруде. Фукусима қасіреті бейбіт атомды пайдалану қауіпсіздігіне үлкен проблемалар алып келді.

Мұның барлығы, қымбатты достар, жаңа онжылдықтың нақты қауіп-қатерлері.

Бүгінде Қазақстан – әлемдегі аздаған қауіпсіз елдердің бірі. Бізде әрі қарай да әлемге тұрақтылықтың, төзімділік пен қоғамдық топтасудың үлгісін көрсетуге мүмкіндік бар.

Кезінде Махатма Ганди: «Мен басқа елдер менің бостан елімнен бір нәрсе үйрене алулары үшін өз елімнің еркіндігін қалаймын», – деген болатын.

Міне, осылайша деуге болады, біз басқа елдерді табысқа қалай жетуге болатынына үйретудеміз.

Егер менен сұраса, мен былай деген болар едім: қазақстандықтар бүкіл әлемге өркендеудің жалғыз дұрыс жолы – халықтың топтасуы екенін дәлелдеді.

Бізде барлық мүмкіндіктер мен ресурстар бар. Біз жаңа онжылдықтың жаһандық қауіп-қатерлеріне тек осылай ғана қарсы тұра аламыз.

Және біздің табыстарымыз әлемде аса жоғары баға алуда.

Бұл – біздің Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына басты сыйымыз.

Осында, Астанадағы ЕҚЫҰ саммитінде, сөйлегенде Ұлттық азшылықтар істері жөніндегі Жоғарғы комиссар Кнут Воллебек былай деді: «Мен өз кезегінде сіздің еліңіздің өзіндік біртектілігін айқындайтын Қазақстанда алға қойылған мәдени көпқырлылық үшін кеңістік қамтамасыз ету мақсатын қолдаймын».

Біздің ЕҚЫҰ-ға төрағалығымыздың табысы, 11 жылғы үзілістен кейін ЕҚЫҰ-ның Астана саммитін өткізу – біздегі бейбітшілік пен келісімнің тиімді моделін, қазақстандықтардың бірлігін жаһандық мойындау.

Қымбатты достар!

Мен ұлы қазақ ойшылы Абайдың сөзін тағы да көлденең тартқым келеді. Ол «таң алдындағы сәт бәрінен қараңғы» болатынын айтқан еді.

Біз 1990-шы жылдары ерлік таныттық, біз тарихтағы ең күшті әлемдік экономикалық дағдарысқа шыдас бердік. Біз империялардың қалай қирап жатқанын көрдік. Мұның барлығы біздің көз алдымызда болып жатты. Ештеңеге қарамастан, Қазақстан таңсәріден де аман өтті. Біздің еліміз өсіп келеді және өзінің позицияларын нығайта түсуде.

Қазақстандықтар қиямет-қайым қиын міндеттерді шешу төңірегінде бірлесіп, табысқа жетуде. Біздің еліміз күшейе түсуде, біздің барлығымыз күшейе түсудеміз.

Мен Қазақстан жері бойымызға сіңірген жасампаздық қуаты әлемдегі ең озық, ең топтасқан және парасатты қоғам құруға пайдаланылатынына сенімдімін.

Ядролық энергияны қауіпсіз және
инновациялықпен пайдалану мәселелері
жөніндегі саммитте

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Украина, Киев қаласы,
2011 жылғы 19 сәуір

**Құрметті саммитке қатысушылар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Біз бәріміз де 26 сәуірде Чернобыль атом электр стансасында әлемдегі ең ірі ядролық техногендік апат болғанына 25 жыл толатынын білеміз. Чернобыль бейбіт атомды қауіпсіз пайдалану мәселелерімен бүкіл әлемді ойландыруға мәжбүр еткен

алғашқы оқиға болды десек, артық айтқандық емес.

Чернобыль апатының зардабын залалсыздандыруға жүздеген мың адамның қатарында 32 мың қазақстандық та қатысты. Олардың көбі денсаулықтарынан айырылды, біразы өмірімен қоштасты. Ядролық радиацияның зардабын басынан кешіп келген біздің халқымыз чернобыльдіктердің тағдырына барынша түсіністікпен қарайды.

Қазақстан жерінде әлемдегі ең үлкен Семей ядролық сынақ полигоны болды. Жарты ғасырдан астам уақыт онда 116 Чернобыль апатының зардабына тең 456 жарылыс жасалды. Әлемдік жұртшылығы оған өз бағасын берген жоқ. Бұл сынақтардың зардабы әлі де ұзақ уақыт сезілетін болады. Қазақстанның Президенті болып сайланғаннан кейін алғашқы жарлықтарымның бірі – Семей ядролық полигонын жабу туралы құжат.

Бұрынғы Семей полигонының орнына өткен жылы БҰҰ-ның басшыларынан бірінші болып Пан Ги Мун келіп, әлемнің басқа да елдеріне бізден үлгі алуға шақырып, Қазақстанның жаһандық ядролық қарусыздану ісіне сүбелі үлес қосқанына жоғары баға берді.

Семей полигонының жабылғанына биыл 20 жыл толады. Семей полигоны жабылғаннан кейін ғана әлемдегі басқа полигондар да үнсіз қалды. Қазан айында осы маңызды оқиғаға арналған Халықаралық ядросыз әлем форумы

өтеді. Бұл бастаманы мен өткен жылы Вашингтон саммитінде көтергенмін.

Осы мүмкіншілікті пайдаланып, барлық мүдделі халықаралық ұйымдар мен мемлекеттерді соған қатысуға шақырамын.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Бұдан 25 жыл бұрынғыдай бүгін де атом энергиясын қауіпсіз пайдалану мәселесі өткір тұр. Бұған Жапонияның «Фукусима» АЭС-індегі төтенше оқиға себеп болды, ол атом энергетикасын дамыту саласындағы жаһандық қатерді жалпығаламдық басқару тетіктерінің тапшылығын айқын байқатты. АЭС-терді салу жоспарына барынша мұқият қарайтын жаңаша ұстаным керек екенін атап көрсетті. Әсіресе, бұрын мұндай энергетиканы пайдаланбаған елдерде бақылау еселеп арттырылуы керек.

Үстіміздегі ғасырдың ортасына қарай 50 ел АЭС-ке қол жеткізгісі келіп отырғаны белгілі. Апат болған жағдайда олар елдің ауқымынан шығып, трансшекаралық өлшемге жететінін ескеруі тиіс. Сондықтан АЭС және басқа да азаматтық атом нысандарының қауіпсіздігі жаһандық ядролық қауіпсіздіктің маңызды құрамдас бөлігі болып отырғаны айдан анық.

Осыларды ескеріп, қауіпсіздіктің халықаралық, барынша қатаңдатылған, біртекті стандарттарын әзірлеу керек. Осы қатарда МАГАТЭ шеңберінде

және тәуелсіз сарапшылардың күшімен АЭС-терді басқару жүйелеріне тұрақты түрде стресстест жасалып тұруы қажет.

Сонымен бірге АЭС пайдаланушы мемлекеттер мен компаниялар өздерінің ядролық нысандарында болған кез келген, тіпті елеусіз болса да оқыс оқиға туралы өз тұрғындарын да, халықаралық қоғамдастықты да шұғыл хабардар еткені талап етілуі керек. Осындай заңды талапты орындағысы келмегендерге қатаң санкциялар көзделуі қажет.

Атом энергетикасын дамытқысы келген кез келген елдің үкіметі апатқа жол берген жағдайда басқа мемлекеттер мен жаһандық экологияға келтірген зардабының шығынын өтеуге дайын болуы шарт.

Біздің балаларымыз бен немерелеріміз бүгінгі күні елдің билігі мен бизнесінің басында болған адамдардың қателіктеріне жауап бермейтін болуы тиіс.

Қазақстан өзінің атом энергетикасын дамытуға байыппен қарайды. Біздің еліміз қазір уран рудасын өндіруден әлемде бірінші орында тұр. Еліміз реакторларды пайдалануда да, қолданбалы ядролық физика саласында да жеткілікті дәрежеде ғылыми-тәжірибелік сынақтардан өткен.

Атом өнеркәсібін дамыту барысында біз ядролық отын циклының тікелей интеграцияланған

компаниясын құруды жоспарлап отырмыз. Яғни, уранды өндіруден бастап, одан ядролық отын алуға дейінгі циклды жасамақпыз. Сонымен бірге, атом энергиясын пайдалануда қауіпсіздікті қамтамасыз етудің және радиоактивті материалдардың заңсыз айналымына қарсы тұрудың тиімді мемлекеттік жүйесін жасаймыз.

Біздің еліміздің барлық ядролық объектілері МАГАТЭ тарапынан түгел қамтылған кепілдікте тұр.

Атом энергетикасы объектілерінің геологиялық-геофизикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде үлкен тәжірибе жинақталды.

Қазақстан МАГАТЭ-ның басқаруымен елімізде Аз байытылған уранның халықаралық банкін құру туралы идея тұрғысынан таратпау режимін нығайтуға үлес қосуда дайын.

Біз атом энергетикасының күллі әлемдік қоғамдастықтың инновациялық-индустриялық дамуының құрамдас бөлігіне айналатынына сенімдіміз. Бұл үшін ядролық технологиялар ХХІ ғасырдың рухы мен сұранымына сай келетін сапалы жаңа деңгейге көтерілуі тиіс.

Қазақстанның Үкіметі, Франция мен Украина президенттерінің өтінішін қарап, Чернобыль АЭС-індегі халықаралық жобаларды аяқтау үшін қаражат бөлу туралы шешім қабылдағанын атап өткім келеді.

Киев саммитінде атом энергетикасын қазіргі заманғы дамыту мен оның қауіпсіздігі мәселелерін кеңінен әрі жан-жақты талқылау нақты нәтижелерге жеткізеді деп сенім білдіремін.

Саммиттің қатысушыларына зор денсаулық пен табыстар тілеймін.

IV Астана экономикалық форумында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2011 жылғы 3 мамыр

**Қадірлі қонақтар!
Құрметті форумға қатысушылар!**

Ең әуелі құрметті меймандарға, осы форумға қатысушыларға қонақжай Қазақстан жеріне басқан қадамдарыңыз құтты болсын деп айтқым келеді!

Еуразия жүрегіндегі елордамызда Астана экономикалық форумы осымен төртінші жыл өтіп отыр. Халықаралық іргелі шараға қатысушылар

қатары жыл сайын өсіп келеді. Осыдан форумға үлкен қызығушылық бар екені бәрімізге байқалып отыр.

Бүгінде әлемдік қоғамдастық жаңа онжылдыққа қадам басты. Қазіргі үрдістер дүние дамуының жаңа қарсаңында тұрғанын білдіреді. Сондықтан дағдарыстан кейінгі кезеңде «жаңа қағидаттар қандай болады, қандай жаңа тәртіп орнайды» деген сауал баршаны толғандырады.

Мен мұндай ортақ қағидаттарды барлық елдердің күш-жігерімен қалыптастыруымыз керек деп санаймын. Сонда ғана әлемдік құрылымның жаңа жүйесі баршаның және әрқайсымыздың мүддемізге сай болады.

Қазақстан әлемдік қоғамдастықтың күш-жігерін біріктіруде белсенді рөл атқаруға ұмтылып келеді. Оны бәріңіз білесіздер. Бұл орайда біздің тәжірибеміздің мол екенін өздеріңіз жақсы білесіздер. Қазақстанның осы рөлін айқындауға өткен жылғы ЕҚЫҰ-ға табысты төрағалығы және саммиттің өтуі дәлел бола алады деп санаймын.

Құрметті форумға қатысушылар! Ханымдар мен мырзалар!

Қазақстан – бүгінде әлемдегі қарқынды дамып келе жатқан мемлекеттердің бірі. Біз бірқатар дағдарыстарды сәтті еңсере алдық. Бірінші, ең ауыр дағдарыс – біздің экономиканы толық

тұқыртып кеткен Кеңес Одағының тарауы болды. Екіншісі – Оңтүстік-Шығыс дағдарысы. Ең соңында әлемде болып өткен соңғы дағдарыс – оны біз ойдағыдай еңсеру үстіндеміз.

Біз орнықты экономикалық дамудың 7 %-дық деңгейдегі жоғары қарқынды даму арнасына шығамыз деп ойлаймын. Осынау 20 жылдың бәрінде біздің мемлекетімізді құрып қана қоймай, өздерің көріп отырғандай, небәрі 12 жылдың ішінде жаңа елорда салып үлгердік. Бұл Қазақстан дамуының, оның болашағы беріктігінің көрінісі.

Өткен жылы өз табыстарымызды негізге ала отырып, біз дағдарыстан кейінгі онжылдық дамудың басты міндеті етіп экономиканы жаңа деңгейге көтеруді белгілеп, елдің 2020 жылға дейінгі даму стратегиясын жүзеге асыруды бастадық.

Біз 2016 жылға қарай ішкі жалпы өнімнің жан басына шаққандағы көлемін 15 мың долларға жеткізе отырып, жоғарғы кіріс деңгейіндегі елдер тобына қосылуды мақсат етіп отырмыз.

Егер 1994 жылмен салыстырсақ, ел экономикасы 13 есе – жан басына шаққандағы ІЖӨ көлемі 700 доллардан үстіміздегі жылы 10 мың долларға дейін өсті.

Оны іске асырудың негізгі құралы Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы болып табылады. Ол біздің экономикамызды болашақ дағдарыстарға төтеп беруге дайын етіп, қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

Алайда, жаһанданған әлемдегі бір елде болған оқиғалар басқа елдердің дамуына да ықпал етпей тұрмайды. Біз өзара байланыстамыз.

Бүгінгі форум – осындай мәселелердің шешімін іздестіретін танылған алаңдардың бірі. Сондықтан да мен сіздермен қазіргі дағдарыстың сабақтары, болашақтың қатерлері және алдағы жаңа онжылдықтың перспективалары туралы сабағынан алған өз топшылауыммен бөліскім келеді.

Соңғы кездері кері әсерлерді еңсерудің белгілері пайда бола бастады.

Дегенмен соңғы 70 жылдағы экономикалық катаклизмнің ең ірісі болып табылатын дағдарыстың терең проблемаларын шешу мәселесі әлі айқындалған жоқ. Қазіргі дағдарыстың әлемге берген сабақтарын объективті әрі жан-жақты талдау қажет.

Оның басты сабағы – экономикалық саясатта теңгерімсіздіктерге жол бермеу. Ауыр болса да бақылаусыз, бетімен кеткен қаржы нарығын төтенше қысымда ұстаудың маңызы мен пайдасы зор.

Әлемдік ақша эмиссиясының ақауымен астасқан тағы бір теңгерімсіздік салдары алыпсатарлық капиталдың тауарлық және басқа да нарықтары бойынша «шектен шыққан» сатылуы болды. Реттелмеген қаржы секторына үйлестірілген ашық капитал – бұл баяу жарылатын бомбамен тең. Ол бүкіл әлем бойынша бір рет жарылды, әлі де талай жарылуы мүмкін.

Дағдарыстың екінші сабағы әсіресе дамушы елдер үшін индустриялық және инновациялық саясаттың маңызының артуы болды. Әлемнің көптеген елдері жаһандық бәсекелестікке инновациялар, жаңа технологиялар мен өзіндік корпоративтік чемпиондарын қалыптастыру арқылы қосылуға әрекет етуде.

Дегенмен қазіргі таңдағы қаржы секторы мен нақты экономиканың арасындағы айырмашылықтар айдан анық. Олар іргелі сипатқа ие болды.

Жуықта «Forbes» журналы «Глобал-2000» кезекті рейтингін жариялады. Бұл әлемнің 2 мың ірі трансұлттық компаниясынан тұратын әлемдік капиталдың өзіндік рентген жазбасы. Бәрін қосқанда олар жиынтық 30 трлн доллар түсімді, таза пайдасы – 1,5 трлн долларға жуық пайданы және 125 трлн доллар активтерді иеленіп отыр.

Трансұлттық компаниялардың бұл рейтингін шартты түрде «индустриялық» және «қаржылық» деп екі топқа жатқызуға болады.

Біріншісі – капиталдың нақты секторындағы 1 700-ге жуық қатысушылар. Ол қаржы капиталының екінші тобына қарағанда 2 есе артық болғандығына қарамастан, әлемдік дамудағы рөлі салыстыруға келмейтіндей төмен.

Ойланып көрейік: бұл арақатынас қаншалықты тең құқықты және теңгерімді, олардың

әрқайсысының әлемдік аренадағы ресімделуі мен үйлесімділік дәрежесі және деңгейі қандай?

Әлемдік капиталдың осынау екі органикалық бөлігі арасында тиімді теңгерімділік қамтамасыз етілген жағдайда ғана жаһандық дағдарысты аяқтауға болар еді.

Дағдарыстың үшінші сабағы жеткілікті дәрежедегі әлеуметтік саясаттың қажет екендігіне түсініктің артқандығы болып отыр. Соңғы кездері оның рөлі негізсіз төмендетілген болатын.

Араб елдерінде, тіптен, дамыған бірқатар елдердегі белгілі оқиғалар халықтың әлеуметтік жағдайын тұрақты назарда ұстаудың өткірлігін көрсетіп берді.

Өкінішке қарай, нарықтық күштер жұмыспен және азық-түлікпен, әлеуметтік қорғаумен және тұрақтылықпен қамтамасыз етудің сайма-сай міндеттерін барлық жерде бірдей шеше алған жоқ. Аталған теңгерімсіздіктердің нәтижелері тұтас алғанда дамыған және дамушы экономикалардың арасындағы айырмашылықтың ұлғаюы, сауда даулары, валюталық кикілжіңдер, өсе түскен мемлекеттік қарыздар, жұмыссыздар мен аз қамтылған халық санының өсуі болды.

Әлемде тұңғыш рет бүтіндей мемлекеттердің банкроттыққа ұшырауы әбден-ақ мүмкін болуға айналды.

Дағдарыстық құбылыстардың қазіргі бар әлеуетін сезініп, олардан сабақ ала отырып, біз әлемдік экономиканың ХХІ ғасырдың екінші онжыл-

дығындағы тегеуріндері мен келешегін қарауға кіріскеніміз жөн.

Бүгінгі күні әлемдік экономиканың алдында оның қаржылық, индустриялық-инновациялық және ресурстық-азық-түліктік секілді үш негізгі секторында жаһандық сынақтар тұр. Әлемдік қаржы секторының дағдарысты жағдайы әлемдік қаржы жүйесінің ақаулығында және оның негізгі құрамдас бөлігі әлемдік резервтік валютада тұр.

Қазіргі қолданыстағы валюталық-қаржылық жүйе заңдылық пен демократиялық қағидаттарға жауап бере алмайтындығын, макроэкономикалық қағидаттарды бұрмалап, пайда болған жаһандық проблемаларды шешуге кедергі келтіреді.

Бұл ахуалды жою үшін осы уақытқа дейін қолға алынбаған түбегейлі шаралар қарастырылуы қажет.

Түбегейлі қайта өзгерістер идеясы БҰҰ және G-20 секілді ең жоғары мемлекетаралық деңгейдегі экономистер, саясаткерлер арасында үлкен үнқатулар табуда.

Әлемдік валюта жүйесінің ақаулылығы бірқатар елдерді баламалы валютаны қолдану үшін практикалық қадамдар қарастыруға мәжбүр етуде. Мәселен, Боливариан альянсы елдері қазірдің өзінде сукре шартты бірлігімен операциялар туралы сөз етуде. БРИКС елдері өзара несиелеу үшін ұлттық валюталарын пайдалану туралы меморандум қабылдады. Мұндай мысалдар бірлі-екілі емес.

Ақыр аяғында әлемнің барлық экономикалары ұлттық есеп-төлем бірлігін құру және енгізу, ал мұнан кейін жаңа қағидатты жаһандық валютаны құруға келетін болады.

Бұл туралы мен осыдан 1 жыл бұрын осы мінберден III Астана экономикалық форумында айтқан болатынмын.

Индустриялық-инновациялық тегеуріндердің мәні экономикалардың теңгерімді өнеркәсіптік дамуы мен әділ сауданың қажеттілігінде.

Бүгінгі дамыған мемлекеттердің барлығы да әрдайым өздерінің өнеркәсібін, өңдеу өнеркәсібін оларды экономиканың сәбилік саласы деп есептеп, қалыптасуының таңғы шағында тарихи қорғаған.

АҚШ Англияның ақыл-кеңесін емес, үлгісін ұстанып, өзінің өңдеу өнеркәсібін 150 жыл бойы қорғады.

Бірақ мұның бәрі Берлин қабырғасы құлатылғаннан кейін ұмыт қалды. Вашингтондық консенсус, ХВҚ, Дүниежүзілік банк, ДСҰ енді барлығынан бағаны ырықтандыруды, жекешелендіруді және еркін сауданы талап етеді.

Естеріңізге сала кеткім келеді, біздің баршамызға белгілі Адам Смиттің «Халықтар байлығы» еңбегі заманында, Англияның королі елге мануфактураны және Англияның өзінде жасалатындарды әкелуге тыйым салған. Тарихта мұндай мысалдар өте көп, мұны әлемнің ең жақсы экономистері 1500 жылдан 1700 жылға дейін жасады.

Енді ғой, дамушы экономикаларға протекциясыз еркін сауданы ұсына отырып, индустриялық елдердің өздері ауыл шаруашылығынан бастап, жоғары технологияларға дейін өздерінің көптеген салаларын субсидиялауды, қорғауды жалғастыруда.

Жекелеген сарапшылар атап өтіп отырғанындай, бұл реформалардың енгізілуі іс жүзінде неолиберализм мен нарықтық фундаментализмнің синонимі болып алды.

Алайда бүгінде мұның өзі көбіне дамушы елдердегі өнеркәсіпті күйретіп, олардың кедейлігін консервациялайтындығын түсінушілікке алып келуде. Өкінішке қарай, БҰҰ қабылдаған «Мыңжылдықтың даму мақсаттары» игі бағдарламасы проблеманы түбегейлі шешпейді. Яғни кедей елдерге шикізаттық немесе «банандық» балып қала беру, ал дамыған елдерге осы шикізаттың есебінен одан әрі дами беру бұйырылған.

Сонымен бірге біздің бәріміз де тек қана өңдеу өнеркәсібі адамдарға жоғары еңбекақы, ел бюджетіне көбірек түсімдер беретінін және бір мезгілде аграрлық кешенді дамытатынын түсінеміз.

Дамуы бір деңгейлес экономикалардың еркін саудасы, әрине, екі жаққа да пайдалы, ал әлсіз елдер үшін күштілермен сауда жасасу олардың экономикасы үшін апатты болып барады.

Мұндай сәйкессіздіктер «валюталық соғыстарға» алып келді, олардың негізінде саудалық

дау-шарлар жатыр. Сондықтан мен біздің ДСҰ-ға бірге кіреріміздің алдында, шамалас экономикалар арасындағы бәсекелестікті дамыту үшін Ресейдің, Қазақстан мен Беларусьтің Кеден одағының құрылуы түсінікті болар деп ойлаймын.

Ресурстық және азық-түліктік тегеуріннің мәні әлемдік энергетикалық және азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етуде. Ол тек қана компаниялар мен елдер үшін ғана емес, планетаның әрбір адамы үшін де сезілетін екі тегеурінмен байланысты. Шикізатқа, энергия ресурстарына бағаның өсуі әлемдік тұтыну мен табиғи апаттардың өсімімен бірлесе келіп азық-түлік тағамдарына бағаның өсуіне де алып келді.

Дүниежүзілік банктің мәліметтері бойынша, үстіміздегі жылдың басынан бері азық-түлік бағасы 36 %-ға көтерілген. Осының салдарынан кірісі төмен және азық-түлігі тапшы елдер азық-түлік импортын қаржыландыру проблемасына тап болды. Нәтижесінде, өткен жылдың маусым айынан бері кедейлік шегінен төмен адамдардың саны 44 млн дейін өсті. Азық-түлік бағасының көтерілуі жағдайында бұл санның одан әрі арта беретіндігі анық.

Азық-түлік дағдарыстарының салдары – бүкіл әлем бойынша әлеуметтік және саяси ахуалдың шиеленісуі.

Осындай жағдайда өңірлік және жаһандық деңгейлердегі азық-түлік қауіпсіздігін демеу қажет.

Мемлекетаралық келісілген, өркениетті іс-әрекеттерді үйлестіру және жүргізу маңызды.

Қазақстан дәстүрлі түрде жоғары сапалы астықты экспорттаушы болып табылады.

Осымен қатар, тамаша табиғи жағдайлар бізге мүйізді ірі қараның экологиялық таза ет өнімдерін дамыту жөнінде бағдарлама әзірлеп, 2020 жылға қарай оны 180 мың тоннаға дейтін жеткізу мүмкіндігін беріп отыр. Бұл өте ауқымды, игілікті бағдарлама. Мен оны жүзеге асыру үшін бізде бәрі бар деп ойлаймын.

Біз жақсы бизнес-климат, көрші елдерде сенімді тұтыну нарықтар түрінде мықты негізі бар жобаларға қатысуға шетелдік инвесторларды шақырамыз.

Қазір еш бір ел де: қазір дами бер, ал экологиямен кейін айналысамыз деген формула бойынша өмір сүре алмайды. Адамзатқа планетаның энергия-экологиялық қауіпсіз ахуалын қамтамасыз етудің жүзеге асатын сценарийі аса қажет. Ол қазір де, ұзақмерзімдік келешекте де барлық елдерге тиімді болуы тиіс.

Алып табиғи ресурстарға ие ел ретінде біз әлемдік энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі өз жауапкершілігімізді түсінеміз.

Ресурстарды сақтайтын технологиялардың, «жасыл экономика» құралдарының енгізілуі – бұл біздің таяудағы онжылдыққа арналған индустриялық саясатымыздың құрамдас бөлігі.

Жаһандық жылыну проблемасын шешуге атсалысу үшін біз энергетиканы технологиялық жаңғырту мен энергияны үнемдеуді жеделдететін боламыз.

2007 жылғы БҰҰ Бас Ассамблеясының 62-ші сессиясында мен қазіргі қалыптасып отырған жалпыадамзаттық проблемаларға сәйкес «Жаһандық энергоэкологиялық стратегияны» әзірлеу идеясын ұсынған едім. Мен оны Бразилияда 2012 жылы өтетін БҰҰ-ның «РИО+20» тұрақты даму конференциясына талқылауды ұсындым. Ол бүгінгі форум шеңберінде талқыланып, қолдау табады деген сенімдемін.

Мұндай пікірсайыстар тиімділігіне өткен жылы ІІІ Астана экономикалық форумында жария етілген біздің «жасыл көпір» бастамамыз мысал бола алады. Қазір ол БҰҰ АТМЭӘК-нің қолдауымен белсенді жүзеге асырылуда.

Құрметті форумға қатысушылар!

Мемлекеттердің бірігіп күш-жігер жұмсауы ғана қазіргі және жаһандық қатерлерді орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін жаңа мүмкіндіктерге айналдыра алады.

Болашақ дамудың жалпыәлемдік саясаты, менің пайымдауымша, мыналарға:

Біріншіден, макроэкономикалық басқарудың үйлестірілген жүйесіне;

Екіншіден, шикізаттан қаржы секторына дейінгі рыноктарды жаһандық тұрғыдан реттеуге;

Үшіншіден, тиімді валюта-қаржы жүйесін негізге алуға негізделуі тиіс.

Бірінші бағыт үшін «Үлкен жиырмалықтың» (G-20) қаржы министрлері ұлттық экономикалар жағдайын бағалаудың теңгерімсіздіктерді айқындаудың «лакмустық» құралдары бола алатын әмбебап индикаторларының тізімін айқындауы қажет.

Қазіргі күні әлемдік рыноктарды реттеу жүйесін құру туралы көп айтылуда. Бірақ үйлестірілген шешім әлі әзірленген жоқ.

Биржалық тауарлардағы, әсіресе энергоресурстар мен шикізат жөніндегі, сондай-ақ азық-түлік тауарлары рыногындағы бағаларды зерделі басқару халықаралық үйлестіруді қажет етеді.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешу үшін дамушы елдерде аграрлық секторды, әсіресе оның өңдеу бөлігін ынталандыру, ал индустриялы елдерге дамыған нарықтарға қол жеткізуге көмектесу керек.

Қаржы рыноктарын жаһандық басқару бөлігінде шығарылатын құнды қағаздар рыногына екпін түсірген орынды болар еді.

Бәріміздің есімізде соңғы дағдарыс алдында деривативтер рыногының айналымы бүкіл планетаның жиынтық ІЖӨ-сінен 8 есе асып түскені белгілі.

Ең ақырында жаңа әлемдік резервтік валютаны құру мәлдір және баршаға түсінікті жаһандық валюталық-қаржылық жүйені қалыптастыру мүмкіндігін берген болар еді. Елдердің резервтері неғұрлым тұрақты болады. Тұтас алғанда бұл болашақ экономикалық перспективаларды нығайтатындығы анық.

Сондықтан халықаралық үйлестірулерді нығайту үшін барлық елдер бірігіп, Жаһандық реттеу туралы пакт қабылдауы орынды болар еді деп есептеймін.

Бүгін талқыланатын қатерлерді шешудің жоғарыда айтылған қағидаттардың бәрі, меніңше, осы құжатта көрініс табуы тиіс. Бұл Пакт халықаралық экономикалық саясаттың басты элементтердің келісу үшін нақты құралға айналады.

Құрметті форумға қатысушылар!

Бүгін осында экономиканың тамаша ақылмандары, теоретиктері мен практиктері бас қосты. Оның ішінде бізге Біріккен Ұлттар Ұйымы бас хатшының орынбасарларын жібере отырып, үлкен маңыз білдірді. Осында туризм, аграрлық кешен және басқа да аса ірі халықаралық ұйымдардың басшылары қатысып отыр.

Бәріңізге шақыруымызды қабыл алып, IV Астана экономикалық форумына келгендеріңіз үшін алғыс білдіргім келеді.

Нобель сыйлығының лауреаттары, әлемдік деңгейдегі ғалымдар – Роберт Манделлді, Джон Нэшти, сэр Джеймс Миррлисті, Эрик Маскинді, Роберт Ауманнды, Финн Кидландты, Роджер Корнбергті және басқа да қатысушыларды ерекше атағым келеді. Сіздерге үлкен алғыс білдіріп, жұмыста елеулі табыстар тілеймін!

Бұл біздің форумның интеллектуалдық сипатын тағы бір атап көрсетеді. Мұны кездейсоқтық деуге болмайды, өйткені форумның бастамашысы мен басты ұйымдастырушысы Ғалымдардың еуразиялық экономикалық клубы болып табылады.

Форумның қорытындысы «Үлкен жиырмалық» саммиті үшін дәстүрге айналған ұсынымдар болады.

Құрметті қауым!

Мен біздің форумның халықаралық валюта-қаржы жүйесін тұрақтандыруға оң ықпал ететініне кәміл сенемін.

Атап айтқанда, дүниежүзілік жаңа валютаға өту бойынша Жол картасын әзірлеуге болады. Әрине, бұл бір күнде немесе бір форумда шешімін табатын қадам емес екенін бәріміз білеміз. Сондықтан бұл істі осы форумда бастап, тұрақты жұмыс істейтін форумның виртуалдық сайты арқылы жалғастырып, келесі жылы өтетін бесінші форумда қабылдау мүмкіншілігіне қол жеткізуге болады деп сенемін.

Баршаңыз білесіздер, Астана экономикалық форумының маңызы жылдан-жылға арта түсуде. Сондықтан келесі жылдан бастап ол тұрақты түрде мамыр айында өткізілетін болады.

Баршаңызды келесі жылдың 23–24 мамырында өтетін V Астана экономикалық форумның жұмысына қатысуға шақырамын.

Сөз соңында табысты жұмыс тілеймін.

Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2011 жылғы 25 мамыр

Ардақты әлеумет!

Төрткүл дүниедегі қазақты туған жердің төсінде қауыштырған осы құрылтайға келіп отырсыздар. Бүкіл еліміз Қазақстан сіздерді құшағын ашып, шын жүректен, қуанышпен қарсы алуда.

Осы күні еліміздің ақпарат құралдары, зиялы қауым, жастар, барлығы да сіздердің келгендеріңізден хабардар. Жолдарыңыз ақ болсын,

қош келдіңіздер деген қуанышымызды білдіргім келеді.

Баршаңызды қасиетті қазақ жерінде қарсы алып отырғаным мен де зор қуаныштымын.

Еуразия төріндегі ұланғайыр атажұртқа сіздер әлемнің 35 елінен келіп отырсыздар.

Туған топыраққа сағыныштарыңызды арқалап жеткендеріңіз үшін шын жүректен алғысымды білдіремін.

«Қасиетті қазақ жеріне, жерұйық мекен – Астанаға келген қадамдарыңыз құтты болсын, ағайын!» деп, тағы бір рет айтқым келеді.

Қымбатты бауырлар!

Құрылтай – тойласу үшін емес, ойласу үшін шақырылатын жиын екенін баршаңыз білесіздер.

Бабаларымыз ел тағдыры таразыға түскен тұста, жаңа белеске қадам басар шақта құрылтай шақырып, кеңес құрған.

Біз бүгін сол игі дәстүрдің ізімен жиналып отырмыз.

Тағдыр талайымен төрткүл дүниеге тарыдай шашылып кеткен ағайынның атамекенде бас қосуы бәрімізге зор қуаныш.

Десек де, биылғы құрылтайымыздың жөні бөлек, жолы ерек, маңызы айрықша. Өйткені біз тәу етер тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы тұсында жиналып отырмыз.

Сондықтан бүгінгі құрылтайдың «Қазақ елі» монументі жанындағы мынау біз отырған Тәуелсіздік сарайында өтуінің өзіндік мәні зор!

Ендеше, өткеніміз бен жеткенімізді байыптап алар сәт туып отыр, ағайын. Соны мен сіздерге біраз баяндап өтейін.

Қадірлі құрылтай қонақтары!

Бізді бүгін осы салтанатты ғимаратқа ортақ ниет, ортақ мақсат жинап отыр. Ол – елдіктің жайы, ел болудың қамы.

«Ер қонысынан айырылса, ел ырысынан айрылады», – дейді дана халқымыз.

Ендаланы еркін жайлаған бабаларымыз қашанда Ел деген ұлы ұғымды құрандай қастерлеп, ұрандай ұстанып келген. Бостан күндер бастан ауып, бодан күндер басқа түскен кер заманда да еркіндік пен елдіктен еш уақытта үмітін үзбеген.

Баршаңыз білесіздер, бүгінде жер жүзінде мыңдаған ұлттар ғұмыр кешуде. Алайда өзінің тәуелсіз мемлекетін құру олардың бәріне бірдей бұйырмаған. Алып планетадан туын тігер алақандай төбе таба алмай жүрген халықтар қаншама! Олардың арасында саны жағынан қазақты сан орап кететіндері де бар.

Бақ бағасын білгеннің ғана басында тұрады. Сондықтан біз басымызға қонған бақты бағалай білейік, ағайын.

Аталарымыздың сан ғасырлық аңсары болған тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтап, оны нығайта беруіміз қажет.

Біздің арғы-бергі тарихымызда елдің еңсеріле көшулері аз болмаған. Әуелі, еске түсірсек, «Қайран да менің Еділім» деп ел айырылған зарлы көші өшпес із қалдырды. Ұлы дала Қаратаудың басынан құлаған қаралы көштің де куәсі болды. Одан беріде тағдыр талайымен шетел асқан шерлі көшті де бастан кешірдік.

Ал тәуелсіз мемлекет құрып, жасампаз өмірге бет бұрған бүгінгі көштің жөні бөлек. Бұл ауған ел қайта оралған, айырылған ағайын қайта табысқан Ұлы көш болып саналады.

Біз ғасырлар бойы замана дауылымен жөңкіле көшіп, ғасырлар тоғысында туған елдің төріне біржола табан тіредік.

Мен кезінде: «Күйінсін жауың, сүйінсін досың, жиылсын қауым, құйылсын көшің», – деп едім. Дұшпанды күйіндірген, досты сүйіндірген құтты көш болды.

Біз қанша еліміз кең, осындай кең байтақ деп жүрсек те, өз мемлекеттігіміз дәл бүгінгідей болған жоқ. Қазақтың табан тірейтін, дәл қазіргідей мағынада «елім, жерім» дейтін қазіргі ұғымдағы мемлекеті болған жоқ. Мұндай ауқымда еларалық шекараны ресми шегендеген жоқ. Өзінің шылбыр-тізгіні қолына тиген жоқ. Барлығын біз осы

бір 20 жылда, қысқа, қас қағым уақытта орнына келтірдік. Ата-бабаның арманын орындадық. Біз бақытты ұрпақпыз.

Қадірлі қауым!

Алыстан ат сабылтып жеткен ағайын!

Естеріңізде болса, 1992 жылғы тұңғыш құрылтайда: «Құрылтайға қатысқан қонақтар Қазақстанның гүлденіп-көркейгеніне таяу жылдарда куә болар», – деп айтып едім.

Сондағы тілегім Жаратқанға жеткендей, айтқаным келіп, Қазақстан аз уақытта әлемге танылған айдынды ел болды. Экономикасы қуатты, саясаты тұрақты, жері дәулетті, елі сәулетті мемлекет ретінде ірге орнықтырды.

Бүгінде бізді бүкіл әлем сыйлайды, бүтін дүние санасады. Өйткені Қазақ елі адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған қадамға барып, атом қаруынан өз еркімен бас тартты. Ядросыз әлем құру бастамасы арқылы Жер жүзіне ізгіліктің өнегесін көрсетті.

Біз мемлекетіміздің іргесін орнықтырып, еліміздің шекарасын шегендедік.

Аз жылдың аясында Арқа төсінде, мынау өздеріңіз көріп отырған, ғасырдың ғажайыбы атанған арайлы елордамыз, асқақ Астананы тұрғыздық.

Кезінде желмая мініп жер шолған Асан Қайғы бабамыз Есілдің бойын көргенде: «Алты күнде ат

семіртіп мінетін жер екен», – депті. Сол айтқандай, сіздер 6 жылда шын мәнінде жерұйыққа айналған Астананы көріп отырсыздар.

Қазақ жері татулықтың туын тігіп, ұлтаралық, дінаралық келісімнің әлем үлгі тұтатын айшықты мысалына айналып отыр. Қазақ халқы ұлысты ұйыстырушы ұлт ретінде өзге этностарды бауырына басып, даналығы мен дарқандығын көрсете білді.

Осы жылдар ішінде еліміз жаһандық ауқымдағы 3 дағдарыстың толқынына төтеп беріп, жаңа дәуірге қадам басты.

Біз дағдарыс тұсында дамудың даңғыл жолына түскен ел атандық. Егер 1994 жылы ішкі жалпы өнім әр адамға шаққанда 700 доллардан болса, бүгін ол жан басына 9 мың доллардан келіп, 12 есеге өсті! Әлемдік тәжірибеде өз тәуелсіздігінің 20 жылында мұндай нәтижеге ешқандай ел қол жеткізіп көрмеген екен.

Біз халықтың әл-ауқаты бойынша ТМД елдерінен озып, халықаралық рейтингте 50-ші орынға ие болдық.

Қазір Қазақстан халықаралық резервтер деңгейі бойынша дүниедегі алғашқы 50 мемлекеттің қатарында.

Ұлттық қорды қосқанда, біздің 73 млрд доллар қаражатымыз бар.

Дағдарыс жылдарында әлемнің көптеген елдерінде жалақы, зейнетақы, шәкіртақы қысқар-

тылып жатты. Ал біз, керісінше, бұл көрсеткіштерді жылдан-жылға өсіріп отырмыз. Соңғы 10 жылда мұғалімнің жалақысы 5 есе, дәрігердің жалақысы 7 есе, зейнетақының орташа мөлшері 6 есе өсті.

Жыл сайын 6 млн шаршы метрлік тұрғын үй салуды жоспарлап отырмыз.

Жұмыссыздық деңгейі 5 %-ға дейін төмендейтін болады.

Өткен жылы біздің еліміздегі ішкі жалпы өнімнің өсімі 7 % құрады.

Біз бұл көрсеткіштерге тоқмейілісіп отырған жоқпыз.

Бүгінде біз индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын іске асырудамыз. Бұл бағдарлама елімізді жаңа биікке шығаратын болады. Біз шикізатқа малданатын, оның әлемдік бағасына алданатын ел болмауға тиіспіз.

Кен байлығы таусылмай қоймайды. Бәрінен де керегі – ел байлығы. Ел байлығы дегенім – бәсекеге қабілетті экономика мен жаңа технологияны игерген білікті мамандар болып табылады.

Қазақстанда өткен 1 жылдың өзінде 800-ге жуық өндіріс орны құрылды. Таяудағы бірнеше жылда біз құны 8 трлн-нан астам теңге болатын 300-ден астам жобаны жүзеге асырамыз. Соның арқасында тағы да 200 мың адамға жаңа жұмыс орны ашылатын болады.

Біз ел дамуының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық жоспарын жасадық. Ол кезеңде еліміздегі ішкі жалпы өнімнің көлемі кемінде 30 %-ға өсуі тиіс.

Жақын жылдары Қазақстан Еуразияның ірі көлік торабына айналмақшы. Қазір біздің еліміз арқылы «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» автожолының құрылысы қауырт жүріп жатыр. Ұлы Жібек жолын жаңғыртатын бұл дәліз арқылы жүк жеткізу теңіз жолымен салыстырғанда 3 есеге қысқаратын болады. Бұл жол шетелдегі қазақ кәсіпкерлеріне де мол мүмкіндік ашады.

Қазақ елінің табыстары әлемдік саясатта да салтанат құруда.

Біз ТМД және Азия елдері арасында алғаш рет Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық еттік. Беделді ұйымның мыңжылдықтағы алғашқы алқалы саммитін өткіздік. Өткен жылы осы сарайда 56 елдің басшылары бас қосып, әлем дамуының аса маңызды мәселелерін талқылады. Астана саммиті қазақтың абыройын жаһанға жайып, еліміздің жұлдызын жоғарыдан жандырды.

Бұйыртса, биыл қазақ елі тағы бір биік белесті бағындырайын деп отыр. Ол – еліміздің Ислам конференциясы ұйымына төрағалық етуі.

Ислам дінін ұстанатын 57 мүше-ел бар. Бұл ұйымның тізгінін ұстау бізге зор жауапкершілік жүктейді. Күллі мұсылманның басын қосқан

ұйымға төрағалық ету Қазақстанның ислам әлеміндегі беделін биіктете түсетін болады. Қазақ қазақ болғалы біз дәл мұндай биікке көтерілген емеспіз. Сол беделді биігіміздің тұғырынан таймайық, бауырлар!

Саммиттен кейінгі тағы бір орасан оқиғаның бірі – VII қысқы Азия ойындары болды. Астана мен Алматыда қатар өткен дүбірлі Азиадада ел спортшылары құрлық біріншілігін жеңіп алды. Бұл дүбірлі жарыс та еліміздің абыройын асырып, айдынын тасыта түсті.

Биылғы жылғы сәуір айында елімізде кезектен тыс президент сайлауы өткенін баршаңыз білесіздер. Бұл сайлау біздің елдігіміз бен ынтымағымыздың мерейін үстем етті. Елдіктің ерен ерлігін, бірліктің баянды жемісін бүкіл дүниеге тағы да бір паш етті.

Бірлік болмай, елдік болмайтынына көз жеткізді. Бірқатар елдерде орын алған халық наразылығын біліп отырсыздар. Ол толқулар ең алдымен әлеуметтік мәселелердің асқынуымен байланысты.

Біздің елдегі президенттік сайлау – халықтың әл-ауқаты жылдан-жылға жақсарып келе жатқанын айғақтап берді.

Сайлаудан кейін мен халықтан көптеген құттықтаулар, тілектер алдым. Олардың арасында алыстағы ағайыннан келгендері де аз емес. Осы орайлы сәтті пайдалана отырып, баршаңызға

шынайы алғысымды айтқым келеді. Шын жүректен шыққан ризашылығымды қабыл алыңыздар!

Бір қазақ ретінде мен ғұмыр бойы білігім мен қайрат-қабілетімді қазағым үшін жұмсап келе жатқан адаммын. Құдай денсаулық берсе, халқыма әлі де аянбай қалтқысыз қызмет ете беремін деп сенемін.

Қымбатты қандастар!

Ахмет Байтұрсынұлының «Сөзі жоғалған елдің өзі де жоғалады» деген сөзі бар.

Біздің тәуелсіздікпен бірге сөзіміз тіріліп, өзіміз еңсе тіктедік. Бабадан жеткен қасиетті қазақ тілінің осы жылдары мемлекеттік мәртебе алып, құлашын кеңге жая түскенін білесіздер. Естеріңізде болса, 1991 жылы қазақ мектептерінде оқитын шәкірттердің жалпы саны 32 % ғана болатын. Сөйтіп, біздің тіліміз кеңес заманында жойылуға тақады.

Бүгінде ол көрсеткіш 2 есеге артып, мектептерде 1,5 млн-нан астам бала қазақ тілінде білім алады. Аралас мекемелерді қосқанда, барлық балабақшалардың 90 %-ға жуығы қазақ тілінде тәрбие беруде.

Қазір мемлекеттік органдарда іс жүргізу негізінен қазақ тіліне көшірілді.

Мен «Қазақстан» телеарнасына биыл күзден бастап толық мемлекеттік тілде хабар таратуға тапсырма бердім. Балалардың тіл үйренуіне көмектесетін «Балапан» деген арнайы телеарна ашылды. Таяу кезеңде қазақ тілінде «Мәдениет»,

«Білім» деген жаңа телеарналарды іске қосуға әзірлік жүруде.

Қазақ тілінде шығатын басылымдардың саны да жыл сайын арта түсуде. Егер 1991 жылы, біз тәуелсіздік жариялаған жылы, Қазақстанда қазақ тілінде небәрі 82 басылым шыққан болса, бұл көрсеткіш биыл 523-ке жетті. Еліміздегі кітаптардың 80 %-дан астамы қазақ тілінде жарық көруде.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болса, қазақ тілінің құлашын кеңге сермейтін күні алыс емес деп сенемін.

Мен биылғы Жолдауымда 2020 жылға қарай қазақ тілін білетіндердің саны кемінде 95 % құрауы тиіс екенін айттым.

Қазірдің өзінде қазақ балабақшаларына өзге этнос бүлдіршіндері көптеп келуде.

Балаларының келешегін мемлекеттік тілмен байланыстырып қарайтындар ұл-қыздарын қазақ мектептеріне беруде. Енді 10 жылдан кейін мектеп бітірушілердің 100 %-ы мемлекеттік тілді біліп шығады деп межелеп отырмыз.

Тәуелсіздіктің тірегі – ұлттық сана екенін білесіздер. Ал ұлттық сана тарих пен мәдениет арқылы қалыптасады.

Осыған орай, елімізде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы жемісті жүзеге асырылуда. Мемлекет тарапынан ұланғайыр қаржы бөлінуде.

Бағдарлама бойынша барымызды бағалап, жоғымызды түгендеуде ұланғайыр іс атқарылды.

Соның арқасында 100-ге тарта тарихи-мәдени нысан жаңғыртылып, оның 73-інде қалпына келтіру жұмыстары аяқталды.

Шетелдерден тарих пен мәдениетімізге қатысты 5 мыңнан астам құнды деректер табылып, көшірмелері елімізге әкелінді.

Әлемдік ақыл-ойдың ең озық үлгілері қазақ тіліне аударылып, олар том-том кітап болып жарық көруде.

Бұл құндылықтар келешекте жастардың бойына ұлттық сананы сіңіруге жол ашады.

Ұлттық фольклорымыз «Бабалар сөзі» деген атпен 100 томға жинақталып жарық көруде.

Сондай-ақ, әр қиырда шашылып жатқан ұлттық музыкалық мұрамыз да жинақталды. Оларға шетел қазақтарының әндері мен күйлері де енгізілгенін атап өткім келеді.

Діңгегі берік ұлттық руханиятымыз бен ата дініміз өркен жайып келеді. 1991 жылы Қазақстанда небәрі 68 мешіт болатын, бүгінде олардың саны 2 400-ге жуықтады.

Қашанда толеранттықты ту еткен біздің елде дін бостандығына барлық жағдай жасалған. Тек өткен жылдың өзінде еліміздің 3 300 азаматы Мекке-Мединеге барып, қасиетті қажылық парызын өтеп қайтты.

Құт қонған қазақ елі сан түрлі дін өкілдерінің басын 3 рет қосып, бүкіл әлемдегі діндарлардың сауабын алды.

Әлемдік және дәстүрлі дін басшыларының құрылтайларын өткізу еліміздің игі дәстүріне айналды.

Құрметті қандастар!

Биыл тәуелсіздікпен бірге атамекенге ат басын бұрған Ұлы көшке де 20 жыл толды.

Бүгінгі Құрылтай осындай мерейлі белеспен тұспа-тұс келіп отыр. Сондықтан биылғыдай баталы жылы біздің бастамаларымыз жемісті болуға тиіс.

«Елге ел қосылса – құт», – дейді дана халқымыз. Азаттықтың елең-алаңындағы күрделі кезеңге қарамастан, көшіміз көлікті болды. Содан бері Ұлы көш бір сәтке толастаған емес. Ат қазығын байлар атамекенге 20 жыл ішінде 300 мыңға жуық отбасы көшіп келді. Осылайша ел халқының саны 1 млн-нан астам қандасымызбен толықты.

Дүние жүзінде өз қандастарын еліне шақырып, қаражат бөлген біз 3-ақ мемлекеттің біреуіміз. Өздеріңіз білесіздер, ол – Израиль, Германия және Қазақстан. Үкіметтің тарапынан келген ағайындарға біраз көмек көрсетіліп жатқанын білесіздер.

Халқымызда «Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен жақсы» деген ұлағатты сөз бар. Сондықтан, қай қиырда жүрсек те, «Қазақстан» ұғымы біздің жүрегіміздің түкпірінде сақталуы тиіс.

Сіздер «сүйегім атажұртымда жатса» деп тілеген аталар аманатын арқалап келіп отырсыздар.

Шеттегі бауырларымыздың табанына кірген шөңге, біздің жан-жүрегімізді де сыздатуы керек.

Менің жарлығыммен 2008 жылдан бастап қандастардың жыл сайынғы көшіп келу квотасын 20 мың отбасыға көтердік.

Елге ағылған ағайынның көшін жүйелеу мақсатында «Нұрлы көш» бағдарламасын қабылдадық. Оны ойдағыдай іске асыруға мемлекет қазынасынан қомақты қаражат бөлінді. «Нұрлы көш» бағдарламасы аясында іргелі істер атқарылды.

Бірқатар облыс әкімдері көшіп келген қандастарға арнайы ауылдар салып, игілікті іс тіндыруда. Жұмысқа бейімдеу үшін орталықтар құрдық. Шеттен келгендерге тіл үйрету шараларын қолға алып жатырмыз.

Мен Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облысындағы осындай елді мекендерді өзім барым көрдім. Келіп жатқан, қоныстанып жатқан ағайынның қуанышында шек жоқ.

Қадірлі бауырлар!

Атажұртын аңсап келген ағайын!

Бүгінгі алқалы жиында қандастарымызға қолдау көрсетіп, қамқорлық жасаудың нақты жолдарын айқындап алуымыз керек. Сондықтан алдағы мақсат-міндеттерді бірлесіп белгілеп алғанымыз жөн.

Біріншіден, Парламентте «Халықтың көші-қоны туралы» заң жобасы қаралуда.

Кеңінен талқыланып, қабылданатын жаңа заң қандастарымыздың жағдайын жақсартуға септігін тигізеді деп есептеймін. Ол қандастарымыздың құжат тапсыруда, тіркеуге тұруда, азаматтық алуда кездесетін түрлі кедергілерді жоюы тиіс. Бұл орайда бір нәрсені қаперде ұстаған жөн. Соңғы кездері белгіленген квота толмауда.

Туған елге табан тіреймін, көшіп келемін деушілерге қашанда есігіміз ашық екенін мен тағы да қайталап айтамын.

Бұл орайда, қандастарымызды Отанға оралту жұмысын жүйелей түсу керек. Дүниеде жағдайдың әртүрлі екенін білесіздер. Біз дүниежүзілік дағдарыстан өзге елдермен бірге шығып келеміз. Сондықтан «келем дегеннің бәріне қаражат, үй, жұмыс беріп, толықтай алып келетін жағдайымыз бар» деп ойламаңыздар. Біздің 20 мың отбасы деп отырғанымыз сондықтан.

Ал бірақ өз бетімен көшіп келіп, ағайын болып, отбасымен қосылып, басқа жағдайлармен келсе, әсіресе жастар оқуға келем десе, оларға да ешқандай кедергі болмайды.

Осыған байланысты біз «Нұрлы көш» бағдарламасының 2-ші кезеңінің жобасын қолға алуды жоспарлап отырмыз. Бұл кезеңде қандастарды жаңа өндірісті өңірлер мен ауыл шаруашылығына кеңінен тартудың жолдары сараланатын болады.

Ол үшін келген мамандарды қажеттілікке байланысты қайта даярлап, қысқа мерзімде оқытумен қамтамасыз етеміз.

Мемлекет қандастарымызға қатысты қамқорлығын жалғастыра береді.

Бағдарламаның еліміздің индустриялық дамуымен байланысты екенін қаперден шығармағандарыңыз абзал.

Екіншіден, шетелден келген құрылтай қонақтарының басым көпшілігі – 60 % жастар екен.

Жастар – біздің болашағымыз. Біз әлемдегі барша қазақ жастарының сапалы білім алуына тиісті жағдай жасауымыз қажет. Қазақстанда біз оны жүзеге асырамыз.

Осыған байланысты Білім және ғылым министрлігіне қандастарымызға бөлінетін гранттық квотаны нақтылап, жастармен жүйелі жұмыс жүргізуді тапсырамын.

Қазір білектінің емес, біліктінің озатын заманы.

Астанада әлемдік деңгейдегі Халықаралық университет ашылғанын білесіздер. Кіріп-шығып, көріп те қайтарсыздар. Бұл жоғары оқу орнында дүние жүзінің ең білікті мамандары мен ғалымдары дәріс оқиды.

Сондықтан мен әлемнің әр қиырындағы қазақ жастарын атамекенде оқуға және Қазақ еліне қызмет етуге шақырамын.

Қазір жаңа дәуірге қадам басқан Қазақстанға отаншыл, білімді жас мамандар аса қажет. Жас

қыздар мен жігіттер келіп оқитын болса, осында оқу бітіріп, мамандық алып, кейін ата-аналарын шақырып алатын шығар. Ол да қажет.

Сол себептен шетелдерде техникалық білім алған қазақ жастарын индустриялық өндіріске жұмысқа тарту керек. Қажет болса, оларға әлеуметтік қолдау көрсетуді енгіземіз.

Үшіншіден, біз шеттегі қандастардың Қазақстаннан жан-жақты хабар алып тұруына көмектесеміз. Бағдарламаның еліміздің индустриялық дамуымен байланысты екенін Байланыс және ақпарат министрлігі «Каспионет» арнасының қазақтар тұратын елдерге таралуын қамтамасыз етуі керек. Сонымен бірге, ұлттық дәстүріміз бен тарихымыз туралы хабарларды арттыру жолдарын қарастыруды тапсырамын. Бұған қоса, министрлік дүние жүзіндегі қазақ жастарының байланысын нығайту үшін арнайы веб-портал ашқаны жөн.

Төртіншіден, қандастар тұрып жатқан елдерде ұлттық өнердің кеңінен таралуына жағдай жасауымыз керек.

Біз қазақтың қаймағы бұзылмаған көрші елдерде ұлтымыздың аса құнды рухани мұралары сақталғанын жақсы білеміз.

Білім және ғылым министрлігі мен Мәдениет министрлігіне экспедициялар ұйымдастырып, осындай құнды мұраларды жинақтауды тапсырамын.

Бесіншіден, біз шет елдерде кіші құрылтайлардың тұрақты өткізілуін құптаймыз.

Осыған байланысты бұл құрылтайларға «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры қолдау көрсететін болады.

Қадірлі қауым!

Қазақстан – дүниедегі әр қазақтың қастерлі құбыласы!

Қазақстан – әлемдегі барша қазақтың құтты қара шаңырағы!

Қазақ баласы дүниенің қай түкпірінде жүрсе де, тұтас қазақ халқының бір бөлшегі екенін біз еш уақытта ұмытпауымыз керек.

Қазақтың абыройын асырып, мерейін тасытқан – ел тәуелсіздігі! Сондықтан біздің басымызға бақ болып қонған тәуелсіздіктен асқан ешқандай құндылық жоқ. Ендеше, тәуелсіздіктің 20 жылдығына тұстас келіп, ақ түйенің қарны жарылған бұл той – біздің ұлан-асыр ұлы тойымыз.

Тойымыз тарқамасын, ардақты ағайын!

Еліміз аман, жеріміз тыныш болсын!

Алаштың айбыны, бар қазақтың ортақ Отаны – тәуелсіз Қазақ елі мәңгі жасасын!

VII Дүниежүзілік ислам экономикалық
форумында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2011 жылғы 8 маусым

**Құрметті форумға қатысушылар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Әлемнің әр қиырынан келген мәртебелі меймандарды қазақ жерінде қарсы алғанымға өте қуаныштымын.

Мұсылман әлемінің саяси және іскер жетекшілерінің Астанадағы алқалы басқосуы еліміздің Ислам конференциясы ұйымына төрағалығы қарсаңына орайлас өтуде.

VII форумды Астанада өткізуге шешім қабылдағаны үшін Дүниежүзілік ислам экономикалық форумының қорына, оның төрағасы Тун Муса Хитам мырзаға шын жүректен алғысымызды айтамыз.

Міне, Еуразия төріндегі әсем Астана әлемдік қауымдастықтың іргелі орталығына айналып келеді.

Өткен 1 айдың өзінде Астана 10 мыңнан астам қадірлі қонақты қабылдады.

Елордамызда IV Астана экономикалық форумы мен Еуропа қайта құру және даму банкін Басқарушылар кеңесінің 20-шы жыл сайынғы отырысы өтті.

Құрметті қонақтар!

Қазақ халқының ислам әлемімен қарым-қатынасы қадым замандардан тамыр тартады. Біздің байтақ даламызға ислам діні бұдан мың жылдан астам уақыт бұрын келді.

Жаратқан Иеміз Қазақстанға аса бір жомарттықпен тағылымды тарих, қолайлы географиялық мекен берген. Осылайша, елімізге ислам мен батыс өркениеттері арасында достық үнқатысуға дәнекер болудың тамаша мүмкіндігі берілген.

Баршаңыз білесіздер, ХХІ ғасырдың жаңа онжылдығы мұсылман үмбеті үшін ауыр сынақтармен басталуда.

Әлемдік қаржы дағдарысы, азық-түлік импортына тәуелділік, жастар мәселесі және басқа да түйткілді жайттар Солтүстік Африка мен Таяу Шығыс елдерінде бұрын-соңды болып көрмеген дүрбелең туғызды.

Тунис пен Египеттегі саяси режимнің ауысуы, Ливия ұшыраған гуманитарлық зауал жүздеген мың босқындардың пайда болуына әкеліп соқтырды.

Әлемнің өзге өңірлері қарқынды дамып жатқанда, көптеген мұсылман елдерінің көштің соңында қалуы анық байқалды.

1,5 млрд-қа жуық адамды құрайтын ислам дүниесі бүгінде мызғымас тұтастық құрай алмай отыр.

Ислам дінінің діңгегі біртұтас екені бәрімізге ақиқат.

Бірақ ислам әлемі даму үлгілерінің анағұрлым қайшылығы бар әртүрлі аймақты қамтиды. Сол үшін ислам әлемі туралы пікір айтпас бұрын, мұсылман қоғамының қазіргі даму жолдарын түсініп алу керек деп санаймыз.

Ислам дүниесіндегі 3 стратегиялық бағытты бөліп айтуға болады.

Бірінші стратегия – инерциялы даму стратегиясы. Өкінішке орай, соңғы кездегі оқиғалар консервацияның ерте ме, кеш пе, апатқа ұрындыратынын көрсетті.

Екінші стратегия қазіргі қоғамның құрылымдарын жоққа шығарып, өткенге түбегейлі қайта оралу үрдісіне негізделген. Бұл нұсқа тіпті кейде осы заманғы саяси және экономикалық ахуалдың нормаларын да толық жоққа шығарады.

Ал үшінші стратегия – ислам әлемін жаңғыртуға бағытталған. Бірақ оны өзге үлгілерді талғамай көшіретін қарабайырлық тұрғысынан түсінуге болмайды.

Исламда «Кез келген істің мұстақым – орта тұсы ең тәуірі болып саналады» деген тағылымды қағида бар.

Қазіргі дүниедегі жаңғыртылған ислам стратегиясы – міне, орта тұс дегеніміз осы.

Исламның өзі дін ретінде ешқандай дағдарысқа түспейді. Бұл – қазіргі дүниедегі ең қарқынды тарап келе жатқан дін.

Ислам дүниесінің бірнеше аймақтары дағдарысты бастан кешіруде.

Қоғамды исламның өзінің негіздерін бұрмалау деген сөз емес.

Ислам қоғамын жаңғырту қажеттігі айқын байқалып отыр. Бұл алдымен технологиялық, ғылыми және экономикалық дамуға байланысты. Мұны тек ақиқатқа көз жұма қарайтындар ғана жоққа шығара алады.

Әлем тұрғындарының бестен бір бөлігін құрайтын мұсылман әлемі өзінің экономика саласындағы әлеуетіне мүлдем сай келмейді.

Мысалы, G-8 ішінде мұсылман үмбетінен бірде-бір ел жоқ. Бұл – ислам экономикасының әлемдік ауқымдағы нақты салмағының айқын көрінісі.

Үздік жоғары оқу орындарының алғашқы жүздігінде қанша ислам мемлекеттерінің университеттері бар?

Ислам дүниесінің ішінен соңғы 20 жылда жаратылыстану және техника ғылымдары саласы бойынша Нобель сыйлығының қанша лауреаты шықты?

Ислам әлемінде қанша жаһандық технологиялық инновация өмірге жол ашты?

Біз бұл сауалдарды алдымен өзімізге қойып, таяу болашақта лайықты жауабын беруіміз қажет деп санаймын.

Исламның кейбір сыншылары ислам дүниесінің көп бөлігінің басқа аймақтардан артта қалуы діннің өзімен байланысты деп санайды.

Бұл – ақиқаттан мүлде алыс тұжырым.

Антика және осы заманғы батыс мәдениетінің арасындағы сабақтастықты мұсылман дүниесінің қамтамасыз еткенін тарихтан ұмытпауымыз керек.

Исламның мәдени өрлеуінің арқасында орта ғасырларда әлемде математика, химия, астрономия, медицина, архитектура, философия және поэзия салалары бойынша ұлы жетістіктерге қол жеткізілді.

Ілім мен білімнің жаңа үлгілері ғасырлар бойы мұсылмандық Шығыстан христиандық Батысқа қарай жылжыған.

Нақ осы ислам сан ғасырлар бедерінде діни тұрғыдан төзімділік, толеранттық көрсетіп келді. Оғаш ой-тұжырымдарға да асқан сабырлық танытты.

Қазір ислам әлемі өз дамуындағы күрделі кезеңді бастан өткізіп отыр.

Ислам саяси шиеленістермен, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық қиындықтармен бетпе-бет келуде.

Мысалы, 60–70 жыл ішінде әлемдегі мұсылмандар саны ауыр және тоқтаусыз азық-түлік дағдарысы жағдайында 5 есе өсті.

Көптеген мұсылман мемлекеттері «шикізат елдерінің масылдығы» қамытын киіп келеді.

Баршамызға ортақ тағы да бір күрделі мәселеге тоқтала кеткім келеді.

Жаһандық бұқаралық ақпарат құралдарының көпшілігі исламды өздерінің ұлттық қауіпсіздігіне, мәдени және діни ұстанымына қауіп төндіруші ретінде көрсетіп жүр.

Осылайша исламды саяси күш қолдануға, экстремизм мен терроризмге жол беретін дін деп ұқтырады.

Мұндай жағдаймен ешқашан келісуге болмайды.

Егер тарихқа жүгінсек, экстремизм мен терроризм XX ғасырда көптеген индустриалды дамыған мемлекеттердің саяси өмірінің ажырамас бөлігі болғанына көз жеткізе аламыз.

Ол үшін 1960-шы және 1970-ші жылдары Еуропада саяси терроризмнің бетімен кеткенін еске алсақ та жетіп жатыр.

Біз терроризм мен экстремизмнің, қаншалықты ашық бағыт ұстанғанына және қандайда бір діни ұранды жамылғанына қарамастан, әлемнің іргелі діндерімен ешқандай ортақтығы жоқ екені жөніндегі сенімге сүйенеміз.

Мен мына мәселе жөнінде ойлануға шақырамын.

Жаһандық терроризмнің көздеген басты нысанасы мұсылмандар әлемі болып отырған жоқ па?

Нақ осы ислам елдерінде жыл сайын мыңдаған жазықсыз жандар, соның ішінде қарттар, әйелдер мен балалар қаза тауып жатыр.

Ислам мен терроризмді шендестіру әділетті ме?

Соңғы жылдардағы тәжірибелер терроризм – нақты мақсатты көздеген белгілі бір күштердің әрекеті екенін дәлелдей түседі.

Қазіргі терроризмнің саяси және экономикалық себептерден туындайтынын тарихтың өзі көрсетіп отыр.

Ол ұлтаралық қылмыспен ғана емес, есірткі айналымымен де, қару-жарақ контрабандасымен де тығыз байланысты болып отыр.

Өкінішке орай, ол геосаяси бастауларға да ие болып отыр.

Исламның болмысын бейбітшілік пен мейірімділіктің, төзімділік пен әділеттіліктің діні ретінде қалыптастыруға баршамыз бірге күш салуға тиіспіз.

Ислам елдерінің ұлы ілімнің беделін түсіруге жаһандық және аймақтық деңгейде қарсы тұра алатын ортақ медиалық жобалар жөнінде ойланатын кез келді.

Көптеген сарапшылар ХХІ ғасырда ислам жер жүзі бойынша басымдығы бар дінге айналады деп санайды.

Тек болжамның мерзімінде ғана алшақтық бар.

Алайда біз мәселенің сан мен мерзімде емес екенін, ХХІ ғасырда ислам елдерінің қоғамы қандай болуы керек екендігі жөнінде сөз болып отырғанын түсінуге тиіспіз.

Сөз жоқ, қазіргі әлемнің экономикалық, саяси, қаржылық және ақпараттық жүйесі өзгере беретін болады.

Алайда оның бірқатар жүйелі сипаттары сақталып қана қоймайды, керісінше, күшейе түседі.

Ең алдымен, бұл мәдени құндылықтың, «білім экономикасының», «ақыл-ой күшінің», мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігінің нақты көрсеткіштері ретіндегі маңызының арта түсуімен байланысты.

Бүгінде мына бір жайт айқын: таяу болашақтың қоғамы – ақпараттық қоғам.

Бұл технологияға, басқару тәсілдеріне, мәдени дамудың үлгілеріне де қатысты.

Біз бүгінгі әлемде уақыт талабына толықтай жауап бере алатын мұсылман елдерін де көріп отырмыз.

Ақпараттық қоғамның, өнеркәсіптік және қаржылық саладағы технологияның жетілген үлгілері баршылық.

Ислам әлемінде бәсекеге қабілеттіліктің жоғары үлгісін көрсетіп отырған елдер де бар.

Бұл ислам әлемінің өткен кезеңде ғана емес, болашақта да қарқынды және жедел дамумен тамаша үйлесім таныта алатындығының жарқын айғағы.

Мұсылман елдері айтарлықтай жаңғыртудан өтуге тиіс.

Мұны қолға алмасақ, тарихи тұрғыдан артта қалу тағы да 100 жылға созылып кетуі мүмкін.

Осындай жаңғыртудың дәл әрі теңгермелі үлгісін таңдау – 1,5 млрд мұсылман үмбетінің дамуына қосқан ортақ үлесіміз болар еді.

Осыған орай Қазақстан бірлесіп жүзеге асыруды көздейтін бірқатар бастамаларды сіздерге ұсынады.

Бірінші. Ислам әлемі елдерінің экономикалық ынтымақтастығы шеңберінде жаңа бағыт қалыптастыру қажет.

Бұл үшін Дүниежүзілік ислам экономикалық форумы негізінде он жетекші мұсылман қауымдас-тығы елдері экономикасы тобына арналған үнқатысу алаңын жасауды ұсынамыз.

Мұсылман үмбетінің ресурстары инвестициялық ынтымақтастық үшін қуатты қаржы көздерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Екінші. Ислам әлемі елдерінің жетекші ғылыми-технологиялық үрдістерден қалып келе жатқанын ескере отырып, Ислам конференциясы ұйымының мүдделі елдері қатысуымен Халықаралық инновациялық орталықты құруды ұсынамын.

Үшінші. Шағын және орта бизнеске қолдау көрсету мақсатында Дүниежүзілік ислам экономикалық форумының арнайы жұмыс тобын құруды ұсынамын.

Бұл ретте, Ислам даму банкі жанынан Шағын және орта бизнес қорын құру мәселесін осы форумда талқылаған жөн болар еді.

Біз исламдық қаржыландыру тетіктерін тарту тұрғысынан мұсылман елдерімен ынтымақтастық жасауға мүдделіміз.

Сарапшылардың бағалауынша, Қазақстандағы ислам инвестициясының таяу жылдардағы өсу мүмкіндігі ондаған миллиард долларға дейін жетеді.

Төртінші. Біздің елдеріміздің сауда-экономикалық ынтымақтастығын кеңейтудің маңызды

шарты – көлік-коммуникациялық және логистикалық желінің болуы.

Бүгінде Қазақстан «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» халықаралық көлік дәлізін кеңейте отырып, өзінің геоэкономикалық жағдайын белсенді түрде пайдалануда.

Біз Қытай мен Парсы шығанағындағы жүк тасымалдау ағынын ұлғайту үшін жаңа темір жолдар салудамыз.

Мен «Қазақстан – Түрікменстан – Иран – Парсы шығанағы темір жол құрылысын қаржыландыруға Ислам даму банкінің белсенді түрде қатысуын ұсынамын.

Жалпы құны 1,5 млрд долларды құрайтын бұл ұзындығы 963 шақырым темір жол біздің елдердің арасындағы қарым-қатынас, экономикалық саудаға үлкен әсерін тигізетін болады деп есептейміз.

Бесінші. Азық-түлік қауіпсіздігін нығайту мақсатында Ислам конференциясы ұйымы аясында азық-түлік көмегін көрсету жүйесін әзірлеуді ұсынамын.

Бұған Ислам даму банкі және ИКҰ-ға мүше елдердің азық-түлік қоры топтары жүйесінде БҰҰ ААШҰ үлгісіндегі аймақтық қордың құрылуы негіз болар еді.

Оның штаб-пәтерін азық-түліктің экспорттық әлеуетін белсенді дамытушы ел ретінде Қазақстанда орналастыруды ұсынамын.

Құрметті форумға қатысушылар мен қонақтар!

Қазақстан ислам өркениетінің ажырамас бөлігі болып, оның болашағы үшін өзінің жауапкершілік үлесін толыққанды сезінеді. Сондықтан, ауқымды әлеуметтік-экономикалық және демократиялық реформаларды жүзеге асыра отырып, мұсылман елдерінің табысты да өсіп-өркендеген бола алатынын өз үлгісімен дәлелдеуге ұмтылады.

Сөз соңында Астанадағы VII Дүниежүзілік ислам экономикалық форумы біздің елдеріміз арасындағы ынтымақтастық пен диалогты кеңейтуге жаңа серпін береді деген сенім білдіремін.

Назарларыңызға рахмет.

**Шанхай ынтымақтастық ұйымының
10 жылдығына арналған Мемлекет
басшылары кеңесінің отырысында**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2011 жылғы 15 маусым

**Құрметті мемлекеттер басшылары!
Қымбатты қонақтар!**

Бүгін біз 10 жылдық бірлескен жұмысымыздың қорытындысын жасап отырмыз. Шанхайдан Астанаға дейінгі үлкен жолды басып өткен ШЫҰ-ны біз халықаралық қатынастарда бірегей институтқа айналдырдық.

Біріншіден, ШЫҰ түрлі өркениеттер мен мәдениеттерді алға тартатын мемлекеттерді біріктірді.

Екіншіден, осыдан 10 жыл бұрын Шанхайда Ұйымға мүше мемлекеттер өз халықтарының қауіпсіздігіне қарай тарихи қадам жасады.

Үшіншіден, ШЫҰ өзіне барынша келешектілі әлемдік экономиканы тартып отыр.

Өткен жылдарда Ұйымға қатысушы елдердің арасында экономикалық өзара іс-қимылды жетілдірдік. ШЫҰ-ның ішкі тауар айналымы 7 есе өсті. ШЫҰ елдері трансұразиялық коммуникациялар – автокөлік және темір жол, құбыр тарту желілері жобаларын жүзеге асыруға шықты.

Төртіншіден, біз экономикалық ынтымақтастық пен интеграцияны кеңейту үшін стратегиялық негіз құрдық.

Іскерлік кеңес және Банкаралық бірлестік құрылды, Ұйымның Экономикалық форумы тұрақты өткізіліп келеді. 2020 жылға дейінгі көп-тарапты сауда-экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Бесіншіден, Ұйым жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті нығайтуға баға жетпес үлес қосқанын атап өтті. Терроризммен, сепаратизммен және экстремизммен күрес туралы Шанхай конвенциясы қабылданды.

ШЫҰ-ның Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы қазірдің өзінде жаһандық қауіпсіздікті

қамтамасыз ету құралдары арасында лайықты орнын алды. Өңірлік терроризмге қарсы құрылымның қатысуымен 500-ден астам террорлық актілердің алдын алуға мүмкіндік туды.

Алтыншыдан, біздің Ұйымның саяси салмағы мен беделі тұрақты өсіп келеді.

Оның құрамына БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің 2 тұрақты мүшесі кіреді. ШЫҰ БҰҰ Бас Ассамблеясы жанындағы байқаушы мәртебесіне ие. Ұйымға мүше болғысы келетіндердің, байқаушылар мен әріптестік үнқатысу бойынша мүше болатындардың қатары өсе түсуде.

Жетіншіден, біз жаңа салалар – білім беру, денсаулық сақтау, экология және басқа да салалар кіретін өзара ықпалдастықты кеңейтудеміз.

Қазақстан ШЫҰ-ға төрағалығын біздердің тәуелсіздігіміздің және ұйымның өзінің мерейтойлық жылымен аяқтағалы отыр.

Біздің төрағалығымыздың жылында «Қауіпсіздік және ынтымақтастық жолындағы 10 жыл» ұранымен 110-нан астам бірлескен шара өткізілді.

«Бейбітшілік миссиясы-2010» бірлескен кең көлемдегі антитеррорлық жаттығуы өтті.

Ұйымның Есірткіге қарсы стратегиясы қол қоюға әзірленді.

Өткен жылы Ұйым Ауғанстандағы жағдайды реттеу үдерісіне айтарлықтай қолдау көрсетті.

Біздің елдеріміз өткен жылы ішкі өткір саяси дағдарысты өткерген Қырғызстан халқына шұғыл жәрдемдесті.

Көрсетілген көмектің жалпы көлемі 50 млн доллардан асады.

Төрағалық кезегін Қытай Халық Республикасына бере отырып, біз алдағы жылды Тату көршілік пен достық жылы деп жариялау туралы бастаманы толығымен қолдаймыз.

Жалпы алғанда, 10 жыл ішінде ШЫҰ жаңа тұрпаттағы халықаралық өңірлік Ұйымға айналды. Бұл бірінші мемлекетаралық қауіпсіздік құрылымы өзара сенім мен бірлікке негізделген. ШЫҰ-ның күрделі ХХІ ғасырдағы дамуының зор әлеуеті осында жатыр.

Қымбатты достар!

ШЫҰ-ның қалыптасу кезеңі табысты өтті. Енді ұйымның алдында тұрған жаңа міндеттер мен заманның жаңа сынақтары үшін шешімдер іздестіру қажет.

Өткен 10 жылда Ұйымның арқаулық қызметі негізінен 3 қасірет – терроризммен, экстремизммен және сепаратизммен күрес болды. Бүгінде есірткі синдикаты жаһандық аз қатер туғызып отырған жоқ.

Соңғы 10 жылда Ауғанстанда героин мен есірткі трафигі өндірісі 10 есеге өскен. Адамзатқа қарсы

осы қылмыстың шығу көзі мен себебі Ауғанстаннан шалғайда екені мәлім.

Ұйымға мүше мемлекеттер БҰҰ басшылығы мен Халықаралық Гаага трибуналына осыған байланысты үйлестірілген ұсыныстармен шығуы қажет. Халықаралық тергеулер жүргізіп, адамзатқа қарсы қылмысқа қатысушы барлық ұйымдар мен тұлғаларды жауапқа тартуы керек.

Барлық осы 4 көрінісі – терроризм, діни экстремизм, сепаратизм және есірткі бизнесі біздің елдеріміз бен бүкіл әлемге оларды тарату үшін әлем бойынша Интернет жүйелерін пайдаланады. Мұндай желілік орындату жалпы қатердің есебі бойынша бестен бірі. Сондықтан да Ұйым елдері оған күшті тосқауыл қоюы қажет. АҚШ-тың өзін-өзі қорғау тәжірибесі бар. АҚШ-та киберқауіпсіздік – киберқауіпке және кибертерроризмге қарсы кешенді шаралар жүргізуге бағытталған катал доктрина қабылданған.

Халықаралық құқыққа «электрондық шекара», «электрондық тәуелсіздік» деген жаңа ұғымдар енгізетін кез келді.

Біз ресейлік және қытайлық достарымыздың маңызды жұмысына қолдау көрсетіп, ШЫҰ-ның осы бағыттағы біртұтас топтасқан ұстанымын тұжырымдауға тиіспіз. Сонымен қатар бізге сындарлы ойлар, жаңа технологиялар әкелетін желілік барлық жағымды жайларға кеңінен ашық болуға тиіспіз.

Интернет агрессиясына қарсы «Киберпол» функциясын орындайтын ШЫҰ-ның арнайы органын құру мәселесін ойластыру қажет.

Біз ұйымның одан әрі даму негіздерін қалауға тиіспіз.

Бірінші. Негізгі жаһандық мәселелердің бірі – қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Біз терроризммен, экстремизммен және есірткі қауіпіне қарсы күресте өзара іс-қимылды әрі қарай тереңдетуіміз қажет.

Ол үшін Өңірлік терроризмге қарсы құрылымның материалдық-техникалық мүмкіндіктерін кеңейту керек.

Ұйымның аумақтық және өңірлік жанжалдарды реттеу жөніндегі кеңесін құруды ұсынамын, оның аясында ШЫҰ-ның жауапкершілік аймағындағы ықтимал «отты нүктелерде» алдын алу шараларын қабылдау қажет.

Осы жылдары біз көрші Қырғызстанда екі өткір саяси жанжалды және төңкерісті көрдік, біздің ұйым ешқандай қауқар көрсетпеді.

Екінші. Бізге мақсатты түрде ШЫҰ-да біртұтас көлік-энергетикалық кеңістік құру туралы мәселені дайындау қажет.

Біздің елдерімізде мұнай, газ, гидроресурстар бар және ірі тұтыну нарығы бар. Біздің мүдделерімізді біріктіріп, Құбыр жолдары мен электр тарату желілерінің еуразиялық тұтас жүйесін

жасау керек. Көлік құрамдасына келсек, алғашқы қадам – ғасыр құрылысы «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» автомагистралі (ұзындығы 8,7 мың км).

Осы мәселелермен арнайы құрылған ШЫҰ елдерінің Инфрақұрылымдық интеграциясы комитеті айналысар еді.

Үшінші. ШЫҰ аясында тығыз экономикалық ынтымақтастықтың жаңа тетіктерін құру маңызды.

Біз инвестиция мен сауда жолындағы кедергілерді барынша төмендетіп, келешектілі бірлескен өндірістерді құруымыз қажет.

Бірлескен жобалар мен инновацияны қаржыландыру үшін Даму қорын құруды тездетуді ұсынамын.

Әлемде азық-түлік қауіпсіздігі мен су пайдалану мәселелері асқынып тұр. Азық-түлік бағасы өсуде. Ауыз су Еуразияның орталық бөлігінің әрдайым аса құндылығы болып келеді.

Халыққа осы мәселені болдырмау керек. Қазақстанның ШЫҰ аясында Су және азық-түлік комитеті атты тиісті ұлттық ведомстволар басшыларының деңгейіндегі жаңа құрылым ашуды ұсынамын.

Төртінші. Қазақстандағы және Ресейдегі өткен жылғы өрттер мен Жапонияда болған жер сілкінісі төтенше жағдайлар жөніндегі орталық ашудың қажеттілігін дәлелдеп отыр.

Әріптестеріме Төтенше жағдайлар жөніндегі кеңес құрудың қажеттілігін де атап өткім келеді.

Бесінші. Тұрақты жұмыс істейтін ұлтүстілік болжау институтын құрудың уақыты жетті. Сонымен бірге, ШЫҰ дамуының біртекті болжамын да әзірлеу қажет.

Ол үшін барлық ұлттық болжамдық ресурстардың күшін біріктіріп, ШЫҰ Болжау орталығын ашу керек. Күштерді біріктіріп, «ШЫҰ – 2030», «ШЫҰ – 2050» болжамдық жобаларын әзірлеуге болады. Бұл алдағы уақытта орын алуы ықтимал жаһандық экономикалық дағдарыстарға қарсы тұру үшін керек. Өкінішке орай, бүгінгі күні дүние жүзінде бүкіләлемдік валюта-қаржылық архитектураның кінәратын табу проблемасы әлі шешілмеген.

Бізге алтынмен қамтамасыз етілген ұлтүстілік толыққанды валюта қажет. Оны қабылдау ШЫҰ-ның қолынан келеді. Своп-операциялар – осы істің жолындағы алғашқы қадам. ШЫҰ-дағы тең құқылы ынтымақтастық үшін қажет.

Мен айтқан ұлтүстілік 5 мақсат – әлемнің алдағы 10 жылғы дамуына қажетті маңызды шаралар. Бұл ұсынысты ШЫҰ-ның «Бес мейірімді ісі» деп атауға да болар еді. Біздің барлығымызға қажет басқа да ұсыныстар болатынына сенімдімін.

Қадірлі әріптестер!

ШЫҰ-ның ерекшелігі мен тартымдылығы өз мақсаттарын іске асыруда саяси-дипломатиялық, алға басу ұстанымдарын пайдалана білуіне байланысты.

ШЫҰ-ға мүше елдердің бәрі де, аумақтарының, тарихтары мен мәдениеттерінің әртүрлілігіне қарамастан, тең және бірдей дауысқа ие. Сол себепті әлемде ШЫҰ-ның қызметіне жаһандық тұрақсыздыққа нақты балама ретінде оң көзқараспен қарайды. Сондықтан да әлем біздің Ұйымымыздан үлкен үміт күтеді.

Бүгін Астанада Еуразиядағы бейбітшілік, тұрақтылық және қауіпсіздік жолында Шанхай ынтымақтастық ұйымына біріккен біздің халықтарымыздың тарихында тағы бір шешуші тарау ашылғанына сенімдімін.

Петербург халықаралық экономикалық
форумында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Ресей Федерациясы,
Санкт-Петербург қаласы,
2011 жылғы 18 маусым

**Құрметті форумға қатысушылар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Соңғы жылдары Петербург форумы аймақтық және жаһандық ауқымда нақтыланған экономикалық стратегияны әзірлеуге көмектесетін маңызды тетікке айналып келеді.

Форумның бүгінгі тақырыбының өзектілігіне де ешқандай күмән жоқ.

Бүгінгі күні әлем дағдарыстан кейінгі даму кезеңіне өтіп отыр. Дағдарыстан кейінгі даму өте күрделі әрі қатерлі кезең деп айтуға толық негіз бар. Осы кезеңнен өтуде әлемдік экономика мен саясаттың барлық субъектілеріне дүниежүзілік тиімді даму түйінін табу көп нәрсеге байланысты.

Біріншіден, әлемдік экономикалық және валюталық жүйеде күрделі өзгерістер бола ала ма?

Осы өзгерістердің қажеттілігі туралы көп айтылуда, бірақ іс жүзінде бірде-бір шара қолданылмай отыр.

Екіншіден, осы өзгерістер көп елдер мен олардың азаматтарының өміріне қалай әсер етеді?

Бүкіл әлемнің болашағы жаһандық мәселелердің себептерін түсіну және оларды шешудің кілтін табуға байланысты болып отыр.

Мен Петербург форумында осынау сындарлы мәселенің шешімін табуға маңызды қадам жасалар деген сенімдемін.

Құрметті форумға қатысушылар!

Дағдарыс өте терең экономикалық жарықшақтар салып кетті. Қазір олар дағдарысқа қарсы шаралар пакеті арқылы шығарылған арзан ақша топанымен жамап-жасқалуда. Бірақ біртұтас әлемдік экономиканың жарықшағы мұнымен бітелмейді, тек сырты ғана өзгереді. Сондықтан мұндай шаралардың дағдарысты толық еңсеруі неғайбіл. Әлі күнге жаңа экономикалық қатер-

лерге қарсы тұра алатын тиімді тетіктер табылған жоқ, сондай-ақ экономикалық тұрақтылықтың сақталуына біршама оң әсер ете алатын жинақтағы қаражаттың сақталуына кепілдік беруі мүмкін сенімді әлемдік резервтік валюта немесе өңірлік валюталар тобы ойластырылған жоқ.

«Кешегі күннің валютасын» қосымша эмиссия арқылы көбейту жаңа экономикалық толқуларды ұзақ уақытқа тұзақтай алмасы айқын болып қалды.

Олар көптеген елдердің экономикалық дамуындағы теңгерімсіздіктердің – жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, бюджет тапшылығының көптігі, мемлекеттік және жеке меншік қарыздар деңгейінің жоғарылығы секілділердің салдарынан туатын әлеуметтік жарылыстардың алдын алуға құдіреті жетпейді. Оған ЕО елдері – Грекия, Испания, Португалия, Ирландия және Таяу Шығыспен Солтүстік Африка елдері айқын мысал бола алады.

Тұтас алғанда, әлемдік экономиканың жандана бастауы оның орнығып-қалпына келуінің көрсеткіші емес.

Біркелкі болмаған соң, экономикалық дамудың өзі үлкен тәуекел тудырады. Жоғары дамыған елдер аздаған өсімге қол жеткізуде, бірақ оларда жұмыссыздық деңгейі сол қалпында қалып отыр. Ал дамушы елдер рыногы қызып кетудің үлкен тәуекеліне жақындап келеді.

Дағдарыстан кейінгі кезең азық-түлік ресурсының жетіспеушілігімен ерекшеленді. Қазір әлемдік ІЖӨ-нің 4,2 %-дан артығы мұнай өндіруге кететін шығындар болып отыр, ал бұл тарихи қалыптасқан 3 %-дан жоғары.

Осы дағдарыстың салқыны азық-түлік проблемасының асқынуына алып келді. БҰҰ-ның мәліметіне қарағанда, аштық қаупі 2008 жылы 963 млн адамға, ал 2009 жылы 1 млрд-тан артық адамға төнген.

Табиғи-климаттық және басқа да факторлардың қиындаған кезінде азық-түлік өндіру шығындарының артуы бүкіләлемдік азық-түлік дағдарысына алып келу қаупі бар.

Жаһандану экономикалық бәсекелестік пен әлеуметтік теңсіздікті күрделендіре түсуде.

Кейбір сарапшылардың бағалауына қарағанда, әлемнің жарты байлығын Жер тұрғындарының 2 %-ы ғана иеленіп отыр.

Қолдан шығарылған қағазды белсенді саудалау жалғаса түсуде, ол әсіресе соңғы кездері жылдам қарқынмен өсіп келе жатқан шикізат нарығының тұрғысынан жақсы көрінеді.

Қаржы секторы мен нақты экономиканың арасында тиімді теңгерімділік жоқ, алыпсатар капиталды қолдан күмпиту жалғасып жатыр.

Міне, осының бәрі әлемдік қаржы архитектура-сын тез арада реформалау үшін қарқынды және

тиімді шаралар қабылдауды қажет етеді. Мәселені созбұйдаға салмай, нақты іске асыруға көшу керек.

Әлемдік қоғамдастық дағдарыстан нақтылай шығу үшін жаңа және әділетті қаржы-валюталық архитектураға қарай сатылаған адымдар жасауы керек. Ал енді мұндай қадамдардың локомотивтері бірінші кезекте жаңа заманның лидерлері болары анық. Бірақ сол жаңа заманның қашан басталатыны әзірге белгісіз.

Ол үшін бізге осы дағдарыстың аяқталғанын және жаңа заманның басталғанын білдіретін белгілер мен критерийлерді анықтау керек шығар.

Бұл критерийлерді мен осыдан 2 жыл бұрын, 2009 жылдың ақпан айында, жарияланған «Дағдарыстың кілті» атты еңбегімде жариялаған едім. Әзірге оның бірде-бір тұжырымын ешкім де жоққа шығарған жоқ.

Біріншіден, бұл негізгі қолданушылар әзірлеп, әлем елдерінің көпшілігі өз халықтарының мүддесі үшін қабылдаған заңдылық критерийі, яғни әлемдік валюта туралы заңның (немесе келісімнің) болуы.

Екіншіден, бұл әлемдік валютаны шығару тетіктерін басқару мен процедураларының мөлдірлігі, яғни демократиялылық критерийі.

Үшіншіден, бұл қолданушылар мен тұтастай әлемдік қоғамдастық тарапынан әлемдік валюта эмитентін бақылау критерийі.

Төртіншіден, бұл негізгі субъектілер – елдер, компаниялар және азаматтар, әлемдік қоғамдастық алдындағы әлемдік валюта эмитентінің жауапкершілік өлшемі.

Кез келген сарапшы үстірт қарап шыққанның өзінде осы өлшемдердің бірде-бірі бойынша әлемде ешбір өзгеріс болмағанын анықтар еді.

Қазір әлемді жаһандық дағдарысқа душар еткен батыстың ескі даму парадигмасы өз қауқарсыздығын толық көрсетті. Оның орнына қазір жақын болашақта ХХІ ғасырдың мейнстримі болатын дамудың жаңа парадигмасы келе жатыр. Бұл – бұлжымас, айқын факт.

Мен біздің пленарлық отырыстың «Болашақта дағдарысты болдырмаудың жолдары қандай?» деген сұрақтың жауабы қысқа әрі қарапайым дер едім. Оның жауабы тез арада ұйымшылдықпен әрі мақсатты түрде тиімсіз қаржы-валюталық архитектураны ауыстыру болып табылады. Осыған байланысты мен мына өзекті мәселелерге назар аударғанды қалаймын.

Бірінші. Жаһандық қауіптер экономиканың шикізатқа тәуелділігінен құтылып, тұрақты және инновациялы дамуға көшу қажеттілігін көрсетіп отыр.

Қазақстан жаһандық сын-тегеуріндерге қарсы тұруға бағытталған іс-қимылдың өзіндік бағдарламасын әзірледі. 2010 жылы отандық экономиканың өсімі 7 % болды.

Біз осы қарқынды төмендетпеу мақсатын алдымызға айқын қойып отырмыз.

Қазақстан 2016 жылы ДЖӨ көлемін 15 мың долларға жеткізіп, табысы жоғары елдер тобына өтетін болады.

Ал өткен жылы біз Қазақстанның 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясын қабылдадық. Ол біздің еліміздің 10 жылдық кезеңіндегі жаңғыру бағыттарының негізгі бағыттарын айқындаған. Олар экономиканы үдемелі түрде әртараптандыру, адам капиталын дамыту, іскерлік және тартымды инвестициялық климатты қалыптастыру, халыққа қызмет көрсетуде жоғары сапаға жету және ұлт-аралық келісімді сақтау.

2015 жылға дейін құны 80 млрд доллар болатын және жаңадан 200 мың тұрақты жаңа жұмыс орнын ашатын 500-дей жоба іске асырылатын болады.

Біз орнықты экономикалық дамудың негізі мен инновациялардың басты қозғалтқышы адам капиталы екенін жақсы түсінеміз.

Сондықтан да дарынды балалардың әлеуетін ашуды көздейтін Зияткерлік мектептер жүйесін аштық.

Жоғары оқу орындарының инновациялық істерге өтуін қамтамасыз ететін жұмыстар жасаудамыз.

Инновациялық әлеуетті дамыту үшін Астана қаласында жаңа халықаралық университет пен инновациялық технологиялар паркін аштық.

Осынау зияткерлік алаңдар әлемдік деңгейдегі ғылыми орталықтарға, болашақтағы инновациялардың қайнар көзіне және оны іс жүзіне асыратын орындарға айналады.

«Батыс Қытай – Батыс Еуропа» автожолы, Каспий теңізіндегі Ақтау кемежайын дамыту Иран мен Қытайға тартылатын темір жолдар сияқты ірі жобалар асырылуда.

Орталық Азиядағы аса ірі іскерлік және қаржы орталығы – Алматы дамуда.

Біз Қазақстанды 2016 жылы сауда, логистика, іскерлік хаб және Орталық Азиядағы білімнің аймақтық орталығына айналдыруға барлық күшімізді жұмылдырудамыз.

Бұл елдер арасындағы экономикалық бірігуді күшейтіп, біздің еліміздің де, күллі өңірдің де халқының өмір сүру деңгейін арттырады.

Екінші. Ғаламдық экономикалық қауіптерді кез келген мемлекет өздігінен еңсере алмайды және болашақта жаңа экономикалық толқындарсыз дамуға кепілдік берілмейді.

Сондықтан да Қазақстан ТМД, ЕурАзЭҚ, ШЫҰ және басқа да бірлестіктер аясындағы интеграциялық үдерістердің қолдаушысы болып келеді.

Бұдан 4 жыл бұрын, осында, Санкт-Петербургте, Қазақстан, Ресей және Беларусь мүшесі болып табылатын Кеден одағын құру туралы талқыласақ, бүгінде ол табысты жұмыс істеуде. Оның бірінші жылының өзінде ғана Қазақстанның

әріптестерімен арадағы тауар айналымы ширек еседен артты.

Ал 2012 жылы біз интеграцияның қазіргіден де тереңдетілген деңгейіне, яғни Бірлескен экономикалық кеңістікке өтеміз, оның аясында капиталдың, еңбек ресурстарының, тауарлар мен қызметтердің еркін қозғалуы қамтамасыз етілетін болады.

Еуразиялық интеграция туралы Петербург форумында айтқан менің бірқатар идеяларым нақты көрінісін тапты. Бұл Астанада құрылған Ғалымдардың еуразиялық экономикалық клубы, Еуразиялық іскерлік конгресс және басқалары.

Үшінші. Кеден одағын құрғанымызбен, бізге ДСҰ-ға ену тиімді әрі стратегиялық жағынан маңызды екені айқындалып отыр.

Сонымен қатар әлемдегі халықтың 15 %-ы ғана тұратын жоғары дамыған 34 ел сыртқа шығарылатын өнімдердің жартысынан астамына (52,3 %-на) ие болып отыр.

Ал сол кезде дамушы мемлекеттердің қатарына енетін 150 елдің үлесіне жаһандық экспорттың үштен бірі ғана тиесілі.

Осының өзі ДСҰ шеңберіндегі жасалатын келісімдердің тең құқықты жағдайда емес екенін көрсетеді.

Мәселен, ауыл шаруашылығын алатын болсақ, бұл – Қазақстан үшін ғана емес, барлық дамушы

елдер үшін бәсекелестікке қабілеттігі өте төмен сала. Сондықтан біз бұл сектордағы мемлекеттік қолдауды сақтап қаламыз.

Жаһандық экономикадағы қазіргі жағдайды ескере отырып, Кеден одағы елдеріне ДСҰ-ның шеңберінен шығатын ДСҰ-ПЛИУС шарттарын қоспағанда оның тек негізгі келісімдерінің шарттарын сақтау қажет.

Сонымен бірге, Кеден одағы елдеріне кеден аумағының ішінде де, оның сыртында да біртекті (келісілген) сыртқы сауда қағидаттарын ұстануы аса қажет. ДСҰ – адамзаттың қол жеткізген үлкен жетістігі.

Қазақстан да, Ресей және басқа елдер сияқты, оның толыққанды мүшесі болуға ұмтылады. ДСҰ-ның атына айтылған тілектер осы ұйымға кіру үдерісін жемісті аяқтауға деген ниетімізді және барлық әріптестерімізбен бірге оның жаһандық экономикадағы рөлін күшейту жұмысымызды білдіреді.

Төртінші. Бүгінгі күні әлем энергетикалық қауіпсіздіктің жаңа қатерлеріне жолығып отыр.

Дүние жүзінің 1 млрд-қа жуық халқы бар дамыған елдері, әлемнің барлық басқа бөлігіне қарағанда, энергия ресурстарын 2 еседен артық жұмсайды. Шикізат ресурстарына иелік ету жолындағы күрестер әлемдегі ахуалды жаңа шиеленістерге әкелуі мүмкін. Халықаралық энергетикалық агенттік мұнай мен газды қайта

бөлу жағынан алғанда іс жүзінде тек энергоресурстарды тұтынушы импортер елдердің мүддесін ғана жақтайды. Сонымен бірге, баламалы энергетика көздерін табу бойынша барлық зерттеулерді үйлестіру ісі жоқ. Сондықтан мен Әлемдік энергетикалық ұйым құрудың қажеттілігі туды деп санаймын.

Ол әлемдегі энергетикалық ресурстардың барлық түрін өндіру мен бөлу және ғылыми зерттеулерді үйлестіруге тиіс. Бұл ұйым энергетика қауіпсіздігі саласында мониторинг жасаумен және барлық мәселелерді шешумен айналысуы керек.

Бұл іс әлемдегі кез келген энергияны, оның ішінде ядролық энергияны да артық проблемасыз және дүрбелеңсіз қолдануға мүмкіндік берер еді.

Әлемдік қауымдастық энергияны теңдестірілген пайдалануға деген бірлескен қағидаттарды тұжырымдай отырып, жаһандық экологиялық қауіпсіздік үшін негіз қалайтын болады.

Құрметті форумға қатысушылар!

Осы форумдағы пікірталас жаһандық экономиканың дағдарыстан кейінгі орнықты дамуына бағытталған жаңа бастамалар беретініне сенімдімін.

Қатысушылардың бәріне табыс және жемісті жұмыс тілеймін.

Ислам конференциясы ұйымына мүше
мемлекеттер
Сыртқы істер министрлері кеңесінің
38-ші сессиясында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2011 жылғы 28 маусым

**Қадірлі қонақтар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Сіздерді кеңпейіл Қазақстан халқы атынан
ыстық ықыласпен қарсы алғанымға зор қуанышты-
мын!

Биыл еліміздің тәуелсіздігінің 20 жылдығын
мерекелеп жатқан Қазақстан үшін Ислам кон-

ференциясы ұйымына төрағалық етудің тарихи маңызы өте зор.

Бүгінде бейбітшілік, ынтымақтастық және даму үшін Ислам конференциясы ұйымының қажеттілігі арта түскені бәрімізге белгілі.

Бұл ұйым – төрт құрлықтағы 57 мемлекетті біріктіретін «Ислам әлемінің өзіндік Біріккен Ұлттар Ұйымы» міндетін атқарып отырған бірегей құрылым болып саналады.

Ханымдар мен мырзалар!

Бүгінгі алмағайып заманда Умма салмақты проблемалармен бетпе-бет келіп отыр. Ислам қоғамдастығына бейбітшілік, жаңғыру, ғылыми-техникалық даму және өркендеу ауадай қажет.

Умманың жиынтық экономикалық әлеуеті шексіз және бізге өзара тиімді ынтымақтастық, өзара көмек және дамуға ықпалдастық тұрғысынан күш біріктірген ұтымды болады. Сауда-инвестициялық, технологиялық, әлеуметтік және білім беру бағдарламаларын іс жүзіне асыруда Ислам ынтымақтастығы біздің Ұйымның басты қағидаты рөлін атқарады.

ИКҰ-ға мүше мемлекеттер тұрғындарының орташа сатып алу қабілеті 9,5 мың долларды құрайды, ал Еуропа елдеріндегі мұндай көрсеткіш 24 мың доллардан асады.

Ислам конференциясы ұйымы елдер арасындағы дамудың өзінде үлкен ауытқымалық

бар. Мәселен, жан басына шаққандағы ІЖӨ аса дамыған және дамымаған мемлекеттер арасында 100 еседен астам айырмашылықты құрайды.

ИКҰ-ға мүше елдер әлемдік энергетикалық ресурстардың 70 %-ын бақылауында ұстап отыр. Алайда оларға әлемдік ІЖӨ-нің тек қана 7,5 %-ы және әлемдік тауар айналымының 11 %-ы ғана тиесілі.

Жағдайдың бұлай қалыптасуы біз үшін мүлдем орынсыз деп санаймын.

Біздің ұйымға мүше әрбір мемлекеттің, тұтас-тай алғанда Умманың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату қажет. Сондықтан ИКҰ-ға мүше мемлекеттердің экономикалық дамуы үшін интеграциялық стратегия дайындауды ұсынамыз.

Осыдан 3 апта бұрын өткен VII Дүниежүзілік ислам экономикалық форумында мен бірқатар нақты ұсыныстар енгіздім, олар негізінен қабылданды.

Атап айтқанда, он жетекші мұсылман экономикалық тобы үшін үнқатысу алаңын құруды ұсындым. Ұйымға мүше 57 мемлекеттің тек 10-ы ғана мұсылман елдері қоғамдастығы өнімі жиынтығының 80 %-ын шығарады.

ИКҰ шеңберінде БҰҰ ААШҰ үлгісі бойынша өңірлік қор түріндегі өзара азық-түлік көмек көрсету жүйесін құрып, мүдделі елдерде азық-түлік пулын ұйымдастырған жөн. Біз ондай ұйымның

штаб-пәтерін азық-түлік ресурсын экспорттайтын мемлекет ретінде Қазақстанда орналастыруға дайынбыз.

Бүгінде энергетикаға ауқымды инвестициялардың маңызы өте жоғары. Халықаралық энергетикалық агенттіктің бағалауынша, 2030 жылға дейін энергия қуатын өндіру және тасымалдау үшін 17 трлн долларды шығындау қажет болады.

Біздің еліміз «Болашақ энергиясы» тақырыбы бойынша «ЭКСПО – 2017» бүкіләлемдік көрмесін өткізуге өз кандидатурасын ұсынды. ИКҰ-ға қатысушы мемлекеттер тарапынан біздің бастамашылдығымыз қолдауға ие болады және ұйым мүшелері ұсынылған тақырыпты талқылауға белсене қатысады деп үміттенемін.

Мұсылман елдері проблемасын ішкі мәселелерді терең қарастыру арқылы шешу қажеттігіне сенімдімін. Ислам әлеміне дамудың шикізаттық бағытынан индустриялық-инновациялық қырына қарай көшу қажет.

ИКҰ аясында энергетикалық салада инвестициялық және технологиялық ынтымақтастық бойынша іс-әрекеттің бірлескен жоспарын әзірлеп, қабылдауды, сондай-ақ Халықаралық инновациялық орталық құруды ұсынамын.

ИКҰ аясында шағын және орта бизнесті қолдау жүйесін қалыптастыру ісі келешектілі бағыт болып табылады.

Біз Ислам даму банкі жанында Шағын және орта бизнестің арнаулы қорын құруды ұсынамыз.

Әлемдік экономикалық дағдарыс ислам қаржы-экономикалық моделінің тұрақтылығы мен өміршеңдігін айқындап берді. Умма әлемге ұсына алатын пайдалы және тиімді өнімдердің бірі ислам қаржыландыру жүйесі болып табылады.

Қазақстан өзінде Ислам банкін ашты. Біз Қазақстанда ислам қаржыландыруы мен өңірлерде исламдық қаржыландыру құралдарының бенчмаркингін құруды белсенді түрде алға жылжытудамыз.

Ислам банкингі жөнінде халықаралық конференция өткізуді, сондай-ақ Алматыны ислам қаржыландыруын қолданатын өңірлік қаржы орталығы ретінде дамытуды ұсынамын. Бұл конференцияны да сонда өткізуге болар еді.

Ақыраяғында ислам әлемі өзінің артықшылықтарының бірі – демографиялық өсім әлеуетін пайдаланып, оны тұрақты экономикалық дамудың ажырамас бір бөлігіне айналдыруы тиіс.

Халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша, 2030 жылы мұсылман әлемінде 2,2 млрд адам өмір сүретін болады. Бұл – планета халқының төрттен бір бөлігінен де артық деген сөз.

Орасан зор адам ресурстары сайма-сай білім және ғылыммен қамтылуды қажет етеді. Ислам

өркениетінің қайта өрлеуіне қызмет етіп, жаңа идеялардың алға жылжуына қабілет танытатын зияткерлік элитаны тәрбиелеу біздің міндетіміз болуы тиіс.

Орта ғасырларда ислам әлемге математика, химия, астрономия, медицина, сәулеткерлік, философия мен поэзия салаларында ұлы жаңалықтарды сыйлады.

Бағдад, Кордова, Толедо, Александрия секілді қалалар бүкіл әлемнің интеллектуалды орталықтары болып табылды. Олар ғалымдар, әдебиетшілер мен кітап шығарушылардың ірі қауымдастығын өздерінде шоғырландыра білді.

Мұсылмандар көрші елдердің қызығушылығы мен таңданысын туындатқан қуатты интеллектуалды өркениетті құра алды.

Қайта өрлеу заманының қарсаңында христиандық Еуропа шығыс киімдерін киді және мұсылмандардың философиялық шығармаларын оқуды дәстүрге айналдырды.

Араб цифрлары мен есептеу жүйесінің пайда болуы математикада, алгебрада, геометрияда танымдық төңкеріске әкелді. Осының негізінде Еуропаның мұнан кейінгі өркендеуіне қызмет еткен оқытушылық жүйесі қалыптасып, сәулеткерлік пен сауда дамыды.

Міне, осындай қуатты тарихи іргетасқа сүйене отырып, біз ислам өркениетінің интеллектуалдық рөлін бірлесе қайта жаңғыртуға міндеттіміз.

Мұсылман әлемінің интеллектуалдық ұлылығы мен жасампаздық күш-қуаты неліктен жоғалғандығын зерттеп, түсінуіміз қажет.

Ислам елдері бай табиғи, адами, қаржылық ресурстарға ие бола отырып, неліктен әлемдік даму деңгейінде жоғары орындарға ие бола алмады?

Неліктен ислам университеттері әлемдік жоғары білім жүйесінде өздерін көрсете алмай отыр?

Соңғы 20 жылда мұсылман елдерінде жаратылыстану және техникалық ғылымдар саласында әлемдік деңгейдегі жаңалық ашулардың болмау сыры неде?

Бұл шындықты байқамаудың өзі мүмкін емес.

Әлемдік деңгейдегі алдыңғы қатарлы идеялардың пісіп-жетілуі мен жаңалықтардың ашылуына ақша мен табиғи ресурстар емес, бірінші кезекте интеллектуалдық орта мен қоғамдық-саяси ахуалдың қажет болатындығы әбден айқын.

Бірқатар мұсылман мемлекеттер бүгіннің өзінде осы бағытта әрекет жасап келеді.

Оларда әлемдік деңгейдегі университеттер ашылуда.

Астанада ашылған Халықаралық университет солардың бірі болып табылады. Мұнда инженерлік, жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық мамандықтар бойынша әлемдік деңгейде білім берілуде.

Пайғамбар, оны Жаратқанның өзі жарылқасын, білімге бара жатқан адам Алланың жолына түседі деген болатын.

Құрметті достар!

ИКҰ жаһандық деңгейдегі жаңа ұсыныстарды әзірлеп, шешімдер қабылдау үдерісіне белсене қатысуы тиіс деп есептеймін.

G-20 саммиттерінің жұмысына ИКҰ өкілдерінің қатысу мүмкіндігін қарастыруды ұсынамын. Бұл «жиырмалықтың» өкілеттілігін арттырып, ИКҰ елдеріне халықаралық «күн тәртібіндегі» маңызды мәселелер жөнінде өздерінің топтастырылған ұстанымын қорғауға мүмкіндік берген болар еді.

Халықаралық ынтымақтастықтың күшеюін жалпы мұсылмандық экономикалық интеграция мен өзара іс-қимылын дамытудың сапалы кезеңі деп есептейміз. Орталық Азия мен ынтымақтас-тық жөніндегі ИКҰ әрекеттестік жоспарының әзірленуі осыған жақсы мысал бола алады.

Ауғанстандағы тұрақсыздық біздің бәрімізді мазасыздандырып отыр.

Ұйымның өзі есірткі бизнесімен күрес жөніндегі өзіндік мүмкіндіктерін толық пайдаланып отырмағандығын мойындауымыз керек. Соңғы 10 жылда ауған героинының өндірісі мен есірткі трафигі 10 есе өсті. Біз есірткі бизнесімен күресте және көптен бері зардап шегіп келе жатқан ауған

халқына көмек көрсетуде өз мүмкіндіктерімізді толық пайдаланып отырғанымыз жоқ.

Ауғанстан жөніндегі, ИКҰ арнаулы өкілінің қызметін белсенді етумен қатар, ИКҰ аясында осы елге көмек көрсету мәселесімен шұғылданатын арнаулы жұмыс тобын құруды ұсынамын.

Жаһандық сын-қатерлер алдында Умmanın барлық мемлекеттерінің күш-жігерін біріктірудегі біздің ұйымның белсенділігі мен институционалдық рөлін күшейту қажет.

Дакарда 2008 жылы қабылданған ИКҰ жаңа Жарғысы бізді осыған бағыттады. Ол ұйымды ИКҰ-ны реформалау мен жалпы жаңғырту ыңғайында жаңа сипаттама беруге, оның органдарының тиімділігін арттыруға шақырады. Атап айтқанда, ИКҰ-ға тиімді орган – терең болжау-талдау жұмыстарын жүргізе алатын, мемлекет басшыларына ұйымның өз ішінде және бүкіл әлем бойынша оқиғалардың өрбу жағдайына байланысты мүмкін сценарийлер мен нұсқаларды ұсына алатын институт немесе орталық қажет.

Қазақстан бастамашылдығы бойынша Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін құрылуы Азия құрлығында қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың көпжақты тамаша құралына айналды. Оған қатысушы 24 мемлекеттің 15-і ИКҰ мүшелері болып табылады.

Біздің жабыла күш жұмсауымыздың арқасында ИКҰ-ның АӨСШК, ЕҚЫҰ, ШЫҰ-мен үнқатысуы-

ның негізі орнықты. Біз оны одан әрі дамытуға барлық жағынан ықпал етуге ниеттіміз.

Қазақстанның бүкіл әлемдегі қуаттылығы жөнінен төртінші ракеталық-ядролық арсеналдан өз еркімен бас тартып, Семей ядролық полигонын жапқандығы, ядролық қарудан тыс Орталық Азия аймағын құрудың белсенді қатысушысына айналғандығы өздеріңізге белгілі.

Мен өз халқымның атынан Қазақстан Президенті ретінде сіздерді Таяу Шығыста ядролық қарулардан ада аймақты құруға, ал болашақта ядролық қарусыз әлемді қалыптастыру ісіне белсене қатысуға шақырамын.

Халықаралық терроризм, ең алдымен, мұсылман әлеміне үлкен қатер төндіруде. Бізге ислам мемлекеттерінің осы қатерге қарсы тұратын сайма-сай тәсілдерін бірлесе отырып әзірлеу қажет.

Палестиналықтардың өз мемлекетін құру жөніндегі заңды құқықтарының жүзеге аспауы, Шығыс Иерусалим мәртебесі туралы мәселенің шешімсіздігі, босқындардың ауыр жағдайы тек Таяу Шығыста ғана емес, сонымен қатар, одан шеткері аймақтарда да күрделі жағдайдың қалыптасу көзі болып отыр.

Біз өңірде БҰҰ қарарымен сәйкес бейбіт реттеу жөніндегі бастамашылдықты қолдаймыз.

Қазақстан ИКҰ-ға күрделі кезеңде төрағалық етіп отыр. ХХІ жүзжылдықтың басында ислам

әлемі елеулі әлеуметтік-экономикалық проблемаларға және саяси сілкіністерге тап келді. Таяу Шығыста және Солтүстік Африкада орын алған оқиғаларға талдау жасау бұл сілкіністердің басты себебі ол елдердегі шешілмеген әлеуметтік-экономикалық проблемалар болып отырғандығын көрсетеді.

Қазақстан тәуелсіздік алған кезеңнен бастап халықтың әл-ауқатын көтерудің басты тұғыры экономикалық даму екендігіне басымдық берді және біз дұрыс қадам жасадық.

Тәуелсіздіктің 20 жылдығы ішінде жан басына шаққандағы ІЖӨ 12 еседен астам өсіп, 10 мың долларды құрап отыр. Біз жақын арадағы 5 жыл мерзім ішінде бұл көрсеткішті бір адамға шаққанда 15 мың долларға жеткізуді көздеп отырмыз. Бұл алынатын меже.

Тәуелсіздік жылдары ішінде қазақстандықтардың табысы 17 есе өсті. Міне, осындай жетістіктердің арқасында жыл сайын біздің бірнеше миллиондаған азаматтарымыз шетелдерде демалуға мүмкіндік алады, 30 мыңнан астам жас қазақстандық шетелдердің алдыңғы қатарлы беделді оқу орындарында дәріс тыңдауға мүмкіндік алды.

Жаһандық дағдарыстың ауыр кезеңінде Қазақстанда жұмыссыздық өскен жоқ, керісінше, төмендеді.

Небәрі 10 жыл ішінде, бүгін өздеріңіз қонақ болып отырған жаңа астана – Астана қаласы салынды.

Экономикаға басымдық беру бізді тиімді қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, қоғамдағы рухани келісім және саяси тұрақтылыққа қол жеткізуге әкелді.

Ислам қағидаларын қайта пайымдау және сақтау, қоғамды жаңғырту – міне, біздің даму жолымыздың траекториясы осындай.

Қазақстан – мұсылман тұрғындары басым зайырлы мемлекет. Біз барлық мұсылмандардың бір-біріне және өзге діннің барлығына деген оқығандығы, біркелкі қарауы және тағаттылығы негізінде бірігуін жақтаймыз. Біз мәдени-діни дәстүрлерді және әртүрлі этностардың ерекшеліктерін сақтай отырып, әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуға және халықтың әлеуетін одан әрі көтеруге басты басымдық береміз.

Мұсылман мемлекеттері неғұрлым табысты болса, солғұрлым әлемде ислам бейнесі тартымды болмақ.

Әлемдік саясаттың өте күрделі проблемаларының бірі мұсылман әлемінің басқа әлеммен, бірінші кезекте Батыспен күрделі қарым-қатынасы болып отыр.

Мұсылман әлемінің бүгінде батыстық пайым бойынша бірінші кезекте радикалды бөлігі

басымдылық алып, әлем жұртшылығы көзқарасы бойынша негізсіз үрей туғызады. Бұл ретте исламның бірінші кезекте жалпы адамзаттық құндылықтарды адамгершілік, төзімділік және әділеттілік қасиеттерді насихаттайтындығын атап көрсету керек. Ислам дінінің негізгі тұғырының экстремистік, оның ішінде діни танымдарды жамылатын террорлық құрылымдармен ешқандай байланысы жоқ.

Терроризмнің салдарынан ең бірінші ислам мемлекеттерінің азаматтары зардап шегетіндігі белгілі.

Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде былай делінеді: «Дін – зорлық-зомбылықтан бас тарту. Ешқандай мұсылман баласы зорлық-зомбылықты қолдауға тиісті емес».

Біздің алдымызда екі өте маңызды міндет тұр.

Бірінші – саяси идеология ретінде діни фундаментализмге қарсы тұруды үйрену. Біз исламның саяси зорлық-зомбылықпен, экстремизммен және терроризммен ешқандай байланысы жоқ екендігін анық етіп мәлімдеуге тиістіміз.

VII Дүниежүзілік ислам экономикалық форумында мен біртұтас медиалық ислам жобасын жасау жөнінде ұсыныс жасадым.

Қазір осы жобаға қарсы Интернетте «жаңа медиалық» қуатты қарсылықтар қарқын алуда. Осыған байланысты мен мұсылмандық рухани құндылықтарды тарататын, жастардың ислам

діні мен мәдениетіне деген қызығушылығын арттыратын, біздің ұйымымыздың қызметін насихаттайтын e-ISLAM интернет-ресурсын құруды ұсынамын.

Екінші міндет – мұсылман әлемі және Батыс әлемі арасындағы ашық және әділетті үнқатысуды барынша жандандыру керек.

Қазақстанның ИКҰ-ға төрағалығы, міне, осы игілікті мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған.

2008 жылы Астанада бірінші рет мұсылман әлемі мен Батыстың сыртқы істер министрлерінің конференциясы өткізілді. Бізге Батыс және Умма мемлекеттері арасындағы өзара түсіністікті тереңдету жөніндегі үнқатысу үшін 60-тан астам мемлекет пен халықаралық ұйымның өкілдерін жинауға мүмкіндік туды.

Менің ойымша, ресми тұлғалардың осындай үнқатысуын өткізуді жалғастыру қажет.

Қасиетті Құранда мұсылман емес адамдармен пікірталас және үнқатысу негізін жүргізу туралы былай делінеді: «Жаратқанның қасиетті жолына ғұламалықпен және ізгі ісіңмен баста және олармен болатын пікірталасты ізгілікпен жалғастыр».

Бұл әртүрлі пиғылдағы экстремистердің әлемде өзара жаулық дәнін сеуіп, «өркениеттер қақтығысы» деген текетіреске тартып жатқан кезеңде ерекше маңызды болып табылады. Бұл негізінен дұрыс емес және құрдымға апаратын себеп.

Христиан және мұсылман өркениетінің қақтығысына бізді итермелейтін бұл пиғыл біздің планетамыздағы тіршілікті жойып жіберуге әкеліп соғатындығы әбден мүмкін. Неліктен бұл барлығымызды тоқтата алмайды? Осы мәселе төңірегіндегі салиқалы ой бізді бейбітшілікті және өзара түсіністікті қалыптастыруға итермелеуге тиіс.

Тарихи тұрғыдан ислам, христиан және иудаизм өзара бір-бірімен жақын, біздің діндеріміз өзара тәуелді және бірін-бірі толықтырып отырады. Біз бір ғана Құдайды мойындаймыз, біздің діндерімізде бір ғана ыбырайымдылық – абрамдық негіз бар.

Біз «өркениеттер қақтығысының» орнына «өркениеттер бірлестігін» ұсынамыз. Біз өзара қақтығыстың орнына барлық әлем еститіндей мұсылман және христиан әлемі арасындағы ашық та әділетті үнқатысуға шақырамыз. Мұндай қадам Умма тарапынан исламға деген құрмет пен сенімділікті арттырады.

Қазақстанда мұсылман мешіттерінің мұнаралары, христиан храмдары мен иудейлік синагогалардың күмбездері бейбіт қатар өмір сүреді, сіздердің оларға баруға және көруге мүмкіндіктеріңіз бар. Бізде 130-дан астам этностың өкілдері бейбіт қатар өмір сүреді. Бұл іс жүзінде біздің еліміздің бейбітшілік және толеранттылықты насихаттауға қосқан үлесі болып табылады.

Қазақстан өткен жылы ең ірі еуро-атлантикалық ұйым ЕҚЫҰ-ға төрағалығын аяқтағаны белгілі. Осы Астанада, нақ өзіміз отырған осы залда 11 жыл үзілістен кейін алғаш рет осы ұйымға мүше Мемлекеттер басшыларының саммиті өтті.

Біз ЕҚЫҰ-ға төрағалығымыздың мүмкіндіктерін ИКҰ шеңберіндегі байланыстарды кеңейтуге, мұсылман әлемі мен Батыстың түсіністігін тереңдетуге, Орталық Азия проблемалары мен сұраныстарына Еуропа мен АҚШ-тың назарын аударуға пайдаландық.

ЕҚЫҰ-ға төрағалығының бай тәжірибесін пайдалана отырып, Қазақстан, ИКҰ министрлік конференциясын басқарғанда, біздің ұйымымыздың кез келген проблемаларын шешу жолындағы жан-жақты үнқатысу алаңын дайындауға дайын.

Бізде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің қалыптасқан әлеуетін пайдалану жөніндегі жақсы мүмкіндіктер бар.

Кезекті төртінші съезд Астанада 2012 жылы өтеді. Біздің әңгімемізді жалғастыру үшін құрметті дін өкілдерін оған қатысуға шақырамын.

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Астаналық үнқатысу алаңы Батыста, сол сияқты Шығыста да болып жатқан көп реттегі конфессияаралық қақтығыстардың алдын алуға және оларды шешуге ыңғайлы мүмкіндік береді.

Құрметті достар!

Сөз соңында бүгінгі Форум мұсылман әлеміндегі қауіпсіздік пен есендікті нығайтуға лайықты үлесін қосады деп сенім білдіремін.

Бүгін қазақ жерінде Ұйымды жаңаша – Ислам ынтымақтастығы ұйымы деп атай бастау – біздің жаңаруымыздың, бірлігіміздің және үмбеттің бәсекеге қабілеттілігінің символы болады деп сенемін.

Біздің Ұйым халықаралық «күн тәртібін» қалыптастыруға белсендірек қатысады деп үміт артамын.

Қазақстанның Ұйымға төрағалығы «Бейбітшілік, ынтымақтастық және даму» ұраны аясында өтуі бекер емес. Осы үш өлшем бойынша біршама жетістіктерге қол жеткізген біздің еліміз Ислам ынтымақтастығы ұйымы беделінің арта түсуіне күш салады.

Сессиядағы жұмыстарыңызға сәттілік және табыс тілеймін!

Қазақстан Республикасы Парламенті
төртінші шақырылымы V сессиясының
ашылуында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2011 жылғы 1 қыркүйек

Қымбатты депутаттар!

Таяуда кезекті сайлау өтіп, Сенат құрамының жаңарғанын білесіздер. Сайлауда ел сеніміне ие болған жоғарғы палатаның жаңа өкілдерін шын жүректен құттықтаймын.

Қазақстанның және өздеріңіз сайланған өңірлердің игілігі үшін атқаратын еңбектеріңізге жеміс тілеймін!

Алдағы V сессия баршамыздан жоғары жауапкершілік пен асқан ұйымшылдықты талап етеді. Себебі бұл сессия қастерлі тәуелсіздіктің 20 жылдық мерейлі тойына орайлас келді.

1991 жылғы 16 желтоқсанда «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық заң қабылданған еді. Осы заң арқылы еліміздің арайлы азаттығы салтанатты түрде жарияланды.

Біз азаттықтың 20 жылында тарихымызда ешқашан болмаған биікке көтерілдік.

Құрметті Парламент депутаттары мен Үкімет мүшелері!

Бүгінгі сессияның маңызы айрықша. Бұл – төртінші сайланған Парламенттің жұмысын қорытындылайтын жауапты сессия.

Мәжілістің қазіргі құрамы алғаш рет партиялық тізім бойынша сайланғанын білесіздер. Оның құрамында Қазақстан халқы Ассамблеясынан тұңғыш рет сайланған депутаттар жұмыс істеп жатыр.

Үкіметіміз «Нұр Отан» партиясының Парламенттегі басым көпшілігінің қолдауымен жасақталып, жұмыс жүргізуде.

Заң шығарушы билік пен атқарушы билік арасында сындарлы қарым-қатынас орныққан.

Депутаттар күрделі жаһандық дағдарыс жағдайында жоғары кәсіби белсенділікпен жұмыс

жүргізді. Үкіметпен бірлесе отырып, дағдарысқа қарсы заңдық құжаттар әзірленіп, қабылданды және ол табыспен іске асуда.

Қазақстан жаһандық экономикалық күйзелісті жеңіп шыға алған әлемдегі аз ғана елдің бірі болды.

Осы жетістіктеріміздің арқасында тәуелсіздіктің 20 жылдық торқалы тойын қарсы алғалы отырмыз.

Біздің экономикамыз қайтадан ерекше қарқын алуда. Алғашқы жартыжылдықта ішкі жалпы өнім көлемі 7,1 % құрады. Оның үстіне өңдеу өнеркәсібі саласындағы өндіріс көлемі 8 % артты. Индустриялық-инновациялық даму бағытының арқасында қазірдің өзінде биылғы жылы ішкі жалпы өнім өсуінің үштен бірі қамтамасыз етілді.

Өткен жылы елімізде Индустрияландыру картасына енгізілген 152 кәсіпорын ашылды. Биылғы жылы инновациялық үлгідегі 204 кәсіпорын ашу жоспарланып отыр.

Аграрлық сектор жоғары қарқынмен дамуда. Тек биылғы жылдың өзінде ғана ауыл шаруашылығына мемлекеттік қолдау ретінде 177 млрд теңге қаржы бөлінді. Соңғы 5 жыл ішінде ауыл шаруашылығы саласын бюджеттен қаржыландыру көлемі 670 млрд теңгені құрады. Бұл – орасан ауқымды теңдессіз көрсеткіш. Барлық өңірлерде тұрақты азық-түлік қорлары құрылды.

Дүние жүзіндегі дүрбелеңге қарамастан, Қазақстанда жалақы мен зейнетақы көлемі арта түсуде.

Білім және денсаулық сақтау салалары да жоғары қарқынмен дамуда. Мемлекеттік «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы бойынша 101 мектеп және 50 денсаулық сақтау мекемесі салынды. Таяу жылдарда бүкіл елімізде 400-ден астам жаңа мектеп, 350-дей аурухана, емхана және фельдшерлік пункттер ашылады.

Әлемдік білім беру орталықтарының үлгісімен құрылған еліміздің маңдайалды жоғары оқу орны – Назарбаев университеті жұмысын жүргізе бастады.

Осы орасан жетістіктерге Парламент депутаттары зор үлес қосты. Өткен сессияда түрлі мәселелер бойынша 141 заң қабылданып, 76 халықаралық келісім ратификацияланды.

Осының бәрін сіздердің тәуелсіздік тойына жасаған лайықты тартуларыңыз деп білемін. Сол үшін сіздерге зор ризашылығымды білдіріп, шын жүректен рахмет айтамын.

Құрметті депутаттар мен Үкімет мүшелері!

Парламенттің V сессиясы өзінің жұмысына Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында кірісіп отыр.

Біздің барлық табыстарымыз заң шығарушылардың тер төге жұмыс істеген еңбегінсіз, биліктің

барлық тармақтарының үйлесімді іс-қимылынсыз мүмкін болмас еді. Мен барлық депутаттарға осы үлестері үшін ризашылығымды білдіремін.

Бүгінде Қазақстан алмағайып дүниенің бөлшегіне айналды. Біз белсенді, теңдестірілген сыртқы саясат жүргізіп, көршілерімізбен интеграцияны кеңейтудеміз, әлемнің жетекші елдерімен ынтымақтастығымызды нығайтудамыз.

Кеден одағына қатысуымыз қазірдің өзінде өзара сауда-саттықта айтарлықтай өсім беруде. Ресейге экспорт 60 %-ға, Беларусьқа 2,3 есеге ұлғайды.

Астанада Шанхай ынтымақтастық ұйымының алдағы ондаған жылдарды қамтитын даму жолын айқындаған тарихи саммиті өткізілді.

Қазақстан Ислам ынтымақтастығы ұйымының төрағалығына кірісті.

Біз таяудағы жылдар өзіміз үшін және бүкіл әлем үшін қамсыз отырудың уақыты емес екенін түсінуге тиіспіз.

Әлемнің дамуы күрделі екені талассыз.

Біріншіден, жаһандық экономиканың үрдістері көңіл жұбатарлықтай емес. Қаржы рыноктары тұрақсыз, әлемдік бағалар құбылып тұр. Көптеген онжылдықтардан бері алғаш рет АҚШ-тың рейтингілік позициясы төмендеді. Еуропалық Одақ экономикалық проблемаларына малтығып жатыр. Еуропадағы әлеуметтік толқулар қазірдің

өзінде ірі қалаларда жаппай ойрандау мен тонауларға ұласа бастады.

Әлем бұрынғы дағдарысты жылдардан тиісті қорытынды шығарған жоқ. Және де қазір ешкім тіпті таяудағы айларға да дәл болжам айта алмайды. Жаңа жаһандық экономикалық модельге көшу идеясы күні бүгінге дейін тек пікірталас тақырыбы ғана болып қалып отыр.

Екіншіден, әлем қауіпсіздіктің айтарлықтай қатерлерімен бетпе-бет келуде. Африкадағы жаһандық аштық ошағы қазірдің өзінде ондаған миллион адамды қамтыды. БҰҰ болжамы бойынша, аштық біздің Орталық Азиядағы бірқатар көршілес мемлекеттерге де қатер төндіруі мүмкін. Сәйкесінше, заңсыз миграциялармен, эпидемиялармен, жанжалдармен байланысты қауіп-қатерлер де біршама жоғарылауда.

Әлемдік ақпараттық кеңістік те «ұрыс даласына» айналуда. Жаһандық желіде «интернет-қарақшылардың» қылмыстық тобы лаң салуда. Олар шабуылдар ұйымдастырып, компанияларға, банктерге, тұтастай мемлекеттерге зиян шектіруде.

Үшіншіден, әлем айтарлықтай геосаяси өзгерістер табалдырығында тұр.

Таяу Шығыс тасқындап жатыр. Біздің шекарамыз маңында да тыныштық жоқ. Мемлекеттердің барлығы бірдей тұрақсыздық толқынына қарсы тұра алмайды. Этносаралық және дінаралық жанжалдар тәуекелі өсе түсуде. Жақында бүкіл

әлем бейбіт Норвегиядағы жантүршігерлік терроризмнен есеңгіреп қалды. Халықаралық терроризмнің жаңа тықсыру қатері жоғары күйінде қалып отыр.

Жаңа қауіп-қатерлер алдында экономикамызды, мемлекетімізді және қоғамымызды бекемдеу – біздің ортақ парызымыз. Барлық билік тармақтарының, оның ішінде Парламенттің де алдағы жұмысының басты мән-маңызы осында.

Құрметті депутаттар!

Қазақстанның ағымдағы және дамудың стратегиялық жоспарларын есепке қоса алғанда, V сессия барысында Парламентке заң шығарушылық міндеттердің төрт блогын шешу қажет.

Бірінші. Біздің экономикамызға, әсіресе, басым салалардағы инновациялық үдерістерді ынталандыратын нақты заңнамалық нормалар ауадай қажет.

Үкімет «Индустриялық-инновациялық қызметтерді мемлекеттік қолдау туралы» заң жобасын дайындады. Жақын арада ол Мәжіліске түседі. Оны жедел түрде қарап, 2012 жылдың басында іске қосу керек.

Кезекті маңызды міндет – энергетика саласының инвестициялық мүмкіндіктерін арттыратын заңдар қабылдау.

Энергетиканы дамыту – біздің тәуелсіздігімізді нығайту мәселесі. Парламент қазірдің өзінде

қолданыстағы заңнамалық актілерге бірқатар түзетулер мен толықтыруларды қарастыруда. Олар энергия ресурстарын тұтыну сапасын жоғарылататын бірқатар шараларды қамтиды. Жақын уақытта осы заңдарды қарауды аяқтау маңызды.

Менің тапсырмаммен Үкімет «Энергия үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру туралы» заң жобасын дайындады. Осы маңызды заңды қарауға тезірек енгізу керек.

Сіздердің естеріңізде болар, жақында Оңтүстік Корея Президентінің біздің елімізге ресми сапары болды. Біз Балқаш ЖЭС-і құрылысы туралы әңгіме қозғағанымызда, ол маған Қазақстанның электр энергиясы желілеріндегі шығын 20 %-ды құрайтынын, ал Кореяда бұл сан 4 % ғана екенін айтты.

Біздің Үкімет осы орасан тәжірибені үйренумен неге айналыспайды? Біз электр энергиясын бірінші кезекте ескі өндірістерде жоғалтып жатырмыз. Біздің азаматтарымыз электр энергиясын ғана емес, сондай-ақ жылуды, суды және басқа да ресурстарды үнемдеп үйренген жоқ. Кедендік одақ мүшелеріне, оның үстіне Бірыңғай экономикалық кеңістікте ұтылатын боламыз. Сондықтан адамдарға белсенді насихаттап, түсіндіру керек, Үкіметке мұнымен өте салмақты айналысу қажет. Осы ретте бұл заң, оның қабылдануы жақсы ынталандыру болады.

Парламентте 1 жылдан бері банк және қаржы ұйымдары қызметін тәуекелдерді азайту

тұрғысында реттеу туралы заң жобасы қаралуда. Өткен жылдың соңынан бері жобалық қаржыландыру туралы заң төңірегіндегі пікірталастар жалғасып келеді.

Мен әлемдік қаржы жүйесіндегі қауіпті ахуалға тағы да назар аудармақпын. Бұл заң жобалары барлық қаржы қызметін пайдаланушыларға қатысты құқықтық кепілдіктерден тұрады. Осы заңдардың тезірек қабылдануын сұраймын.

Біз сіздермен бірге осыдан 3 жыл бұрын біздің банк жүйесінің қандай күйге ұшырағанының куәсі болдық. Ешкімнің және ештеңенің бақылауында болмаған банк жүйесі осындай ауыр жағдайларға әкеліп соқтырды. Сондықтан бізге қазіргі күні бәрін егжей-тегжейлі айқындап беретін заң жобалары қажет.

Тағы бір маңызды міндет – мен ұсынған «Халықтық IPO» бағдарламасын іске қосу үшін құқықтық арқау жасау. Аталмыш жобаның әлеуметтік құрамына депутаттар назарын аударамын. Ол – қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру және сонымен бірге бизнес пен тұрғындар арасындағы сенімді ұлғайту мүмкіндігі. Тиісті заң жобасын қысқа мерзім ішінде қарауға енгізуді Үкіметке тапсырамын және депутаттардан оны кешіктірмей қарауды сұраймын.

Біздің стратегиялық міндетіміз елдегі бизнес-ахуалды үнемі жақсартып отыру.

Осы орайда мемлекеттік органдардың бизнестің жаңа субъектілерін жоспарлы тексеруіне ол тіркелген сәттен бастап 3 жыл мерзімге дейін заңды түрде тыйым салу қажет деп есептеймін.

2012–2014 жылдарға арналған үш жылдық бюджетті қалыптастыруға сындарлы әрі негізделген көзқарас таныту қажет. Ол экономикалық және әлеуметтік дамудың барлық міндеттерін шешуді жүзеге асыратындай тұрғыда теңдестірілген болуы тиіс.

Міндеттердің екінші блогы – одан әрі әлеуметтік жаңғырту үдерісін заңдық тұрғыда қамтамасыз ету.

Бірінші кезекте білім беру мен ғылымның құқықтық арқауына түзетулер енгізу керек. Оны халықаралық стандарттарға сәйкестендірудің маңызы зор. Білім беру мекемелерін жан басына қаржыландыру және білім беру қызметі саласындағы мемлекет-жекеменшік әріптестігі қағидаттары заңмен бекітілуі тиіс. Білім беру несиелерін кепілдендіру жүйесін дамыту үшін құқықтық жағдайлар туғызудың да маңызы зор. «Білім беру туралы» Заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізудің мәні де осында.

Зияткерлік меншік нарығын дамыту үшін заңнамалық арқау жасау қажет. Бұл қазақстандық ғылымның қарқынды дамуының маңызды шарты болмақ.

Еңбек кодексін жаңғырту еңбек қатынасына барлық қатысушылардың – жұмысшылардың, жұмыс берушілер мен мемлекеттің мүдделерін теңдестіруге тиіс.

Үшінші. Құқық қорғау органдары мен әділ сот жүйесін реформалаудың заңнамалық негіздерін ұлғайту.

Ұйымдасқан қылмыспен күрес саласында қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамаларды жетілдіру қажет.

Сот жүйесін нығайту жөніндегі бірқатар заң жобаларын да соза бермей қарастырған жөн.

Әңгіме жергілікті соттардың рөлін арттыратын және Жоғарғы соттың қадағалау функцияларын ұлғайтатын құқықтық нормалар туралы болып отыр.

Сот процесін қарапайымдандыру мен сот әділдігі тәжірибесіндегі негізсіз әуре-сарсаңдарды жою да маңызды мәселе.

Сонымен қатар Парламент «Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңның жаңа редакциясын және «Арнайы мемлекеттік органдар туралы» заң жобасын талқылап, қабылдауы керек.

Сыбайлас жемқорлықпен бітіспес күрес жүргізу құқық тәртібін нығайтудың маңызды қыры болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы осы қатердің алғышарттарын болдырмайтындай нақты нормалармен дамыта түсу қажет.

Төртінші. Отандық БАҚ-тар мен ҮЕҰ-ларды дамыту қажет.

Үкімет «Телерадиохабарларын тарату туралы» заң жобасын әзірледі. Мұны қабылдау отандық теле- және радиоарналарына қуатты серпін бермек. Жоба таяу уақыттарда Мәжіліске енгізілетін болады.

Мемлекет пен үкіметтік емес сектордың өзара қарым-қатынастарының құқықтық нормаларын күшейту қажет.

Осы сессия барысында Парламентке сол сияқты «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң жобасын да қарауға тура келеді.

Дінаралық келісім – біздің халқымыздың бірлігінің негіздерінің бірі.

Жоғарыда аталған заңдардың бәрі Қазақстан тәуелсіздігіне жаңадан берік құқықтық кепілдіктер береді.

Мен Парламент басшылығы мен депутаттардың Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығы декларациясын қабылдау жөнінде бастама көтергенін білемін. Бұл ұсынысты қолдаймын. Оның біздің қоғамымызды топтастырудағы жаңа маңызды құжат болатынына сенімім мол.

Құрметті депутаттар!

Парламенттің V сессиясы – Мәжілістің біздің тарихымыздағы тұңғыш партиялық құрамы үшін қорытынды сессия.

Төртінші шақырылған Парламенттің саяси өзегі – «Нұр Отан» партиясы фракциясының депутаттарына алғыс айтқым келеді. Өз жұмысымен партия Парламент қызметін жаңа деңгейге көтерді. Бұл Қазақстандағы барлық партиялар үшін сайлаушылар алдындағы зор жауапкершілік үлгісі.

Келесі сайлаудан кейін, заңға сәйкес, Мәжіліс кем дегенде қос партиялы болады. Осылайша біздің жас демократиямыздың дамуындағы жаңа саты басталады.

Баршаңызды Парламент сессиясының ашылуымен құттықтаймын! Барлық депутаттарға Қазақстанның өркендеуі жолында жемісті заң шығарушылық жұмыстар мен жаңа тарихи шешімдер тілеймін.

Құрметті Парламент депутаттары! Ханымдар мен мырзалар!

Парламент – мемлекеттің айнасы. Сіздер билік пен халық арасына алтын арқау болып, тәуелсіз еліміздің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып келесіздер.

Бүгінде біз ел тарихының бүтін бір дәуірін қорытындылап, бетбұрысты жаңа кезеңнің басында тұрмыз. Сондықтан алдағы сессияда маңызды міндеттерді заңнамалық жағынан қамтамасыз етуде сіздерге сенім артамын.

Баршаңызға сәттілік пен табыс тілеймін!

БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының
66-шы сессиясында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

АҚШ, Нью-Йорк қаласы,
2011 жылғы 21 қыркүйек

**Құрметті Төраға!
Ханымдар мен мырзалар!**

Биылғы жылы біздің еліміз тәуелсіздік алғанына
20 жыл толуын атап өтеді.

Осы жылдары Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғы-
сын ұдайы берік ұстанумен келе жатыр.

Біріншіден, біз Семей ядролық полиго-
нын жауып, ядролық қарусыз әлемге адамзат

тарихында алғаш қадам бастық. Бұл менің елімнің жаһандағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге қосқан ұлы үлесі.

Екіншіден, біз Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін шақыруға қол жеткіздік, бұл жөнінде 19 жыл бұрын мен ұсыныс берген болатынмын. Оның жұмысына бүгінде 29 ел қатысып келеді, оларда Жер планетасындағы барша адамзаттың тең жартысы өмір сүріп жатыр.

Өткен жылы Қазақстан ТМД елдерінің ішінен бірінші болып ЕҚЫҰ-ға төрағалық етті.

Біз Ұйымның қызметінің барлық өлшемдеріне серпін бердік. 11 жылда тұңғыш рет Астанадағы ЕҚЫҰ-ның саммитін ұйымдастыруға қол жеткіздік. Астана декларациясының қабылдануы Еуро-Атлантика мен Еуразия кеңістігінде қауіпсіздіктің ортақ әрі бөлінбес қоғамдастығын құру мақсатында ЕҚЫҰ-ны нығайтуға ықпал етті. Қазақстан ЕҚЫҰ мен АӨСШК-нің әлеуетін келешекте біріктіре отырып, Еуразия қауіпсіздігінің біртұтас тұғырнамасын жасауды ұсынды.

Осы жылы Қазақстан Ислам ынтымақтастығы ұйымында төрағалық етудің жауапты миссиясын өзіне алды.

Біз халықаралық және өңірлік қауіпсіздікті нығайту, ислам әлемі мен Батыстың арасындағы үнқатысуды алға жылжыту, исламофобияға қарсы тұру, жаппай қырып-жою қаруын таратпау режимін күшейту бағыттарына күш жұмсаймыз.

ШЫҰ үшін Сомалидегі гуманитарлық дағдарысқа жауап әрекет сынақ болды. Біз Сомалиге азық-түлік, дәрі-дәрмек жеткізу, елді экономикалық тұрғыдан демеу үшін 350 млн доллар қаржы жинауға жұмылдыруға қол жеткіздік.

Үшіншіден, біздің қоғамымызда 140-тан астам этнос пен 40-тай конфессия татулық пен бірлікте өмір сүруде. Астанада әлемдік және дәстүрлі діндер съезі тұрақты өткізіледі. Біз бұл форумдарды БҰҰ-ның аясында өткізуді ұсындық. Бұл планетадағы сенімді нығайту жөніндегі жаһандық үнқатысуға қосқан біздің үлесіміз.

Төртіншіден, біздің еліміз БҰҰ-ның Мыңжылдық дамуының мақсаттарына бейілділігін танытуда.

КСРО тарағалы бері біз реформалардың қарқыны мен экономикалық дамудың серпінділігі жөнінен алдыңғы орындарға шыға алдық. 20 жылдың ішінде жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім 14 есе өсіп, 700 доллардан 10 мың долларға жетті.

Бесіншіден, Қазақстан Жаһандық экологиялық стратегияны қабылдауды ұсынып, «Жасыл көпір» атты ауқымды экологиялық бастаманы көтерді. Біз осы идеяларды келесі жылғы Рио-де-Жанейродағы Мыңжылдық саммитіне шығаруды жоспарлап отырмыз.

Ханымдар мен мырзалар!

Әлем тарихтағы сындарлы кезеңдердің бірін өткеруде. Адамзат энергияның қуатты көздерін бағындырды, дегенмен табиғи апаттардың алдында қауқарсыз.

Кедейлік пен жоқшылықтың тұтас бір алаптары бай да бақуатты елдерден де көрінуде.

Этносаралық және дінаралық төзгісіздіктің ұшқындарын тіпті толеранттылық дәстүрлері берік деген елдердің өзінде де тежеу қиындап барады.

Жаппай ақпараттанған мына дүниеде электрондық экстремизмнен сенімді қорғаныс болмай тұр.

10 жыл бұрын күллі әлемді «11 қыркүйектің» алапат қасіреті біріктірген болатын. Бірақ бұдан түбегейлі тұжырымдар жасалмады, халықаралық терроризмнің қатері әлемнің әр түкпірінен қылаң беруде.

Бұл жаңа жүзжылдықтың басты проблемалары.

Осыған орай мен саяси сайысқа қатысушылардың назарын мынадай жайларға аударғым келеді.

Бірінші. Бұл жаһандық ядролық қауіпсіздік мәселелері.

Біз ядролық қарусыз әлемнің жалпыға ортақ декларациясын дайындауға кірісуді ұсынамыз.

2012 жылы Сеулде өтетін Ядролық қауіпсіздік жөніндегі саммитке үлкен үміт артамыз.

Құқықтық базаны кеңейтіп, БҰҰ мен МАГАТЭ-ның барлық елдерге таратпау саласындағы міндеттемелерін барлық елдердің орындауына халықаралық бақылауды арттыру қажет.

Біз АҚШ пен Ресей арасындағы Ядролық арсеналдарды кезең-кезеңімен қысқарту туралы шартына қолдау көрсетеміз. Осы үдеріске «Ядролық клубтың» барлық елдерінің қосылуын маңызды деп санаймыз.

Әлемде бүгін қайшылықты ахуал орын алуда: біреулерге ядролық қаруды иеленуге және оны жетілдіруге рұқсат етілсе, басқа біреулеріне тіпті әзірлеуді жүргізуге қатаң тыйым салынады. Бұл – әділетсіздік, теңсіздік, жосықсыздық. Халықаралық құқықтың мұндай ережелері қайта қаралуы тиіс.

Барлық мемлекеттердің, әсіресе ядролық мемлекеттердің ядролық қаруды қысқарту мен оның арсеналдарын біртіндеп жою жөніндегі жауапкершілігін күшейту туралы сөз болып отыр.

Бүгінгі таңда ядролық қаруға ие державалар тарапынан ядролық қарусыз мемлекеттерге нақты заңды кепілдіктер жоқ.

Бұл маңызды өлшем тұрғысынан қарағанда, Таратпау туралы шарт жұмыс істемейді. Қазіргі кезеңде ядролық қару жанталаса қаруланудың тежеуші факторына емес, қайта қозғаушы күшіне айналып отыр.

XXI ғасырда жанталаса қарулануды жаппай тежеу функцияларын БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесі сияқты өкілеттіктері кеңейтілген алқалы орган ғана тиімді жүзеге асыра алады.

Сондай-ақ әлемдік қоғамдастықтың де-факто ядролық мемлекеттерге ұжымдық жолдауын қабылдап, оларға өздерінің шамшыл ниеттерінен бас тартуға, жалпыға ортақ шарттарға қосылуға шақыруды ұсынамын.

Екінші. Экономикалық үдерістердің жаһанданудағы өсіп келе жатқан деңгейі БҰҰ қызметінің экономикалық құрамдасындағы парадигмалардың ауысуы қажеттігін талап етуде.

Әлемдік құрылымдардың валюталық және сауда-экономикалық реттеу саласындағы жұмысының басты мазмұны әлемдік дағдарыстарды болжап, себептерін аластау болуы тиіс.

Бүгінде ағымдағы жаһандық дағдарысқа әлемдік қаржы жүйесіндегі ақау алып келгенімен бәрі де келіседі. Бірақ оның кемшін тұстарын жоюға бағытталған ешқандай шара әлі күнге қабылданбай отыр. Аталған мәселедегі баяулық дағдарыстың жаңа қуатты қысымына соқтырып, өңірлік және әлемдік тұрақсыздыққа ұрындырады.

Барлық құрылымдар мен қатысушылардың нақты құқықтары мен жауапкершілік нормалары көрсетілген, тиімді әлемдік резервтік валютасы бар, алыпсатарлық капиталға қатаң бақылау

орнатылған жаһандық экономикалық басқарудың тиімді тетіктерін құру маңызды. Осы тұрғыдан келгенде, Жаһандық реттеу туралы пакт жасау идеясы көкейкесті болып табылады.

Келесі маңызды мәселе – жаһандық аштық пен өсе түсіп отырған су тапшылығының алдын алу.

Үшінші. Ақпараттық кеңістік – бұл адамзат болашағы үшін жер байлығы, әуе және су әлемі, ғарыш сияқты маңызды сала.

Бірақ бүгін ақпараттық үдерістерді реттеп отыратын бірде-бір халықаралық конвенция, бірде-бір көпжақты келісім жоқ.

Банктерге, компанияларға, мемлекеттік мекемелерге, әскери және тіпті ядролық нысандарға көптеген хакерлік шабуылдардың іс жүзінде жазасыз қалатындығы осымен түсіндірілмей ме?

Жаһандық-ақпараттық кеңістіктің халықаралық құқықтық арқауын қалыптастыруды маңызды санаймын.

Бұған 2002 жылы қабылданған БҰҰ Бас Ассамблеясының киберқауіпсіздіктің жаһандық мәдениетінің 9 элементі туралы қарары негіз болады.

Төртінші. Жаңа әлемдік сипаттың «пісіп-жетілуі» жанжалдардың өсуімен қоса жүреді.

Бүгінде әлемде қаруланудың жиынтық шығыны «қырғи қабақ соғыс» жылдарындағыдан 2 есе жылдам – жылына 6 %-ға өсіп отыр. Олар бүгінде 1,5 трлн долларға жетті.

Осы ретте менің осыдан 19 жыл бұрын алғаш айтылған БҰҰ-ның Бітімгершілік күш-жігері қорын құру туралы ұсынысым бұрынғыдан да көкейкестірек бола түседі.

Бұл жерде әңгіме БҰҰ-ға мүше әр мемлекеттің әскери бюджетінің 1 %-ын аударуы туралы болып отыр. Әлемдік қоғамдастықты осы идеяға оралып, қажетті шара қабылдауға шақырамын.

66 жыл бұрын БҰҰ «оның барлық мүшелерінің егемендік теңдік қағидатына» негізделген ұйым ретінде құрылды. Алайда бүгінде ұлттық егемендік пен аумақтық тұтастық қағидаты көп жағдайда эрозияға ұшырайтынын көрмеу мүмкін емес. Бұл мұның ұлттар арасындағы сенімге селкеу түсіруі мүмкін.

Бүгінде жаңа өмір болмысын көре отырып, ішкі жанжалдарды реттеуге әлемдік қоғамдастықтың қатысуы заңды болып табылатын шектерді нақты айқындап, мемлекеттердің ұлттық егемендігіне қатысты халықаралық құқықтың нормаларын жетілдіру қажет.

Егер БҰҰ қауіпсіздіктің өңірлік құрылымдарымен тығызырақ іс-қимыл танытатын болса, онда Жердегі бейбітшілік тек беки түседі. Еуразия өңіріне қатысты айтатын болсам, бұлар – АӨСШК, ШЫҰ, ҰҚШҰ.

Қауіпсіздік кеңесінің құрамы мен қызметінде қазіргі әлемнің құрылымын тепе-тең көрсету

маңызды. Осымен бір мезгілде, вето тетігі қабылданатын шешімдер дұрыстығы мен тиімділігінің кепілі болып қалады.

Қазақстан өзінің кандидатурасын БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің 2017–2018 жылдардағы тұрақты емес мүшелігіне ілгерілетті. Біз әлемдік қоғамдастықтың қолдауынан үміттеміз.

Осы күндері Палестина проблемасын бүкіл әлем талқылауда. Қазақстан Палестина мемлекетінің құрылуын қолдайды. Тарих таразысында күрделі мәселе тұр. Бұл туралы АҚШ Президенті Барак Обама айтты. Алайда тәуелсіз мемлекет Палестинасыз Таяу Шығыстағы орнықты бейбіт өмірге қол жеткізу мүмкін емес.

Ханымдар мен мырзалар!

Тарих адамзаттың әрбір жаңа дәуірінің алдына кең ауқымды міндеттер қояды.

Бүгінгі ең маңызды мәселе – ХХІ ғасырдағы жаһандық трансформация қиындықтарынан лайықты өту.

Барлық ұлттар арасындағы сенім мен бірлік – бұл жаңа әділетті әлемдік сипаттың негізі.

«Ядрсыз әлем үшiн» атты
халықаралық форумында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2011 жылғы 12 қазан

**Құрметті форумға қатысушылар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Мен әлемдегі аса ірі ядролық полигондардың бірі – Семей ядролық сынақ полигоны жабылуының 20 жылдығына арналған маңызды халықаралық форумға қатысу үшін Қазақстан елордасына алғаш рет жиналып отырған біздің барлық мәртебелі қонақтарға қош келдіңіз деймін.

Бүгінде ядролық қауіпсіздік мәселелері әлемдік саясатта жетекші орындардың бірін алады.

Өткен жылы осы жүзжылдықта алғаш қол қойылған АҚШ пен Ресей стратегиялық ядролық арсеналдарын қысқарту туралы Париж шарты қолданысқа енгізілді.

Сонда Вашингтонда Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммит өткен болатын.

Осыдан 3 апта бұрын Нью-Йоркте БҰҰ бас хатшысы Пан Ги Мунның ұсынысы бойынша аталған проблемаға арналған жоғары деңгейдегі мәжіліс өтті.

Алдағы жылдың наурызына белгіленген Сеул саммитіне дайындық жүргізілуде.

Астанадағы осы жолғы форум – ядролық қауіпсіздік проблемаларының барлық қыр-сыры бойынша саясаткерлер мен жұртшылықтың күш-жігерін біріктірудегі маңызды қадам. Оның қатысушыларының кең құрамы – ядросыз әлем идеясының жаһандық деңгейде ешкімді бейжай қалдырмайтынының жарқын көрсеткіші.

Қымбатты достар!

20 жыл бұрын әлемде бірінші болып біз өз жеріміздегі ядролық полигонды жаптық. 40 жылға созылған сынақ кезінде 450-ден астам жарылыс жасалса, соның ішінде 120-дан астамы атмосферада жасалды. Олардың жиынтық қуаты 2,5 мың

Хиросиманы жойып жіберуге жеткілікті еді. Радиация 300 мың шаршы шақырымнан астам аумақты бүлдірді. Бұл – шамамен Германия сияқты Еуропадағы үлкен елдердің бірінің аумағына тең. Ядролық сынақтардың салдарынан 1,5 млн-нан астам адам зардап шекті.

Менің Семей полигонын жабу туралы жарлығым біздің осы жылы 20 жылдығын атап өтетін тәуелсіздігімізге қадам басуымыздың түпкілікті қойылған нүктесі болды.

Барлық қазақстандықтар үшін бұл өзінің толық егемендікті сезінудегі тарихи акт, бүгіміз бен болашағымызға күш беріп, ақыл қосқан сенім болды. «Невада-Семей» қозғалысына біріккен халықтың ерік-жігерінің көрініс беруі нақ осымен түсіндіріледі.

Бірақ біз әлемді «ядролық зұлымдықтың» ауқымды апанынан шешімді түрде аластап қана қойған жоқпыз. Біз жаһандық қатерден де биіктеп, еліміз тарихы мен бүкіл әлемнің ядродан арылуы пайдасына қағидатты таңдау жасадық.

Қазақстан сондай-ақ кеңестік әскери машинадан мұраға қалған ядролық сауыт-сайманын да шешті. Бұл ауқымы жөнінен әлемдегі төртінші зымырандық-ядролық арсенал болатын.

Қазақстан ядролық бомбалар мен оларды жеткізу құралдарына ие еді.

Одан кейінгі 5 жыл бедерінде АҚШ және Ресейдің қатысуымен Жер шарының кез келген нүк-

тесіне жетуге қабілетті 1200 оқтұмсығы бар 110-нан астам баллистикалық зымыран бөлшектелді. Сол уақытта еліміздегі ядролық арсенал Ұлыбритания, Франция, Қытай үшеуін қосып алғандағы ядролық әлеуеттен асып түсетін еді.

Қазақстан ТМД елдерінің ішінде алғашқылардың бірі болып Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылды.

Бүгін мен мұның Қазақстанның шынайы тәуелсіздігіне қарай ауқымды және тәуекелге толы қадам болғанын тура айта аламын.

Есесіне біз әлемнің АҚШ, Ресей, Ұлыбритания сияқты жетекші ядролық державаларынан өзіміздің қауіпсіздігімізге берік халықаралық кепілдік талап етіп, оны 1995 жылы алдық. Кейін бұл кепілдемеге Франция мен ҚХР қосылды.

15 жыл бұрын Қазақстан Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шартқа қатысушы атанды.

Өңірдегі көршілерімізбен бірге Орталық Азияда ядролық қарудан ада аймақ құру туралы Семей шартына қол қойылды.

Ал бүгінде еліміз жаһандық антиядролық қозғалыстың көш басында келеді. Мұның бәрін егжей-тегжейлі айтып отырған себебім – бұлар тәуелсіз Қазақстанның ядросыз өмірбаянындағы жарқын беттер болып табылады. Бұл біздің антиядролық тәжірибеміз, одан әлемнің барлық мемлекеттерін үлгі алуға шақырамын.

Құрметті форумға қатысушылар!

Семей полигонын жабу туралы жарлыққа қол қойылған күн уақыт өткен сайын алыстай түседі. 20 жыл бұрын осы полигонды жаба отырып қандай күйде болғанымды әр адам, әр саясаткер басынан өткермегені анық. Бірінші кезекте бұл зұлымдықты жеңген қуаныш болатын. Бірақ, КСРО әскери-өнеркәсіп кешенінің жанталасқан қарсылығы мен басында Президент М. С. Горбачев тұрған биліктің қатты қарсылығын еңсеруге тура келді.

Бізге қысым жан-жақтан жасалды.

Бірақ, жылдар, онжылдықтар өте келе, бұл шешімнің жаһандық өркениеттегі маңызы айшықтала түседі екен.

Қазіргі ұрпақ әзірше бұл оқиғаның тарихи ауқымын жеткілікті бағалай алмай отыр.

Өздеріңіз ақылға салып көріңіздерші.

Адамзаттың атомды ыдырату құпиясын ашқанына 100 жылға жақындап қалды. Бұл жаңалық өткен XX ғасырдағы ғаламат ғылыми ілгерілеу болды. Бірақ ол ең қуатты жаппай қырып-жою қаруын жасаған кезде шімірікпестен қолданылды.

Әскери атомның қуаты мен тажалдығы саясаткерлерді өркениеттің өзін-өзі жою қатеріне қарсы іс-қимыл танытудың жолдарын іздеуге мәжбүрледі. Осылайша таратпаудың жаһандық үдерісі пайда болды. Оның аясында ядролық арсеналдарды қысқарту туралы және қатерлі қаруды сынауға мүмкіндік қарастыратын бірқатар

халықаралық келісімдер жасалды. Бірақ мұның бәрі шектеу шаралары ғана еді.

Семей полигонын жабу әлемде ядролық қаруды сынауға толықтай тыйым салған алғашқы және күні бүгінге дейін бірден-бір іске асқан тыйым болып табылады. Қазақстан біздің жаңа мемлекетіміздің күш-қуаты ядролық жұдырық күшін көрсетуде емес, керісінше, оны қолданбауда және толықтай бас тартуда деп бірден және мәңгілікке шешім алды. Және бұл біздің мемлекеттілігіміздің – жалпыұлттық идея деңгейіне шығарылған бүкілхалықтық ақыл-ойымыздың темірқазығы болды.

1991 жылдың 29 тамызында іс жүзінде жаһанның ядролық тарихында жаңа дәуір басталды. Әлем жаппай қырып-жоятын қаруды өз еркімен, саналы түрде және біржақты негізде заңсыз етудің үлгісін алды.

Қазақстан жасаған бұл қадамның маңызы шын мәнінде уақыт пен кеңістікте алдыңғы кезекке шықты. Сондықтан 29 тамыздың біздің бастамамызбен БҰҰ тарапынан Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні деп жариялануы заңдылық.

Ғасырлар тоғысындағы 20 жыл бойы жаһандық ядролық тіресу қаупі айтарлықтай төмендеді.

Орталық Еуропадағы ядролық зымырандар межесі жойылды.

АҚШ пен Ресейдің арсеналдарын айтарлықтай қысқартқан СШҚ-1 және СШҚ-2 шарттары іске асырылды.

Біз бастамашылық танытқан АӨСШК үдерісі Еуразияның кең байтақ кеңістігіндегі мемлекеттер арасындағы сенімді дәйектілікпен жоғарылатып келеді.

Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шартқа қазірдің өзінде 182 мемлекет қол қойса, 154-і ратификациялап үлгерді.

Көп жағдайда Қазақстанның арқасында планетамыздағы барлық басқа полигондар – Невада, Лобнор, Жаңа Жер үнсіз қалды.

«Ядролық клуб» державалары сынаққа мораторийді сақтап отыр.

Тұтастай алғанда, 20 жыл ішінде ядросыз әлем жолында маңызды қадамдар жасалды. Әйтсе де, көптеген күрделі мәселелер басы ашық күйінде қалып келеді.

Біріншіден, ядролық қауіпсіздіктің өңірлік өлшемінің маңызы біршама артты.

Бүгінде Оңтүстік Азия мен Таяу Шығыстағы ядролық қарулануды халықаралық бақылаудың тиімді тетігі жоқ.

Біз жекелеген ядролық державалар мен осы қатерлі қаруға қол жеткізу «табалдырығында тұрған» елдердің тіресуін айқын аңдап отырмыз.

Атом технологиялары мен материалдарының халықаралық лаңкестер қолына түсуінің қаупі зор.

Екіншіден, Ядролық сынақтарға тыйым салу туралы шарт төңірегінде тығырыққа тірелу жағдайы туындауда.

Ол бірқатар ядролық және «табалдырықты» елдердің қол қою және ратификациялау үдерісін созбалаңға салуының салдарынан күшіне ене алмай отыр.

Үшіншіден, ядролық қарусызданудың жаһандық үдерістеріне «ядролық клуб» державаларының барлығы бірдей қатысып отырған жоқ.

Қазіргі кезде ядролық мемлекеттердің бірнеше түрі бар. Бұл ресми ядролық державалар, атом қаруына де-факто ие мемлекеттер және «табалдырықты» деп аталатын елдер.

Ядролық державалар ядролық қарулары жоқ елдерге қауіпсіздік кепілдігін бермейді. Мұның ақыры ядролық қарудың әлемнің «жарылу қаупі бар» өңірлеріне таралуына алып келуі ықтимал.

Сонда неліктен ядролық қаруға де-факто ие мемлекеттер бұл клубқа енбейді? Неліктен оларды алдыңғыларының қатарына қосып, ядролық қарулары болғаны үшін тиісті жауапкершілік жүктемеске? Барлық шарттар мен келісімдерге қарамастан, екі мемлекет өткен ғасырдың соңында бәрібір ядролық державалар қатарын толықтырды.

Төртіншіден, әлемдік қоғамдастық әзірше бейбіт атомды дамыту үстіндегі мемлекеттерге қатысты әділетті шешім таба алған жоқ.

Ядролық таратпау туралы шарттың қиғаш түсіп жатқан ережелері тек ядросыз мемлекеттерге қатысты тыйым шараларды ғана қарастырады. Осындай жағдайда сенім тапшылығы

айтарлықтай проблемаға айналып отыр. Ал сенім болмаған жерде қауіпсіздіктің ешқандай жүйесі, оның үстіне, ядролық жүйесі тиімді болып табылмайды.

Бесіншіден, атомнан туындайтын қазіргі заманғы қатер елдердің бейбіт ядролық энергетика қауіпсіздігі режимін сақтау мәселесінде тепе-теңдік ұстамауынан да тереңдей түсуде.

Бұл жерде әңгіме «бейбіт атом» нысандарына МАГАТЭ тарапынан жеткілікті деңгейде бақылау жасалмауы немесе аталған мәселеде халықаралық құқықтық базаның айқын еместігі туралы ғана болып отырған жоқ. Ең үлкен теңгерімсіздік – ядролық энергияны өндірудің қауіпсіздігін қамтамасыз ету технологиясының атом саласы дамуының ауқымынан едәуір артта қалуы.

Кейбір ядролық энергетикалық циклды коммерцияландыру жағдайларында қауіпсіздік мәселелері екінші, тіпті кейде үшінші кезекке ысырылатынын байқап жүрміз.

Енді мәселенің басқа қырынан келейік. Трансұлттық корпорациялардың ядролық энергетикаға арта түсіп отырған қызығушылығы «бейбіт атомды» пайдалану жөніндегі халықаралық конвенцияларда іс жүзінде қаперге алынбайды.

Мұның барлығы, әрине, шешуді қажет ететін күрделі проблемалар. Соған қарамастан, адамзат атомды ыдырату технологиясын иеленген 100 жыл бойы бұған дейін еш уақытта ядролық әлем құру үшін осындай кең мүмкіндік болған емес. Және

осы ыңғайлы сәтті пайдалану бәріміздің ортақ борышымыз!

Ханымдар мен мырзалар!

Ядросыз әлем – утопия емес. Бұл – планетаның айтарлықтай бөлігінде көрініс беріп отырғанындай, нақты шындық. Ядролық қарудан азат аймақтар Оңтүстік және Орталық Америкада, Австралия мен Океанияда, Африкада, Оңтүстік-Шығыс және Орталық Азияда құрылса, бұл – іс жүзінде Жер шарының жартысы.

Бүгінде ядросыз мемлекеттер қатарын толықтырып отырғандарға барлық ядролық мемлекеттер тарапынан халықаралық-құқықтық кепілдеменің тиімді тетігі қажет.

Ядросыз әлем идеясының радиофобияға ешқандай қатысы жоқ. 60 жыл қатарынан «әскери атомның» қатерлі көлеңкесі жаһандық ядролық энергетиканың орасан келешектілігін лайықты бағалауға кедергі жасап келді. Бірақ факт факт түрінде қалып отыр.

Планетаның көмірсутегі қорлары азайып барады. Сондықтан энергияның қайталама көздерінің болашағы зор. Дегенмен олар таяу болашақта жаһандық экономиканың өсе түсіп отырған қарқыны талап ететін қуат көздері көлемін бере алмайды.

Қазіргі кезде адам баласы үшін атом энергиясынан асқан қуатты да қолжетімді көз жоқ.

Бүгінде шамамен 40 шақты ел бейбіт атом саласында зерттеулер жүргізіп жатыр. 15 мемлекет атом электр стансаларын салуда немесе салу ниетінде. Олардың қатарында Қазақстан да бар. Біз үшін ядролық энергетика – болашақ инновациялық кластерлердің бірі. Біз бүкіл әлемдік уран қорының 1/4 біріне иелік етудеміз. Бізде үлкен ғылыми әлеует пен ядролық энергетиканың инфрақұрылымы бар. Халықаралық міндеттемелерді қатаң сақтай отырып, біз «бейбіт атомның» барлық нысандары қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз еттік.

Қазақстан МАГАТЭ-ның басшылығымен жұмыс істейтін Халықаралық ядролық отын банкі депозитарийі рөліне өзінің кандидатурасын ұсынғаны белгілі. Біз аталған мәселе оң шешіледі деп санаймыз.

Қазақстан таратпау, қарусыздану және атом энергиясын бейбіт пайдалану мәселелерінде ең сенімді әріптес болды, болып келеді және бола береді.

Біз ядросыз әлемде планетамыз ұмтылуға тиісті орасан мақсат көреміз. Бұл – қандай да бір идеологиялық және мәдени айырмашылықтың таттануына ұшырамаған жаңа әмбебап жалпы-адамзаттық құндылық.

БҰҰ Бас Ассамблеясы 66-шы сессиясының мінберінен мен Ядросыз әлемнің жалпыға ортақ декларациясын жасау идеясын ұсындым. Бұл – осыдан 20 жыл бұрын ядролық қатерге қасқайып

қарсы тұрған Қазақстанның саналы қадамы. Оның үстіне біз бүгінде осындай декларацияны қабылдау оңайға соқпайтынын түсінеміз. Мемлекеттер ядролық қаруларынан арылғылары келмейді. Оларға ядросыз өмір жоқ секілді көрінеді. Біреулер қаруды тежеп отырмыз деп есептесе, енді біреулері осынау шоқпармен барша әлемге сес көрсетеді.

Ертең Семей полигонына барасыздар, сынақ жасалған орынды көресіздер. Сіздерге сондағы музейде сынақтар салған сойқандарды көрсетеді. Тіпті үшінші ұрпақтың өзі кемтар болып тууда. Елімізде қатерлі ісіктен ең көп ауырғандар мен өлгендер нақ осы өңірде.

Біздің халқымыз ядролық қаруға қарсы қалай көтерілсе, біз бүкіл әлем халықтарын адамзатты ядролық қатер ақырзаманынан құтқару жолындағы күреске дәл солай көтеруге тиіспіз.

Жалпыға ортақ декларация қабылдануымен біз ХХІ ғасырда БҰҰ-ның қатаң бақылауына сүйеніп, жаһандық ядролық қауіпсіздіктің біртұтас жүйесін құруды байланыстырамыз.

Ядросыз әлемге жол салу планетаның барлық парасатты адамдарының күш-жігерін біріктірмей мүмкін емес.

Бүгінде мен жоғарыда айтып кеткен беделді де қуатты Жаһандық антиядролық қозғалысты құру маңызды. Осы форумда бұл туралы мәлімдеп, оны планетаның барлық құрлықтарында ұйымдастыруға кіріскен маңызды. Қозғалыстың

басты мақсаты ядролық қатерлермен күресу ғана емес. Адам баласының санасында ядроның қандай түріне болса да жиіркеніш сезімін қалыптастыру аса маңызды. Және мен біздің елордамызда өтіп отырған осы форумға үлкен үміт артамын.

Қымбатты достар!

Ядролық полигонды алғаш жапқан мемлекеттің Президенті ретінде жеке өз басым үшін ядросыз әлем – абсолютті саяси аксиома.

Кейде тарихи оқиғалар мен жекелеген адам басындағы оқиғалар қайшыласатын сәттер болады. Мен үшін және менің халқым үшін тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, ядролық полигонды жапқан 1991 жыл сондай жыл болды.

Тарихтың тағылымдары олар болашаққа бағдарланғанда ғана қандай да бір мазмұнға ие болады. Сондықтан өткенді еске ала отырып, біз болашақтағы іс-әрекеттеріміз туралы, балаларымыз бен немерелеріміз үшін ХХІ ғасырдағы ядролық қауіпсіздік туралы ойлауға тиіспіз.

Осы жүзжылдықта біздің планетамыздың ядролық өзін-өзі жою қатерінен толықтай арылатынына сенемін.

Осы залға жиналған және төрткүл дүниедегі өзімнің барлық ниеттестеріме осы жылда жемісті жұмыс тілеймін.

Аграрлық-өнеркәсіп кешені қызметкерлерінің
республикалық форумында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2011 жылғы 11 қараша

**Құрметті форумға қатысушылар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Бүгінгі алқалы жиынға ауыл шаруашылығы қызметкерлері мен ауыл еңбеккерлері, жергілікті әкімшілік қызметкерлері, ауыл шаруашылығы саласының мамандары мен ғалымдар шақырылып отыр. Бедерлі тарихымыздың белесті кезеңі – тәуелсіздіктің 20 жылдығымен орайлас келген форумға қош келдіңіздер.

Халқымызда «Ауыл – ат байлар алтын қазық» деген қанатты сөз бар. Расында, ауыл біздің қастерлі атақонысымыз, тіршілік тынысымыз, киелі алтын тамырымыз.

Баршаңыз да білесіздер, біз индустриялық-аграрлық елміз. Біздің ел экономикасының екі басым бағыты бар. Бұл – индустриялық және аграрлық салалар. Ауыл шаруашылығы қашанда ел экономикасын алға сүйрейтін жетекші саланың бірі болған, солай болып қала береді де. Мен оған кәміл сенемін.

Ауыл шаруашылығын дамыту – 7 мыңға жуық ауылды өркендетіп, ел азаматтарының тең жартысының жағдайын жасау деген сөз. Сондықтан біз бұл салаға мемлекет тарапынан айрықша назар аударып, тәуелсіздік жылдарында ерекше көңіл бөліп, көп қаражат жұмсап келе жатқанымызды білесіздер.

Кеңес Одағынан бізге ауыртпалығы мол, артта қалған ауыл шаруашылығы мұра болып қалды. Азаттықтың алғашқы жылдарында да ауыл алапат дағдарыстарды бастан өткерді. Малдың басы азайды, жерді игеру тоқтап қалды.

Дегенмен, сол қиындықтарды жеңіп, ауқымды жаңғыртулар арқылы біз ауыл шаруашылығын қарыштатып, дамыта алдық. Біз жасампаз 20 жылда ауылдың еңсесін тіктеп, аграрлық-өнеркәсіпті өрге сүйредік.

Осы орайда ауыл шаруашылығы саласын өркендетуге үлес қосқан сіздерге, сіздер арқылы

барлық аграрлық саланың қызметкерлеріне шын жүрегімнен алғысымды айтып, келешекте де зор табыстар тілеймін.

Бұл сіздердің тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына арнаған тартуларыңыз, төгілген тердің өтеуі, ерен еңбектің нәтижесі деп білемін.

Құрметті форумға қатысушылар!

Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығын Қазақстанның аграрлық секторы теңдессіз табыстарымен аяқтап отыр.

Соңғы 50 жылдан астам уақыттың ішінде ең жоғары астық – 30 млн тоннаға жуық дәнді дақыл – оның ішінде 25 млн тоннасы бидай – жиналды. Астық түсімінің көрсеткіші тың көтерудің алғашқы жылдарынан бастағанда барлық бұрынғы рекордтардан асып түсті – гектарынан 18 центнерден астам алынды. Негізгі астық өсіруші өңірлер – Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола облыстарында гектарынан 30 центнерден астам дән жиналды.

Аграршылар да, механизаторлар да, егіншілер де жақсы еңбек етті. Сонымен қатар ұйымдастырушылық жұмыстары үшін осы облыстардың әкімдеріне, осы облыстар аудандарының барлық әкімдеріне үлкен рақмет айтқым келеді. Қазақстанның басқа өңірлері де мол астыққа қол жеткізді.

Осындай теңдессіз нәтижелер үшін сіздерді тағы да құттықтаймын. Бұл бүкіл Қазақстанның аса зор жеңісі.

Мен аграрлық-өнеркәсіп кешенінің барша қызметкерлеріне Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына тартқан осынау баға жеткісіз сыйлықтары үшін шын жүректен алғысымды білдіремін.

Рекордтық астық – бұл тек сәттіліктердің сәйкес келуін немесе табиғаттың ерекше тартуын ғана білдірмейді.

Егер тарихқа назар аударсақ, кеңестік кезеңдегі «ұлы тың астығының зор жетістіктерінің» өзі экстенсивті жолмен алынды. Нәтижеге емес, көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында мал шаруашылығына орасан зор нұқсан келтіріле отырып, көлемді жайылым жерлер егістік үшін жыртылып тасталынды. Ал өсірілген астықты алу үшін тұтас әскери бөлімдер, студенттер мен қалалықтар осы іске жұмылдырылатын. Барлығы да көрсеткіштер үшін жұмыс істеді! Алайда жиналған астықты жай ғана сақтап қалу үшін жасалатын нәрсе жоқтың қалы еді.

Мұнын қалай жасалғанын сол жылдары еңбек еткен ардагерлер жақсы біледі.

Мұндай нәрсе бізде қазір болып көрген емес. Қазақстан егінінің қазіргі рекорды мүлде басқа тәсілдермен алынып отыр. Оған екі шешуші фактордың ықпалы зор болды.

Біріншісі – мемлекет қолдауына арқа сүйеген біздің фермерлердің еңбегінің нәтижесі. Аграр-

лық секторды қолдау мақсатында соңғы 5 жылдың өзінде республикалық бюджеттен 670 млрд теңге бөлінді. Әлемдік дағдарыс өршіп тұрған 2009 жылдың өзінде ұлттық қордан аграрлық сектордың болашағы үшін үлкен маңызы бар инвестициялық жобаларды қаржыландыруға 120 млрд теңге қарастырылды.

Осы қаржыға қазірдің өзінде 42 жаңа өндіріс орны іске қосылып отыр. Мыңдаған ауылдықтар жұмыс, ал экономика өнім алды.

Сондықтан да кездесулер кезінде ауылдықтар маған біздің ауылда ешқандай дағдарыс білінген жоқ дейтіні – осы.

Сол 2009 жылы ауыл шаруашылығы саласының өсімі 9 %-дан астамды құрады.

Алдын ала мәліметтер бойынша, биылғы жылы ауыл шаруашылығы өнімнің көлемі 20 %-дан астамға ұлғаятын болады.

Егістік алқаптардың жартысынан астамында тұқым себу, өнім жинау жұмыстары жоғары өнімді жаңа техникалармен жүргізілгені ерекше нәрсе.

Егістің 70 %-дан астамында ылғал ұстаушы технологиялар қолданылды. Осынау технология идеологтары мен іс жүзіне асырушылардың бірі Валентин Иванович Двуреченский болып табылады. Қазіргі күні 11 млн гектардан астам егістікте осы технология іске асырылды. Ол тек

ылғал сақтап қана қоймайды, сонымен қатар топырақтың құнарын да сақтайды.

Екіншіден, Қазақстан ауыл шаруашылығының қазіргі тамаша жеңісі – мемлекеттің жүйелі аграрлық саясатының тікелей нәтижесі.

Өткен екі онжылдық Қазақстанның ауылдары мен селоларын түбірімен өзгертті.

КСРО тарағаннан кейін жас мемлекетке өте ауыр жағдай мұраға қалғаны әлі ұмытыла қойған жоқ. Ауылдықтардың жартысынан астамы кедейшілік қамытында өмір сүрді. Егіс алқаптары күрт қысқарды, мал басы күрт азайды, техника ескірді. Бізге ауыр мұра қалған еді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап біз аграрлық саланы реформалауға кірістік. Кеңестің өткен ұжымдық эксперименттерінен кейін жекешелендіру үдерісі барысында жер өзінің нақты иелерін тапты. Бүгінде бұл 185 мың шаруа және фермер шаруашылықтары, серіктестіктер мен акционерлік қоғамдар ретінде жұмыс жасайтын 9 мың ірі және орта кәсіпорындар. Халықтың 1/3 бөлігі осыларда жұмыс істеп жатыр. Әр жыл сайын нақ осы секторда елдің ұлттық байлығының 7 %-ы жасалынады.

Жерге жеке меншік туралы мәселені неғұрлым әділетті шешкен «Жер туралы» Заң аграрлық сектордың тұрақты құқықтық негізі болып табылады. Ауыл шаруашылығын дамытудың құқықтық негізі, барлық қажетті заңдар топтамасы қабылданды. Мұнда сол кезде ауыл шаруа-

шылығы министрі болып жұмыс істеген, осынау жобаларды әзірлеп, өмірге енгізген А. С. Есімовтің де еңбегі бар.

Қазақстанда ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді мемлекеттік қолдаудың тиімді тәсілдері қалыптастырылып, жұмыс істеуде. Олар жеңілдікті салық салу, кредиттеу және субсидиялау, ауыл шаруашылығы техникалары мен құрал-жабдықтарының арзандатылған лизингі және басқа да көптеген шаралар.

Ауылдар мен селоларды дамытудың 6 жылдық мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылды. Оның аясында 1 трлн теңгедей қаржы игерілді.

Ондаған ауылдық елді мекендерде жаңа мектептер, ауруханалар, мәдениет үйлері, жолдар, сумен қамту жүйелері, электр желілері салынды.

Біз Көксарай су қоймасы, «Шардара-Мақтаарал» каналы секілді ірі жобаларды жүзеге асырдық. Оңтүстік Қазақстан облысының құнарлы жерлері су басып қалу қаупінен арылды. Қоймалардың су ресурстары құрғақшылық жылдарының өзінде жоғары өнім алудың тұрақты кепілдігі бола алады.

Мемлекет ауылдағы шаруашылықтарды білімді мамандармен қамтамасыз ету жөнінде де шаралар қолдануда. Соның бір дәлелі «Дипломмен – ауылға» арнаулы жобасы. Қазір осы жоба бойынша 16 мыңнан астам жас қазақстандық ауылдарға барып жұмыс істеуде. Әкімдіктер тарапынан оларға жан-жақты қолдау көрсетілуде.

Бүгінгі күні Қазақстан әлемдік астық экспортындағы жетекші елдер ондығының ішіне кіреді. 2010 жылы рынокқа еліміз 9 млн тоннадай астық тапсырды. Соның 3 млн тоннаға жуығы Орталық Азия елдеріне жіберілді. Ал Қазақстанның биылғы экспорттық мүмкіндігі 15 млн тоннаға дейін жетеді. Ұн экспорты жөнінен Қазақстан осымен 5 жыл қатарынан әлемде жетекші ел болып отыр.

Мемлекет біздің ауылшаруашылық тауарларын өндірушілер үшін экспорттық дәліздерді кеңіту бойынша мақсатты жұмыстар жүргізуде.

Каспий өңірінде Иран мен Кавказ сырты елдеріне астық экспорттау үшін көліктік-логистикалық инфрақұрылым құрылды.

Ақтау, Әзірбайжандағы Баку, Ирандағы Әмірабад кемежайларында бұрынғы қуаттар ұлғайтылды және жаңа астық терминалдары іске қосылды.

Болашақта «Қазақстан – Түрікменстан – Иран – Парсы шығанағы» темір жол жобасы жүзеге асқан кезде, қазақстандық жүктер көлемі едәуір артырылатын болады. Сол кезде Парсы шығанағы арқылы Жерорта теңізінің шығысы мен Солтүстік Африкаға еліміздің азық-түлігін жеткізудің мүмкіндігі қалыптасады.

«Жетіген – Қорғас» теміржол желісін аяқтап, «Қорғас халықаралық көліктік-логистикалық хабын» іске қосу Қытайға және одан әрі Тынық мұхит аймағына шығу мүмкіндігін туғызады.

Сонымен қатар, Кеден одағының құрылуы, Қазақстан, Ресей және Беларусь елдерінде Бірыңғай экономикалық кеңістіктің жүзеге асуы қазақстандық бизнестің қолын Брест пен Владивостокқа дейін жеткізетін болады.

Тұтас алғанда Қазақстанның ауыл шаруашылығы ел экономикасының маңызды буынына айналды. Бұл да экономиканың локомотиві. Аграрлық сектор өз әлеуетін нығайту үшін қомақты база мен мол мүмкіндіктерге ие.

Құрметті форумға қатысушылар!

Азық-түлік қазіргі күні және болашақта – әлемнің ең тұрақты валютасының бірі.

Жуықта планетаның 7 млрд-ыншы тұрғыны өмірге келді. Жуықта Жер тұрғындары 10 млрд болады. «Осынау миллиардтарды қалай асырауға болады?» – таяу дәуірдің басты мәселесі осы.

БҰҰ-ның болжамы бойынша, 2050 жылы адамзаттың азық-түлік тұтынуы 2 еседен астам өсетін болады.

Дүниежүзілік азық-түлік ұйымы жаһандық аштықтың ықтимал ареалын анықтады. Оған бізбен көршілес бірқатар елдер де кіреді.

Азық-түлік кластерінің ұзақмерзімдік келешегі айдан айқын. Сапалы, табиғи шикізаттан әзірленген азық-түлікті ешбір гендік-модификацияланған өнімдер ешқашан да алмастыра алмайды. Ол қашанда бағалы қалпында қала береді.

Осындай жағдайда Қазақстанның айқын артықшылықтары бар. Бізде мол құнарлы жерлер бар, аграрлық ғылымның фундаменталдық базасы дамыған, ауыл шаруашылығы қарқынды дамуда.

Қазақстан қазірдің өзінде азық-түлік жөніндегі өз қажетінің 80 %-ын қамтамасыз ету мүмкіндігіне жетті. Мұның сыртында экспорт көлемін де арттыра түсті.

Ел азық-түліктің 30 %-ын сырттан әкелетін болса, бұл мемлекет қауіпсіздігіне қатер деген сөз.

Аграрлық өндіріс дамуының өсіп отырған қарқыны кезінде біздің ауылшаруашылық өнімімізді өткізетін жаңа нарық туралы мәселе қайткен күнде де күн тәртібінде тұрады. Оның үстіне біз мал шаруашылығы саласын дамытудың ауқымды жобасын іске асыруды қолға алдық. Жыл сайын 60 мың тонна ет сыртқы рыноктарға шығарылатын болады.

Қазақстан фермерлерінің өңірлік және жаһандық бәсекелестікке қатысу мүмкіндігі барған сайын ұлғайып келеді.

Кедендік одақ пен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің құрылуы бұл үдерісті одан әрі үдете түспек.

Сондықтан мен аграрлық секторды Қазақстанның маңызды инновациялық кластері ретінде қарастырамын.

Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының аясында аграрлық салада 75 жоба іске

қосылды. Бұл – индустрияландыру картасына енгізілген барлық нысандардың жартысына жуығы. Енді жыл соңына дейін тағы да 92 аграрлық өндірісті ашу жоспарланып отыр.

Қазір жұмыс істеп тұрған ауылшаруашылық кәсіпорындарын жаңғыртудың ауқымына одан әрі қарқынды сипат беру маңызды. Үкімет әкімдермен бірлесе отырып, аграрлық сектордың өңдеу өндірістерін жаңғыртудың нақты жоспарын әзірлеп, іске асыруы керек. Бұл аграрлық-өнеркәсіп кешеніндегі еңбек өнімділігін 2 еселеу міндетін орындаудың басты мәселесі.

Бүгінде Қазақстанның ауылшаруашылық саласын жаңа шептерге алып шығу үшін бірқатар мәселелерді шешу қажет.

Бірінші. Үкіметке аграрлық секторды, соның ішінде, мал шаруашылығы мен өңдеу өнеркәсібін мемлекеттік қолдаудың жаңа тетіктерін енгізу үшін қадамдық жол картасын әзірлеуді тапсырамын.

Мен өз Жолдауымда ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін 2 есе арттыру жөнінде тапсырма берген болатынмын. Мұны тек өнімді өңдеу, өнімнің ақырғы құнын арттыру арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Бұл ретте Кедендік одақпен, сондай-ақ алдағы уақыттағы Дүниежүзілік сауда ұйымына кірумен байланысты барлық мәселелерді ескеру керек.

Екінші. Қазақстанның ауыл шаруашылығы инновациялық болуы тиіс.

Бізге отандық аграрлық ғылымды дамытудың нақты бағдарламасы қажет.

10 жыл ішінде мемлекет ауыл шаруашылығындағы ғылыми әзірлемелерді даярлауға 20 млрд теңге қаржы жұмсады. Біздің ғалымдарымыз жоғары өнім беретін бірқатар бидай сорттарын әзірледі. Бірақ олар барлық жерде бірдей қолданылмайды. Неліктен бұлай болып отыр?

Ғалымдар жаңа сорттар мен агротехнологияларды әзірлеуге ондаған жылдарын сарп етсе, мұнан кейін сорт сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия оларды енгізу қажет пе, жоқ па деген мәселемен 3 жыл бойы айналысады. Ал ғылым қазір бір жерде тоқтап тұрмайды ғой. Ақыр аяғында, біздің аграрлық ғалымдарымыздың еңбегі ешкімге қажет болмай, зая кетуде. Бұл кімге керек?

Сондықтан Ауыл шаруашылығы министрлігіне «ҚазАгроИнновация»-мен бірлесе отырып, біртұтас отандық аграрлық ғылымды реформалау бағдарламасын пысықтауды тапсырамын.

Аграрлық сала үшін білікті кадрлар даярлау – мәселенің екінші жағы.

Қазіргі күні 43 ветеринарлық зертхананың құрылысы жүргізілуде, алдағы кезде тағы да 63 зертхана салынатын болады. Олардағы жаңа құрал-жабдықтарда кімдердің жұмыс істейтіндігі ескерілген бе?

Сапалы ветеринарлық қызметсіз етті экспорттау да мүмкін емес. Біздің сапамыз еуропалық стандартқа жауап беруі тиіс.

Аграрлық жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына тексеру жүргізу керек. Ауыл шаруашылығының инновациялық дамуына қажетті мамандарды шығарып жатыр ма екен? Жыл сайын даярланып жатқан мыңдаған жас агро-техниктерден, басқа да аграрлық мамандардан толық қайтарым болу үшін не істеу керек?

Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Білім және ғылым министрлігіне осы мәселені пысықтауды тапсырамын.

«Болашақ» бағдарламасы бойынша аграрлық мамандықтарға берілетін квотаны да кеңейту керек деп есептеймін.

Үшінші. Бүгінгі күні фермерлерді аграрлық инновацияны енгізуге ынталандыратын тиімді шаралар қажет.

Шетелдік технологияларды енгізу әзірге ірі және орта шаруашылықтардың ғана қолдарынан келеді. Көптеген фермерлер іс жүзінде мұндай мүмкіндікке ие емес. Сондықтан ауылдағы инновациялық белсенділікті қолдау үшін қолжетімді қаржылық тетіктерді әзірлеу қажет.

Тамшылатып суаруға пайдаланылатын 18,5 мың гектар алқап біздің ауқымымыз үшін болмашы нәрсе екеніне келісесіздер ме?

Тағы бір мәселе – бүгінде 109 млн гектар жер пайдаланылмай жатыр, ал бұл елдің жер қорының 42 %-ы. Оның ішінен ауыл шаруашылық дақылдарын егуге қосымша 2 млн гектардай жыртылған жер тартыла алады.

Оның үстіне, мен әлденеше рет айтқанымдай, басы артық егіс алқаптарын оңтайландыру керек.

Мал азықтық, жармалық, бұршақтық және майлы дақылдар алқабын кеңейту қажет.

Егістік құрылымдарын әртараптандыру тетіктерінің бірі – бидай өндірісін субсидиялаудан ауылшаруашылық техникалары лизингін арзандатуға, кредиттерді арзандатуға, астықты кепілдікті баға бойынша сатып алуға қарай көшу.

Сондықтан Үкіметке егістік алаңдарды әртараптандыруды қамтамасыз ететіндей фермерлерді ынталандыру тетіктерін әзірлеуді тапсырамын.

Сонымен қатар, Үкімет пен облыс әкімдеріне барлық жерлерді қайта түгендеп, ауыл шаруашылығы айналымына қосу үшін олардың әлеуетін айқындауды жүктеймін. Түгендеу қорытындылары бойынша әрбір өңірдің ауыл шаруашылығын әртараптандыру жөніндегі жоспары болуы тиіс.

Төртінші. Етті мал шаруашылығын астық өндірісі секілді стратегиялық салаға айналдыру міндетін алға қойдым. Осы мақсатқа «ҚазАгро» арқылы 130 млрд бөлінді.

Бүгінгі күні елімізге шетелден әкелінген асыл тұқымды мал үлгілерін пайдалана отырып, жалпы мал басының сапасын арттыру жөніндегі селекциялық жұмыстарды күшейту қажет.

Елеулі резерв – Қазақстан үшін дәстүрлі қой шаруашылығын қоса алғанда, аз шығынды отарлы мал шаруашылығын қалпына келтіру. Оның үстіне бүгінде елде жайылымның 60 %-ы пайдаланылмай жатыр.

Барлық өңірлерде ауыл шаруашылығы өнімін дайындау, сақтау және тасымалдау орталықтарын құру жөніндегі жұмысты жалғастыру маңызды.

Рекордтық астықпен байланысты біз элеваторлар, дән тасығыштар жетіспеушілігі проблемасына тап болдық. Кейінге қалдырмастан астықты сақтау мен тасымалдау үшін қуаттарды кеңейтуді жоспарлау, мультиүлгілік көлік-логистикалық инфрақұрылым жасау керек.

Осынау бәрі – барлық деңгейдегі әкімдердің және әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың міндеті.

Үкіметке «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қорымен бірлесе отырып, «Қазақстан темір жолы» арқасында халықаралық деңгейдегі қуатты көлік-логистикалық компания құруды тапсырамын. Теміржол, автокөлік жолдары, авиация, басқа да көлік бірыңғай орталыққа бірігуі қажет.

Бесінші. Аграрлық сектордың дамуы ауылдар мен селолардың өркендеуінсіз, ауыл халқының

тұрмыс жағдайының жақсаруынсыз мүмкін емес.

Қазақстанда 7 мыңға тарта ауылдық елді мекен бар. Олардың 3 мыңға жуығы 2020 жылға дейінгі еліміздің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды кестесіне енгізіліп отыр. Ауылдық жерлердегі келешектілі өсудің қазығы ретінде бұлардың дамуы үшін барлық қажетті мемлекеттік ресурстар бағытталады болады.

Қазақстандық ауылдар мен селоларды түрлендіру үдерісін жалғастырып, ауылдықтарға жұмыс істеу мен өмір сүру үшін жайлы жағдайлар құрамыз.

Ұлттық компанияларды, кәсіпкерлерді, қоғамдастықтарды осы іске үлес қосуға шақырамын.

Қымбатты достар!

Біздің тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерейтойына небәрі бірнеше апта қалды. Бұл тек қана атаулы күн емес, сонымен қатар біздің одан әрі дамуымызды ой елегінен өткізетін сәт.

XXI ғасырда тек инновациялық көшбасшылыққа қол жеткізген мемлекеттерді ғана табыс күтеді. Сондықтан индустриялы Қазақстан инновациялы Қазақстанға айналуы тиіс. Бұл аграрлық-өнеркәсіптік кешенге де қатысты.

Бұл үлкен міндеттердің қазақстандық аграршылардың қолдарынан келетіндігіне сенімдімін.

«Нұр Отан» Халықтық-демократиялық
партиясының XIV съезінде

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2011 жылғы 25 қараша

Құрметті съезд делегаттары!
Қадірлі қонақтар!
Менің партиялас серіктестерім!

«Нұр Отан» партиясының XIV съезі біз үшін мерейлі меже – ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы мерекесі қарсаңында өтуде.

Біз жасампаз 20 жылда 100 жылға татитын ұлан-ғайыр жолды басып өттік.

Арайлы азаттық арқылы қол жеткізген жетістіктеріміздің баршасында «Нұр Отан» партиясының сүбелі үлесі бар.

Төңірегіне мұраттас серіктерім топтасқан партия тәуелсіздік жылдарында қоғамды жаңа жобаларға жұмылдыра білді.

Шын мәнінде халықтық ұйымға айналған «Нұр Отан» менің бастамаларыма қолдау көрсетіп, іргелі істердің ұйытқысы болуда.

Осылайша біз биік белестерді бірге бағындырдық.

Тәуелсіздіктің жасампаз 20 жылдығы – елдігімізді орнықтыру жолындағы алғашқы кезеңнің мерейлі қорытындысы.

Біз мыңжылдықтың үшінші онжылдығына қадам басу арқылы ел дамуының жаңа кезеңінде тұрмыз.

Бүгінде дамудың 2020 жылға дейінгі Индустриялық-инновациялық стратегиясын жүзеге асыра бастадық.

Ғасырлық мәні бар бұл жоба бізге жаңа міндеттер мен жауапкершіліктер жүктейді.

Оның үстіне, болашақтың не ұсынарын болжап білу қиын. Көптеген елдер дағдарыс дауылына шыдас бермей, шайқалуда. Сондықтан бұл кезеңді біз биік рухпен, кең тыныспен, тың серпінмен бастағанымыз абзал. Ол солай болғалы да тұр. Баршаңыз білесіздер, Жаңа жылдан кейін елімізде Мәжіліс сайлауы өтеді.

Бұл жолы Мәжіліс сайлауымен бірге жергілікті мәслихаттардың да сайлауы қатар өтетіні белгілі.

Сайлау қорытындысы бойынша, Конституцияға сәйкес, Мәжіліс кем дегенде 2 партиядан тұруы керек. Елімізде саяси партияларға алғаш рет осындай мүмкіндік беріліп отыр. Бұл – сайлаудың жауапкершілігі мен жүгін арттырып, партиялар арасында шынайы бәсекелестікті қыздыра түсетіні анық.

Мен ел болашағын айқындауға мүмкіндік беретін осы сындарлы сынақта Қазақстан халқы қолдау көрсетіп, «Нұр Отан» партиясы басым дауыс алады деп кәміл сенемін.

Құрметті делегаттар! Менің қымбатты серіктестерім!

Бұл жолғы съездің тәуелсіздіктің 20 жылдығында өтуінің нышандық мәні бар.

Біріншіден, біз елімізді қалыптастыру жолындағы 20 жылға созылған ерен еңбегіміздің қорытындысын шығарып, оны лайықты аяқтаудамыз. Оның соңғы 5 жылы табысты Қазақстан жолы үшін шешуші болды. Олар қазіргі Парламенттің жұмысымен тұспа-тұс келді.

Дәл осы жылдар біздің халқымыздың ұлы берік бірлігін, оның мызғымас топтасқандығын айғақтап берді.

Біздің ашық экономикамыз планетамыздың бүкіл тарихындағы ең қатал қаржы-экономикалық дағдарыстың сынағына төтеп бере алды.

Біздің саяси және әлеуметтік жүйеміз нақты, тұрақты және тиімді жұмыс істеді.

Мұнда «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының орасан еңбегі бар.

Екіншіден, біз бүгін іс-қимылдың «Қазақстан. 2017-нің мақсаттары» деп аталатын Ұлттық жоспарын партияның алдағы Мәжіліс сайлауындағы жоспары ретінде бекітетін боламыз.

«Нұр Отан» қашанда нақты істердің партиясы болды және болып қала береді. Біздің сайлау алды тұғырнамамыз – Қазақстанның 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары мен «Қазақстан – 2030» стратегиясының өз кезеңіне нақты белгіленген құрамдас бөлігі.

Біздің ортақ міндетіміз – сайлауалды күресте біздің партиялық міндеттеріміздің түбегейлі мазмұнын әр сайлаушыға, әр қазақстандыққа жеткізу!

Тәуелсіздіктің үшінші онжылдығының тарихы осы кезде басталады. Сондықтан 15 қаңтардағы парламенттік сайлау – бұл болашақтың ақиқат сәті деуге болады.

Мен біздің «Нұр Отан» партиясын қазақстандықтардың бүкілхалықтық қолдайтынына сенімдімін.

Бізге, нұротандықтарға, тек жеңіс керек! Ол белгіленген бағдарламаларды орындауды жалғастыру және барлық азаматтардың әл-ауқатын одан әрі жақсарту үшін қажет.

Құрметті делегаттар!

5 жылға жуық уақыт бұрын, алғаш рет партиялық тізім негізінде өткізілген Мәжіліс сайлауында біздің партия сайлаушылардың анық басым көпшілігінің қолдауына ие болды.

Бүгін осы съездің мінберінен біз мына жайды мақтанышпен мәлімдейміз: «Нұр Отан» партиясы 2007 жылғы сайлауға ұсынған Халықтық тұғырнама мерзімінен бұрын орындалды. Бұл біздің ортақ жеңісіміз! Бұл біздің халқымыздың жеңісі!

Өйткені біз оны әлемдік дағдарыстың аса ауыр жағдайында жүзеге асырдық. Себебі, тұғырнама түзілген кезде, біз осындай дауылмен бетпе-бет келеміз деп ойлаған жоқпыз. Ол дауыл, әрине, қандай да бір түзетулер енгізді, бірақ біз жолымыздан адаспай, белгілеген және уәде берген міндеттердің үдесінен шықтық.

5 жылға жетпейтін уақыт ішінде Қазақстан экономикасының көлемі 2 есе ұлғайды. Тек осы жылы ғана инновациялық үлгідегі 350 жаңа кәсіпорын салынды.

Тәуелсіздіктің 20 жылдығы аталатын жылда біздің ауылдықтар рекордтық 30 млн тонна астық

жинады. Біз әлемде үн экспорты жөнінен бірінші орынды төртінші жыл қатарынан ұстап келеміз.

Қазақстан шет ел инвестициясын әлемде ең көп тартқан көшбасшы 20 ел қатарына енді.

Тіпті құрылыс саласы үшін күрделі кезеңнің өзінде 19 млн шаршы метр жаңа тұрғын үй салынды. Жарты млн-нан астам қазақстандық өздерінің тұрғын үй жағдайын жақсартты.

Жұмыссыздық деңгейі 7-ден 5,4 %-ға дейін төмендеді.

Біз халық әл-ауқатының жаһандық рейтингінде әлемдегі алғашқы 50 мемлекеттің қатарына ендік. Жан басына шаққандағы ІЖӨ көлемі биылғы жылы 10 мың доллардан астамды құрайды, ал 2015 жылға қарай 15 мың долларға жетеді. Біз кезінде бұл туралы тіпті армандай алдық па?

Бүгінде осы көрсеткіш бойынша біз, басқа көршілерімізді айтпағанның өзінде, Украинадан 2 еседен астамға асып түстік. Біз Шығыс Еуропаның бірқатар елдерінің алдында тұрмыз.

4,5 жылда тұрғындардың ақшалай табыстары, бюджет саласындағылардың жалақылары, студенттердің стипендиялары 2 есе өсті.

Зейнетақы төлемдері мен бір жасқа толмаған сәбиді күтіп-баққаны үшін жәрдемақылар 2,6 есе өсті.

Білім беруге, ғылым мен денсаулық сақтауға жұмсалатын шығындар 2 есе ұлғайды.

Бүкіл еліміз бойынша шамамен 4 мың жаңа балалар бақшасы ашылды, бұл туралы мен өзімнің Жолдауымда тапсырма берген болатымын, 350 мектеп, 50 шақты колледж салынды. Жаңа Назарбаев университеті, болашақтың Зияткерлік мектептер желісі құрылды. Біз ғылыми-инновациялық сала реформасына кірістік. Қажетті заңдар қабылданып жатыр, ғылымды қаржыландыру ұлғайды, тиісті заң қабылданды.

Қазақстанда 150-дей жаңа емхана, аурухана мен медицина орталықтары тұрғызылды. Астанада біздің денсаулық сақтау саламыздың ту ұстары – Болашақтың госпиталі құрылу үстінде.

Қазақстандықтардың өмір жасының ұзақтығы 2 жылға артып, ана мен бала өлімі айтарлықтай азайды.

Халықаралық сарапшылар қазірдің өзінде Қазақстанды әлем экономикасының ең жедел өсіп отырған үштігіне қосты. Біздің алдымызда тек Катар мен Қытай ғана тұр.

Әлемдік дағдарыстың қиын жылдарында біз өзіміздің әлеуметтік міндеттерімізден бас тартпай, Халықтық тұғырнаманың міндеттеріне адалдық таныттық!

Мен айтқан осы сандардың барлығының артында бүкіл халықтың және, әрине, біздің «Нұр Отан» партиясының ауқымды жұмысы тұр.

«Нұр Отан» партиясының парламенттік көпшілігінің негізінде жасақталған біздің

Үкіметіміздің дағдарыс жағдайында кәсібилікпен жемісті жұмыс істегенін атап өту керек. Парламенттік фракция қажетті заңдарды, оның ішінде дағдарысқа қарсы заңдарды да қабылдауды қамтамасыз етті. Мен съезд мінберінен Мәжілістің барлық депутаттарына олардың қызметі кезеңіндегі жауапты, нәтижелі жұмыстары үшін шынайы ризашылығымды білдіргім келеді.

Партия олардың орасан тәжірибесін пайдалануы тиіс екеніне сенімдімін. Мен депутаттардың көпшілігі қайта сайланады, ал кімнің мандаты аяқталса – партия бұл адамдар өздерінің тәжірибелерін атқарушы билік органдары мен біздің партияның органдарында пайдаланулары үшін қамқорлық танытады ғой деп ойлаймын. Олар үлкен пайда әкелді.

Біздің мәслихаттардағы депутаттық топтарымыз, партияның өңірлік филиалдары өңірлерде Жол картасының, Тұрғындарды еңбекпен қамтудың жаңа стратегиясының орындалуы үшін адал еңбектенді.

Барлық өңірлерде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық кешенін жаңғырту, жол жөндеу мен салу, қалалар мен ауылдарды абаттандыру бойынша біздің тарихымызда бұрын-соңды болмаған жұмыстар жүргізілді.

«Нұр Отан» партиясы Қазақстан халқы Ассамблеясымен, Қазақстанның кәсіподақтарымен,

қоғамдық бірлестіктерімен барлық бағыттар бойынша тығыз жұмыс істеді.

Күрделі кезеңде біз тұрақтылықты, бейбітшілікпен келісімді көзіміздің қарашығындай сақтадық.

Бұл Қазақстан бүкіл әлемде айтса сенгісіз беделмен құрметке қол жеткізген нәтиженің берік негізі болып табылады.

Біздің әлемдік аренадағы табыстарымыз – барлық жаңа тәуелсіз мемлекеттер үшін бірегей және теңдессіз.

Еуропа кеңесінің Бас хатшысы Ягланд мырза таяудағы біздің әңгімеміз барысында «әлемдегі кез келген адам Қазақстанның өңірде ғана емес, сондай-ақ әлемдік аренада үлкен табысқа жеткенін айта алатынын» айрықша атап көрсеткен еді. Бұл – сыртқы бақылаушының біздің жұмысымыз бен табыстарымызға берген шынайы бағасы. Мен біз үшін бұл ерекше жағымды ғой деп ойлаймын.

2010 жылы Қазақстан аса ірі халықаралық ұйым – ЕҚЫҰ-ны лайықты басқарды. ЕҚЫҰ-ның Астана саммиті біздің және бүкіл әлемдік тарихтың алтын парағының бірі болды.

Қазір, өте күрделі уақытта, біз Ислам ынтымақтастығы ұйымындағы төрағалық миссияны атқарудамыз.

Біздің еліміз жаһандық антиядролық қозғалыстағы көшбасшылық тұғырын айтарлықтай нығайтты. Біздің ядролық қарусыздану мен

таратпау үдерісіне дәйекті қатысушы ретіндегі үлгіміз қазіргі әлемде ешқандай талас туғызбайды.

Біз, өздеріңіз білетіндей, идеясын 17 жыл бұрын мен ілгерілеткен еуразиялық интеграция сала-сында сапалық серпінділікке қол жеткіздік.

Қазақстан, Беларусь және Ресей құрған Кедендік одақ жұмыс істей бастады. Бір апта бұрын Мәскеуде 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап Бірыңғай экономикалық кеңістік қалыптастыру туралы үш жақты уағдаластыққа қол қойылды. Бұл қадам біздің тәуелсіздігіміздің тағы бір кепілі болып табылады және біздің сыртқы экономикалық қауіпсіздігіміз бен өңірлік тұрақтылығымызды айтарлықтай нығайтады.

Айтылғандардың барлығы – біз 5 жыл бұрын жариялаған партия тұғырнамасын іс жүзінде орындаудың нақты нәтижесі.

Осылайша, «Нұр Отан» партиясы халық бірлігінің, елді тек қана алға – жаңа жеңістер мен асуларға батыл жетелейтін мұқалмас ерік-жігердің партиясы болды және болып қала береді!

**Қымбатты қазақстандықтар!
Құрметті съезд делегаттары!**

Біздің еліміз ауқымды модернизация дәуіріне аяқ басып келеді. Біз жаһандық дамумен ортақ ырғаққа ендік. Елді дамытудың стратегиялық мақсаттары мен міндеттері тұтас ондаған жылдарға бұрын жасалған.

2017 жылға қарай экономиканың шикізаттық емес секторына инвестициялар 15 %-ға өседі. ДЖӨ құрылымында өңдеуші өндірістің үлесі айтарлықтай артып, дайын өнім экспорты 40 %-ға ұлғаятын болады. Өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі 1,5 есе артады. Металлургия және химия салаларындағы өндіріс көлемі 2 еселенеді. Біздің жеңіл өнеркәсіп өнімдеріміз ішкі нарық сұранысының үштен бірін қамтамасыз ететін болады.

Тұтастай алғанда, біз болашағымызды ХХІ ғасырдың басты сынақтарын қаперге ала отырып елестетеміз.

Бүгінде біз әлемдік дағдарыстың тіпті көптеген жылдар бойы даму мен тұрақтылықтың үлгісі саналған мемлекеттердің өзін қалай таттануға ұшыратқанын көріп отырмыз.

2009 жылы-ақ мен әлемдік қаржы жүйесін реформалау бастамасын көтерген болатынмын. «Дағдарыстан шығудың кілті» атты мақаламда мен дағдарысқа қарсы бетінен қалқыған шаралар әлемді жаһандық дағдарыстың жаңа толқынында опа бермейтінін жазған едім. Оқиғалардың қазіргі дамуы мұндай бағамның әділдігін көрсетіп отыр.

Мен өзімді оптимистердің де, пессимистердің де қатарына қоспаймын. Бүгінде жаһандық сүргіндерге дағдарыс әлсіреткен экономикалардағы мемлекеттік берешектің өсімі алып келуі ықтимал екені айқын.

Қаржы дағдарысы мен оған ере келген рецессиялар осал орта қалыптастырса, назар аударусыз қалдырылған тәуекелдер ертеңгі дағдарысқа айналады.

Еуропада не болып жатқанына қараңыздар. Дефолт қатері Грекияның, Испанияның, Италияның, Португалияның алдында тұр. Домино әсерінен қауіптенген Еуроодақ елдерінің басым бөлігі бүгінде белгілі бір деңгейде көмек сұрауға мәжбүр. Әлеуметтік проблемалар Америка Құрама Штаттарында, Австралияда өткір көрінуде. Барлығына ауыр тиіп тұр.

Әлемдік дағдарыс, әрине, бізге де әсерін тигізетін болады. Және ол өткен кезеңдегідей біздің жоспарларымызға да түзету енгізуі ықтимал.

Сондықтан, барлық табыстарымызға қарамастан, біз кез келген күтпеген жағдайларға дайын болуға тиіспіз.

Қазіргі заманғы саясаттың басты мәселесі – мемлекеттің нақты бағдары туралы мәселе.

Ондаған елдердегі қазіргі мазасыз оқиғаларды, жалпылай алғанда, мемлекеттік құндылықтар дағдарысы деп атауға болады. Әлем қоғамның басты игілігі құдды бір ақша болып табылатындай, айырбас пен жинақтау құралынан жалған «жоғары құндылықтарға» айналып, монетаризм идеясын елеусіз ғана «жұтып қойды». Сондықтан қазіргі мемлекеттерді сауықтыру – өлшеуге болмайтын арқаулық құндылықтарға қайта оралу.

Әділеттіліктен ауытқудың өзі әлемдік дағдарыстың түбегейлі себебі болып табылады. Әділеттілікті қалпына келтіру дағдарыстан кейінгі әлемнің негізі болады. Әділетті халықаралық қатынастар қажет. Әділ әлемдік валютадағы әділ халықаралық қаржы жүйесі қажет.

Бай және кедей елдер арасындағы айырмашылық өсе түсуде. Бүгінгі әлемде көптеген адамдар экономикаға толыққанды қатысу, әлемдік экономикалық өсудің барлық игіліктерін алу мүмкіндіктерінен айырылған. Бұл тепе-теңсіздіктерге, әлеуметтік шиеленістер мен дау-жанжалдарға апарып соқтыруда.

Мен осыған дейін де айтып келгендей, Қазақстан ел азаматтарының экономикалық өсуге кеңінен қатысуына жол ашатын меншіктің ең жаңа құрылымын қалыптастыруға кірісті.

Халықтық IPO жүйесі арқылы қазақстандықтар елдің стратегиялық активтерінің меншік иелері бола алады. Оның не екенін халыққа түсіндіру қажет. Әлемдік деңгейде танылған ірі ұлттық компаниялар акцияларының бір бөлігін алу арқылы біздің азаматтарымыз еліміз байлығына иелік етіп, дивидендтер мен табыстар тауып тұра алады.

Келесі жылдың өзінде-ақ халықтық IPO-ға алғашқы болып «ҚазТрансОйл», «KEGOC» және «Air Astana» шығады. Олардан соң қалған ірі ұлттық компаниялар да қосылады. Ал 2014–2015 жылдары «ҚазМұнайГаз» шығатын болады.

Халықтық IPO бағдарламасы – әншейін ғана жаңа бұқаралық жекешелендіру емес. Ол лайықты өмір сүріп жатқан жаңа меншік иелерінің бұқаралық табын құру үдерісі. Халықтық IPO үшін сенімді құқықтық негіз қалыптастыру және дамыту Мәжілістің келесі құрамының кезек күттірмес міндеті болып табылады.

Мұның сыртында барлық құқық қорғау органдарындағы реформаларды тереңдетіп, жұмысты жалғастыру қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейте түсу керек.

«Нұр Отан» партиясы сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі 300-ден астам қоғамдық кеңестердің жалпыұлттық желісін құрып, оған басшылық жасап отыр. Азаматтардың 1 мыңнан астам өтініштері қаралып, олардың көпшілігі бойынша қылмыстық істер қозғалды, нақты шенеуніктер жазаланды.

Біз сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесінде ымырасыз болуға тиіспіз. Партия сыбайлас жемқорлыққа қарсы кең көлемді қозғалыстың басында болуға тиіс және болады да.

Білім беру мен денсаулық сақтаудың әділ жүйесі, әділ әлеуметтік қорғау, әділдікпен жүргізілетін жастар және тұрғын үй саясаты – бұлар біздің дамуымыздың жаңа күн тәртібіндегі мәселелер. Олар «Ұлттық іс-қимылдар жоспары.

Қазақстан. 2017-нің мақсаттарында» көрініс тапқан.

Біріншіден, білім беру саласында біз ата-аналар балаларының оқуына қаржы жинау үшін дер кезінде аша алатындай оқыту депозиттері жүйесін енгізуіміз керек.

Келесі 5 жылда 3 мыңнан астам балабақшалар мен мектеп жасына дейінгілер үшін дамыту орталықтары ашылып, кемінде 400 жаңа мектеп салынады, әлемдік деңгейдегі кәсіптік колледждер желісін құру жөніндегі жоба жүзеге асырылады.

Барлық білім беру ұйымдарының 90 %-дан астамын кең жолақты Интернетке қосу, 60 %-да электронды оқыту жүйесін енгізу міндетін алға қоямын.

Педагогтардың жалақылары олардың біліктілігіне байланысты 30 %-дан 100 %-ға дейін өседі.

Екіншіден, денсаулық сақтау жүйесі 300 жаңа дәрігерлік амбулаториялармен, 50 емханалармен және фельдшерлік-акушерлік пункттермен толығатын болады.

Әр облыста авиацияны қолдану арқылы шұғыл көлік медицинасы енгізіледі. «Денсаулық» медициналық пойыздарының саны артады.

Сапалы медициналық қызметтер қолжетімді болу үшін барлық қазақстандықтарға бірдей жағдай туғызылады.

2017 жылға қарай ана мен бала өлімі көрсеткіші 1,5 есе төмендетіледі.

Үшіншіден, әділ әлеуметтік жүйе – бұл ең алдымен лайықты зейнетақылар мен әлеуметтік әлжуаз халыққа төленетін өтемақылар.

2017 жылға қарай арқаулық зейнетақы төлемдері мен атаулы әлеуметтік көмек ең төменгі күнкөріс деңгейінің кем дегенде 60 %-ын құрайтын болады.

Сонымен бірге, мүгедектер мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды ықтимал алушылардың өзге топтарының өз әлеуеттерін жүзеге асырулары үшін мүмкіндіктерді кеңейту жөнінен нақтылы жұмыс жүргізу қажет.

Таяудағы 5 жылда кредит сомасы 3 млн теңгеге дейін жететін селолық кәсіпкерлерді шағын кредиттеу бағдарламасы жүзеге асырылатын болады.

Сіздер «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасының жүзеге асырылып жатқанын білесіздер. Еңбекке қабілетті азаматтар жұмыс істеуі керек. Бұл біздің негізгі көмегіміз.

Мемлекет бүгінде көмек көрсетіп отыр. Ауылдық жерде іспен айналысқысы келетіндер үшін – ол 3 млн теңгеге дейінгі шағын кредиттер. Онда жұмыс істей алмайтындарды біз мемлекет есебінен қалаларда оқуға шақырамыз, оларды тұрғын үймен қамтамасыз етіп, жұмысқа орналастырамыз.

Мұны түсіндіру керек. Бұл біздің жағдайымызда өте маңызды бағдарлама. Бізде өте көп

мигранттар жұмыс істеуде. Қазақстанда жұмыссыздар саны мейлінше аз болуы тиіс. Ол үшін бізде барлық мүмкіндіктер бар. Бірақ, ең алдымен, адамның өзінің еңбек етіп, өзінің және өз отбасының тұрмысын жақсартуға деген ниеті болуы қажет.

2018 жылы Қазақстан тұрғындарының табыс деңгейі жоғары елдер тобына енуі тиіс.

Төртіншіден, алдағы 5 жылда 24 млн шаршы метрден кем емес тұрғын үй құрылысын қамтамасыз ету қажет.

Жергілікті әкімдіктерге азаматтардың, әсіресе жас отбасылардың, тұрғын үй жинақ салымдарына қымбатқа түспейтін тұрғын үй құрылысын жүргізуіне қолдау көрсетілетін болады.

Біз қаласақ та, қаламасақ та, ауылдан қалаға көшу жүріп жатыр. Ол жалғаса беретін болады. Негізінен олар орнықты жағдайы, ешқандай мамандықтары жоқ жастар. Біздің міндетіміз барлық жерлерде, барлық қалаларда, облыстарда, өңірлерде олардың белгілі бір жерлерде өмір сүріп, осы бағдарлама бойынша мамандықтар алып және іске араласуына жағдайлар жасау.

Тұрғын үй жөніндегі әңгімені жалғастыра отырып, аз қамтамасыз етілген азаматтардың жөндеу жұмыстарына атаулы көмек және құрылыс жүргізуге мақсатты жарналар алатындығын айтқым келеді.

2017 жылға қарай қалалардың бәрі орталықтан сумен жабдықтаумен 90 % қамтамасыз етіледі, 30 мыңнан астам коммуналдық желілер қайта жаңғыртылады.

Біздің елімізде коммуналдық істер бойынша ешқашан мұндай көлемде жұмыс жүргізілген емес.

Бесіншіден, әділдікпен жүргізілетін жастар саясаты жас қазақстандықтардың индустрияландыру бағдарламаларына белсенді атсалысуына негізделетін болады.

Біз жас мамандарға, жас отбасыларға қолдау көрсету бағдарламасын жүзеге асырудамыз.

Қарулы Күштерде, полицияда және өзге де құқық қорғау органдарындағы қызметі арқылы Отанға қызмет ету мамандығын таңдаған жастарға тұрақты қамқорлық жасау – айрықша мәселе.

Біз бұл жерде әскери қызметшілер отбасылары үшін орын алған тұрғын үй проблемаларын толық шешуге тиіспіз.

Бұл жайлардың бәрі біздің сайлауалды бағдарламамызға енгізілген. Оларды нақтыландыру менің келесі жылғы Жолдауымда одан әрі дамытылатын болады.

«Нұр Отан» партиясының «Халық дауысы» акциясына атсалысқан 1 млн астам қазақстандықтар Ұлттық іс-қимылдар жоспарының тең авторларына айналды.

Біздің партиямыз – халықтық-демократиялық, сондықтан ол барлық қазақстандықтардың мүдделерін бейнелейді.

Біздің ендігі борышымыз – барлық кезде де әділдік партиясы болып қалу. Өйткені ол «Нұр Отан» партиясының ұзақ мерзімді саяси көшбасшылығының, қазақстандық сайлаушылар сенімдерінің жоғары деңгейін бүтіндей ондаған жылдар алға оза отырып ұстап тұрудың басты кезеңі және негізгі шарты.

Құрметті делегаттар!

Алда тұрған Мәжіліс сайлауы – саяси жүйені жаңғыртудағы маңызды қадам.

Орталық мемлекеттік билік органдарын жаңарту үдерісі Мәжіліс пен мәслихаттардан басталады. Сондықтан парламентшілердің мерзімінен бұрын сайлау өткізу туралы бастамасы үлкен құрметке лайық.

Сайлаушылардың ерік білдіруі арқылы 2007 жылғы конституциялық реформаның маңызды нормасы мерзімінен бұрын жүзеге асырылатын болады. Дауыс беру қорытындысы бойынша алғаш рет кемінде 2 партиялық фракцияның қатысуымен, көп партиялы негізде жұмыс істейтін Парламент қалыптастырылады. Одан соң жаңа Үкімет жасақталып, министрліктер мен ведомстволар сапалық тұрғыда жаңарады.

Осылардың бәрі барлық саяси партиялардың жауапкершілік деңгейін арттыра түседі.

Бүгінде жаңа жағдайлардағы саяси бәсекелестік мағынасының неде екенін айқын түсінудің маңызы зор.

Егер әлемге көз салар болсақ, ХХІ ғасырда табысты партияның күші оның әккілікпен сынап білуінде емес. Партияның күші – оның жұртшылықты сынақтар соқпағынан алып өту, тұрақтылық пен халық бірлігін нығайта білу қабілетінде.

«Нұр Отан» – осындай партия. Біз оны өз тарихымызбен, өзіміздің Қазақстан үшін және қазақстандықтардың игілігі үшін тынымсыз атқарған жұмысымызбен дәлелдедік. Сонымен бірге Саяси кеңес Бюросынан бастап, бастауыш ұйымға дейін – бәрінің де саяси жұмыстардың жаңа нұсқаларын меңгерулері керек.

Бірінші. Біздің партияда кадр саясатының айқын жүйесі болуы тиіс.

Аудан мен облыс департаменті басшысынан бастап министрге дейінгі мемлекеттік менеджерлердің жауапты қызметтеріне кадрлар іріктеудегі партияның рөлін күшейту қажет.

Екінші. «Нұр Отан» партиясы стратегиялық мемлекеттік бастамалар жасаудың орталығы болуға тиіс.

Маңызды заңдар мен бағдарламалар жобаларының партия алаңдарында – съездер мен кон-

ференцияларда, Саяси кеңестің кеңейтілген отырыстарында алдын-ала талқылануының маңызы зор деп есептеймін.

Үшінші. Партия басшылығы мен оның Парламенттегі фракциясы қызметінің біртұтас ырғақты жұмысы қажет.

Барлық мәслихаттардағы нұротандық депутаттар жұмыстарын үйлестірудің айқын жүйесі болу керек.

Төртінші. Жаңа тұғырнаманың орындалуы партия басшылығының қатаң бақылауында тұруы тиіс.

Орталық аппаратта индустрияландырудың, әлеуметтік жаңғыртудың, тұрғын үй саясатының, жастармен, ардагерлермен, ҮЕҰ-лар және басқалармен жұмыстардың маңызды бағыттары мен жобалары бойынша кураторлар институтын құру қажет.

Бесінші. Электораттық кезеңде «Нұр Отан» партиясы өзге саяси партиялармен, кәсіподақтармен және ҮЕҰ-лармен ынтымақтастық туралы сайлауалды меморандум сияқты құралдарды пайдалануы керек.

Мен осы сайлауға қатысатын барлық саяси партиялар халық алдындағы, ел алдындағы, әлемдік тарихтың күрделі кезеңі алдындағы және дағдарыс алдындағы жоғары жауапкершілікті басшылыққа алып, біздің қоғамымыздағы тұрақтылықты, тыныштықты сақтау үшін ынтымақтастық

танытып, саяси күресте нақтылы және әдепті болады деген сенім білдіргім келеді.

Президент ретінде мен жаңа Парламентте де және біздің елімізде де өкілдікке ие барлық саяси күштермен жұмыс істейтін боламын.

Барлық парламенттік партиялардың жемісті жұмыс істейтініне, тек қана біздің Отанымыздың ұлттық мүдделерін басшылыққа алатынына сенімдімін.

Біздің халқымызға, біздің ырғақты дамып келе жатқан елімізге керегі де дәл осы.

Қымбатты достар!

Ұлы күн – тәуелсіздіктің 20 жылдығына аз ғана күндер қалды.

Мен барлық делегаттарды, барлық нұротандықтарды алда келе жатқан мерейтоймен алдын ала құттықтаймын!

XXI ғасырда тек күшті мемлекеттер ғана табысты дами алады.

Көшбасшы саяси партия ретінде «Нұр Отан» елдің болашағы, қоғамдағы тұрақтылық пен алдағы ондаған жылдарға арналған саяси бағыттың сабақтастығы үшін жауапкершілікті өз мойнына алады.

Сіздердің бәріңіз осы жылдар бойы менің командам болдыңыздар. Сіздердің көпшілігіңізді мен ұзақ жылдардан бері білемін. Мен сіздерге

сендім және сенемін және әрқайсыңызға үлкен міндеттер жүктеймін!

Уақыттың өзі бізден бірлікті талап етіп отырған бүгінгі күні командалық рух пен топтасқандық өте маңызды. Тек солай ғана біз болашаққа, жаңа жеңістерге, жаңа табыстарға бара аламыз!

Алға, «Нұр Отан»! Алға, Қазақстан!

Құрметті съезд делегаттары!

Қадірлі қанаттастарым!

Біздің алдымызда елімізді асқар асуларға бастайтын тарихи маңызы зор тағдырлы шешімдер қабылдау міндеті тұр.

Мен «Нұр Отан» партиясының XIV съезі жаңа кезеңге бетбұрыс бастауы болады деп үміт артамын.

Біздің қуатымыз – бірлікте. Біз берік бірлігіміз бен бекем тірлігіміз арқылы ұланғайыр жетістікке қол жеткіздік.

Алдағы уақытта да иық тіресе жүріп, биік белестерді бірге бағындыра беретінімізге сенемін.

Біздің бағытымыз айқын, болашағымыз жарқын. Ендеше, осы жолда баршаңызға толайым табыстар тілеймін.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміз ғұмырлы болсын!

Алға, Қазақстан!

Қазақстан ғалымдарының форумында
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
2011 жылғы 1 желтоқсан

**Құрметті форумға қатысушылар!
Қадірлі ғалымдар!**

Біз бүгін ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында жүздесіп отырмыз. Бұл Қазақстан ғалымдарының алқалы басқосуының мән-маңызын арттыра түседі.

Осыдан 5 жыл бұрын Ұлттық ғылым академиясында өздеріңізбен кездескен едік. Осы мерзім ішінде біздің еліміз өркендеп, ғылымымыз

ілгерілей түсті. Ғылым ордасы түгелдей күрделі жөндеуден өтті. Қайта түлеген қасиетті қара шаңырақ тәуелсіз еліміздің ғылымын дамытуға мол үлес қоса беретін болады.

Баршаңыз білесіздер, біздің ғылыми әлеуетіміз тамырын тереңнен алады. Әр дәуірде қазақ топырағынан шыққан әйгілі ғалымдар аз емес.

Әл-Фараби, Абай, Шоқан сияқты тұғырлы тұлғалар ғылымға өлшеусіз үлес қосты.

Кеңестік кезеңде де Қазақстаннан дүние жүзін мойындатқан ғұламалар шықты.

Соның бірі – академик Қаныш Сәтбаев.

Менің ұсынысым бойынша ЮНЕСКО-ның Бас Ассамблеясының шешімімен 1999 жыл академик Қаныш Сәтбаев жылы деп жарияланғанын білесіздер.

Біз тәуелсіздік алғаннан бері ғылымды өркендетуге күш салып келеміз.

Елдігімізді дамытуға ғалымдар үлкен үлес қосуда. Олар ғылымды дамытып, жаңа ғылыми мектептер қалыптастырды. Сондықтан тәуелсіздік жылдарындағы біздің басты жетістіктеріміздің бірі – ғылыми әлеуетімізді сақтап қалуымыз болды.

Елімізден әлемге танымал ғалымдар көптеп шығуы үшін оларға барлық жағдайды жасау керек.

Тәуелсіздіктің 20 жылдығы – бір белесті артқа тастап, дәуірді қорытындылайтын ерекше кезең.

Осы биік белесті бағындыра тұрып, тәуелсіз Қазақстан ғылымының 20 жылдығын екшеп, таразылай аламыз.

20 жылда біз ұланғайыр істер атқардық. Соның ішінде ғылым мен білім саласында үлкен жетістіктерге қол жеткіздік.

«Ғылым туралы» жаңа Заң қабылдадық. Ол біздің отандық ғылымды дамытуға тың серпін беруі тиіс.

Елімізде индустриялық-инновациялық дамудың іргетасы қаланғанын білесіздер.

Оны дамыту үшін талантты ғалымдардың күш жұмылдырғаны жөн.

Әрбір ғылыми жаңалық еліміздің тұғырын бекіте түсуге арналуы керек.

Бүгін сіздерді осы мәселелер жөнінде ой бөлісуге шақырамын.

Маған байланысты қабылданған шешімге рақмет айтамын. Мен үшін бұл үлкен дәреже, үлкен атақ, үлкен марапат.

Құрметті форумға қатысушылар!

Ғылым туралы жаңа заң қабылдаумен біз ғылым саласында серпіліс жасау үшін институционалдық негіз құрдық.

Форумның Қазақстан тәуелсіздігі мүшелто-йының қарсаңында өтіп отырғанының өзі жайдан-жай емес.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары аңызға толы да, күні дерлік тарихи оқиғалы жылдар болды.

Мәселен, тәуелсіз Қазақстанның экономикасы немесе мемлекеттік басқару жүйесі қалай болуға тиістігі туралы тұтастай ғылыми жобалар санаулы күндерде ғана дүниеге келді. Және сол бойда-ақ заң мен нақты іс жүзіндегі шешімдерге айналды. Бұл даңғыл жол емес еді.

Қазір біз тәуелсіздіктің 20 жылдық қорытындыларын шығарып отырмыз. Біз Қазақстанды шешуші келесі 20 жылдың серпілісіне, жаңа сапалы кезеңге – жоғары технологиялар мен инновациялар әлеміне дайындаудамыз.

Бұл бос сөз емес. Бізге басқа жол жоқ. Әйтпесе бүкіл мемлекеттердің соңында қалып, солардың шаңын жұтамыз.

Бүгінгі таңда дәл осы ғалымдардың, зерттеушілер мен ғылыми қызметкерлердің Қазақстан дамуына ең бір шешуші еңбек сіңіретін кезі келді. Ғылым мен ғалымдардың мәні барған сайын өсе түсетін болады. Бұл міндеттің маңызы зор.

Бұл форумның мәні мен мағынасы мен үшін Қазақстан ғылымының даму жолдары мен оның ел тәуелсіздігін нығайтудағы басты рөлін айқындау болып табылады.

Құрметті форумға қатысушылар!

Тәуелсіздік жылдары ішінде мемлекет қашанда ғылыми саланы дамытуға көп назар аударып отырды.

20 жылдың ішінде елде ғылыми ұйымдар желісі 11,6 есе ұлғайды. Қазір бұл 400-дей ғылыми мекемелер, ғылыми орталықтар мен құрылымдар. Біз Ұлттық ядролық орталық құрдық, Ұлттық ғылым академиясының бүкіл жүйесіне қайта құрылымдау жүргіздік, университеттік білім беру жүйесінің рөлін көтердік. Яғни біз бүкіл әлем бара жатқан жолға түстік.

Бізді бұрынғы кеңестік республикалар академикаларының қалай жұмыс істейтінімен салыстырып керегі жоқ. Бұл бізге үлгі емес, өйткені биылдың өзінде ішкі жалпы өнім Қазақстан халқының жан басына шаққанда шамамен 11 мың долларды құрады. Мұны бұрынғы кеңестік республиканың бірде-біреуімен салыстыруға келмейді. Егер біз әлемде құрметке ие ұлт болғымыз келсе және басқалардан қалғымыз келмесе, неғұрлым жоғары мақсаттарға бағдарлануға тиіспіз.

Өткен жылдан бастап Астанада Назарбаев университеті жұмыс істей бастады, ол әлемдік жетекші ғылыми орталықтармен тығыз ынтымақтастықта. Мен дәл осы оқу орнына өз атымды беруге келістім. Бұдан басқа жерде мұндай келісім болған емес және болмайды да. Оның маған қажеті де жоқ.

Бүкіл ел бойынша дарынды балаларға арналған 20 зияткерлік мектеп ашылатын болады. Олардың бірқатары қазірдің өзінде табысты жұмыс істеп жатыр. Бұлар жаңа университеттердің арқауы болып табылады.

Менің Қазақстан халқына Жолдауыма сәйкес, Қазақстанда 9 технопарк, 5 ұлттық және 15 өңірлік зертханалар жасақталып, 9 венчурлік қор және 3 конструкторлық бюро құрылды. Бұл зертханалар әрбір ғалым, өнертапқыш үшін қолжетімді.

Ғылыми қызметті басқарудың жаңа моделі енгізілді.

Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті, ұлттық ғылыми кеңестер, Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама ұлттық орталығы құрылды.

Біз ғылымды қаржыландырудың базалық, гранттық және мақсатты-бағдарламалық тәрізді жаңа нысандарын енгіздік.

Сіздер, ғалымдар, жаңа модельдің қалай жұмыс істейтінін жақсы білесіздер деп сенемін.

Жалпы, 2012 жылы ғылыми зерттеулер саласындағы мемлекеттің шығысы 42 млрд теңгені құрайды. Бұл өткен 3 жылғы көрсеткіштен орташа алғанда 2 есе көп. Таяу 3 жылда ғылымға бөлінген шығыс 118 млрд теңгені құрайтын болады. Қазақстан ғылымға ешқашан мұнша қаражат жұмсаған емес.

1997 жылдан бері ғалымдарымыздың жалақысы 10 есе көбейді.

Менің тапсырмам бойынша жаңа «Ғылым туралы» Заң әзірленіп, қабылданды, ол біздің ғылыми саламызды жаңғыртудың құқықтық негізін айқындайды.

Біз дәйекті түрде қазақстандық ғылымды әлемдік ғылыми қоғамдастыққа кіріктіріп келеміз.

Қазақстандық оқымыстылардың халықаралық деңгейдегі жарияланымдарының белсенділігі 3 есе ұлғайды.

Біз ғылыми диссертацияларды қорғау мен ғалымдардың біліктілігін көтерудің халықаралық жүйесіне көштік.

Біздің ЖОО-ларымызды халықаралық аккредитация үдерісі қарқын алуда.

Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстан ғылымын дамыту үшін аз жұмыс жасалған жоқ.

Қазіргі кезде ғылымды экономикамыз бен қоғамымызды дамытудың локомотивіне айналдырудың негізгі бағыттары мен тетіктерін анықтау маңызды.

Мен диссертацияларды қорғау тәжірибесі туралы мәселе бойынша сындардың болғанын білемін.

200 ғылыми кеңес ғылым кандидаттары мен докторларын қолдан жасады. 60 ғылым кандидатының 1-еуі ғана және 40 ғылым докторының 1-еуі

ғана ғылымға барды. Есесіне барлық шенеуніктер мен депутаттар ғылым докторы атанып алды. Ғылымның қадірін мұнша кетіруге жол бермеу керек.

Құрметті әріптестер!

Ашығын айтайық. Ғылымды кадрлармен қамтамасыз ету жағынан біз жетекші ғылыми державалар саналатын Швеция, Жапония, АҚШ пен Германиядан айтарлықтай артта келеміз.

Біздің елімізде бұл көрсеткіш 1 млн тұрғынға шаққанда 1 мыңнан аз болса, Украинада – 1 800, Ресейде 3 300-ден астам, Жапонияда 5 300-дей екен.

2010 жылы елімізде ғылыми зерттеу саласында жүргендер саны бар болғаны 17 мың адамды ғана құраған. Қазақстандағы ғалымдардың орта жасы да шамамен 55-терде.

Бұдан бұрынғы жылдары мыңдаған адам әлі де ескі жүйе бойынша ғылым кандидаттары мен докторлары болды. Түрлі деңгейдегі шенеуніктердің, депутаттар мен бизнесмендердің жаппай атақ алуы модаға айналды.

Биылдан бастап бұл кеңестер өз жұмысын тоқтатты. Бұл біздің ғылыми атақтар берудің ескі жүйесінен бас тартқан себептеріміздің бірі.

Енді Білім мен ғылым министрлігі біздің ғылымымыз жастармен толығу үшін ондағы жалғастықты сақтап қалумен салиқалы түрде

айналысуы қажет. Бұл біздің қасиетті парызымыз. Жастарымыздың ғылымға ұмтылуы мені қуантады.

Қараңыздаршы, бүкіл әлемде жарияланған жарияланымдар бойынша қазақстандық авторлар бар болғаны 0,02 %-ды ғана құрайды. Бұл – 0 %!

Бұл көрсеткіш АҚШ-та – 22 %, Қытайда – 10 %, Жапонияда – 6 %, Ресейде – 2 %. Мен мұны өз жұмыстарыңызда бағдарға алу үшін айтып тұрмын.

Тек бір қазақстандық басылым – «Еуразиялық химиялық-технологиялық журнал» ғана жаһандық ғылымның рейтингілік журналдар қатарына кіреді.

Тәуелсіздіктің 20 жылында зияткерлік меншікті бекітуге берілген 26 мың өтінім қанағаттандырылыпты. Осының тәжірибе жүзіндегі қайтарымы қандай?

Үстіміздегі жылдың басында 2020 жылдың соңына дейін «100 қазақстандық инновация» атты жалпыұлттық жобаны жасау мен іске асыру идеясын ұсынған болатынмын. Егер де біз осы 100 жобаның ішінен ең болмаса 10 абсолютті инновацияны жасай алсақ, онда ол үлкен жеңіс болар еді.

Өкінішке қарай, Білім және ғылым министрлігі де, Ұлттық академия да, толып жатқан ғылыми ұйымдар да әлі күнге дейін осы мәселе бойынша өздерінің тұжырымдамалық ұсыныстарын бере алмады!

Бұған мен сіздердің назарларыңызды бәрінен бұрын менің ғылым мен инновацияны дамытудың стратегиялық топшылауымның мәні түсінікті болуы үшін аударып отырмын.

Біріншіден, ғылымды қаржыландыруды күшейту мәселесінде бізде нақты бағыт бар.

Қазақстанның 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында 2014 жылы ғылымды қаржыландыру елдің ДЖӨ-інің 1 %-ына дейін жеткізу міндеті айқындалған. Және біз бұл көлемді ел байлығының өсуіне қарай көбейте беретін боламыз.

Екіншіден, бізге ғылымды жекеше бизнестен инвестициялар ағымымен қамтамасыз ету керек.

Дамыған елдерде ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың жалпы көлемінің жартысынан астамы жекеше секторға тиесілі. Жапония мен Германияда бұл – ғылымға салынған бүкіл инвестициялардың 70 %-ы, Финляндия мен Швецияда – 65 %-ы, АҚШ-та – 64 %-ы.

Бұл ғылыми әзірлемелерді бизнес қажетсінетіндіктен осылай болып отыр. Жаңалық ашу деген нақты бәсекеге қабілетті тауарға айналып келеді.

Біз үшін ғылыми зерттеулерді коммерцияландырудың тиімді жүйесі – өмірлік қажеттілік.

Үкіметке «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорымен бірлесіп 2012 жылғы 1 ақпанға дейін «Бизнес және ғылым – 2020» Жол картасын әзірлеуді тапсырамын, онда біз бизнес-қоғамдас-тықтың ғылыми әзірлемелерге қатысуын айқындаймыз.

Үшіншіден, ғылыми кадрлар бойынша.

Осы жылдан бастап біз мемлекеттік тапсырысты магистрлік грантқа – 2 есе, PhD (ПиЭйчДи) докторларын даярлауға 2,5 есе ұлғайттық.

2020 жылға қарай жыл сайын 1 мың доктор даярланатын болады.

Бұл ғалымдар тек қана ғылым, ғылыми зерттеулер үшін даярланады.

«Болашақ» бағдарламасы ЖОО-дан кейінгі даярлыққа қайта бағдарланатын болады. Онда ғылыми-іргелі мәнді нақты мамандықтар бойынша стипендиялар санын ұлғайту керек.

Төртіншіден, Білім және ғылым министрлігі Ұлттық ғылым академиясымен бірлесіп, барлық академиялық мекемелер қызметіне ревизия жүргізгені дұрыс.

«Ғылым маңайы» қиқымдарынан ада болуға тиіспіз, дарынды жастарға жол ашу керек.

Ғылыми мекемелерді оңтайландыру жаңа «Ғылым туралы» Заңға сәйкес құрылатын зерттеу университеттер желісі үшін қажетті ресурстарды жарыққа шығаруға тиіс. Халықаралық стандарттарға жауап беретін Ғылым туралы ұлттық баяндаманы дайындаудың жаңа моделіне шығудың маңызы зор.

Бесіншіден, бізге ғылыми ақпараттың жаһандық кеңістігіне қазақстандық серпілісті қамтамасыз ету қажет.

Менің тапсырмам бойынша ТМД-да бірінші рет біздің зерттеушілердің «Thomson Reuters» (АҚШ), сондай-ақ «Springer» (Германия) компанияларының ақпараттық ресурстарына қол жеткізу туралы мәселе шешілді. Бұл жаһандық ауқымдағы ғылыми ақпараттың тұтастай қабаты. Қазақстандық ғалымдарға іргелі әлемдік ғылыми басылымдарға авторлық жарияланымдар үшін мүмкіндік туып отыр.

Сонымен бір мезгілде бізге отандық ғылыми-ақпараттық айдынды дамыту керек. Қазақстандық ғылыми журналдардың сапасын айтарлықтай көтеріп, олардың әлемдік ғылымдағы танымалдығын кеңейту қажет.

Байланыс және ақпарат министрлігі Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, жасөспірімдер мен жеткіншектер, жас мамандар үшін ғылыми басылымдар тағайындау туралы пысықтау жұмысын жүргізуі керек.

Естеріңізде бар шығар, өз уақытында «Жас натуралист», «Жас техник», «Жастар техникасы» сияқты журналдарды бірнеше ұрпақтың өкілдері бас алмай оқушы еді. Мұның өзі жастарды тәрбиелеуге орасан әсер етті, оларды ғылымдағы зерттеулерге итермеледі.

Ғылымға мамандандырылған қазақстандық интернет-сайт құру қажет.

Таяуда Қазақстан тәуелсіздігі күні қарсаңында Астанада Оқушылар сарайы ашылатын болады.

Онда балалар мен жасөспірімдер үшін Ұлттық интерактивті парк құруды ұсынамын. Білім және ғылым министрлігі елорда әкімдігімен бірлесіп бұл мәселені пысықтауы керек.

Құрметті форумға қатысушылар!

XXI ғасырда «ғылым» мен «инновация» біртұтас ұғымға айналды. Қазақстан ғылымын дамыту мәселесінің маңызды жағы – ол ғылыми-инновациялық жұмыстар мазмұнында әлемдік инновациялық трендке сәйкестілік болуы.

Қазақстан ғылымының бүгінгі мен болашағының өзекті мазмұнды қырларын айқындау үшін 2 қарапайым сұраққа жауаптардың ұяқалыптарын сәйкестендіру қажет.

Біріншіден, XXI ғасырда жаһандық экономиканың, ғылым мен техниканың даму бағыттарының қайсысы неғұрлым келешектілі болып табылады?

Екіншіден, Қазақстан мен біздің ғылымның қандай мүмкіндіктері бар?

Мұндай аса күрделі емес тәсіл келешектілі ұлттық инновациялық бағыттардың шамамен мынадай бағыныстылық сатысын алға тартады.

Бірінші. Қазақстандық іргелі ғылым жаһандық деңгейдегі зерттеулерге теңесуі маңызды.

Мәселен, британдық ғалымдар адамның иммундық тапшылық вирустарына, гепатитке және басқа ауруларға қарсы тұра алатын жасанды қанды ойлап табуға жақын қалды.

Нью-Йорк университетінің биологтары ДНК-ның өз-өзінен пайда болу проблемасымен айналысуда.

Массачусетс технологиялық институтында «жинақтау теориясы» деп аталатынды әзірлеуде, ол бойынша нақты заттарды жасау өз-өзін толықтыру қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

Бұл дегеніңіз нағыз фантастика – бұл теория бойынша компьютерлер, ғимараттар өз-өзінен салына алады.

Бізде сонымен қатар іргелі жаңалықтар ашуда дайын бастамалар да жоқ емес. Біздің ғалымдарымызда суперкомпьютерлер, күн батареялары мен мүлде жаңа түрдегіштен жану қозғалтқыштарының базасында қуатты ақпараттық жүйе құру, вирустар мен бактерияларды іріктеп бұзу және көптеген басқалары бойынша батыл ғылыми ұсыныстар бар.

Био- және нанотехнологиялар, жаңа материалдар жасау, ақпараттық және коммуникациялық жүйелер және т. с. с. саласында келешектілі іргелі әзірленімдер енгізу керек.

Екінші. Аграрлық сала мен азық-түлік өндірісіндегі инновация.

Мен таяуда өткен Аграрлық-өнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық форумында сөз сөйлей отырып, бұл бағыттың басымдылығын жан-жақты ашып бердім. Аграрлық ғылымды

реформалау бағдарламасын дайындау туралы нақты міндет қойылды.

Үшінші. Энергетикадағы инновация.

Жаһандық экономиканың дамуына байланысты энергияға деген сұраныс тек қана өсумен болады. Энергияның өздігінен қалпына келетін көздері мен энергия үнемдеу ғылыми зерттеулердің маңызды мәселесіне айналуға.

Бүгінгі таңда мұндай зерттеулер бар, бірақ әзірше бізде энергия қымбаттау.

Қазақстан көмірсутектерінің ғана емес, уранның да орасан зор энергоресурстарына ие. Бейбітшілік атом – инновациялар үшін ауқымды кеңістік.

Тіпті, жапондық апаттан кейін әлемдегі радиоүрей талмасына қарамай-ақ, ядролық энергетикаға деген жаһандық сұраныс барған сайын көтеріле түсуде. Әсіресе ядролық энергетиканың қауіпсіз технологияларын, реакторлардың жаңа толқынын құруға сұраныс өсуде. Сондықтан бізге Ұлттық ядролық орталықты дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясын пысықтап, қабылдау маңызды.

Біз – мұнай мен көмір еліміз. Бұл жерде химиктер, энергетиктер, экологтар үшін орасан зор қызмет кеңістігі бар. Оларды қалай қайта өңдеу керек, өнім шығаруды қалай көтеруге болады? Үнемді әрі экологиялық қолайлы болу үшін көмірді қалай пайдалануға болады? Энергетиканың 88 %-ын көмір беріп отыр ғой. Бүгінгі таңда көмірден газ

алу үлгісі бар, қалдық газды тазарту жүйесі бар. Бұл салада жаңалық ғылымдағы серпіліс болар еді.

Төртінші. Адамзат қашанда ғарышты игеруге ұмтылады.

Бүгінгі таңда әлемнің 5 елінде ғана, соның ішінде Қазақстанда да ғарыш айлағы бар.

«Байқоңыр» – қазірдің өзінде-ақ қалыптасып үлгерген әлемдік ғылыми-инновациялық бренд. Оның негізінде біз дәйекті түрде ғылыми-инновациялық кластер қалыптастыруға тиіспіз.

Ғарыш саласының келешегін ескере отырып, біз Ресеймен және басқа елдермен ынтымақтастықты дамытуға тиіспіз.

Ұлттық аэроғарыштық бағдарламалар – бұл қазіргі заманға мемлекеттің даму деңгейінің көрсеткіші.

Бесінші. Сөзсіз ғаламдық тренд – адамдардың физикалық тұрғыдан мүлтіксіздікке, өмір ұзақтығын ұлғайтуға, ауру-сырқаудан ада болуға ұмтылуы.

Бүгінгі таңда Назарбаев университеті жанынан Өмір туралы ғылым орталығы, сондай-ақ медициналық ғылым мен практиканың ұлттық академиялық жүйесі ретінде «Болашақ госпиталі» құрылды.

Бұл трансплантология, жасанды жүрек пен өкпе, гендік дәрілер, жасарту мен радиохирургия саласында жаңа медициналық технологияларды

трансферттеу, өзіміздікін әзірлеу мен енгізу алаңқайы.

Алтыншы. Еуразиялық деңгейдегі халықаралық инновациялық жобалардың үлкен мүмкіндігі.

Бұл туралы мен таяуда Мәскеуде Бірыңғай экономикалық кеңістік бойынша келіссөздерде айттым.

Интеграция – ауқымды ғылыми-инновациялық жобаларды іске асыру мүмкіндігі. Ол Ресеймен және Беларусьпен қатынастарды нығайтуға ықпал етеді.

Менің бастамам бойынша Еуразиялық ғалымдар клубы құрылды, қазірдің өзінде оның жұмысына 87 елдің зерттеушілері қатысуда.

Индустрияда, нано- және биотехнологиялар саласында, көліктік-логистикалық салада ғылыми және экономикалық әлеуеттерді біріктіру біздің ұлттық ғылымды қорландыруға әсерін тигізеді.

Қымбатты достар!

Біз алдымызға инновациялық экономиканы, ғылымды, білім мен денсаулық сақтауды дамыту, біздің қазақстандықтардың әлеуметтік әл-ауқатын көтеру жөнінде ауқымды міндеттер қойдық.

Бүгінгі таңда қоғамымызда осы міндеттер мен мақсаттарға барабар рухани атмосфера қалыптастыру керек.

Бұл – қоғамдық ғылымдар саласы болуға тиіс.

Орталық Азия – біздің ғаламшардың күрделі ареалы. Бұл жерде экстремистік ағымдар саны артып отыр.

Қазақстан да сондай тектегі көріністермен ұшырасып қалып отыр.

Тәуелсіздік жылдары ішінде этникааралық және конфессияаралық қатынастардың толеранттық моделін қалыптастырдық. Қазақстанның тәжірибесі әлемнің көптеген елдері үшін жағымды болып отыр. Дегенмен біздің қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді көре алмайтын күштер де бар. Әсіресе, бұл қай елде болмасын, ішкі қайшылықтарға діни бояу жағуға тырысушылық айрықша қауіпті.

Бірақ осы бір өткір мәселелер бойынша ғылыми жарияланымдар, ең болмаса біздің зиялы қауым өкілдерінің сөйлеген сөздері қайда?

Бүгінгі таңда ұлттаралық қатынастардың, Қазақстандағы діндер, әсіресе ислам діні тарихын зерттеуді сапалы жаңа деңгейге көтеру маңызды.

Біздің халқымыз бен еліміз үшін діни алауыздықтың, экстремизмнің түрлі нысандарының жат әрі апатты екенің жіліктеп дәлелдеу қажет.

Ғылыми зиялы қауым қоғамымызды кері сүйреуге, оған дамудың тарихи тұйыққа тірер бағдарларын ұсынуға тырысушылыққа соққы беруге тиіс.

Бізге мемлекетіміздің зайырлы ұстыны мен қағидаттарын нығайту, олардың Қазақстан дамуындағы жағымды жақтарын ашып көрсету керек.

Өздеріңіз білетіндей, алда Парламент Мәжілісіне сайлау өткелі отыр.

Жаңа сайлау қоғамымыз бен саяси партиялардың қалай өсіп-жетілгенінің көрсеткіші болмақ.

Халықтың нағыз игілігі сынап-мінеушілікпен және қарапайым адамдар үшін орындалмайтын уәделерді үйіп-төгумен үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

Қазір бізді бөліп-жаратын ұрандар емес, нақты ұсыныстар және оларды халық пен ел игілігі үшін іс жүзінде жүзеге асыру қажет.

Бүгін мен барлық қазақстандықтарды ғылыми қоғамдастықты, зиялы қауымды халқымыздың бірлігін нығайтуға және бұл мәселеде белсенді азаматтық ұстанымға шақырамын.

Бұл Қазақстанның барлық қазіргі және болашақтағы табыстарының ең маңызды шарты!

Құрметті қауым!

Тәуелсіздіктің 20 жылдығын атап өту арқылы біз еліміздің осы жылдардағы жетістіктерін тағы да бір сараптауа дамыз.

Ғұлама Жүсіп Баласағұн бабамыздың «Білім мен ізгілік қана мұратқа жеткізеді» деген қанатты сөзі бар.

Бүгінгі басқосуда сіздермен бірге тәуелсіздік жылдары ғылымда қол жеткізген жетістіктерді қорытындыладық.

Баршаңызға ғылымда зор табыстар мен шығармашылық жетістіктер тілеймін.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің
20 жылдығына арналған салтанатты жиналыста

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2011 жылғы 15 желтоқсан

Қымбатты отандастар!

Бар игілігіміздің бастауы болған құтты тәуелсіздігімізге 20 жыл толды! Бұл – байтақ еліміз үшін теңдесі жоқ тарихи күн! Бабалар аңсарын ақиқатқа айналдырған еліміз үшін ұлан-асыр той!

Ендеше, баршаңызды ұлыстың ұлы күнімен – тәуелсіздік мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Ардақты әлеумет!

Біз алтын таққа отырған асқақ дәуірлерді де, өзгенің бодауында болған кер заманды да бастан кешкен елміз. Сондықтан халқымыз азаттық рухын терең сезініп, жан-жүрегімен түсіне біледі.

Бірлігі кетіп, берекесі қашқан халқымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламада» қынадай қырылған. Аласапыран заманда ағайынның алауыздығынан басына бұғалық түсіп, бұлт үйірілген бұлдыр күндер де біздің халықтың басынан өтті. Сондықтан данышпан Абай: «Бас-басына би болған өңкей қиқым, Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?» – деп күңіренді. Бірақ тағдырдан талай теперіш көрсе де, халқымыздың рухы жасымаған.

Азаттық – Ұлы Даланы мекен еткен аталарымыздың асыл арманы еді. Біз осы асқақ арманға қол жеткіздік.

Еркіндік аңсаған қазақ халқының өршіл мінезі, намысты жаныған жастар бұлқынысы Желтоқсанда жанартаудай жарқ етіп, жаңа тарихымызға елеулі із қалдырды. Жастар жүрегіне жара салған Желтоқсан күндерін жұрт жадында мәңгі қалдыру мақсатында көптеген шаралар атқарылды.

Қыршыннан қиылып, Желтоқсанның символына айналған Қайрат Рысқұлбековке «Халық қаһарманы» атағы берілді. Астана, Алматы және еліміздің барлық іргелі қалаларында Желтоқсан атындағы көшелер бар. Алматыда ескерткіш

ашылды. Зардап шеккендерге түрлі қолдау көрсетілуде.

Бостандықты бағалаудан, азаттықты ардақтаудан, тәуелсіздікке тәу етуден артық бақыт жоқ. Тәуелсіздік – тәуекел еткеннің ғана тағдырына бұйыратын бақыт!

Егемендік алу – оңай емес, ал еңсесін тіктеген ел болу тіпті қиын. Біздің алдымызда тәуелсіздікті қорғау, татулықты сақтау, тұрақтылықты орнықтыру сияқты аса күрделі тарихи істер тұр.

Бізге мыңжылдықтар тоғысқан алмағайып кезеңде мемлекет құру, ел болу міндеті жүктелді.

Келер ұрпақ алдындағы бұл ұланғайыр істерді біз абыроймен атқарып шықтық.

Дүние жүзі тарихында ешбір мемлекет азаттығының алғашқы 20 жылында осынша қарқынды өрлеу үлгісін көрсете алған емес. Бұл – Қазақстанның сөзсіз мойындалған дара даму даңғылының айқын көрінісі.

Ардақты ағайын!

Бақ бағалағанның ғана басында тұрады. Қастерлей білмесе, қасиеттің де құны қалмайды.

Күлтегін ұстынында «елді түзеген, бәрін бейбіт еткен, азды көп қылған, кедейді бай қылған, тату елге жақсылық қылған» деген сөздер бар.

Осының бәрі маған бүгінгі Қазақ елі үшін айтылғандай әсер қалдырады.

Жұлдызды 20 жылда біз елдің көшін аудармай, шаңырағын шайқалтпай, іргесін бекітіп, шекарасын заң жүзінде шегеледік. Мемлекеттік құрылымдарын негіздеп, алтын арқауы үзіліп қалған елдік дәстүрді қайта жалғап, оны берік орнықтырдық. Елтаңбаны айшықтап, күн астында алтын қыраны қалықтаған көк байрақты шарықта-тып, әнұранды шырқаттық.

Жұлдызды 20 жылда ұлтты ұйыстырып, қаймағы бұзылмаған берекелі бірлік орнаттық.

Ұлтаралық келісім мен діни түсіністікке негізделген бірегей қоғам қалыптастырдық.

Елдігіміз еңселеніп, дүние жүзі қазақтарының құрылтайларын өткіздік. Тағдырдың талайымен әлемге тарыдай шашылып кеткен қандастарымызды құтты қара шаңыраққа қайта жинадық.

Біз әлемдік үйлесімнің, этностар арасында жарасымның бірегей үлгісіне айналған Қазақстан халқы Ассамблеясын құрдық.

Адамзатты жаппай қырып-жоятын жойқын қарудан біржолата бас тартқан еліміз бейбітшіліктің белдеуіне айналды.

Біз әлемнің алпауыт мемлекеттерімен терезесі тең жағдайда әріптестік қарым-қатынас орнаттық.

Кеткеніміз келді, кемісіміз толды, ұлттық құндылықтарымыз ұлықтала бастады.

Қымбатты отандастар!

Баршаңыз білесіздер, Қазақстан халқын біріктіретін қуатты құрал – біздің мемлекеттік тіліміз.

Жойылудың алдында тұрған қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алып, тәуелсіздікпен бірге қайта түледі. Біз тәуелсіздік жылдарында қазақ тілінде білім беретін мыңнан аса мектеп тұрғыздық.

1991 жылы қазақ тілінде білім алған шәкірттер саны 32 % болса, ол көрсеткіш бүгінде 85 %-дан асты. Енді 2020 жылы мемлекеттік тілді меңгерген отандастардың үлесін 95 %-ға жеткіземіз. Бұл межеге біз кезең-кезеңмен жетуді көздеп отырмыз.

Қазір елдегі өзге этнос өкілдерінің 30 мыңнан астам балалары қазақ тілінде білім алуда.

Тәуелсіздік жылдары қазақ халқы – ұлыстың ұйытқысына, қазақ тілі – тұтас ұлыстың ортақ тіліне айналды.

Әрине, тіл мәселесі – уақыттың еншісінде. Санның артуымен, сананың орнығуымен барлығы өз орнына келеді.

Бұл орайда, біздің басты байлығымыз – ел бірлігі екенін ешуақытта ұмытпауымыз керек! Еліміз қуатты болса, мемлекеттік тілдің болашағы да соншалық шуақты болмақ.

Дүниеде қазақ деген ел барда қазақ тілі мәңгі жасай береді!

Тәуелсіздік арқылы мәдениетіміз құлашын кеңге жайып, қарқынды дамуға зор мүмкіндік алды.

Менің тапсырмаммен басталған «Мәдени мұра» бағдарламасы бұған үлкен серпін берді. Шет елдерден қазақтың тарихы мен мәдениетіне қатысты 5 мың-нан аса қолжазбалар мен көшірмелер әкелінді. Соның бәрі ел игілігі мен мемлекет мүддесі үшін, ең бастысы, қазақ халқы үшін атқарылуда.

Осы жылдарда көптеген тарихи жәдігерлер табылып, 700-ден астам тарихи ескерткіштер қалпына келтірілді. Қазақтың мың әні, қазақтың мың күйі жарыққа шықты. Қазақтан шыққан кемеңгерлердің кітаптарын аудартып, қайта шығардық. Бұл біздің қазақты дүние жүзіне паш ету үшін, еліміздің дана тұлғаларының бар екендігін білдіру үшін жасалған болатын.

Егемендік арқылы ата дініміз өркен жайып келеді. Біз тәуелсіздік жоқ жерде діннің де болмайтынын таяу тарихымыздан жақсы білеміз.

Осы орайда тарихқа жүгініп, бір жәйтті еске салғым келеді.

Діннің дінгегі – дәстүрмен берік. Өзгенің қаңсығы бізге таңсық бола алмайды.

Біздің ғасырлар бойы қалыптасқан өнегелі салтымыз, дәстүрлі қалпымыз, ата-бабамыздан қалған айқын бағытымыз бар. Сол жолмен жүрген абзал.

Елді бірлікке бастаған абыздар мен жыраулардың қазіргі жалғасы – зиялы қауым өкілдері. Бүгінгі қоғамда тәуелсіздік санасын орнықтыру –

осы зиялы қауымның қастерлі борышы. Арқалы ақындар азаттықты жырлап, жазушылар егемендікті арқау етуі қажет.

Бабаларымыз «Егемен болмай ел болмас» деп жырлағандай, біз үшін тәуелсіздіктен асқан тақырып болмауы керек. Тәуелсіздік санамен бірге елшіл мүдде, мемлекетшіл мұрат нығаяды. Біздің жасампаз тарихымызды елдің әрбір азаматы мақтан етуге тиіс.

Жұлдызды 20 жылда біз қуатты экономика құрып, қарқынды дамыттық.

Біз ұзақ мерзімді стратегиялық ірі жоспарлар жасап, іргелі бағдарламалар қабылдап, оны сәтті жүзеге асырып келеміз.

Жұлдызды 20 жылда біз астанамызды Алатау баурайындағы ару Алматыдан Арқадағы Ақмолаға көшірдік.

Азаттықтың алтын қазығындай асқақ Астана аз жылда жаһандық бастамаларға жол салатын ақжолтай қалаға айналды.

Өздеріңіз білесіздер, біз Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының тізгінін ТМД және Азия елдері ішінен алғаш рет қолға алдық. Әлемдік деңгейдегі мұндай мәртебелі миссия қазақ баласына бұрын-соңды сеніп тапсырылып көрген емес еді. Ұйымның мыңжылдықтағы алғашқы саммитінде адамзат тағдыры таразыға түсіп, Астана рухы ізгілік шуағын шашты.

Осылайша, біз Астанада, яғни қазақ төрінде Батыс пен Шығысты тоғыстырып, Азия мен Еуропаны жалғадық.

Осының бәрі – сіз бен біздің, барша қазақстандықтардың еңбегі арқылы еншімізге бұйырған ерен бақыт. Сондықтан мен барша отандастарыма шын жүрегімнен ризашылығымды білдіремін.

Азаттықтың алғашқы тәй-тәй басқан жылдарында жанымда болып, бірге қызмет атқарған Серікболсын Әбділдин, Сергей Терещенко, Ерік Асанбаев, Сағадат Нұрмағамбетов және тағы басқа азаматтарға бүгінгі мереке күні шын жүрегімнен ризашылығымды айтып, оларға жақсылық пен денсаулық тілеймін.

Осы асқар асуда қалтқысыз сенім артып, қапысыз аманат жүктеген мерейлі халқыма, мәртебелі еліме өлшеусіз ризамын!

Мен үшін ел сенімін арқалаудан артық абырой жоқ.

Қадірлі әлеумет!

Қазақстан XX ғасырдың аяғында, бірқатар империялар күйреген тұста, жаңа мемлекет ретінде ірге тіктеді.

Алып империяның бірі – Кеңес Одағы біздің көз алдымызда қирады. Біз одан орасан зор зардап шектік.

Мәселен, ұлы дағдарыс АҚШ экономикасына 29 % көлемінде зиян әкелді. Кеңес Одағының

тарауы бұрынғы кеңестік елдерінің экономикасын 50 %-дан аса құлдыратты.

Кеңес Одағы құрамындағы 15 елдің ішінде Қазақстан 13-ші орынды иеленетін еді. Көпшілік бізді өзара тартысқа түсіп жатқан кедей ел деп есептейтін.

Естеріңізде болса, 1998 жылы белгілі саясаттанушы Збигнев Бжезинский Қазақстанның Еуразияда ғана емес, тіпті Орталық Азияның өзінде елеусіз, болашағы бұлыңғыр ел екенін айтқан еді.

Ал енді биыл, 2011 жылы, Еуропа кеңесінің Бас хатшысы Янгланд мырза екеуара әңгіме кезінде былай деді: «Әлемнің кез келген тұрғыны Қазақстанның тек өңірде ғана емес, әлемдік деңгейде зор табысқа жеткенін айта алады».

Мұндай пікірлерді айтып жүрген саясаткерлер аз емес. Бұл – біздің жас мемлекетіміз үшін үлкен баға.

Қазір халықаралық сарапшылар бірауыздан Қазақстан – жемісті мемлекеттік жоба деп санайды. Мен мұнымен толық келісемін.

Менің қымбатты қазақстандықтарым! Қымбатты достар!

Мен сіздерді Қазақстан халқының ұлық мерекесі – Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығымен құттықтаймын!

Бүгін біздің неден бастағанымызды еске түсіретін күн.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында тұрғындардың 40 %-ы кедейшілік шегінде өмір сүрді. Өндіріс өнімдері 1990 жылмен салыстырғанда 2 есе, ал ауыл шаруашылығы өндірісі үштің біріндей дерлік төмендеді. 1995 жылы орташа айлық жалақы 1991 жыл деңгейінің тек 35 %-ын құраса, ал зейнетақы тек 29 доллар болды.

Инфляция 2 000 % деңгейіне дейін құлдырады.

Біз тиімді экономикалық жаңғыртулардан бастадық.

Біздің Қазақстан жолы бағаны ырықтандырудан, ұлттық валютаны енгізіп, банк жүйесін құрудан, мемлекеттік меншікті жекешелендіріп, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен нарықтық қатынастарға өтуден бастау алды.

Мұның менің есімде мәңгілік сақталғанын еске түсірмей тұра алмаймын.

Осы жолдың жұлдыздарға бағыт ұстағанының нышандық мәні бар.

Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев ғарышты бағындырған біздің жеріміздің алғашқы ұлдары болуы үшін жеке өзімнің қаншалықты табандылық танытып, күш-жігер жұмсағаным есімде.

Біз бүкіл әлемнің сенімін иелендік.

Елімізге «Chevron Corporation», «British Petroleum», «Mittal», «General Electrics», «General Motors» сияқты аса ірі инвесторлар келді.

1999 жылдан 2007 жылға дейін ІЖӨ-нің жыл сайынғы өсімі орташа есеппен жылына 10 %-ды құрады.

Бұл 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясы орындалуының алғашқы нәтижелері болатын.

Қазақстан нарыққа өтуді ТМД-ның өзге елдеріне қарағанда табысты жүзеге асырды.

Тәуелсіздік уақытында шағын және орта бизнес субъектілерінің нысаны 35 еседен астамға көбейді. 1993 жылғы 19 мыңнан 2011 жылы 675 мыңнан астамға дейін. Біздің 2 млн-нан астам азаматтарымыз осы саладан жұмыс тапты. Соңғы 10 жылда экономиканың осы секторының өндірген өнімі 20 есе өсіп, шамамен 7 трлн теңгені құрайды.

Осы жылы бизнесті жүргізу жөніндегі Дүниежүзілік банк рейтингінде Қазақстан ТМД-ның барлық елдерін соңында қалдырып, құрметті 47 орын алды.

Ұлттық Банктің жиынтық резерві Ұлттық қор активтерін қоса алғанда 80 млрд долларға жақындап келеді.

Егер 1993 жылы жан басына шаққандағы ІЖӨ 700 доллар болса, бүгінде біз 11 мың доллардан астам көрсеткішке жетіп отырмыз. Бұл – өсім 16 есе деген сөз!

1993 жылы бізге ұлттық валютамызды енгізу қажет болған кезде Ұлттық Банктің қамтамасыз ететін қаржысы болуы тиіс еді. Бізде ұлттық валютаны енгізуге мүмкіндік беретін 500 млн доллар

да болған жоқ. Біз ақшаны басып шығару үшін ағылшын компаниясына төлеуіміз қажет болды. Ал бүгін – резервіміз шамамен 80 млрд доллар.

Дүниежүзілік банк жіктемесіне сәйкес, біз табыс деңгейі орташадан жоғары елдер тобына ендік.

Дамудың осындай қарқыны мен өмірді қамтамасыз ету көрсеткішінің жақсаруы бұған дейін әлемдік экономикада ешқашан және ешқайда байқалған емес.

Біз қашанда Оңтүстік-Шығыс жолбарыстарынан үлгі алып келдік. Мысалы, Оңтүстік Кореяда егемен дамудың алғашқы 20 жылында жан басына шаққандағы ІЖӨ бар-жоғы 3 есе, Малайзияда – 2 есе, Сингапурда – 4 есе, Венгрияда – 5 есе, Польшада 4 есе өсті. Ал бізде – 16 есе.

Британ мамандарының бағамдауы бойынша, ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығындағы ең ырғақты 25 экономика ішінде Қазақстан тек алдына Қытай мен Катарды ғана жіберіп, үшінші орында тұр.

2006 жылдан біз балалы отбасыларын қолдудың біртұтас жүйесін енгіздік. Мәселен, егер 2003 жылы елімізде 250 мың бала дүниеге келсе, 2010 жылы жаңа туғандар саны 360 мыңнан асты.

Бүгінде Қазақстан халықаралық үлгіқалыптар бойынша дамыған білім беру жүйесі бар елдер тобына кіреді.

Тек соңғы 10 жыл бедерінде ғана білім беруге шығындар 9 есе өсіп, 100 млрд теңгеден 900 млрд теңгеге дейін жетті.

Біз ТМД-да бірінші болып мыңдаған жас қазақстандық шет елдерде озық білім алып, бүгінде өз елінің игілігі үшін жұмыс істеп жүрген бірегей «Болашақ» бағдарламасын жүзеге асырдық. Жастарымыз оқуларын жалғастыруда.

Елімізде инновациялық Зияткерлік мектептердің желісі құрылды. Олар 20 болса, көпшілігі қазірдің өзінде пайдалануға беріліп үлгерді.

Өзгерістердің туұстары Назарбаев университеті болды.

Денсаулық сақтау жүйесі түбегейлі өзгерді.

1991 жылмен салыстырғанда денсаулық сақтау саласын қаржыландыру көлемі 107 есе өсіп, үстіміздегі жылы 640 млрд теңгеден асты.

Тәуелсіздік жылдарында өздерінің тұрғын үй жағдайларын 1,5 млн-нан астам қазақстандық жақсартты.

Тек 2005–2007 жылдары ғана 17 млн шаршы метрден астам тұрғын үй салынды. Тегінде, біз үлестік қағидат бойынша тұрғын үй салғандардың қатесі үшін жауапкершілікті мойнына алған бірден-бір ел болып табыламыз. Осы жылы біз алданған үлескерлердің пәтерлерін қайтаруды толықтай аяқтадық.

2003 жылы қабылданған дамудың 2003–2015 жылдарға арналған Индустриялық-

инновациялық стратегиясы біздің экономикамызды әртараптандыру бағытының бастауы болды. 2010 жылдан үдемелі инновациялық индустрияландырудың кезеңі басталды. Егер 90-шы жылдардың басында өнеркәсіп өнімінің көлемі бар-жоғы 0,2 млрд теңгені құраса, 2011 жылы ол 12 трлн теңгеге жетті.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі соңғы 10 жылда 4 есе өсті. Мен елімізге осы мерейтойлы жылы рекордтық өнім – 30 млн тоннаға жуық астық сыйлаған ауыл еңбеккерлеріне ерекше ризашылығымызды білдіруге тиіспіз ғой деп ойлаймын! Ескі өлшем бойынша бұл 2 млрд пұтқа жуық.

1990 жылы Қазақстан басқа елдерге ештеңе экспорттаған жоқ. Бүгінде Қазақстан экспорты 75 млрд доллардан асады. Оның үстіне өңдеуші өнеркәсіп экспортының көлемі 21 млрд долларды құраса, Қазақстан өнімдері әлемнің 126 еліне белгілі. Индустриялық саясаттың нәтижесі сол, өңдеуші кәсіпорынның дайын өнімі қазірдің өзінде әлемдік рынокта өзінің орнын тауып үлгерді.

Индустрияландыру бағдарламасының арқасында тек соңғы 2 жылда 350-ден астам түрлі өндірістер пайдалануға берілді. Осымен біз адамдар бұрынғыға қарағанда анағұрлым көп ақша табатын 200 мың білікті индустриялық жұмыс орнын құрдық.

2015 жылға дейін шамамен осынша жаңа жобаларды жүзеге асырып, осынша жаңа жұмыс орындарын құру керек.

Біз тәуелсіздік жылдарында мұнай өндіруді 3 еседен астамға арттырдық.

Бүгінде көмір саласы ел электр энергиясының 78 %-ын қамтамасыз етеді.

Еуропа мен Азия арасында стратегиялық орын ала отырып, біз тиімді транзит әлеуетіне иеміз. Қазір бірегей «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» транзитті дәлізін жүзеге асыру жүріп жатыр. Осы жылы біз 2700-дің 1000 шақырымынан астамын салатын боламыз. Трассалар құрылыстарында 50 мың адам жұмыс істеп жүр. Алдағы жылы біз бұл жолды Қытай шекарасынан Ресей шекарасына дейін аяқтаймыз.

Тәуелсіздік жылдарында барлығы 1,5 мың шақырымнан астам темір жол тартылды.

40 мың шақырымнан астам автомобиль жолдары салынды және жөнделді.

Өзіміздің тарихымызда біз ешқашан осыншама инфрақұрылымдық нысандарды салған емеспіз.

Бұл жолдар, теміржол бекеттері мыңдаған адамға жұмыс беріп, еліміздің транзиттік әлеуеті көптеген есе ұлғаяды.

Біз ашық ырықты экономика мен демократиялы саяси жүйе құрдық.

Біз құқық қорғау жүйесіне түбегейлі реформалар жүргізудеміз.

Әлемдік қоғамдастық біздің сыбайлас жемқорлықпен дәйекті күресімізді атап көрсетіп отыр.

Соңғы 3 жылда Қазақстан әлемдік коррупцияға қарсы рейтингте өзінің көрсеткішін 45 позицияға жақсартты. Бұл – ТМД-дағы ең озық нәтиже.

Елімізде парламентаризм мен көппартиялы жүйе жұмыс істесе, 5 мыңнан астам ҮЕҰ құрылған, шамамен 2,7 мың БАҚ шығады.

Бар-жоғы 20 жылда біз қуатты мемлекет, жаңа экономика, біртұтас қоғам құрдық.

Біз жаңа елордамыз – Астананы, Еуразияның жаңа ғажайыбын салдық. Астана біріктіруші идея, мемлекетіміздің экономикалық, мәдени және саяси өмірінің эпицентрі болды.

Біздің елордамызда ЕҚЫҰ-ның тарихи саммитін өткізу әлемдік саясатты «Астана рухының» жаңа түсінігімен байытты.

Егер тәуелсіздігіміздің бесігі Алматы болса, Астана – біздің болашағымыздың бесігі.

Біздің бәріміз, осы залда, теледидар экрандарының алдында отырғандар, осы мерекелі күндері жұмыс істейтіндер – диқандар мен ұланғайыр даладағы қойшылардан зертханалардағы ғалымдарға дейінгі, шекарашылардан металлургтерге, мұғалімдерге, дәрігерлер мен құрылысшыларға дейінгі барлық қазақстандықтар еліміздің игілігі үшін өздерінің жүректерін, жандарын, барлық күштерін салды.

Мен барлық Қазақстан азаматтарына қолдаулары, сенімдері мен төзімдері, Отан жолындағы қажымас-талмас еңбегі үшін ризамын!

Бүгін біз жетістіктер туралы айтамыз. Бірақ әлі де шешілмеген міндеттер бар. Біз оларды орындау үшін жұмыс істейтін боламыз. Бұған индустрияландыру мен жұмыспен қамту, денсаулық сақтау мен білім беруді дамыту бағдарламалары бағытталған.

Осылайша бәріміз бірлесіп, еліміздегі баршаға жақсы болуы үшін бірлесе жұмыс істеп, бізді болашақта күтіп тұрған жаңа биіктерді бағындыратынымызға сенімдімін!

Қымбатты отандастар!

XXI ғасыр бүкіл әлемнің сипатын өзгертіп жіберді.

Біріншіден, таяудағы 10–15 жылда әлемді жаңа технологиялық революция күтуде. Бұл – жаңа жүзжылдықтағы ең басты сын-қатер.

Екіншіден, түбегейлі өзгерістер жаңа экономикалық дүниеқұрылымның негіздерін айқындайды.

Әлем жаһандық күйзелістің шегінде тұр. Әлемдік экономиканың тікелей жоғалтқандарының өзі ғана триллиондаған доллармен есептеледі. Ешкімнің де жаһандық апаттың асау теңізінде моп-момақан кемежай болып қала алмайтыны анық. Бұл Еуропадан және басқа да елдерден байқалады. Бізді де күрделі кезең күтіп тұр.

Үшіншіден, ХХІ ғасырда әлем аштық пен індет, таза су мен құнарлы жердің жетіспеушілігі қатерлерінен құтыла алмайды.

Бұл жағдайлар тұрғындары тез өсіп отырған өңірлер үшін нақтылы шындық болса, мұның бізге де қатысы бар.

Мен мұны егжей-тегжейлі айтып отырған себебім: алдағы онжылдық бүкіл әлем үшін күрделі болады.

Біз кез келген қиындықтарға дайын болуға тиіспіз.

Құрметті қазақстандықтар!

Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында біз мықты экономика мен күшті мемлекет қалыптастырдық.

Екінші онжылдық өсім мен күш жинақтау кезеңі болды.

Үшінші және төртінші онжылдықтар біздің еліміз үшін алға тарихи секіріс дәуірі болуы тиіс.

Біз барлық мақсаттарымызға қол жеткізіп, «Қазақстан – 2030» стратегиясын жүзеге асыруды лайықты аяқтаймыз.

Барынша ашық айтайын. Қазақстан ғасырлар бойы өркендей бере ме немесе уақыт мәңгілігінде бар болғаны жарық метеор болып қала ма деген тәуелсіздіктің түбірлі дилеммасы дәл осы кезеңдерде шешіледі.

Мен осы залда отырғандардың бәрінің, барша қазақстандықтардың Жаратушының біздің иығымызға салған орасан зор ауыртпалығын менімен бірге сезінгенін қалаймын. Бізге біздің тәуелсіздігімізді қазіргі уақытта және болашақта қандай қайнарлардың қоректендіретінін және қуаттандыратынын нақты білудің маңызы зор.

Бірінші. Біздің тәуелсіздігіміздің ең басты жетістігі және оны нығайтудың шарты – халықтың бірлігі.

Бұл құндылық Қазақстан дамуының кез келген кезеңінде маңызды болмақ.

Екінші. Индустрияландыру.

Біздің алдымызда постиндустриялық әлемнің белсеңді бөлігі болу жөнінде аса жоғары міндет тұр.

Біздің жаңа индустрияландыруымыз – тәуелсіздіктің мәңгілік қозғалтқышы. Бүгінде Қазақстанда электрониканың, машина жасаудың, авиация құрылысының, локомотивтер мен вагондар өндірісінің, құрылыс индустриясының жаңа салалары мен елімізде бұрын ешқашан болмаған басқа да салалар құрылуда.

Жаңа индустрияландыру – жаңа ғасырдың кең ауқымды өркениетті жобасы.

Бүкіл халық осы жобаның қатысушысы болуы тиіс.

Үшінші. Инновациялар.

Бұл экономиканы ғана емес, сонымен бірге қоғамның басқа да барлық салаларын қамтитын тарихи жүйе. Бұл ХХІ ғасырдағы әлемдік дамудан қалып қоймаудың бірден-бір жолы. Сондықтан мен Қазақстанның инновациялық дамуының жол картасы – «Жүз инновация» бағдарламасын әзірлеуді ұсындым. Бізге өндірісті, ғылым мен білім беруді мәңгілікке жымдастыру қажет.

Бізде ол үшін қажеттінің бәрі бар.

Біз теңдесі жоқ ғылыми-технологиялық база құрдық. Біз кез келген ғалым өзінің жасағандарын ақырына дейін жеткізе алатын, бүкіл Қазақстан бойынша орталықтандырылған зертханалар құрдық.

Бізде ғалымдардың өндіріске енгізуді күтіп тұрған талдамалары, инновациялық жобалары бар.

Инновациялық даму – қазақстандық барыстың болашаққа аршынды секірісі.

Төртінші. Біз өңірлік және жаһандық интеграциялық үдерістерге белсенді қатыспайынша, ХХІ ғасырда Қазақстанның шынайы тәуелсіздігі болмақ емес.

Интеграция – болашаққа апаратын күре жол. Ол – қазақстандық бизнес пен барша қазақстандықтар үшін орасан зор мүмкіндіктер. Экономикалық тұйықталған елдердің болашағы жоқ. Ол – біздің егемендігіміз бен тұтастығымыздың

сенімді халықаралық кепілдіктері. Ол – өңірлік қауіпсіздіктің барлық өлшемдер бойынша алғандағы берік арқауы.

Жаһандық әлемде, егер оның көршілері кедей, тұрақсыз және тәуекелдерге бейім болса, бірде-бір ел өз болашағына сенімді бола алмайды. Еуразиялық Одақ туралы менің идеяма да дәл осы көзқарастар негіз қалады. Бүгінде ол өмірде жүзеге асырылуда.

Бірыңғай экономикалық кеңістіктің арқасында Қазақстан өзінің геоэкономикалық жағдайын жақсартып, Орталық Азия елдері ішінде бірінші болып құрлықтық шектеуліліктен қара үзіп шығады.

Біз ресейлік және беларусьтік көлік инфрақұрылымына жеңілдікті жағдайда қол жеткізетін боламыз, іс жүзінде батыста – Еуропалық Одақ шекараларына, шығыста Жапония мен Азия-Тынық мұхит қоғамдастығының басқа да елдерінің рыноктарына шығамыз.

Біздің әріптестеріміз біз арқылы Қытайдың байтақ базарына бара алатын болады.

Бесінші. Бұрын да бірнеше рет айтқанымдай, әділ әлеуметтік қорғау, білім беру мен денсаулық сақтаудың әділ жүйесі, әділ жастар және тұрғын үй саясаты – қазақстандық дамудың жаңа күн тәртібінің мәселелері, міне, осылар.

Сондықтан қоғамды әлеуметтік жаңғыртудың нақты стратегиясын әзірлеу қажет. Онда бір

мезгілде болашақ жобасы болуға тиіс басты басымдықтарды айқындау қажет.

Біріншіден, ол «Өмір сапасы – 2030» жалпыұлттық бағдарламасы. Онда біз әр адамның 5, 10 және 20 жылдан кейін қол жеткізетін тұрғындар әл-ауқатының нақты көрсеткіштерін белгілеуіміз қажет. Ол лайықты жұмыс, қолжетімді тұрғын үй, сапалы денсаулық сақтау мен білім беру. Бұл бағдарламада қарқын алып келе жатқан қалалану үдерісі сияқты талқыға жауап беру қажет.

Бүгінде ауыл индустрияландыру жолына көшуде. Жастар сонда орнығуы тиіс. Бұл жастарға жұмыс беріп, қолдау көрсету қажет. Ал жедел өсіп келе жатқан қалаларға оқуға және жұмыс істеуге баратын жастар үшін тұрғын үймен, жұмыспен қамтамасыз етудің, білім беру мен медициналық қызметке қолжетімділіктің нақты жобалары қажет.

Біз онымен айналысатын боламыз.

Екіншіден, ол – «Саламатты ұлт – 2030» жалпыұлттық бағдарламасы.

Денсаулық сақтаудың медициналық технологиялары мен инфрақұрылымын дамыта отырып, біз қазақстандықтардың өмір сүру жасын ұзартатын боламыз. Міне, бұл салаға салынған мол қаржының нәтижесі және Денсаулық сақтау министрлігі мен Үкімет жұмысына баға беру өлшеуіші де осы болып табылады.

Бізге демографиялық өсімнің, жалпы, ана мен нәресте өлімі төмендеуінің, тууды ынталандырудың дәл есептелген параметрлері қажет. Бағдарламада елде дене шынықтыру мен спортты және біздің азаматтарымыздың саламатты өмір салтын дамытудың ұзақ мерзімді шаралары қарастырылуы тиіс.

Үшіншіден, әлеуметтік жаңғырудың шешуші бағыттары – ақпараттық қоғамның дамуы.

Бізге «Ақпараттық Қазақстан – 2030» жалпыұлттық бағдарламасы қажет. Онда біз қоғамды толықтай компьютерлендіру, ақпараттық кеңістікті цифрландыру міндеттерін қоюымыз керек.

Қазақстанда үздік білім беру, үздік денсаулық сақтау, үздік мемлекеттік басқару, үздік әділ сот болуы тиіс.

Жаңа Әлеуметтік стратегия – әрбір қазақстандықтың игілігі жөніндегі менің қамқорлығым. Бұл біздің еліміздегі барлық атқарушы биліктің де қамқорлығы болуға тиіс. Мен өзімнің Қазақстан халқына жаңа Жолдауымды осы мәселеге арнағалы отырмын.

Үкімет пен Аппаратқа осындай стратегиялық құжатты дайындауды бастауды тапсырамын.

Қымбатты қазақстандықтар!

Ендігі сөзімді әлемдік қоғамдастыққа арнасам деймін. 2009 жылдың ең басында, дағдарыс қызып

тұрған шақта, мен әлемдік қаржы реформасы туралы бастама көтердім. «Дағдарыстан шығу кілті» және «Бесінші жол» атты мақалаларда мен дағдарысқа қарсы бетінен қалқыған шаралардың әлемді дағдарыстың жаңадан үстемеленіп келе жатқан толқынынан құтқара алмайтынын айтқан болатынмын.

Оқиғалар барысы менің ол сөзімді растады. Әзірге консенсустық негізде қабылдауға болатындай әлемдік Дағдарысқа қарсы жоспарды ешкім де ұсына алмай отыр. Өкінішке қарай, G-20 және G-8 пішімдері тиімсіздігін көрсетіп отыр, оларда тіпті әлемдік Дағдарысқа қарсы жоспарды талқылаудың өзі басталған да жоқ.

Мен әлем үшін дағдарысқа қарсы шешімдер іздеуге қатысушылардың санын түбегейлі ұлғайтуды ұсынамын. Мен жаңа коммуникациялық алаңқайды «G-Global жобасы» деп атауды ұсынамын. Ол Бреттон Вуд электронды желілігі тәрізді өмір сүре алады. Ол үшін Астана экономикалық форумы жұмыс алаңқайы бола алар еді.

Қазақстан Ислам ынтымақтастығы ұйымы мемлекеттерімен бірге, 2012 жылы Дағдарысқа қарсы бүкіләлемдік конференция өткізу жөнінде бастама көтереді. Оған әлемнің барлық елдері қатысып, БҰҰ-ның Дағдарысқа қарсы жоспары бола алатындай Әлемдік реформалар жоспарының жобасын қалыптастыруына болар еді.

Біздің егемен еліміз осы жылдар ішінде әлемдік қоғамдастықтың сенімді әріптесі бола білгендіктен де, мен тәуелсіздіктің 20 жылдығының дәл осы мінберінен бастама көтеріп тұрмын.

Бүгінде біз ядролық қарусыз әлем үшін бүкіләлемдік қозғалысына басшылық жасаймыз, Біріккен Ұлттар Ұйымында лайықты орнымыз бар.

Біздің өкіліміз Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде бізді БҰҰ-да Ұйым төрағасының орынбасары ретінде табысты өкілдік етуде.

Біз ЕҚЫҰ-ға табысты төрағалық еттік, Астанада ЕҚЫҰ-ның ХХІ ғасырдағы бірінші және әзірше жалғыз саммитін өткіздік.

Биылғы жылы біз Ислам ынтымақтастығы ұйымын басқарудамыз.

Бізде әлемдік діндер съездері өтіп жүр.

Астанада халықаралық конференциялар өткізуді көптеген ұйымдар ұнатады.

Мен мұны санама лап отырған себебім, «G-Global»-ды ұсына отырып, бүгінде Қазақстанға әлемдік қоғамдастықтың сенімі бар екенін айтқым келеді. Біздің әлемге арнап үн қатуға мандатымыз бар және біздің үндеуіміздің құлақтарға жететініне менің сенімім мол.

Қымбатты қазақстандықтар!

Таяудағы 20 жыл, менің айтқанымдай, біздің еліміз үшін қиын да шешуші жылдар болады.

Ол қазақстандықтардың қазіргі буыны үшін ғана емес, сонымен бірге біздің ұрпақтарымыз үшін де шешуші.

Тұңғыш Президент және Елбасы ретіндегі менің тарихи борышым – халқымызды тәуелсіздіктің тар жол, тайғақ кешулерінен алып өту. Мен өз өмірімді, өзімнің бүкіл күш-жігерімді Отанымның жолына тіктім. Бұл менің тағдырым, менің жауапкершілігім, тәуелсіздік мұраттарына деген менің терең берілгендігім.

Қымбатты достар!

XXI ғасырдың екінші онжылдығына біз ешқандай құрғақ елессіз, бірақ барша қазақстандықтардың тұрақты және қауіпсіз өміріне деген сеніммен кіреміз. Көпғасырлық бірігу мен сабақтастық қана, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан ортақ мақсаттар ғана ұлтты осы ғасырдың міндеттерін шешу үшін топтастыра алады.

Мен біздің бәріміз бір ұрпақтың өмірі біз армандайтын қуатты мемлекет құру үшін жетпейтінін түсінеміз ғой деп ойлаймын.

Тәуелсіздіктің үшінші онжылдығының саяси күнтізбесінің алғашқы маңызды оқиғасы мәслихаттар мен Мәжіліс сайлауы болуының да символдық мәні бар.

Қазақстандықтардың тұрақтылық пен келісім бағытын, үдемелі индустрияландыру, инновациялық даму мен интеграция бағытын қолдай-

тынына мен еш күмәнданбаймын, өйткені оған балама жоқ.

Бұл – біздің ортақ міндетіміз.

Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ.

Мен барша қазақстандықтарды ұлтаралық және конфессияаралық келісімді одан әрі нығайтуға шақырамын. Олар біздің мәңгілік құндылықтарымыз.

Біз қиын жолдардан өттік.

Ауыртпалықтар мен табыстар топтастырған, ортақ тағдыр біріктірген бүгінгі ұлы күнге уақыттың таңдауы бізге түсті және біз өзіміздің тарихи мүмкіндігімізді жүзеге асырдық деген сеніммен келіп отырмыз.

Ардақты ағайын!

Осы Ұлыстың ұлы күнінде мен ендігі сөзімді елімізбен бірге кемелдік кезеңге қадам басқан жастарға арнаймын.

Біз сендердің білікті маман, болашағы жарқын отаншыл азамат болып өсулерің үшін барлығын жасап келеміз. Біз сендер үшін білім беру мен ғылымның ең озық жүйесін жасау дамыз. Сендердің алдарыңнан ата-бабаларың армандап көрмеген ғаламат мүмкіндіктер ашылуда. Біздің жеңісті жолымыз бен жасампаз дәстүрімізді сендер лайықты жалғастыруға тиіссіңдер!

Тәуелсіздіктің 20 жылында жасалған бар жақсылық сендерге арналды!

Елдік пен тәуелсіздіктің киелі көк туын ХХІ ғасырда асқақтата желбірететін – жастар, сендер боласыңдар! Ел бірлігін көздің қарашығындай сақтаңдар! Қуатты Қазақстанның құтты іргесін қалаушы біздің буынның абыройлы аманатына лайық бола біліңдер! Сонда ғана Қазақстан жас ұрпақтың жанқияр еңбегі арқылы өркендейтін болады деп сенемін.

Тарих тоғыстырған, тағдыр табыстырған бүгінгі ұлы күнге біз берік сеніммен жетіп отырмыз. Бұл дәуірдің таңдауы бізге түсті. Біз берілген тарихи мүмкіндікті тамаша пайдалана білдік. Келер ұрпақ та солай етуі керек.

Қымбатты қазақстандықтар!

Іргесі берік, бірлігі бекем еліміздің алдында асқар асу, биік белестер бар. Мың құбылған алмағайып дүниенің не ұсынғалы тұрғанын болжау қиын.

Біздің еліміз – жас, жеріміз – ұланғайыр, халқымыздың саны болса – көп емес.

Сондықтан Елбасы ретінде елімнің болашағын ойлап алаңдаймын.

Енді бірнеше ғасырдан кейінгі Қазақстанның келешегі – келісті, келбеті көрікті болуын армандаймын.

Менің тұтас тағдырым, қажыр-қайратым мен білік-тәжірибем тәуелсіздікті нығайтуға, Отанымды көркейтуге арналып келеді, бұдан былай да тек осы мақсатқа арнала береді.

Бұл ретте тәуелсіздігімізді тұғырлы, мемлекетімізді ғұмырлы ету – біздің ортақ мүддеміз.

Осы жолда біз тәуелсіздіктің жалғыз тірегі бірлік екенін ешуақытта ұмытпауымыз керек. Бізге қазақтың бірлігі, жалпы еліміздің бірлігі қажет.

Біздің Отанымыз – ортақ, тілегіміз – бір, мақсатымыз – жалғыз. Ол – жері жұмақ, елі бақытты Отанымыз, Қазақстанымыз!

Бұл орайда мені бүгінгі жас ұрпақтың қарышты қадамы қуантады, сергек санасы тебіренеді.

Мәселен, «Егемен Қазақстан» газетінде 7 жастағы Жамбыл деген бала былай деп жазыпты:

Көк туым шалқып төрімде, елімнің бағы таймасын.

Жас болып ару Астанам, құлпырып күндей жайнасын.

Тәуелсіздігім – тәтті сый Тәңірден келген, ағайын.

Бар қазағым бақыттың жиырмасыншы жылын тойласын!

Мектеп табалдырығын жаңа аттаған қаршадай баланың бұлай жырлауы үмітімізді арттырады, осылай ойлауы бізді қуантады. Біз осындай жастарды тәрбиелеуіміз керек. Ендеше, біздің болашағымыз – жарқын, келешегіміз – кемел!

Құрметті ағайын!

Тәуелсіздігімізді тұғырлы ету жолындағы абыройлы белесте баршаңызға толайым табыстар тілеймін!

Тәуелсіздігіміз жасасын!

Мереке құтты болсын!

Қабылданған қысқартулар

ТІЗБЕСІ

- АҚ..... акционерлік қоғам
- АӨК аграрлық-өнеркәсіп кешені
- АӨСПК Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі
- АЭС..... атом электр стансасы
- ӘКК әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы
- БАҚ..... бұқаралық ақпарат құралдары
- БРИКС..... Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай, Оңтүстік Африка Республикасы
- БҰҰ..... Біріккен Ұлттар Ұйымы
- БҰҰ ААШҰ БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы
- БҰҰ АТМЭӘК БҰҰ Азия және Тынық мұхитқа арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясы
- БЭК Бірыңғай экономикалық кеңістік
- ДСҰ Дүниежүзілік сауда ұйымы
- ЕАО Еуразиялық Одақ
- ЕҚДБ Еуропа қайта құру және даму банкі
- ЕҚЫҰ Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
- ЕО Еуропалық Одақ
- ЕурАзЭҚ..... Еуразиялық экономикалық қоғамдастық
- ЖОО..... жоғары оқу орны
- ЖЭС..... жылу электр стансасы

ИКҰ	Ислам конференциясы ұйымы
ИБҰ	Ислам ынтымақтастығы ұйымы
КСРО	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
МАГАТЭ	Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік
МАЭС	мемлекеттік аудандық электр стансасы
МӨЗ	мұнай өңдеу зауыты
МҮИИДБ	Мемлекеттік үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы
НАТО	Солтүстік Атлантикалық шарт ұйымы
СЭС	су электр стансасы
СШҚ	стратегиялық шабуыл қарулары
ТКШ	тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ҰҚШҰ	Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы
ҮЕҰ	үкіметтік емес ұйымдар
ХВҚ	Халықаралық валюта қоры
ХДП	халықтық-демократиялық партия
ШОБ	шағын және орта бизнес
ШҰҰ	Шанхай ынтымақтастық ұйымы
ІЖӨ	ішкі жалпы өнім
ЮНЕСКО	БҰҰ Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы
ЯҚТШ	Ядролық қаруды таратпау туралы шарт

Географиялық атаулар

КӨРСЕТКІШІ

Австралия.....	254, 263, 546
Австралия құрлығы.....	248, 514
Азия құрлығы.....	30, 86, 128, 317, 475
Азия-Тынық мұхит өңірі.....	597
Ақмола облысы.....	430 521
Ақтау қаласы, теңіз кемежайы (Маңғыстау обл.).....	463, 526
Ақтөбе қаласы (Ақтөбе обл.).....	150
Ақтөбе облысы.....	203
Александрия қаласы, теңіз кемежайы (Египет).....	472
Алматы қаласы.....	54, 305
Алматы облысы.....	221, 382
Америка Құрама Штаттары (АҚШ).....	80, 238, 243, 249, 254, 258, 346, 364, 451, 482, 488, 501, 507-509, 511, 546, 565-567, 584
Америка құрлығы.....	248, 258, 260
Арал теңізі.....	242
«Астана арена» стадионы (Астана қ.).....	319
Астана қаласы (Қазақстан елордасы).....	13, 53, 59, 92, 106, 462, 478
Атлант мұхиты.....	236
Ауғанстан.....	10, 34, 72, 85, 130, 145, 185, 238, 313, 391, 449-451, 474-475
Африка құрлығы.....	223, 489

Әзірбайжан	526
Әмірабад қаласы, теңіз кемежайы (Иран)	526
Бағдад қаласы (Ирак астанасы).....	472
Баку қаласы (Әзірбайжан астанасы).....	526
Балқан түбегі.....	10
Балтық маңы өңірі.....	100, 334
Балтық теңізі.....	139
Бангладеш.....	13, 128
Батыс Еуропа өңірі	47, 50, 167, 383, 424, 445, 453, 463, 591
Батыс Қазақстан облысы	203, 389
Батыс Қытай өңірі.....	47, 50, 266, 329, 383, 424, 445, 453, 463, 591
Бейбітшілік және келісім сарайы (Астана қ.).....	219
Беларусь (Белоруссия)	15, 48, 165, 200-201, 204, 281, 296, 313, 333, 364, 410, 463, 488, 527, 544, 574
Берлин қабырғасы (Германия, Берлин қ.).....	408
Берлин қаласы (Германия астанасы).....	100
«Богатырь» көмір кеніші (Қарағанды обл.).....	42
Босния	180
Бразилия.....	129, 256, 412
Брест қаласы (Беларусь)	281, 527
Брест қамалы (Беларусь)	100
Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ)	49
Ванкувер қаласы (Канада).....	31, 85, 133, 146, 236
Вашингтон қаласы (АҚШ астанасы).....	14, 89, 91, 128, 408, 507
Вена қаласы (Австрия астанасы).....	8, 32, 226

Венгрия	292, 588
Владивосток қаласы (Ресей).....	31, 85, 133, 146, 281, 527
Вьетнам	13, 128
Гаити.....	88
Германия (ГФР).....	222, 326, 429, 508, 565, 567, 569
Грекия.....	458, 546
Дакар қаласы (Сенегал астанасы).....	474
Днестр маңы өңірі	10, 225
Достық үйі (Алматы қ.)	374
ЕАО	281, 597
<i>(Еуразиялық Одақ)</i>	
Египет.....	437
ЕО	239, 241, 247, 281, 346, 364, 488, 597
<i>(Еуропалық Одақ)</i>	
Еуразия материгі	108, 158, 165, 167, 169, 195, 245
Еуропа құрлығы.....	137-138, 171, 238
Жаңа Жер архипелагы (Солтүстік Мұзды мұхит).....	89, 512
Жапония	26, 256, 280, 326, 392, 397, 453, 565-567, 597
Женева қаласы (Швейцария).....	226
Жер планетасы	32, 459, 498, 527
Жерорта теңізі	130, 526
Жетіген теміржол бекеті (Алматы обл.)	47, 330, 526

Израиль.....	180, 222, 429
Ирак.....	13, 128
Иран.....	129, 331, 445, 462, 526
Иркутск қаласы (Ресей).....	376
Ирландия.....	458
Исландия.....	88
Испания.....	280, 458, 546
Италия.....	280, 546
Кавказ өңірі.....	10, 47, 225, 313
Кавказ сырты өңірі.....	526
Канада.....
Каспий өңірі.....	94, 313, 526
Каспий теңізі.....	463
Катар.....	541, 588
Киев қаласы (Украина астанасы).....	14, 395, 400
Копенгаген қаласы (Дания астанасы).....	227
Кордова қаласы (Испания).....	472
Көксарай су қоймасы (Оңтүстік Қазақстан обл.).....	525
КСРО.....	154, 161, 175, 181, 499, 510, 524
<i>(Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы)</i>	
Қазақ хандығы (1465–1847 жж.).....	107
Қарағанды облысы.....	149, 172, 174
Қашаған мұнай-газ кен орны (Каспий теңізінің қайраңы).....	42
Қиыр Шығыс өңірі (Ресей).....	167
Қорғас теміржол бекеті (Алматы обл.).....	47, 329, 526

Қостанай облысы	521
Қызылағаш ауылы (Алматы обл., Ақсу ауд.).....	221, 389
Қытай (ҚХР)	26, 38, 47, 49, 88, 346, 355, 364, 450, 463, 509, 526, 541, 566, 588, 591, 597
Ленинград қаласы.....	100
<i>(1991 жылдан – Санкт-Петербург қ., Ресей)</i>	
Ливия.....	437
Лобнор көлі (Қытай)	89, 512
Малайзия.....	280, 292, 588
Мәскеу қаласы (Ресей астанасы).....	100, 154, 544, 574
«Медеу», биік таулы мұз айдыны (Алматы қ.)	319
Мексика шығанағы	124, 153, 163
Молдова (Молдавия).....	100
Мурманск қаласы (Ресей).....	281
Муруроа атолы (Тынық мұхит)	89
Невада штаты (АҚШ).....	89, 512
Норвегия.....	490
Нью-Йорк қаласы (АҚШ).....	14, 226, 507, 571
Океания өңірі.....	514
Оқушылар сарайы (Астана қ.)	569
Оңтүстік Азия өңірі.....	254, 512
Оңтүстік Америка материгі.....	515
Оңтүстік Корея (Корея Республикасы).....	26, 49, 129, 256, 280, 292, 490, 588

Оңтүстік Қазақстан облысы.....	342, 430, 525
Оңтүстік-Шығыс Азия өңірі	512, 584
Орал өңірі (Ресей).....	236
Орталық Азия өңірі.....	14, 31, 47, 55, 78, 84-85, 91, 93, 94, 130, 144, 185, 225, 230, 238, 266, 313, 345, 346, 356, 364, 463, 474, 476, 482, 489, 509, 514, 526, 575, 585, 597
Орталық Америка өңірі	515
Орталық Еуропа өңірі.....	100, 511
Өзен теміржол бекеті (Маңғыстау обл.).....	47
Өскемен қаласы (Шығыс Қазақстан обл.).....	20, 150
Павлодар қаласы (Павлодар обл.).....	150
Палестина	505
Памир тау жүйесі (Орталық Азия).....	139
Парсы шығанағы	47, 384, 445, 526
Пәкстан.....	129
Пенсильвания штаты (АҚШ).....	250
Петропавл қаласы (Солтүстік Қазақстан обл.).....	376
Питсбург қаласы (АҚШ, Пенсильвания штаты)	250
Польша.....	180, 292, 588
Португалия.....	458, 546
Рейхстаг ғимараты (Германия, Берлин қ.)	100
Ресей	15, 48, 100, 165, 180, 200, 201, 204, 222, 238, 240, 280, 296, 312, 333, 346, 355, 364, 376, 443, 452, 462, 464, 487, 500, 506, 507, 507, 510, 527, 544, 565, 573, 574, 591
Рио-де-Жанейро қаласы (Бразилия).....	499

Санкт-Петербург қаласы (Ресей)	456, 463-464
Сахара шөлі (Африка)	260
Сеул қаласы (Оңтүстік Корея астанасы)	500, 507
Сингапур	250, 257, 280, 292, 588
Солтүстік Америка материгі	11
Солтүстік Африка өңірі	437, 458, 477, 526
Солтүстік Корея (КХДР)	129
Солтүстік Қазақстан облысы	430, 521
Солтүстік Мұзды мұхит	236
Сомали	499
Таяу Шығыс өңірі	14, 47, 78, 90, 129, 390, 437, 458, 476-477, 489, 505, 512
Теміртау қаласы (Қарағанды обл.)	173, 177, 180-182
ТМД	10, 15, 25, 48, 55, 84, 93, 94, 184, 192, 199, 219, 225, 254, 296, 313, 318, 332, 334, 355, 422, 424, 463, 498, 509, 569, 583, 587, 589, 592
<i>(Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы)</i>	
Тоledo қаласы (Испания)	472
Тунис	437
Түркия	13, 126, 129, 134, 135, 222, 280
Түрікменстан	47, 330, 445, 526
Тынық мұхит	236, 254
Украина	100, 180, 395, 399, 540, 565
Ұлыбритания	222, 258, 509

Үнді мұхиты	236
Үндістан	38, 129
Үштөбе қаласы (Алматы обл., Қаратал ауд.)	382
Финляндия.....	256, 280, 567
Флорида штаты (АҚШ).....	224
Франция	49, 258, 260, 275, 280, 399, 509
Фукусима префектурасы (Жапония)	392
Хельсинки қаласы (Финляндия астанасы)	34, 35, 85, 186, 236, 237, 248, 274
Хиросима қаласы (Жапония)	89, 508
Чехия	180
Чили	88
Шанхай қаласы (Қытай)	447
«Шардара-Мақтаарал» су каналы (Оңтүстік Қазақстан обл.) ...	525
Шардара су қоймасы (Оңтүстік Қазақстан обл.).....	525
Швеция.....	565, 567
Шығыс Еуропа өңірі.....	540
Шығыс Жерорта теңізі өңірі.....	130, 526
Шығыс Қазақстан облысы.....	153, 221, 275, 389, 426
«Шымбұлақ» таулы шаңғы курорты (Алматы қ.).....	319
Шымкент қаласы (Оңтүстік Қазақстан обл.).....	281
Ыстамбұл қаласы (Түркия).....	9, 126, 230, 236

Есімдер

КӨРСЕТКІШІ

Абай (Құнанбаев А.).....	95, 232, 265, 386, 393, 559, 578
Ақбиев М.	175
Аристотель.....	262
Асанбаев Е. М.	584
Ауманн Р.	415
Әбділдин С. Ә.....	584
Әл-Сабах Ахмад әл-Фахад.....	318
Әл-Фараби Әбу Насыр.....	559
Әлиев Р. М.....	116
Әубәкіров Т. О.	586
Воллебек К.	393
Вольтер.....	381
Ганди М.....	392
Гитлер А.....	100
Горбачев М. С.	510

Гузенбауэр А.	247
Гүл А.	135
Давыдов Н.	175
Двуреченский В. И.	523
Есімов А. С.	525
Жәнібек хан	104-107
Жүнісов А. Ж.	175
Иманғазы Н.	366
Кац В.	175
Квасьневский А.	247
Керей хан	104-107
Кидланд Ф.	158, 415
Колбаса В. Ф.	175
Конфуций	226
Коркин А.	175
Корнберг Р.	415
Ландвер С.	222
Леман Г.	265
Линней К.	266
Лобачевский Н. И.	266

Манделл Р.	158, 415
Маскин Э.	415
Медведев Д. А.	80, 240
Менделеев Д. И.	266
Миррлис Дж.	415
Монтень Ш.	190
Мұсабаев Т. А.	586
Неру Дж.	42
Нұрмағамбетов С. Қ.	584
Ньютон И.	266
Нэш Дж.	415
Обама Б.	79, 80, 89, 243, 505
Орейя М. А.	247
Өтемұратов Б. Ж.	247
Пан Ги Мун.	14, 84, 226, 396, 507
Проди Р.	247
Рогге Ж.	318
Руми Дж.	135
Саркози Н.	275
Сәрекенов Қ. З.	175
Сәрсенов Р. Т.	247

Сәтбаев Қ. И.	559
Смит А.	408
Сосковец О. Н.	175
Стерлинг Б.	255
Сүлейменов Т. С.	175
Терещенко С. А.	584
Тищенко О.	175
Тоқаев Қ. К.	601
Тоффлер Э.	253
Уәлиханов Ш. Ш.	266, 559
Хитам Тун Муса.....	436
Шөкеев Ө. Е.	247
Шредер Г.	247
Юнг Р.	262
Ягланд Т.	543

Мекемелер мен ұйымдар

КӨРСЕТКІШІ

Азия олимпиадалық кеңесі	318, 319
«Алтынғау».....	150
АӨСПК.....	13, 86, 127-131, 134-135, 166, 240, 346, 364, 475, 498, 504, 512
<i>(Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі)</i>	
Астана қаласының әкімдігі	106
«Байқоңыр» ғарыш айлағы.....	573
«Балапан» телеарнасы	229, 426
Балқаш ЖЭС-ы.....	45, 491
Балқаш мыс балқыту зауыты	154
Беркли ұлттық зертханасы (АҚШ).....	250
Боливариан альянсы	407
БРИКС	407
<i>(Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай, Оңтүстік Африка Республикасы)</i>	
«БТА Банк»	203
БҰҰ.....	10, 30, 40, 81, 84, 90, 91, 132, 142, 195, 216, 226, 314, 391, 396, 407, 409, 451, 459, 476, 489, 499, 501, 504, 507, 511, 517, 527, 600-601

(Біріккен Ұлттар Ұйымы)

БҰҰ ААШҰ	445, 469
<i>(БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы)</i>	
БҰҰ АТМЭӘК	164, 412
<i>(БҰҰ Азия және Тынық мұхитқа арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясы)</i>	
БҰҰ Бас Ассамблеясы	14, 30, 81, 128, 412, 449, 497, 503, 516
БҰҰ Бітімгершілік күш-жігері қоры	504
БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі	79, 80, 449, 502, 505
«Білім» телеарнасы	229, 427
БЭК.....	15, 48, 165, 201, 281, 296, 491, 527, 528, 544, 574, 597
<i>(Бірнәсіл экономикалық кеңістік)</i>	
Гарвард университеті (АҚШ)	250
Гумилев Л. Н. атындағы Еуразия ұлттық университеті.....	269
Гумилев Л. Н. атындағы Еуразия ұлттық университетінің жанындағы Этносаралық қатынастарды зерттеу орталығы	230
Ғалымдардың еуразиялық экономикалық клубы	415, 464
ДСҰ	49, 408, 410, 464-465
<i>(Дүниежүзілік сауда ұйымы)</i>	
Дүниежүзілік азық-түлік ұйымы	527
Дүниежүзілік банк	296, 408, 410, 587, 588
Дүниежүзілік ислам экономикалық форумының қоры	436
Дьюк университеті (АҚШ)	250
«Егемен Қазақстан»	605

Екібастұз МАЭС-1.....	42
Екібастұз МАЭС-2.....	45
ЕҚДБ.....	436
<i>(Еуропа қайта құру және даму банкі)</i>	
ЕҚДБ Басқарушылар кеңесі.....	436
ЕҚЫҰ	7-11, 29-36, 70-72, 85-87, 96, 108, 133, 134, 137, 139-145, 165-167, 170, 178, 184-187, 195, 209, 216, 230, 236, 238-244, 248, 274-276, 314, 334, 362, 364, 393, 402, 475, 482, 498, 543, 592, 601
<i>(Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы)</i>	
ЕҚЫҰ Қауіпсіздік институты	244
ЕҚЫҰ Толеранттылық және кемсітпеушілік мәселелері жөніндегі орталығы.....	144
ЕҚЫҰ Тұрақты кеңесі	8
ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлерінің кеңесі	144, 183
«Еуразиялық химиялық-технологиялық журнал»	566
Еуразиялық іскерлік конгресс.....	464
ЕурАзЭҚ	239, 346, 463
<i>(Еуразиялық экономикалық қоғамдастық)</i>	
Еуропа кеңесі	543, 585
«Жас Қыран».....	349
«Жас натуралист»	569
«Жас техник».....	569
«Жас Ұлан»	349
«Жастар техникасы»	569
Израиль Мемлекетінің Кнессеті.....	222

Израиль Мемлекетінің Орыс тілді израильдіктер федерациясы.....	222
ИКҰ..... 12, 13, 87, 240, 314, 431, 444, 445, 467-470, 473-475, 479, 481 (Ислам конференциясы ұйымы)	
ИКҰ-ға мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлерінің кеңесі	13
Ислам даму банкі.....	13, 444, 445, 471
Ислам даму банкінің жанындағы Шағын және орта бизнес қоры.....	13, 444, 471
ИЫҰ 12, 13, 87, 240, 314, 445, 468, 469, 470, 474, 475, 476, 480, 482 (Ислам ынтымақтастығы ұйымы)	
Карнеги-Меллон университеті (АҚШ).....	250
«ҚазАгро».....	532
«ҚазАгроИнновация»	530
«Қазақмыс».....	247
«Қазақстан» телеарнасы	426
Қазақстан металлургия және байыту институты.....	154
Қазақстан, Ресей және Беларусьтің Кеден одағы.....	47, 165, 201, 276, 463-465, 527
«Қазақстан темір жолы».....	295, 337-338, 533
Қазақстан халқы Ассамблеясы....	25, 141, 192, 213, 215-217, 220, 226, 228, 232, 237, 279, 368, 371-373, 379, 380, 389, 485, 542, 581
Қазақстан халқы Ассамблеясының Хатшылығы	230, 231, 379
Қазақстан электролиз зауыты.....	150
Қазақстанның Ұлттар театры	229
«Қазақфильм».....	387

«Қазатомөнеркәсіп»	295, 338
«Қазкоммерцбанк»	247
«ҚазМұнайГаз».....	295, 337, 547
«Қазпошта»	337
«ҚазТрансОйл».....	547
Қарағанды металлургия комбинаты	149, 174
ҚР Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы	40
ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі	530-531
ҚР Білім және ғылым министрлігі.....	228, 385, 432, 433, 531, 566, 568-570
ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті	563
ҚР Денсаулық сақтау министрлігі	598
ҚР Жоғарғы соты	67, 495
ҚР Кәсіптік-техникалық кадрларды дайындау жөніндегі ұлттық кеңесі	299
ҚР Конституциялық кеңесі.....	21, 191, 320, 322
ҚР Қарулы Күштері	99, 102, 552
ҚР Мәдениет министрлігі.....	228, 433
ҚР Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама ұлттық орталығы	563
ҚР Орталық сайлау комиссиясы	24, 312
ҚР Парламенті.....	22, 67, 111, 220
ҚР Парламентінің Мәжілісі.....	23, 111, 117, 202, 576
ҚР Парламентінің Сенаты	23, 79, 111, 117, 202, 485
ҚР Президентінің Әкімшілігі.....	67, 258, 279, 382
ҚР Президентінің жанындағы Шетел инвесторларының кеңесі	118, 125

ҚР Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы.....	40
ҚР Ұлттық банкі	342, 587
ҚР Ұлттық ғылым академиясы	558, 562, 568
ҚР Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы.....	40
ҚР Ұлттық қоры	42, 55, 56, 93, 160, 276, 293, 333, 343, 358, 422, 523, 587
ҚР Ұлттық ядролық орталығы.....	562, 572
ҚР Үкіметі.....	16, 17, 44, 48, 50-54, 56-60, 62, 64, 67, 76, 123-124, 154, 204-208, 210-211, 228-229, 257, 259, 294, 297, 299, 302, 305-308, 310, 311, 331, 336-338, 340, 342, 344, 360, 390, 398, 399, 429, 485, 486, 487, 490, 492, 495, 529, 532, 542, 553, 567, 598-599
ҚР Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы	264
Лондон университеті (Ұлыбритания).....	250
МАГАТЭ.....	77, 80, 90, 91, 397, 399, 501, 514, 516 <i>(Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік)</i>
«Маңғыстаумұнайгаз».....	42
Массачусетс технологиялық институты (АҚШ).....	263, 571
«Мәдениет» телеарнасы.....	229, 426
Мәскеу болат және қорытпа институты	
Мойнақ СЭС-ы	45
Назарбаев зияткерлік мектептері	59, 299, 359, 461, 541, 563, 589
Назарбаев университеті.....	19, 299, 486, 541, 562, 573, 589
Назарбаев университетінің жанындағы Өмір туралы ғылымдар орталығы.....	47, 261, 573

Назарбаев университетінің жанындағы Пәнаралық аспаптық орталығы	48, 261
Назарбаев университетінің жанындағы Энергетикалық зерттеулер орталығы.....	47, 260
НАТО.....	10, 239, 240, 364
<i>(Солтүстік Атлантикалық шарт ұйымы)</i>	
«Невада-Семей»	507
«Нұр Отан».....	22-24, 45, 68, 73, 111, 279, 280, 307, 310, 312, 325, 327, 328, 331, 351, 384, 390, 485, 496, 535-539, 541, 542, 544, 548, 552-554, 557
Нью-Йорк университеті (АҚШ).....	571
Пенсильвания университеті (АҚШ).....	250
Питтсбург университеті (АҚШ).....	250
«Самұрық-Қазына»	229, 337, 533, 567
«Самұрық-Энерго»	337
Свинберн технологиялық университеті (Австралия)	263
Семей ядролық полигоны	14, 29, 76, 237, 396, 476, 497
Сингапур ұлттық университеті	250
«Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі»	63-64, 299
ҰҚШҰ	239, 362, 364, 504
<i>(Ұжымдық қауіпсіздік шарты туралы ұйым)</i>	
«Фукусима» АЭС-ы.....	397

Халықаралық Гаага трибуналы	451
Халықаралық инновациялық орталық	13, 444, 470, 574
Халықаралық олимпиадалық комитет	318
Халықаралық энергетикалық агенттік	465, 470
Халықаралық ядролық отын банкі	78, 90, 516
ХВҚ.....	408
<i>(Халықаралық валюта қоры)</i>	
Чернобыль АЭС-ы	395-397, 399
ШЫҰ	12, 166, 230, 314, 346, 362, 364, 447-452, 454- 455, 463, 475, 488, 499, 504
<i>(Шанхай ынтымақтастық ұйымы)</i>	
ШЫҰ Банкаралық бірлестігі.....	448
ШЫҰ Болжау орталығы	454
ШЫҰ Даму қоры	453
ШЫҰ елдерінің Инфрақұрылымдық интеграциясы комитеті	453
ШЫҰ Мемлекет басшыларының кеңесі	12, 446
ШЫҰ Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы	448, 449, 452
ШЫҰ Су және азық-түлік комитеті	453
ШЫҰ Төтенше жағдайлар жөніндегі кеңесі.....	454
ШЫҰ Іскерлік кеңесі.....	448
ЮНЕСКО	252, 559
<i>(БҰҰ Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы)</i>	

«AirAstana».....	547
«ArcelorMittal Темиртау»	176
«British Petroleum»	586
«Chevron Corporation»	586
G-Global.....	600-601
G-8	162-163, 166, 439, 600
G-20	162, 163, 166, 407, 413, 474, 600
«General Electric»	586
«General Motors»	586
«Forbes»	405
«Hyperion»	260
«KEGOC».....	337, 547
«Mittal»	586
«Samsung».....	
«Springer».....	569
«Thomson Reuters».....	569

МАЗМҰНЫ

VI ТОМ (2010–2011)

Бейбітшілік пен жасампаздықтың 20 жылы.....	7
Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ төрағалығына кірісуіне байланысты бейнеүндеуі	28
<i>(Астана қаласы, 2010 жылғы 14 қаңтар)</i>	
«Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы	37
<i>(Астана қаласы, 2010 жылғы 29 қаңтар)</i>	
Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммитте сөйлеген сөзі	77
<i>(АҚШ, Вашингтон қаласы, 2010 жылғы 13 сәуір)</i>	
IX Еуразия медиа-форумында сөйлеген сөзі	83
<i>(Алматы қаласы, 2010 жылғы 27 сәуір)</i>	
Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығы мен Отан қорғаушылар күніне арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі.....	97
<i>(Астана қаласы, 2010 жылғы 7 мамыр)</i>	
Керей мен Жәнібек хандардың ескерткішінің салтанатты ашылуында сөйлеген сөзі.....	104
<i>(Астана қаласы, 2010 жылғы 1 маусым)</i>	
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдарға қол қойылмауына байланысты үндеуі.....	111
<i>(Астана қаласы, 2010 жылғы 4 маусым)</i>	

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің XXIII пленарлық отырысында сөйлеген сөзі	118
<i>(Алматы қаласы, 2010 жылғы 4 маусым)</i>	
Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің III саммитінде сөйлеген сөзі	126
<i>(Түркия Республикасы, Ыстамбұл қаласы, 2010 жылғы 8 маусым)</i>	
ЕҚЫҰ-ның толеранттылық пен кемсітпеушілік жөніндегі жоғары деңгейлі конференциясында сөйлеген сөзі	136
<i>(Астана қаласы, 2010 жылғы 29 маусым)</i>	
Минералды ресурстар мен металлургия жөніндегі I қазақстандық халықаралық конгресте сөйлеген сөзі	147
<i>(Астана қаласы, 2010 жылғы 30 маусым)</i>	
«Дағдарыстан кейінгі орнықты даму» атты III Астана экономикалық форумында сөйлеген сөзі	157
<i>(Астана қаласы, 2010 жылғы 1 шілде)</i>	
Қазақстан Магниткасының 50 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі	172
<i>(Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, 2010 жылғы 2 шілде)</i>	
ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлері кеңесінің 2010 жылғы 3 тамызда Ұйымның VII саммитін 2010 жылдың 1–2 желтоқсаны күндері Астана қаласында өткізу туралы шешім қабылдауына байланысты мәлімдемесі	183
<i>(Астана қаласы, 2010 жылғы 5 тамыз)</i>	
Қазақстан Республикасы Конституциясының 15 жылдығына арналған «Конституция – мемлекеттің демократиялық дамуының негізі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында сөйлеген сөзі	188
<i>(Астана қаласы, 2010 жылғы 27 тамыз)</i>	

Қазақстан Республикасы Парламенті төртінші шақырылымы IV сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі	198
<i>(Астана қаласы, 2010 жылғы 1 қыркүйек)</i>	
Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақстан халқы Ассамблеясы: Сенім. Дәстүр. Ашықтық. Төзімділік» атты XVI сессиясында сөйлеген сөзі	213
<i>(Астана қаласы, 2010 жылғы 20 қазан)</i>	
ЕҚЫҰ-ның VII саммитінде сөйлеген сөзі.....	235
<i>(Астана қаласы, 2010 жылғы 1 желтоқсан)</i>	
Назарбаев университеттегі «Ғылым мен білімнің инновациялық индустриясы – Қазақстанның XXI ғасырдағы стратегиялық ресурсы» тақырыбында оқыған дәрісі	246
<i>(Астана қаласы, 2010 жылғы 7 желтоқсан)</i>	
Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі	271
<i>(Астана қаласы, 2010 жылғы 15 желтоқсан)</i>	
«Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына Жолдауы	288
<i>(Астана қаласы, 2011 жылғы 28 қаңтар)</i>	
VII қысқы Азия ойындарын салтанатты ашу рәсімінде сөйлеген сөзі	317
<i>(Астана қаласы, 2011 жылғы 30 қаңтар)</i>	
Қазақстан халқына үндеуі.....	321
<i>(Астана қаласы, 2011 жылғы 31 қаңтар)</i>	
«Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының XIII съезінде сөйлеген сөзі	325
<i>(Астана қаласы, 2011 жылғы 11 ақпан)</i>	
Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне кірісуіне байланысты салтанатты ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзі	353
<i>(Астана қаласы, 2011 жылғы 8 сәуір)</i>	

- Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тәуелсіз Қазақстан: бейбітшіліктің, келісімнің және жасампаздықтың 20 жылы» атты XVII сессиясында сөйлеген сөзі.....368
(Астана қаласы, 2011 жылғы 18 сәуір)
- Ядролық энергияны қауіпсіз және инновациялықпен пайдалану мәселелері жөніндегі саммитте сөйлеген сөзі395
(Украина, Киев қаласы, 2011 жылғы 19 сәуір)
- IV Астана экономикалық форумында сөйлеген сөзі 401
(Астана қаласы, 2011 жылғы 3 мамыр)
- Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында сөйлеген сөзі417
(Астана қаласы, 2011 жылғы 25 мамыр)
- VII Дүниежүзілік ислам экономикалық форумында сөйлеген сөзі 435
(Астана қаласы, 2011 жылғы 8 маусым)
- Шанхай ынтымақтастық ұйымының 10 жылдығына арналған Мемлекет басшылары кеңесінің отырысында сөйлеген сөзі 447
(Астана қаласы, 2011 жылғы 15 маусым)
- Петербург халықаралық экономикалық форумында сөйлеген сөзі 456
(Ресей Федерациясы, Санкт-Петербург қаласы, 2011 жылғы 18 маусым)
- Ислам конференциясы ұйымына мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлері кеңесінің 38-ші сессиясында сөйлеген сөзі 467
(Астана қаласы, 2011 жылғы 28 маусым)
- Қазақстан Республикасы Парламенті төртінші шақырылымы V сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі 484
(Астана қаласы, 2011 жылғы 1 қыркүйек)
- БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 66-шы сессиясында сөйлеген сөзі 497
(АҚШ, Нью-Йорк қаласы, 2011 жылғы 21 қыркүйек)

«Ядрсыз әлем үшiн» атты халықаралық форумында сөйлеген сөзi.....	506
<i>(Астана қаласы, 2011 жылғы 12 қазан)</i>	
Аграрлық-өнеркәсiп кешенi қызметкерлерiнiң республикалық форумында сөйлеген сөзi.....	519
<i>(Астана қаласы, 2011 жылғы 11 қараша)</i>	
«Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының XIV съезiнде сөйлеген сөзi.....	535
<i>(Астана қаласы, 2011 жылғы 25 қараша)</i>	
Қазақстан ғалымдарының форумында сөйлеген сөзi.....	558
<i>(Алматы қаласы, 2011 жылғы 1 желтоқсан)</i>	
Қазақстан Республикасы тәуелсiздiгiнiң 20 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзi.....	577
<i>(Астана қаласы, 2011 жылғы 15 желтоқсан)</i>	
Қабылданған қысқартулар тiзбесi.....	607
Географиялық атаулар көрсеткiшi.....	609
Есiмдер көрсеткiшi.....	617
Мекемелер мен ұйымдар көрсеткiшi.....	621

Н. Ә. НАЗАРБАЕВ

ТАҢДАМАЛЫ СӨЗДЕР

VI ТОМ
2010–2011

Жобаның жетекшісі –
саяси ғылымдардың докторы, профессор
М. Б. Қасымбеков

Арнаулы редактор –
филология ғылымдарының докторы, профессор
С. А. Абдрахманов

ISBN 978-601-277-194-7



«Сарыарқа» баспасында беттеліп, басылды.

Бас директор – Әлиев Қ. Ә.
Тех. редактор – Бектыбаева Г. Т.
Редактор, корректор – Раушанова Ф. Қ.
Беттеуші – Степанец Н. П.

Басуға 14.11.2014 ж. қол қойылды. Қалыбы 60x84 ¹/₁₆. Шартты баспа табағы 36,9.
Palatino Linotype гарнитурасы. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 67/9858.



Қазақстан Республикасы, Астана қ-сы,
Алматы а-ны, Көкарал к-сі, 2,
тел. (7172) 527462, 527411, факс: 527489
e-mail: izdat_saryarka@mail.ru